

**Қажығұмар ШАБДАНҰЛЫ**

ШАБДАНҰЛЫ

**Көп томды роман**

**4**

*Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры  
Алматы-2009*

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-44  
ШІ 13

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат  
және мұрағат комитеті «Әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлерін шығару»  
бағдарламасы

Көп томды «Қылмыс» романын араб жазуы үлгісіндегі төте жазудан кириллицаға  
түсірткен, баспаға дайындан, жалпы редакциясын қараған – Қазақстанның халық  
жазушысы Қабдеш Жұмаділов

Жауапты редактор: Жәди Шәкен

ШІ13 Қылмыс: Роман. IV том. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры  
«Атажүрт» баспа орталығы. Алматы – 2009 жыл. 412 бет

ISBN 978-601-7023-16-4

Қазақ әдебиетінің классигі, Шынжандық қандасының Қажығұмар Шабданұлының  
алты томдық «Қылмыс» романы Қазақстанда бірінші рет толық жарияланып отыр.  
Романиның алғашқы екі кітабы түрмеде жазылған. Бұл – дүниежүзі тарихында  
бұрын-соңды болмаған құбылыс. Жазушының теңесі жоқ ерлігі.

Роман жанры жағынан мемуарға жатады. Алайда, шығарма жеке адамның  
өмірімен шектелмейді, Шынжаң қазақының жарты ғасырлық тарихын қамтиды.  
Бүгінгі үрпақ ұлттық езгінің не екенін, отаршылдық зорлықтың небір түрін осы  
романинан біletін болады.

ШІ 4702250201  
00(05)-09

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-7023-16-4 -(Т.4)  
978-601-7023-12-6

© Дүниежүзі қазақтары қауымдастыры  
“Атажүрт” баспа орталығы, 2009  
© Шабданұлы К., 2009

**Бірінші бөлім**

**ОЙЫН МЕН ОЙЫН БҰЗАР**

---

---

# I

Құдіретті тергеушім, өтірік қоссам тас тәбемнен ұрыңыз!

Қытай халық азаттық армиясы лек-легімен келіп жатты. Ұлттық (Шынжандағы жерлік) армияның тарайтыны тарап, тарамайтындары Үрімжі жаққа орын ауыстыруды. Келіп жатқан армиямыз, тарап кетіп жатқан ұлттық армиямыздан да мейірімділеу іспетті. Қараған көзге мылтық стволдары мен штиктегі де қатты металдан жасалмағандай, жұп-жұмсақ, жып-жылы көрінеді. Топырақ өндесі құлгінсары күймдерінде жарқырауық жез түгіл қайыс та жоқ, түп-түгел шүберек. Шүберек кебісі. Шүберек балтыр ораушы, шүберек сөмкелерін мойындарына асып, шүберек белдікпен беліне қоса байлап алышты. Басымен бас болып жабыса кептелген қалпақтарының күнқағары да шүперек. Гоминдаң қытайларынша шекірейерліктең нысан жоқ, жұп-жұмсақ шүберек. Өздері ауыздарын аша, түп-түгел күліп келеді. Аппак тістері де жұп-жұмсақ сияқты. Жып-жылы, сұп-сүйкімді. Бәрі де адамға қарағандай, адам болғанда да көптен бері көре алмай сағынған, өз туысқандарына қарағандай елжірей қарайды.

Мен де нағыз халық армиясын көргендей, елжірей қарадым. Қадам басуларынан, бүрын өзім көрген үкіметтердің әскерлерінің індей сарт-сұрт, сақ-сұқ дыбыс та естілмейді. Біркелкі тәртіпті ырғақпен басқанда да адам құлақтарын аяғандай сыйдырысыз сырғиды. Тіпті жер бетін басуға аяп, бір-жарым сантиметр көтеріле ұшып өтіп жатқан сияқты. Кей легінің келе жатқанын әндерінен ғана естіп қалып жүрдік; өлеңдерінің өңделмеген қытайшыл дәл өз нұсқасы былай:

Төңкерістік әскерлер еске сақтаймыз

«Үш ұлken тәртіп», «сегіз сақтықты»:

Бірінші, барлық әрекетте қолбасшылыққа бағынамыз,

Аяқ алдысты біркелкі тастан женіске жетеміз,

Екінші бұқараның ине сабак жібін алмаймыз,

Бұқараның құлшына қорғауына ие боламыз,

Ушінші, барлық олжаны қазынаға тапсырамыз.  
Халықтың ауыртпалығын женілдетуге тырысамыз,  
Үш үлкен тәртіпке бой ұсынып,  
Сегіз сақтықты ұмытпаймыз.  
Бірінші сөзде, сыпайы боламыз,  
Бұқараны күрметтейміз, дандайсымаймыз.  
Екінші, сауда-саттықта әділ боламыз,  
Әділ альп, әділ беріп, озбырлық етпейміз.  
Ушінші, біреуден қарыз алсақ,  
Жоғалтпай, үстінде қолма-қол қайтарамыз.  
Тәртінші, егерде бүлдіріп койсақ,  
Бағасын кемітпей төлеп береміз,  
Бесінші, адам ұрмаймыз, янаттамаймыз.  
Жұнпалық<sup>1</sup> стилді батыл жоямыз.  
Алтыншы бұқараның егінін қорғаймыз.  
Жорықта, соғыста абай боламыз.  
Жетінші әйелдерге қырындамаймыз.  
Бұзақылық әдettі батыл жоямыз.  
Сегізинші тұтқындарды жәбірлемейміз, албаты

тінтпейміз.

Тәртіпке саналы бой ұсынамыз,  
Өзара бақылаймыз, қайшылық етпейміз.»

Бұл өлеңді көппен бірге құле тыңдал тұрсам да, көзіме жас іркіледі: «Нұрияшымды гоминдаң сары аяқтары жеп кетті ғой, әттеген! Сонда сендер болсандар мұнишалық сергелден болмас едім ғой!

Бір ротасы біз пәтерлеп отырған ауланың қатарындағы бір кең аулаға түсті. Дауалы биік, қақпасы мықты, көп үйлі, майлышың құнгейін қыстайтын бір үлкен байдың кора-жайы болатын. Аудандық үкімет орналастырса да командирлері кора-жай иесін өтінішпен шақырып сыйлап, пәтер акы ұсынды. Бай оған: «сіздер өзіміздің армиясыздар, акы алмаймын! Күтіп таза отырсаңыздар болғаны!» -деп берген разылығына қарамай, қауқалақтай жүгірген ланжаңы бай қанжығасындағы қоржынға бір буда ақшаны сұнгітіп үлгерді. «Біз халықтың өгізіміз, ине-сабак жіптеріңе қиянат қылмаймыз! Мына үйлерініз күтілмей, көнеріп қалыпты. Жақсы үй салып беріп кетеміз!» деп аттандырды бір бастығы. Содан көп өтпей, үлкен кварталдың іргетасы қалана бастады.

Қасымызыға Жепанжұн орналасқаны шешем мен женгелеріме

<sup>1</sup> Жұнпалық (қытайша) – мелитаристік.

мұндай рахат болар ма; сырттан байқап жүреді де, бір жұмыс істеп жатқандарын көрсе-ақ сыйбана жетіп, кіріс кетеді. Жалғыз сиырының тезегін аула бұрышына шешемнің жия жүретінін көргендері бойынша қөшеге түскен тезекті түгелімен сол бұрышқа жия беретін болды. Дуал сыртынан лактырып та жаудыра берді қатқан тезектерді. Балалар ойнап жүріп далага тастап кеткен көсеу-қысқаштардың қайсысы қай үйдікі екенін ерінбей тексеріп, тауып апарып жүрді. Кемпір-шалдар «айналайын жепаңжұн<sup>2</sup>» десті. «Айналайын жепаңжұннің» осында қамқорлығында сол көшеден «салақ әйел» дейтінді естімейтін де болды.

Бір күні кешке жақын қызметтөн қайтып келе жатсам, Манап жолыға кетті. 46-шы жылғы Құлжа түрмессінен біз шыққан соң екі аптада босап, Толыға қайта оралған болатын. Құлқілі, мысықылды сөзімен «жағдайларға» сүріне өтіп, кейде сол «жағдайларды» сүріндіре өтіп келеді. Сүрінсе женілдім демейтін де, сүріндірсе жеңдім демейтін. Өйттетін ешкімге жалынбайтын да, жалындырмайтын. Мекеме қызметтінен қалдырса, өз үйін мекемеге – дүкенге айналдыра қоятын. Зергер ұста да, лаборант-дәрігер де, саятшы-аңшы да, әнгіме-кенестің маздал тұратын ошағы. Қызмет-жұмыс түп-түгел өз қолында болатын. Соңдықтан бұл кісінін қызмет ахуалын сұрамайтынын. Құшақтап амандастып, бала-шага, жай-күйін сұрай сала үйге бастадым.

Қарсы жағымыздан қақпаға бұрын жеткен бір офицер мені көріп тұра қалды. Артына қайыра ұстаган қолында шыбық бар сияқты еді. Біз жақындағанда онысын көрсетпей, артына далдалай койды.

– Сенің үйіңен не нәрсе жоғалып еді? – деп сұрады қытайшалап. Шешемнен дыбыстап сұрадым.

– Үршық, үршық! – деп айқайлады шешем. – Бір айдан асты. Кішкене Бижан көшеге шығарып таstadtы ма екен, табылмай кеткен.

Үршықты ханзуша не деп атайдынын білмей, «жіп иіретін» дегенді ишарамен көрсетіп едім, карқылдай күлді де ұстата койды «айналайын жепаңжұнім». Қос қолын подда итагатшыларынша қабаттай изектеп, артына қайырыла жөнелмекші болғанда, Манап ымдай сөйлей тоқтатты:

– Өзің жөн білетін офицер сияқтысың, тоқташы!... Биган, мұнауыңа аударып берші сөзімді!... Офицер жолдас, біз, халық, сіздердің осы қамқорлықтарыңызға дән ризамыз. Рахметімізді

<sup>2</sup>Жепаңжұн (канзуша) – азаттық армия.

айта-айта тауысып алатын сияқтымыз. Сіздер келгелі түймеміз жоғалмайтын болды! Жә, осыны бір аударшы, Биган!

Қытайшаға шала-пұла аударып бола бергенімде изектей құліп алдып, офицер сейлей кетті:

– Барлық алғыс Маужушиға тән, Маужуши үйретті бізге! Шыңжанға кірерімізде тоқтатып қойып, мұндай шағын санды ұлттарға қалай көрінуіміз туралы үш ай үйрену жүргізді. Үйренгенімізді әрекетімен істеп те пысықтадық. Біз халықтың өтізі болып, бар жүгін көтеруге тиістіміз!

– Мұнда келіп ойып қоюға үш ай дайындалып, пысықтау жүргіздік деші, бәсе неғып кешікті десем! – деп сылқ-сылқ құлді Манап. – Енді өгіз болмай-ақ қойыңыздар! Бізде өгіз көп, өздеріңе сойып беріп те жатырмыз ғой!... Бізге халықтың тұп-тура жауынгері болып көрінүлерініздің өзі керек! Жұртқа белгілі болып қалған атағы бар жаулар тұс-тұсқа қашып жатыр. Сіздерден қорқып, оларға алданып ерген бауырластарымыз да кетіп барады. Қашып барады, шашып барады. Түймесін ғана емес, түйесін шашып, жаннан кешіп барады! Солардың алдарынан тосып, аздырмай тоздырмай, өз жұрттарына қайта әкеліп қоныстандырысаңыздаршы!

– Дүй-дүй-дүй, оны білеміз!... Масғұт-Айса бандысы, Оспан-Жанымхан бандысы, дүй, бұдүй, Қалибек – Такыман бандысы... Тағы-тағы, еш қайсысы бізден қашып құтыла алмайды! Мәсғұт, Жанымқан... бәрі-бәрі қолға түсті. Банды жок болды, қорықпайды!

– деді де изектей бүрүлып жөнеле берді офицер. «Халыққа жағынуды үйрену үшін өткізген осы үш айларыңыз жанымды суырып әкетті-ау!» деген өкінішпен күрсіндім де, Манапты үйге кіргіздім.

Шешеммен тәптіштеп сәлемдескен соң қалың киімін шешіп, терге жайлана отырған Манап, құлкіден солқ-солқ ете түсті. Шығынкы қарнына мол құлкі сактап отырғаны байқалса да, айтудан тартыныңқырағандай; төбесінен ғана басталатын қарағүйра шашын қасып сылап, шодырая біткен тоқ шекесін үқалады. Қырықпа қара мұрты жыбырлай түсті:

– Жоғалғанына бір жарым ай болған әлгі кішкентай ғана сынық ұршықты тауып әкеліп, анықтап тексеріп, тапсырып тұрғанын қарашы! – деп сықылықтады тағы да. – Осы қамқорларым аман болса, үлкен атаңың бесіктегі шумегі мен түбегін де тауып әкеліп берер-ақ!

– Армияның халыққа мұндай қамқор болуы таңғаларлық жоғары қасиет қой. Нағыз халық жауынгері ғана осылай болар!

– Шын ниетімен осылай болса, жақсылығына шек бар ма!... Осындай қамқорлық неғұрлым шын ниеттен туылса екен!... Биған, мен өзім көрген үкіметтердің бәрінен күмәнданып, үңіле-үңіле қартайған адаммын ғой. Дәл осы үкіметтөн титтей күмәнданғым келмейді. Ендігім тіпті ұят болатын сияқты, көптен күткеніміз компартия ғана емес пе еді. Бұдан күмәнданып, енді қандай үкімет іздемекпін деймін.

– Мұныңыз, дүп-дұрыс идеологиядан туылған сөз. Ал, күмәндандыра жаздал түрғаны қай жері?

– Мен алдыңғы күні ғана Үрімжіден келдім. Онда да, жолжөнекіде көргендерім, жепаңжұннің осынысы. Егер осындай ұп-ұсақ шапағатшылдықты басқа, жеке адамдардан көрсем, сөзсіз алдампаздық дер едім, кір азымас ұсақ қылышпен жақсы көрінгісі келетін адамның жүргегінде жәдігейлік жатады ғой.

– Дәл жепаңжұнде ондай ниет бола қоймас, жақсылықты ең ұсағына дейін жеткізе істеу, ханзу халқының ұлттық психикасы шығар.

– Бұдан бұрын көрініп жүрген қытайларымыздан мұндай психика көрініп пе еді?!

– Сізге бұдан бұрын нағыз интернационализмішіл, береке-бірліктің қытайы көрінбесе, оның психикасын қайдан көрмексіз! Бұрынғы көргендеріңіз түгелімен зор ұлтшылдықтың зорекер қытайлары ғана шығар!

– Бұл түсінігің ойыма біраз қонады ғой, эй, сөйтсе де, – деп жымия күлімсіреп алып күрсінген Манап, сөзін жаңағы офицер атаған бандылар тақырыбына ауыстырды. – Масғұт пен Жанымханның қаша алмай қолға түскені рас екен. Айса-Мәмітемендер Қашқарға барып, Пәкістанға өтіп кетіпті. Ал, түрлі қорқыныштармен үркіп дағдыланған тау қазактары бұл жолы түгел қопарылып, ессізтүссіз бет-бетімен қашкан екен. Жол жөнекей жат жерде таландыға түсіп, қырылып барады дейді. Көбі Шыңхай, Тибет жақ иенге бет алышты. Айланып барып олар да Пәкістан арқылы Түркияға өтпек кой! Оспаниң өзі қарулы қолдарымен элі де Кули жолын тосып, Құмылдан беріде жүр екен. Ал Қалибектер Сауандығы өз жайлauынан Үрімжінің Сардауанына ауып барып қысталты да, жаз шыға содан ары қарай көштерін шұбырта жөнеліпті. Оған ілескен қауым да недәуір көп екен. Осы жақында Тибет тауларында жергілікті бұлаңшылар жағынан жан түршігерлік талауға, қырмаға түскен хабарлары Үрімжі қазактарын құсаландырып тұр! – деді Манап.

– Япырай, олардың алдын тосып, тапжылдырмай қоюға

мүмкіндік толық еді ғой! – деп қалдым мен. – Біздің қазіргі қорғанатын ішкі шекарамыз әлі «казат» бола қоймаған сол Тибет жақ қана емес пе еді, жепанжұн ол жакқа да жетерлік келіп еді ғой, неғып жіберіп қойған?!

– Менің жаңағы батырға «өгіз» болмай, жауынгер бол дегенім сол. Бұл көшеде көссеу жоғалып, немізді құрттар дейсің, алданып-зорланып босқан бауырластарымызды қаңғыртып, қасқырға жем етпей, тірі әкеліп қоссаңдаршы! – дегенім ғой.

– Оларды тосып тыныштандыруға міндетtelген арнаулы бөлімдер бар шығар!

– Бар екені бар, бірақ олар қашқандарға «алдыларыңнан жарылқасын кете бер, жерлерің қалса болғаны, тиіспейміз, арттарына аландамай-ак қой!» дегендей, шекарадан өткенше алыстан баспалай соңдарынан еріп қана отыратын сияқты! – деп, ызаланғандағы дағдысынша қарқылдай құлген Манап, қыза жалғастырды сөзін. – Олай болмаса, көшіп-конып бара жатқан ошарлы жанды босқын ауылға салт атты әскадрондар жете алмай ма!

– Босып үйренген халық қылынан жол тауып, адастырып кететін шығар, бұл ахуал батырларымыздың жол білмеуінен, иә, жаңсақтан болса керек!

– Үлттық армиядан да, жергілікті халықтан да жол бастаушы алмай журмейді ғой бұлар!... Бірақ, неғұрлым сенің айтқаныңдай болсын, Биган! – деп жыныған Манап, алдына жайылған дастарқаннан шәй ұрттай түсіп, әңгімемен жалғастырды сөзін. – Мал іздел жүріп бір ауылға қонған қонақ таңертең шәй ішіп отырса, даладан: «қонақ, қонақ, атыңды қасқыр жарып кетті!» – деп айқайлапты бір бала. «Не дейді минаяу!» деп елеңдеген қонақ, – «неғұрлым бұтты-шатты, эр түрлі сейлейтін бала болса екен!» – деп түрегеліп, дастарқаннан аттай жөнеліпті. Сыртқа шыға келсе, әлті айқайлаған бала күліп жіберіпті. Аты ап-аман жайылып жүр екен. «О... айналайын-ай, өтірікші болғаның қандай жақсы болған, ата-анаңа мың раҳмет!» деп алқапты қонақ. Сол сияқты осыны естіген құлағым қақас, иә, өтірікшіден естіген болсам екен деп тілеймін! Әйтпесе біздей халыққа нағыз коммунизмшілерден басқа пана жок екенин біліп болғанбыз ғой!

– Расында да өтірік хабар шығар! – дедім мен. – Үрімжіде жасырынған нелер кері төңкөрісіші бар ғой, жепанжұнді де жалған қамкор, алдамшы жау етіп көрсету үшін солар таратқан өсек шығар. Бірақ сол шын болса да, тіпті түгел қырылыш қалса

да, мен өзім соны тым аңысына қоймас едім. Компартия мен социализмді біле тұрып, қаламай қашқандары қырыла берсін. Ал, менің аузымын дәмін кетіріп, аңыртып тұрганы мұның керісінше. Таптық күрес аяқтасқандай мына бір тыныштықтың орнай қалуығана. Барлық жау сол босқындармен бірге кетіп, адаланып болғандай, үкімет те, армия да байлармен құшақтасып, аймаласып жатқандай көрінеді маған. Үкімет жағы байларды: «сүзеген мүйізіңен, шайнаған тісіңен айналайын!» деп құшақтаса, байлар құйрыктарын бұлдандастып, «ансағаным менің, арманым менің, тиянақ медеуім... сен болмасаң көргілікті Бақайлар мен Шақайлардан көретін едім фой!» – деп үкіметтің бетінен жалағыштап жатқандай!... Тыныштық пен демократия шымылдығының сыртынан осындай бір масқара комедия көріп отырғандаймын.

Манап тұла бойын солқылдата қарқылдан күлді бұл сөзіме. Жүзімі ойланған бағдарлай қарады соナン соң:

– Сен бұлай емес едің фой, Биган. Ойшыл сабырлы сияқты едің!  
– деп күрсінді. – Тағатынды таусыып, тықыршытып тұрған бір ісің бар ма, иә, ұшқалақ солыш болмақпсың?!

– Алдыңғы жорамалыңыз қате емес, ал, кейінгісіндей бола қоймаспын. Мен Маузыдұң жушидың «жана демократизмін» оқып шықтым. Бұл, Қытайда социализм құру дайындығы ретіндегі аралық дәуірдің сипаты екен. Осы дәуірдегі жауымыз жиянгерлік, феодализм, бюрократ капитализм атты «ұш тау» деп белгілепті. Ал, мен, сол «ұш таудың ортанишынан жұдыштықтайғана бір тасты жарып, «тексеріп көрейін!» десем, әкімдер маңайына жолатпай қорғап отыр!... Феодализмнің ісін тексеру түгіл маңайына жуытар емес.

– Ол тасты жаруға неліктен асықтың?

– Жүрегім сол тастың ішінде байланып жатыр. Ақыл сұрауға аудандық партия комитеті құрылмады. Тылсымды тас тынысымды тарылтып барады!

– Е... е, тағы бір оқиға бар деші! – деді Манап, қысқа мұртын сылай жынысып алып күрсінді. – Бұл, құшақтау мен жауды аймалау дегенің уақыттық қана бір ойын фой, Биган, бәрінікі де ойын. Қалай ойналатын ойын екенін жаңағы батырлардың үш ай үйренгендігін естімедің бе, – деп сылқылдай түсіп жалғастырды сөзін. – «Әттәжім тімпі» дейтін ойынды білетін шығарсын, тымпияса қалғанда кім бұрын күліп қойса, содан ойынбұзар алынатын. Мына қалпында қатты «куліп» қойып, сондай айыпқа ұшырап қаларсың, сабыр ете тұр!

– Мен сабыр сақтап отырғанда нәзік жан үгітіліп, күлге айланар деп қорқамын!...

Манаптың қайталап сұрауы бойынша, Макпал жөніндегі трагедияны сөйлеп беріп едім. Ойланып қалған Манап, бұл жөнінде ұйықтар алдында ғана жауап қатты:

– Қайда болса да іздел таппай болмайтын бала екен-ау!. Бұл туралы асығуың дұрыс!... Әкім қорғап отырған бұл жуандарына тиіспей-ақ, астыртын іздел тауып, алып келсең болмады ма! Даумен қүшіне соң жауап бере жатпаймыз ба!... Мен іздесейін. Ертең сол мектеп бастығына барып, жол жөнін анықтап сұрап алып іздейін!...

Ертеңіне таңертеңі шәйдан соң Манапты аттандырып, мекемеге келдім. Шәкербайға Сәрсен саясат келіп, шағым айтып тұр екен:

– Бұғін таңертең де газет оқымады. Оку құралын қолтығына қыса сүмірейіп, алдымен Қайсеннің өзі кетеді. Мұғалімдерге барып айтыңыз, бұл партия нұсқауына қайшылық!..

– Жоғарыдан бұйрық түсіру дегениң немене екендігін білесің-гой, Сәрсен-ау, биорократтық, биорократтық деп бүйірлеп жатпай ма! – дей сала жалт қараған Шәкербай, мені көре сала әлгі әуенін бұза боздады. – Ойпырай, Бигабіл-ау, қайда жұрсің шырағым-ау?! Қазақ ерлер мектебінің оқытушылары таңертеңгі уақытта газет оқымайды екен, соны тәртіпке салсаңшы барып!

– Менің бүйірім темірден жаралып па? – дегенімде Махмұт Керім күліп жіберді.

– Қалжынды қойшы, Бигаш, сенің тілінді алады деп айтып тұрмын. Ол мектептерге міндеттісің ғой, бара ғой тез! Таңертеңгі милары тұнық уақыттарында газет оқысын!

– Оқушыларының «милары тұнық уақытында» сабактарын өтегені дұрыс. Мекемедегі үйрену уақыты мектептерге лайық келмейді. Оқытушылар сол сағаттардағы міндетті сабактарын тастанап, газет оқысын деген нұсқау жоқ. Бос уақыттарында өздері-ақ оқып алады. Бұл, ерікті үйрену.

– Қазіргі міндеттіміздің ен негізгісі – партия нұсқауын үйрену – газет оку ғой, Бигаш! – деп Сәрсен жыымиды. Кешегі гоминдаңшы кертартпаның бүгінгі мына «белсенділігіне» ашуым келсе де сыртқа шығарғым келмеді. Тозған бетін осынысымен түзеп, әкімдер алдында, осы ағымдағы көпшілік алдына инабат тауып келе жатыр еді.

– Партия нұсқауын үйрену деген қызмет уақытында газет

құшактап отыру деген сөз емес! – дедім сонда да. – Бос уақытында үйрен де, қызметінді жақсы істе, қазіргі нұсқау осы!

– Өз беттерімен оқымайтындары бар, газетті бұрынғыдай көреді. «Шынжаң газеті» дегенің қазіргі партия сөзі болды ғой, оны оқымайтындар кім болғаны?.. Мұны сөзсіз түзету керек, Бигаш!

– Сауаты бар азаматтардың қазір газет оқымайтыны жоқ, мұны кесіп айтуда болады. Жаңа үкімет не дер екен деп бәрі де құлақ түріп жүр.

– Барып көрмей кесім айту, борократтық болады ғой, Бигаш, өзің барып тексеріп сұрап көрші!

– Олай болса, өзіңіз бар да сабағыңызды өтей бер! – дедім Сәрсенге тұра қарап. – Мұндай шағым үшін қызмет тастан кете берменіз! Қайсенге айт, газетке шыққан материалдардан мұнан соң барған сайын сұрап тұрамыз. Тіпті сынау да алуы мүмкін. Оқытушыларға түгел ескертіп койсын! Қайтыңыз тезірек, сабак сағаттарының бірі де бекер өтпесін!

– Пай-пай, Бигаш-ай, тым өрсің-ау! – деп құліп Сәрсен шықты да, Шәкербай жынысп отыра қалды. Мен өз бөлмеме кіріп, қызметіме отырдым. Экім мен халықтық істер бөліміне арыз айта келгендер терезеден көрініп тұратын. Солардың дабыры елеңдете берді.

«Жалшы-кедейлер үкіметі құрылды» деген хабар естіген арыз-шагымшылар екен. Досан әкім «Жақаң» мен «Жақаштарының» бетіне қарап, бітірмей келген дауларды талапкерлері қайта көтеріп, бүгін қантармен бірге қақай жеткендей әкім кабинетіне кіріп шыққан біреуі:

– Ўй, мынауың, менің әлгі жеменгерімді «ұлттық боржай» деп атап алыш, тағы қорғап отыр ғой! – деп шықты.

– Не деп қорғайды? – деп сұрады сыртта тұрған біреуі.

– «Ұлттық боржайға енді зорлық жүргізбейміз, досымыз, үгіттеп түсіндіреміз. Соңан соң ақынды жемейтін болады» дейді. Бірақ өзі мұртын бұрынғыдай тікірейтпей, былқылдан, жұп-жұмсақ сөйлейтін болыпты!... Сонысы үшін ғана мен де жұмсал, айтыспай шыққаным!

Бұл екеуі осылай сөйлесіп тұрғанда талапкердің тағы біреуі әкім алдынан күнірене шықты:

– Құдай-ау, енді қайда барайын, «мал иелеріне қатты тиісе алмаймыз. Халықтық істер бөлімі шақыртып алыш айтып, түсіндіріп көрсін. Ақынды қайтарса, өздігінен қайтарар, әйтпесе зорлық жоқ,

жоғарының нұсқауы осы» дейді. «Кедей үкіметі әпереді» деген соң осымен үшінші рет келдім. Баяғы Досан, «Шығыс Түркістан» кезінде «қазіргі жағдай осы, кейін көрерміз, тоса тұр!» деп еді. Енді тіпті ашыққа шығып, бүтіндей байлардың үкіметі болып алышты гой! Енді қашан алармыз есе-тендікті...»

Қатқыл шыққан осы наразылық үн халық бөліміне де естіліпті. Бір тергеушісі шыға келді.

– Ей, сіз нені үағыздап тұрсыз?! – деп талапкерге зекіре жақындағанда сыртқа мен де шығып, қастарына бардым. Тергеуші маған қарамай, сөйлей берді. – Бұлай сейлесең кері төңкөріспі болып кетесін! Анау мемлекет туы, көрдің бе? – деп қақпа үстіндегі қызыл туды нұсқады да баяулай жалғастырды сөзін. – Сондағы анау бес жұлдыздың ортада тұрғаны – компартия. Оның төменгі жағын ала тізіліп тұрған төрт жұлдыздың жоғарғысы жұмысшылар табы. Оナン кейінгі екіншісі егіншілер. Үшіншісі ұсақ буржуазия, төртіншісі ұлттық буржуазия. Бұл төртеуі компартия басшылығындағы төңкөріспі төрт тап, халық деп аталады. Демек, үкімет иесі осылар. Демек, үкімет құрамында жұмысшыларғана емес, ұлттық буржуазия да бар, жау қатарына жатпайды. Мал шаруашылығындағы мал иелері (байлар) де осы қатарда. Демек, бұларға диктатура қолданылмайды.... Демек, – деп тағы бірдемесін айтуға ойлана қалғанда қолтығынан мен тарта жөнелдім:

– Демегің бар болсын сенің! Демек, солай болғанда бұл байларда кедейлерді жейтін тіс жоқ кой?.. Жегендері өтірік пе еді! Ал, «олар да халық» дегенің дұрыс-ақ болсын, бірақ, осы халықтың өз арасында да бірін-бірі қанайтындары, иә алдап, иә зорлап жейтіндері аз ба еді! Демек, демек дей бергенше соларды тергеп, ақысын алып берсөңші!... Мынау ауыр наразылық! Жұнхуа халық республикасына жаман ат келтіретін наразылық!...

Сөзім осы жерге келгенде қақпадан бір топ адам кіріп келе жатты. Ең алдында Құрышбек пен Кеңесбай. Бұдан оншақты күн бұрынғы бір кеңесуіміз бойынша Нұрасыл өлімі жөніндегі дауларын тағы бір кузап қоюға келгендіктерін біліп, әкім кабинетіне мен де беттеп едім, «сен кірмей тұра тұр, қалыс адам болып, кейінгі кездे кіруің қажет болар, сырттан тыңда!» деп күбірлеген Құрышбек, Кеңесбайды ғана ертіп кірді. Ұсынған арызын әкім оқып болғанша күткендей, тым-тырыс еді. Бәсек үнмен сөйлей бастады аз уақыттан соң. Ертіп келген адамдары Кеңесбайдың шақыруымен түгел кірді.

– Бұл, талай тексеріліп, біткен дау. Өнбейтін дауды жаңғыртып

не қыласыңдар! – деді әкім қатқыл дауыспен. – Жауапкерлерінен еш мәселе табылмай, Нұрасыл семьясына үкімет жәрдемін беріп кайтарғанбыз гой, біткен дау!

Кеңесбай да қатқыл унмен сөйлемді.

– Мәселе табылмағандығынан емес, «жағдай» деп Кәкімбайдан мәселе тапқыларыңыз келмегендіктен тоқтатып тұрган дау болатын.

– Ол берілген, үкімет жәрдемі емес, Кәкімбайдың сіздер арқылы өткізген алдамы болатын. Оны біз білмейді дейсіз бе, жарықтық-ау! – деп Құрышбек құлді. – Оны жәрдемге сындырып малдана көрменеңіз, ешіп біткенді қойып лапылдайтын уақыты енді жеткен дау, қашанға дейін сабыр сақтармыз!

– Байлардың сөзі қашанға дейін сөз бола бермек, біздің талабымыз бен дәлелімізге де бір мезет құлак асыңыз! – деп қалды бір күәгер.

– Қанға құнықер байды қазір ешқандай үкімші қолтығына тығып құтқара алмақ емес қой, әкім, өзіңіз білесіз! – деп ыңыранды бірі.

Мен үйреткен сөздер жеке-жеке ауыздардан шығып, жерлеп-тапалып жатқанын есік сыртынан күле тыңдал түр едім:

– Тұыскандар, – деп ытқып тұрганы естілді әкімнің. – Тегінде осы дауды мен басып, Кәкімді мен қорғап отырғандай көреді екенсіздер! Ал, кедей үкіметі құрылды. Нақақ болса да байларды жұлмалап бер деп мені жұлмаламақ шымшуырларыңыз да көрініп тұр. Бұлай ойласаңыздар, өздеріңіз қатты қателесесіздер. Қателессе де кедейге жаза жоқ деп ойлайсыздар ма, қалай? – дегенінде талапкерлерді корқытып қайтарғалы тұрганын сездім де, кіріп барып тұра қалдым. Әкім маған бір қарап қойып, «шыға тұр» дегендей иегін көтеріп қалып жалғастырды сөзін. – Бай саудагер, яғни ұлттық буржуазия да халық, «төңкерісші төрт таптың бірі, оған тиіспейсіндер!» деп көсеміміз Маужуши шектеп отыр. «Жаңа демократизм туралы» деген кітабында соны жақсылап тусіндірген. Оны білмей келіп, орынсыз даурығып, мені қыжыртпай, сол кітапты толық үйрениңдер! Ал, менікі кате болса, соナン соң көріңіздер!

Құрышбек артына жалт қарады да, маған жалбарактаған болды:

– Міне, соны білетін үгітші мұғалімнің өзі келіп тұр екен гой! Айналайын, соны айттып берші бізге! Сол кітапта «кісі өлтірсе де Әкімбайды жазаламайсыңдар!» деген сөз бар ма екен?!

– Бигабіл, не жұмыспен келдің? – деп әкім сөзге алдандырып әкетпек болды мені.

– Мектептердің газет үйрену уақытын белгілеу туралы жұмыспен келіп едім.

– Ал, қайтыңыздар, жауап сол! – деді, әкім талапкерлерге.

– Бұл кісілердің сұрауына да жауап бере салайын, халық емес пе, елемесек, «әлемент» болып қалармыз! – деп құлдім мен. – Бұл сұрауыңызға әкімнің өзі жақсы жауап береді мой, «қателессе ке-дейлерге жаза жоқ деп ойлайсыздар ма!» демеді ме. Бұдан кемелді жауап жоқ шығар. Жай қателесу ғана емес, адам қанын ішсе, ұлттық буржуазия жаза жоқ деп ойлайсыздар ма! Ұлттық буржуазия түгіл өздерінізден рулық буржуазия болса да жазалануға тиісті мой! – дегенімде талапкерлер қарқылдай құлді де, әкім жымия ты-жырынды. Мен жайшылық қана түсіндіру әуенімен жалғастырдым сөзімді. – Кәкім байдың табы туралы Маужуши тіпті жақсы сөйлеген. Ол гоминдаң шияңұны, шпионы, сонымен байыған. Бұл жағынан ең негізгі жауымыздың бірі – бюрократ буржуй. Ал, Дәмешті маған зорлап әптермей Совет одағына қашырып жібердің деп Нұрасылды өлтіргені – бюрократ феодалдық! Бұл жағынан да негізгі жау. Жай феодал ғана емес, қан ішкен феодал. Маужуши қайтып қорғамақ оны!... Оны біздің мына әкіміміз де қорғамақ емес, енді қолдаса онбайтындығын білмейді деп ойлайсыздар ма! Біледі, тек оны сол қылмысына мойындана алмай отырған шығар!

– Жоқ, олай емес, әпендім, бұл сөзіңіз әкімге бұра тартқан сөз! – деп Құрышбек әдейі шытына қарады маған. – Мойындана алмаған емес, өзіміз-ақ мойынданып берер едік, жөндеп тергетпей қойған!

Әкім тағы да ыршып түрді. Ашудан ұзын мұрты сілкініп кетсе де баяулай сөйледі:

– Бигабіл, сен қызметіце бара бер, әлгі жұмысың туралы түстен кейін сейлесерміз!... Ал, сіздер мені Кәкім байға қосақтап, қолдарыңнан келсе сонымен қосып жазаламақ сияқтысыздар. Бірақ олай бола қоймайтынына сендіре аламын. Кәкімді қандай жау десеніздер де өз еріктеріңіз. Үкімет оны да дос деп санайды. Төңкеріспі қатарына әлдеқашан қосылған, гоминданға қарсы төңкеріс басталысымен шияңұндығын тастанап, көтеріліске қатынасқан да, бар қазынасымен партизандарды, ұлттық армияны қамдаған!

– Жоқ, бұл артық қорғаштау! – деді Құрышбек. – Тергемей қоюдағы сүйенген сұбіхандарыңыз осы болатын. Гоминданың жойылатындығы әбден көрінгенде өзінің қат-қабат қылмыстарынан қорқып, қашқанда қаша алмай сасқанынан ақша шашқан!... Соның қашан қашқанын да, кім кімге қанша шашқанын да білеміз.

Онан да осы дауды қайтадан қарайсыз ба, қарамайсыз ба, соны айтыңызды!

– Бұл дауды қарап тексеріп болғанбыз. Айқын дәлел таба алмадық десек, құныкер байды жақтады деп бізді қосақтайды екенсіздер. Олай болса, бұдан актығымызға көздеріңді жеткізейік, аймакқа жолдатып берейік, енді соларды корқытып өндіріп алыңыздар! – деп шалқалай отырған әкім, арыз шетіне бұрыштама жазуға кірісті.

– Әкімге бұра тартпайтындығыма көздеріңді мен де жеткізейін! – дедім мен де Құрышбекке қарап. – Қәкім байдың он жылдан бергі қылмысында делоның 5-6 жылдан бері неліктен шешілмей, басылып қалғандығын да, одан бергі жана қылмыстарын да толық білемін. Бұл дело халық бөлімі арқылы аймақтық үкіметке жолданса да бәрібір, қылмыс өткізілген осы жердің өзіне қайтып келіп тексеріледі. Сіздің маған таққан жаңағы кінәңізден сонда ағарармын! – деп шығып жүре бердім. Арыздың ақ қалған бір бұрышын тауықтың тұмсығынша шоқи бастаған қызыл қарындаш мен сөйлегендеге тұқырған бойы тоқтап қалып еді. Жазылған бұрыштаманы сызып тастан қайта жазғанын кейін естідім. Халық бөлімінен күлімсірей шыққан Құрышбек қара тонымның жауырынынан қағып қалып, өте берді. «Жарадың бауырим!» дегені екен: бұрыштама қайта жазылған арызды халық бөліміне апарса, «шақыртқан уақытымызда келерсіндер, қайталап мұқият тексереміз!» деп қайтарыпты. Әкімнің кейінгі бұрыштамасы «қайта тексеруге» бұрылыпты.

Әлгі, сылтау үшін айтылған жұмысым жөнінде кабинетіне түстен кейін үш рет кірсем де әкім табылмады.

Мекемеге ертеңіне таңертең келгенімде әкім кабинетінің алдындағы қара тақтаға қызметтестер үймелей, күлісіп тұр екен. Мен де бардым.

«Қой аузынан шөп алмас» болса бір жөн,

Бөрі аузынан қой алмас! Ұған не ем?!» – деген жарты шумақ қана өлең жазылыпты. Бақайдың жазуы екенін мен танып жымисам да, басқалары танымай, маған қарап жымысты. «Жағдайшылардың барлық сыры мен сипатын екі ауыз сөзге сиғыза қойған мына жарты шумақ қана өлең, семсердей сесімен қара қылды қақ жарып, әділ үкімін де шығара қойғандай эсерлендірді мені. «Жарайсың, романтигім, сыншыл реализмнің азуы алты қарыс өкілі де болғайсың!» деген разылық оймен жымиып едім.

– Кеше тағы бір айтысып шыққаныңды естіп едік, ей сенің сөзің-ая осы! – деп күбірледі бірі. Бөліміме қайтып бұрыла беріп тоқтап сейлей кеттім:

– Мынаны өшіре көрмендер, экімдер қолданба етуге тиісті сөз екен! Мүмкін, кімдікі екендігін тексеріп алып қабылдар!...

Бүтінгі істерлік ісімнің тізіміне үніле отырып, терезеден көрдім. Қызыметтіне енді келген үлкен экім де, Әлиев те қара тақтаға бір-бір тоқтап, әлгі өлеңді жазып ала өтті. Досан орындығына орнығып болды-ая деген кездे кешегі сылтаулық жұмысымды айтуға тағы кірдім. Райынан өлеңнің күшін де байқағым келіп еді. Қойын дәпперіне сол өлеңді кондырып алып қарап отыр екен. Мені көре сала жылан көрген кірпіше жиырыла қалғандай болды. Кәрленгендердегісінше мұрты жайылып тарамдалып алышты. Дауыл тұтқен шүйке бұлттай әлемтаптырық шырай көрінсе де сыр бергісі келмегендей, мектептің үйрену уақыты туралы сұрауыма:

– Әлиевпен сөйлесші! – деген ғана бәсек жауаппен шығарды.

Әлиевтің кабинетіне рұқсат сұрап кірдім.

– Кел отыр! – деді, стол қарсыындағы орындықты нұсқады. Отыра бергенімде түйедей бір сұрауды қойып кеп қалды. – Әкіммен тағы да қарсыласып, қатты тигенбісің?... Кеше ауырып қалышты.

– Ауырса кеше түстен кейін ғана ауырған болар. Мен емес, түске шейін ел – халық айтысып еді, өз қылмысы түстен кейін ауырткан болса керек!

– Ол дауға сенің не қатысың болды?

– Мен әкімге өз жұмысыммен кіріп едім, – деп бастадым да айтысқан сөздерді сөйлеп бердім.

– Ал, өз жұмысың не еді? – деп сұрады құле түсіп, өз жұмысымды баяндадым. Газет оку жөніндегі Сәрсеннің талабын да құле тындал, ол жөніндегі менің орналастыруымды құптады.

– Мына доскідегі өлең кімдікі? – деп сұрады сонан соң.

– Білмеймін.

– Жайшылықта айтып жүретін сенің сөзіңе бек ұқсайды екен!

– Мұндай бек ұқсайтын сөздер әлі бек көбейер!

– Қалайша көбеймелек?

– Досан әкімнің қай жактың қамқоры екендігін анық көруші көздер көбейген сайын мұндай аңыз тілдің де көбейестіндігі сөзсіз!... Осы жарты ғана шумақ өлеңнің өткірлігіне мен де қатты таңдандым.

– Бұл рас сенікі емес пе?

– Емес екендігі анық, егер осыны мен жазған болсам, жасы-

ру емес, зор мақтанышпен мойындар едім. Шынышыл тілге сот пышағы енді өте берер ме!

– Өтүі енді тіпті мүмкін, – деп қалып күліп жіберді Әлиев. – Мәселен, Досан әкім қазір осы істерін партия нұсқауы бойынша істедім деп сендіре алады. Сонысымен сені компартияға қарсы бұзғыншылық істеп жур деп те сендіре алады. Халықты тыныштандыра тұрудың дәл қазіргі кезеңінде мұндай ерікті шынышыл тілдің үлкен қатері бар.

– Бес жылдан бері әсіреле кейінгі екі жылда байларға шынымызды айта жүріп-ақ тыныштандырып, көпшілігіне қызмет істетіп-ақ келгенбіз ғой. Жәбірленгендердің талабын шетке қағып, жебірлердің бетіне опа жағып, бұлай сүймей-ақ тыныштық қалпын сақтайтын шындықтан жаралған тәжірибе бар еді ғой бізде.

– Ха-ха-ха-ха... осы сөзің де ұқсамай ма доскідегі өлеңге, – деп орынбасар әкім, мойыннынан қыса қойғандай, қатты құлді. Шорт тынып курсініп алып жалғастырыды сөзін. – Компартия өзі белгілеген жолмен ғана жүргуге табанды болады!... Бізге өз жолындағы осы нұсқауды бұзбауды тапсырып отыр.

– Бұл партия нұсқауы емес, жасанды ғана ойын сияқты көрінеді. Мал иелері мен буржуазиядан ақы талап ету де бұзғыншылық болмақ па!

– Досан мұныңды бұзғыншылыққа сыйғыза алады. Сенің осы көзқарасынды мен өз идеямда толық қуаттаушы едім. Ал, қазір ашық қуаттай алмаймын. Себебі жоғарының нұсқауы қазірше осылай екені рас. Дәл қазір Досанның шешімі дұрыс болып тұр. Сен де басқаларға әсері тиетін мұндай солшыл сөзді әшкере айта беруден сақтан! «Көпшілікті құтыртушы», «бұзғыншылық қоздырушы» атальп қалмағасың! Әсіреле зияллыларға бұл жағынан қатал карайтын сияқты.

Әлиевтің бұл ақылы «тікенсіз» шын ниетімен мені сақтандыру үшін айтылып отырғанын түсініп, бас изей салдым. Осы орайда Мақпалды табу жөніндегі талабымды тағы бір айтып көргім келді:

– Қамқорлықпен айтылған бұл кенессізге рахмет, әкім ағай! Ешкімге мұрындық болатын әшкере асаяу сөзді сөйлемей-ақ кояйын. Бірақ, ұжданымды күндіз-түні кеміріп жатқан бір дерт барын өзінізге айтып едім ғой... Мақпалдың жоғалуы. Соның қайда екенін жасырын ғана тексеріп, ата-ана, туыс-туғандарынан сұрап беруді халық бөліміне тапсырыңызыш!

– Соған әлі қиналышпен жүрмісің, әлі ғашықпышсың? – деп Әлиев

тағы күлді. – Біреуге әлдекашан қатын болып кеткеннен кейін оны енді не қылмақсың!

– Кайда екенін ғана біліп берсеңіздер, ешқандай көпшілікті құттыртпай – бұзғыншы аталмай-ақ жасырын ғана, тұп-тұзу ғана барып құтқарып әкелер едім!

– Сендей жап-жас, сұлу жігітке қыз табылмай ма!

– Табылады ғой, бірақ, оның жүргегінде жүрек таба алмайтынан анық!

– Жүрек деген не ол, дүниеде одан көп нәрсе жоқ, жігітім! – деп қарқылдады орынбасар әкім. – Ол жөнінен сауатсыз екенсін, қыздардікі таусылып қалғандай, қатынның жүргегін қайтпексін! Шынымды айтайын, ең қызығы әр күні біреуіне ғашық болу! Жүрек жаңарады, жүректі жаңартса беруден пайдалысы жоқ!

– Әкім ағай, сол «пайданын» бәрі өзінізben-ақ кетсін! – дегенімде Әлиев өзіне ең ұнамды бата берілгендей, рахаттана күлді. Мен өтінішімді ішкерілей қайталадым. – Кемпір болса да содан басқаны іздерім жоқ! Қептен бері сүйемел болып, өз ағамдай көрініп қалған сізден өтінерім сол ғана!

Әлиев құлкісін тоқтатып, ойланып қалды да, күрсініп жіберді:

– Мал иелерін тергеу түрмак, қазір оларға көздің ағын көрсетпеу тапсырылып отыр. «Қызың қайда?!» деп кім сұрай алмақ олардан.

– Осыдан төрт ай ғана бұрын, өткен тоғызыныш айда халық бөлімі оның әке-шешесінің жасырын құдалығын тексергенін ескерінізші! Соңда үкіметтің рұқсат қағазын алмай ұзатса, жазалануға разы екендігіне берген тілхаты бар. Халық бөлімі енді соны апарып тергесе несі бүлінбек? Феодализмді жоюдың жолы ашылды ғой!

– Қазір одан да уақыттық шектеліп отырмыз. Партияның бұл жөніндегі нұсқауы – неке заңы келмей, мұны істей алмаймыз!

«Ахметжандар өлгенинен соң басы жоқ адамша ойлайтын болып қалғансыздар ма, су жүрек болып қалғансыздар ма?!» дей жаздал, шамына тимеу жағын да ескере кідірдім:

– Қазіргі уш аймак ахуалында бұлай тартынатын ешқандай төңкерістік себеп жоқ. Досан әкімде басқадай себеп бар ғой, ал, сіздің бұлай болуыңызға қатты таңданамын.

– Жол-жорық осылай деген соң, осылай болу керек!

– Халық азаттық армиясы қыздар түгіл қатындарға қырындармаймыз деп әндетіп келіп жатқанда сондай аяулыла-рымызды бітеу жүтып қойғандарға ләм дей алмайтын құлға

айланғанымыз ба! Тым болмағанда «бесік күйеуді» қайда жібергенін сұратып беріңіш!

– Әйелдерге қырындаудан мал иелеріне «қырындау» қын болып тұрмай ма! – деп алып, құлқіден тыбыла ойланған Әлиев, сезін құбірлеп жалғастырды. – Осы байлардан сұрап, тексеріп, бұзғыныши аталмай-ақ, тексерсек те енді айтпайды олар... Өзің іздел тауып қана алып қашып келмеймісің!... Мәселені неке еркіндігіне ғана сүйеп, насхаттап шешу, онай болар еді!

– Іздел таба алсам ғой неке еркіндігіңзге де жалынбас едім. Табылмай тұрмай ма!

– Солай болсын, тағы да іздестір! Бір орайын тауып сұрастыруды халық бөліміне мен де айтып қояйын! Қазірше табылмаса шыдап тұра тұруың, бәрінен де қажет. Бұл уақыттық қана жағдай. Мұны «ойын» десен, мына қалпында «ойынбұзар» айыпқа ұшырап қалатын сияқтысың, – деп шығарды Әлиев.

Қантардың қыс ызыгары тамыздың шіліңгіріндей пысынатып, жаңымды шыжғырып бара жатқандай, тұн бойы деңбекшіп, құн бойы ішінен тықырышып жүрдім. Нұрияшымнан хабар жоқ. Қыстың сұрғылт құндері сүзіп қалардай, Досанша тұқыра тымырайып келіп, тымпия етіп жатты. Жараған бурадай тұна қарап ізденіп жүрмін. Мен күткен дау да жоқ, шабарманға Кәкімбай табылмапты. Жолаушылап кетіпті деседі. Бұрынғы өштестер бір-біrine өндерін ашып, үнсіз жымия қарасады. Көлгірліктен басқа жау да жоқ сияқты. Бір алып қол ауыз біткеннің бәрін басып алғандай жым-жырт еді.

Бір күні танертең мектеп аралап қайтып, орныма енді отыра бергенімде Мақмұт Керім, «Шынжақ газетінің» бір нұсқасын алдыма тастай салды. Бас тақырыбына қарап үніле түскенімде, арандай ашылған бір еркін ауыз жарқ еткізді көзімді. Азу тістерін акситып феодализм машайықтарына ақырып кеп қалғандай елес берді. Өзім қосыла ақырғандай мереймен дауыстап оқи жөнелдім. Оқыған сайын жаным кенелгендей, аузым тұшығандай, тісімнің қышуы қанғандай мейірлене оқыдым:

«Сендер Құдайға сенесіндер, өздеріңе жақпайтын адамның барлығын Құдайларыңа атқызыбақ болып коркытасындар, солай емес пе, молдалар?! Ал, мен генерал Уаңжын, міне алдыларында тұрмын. Коммунистін. Ешқандай құдайларыңа бағынбаймын. Қане, құдайларың бар болса, мені атқызындаршы, қане!.... Қане!.... Ешқайсыларың атқыза алмадындар ма!... Атқыза алмайсындар, ә!... Олай болса тыныш жүрмегендеріңді мен атамын, қысып жүріңдер!»

– депті Шынжанға кірген жепанжүннің бас қолбасшысы. Өлкелік партия комитетінің бірінші секретары. Оңтүстік Шынжандағы барлық дін ғұламаларын жиып алып сөйлеген сезі осы екен. Бұл кісінің сөйлеген сезін естігенім де осы еді.

– Шынжанға келгеннен бері газette жарияланған бірінші сезі осы! – деп құбірледі Махмұт Керім. Қезім енді ашылғандай қуанышпен бадырая қарадым оған. Қою қара қасының арасына сұйық қана сұраулы леп белгісі (!) пайда бола қалғандай кірбен қабақпен тым бәсек жалғастырды сезін, – шиті мылтық та көрсетпей берілген Шынжанда өздіктерінен бас иіп, кол қусырып тұрған молдалардың жүргегіне осы сезден дөрекі тиетін тұрпі жок шығар! Тым кескін адам екен!

– Тұрпі тұғіл тырнаушы болса да коммунизмшілердікі ғой, әйтеүір! – деп құлдім мен. – Жалпылай емес, феодализмге ғана қаратқан болса, тырнай түссін! Қышиған арқамды қасығандай сүйіндірді!

Газетті шырышықтап ала жөнелдім Әлиевтің кабинетіне осы санды газетті орынбасар әкімнің өзі де жайып салып оқып отыр екен. Мен қара тонымды шұбалтып, салдыр-құлдір кірп барғанымда күліп жіберді:

– Не үшін асырып келе жатқаныңды білемін. Сен қуанарлық сез жок.

– Феодализмді бүйірінен қысып қалып, ішіндегі Макпалдың әдемі басын шығара қоймады ма!

– Жок, бұл жалпы сәлдеге-дінге тиіскені, қой бегіне тиіскені емес.

– Солай болса да менің кішкентай қылмысыма жеңілдік әперетін сез ғой, өзі бүкіл жаңа демократизм мен төңкерістік бірлік сапты бұзарлық сез сөйлеп тұрып, «ойын бұзған» есептелмесе, зорлықта ұшырап, сорланған Макпалды іздеуіміз қашшалық айып болмак!

– О заман да бұ заман ойын басқарушының өзі ойынбұзар айып тартқанын қайдан көрдін! – деп құлді Әлиев.

– Бұл, бұрын көрілмеген жаңа заман ғой. Ойынбұзарды алдымен ойын бұзған басқарушы тартатын түзім болмаса, заман жаңаңы да болмақ емес қой! Ішімізде сайрап тұр, Құдай тілімізді байлас тұр, амал қанша, дариға!

Көреген тергеушім, Қытай төңкерісінің осы батырын осы қылмысыма пана тұтпақ болуынан өтетін надандық жоқ-ақ шығар. Он сегіз мың ғаламның ұлы Құдайының өзін қомсынып жүрген батыр оның қай пендесінің көз жасын көрмек! Тірегі шіріп, өздігінен

құлағалы тұрған ғоминдаңың тағына шығып алған соң-ақ көзі қекке, қөнілі аспанға шығып кетпеді ме! «Адырандама, соқырым, баланы басып кетерсің!» дей алатын дәл қазір кім бар оған! Еңбекші халықты жендертерінің ойынбұзар айыппен түрмелейтін құқыққа ие болуы, оның осындай шектеусіз нақұрыстығының нәтижесі емес пе.

## II

«Бөрі аузынан қой алар» деп үміт артқан мықтыларым Үрімжіге қызметке шақырылып жатты. Алдымен Әлібек майор көшө жөнеліп, қөнілім бейжай болып отырғанда, Әлиев пен Махмұт Керімге шақыру қағаз тағы келіп, танауымды қусырды. Енді тотидым-ау!» дедім. «Макпалды табуыма көмек етерлік кім қалды енді!».

Үрімжіден сөлмірейген бір қытай жігіт келіп жүр еді, Шәкербайдың столының қатарына отыра қалды бір күні танертең.

– Сіз Махмұт Керімнің орнына келген болсаңыз керек! – деп қытайша соқалай сөйлеп барып, соның орнын нұскап едім, антарыла қалды да, бірдеңе деп былдыры-былдыры ете түсті. «Сенің сезінді түсінбедім» дегені екенін, шайқаған қолынан ғана ұқтым. Мен естіп көрмеген, басқа қытай тілінде сөйлемді. Аудандық оқу-агарту бөлімінің орынбасар бастығы болып, оқу-агарту менгермесінен тағайындалып келіпті. Бұл жайын Шәкербай сөйлеп жүріп, өз столын бір бұрышқа тартып апарып койды да, елпек қаға ұмтылып келіп, орынбасарының столын дәл төрге орналастырды. Орындығын да әкеліп қойып беріп, «отырыңыз!» дегендей қолын жая шұлғып еді, құрметке құрмет ретінде үш рет шұлғып барып отыра кетті орынбасар.

Шәкербаймен істес болғалы өзінен төменірек қызметкерге көрсеткен кішпейілдігін көргенім осы. Таңдана қарап тұрып қалыптын. Қит етсе, «мен бастығымын, бұйрық осы» деп коразданатын осы мансапқор бастығымының бүтін мекиенге өздігінен айналғысы келгендей мына көрінісіне құлкім келіп еді. Онымды өзі де сезгендей:

– Қонақ қой, жаңа келді ғой! – дей салып бұрылды маған. – Биғаш, неғып тұрсың, шырағым, қызметіңе бар! Махмұттың орнына біреу келгенше бар жұмыс екеумізге қалды енді! Осы аптада қалалық мектептердің бәрін бір рет көріп, сабақ игерісін тексеріп шық! Қытайша бір класс қана ғой, оны мына кісінің өзі басқарап!

Мен өз бөлмеме кіріп, қағаздарымды жиыстырып жатқанымда біреу Шәкербайдың есігінен қарап мені сұрады:

– Биғабіл бар ма, Әлиев шақырады!

– Шырағым, даңғырламасанышы, жаңа келген кісі отыр!...  
Биғабіл мектеп аралап кеткен! – деп шақырушуны қайтара сала  
келіп, мені асықтырды. – Мектептеріңе тезірек кете ғой, Биғаш!  
По, қызметтен түсуге үш-ак сағат қалды!

Қызметке бұл асықтыруы, Әлиевтен мені бұл жасыруында  
сыр барын тұспалдай шығып барып, Әлиевтің кабинетіне кірдім.  
Қызметін өткізіп болып, үйіне қайтуға киініп тұр екен.

– Міне, Биғабіл дейтін азamat осы, – деді, орнына келген қырма  
сақалды қарата қарал. – Арасындағы ахуал әлгіндей. Солай бола  
тұрып, тағы да жібергісі келмей, жабысып алышты. Тым болмаса,  
қызметке шақырылған қағазын өзіне көрсетіп, пікірін тыңдамақ  
та емес! Жаңа кіріп айтып ем, «бәрін әкетпекпісін» деп, бәрін  
мен әкетіп бара жатқандай түйілді. Өлкелік үкімет алдындағы  
жауапкерлік үшін қағазын өзіне беріңдер, өз ықтиярымен бол-  
сын!

– Әкімнің ісіне қол сұға алмаймын ғой! – деп жымиды жаңа  
орынбасар, – мен білмеймін дедім ғой!

– Олай болса мен-ақ ұқтырып кетейін! Биғабіл, сені Үрімжіге  
оқу-ағарту менгермесіне қызметке шақырған екен. Кеше кешіте  
ғана естідім. Шақыру хат Досан әкімде. Барғың келсе, дайын-  
дал, ешкім тоса алмайды. Барғың келмесе, өзің білесің. Меніңше,  
өштік-қастықтан аман өсуін үшін саған Үрімжі жақсы. Ал, мен екі  
күннен соң жүремін. Оған дейін көрісерміз!

Осыны айтып шыға берген Әлиевтің соңынан ере шықтым.

– Тез өсуін үшін барғаның жақсы! – деп қайталады қакпадан  
шыға бере.

– Ағай, менің қазіршे бара алмайтын себебім бар ғой, Макпалды  
іздеусіз тастап кеткім келмейді!

– Онда өзің білесің. Бірақ, мына мұрт сенің өсу жолыңа бөгет  
бola береді, катты өшіккен. Сол үшін орынбасарына бар ахуалыңды  
айтып ескерттім. Бірақ бұл бір ынжық неме сияқты. Мұндайдың  
саған ешқандай пайдасы тие қоймайды. Анау саған өз қолынан  
келгенін істей алады, ойланып көр! Өз қолынан жібермесе, менімен  
бірге жүре беруіңе болады!

– Бұрынғыдай емес, партия комитеті құрылады ғой әлі!... Бұрын  
менің бұл мұрттан зыта қашқым келіп тұратын. Қазір қарсысына  
тұра қалғым келе береді. Мұның бар мәселесі маған аян емес пе.  
Сәті келгенде өзін домалатуға сенімім бар!

– Олай болса, дұрыс! – деп құлді Әлиев. – Бірақ, өте сақ

болғайсың, бір іскетәуекелшіл болма!... Әлгі қыз туралы талабыңды Айыржапқа айтып қойғанмын. Бірақ ол да ауысуы мүмкін. Өз бетінмен іздеуге тұра келсе, өте байқап ізде, мұрттының содан бір сылтау тауып кетуі мүмкін, асқан аяр неме!...

Әлиев осы сөзбен айрылысты. Мен мектеп шарлай бердім, киялым қырда, сонау Жеменейде, Сауыр кияларында. Оған еткен күз сонында бір рет барып қайтқан Дүйсен ағай Мақпалдың тірі екенін бір әйелден ғана естіп, өзін көре алмай қайтқан. Бесік күйеудің нағашысы басқа бір беймәлім жердегі туыстарына екі күн ғана бұрын жөнелтіп жіберген екен. Дүйсен онын айдалған бағыт-бағдарын да біле алмай қайтыпты. «Жаз шыға тағы бір барып іздел кайтамын» деп жұбатады. Тірі екенін айтқан сол әйелге Мақпалдың бар жайын біліп тұруды мықтап жалынып тапсырыпты.

Сонымды таппай осы жерден тапжылғым келмеді. Арман-тілегін азат ете алмаған азаматқа азаттық қайда. Егер оның өзі бесік күйеудің бесігіне бала салып, сонысын қимай мені қиса, сонда да жартылай азатпын дейтін сияқтымын.

Мектептегі жұмысым ертерек аяқталған бір күні кешке жақын үйге қайтып келе жатқанымда бір қарымды қол арқамнан қағып кеп қалды. Жалт қарадым да құшақтаса түстім. Аласалау ғана иықты келген құбакан жігіт, мені белімнен қаусыра кетеріп әкетіп, шыр көбелек айландырыды. Тарбагатай халқының бұлбұлы аталған әнші Шәкен Елубайұлы еді ол. Жұртшылық қанша ардақтағанымен өзін аямайтын «тесік өкпе» еңбекші азамат Шәүешек қазақ орта мектебіне ғылыми менгеруші болған соң да демалыс күндерін қара жұмыспен өткізіп келе жатыр еді. Қартайған жалишының жалғыз ұлы, семья тұрмысы үшін жасынан дағыланған осындай кәсібінен әлі айрыла қоймаған. Өзінен недәуір тұрықты мені комсындырған куат, құрыштай шынықтырған сол еңбектің куаты үйіріп-үйіріп тікемнен тік қоя салды. Тәлтіректеп алқына тұрып амандастық. Мемлекет бойынша тұңғыш рет әдебиет-көркемөнершілер жиынына шақырылған екен. Түскен жүк автомобилі артқы аяғынан «аққап», емдеу керек болған соң қоналқыға деңге тоқтапты. Шәкенді қоналқыға кетіп бара жатқан жолынан бұрып, үйге қарай қолтықтап ала жөнелдім.

— Үй-үй, Қиялзат түсте кездесіп, үйіне шақырып қойып еді, соңда барапты!

— Қиялзатың да, оның қыдияр заты да қазір келеді біздің үйге!

- Бұрын шакырды ғой, уағда беріп қойып едім!
- Мыңбектің үйіне сол уағдаңың өзі-ақ қонын, Шәкендер мен сиякты «бір бектің үйіне қонады!».
- Әкесі Мыңбек пе еді, онда болса-болсын! – деп өздігінен құлышына кетті Шәкен. – Қиялзатқа жауап та өзіңен болсын!
- Жолда кезікken оқушылардан қағаз жазып, Бақай, Мәулен, Өмірбек, Қиялзаттарды қосарларымен шакырдым да, лайықты ішімдіктерін жол жөнекей түгендей келдім. «Аракты қойғанмын, мені қинаушы болма!» деп Шәкен өтіне кірді үйге.
- Алқын-жұлқын болып Қиялзат пен Мәрия жетті алдымен.
- Мұның не ей, бастық, шақырып қойған қонағымызды жолдан жетектеп әкетіп, қай басынғаның бұл! – деп Қиялзат тепсінгенде, Шәкен маған қарап жымиды.
- Е, бастық дегенниң басқаны басыну үшін бастық болатынын көрмеп пе едің, оның жөнін Мыңбек әкенін сұра! – дегенімде Шәкен қарқылдай күліп, не дер екен дегендей Қиялзатқа карады.
- Сені әкемнің басынғаның қашан көрдің! Айыбына жүр, сен өзің де жүресің біздің үйге!
- Мені әкен басынбаса, қасындағы оның келіні бұрын кімнің қалындығы еді, білмеймісің?! Жасау-жабдығымызды екеуlep дайындал болғанымызда зорлап саған құшактатып жүрмей ме!
- Женілдің! – деді Мәрия Қиялзатқа баяу ғана күбірлеп, төмен қарап барып өкініші бар адамша әдейі күрсіне отырды орындыққа. Даңқты әншінің әнін қайын атаның үйіне кіріп тыңдай алмайтын болған соң осында қондыру жағына шыққаны, маған осы актердің күрсінсінен байқалды. Шәкен оған таңданысты шыраймен аңтарыла қарап қалыпты. Марияның бұл бейнесінен бұрын расында да менің қалындығым екендігіне сенген сиякты да, неткен шынышыл жан деп таңданғандай.
- Мыңбек ұлы кімнен кімді тартып алып мaldанып жүргенінді енді мойындаған шығарсың, айыбына өзің отыр! – деп Қиялзатты жетектеп, Шәкеннің қатарындағы орындыққа отырғыздым. Қиялзат дауын қайта жаңғыртты:
- Өз қалындығынан айрылып қалған ынжық, соның кегін енді менен алмақпсысың!
- Ие, оны тартып әкеткен де Мыңбек емес пе! – деп күрсіндім мен, – қала қасқыры, қыр қасқыры – бәрібір қасқыр. Мен екеумізге де ортақ қонақты қолынан ғана жетектеп күлдіріп әкелдім. Ал, сендер, қалындықтарымды зорлап атқа өңгеріп, шырылдатып әкеттіңдер ғой! Рас па, Мәрияш?

– Рас! – деп Мәрия тағы да томсара күрсінді. – Екеуі де рас! – деді төмен қарай беріп.

Шәкен оған таңданыспен бадырайған қоңырша көзін енді маған аударды:

– Мына қалжындарыңа қарағанда тағы да талай оқиға кешірген сияқтысын ғой?

– Бұл тыныш жүруші ме еді, – деп Қиялзат жұлдып әкетті жауапты. – Әкімдердің құйрығынан түрткілеп шамдандырып алып, өз таңынан тартқызады да жүреді!

– Әкесңің көзімен қараганда менің солай көрінетінім рас! – дей салдым. – Сау көзбен қарасан, ондайдың қарсысындағы образзен көрінер едім.

Шәкен Қиялзатқа көзін сығырайта жымып, мысқылмен қарап сейледі:

– Әкімдердің құйрығынан түртіп шамдандыру емес, таңың тәттілігімен қызықтырып тартқызады десен, наңымды болар ма екен?! Таңы тәтті болмаса әкімдер тарта бермесе керек қой!

– Рас солай болатын! – деп Мәрия мұңайғанси құптады оны.

– Бәріміздің дәмімізді осы Мәрияш біледі! – деп күліп жібергенімде, Шәкен қарқылдал ала жөнелді.

– Үшеуінің арапарыңдағы қалжынға сеніп, Қиялзатқа өшіге қалыппын! – деп еселей күлді. – Жарайды, қарындас мықты актер екен! Сендердің сөздерінді шыраймен бекітіп, наңдырып отырған осы!...

«Макпалды осы өнермен де құтқара алмай қалдық қой, эттеген!» деген өкінішпен Мәрияға тына қарап алып, тығылып отырып қалыппын. Бұл жайымды терши қалған маңдайымнан байқады ма, Мәрия да сезіп, мұңая қарап отыр екен. Мәулен мен Өмірбек келіпті. Алдарына жүгіріп барған Шәкенмен есік жақта құшақтасып, амандастып тұрғанын бір-ак білдім. «Қой, Биға, бұл жайынды енді әшкерелей берме!» деп күбірлеп түрегелді Мәрия орнынан.

Жақында босанған Mehîp, бала жағдайымен келе алмай қалыпты да, Бақай табылмапты. Дастарқан жасатып, шәй құйғыза бердім. Женгелерімнің алдына түсіп, күтуші бола қойған Мәрия бөтелкелермен стакандарды сұрып шығарып ала қойды. «Әнді ертерек бастату үшін» деп күбірлеп барып, сәй куырдақ әкеліп қоя сала түрткіледі мені. «Арақ құй!» дегені еді. Артыма қайрылып мен сыйырладым. «Көргенсіз болма, бәйбіше, алдымен шәй ішіп алсын!» дегенімде, құлағымды қос қолымен далдалай сыйыр-

лады Мәрия: сен шәй ішкізіп балтап болғанша менің құлқішім қонағынды жетектей жөнеледі де екеумізді тағы да тақыра отырғызып кетеді!»

— Ей, ана екеуін қарашы ей, әлден сүйісіп отыр! – деп мырсылдады Өмірбек, Қиялзат орнынан ыршип тұрды:

— Тап... қысындар енді!

— Бұл зіркілге қысыла қоймас, – деді Шәкен құліп, маңдайына жығылған шашын сілкіп қайырды. – Не деп сыбырласқандарын сеземін. Мен өздерін қысайын!... Қане, қарындас, Бигабіл екеуің алдымен ауылдың алты ауызын айтындаршы, сонан соң қонақтан күтетіндерің арақсыз-ақ орындала береді!

Мәрия сыңғылрап құліп, есіктен шыға жөнелді де, мен жалма-жан арак құюға кірестім.

— Қыстырыңың-ақ! – деп Өмірбек мырсылдады да:

— Мына біреуінің, тіпті, пішілгендей, – деп Қиялзат шиқылдады.

— Жымқырыла қалғанын қарашы!

— Жок, қыстырмаймыз да піштірмейміз! – деп құбірлеп стакандарды тарта бердім. – Ей, Мәрияш, бері кел, «алты ауызын» мен-ақ айтып беремін! Алдымен жадыратып алайық өздерін!

— Мен өзіңе айтып едім гой! – деп Шәкен, алдына қойылған аракты маған құбірлей кайтарды да, жариялап сөйлемді. – Достар, мен аракты бұрыннан жақтырмасам да, тек, жадырау үшін ғана ішетінмін. Енді міне көнілім ғана емес, бүкіл аспан жадырайтын негіз орнады. Маған бұдан артық температура керек емес. Мұнан соң ішпеймін деп, жас кемпіріме де ант беріп қойғанмын. Ал, сендер куаныш үшін де, маған арнап жасаған осы отырыска шаттық қызу шақырып та ішетін боларсындар... Бұл пейілдеріңе разылығымды әніммен көрсетіп, дос көнілдің мерекесін әніммен қызыдыра берейін, арактан рұқсат етіндер, рұқсат етпесендер де бәрібір, ішпеймін. Бұл жайымды Биганға келе жатып-ақ айтып болғанмын, кешіріндер!

— Менің әүенім бұдан әдемілеу, – дей түрегелдім мен, – рас, бұрын біз, «күніміз бір сорлымыз, күніренейік косыла!» деп те ішіп қоятынбыз. «Көніліміз бірде куресте, күлейікші қосыла!» деп те ішіп қойған жеріміз бар. Бұл арақ бүгін сол екеуінен де басқаша себеппен құйылды: Бейжиннен қараған көзге ең түкпір деп есептелетін Шәүешектен жалшының жалғыз ұлы, еңбекшілердің күрескер әнишісі, ұстаз Шәкенді дәл тауып көріп, сол астанадағы көркеменер жиынына дәл тауып шақырган компартияға – Маузылұнға алғыс үшін көтерелік осы тосты!

– Эй, алып кеттің-ау! – деп ыршып тұрды Шәкен. Мениң алдыма қайтарып қойған стаканын өзі ұмтылып келіп ала-сала шақ-шұқ қағыстырып жіберіп қағып салды. Сол тұрган бойы шәй кесесін алып, ұрттап-ұрттап жіберді де, «партизандар маршын» ханзуша өз текстімен сайратып ала жөнелді. Шәкеннің үн желбезегінен ең бақытты ән ғана шығатынын паш еткендей, өзі де елпілдеп-ескектеп құйқылжып айтылатын елгезек ән, ерен нақышқа бөленіп, алуан түрлі зер жілтерге тізілген алуан түрлі меруерттей құлпырды.

Ән басталысымен елеусіз ғана кіріп, мені далдалай тыңдаپ тұрган Мәрияның сол әнмен бірге құйқылжып кеткені, мениң иығыма сүйенген қолынан білініп тұр еді. Арақ құюға тосыннан еңкейе қалғанымда жалп етіп құйрығыма қона түсе жаздады. Бұл қылмысын зейіндері әнде ғана болып, тынып қалған даукестер байқамай, екеуміз ғана жыныстық бір-бірімізге. Мәрия ән аяқтасымен лып етіп, шыға жөнелді. Мен стакандарды екінші рет тарттым. Шәкеннің алдына да қойғанымда бұл жолы қарсылық көрсетпей, қырырдақ асай түсті. Онысы, өзі бір рет тост көтертуге дайындалғаны екен. Стаканын ұстай түрегелді.

– Достар, маған гой, көтермесем болмайтын ерекшे тілекпен бір рюмка алдырдыңдар. Осы отырған бәріміз де оқытушы екенбіз, осындай мөрті келгенде көтермесе болмайтын тағы бір тост бар. Сонымен жұп болсын. Тарбағатай газеті Бигабілді осы еткен күзде тағы шақырып еді. Мектептен басқа орында қызмет істегісі келмейтіндігін айтыпты. Сонысина мен қатты разы болдым. Мұғалімдік деген мансап емес. Қазір еңбек ақысы да тәмен. Ал, газет сияқты атынды да шығармайтын, жолы жіцишке, табаны жалпақ, жапалы қызмет. Бигабіл сол жапалы қызметіне ешқандай мәртебені тенгермейді. Тіпті өзі сол мәртебесіздігінен мерт бола жаздағанда да тенгермеді. Сонысы үшін Бигабілді ешқандай әкімге мен тенгермеймін. Мектеп абаны осы Бигабілше ардакталық! Жаңа өркендердің мүддесі үшін Бигабілдей жаңқияр ұстаз болайық!

Осы сөзбен екінші рет қағыстыра бергенімізде керден басып үш-төрт жуан кіріп келді. «Ассалау-ассалау» дескенде «астағыпрылла!» деп қалған Шәкен стакандағысын қағып салып қарсы алды. Алдына Сәрсен саясат пен сарала капитан Үсен екен. Мұндай қасиетті тостқа оларды ортақтастырымайық дегендей бәріміз де сіміріп жібердік. Табалдырықтан кекіре耶 аттаса да, бар кеселін босағама тастай салғандай еңкейген Сәрсен, қолын маған да жалбақтай ұсынып еді, «таксыр» капитаным сес көрсеткісі келгендей бейнемен қолымды сере ұстап, сілкілей амандасты. Төрдегі

орындықтардың біріне нұсқағаныма қарамай, есік жақтағы бір орындықты оңаша терезе алдына апарып шалқалап сұлай кетті.

– Палиторгім, ресми шақырганыңда шығармын төріце. Бір мықты әнші келді деген соң ән тыңдауға ғана келдік. Отырыңыздар, отырыңыздар!

– Палиторг түгіл жаңында тат басқан қанжарың, сонында таз ковбойың жоқ, неңе кекірейесің! – деп Өмірбек мырсылдады онысина. – Келерің келген соң дастарқанға шақырганда бұлданбас болар!

Төрдегі өз орнына Шәкен де шалқалай кетті. Шырайына біз көрмеген тәкәппарлық орнай қалыпты. Қатарына отырып, қайталай амандаса түскен Сәрсенге ернін жыбырлатып қойып қана сөйлемеді:

– Отыр, Бигаш, капитан мырзаны «ресми» шақырып күтіп аларың, мен де сол кезде келіп, ізетпен тұрып ән салып берермін. Қазірше құрмет қабылдауға зауқы жоқ көрінеді, қайтесін зорлап!

Өзі келіп ап мұншалық кеселденүіне аң-таң болып тұрып қалған мені есіктен Мәрия шақырып сыйырлады:

– Әлия бірнеше қызыбен ән тыңдаймыз деп бағана келген. Қарсы үйде отыр. Анау капитан соны аңдып келген сиякты. Төбелес шығармасын, байқа!... Айрылысуларын сенен көретінін естігемнін!

– Қонақтарға шэй құйындар! – дей салдым да Үсеннің катарына орындық тартып отыра күбірледім. – Капитан, расында ән тыңдауға келдің бе, менімен айырым сөйлескелі келдің бе?

– Мені айырым сөзі бар екен деп естідің бе? – деп түйіле күбірледі Үсен.

– Олай естімесем де солай түсіндім. Әлияның қарсы үйге келіп отырғанын жаңа естіп, сенін төрге шықпай қоюынды солай түсіндім, сөйлесесің бе?

– Маган ол туралы айттының бар ма еді?

– Бар! – дедім де қолынан жетектей жөнелдім. – Әлияны сен ертіп шық! – деп Мәрияға сыйырлай шықтым. Қақпаның сыртқы босага далласына Үсенді тоқтатып бастадым сөзімді. – Әлия екеуің уағдаласып па едіндер, жоқ уақытша ма еді?

– Онда не жұмысың бар?!

– Жұмысым тек екеуінің ар намыстарың үшін ғана!

Үсен басын тәмен салып, ойланып тұрғанында Әлия қақпа алдынан мені ғана көріп, күлімсірей жетті де Үсенді көре томсарып шегіне берді. Шап беріп қолынан ұстай алдым.

- Сіз қашан келдініз мұнда?
- Эн тыңдайын деп бағана келгенмін!
- Мына батырыңызды ренжітіп келген сияктысыз, тонырая келуінен байқадым. Эн тыңдағыңыз келсе, күйеуді құлдіріп кіргізіңіз, қонақ алдында ұят болады!
- Бұл кісіні мен танымаймын! – деп қызырақтай тұқырды Әлия. Үсен зірк ете түсті:
- Танымай қатын болып па едің маған?!
- Мұнысы мені масқаралау үшін жапқан жаласы! – деп бетін баса шиқылдады Әлия.
- Жала емес, жаны бар сөз екені қараңғы көшедегі жүрістеріңнен де белгілі болған ғой, Әлияш!... Екеуін расында дәл табысқан, бір-біrine сайма-сай жансындар! Жұз жыртыспай, бақытты жұбай болуларыңа тілеулемспін. Осы жерде сейлесіп, рақайласып кіріндер де, құрметті қонағым болындар! – деп тастап, үйге беттегенімде сырт бұрылып, сарт-сұрт баса жөнелді Үсен. Талай офицерді осындай «қаһарлы маршқа» жүргізген Әлияға жұмыния қарап етіп едім, Үсеннің әлгі рақымсыз әшкерелеуін есіме алып, менің алдында сонысымен керекке алғысыз етіп масқаралап кету үшін ғана келгенін түсіндім де, шегіне жете масқараланған Әлияға жаным ашыды. Қайырылып тұра калдым.
- Әлияш, – деп шақырғаныма қарамай бұғып, өкси берді өзі. – Өз үйнан құтырған ит, әрине, солай қабады, – деп дағдай сейледім. – Өзің тапқан дерт болған соң өкінбе де ашынба оған!... Жүр үйге кіре ғой, ән тыңдал қайт!
- Есік алдына шыға келген Мәрияға, «ертіп кел!» дегенді ишараладым да үйге кірдім. Арақ қулошы Өмірбек, мықыл, арақ ішуге қузаушы Сәрсен саясат болып отыр екен. Басқаларына Маужуши үшін де, Шәкен үшін де бір-бір рет көтертіп алған сиякты өзі. Шәкенді көндіре алмағанын айттып сайрай жөнелді:
- Міне өзі келді ғой, төрелігін Биғаш айтын енді. Шәкен жолдаспен бұрыннан таныс болсақ та бірінші рет дастарқандас болып отырыптыз. Ұлы әншіміздің өз денсаулығы үшін көтерген тостымызға мүлде баспай қойғанын кішпейілдігіне сындырып, өзіміз орындан салып едік. Міне «Маужушидің денсаулығы үшін» ұсынған тостымызға да қарамай отыр. Біз ғой алып қойдық. Дастанқан иесі, енді өзің айтшы!
- Сіздер келгенде көтеріп тұрған тосты сол көсемнің денсаулығы үшін болатын. Енді Бейжинге барып, сол кісіге ән салып беруі үшін тамағын сактауы қажет кой. Сондықтан Шәкенді араққа енді

кузауымыз, саяси қылмысқа сайды. Оған ішкізбелік! – деп саяси дауды тоқтаттым да басқасының стакандарына толтыра құйғызып, тын тостка шақырдым. – Қане достар мына тосты компартияның денсаулығы үшін көтерді!

Бұған келгенде Сәрсен стаканының өзін жұтып жібере жазда-ды, тағы құйғызып, тағы көтерттім:

– Енді Люшяучи Пұжушидің денсаулығы үшін! – Бұл тост та жылымай өте шықты. Сәрсеннің саясатынан үстемірек саясат шығармай сасқалактан құтылмайтындымызды тағы ескердім: «енди Жұнлай, Жуде тағы басқа ақсақалдардың денсаулықтары да қам жегізетін денсаулық» екендігін айтқанымда өзі де құлп жіберді.

– Дем алып ап ішерміз, ән тындалық! – десті көпшілік. Шәкен орнынан тұрып барып, ілулі тұрган домбыраны алып, шертіп көрді де, өзіме ұсынды.

– Олай болса, уағда бойынша алдымен ауылдың әуснін естілік!... Әлгі Мәрияшың қайда?

– Қазір келеді. Мен орынданай берейін!

Ақан серінің «Сырымбетіне» қалқыта жөнеліп едім, төмен басталып қалыпты. Мәрия келіп қосыла кетті де, екі еселей көтермелеп шырқата жөнелді.

– Әп бәле, – деп қалды Шәкен Қиялзатқа қарап. – Гашық болса, осылай болсын!... Енді сендім!

«Ауылым көшіп барады құз басына,

Ерімейтін мәңгілік мұз қасына.

Қайда, қайда барасың мені тастан,

Қызыл жаулық жамылыштың қыр басынан!» – деген шумакқа келгенде осы мұнға бар ықыласым ауып, бар даусыммен өзім де көтере жөнеліппін. Қызыл жаулық жамылған Нұрияшым артына жалт қайырылғандай елестеді де, аялы көзінен тұп-тұнық жасын төгіп-төгіп жібере жөнелгендей көрінді, көзім буалдырланып, жасқа то-лып алғанын ән аяқтағанда білдім де сырт айнала ыршытып, қол орамалмен сүрте салдым. Қарсы үйдегі қыз-келіншектер орындық әкеліп, қатар тізіле отырған екен. Маған қарасып қалыпты. Орта шенінде отырған Әлия ғана қызара құсырылып, төмен қарап отыр.

Мәрия екеумізге алма кезек қарай берді Шәкен. Бағанағы қалжынымызды енді мүлде шынға балап сенгендей, Қиялзатқа да көз қырымен қарап қояды. Мәрияның енді ақталғысы келгендей, күле берді.

– Өзім айтқан әнге осылай өзім жылайтын ынжықтығым бар!  
– деп жымидым мен. Басқа тыңдаушылар күліп жіберді де, Шәкен басқа пәтүа айтты:

– Эн құдіреті дауыста емес, жүректе. Жүрекке сіңіре, жүрекпен тебіренте айтқан ән ғана жақсы шығады. Эн мәніне солай беріліп айтқан әншінің өзіне де қатты әсер етеді. Биғабілді да сондай әсер биледі. Тамаша айтты! Эн салғанын да, әнші екенінде көргенім осы!

– Ал енді өзің айтши! – деді Мәулен. Шәкен Мәрия екеумізге тағы да кезек қарап койып, «Лайлім шырақты» бастады. Бар кінәні Лайлімге артып, ішкі ауыр күйініш-өкінішін ойнақы сазбен женел ғана ақтаратын тым нәзік күрсіністік әні еді бұл. Шәкен әннің сол мәнін жетілдіре айқындан шығарды. Шегіне жете бұралған скрипка сымындей, енді бұралса үзіліп кетердей ышқынған өткір күйініш мотивінен өлең сөзіне аса шебер қанат бітіп, тыңдаушылардың жүргегін іліп-іліп ала жөнелгендей сезілді. Қыз-келіншектердің жасыра күрсініп тыңдағандықтарын кекіректерінің көтеріліп түсулерінен байқап отырды.

Сәрсен саясаттың кузаямын жігіттер тағы да стакан көтеріскен соң, Шәкен «Қорланға» шырқады. Сұлу Қорланның жер бетінен «табылмайтынына» сипаты көп сияқты, жоғары қарай отырып самғатқан Шәкениң асқақ дауысы аспанды шарлай жөнелді. Қол жетпесі сол арманына өршіл сұлу әнімен жетіп, Қорланның өзін де мұратына еркін жеткізгендей. Қарсы алдына жаудырап отырған қыздардың қусырылып, төмен қарай берулеріне Өмірбек күліп отыр екен.

«Соншалық биіктегі арман қызда нем бар, осы жердегі қыздарымды жарылқайынышы» дегендей Сәрсен, бүгежектеп жүр. Подноспен ұсынған шарап стакандарын қыз түтіл келіншек те алмай, бас шайқай берді. Есіл-дертері әнде ғана болып, түйлісіп алышты. Сәрсеннің сыйын Әлия ғана қабылдап, қасындағы қызды далдалай бере қағып салды.

– Ишпегендеріне енді сен ұсын! – деп сыйырладым Мәрияға. Ойына әлдене келгендей жымың қаға жеткен жылпос қыз Сәрсеннен подности алды да, қыздардың қарсы алдына тұра қалып күбірлеп ду күлдірді.

– «Биғабілдің көз жасын бірінші рет көргендіктерің үшін алышындар!» деген екен. Стаканды сыңырылы-сырнайлы күлкімен бәрі алыш қағыстырғанда, Сәрсен долығып отыра кетті. Мен әдей толқып түрекеліп, жігіттерге арақ құйдым.

– Жігіттер, сүйінші, көз жасымды қыз-келіншек түгел көретін болды да, тілегімді беретін болды! Осы мол дәулеттепен сендерге де енші берейін алыш жіберіндер! – дегенімде Шәкен де қарқылдай күліп қағыстырыды.

Қалжындар қағысып, күлкілер тоғысып ала жөнелген дуылды Шәкеннің талабы тоқтатты бір шакта.

– Жә, енді кезектесіп орындалық! Мен талап орындаушы ғана болмай, талап етуші де болайын. Қалай дейсіздер?

Бұл әділ талап, еріксіз қабылданса да Мәуленнен басқа ешкайсысы орындаі алмады. Шәкеннің алдында бәрі де тартынып айта алмайтындықтарын білдірісті. Әйелдер жағына көбірек үнілген Шәкен, айтса осы айттар-ау дегендей Әлияны тауып еді, «мен билеп берейін, би күйі шертілсін!» деп күбірледі ол. Істықтамаса да костюмін шешіп қоя салды өзі. Домбыра қыдырып барып тапқан бір жігіт, би күйіне құйқылжытып ала жөнелгендеге дара биге құйқылжып Әлия шыға келді. Мен алғаш көріскендегі зенгір жібек кофта бұрынныдан да жараса түскендей сымбатты мұсін, былтырғы у гүліне теңегенімнен де арырақ жиренішті көрінді көзіме, тіпті жасарып кеткендей, жіңішкере түсken белі талшыбықтай бүралғанда өзі улы жыландаі көрінді. Ал, өзіне таныстыры аз, басқа жігіттердің көзін суырып әкетіп бара жатқандай телміртті сол сиқырлы мұсін. Маған бір қарап қойып өтті де биге Шәкенді тартты.

Жалпылық би басталысымен Әлия Шәкенді тағы да іліп ала жөнеліп еді, сол ілгеннен іле берді де, құйқылжып күле берді. Биге демалыс жариялап, ән мен аракка қайта отырғанда Мәуленді орнынан ығыстырып, Шәкенге тығыла келіп отырып сынғырлады. Онызына Мәрия екеуміз күле беріппіз. «Шәкенге арап ішкізудің бабын осы табады елі!» деп күлді Мәрия. Расында да сыйырлай-сипалай отырып сол тапты; не дегені белгісіз, бір сыйырлағанда «жорғаңыз өте жайлы екен, алсам алайын!» деп қағыстырыған Шәкен, екінші кезекте бір сыйырлағанда «осы тілегіңіз қабыл болу үшін көтерейін!» деп қағыстырыды.

Көпшілік Шәкеннің «Боз жігіт – Жамал» трагедиясында орындаған әндерін айтып беруін өтінді осы кезде. Бір жағында отырған Сәрсен бұл талапқа қарсы ширыға түрегелді:

– Жолдастар, – деді тамағын қырнап жіберіп, – біз осы қашанға шейін жылай бермекпіз. Бағанадан бері тыңдағанымыз мұң мен зардың әні, енді қоялық сол жылауды. Гүңчандан заманы мұндаидай әнмен сыйыспайды. Өйтетіні, гүңчандан мұң емес, бақыт әкелді

бізге. Мұн мен зар көне заманмен бірге кетті. Енді қайталамақ емес! Бақыт пен еңбектің әнін ғана шырқауымыз керек! Бұл заманда кім жыламақ, қане!...

– Сіз жыларсыз! – деп жымыды Шәкен. – Бірақ көпшілік сіз үшін емес, тарихты ұмытпау үшін тілеп отыр гой деймін. Өткенін ескеру, өршелене өрлеу үшін қажет. Басынан кешкенін ұмыту бастан мақұрым адамның ерекшелігі. Ал, сізді бастан мақұрым демек емеспін. Кешірініз, өзінізден сұрап түсінейінші: қашаннан бері гүңчанданышыл болып едіңіз, мұншалық «жаңарғандығыныңдан» хабарсыз екенмін. Әлде 43-44-ші жылдардағы сарала фырқаңыз қызартып кетіп пе еді?!

Көпшілік Шәкеннің әр сөзі сайын күлді де, арты дуға айналды.

Сарғыш көк көзін күлдіруге қаншалық тырысқанымен де күлдіре алмай шекшиліп алған Сәрсен шығып жүре берді. Тағы күлді көпшілік.

Шәкен Боз жігітті жоқтаған досының зарын боздаты жөнелгенде күлкі тына қалып еді. Сол күлкінің жымысы бірте-бірте томсарысқа айналып, күлімдеген көздер бадырая түсті, төмен қарап жұмыла түсті, сонсоң күнгірт жүздерде жарық лампаның нұрымен мөлдіреген жас тамшылары домалай-сырғанай жөнелді. Кей бастар тұқырып, кейі теріс қарап домалатты. Кейбір аппақ тамактар бүлкілдей, кейбір дөңес мұрындар пыс-пыс ете түсті. Казіргі көңіл-күйімізде бұл сәтті әрине мен де тыныш өткізбесем керек.

Ән тоқтаған соң да көпшілік тым-тырыс отырып қалып еді. Әлия «ел неге жылайды» дегендей көзін ақ жібек орамалмен басып алып, катар отырған Шәкеннің қолтығына кіріп бара жатқанын байқағанымда күліп жібердім. Сәрсеннің жаңағы бір сөзі есіме түсе қалды:

– «Бұл заманда менен басқа кім жыламақ!» деп зірк ете түстім. Ду күлді көпшілік қайтадан....

Шәкеннің әні осылай бір күлдіріп, бір жылатып отырғанда дастарқан жаңарып, табак тартылды. Тамактан соң да біраз әндептіп, үйірілсіе билесіп, таңға жақын тарады жастар. Әлия Шәкенді көпшілік иірімінде қанша үйірсе де екпінді ағынмен бұрынырак шығарып экете алмап еді. Қайтқан достарымен қақпа алдында қоштасып бола бергенде ғана қолтығынан тартқандай болды. «Мені шығарып салмайсыз ба» деп күбір ете түсті жекелей бере.

– Енді бұл кісіні! – күліп жіберіпті Мәрия. – Сені біз-ак апа-

рып саламыз! – деді де қолтығынан қысып ала жөнелді. «Жаңа ғашыққа» қайрылып, ашық күрсіне қоштасты Әлия:

– Қайыр уақытша!... Танертең ұзата шығармыз!...

Оңаша үйдің төріне катар жатып ап әңгімелестік Шәкен екеуміз. Арғы-бергі жағынан сұрастыра келе Үрімжідегі Күләннің Шәкенге жиен (әкесінің қарындасының қызы) екендігін білдім. Гоминдаң лайсаңынан бері көрмеген екен. Осы жолы іздел табатындығын айтқанда ыршып тұрып шам жактым да хат жаздым. Ақылбай өлімі туралы 46-шы жылы ұзағынан хат жазып, көңіл айтқанмын. Бұл хатта негізгі бүйімтай, Нұрияштың сүйегін іздестіру жөні болды. Қемілген орнынан дерек табылышымен маған хат жазуын өтініп, адресімді ескерттім.

Шәкенді құн көтеріле аттандырып, мекемеге беттегенімде Әлия қарсы кездесті:

– Үйбай, кетіп қалды ма?! – дей сала, жауабымды күтпей-ақ қайрылып, катарласа қайтты менімен. Басын төмен салып біраз үнсіз келе жатты да ашық күрсініп алып сөйледі. – Барлық мәсселе өзімнен өтті ғой, сізден қалай кешірім алушың жөнін таба алмай жүрмін. Бүтіндей жаңағым келеді. Сіз үшін әрқандайына да сөз бермей айныдым, кешегі жала содан жабылды, қайтсем екен?!

– Екеуміздің арамыздағы мәсселе үшін кешірім сұрасудың жөні жок, біткен ғой!

– Солай болса да... қалай болса да, – деп мекемесінің қақпасынан менімен бірге ете шықты. Жыпылықтата жалғастырды сөзін. – Мейлі жай достық жөнімен болса да сізben тату болғым келеді. Сол үшін қандай шарт қойсаныз да орындар едім!

– Адамгершілік татулық сұрасаң, мен одан безбеймін ғой, ал, сенен сұрайтын бір ғана жайым бар: Мақпалдың әкесінә қай уақытта не деп жаздың? – Бағдарлай қарадым жүзіне. Қызғыш тар-тып кідіре жауп қатты.

– Мен... хат жазғаным жок!... Танымаймын ғой!

– Мақпал туралы сен шағыстырмасаң туған қызына әкесі оншалық тасбауырлық істемеген болар еді!

Әлия басын төмен салып, ойланған бойы қайта жөнелді де, мен өз мекемеме кірдім. Төрдегі әкім кабинетінің алдында екі-үш арызшы сөйлесіп тұр екен.

– Мен осымен 4-ші рет арыз әкеліп тұрмын да, – деп күрсінді бірі. – Қөпе-қөрнеу тұрған ақымды өндіріп әпермейді! Өй, осы әкіміңді сол залымның күйеу баласы ма деймін, тіпті беттер емес!...

Бірі мырс ете түсіп, мыскылдай жауап қатқанда, бөлменің есігіне жетіп, жанқалтамнан кілт іздеғен бейнемен тұра қалды:

– І....ы.. күйеу баласы ма дейсін-ау, мен осыныңды қожайынымның келіні деуге, қолағаштай мұртынан ғана батына алмай жүрмін. Басқа дәлелім толық. Алдына сегіз рет кіріппін, «халық бөліміне апар!», «пәленге апар, түгенге апар» дей сала-ды! Ал, халық бөліміне апарсаң, «әкімнің қиғаш қасы» дей ме, «бұрыштама» дей ме, сол керек деп арызымды алмайды!... Талай күнімді бекер өткіздім. Осы жолы пәлемді бір састыратын арыз әкеліп тұрмын, байдан ақы сұрады деп, әзер болса қамап қойсын!

«Қиғаштама», «бұрыштама» деген атауларды, өзінің «кеlein» дегенін бейнелеу үшін қалай өзгертукеніне күле кірдім бөлмеге. Кешегі тексерген мектебімнің ахуалы жайындағы естеліктерді үлкен дәптерге реттеп қондырып шыға бергенімде, есік әйнегінен көріп отырган Шәкербай шақырды. Қак ортадағы стол үстінен бір аяғын соза тастап, орындық арқалығына сұлаған орынбасар, газетті көзәйнек сыртына тақай оқып жатып, менің кіргенімді көрmedі. Оның жалпак датушесінің<sup>3</sup> сыңар табанынан сақтана өтіп барып, бұрышта сүмірейген бастығымның алдына тұра қалды.

– Өнеу орындықты жақындатып әкеліп отыршы, Бигабіл, бөлме тар болып қалды! – деп тыжырынған бастық, – сені бір істен сақтандыру үшін шақырдым, – деп боз көзін өлеусірете қарап сөйледі. – Есінде болсын, шырағым, тегінде арызшыларға арыз жа-зып, сөз үйретуден сақтандайсың! Қазір түймедейін түйедей қып да-улатын арызшылар көбейіп қалды. Әкімді қайдағы тентек сөзben жәбірлеп, үкімет сенікі емес, менікі дегендей иық көрсететіндер шығып еді, байқасақ, оларды құтырттын бұзыктар бар екен. Үкімет нұқсауына, заңға қарсы сөз үйретіп, ұр да жық арыз жазып беріп, айтактап жүріпті. Үкімет ісіне мұндай бұзғыншылық салу-шылар аяусыз жазаланады. Тегінде ондайларға болысушы болма, тіпті жақын жүрсөн де өзінді шарпып әкетуі мүмкін!...

– Маған осыны ескертіп, жуасытып қоюды әкім сізге тапсырған шығар, рахмет! – деп түрегелдім мен. – Занға кайши келуден сақтану – сақтандыру бәрімізге ортақ қой, пәлеқорлыққа, жалақорлыққа паралыққа, адамды адам езіп-қанауға жалғыз емес, бірлікте қарсы тұралық!»

Осы ұраныммен Шәкербайдың жүргегін болмаса да, танауын қызартқаныма «куанып» шығып едім. Әлгі арызшылар әкім алды-нан тіпті куанып шыққандай көрінді. Бұл жолы «тексеріп көрейік»

<sup>3</sup> Жуан бас ботинка.

депті де арыздарын түгел алып қалыпты. Тексеруге міндettі ешқай орынға қолма-қол жолдай бермей, өзіне алып қалуының, оншалық қуаныш емес екендігін сезгендеймін, жазу үлгісін тексеріп, арыз жазып берушіні таппак сияқты. 47-ші жылы жазда менен Қиялзаттарды «сақтандырған» әдісі бойынша тағы біреуімізді қырына алғаны, Шәкербайдың жаңағы мені «сақтандырганы» сөзінен байқалмады ма! Бірақ, кімді ұстамақ екенін межелей алмай, қызметіме кете бердім.

Ертеңіне Таңтерен Бақай шакыртылып келгенін терезеден көре елнедеп, сыртқа шықтым. Маған кідірмей, көзін қыса амандастып өтіп, әкім кабинетіне беттеді. Сен араласпа деген ишарасы еді. Сонда да ілесе барып, есік ашып кіргіздім. Сәлемге сағыз тәкәппар әкімнің Бақайға женіл де жұмысқа қана амандастып, орындыққа құрметтей шакырғанын естіген соң мектептердегі өз қызметіме кете бердім. Таңтеренгі шабарман арқылы шакыртылуышы Бақай түскі демалыста өз жатағынан табылды. Әкім оған мұртынан күлімсіреп қана он шақты арызды жайып көрсетіп, кім жазғанын сұрапты.

– Мен жазып бердім! – дей беріпті іркілмей. – «Не себепті бұлай жаздың» деп сұрайтын шығарсыз? – деп өзінен сұрапты соңында.

– Жоқ, оны сұрамақ емесспін, шырағым, осы ғана!... Осыларды сенін жазып бергенінді білген соң өзіңе ғана бір кеңес бергім келіп шакырғанмын.... Айтпақтайын біздін қаратқтаға әнеу күні жазылып қалған... «қой аузынан шөп алмас» дей ме, бір екі ауыз сөзің де бар екен гой?

– Ие, бар! – деп жымыпты Бақай. – Бірақ, айтпағым «қой аузынан шөп алмастар» жөнінде емес. «Бөрі аузынан қой алмастар» жөнінде болатын.

– Ие, ие ол да бар. Мен өз басым мұндай сыйқақтарға күліп қана қоя салармын. Бізде қазірше мұндай ахуал жоқ емес қой. Бірақ, бұл үкіметтіміздің саясаты бойынша жүргізіліп жатқан істер болғандықтан, алғандай сөздерің дәлме-дәл үкімет саясатына қадалады. Ал жазған арыздарыңыз да ынғай ұлттық буржуазия мен мал иелерін талатпадың-бұлатпадың дегендей, үкіметті жазғыратын сөздер көп екен. Басың жас қой, шырағым, мұндайдан мұнан соң қатты сақтан! Төңкерістік бірлік сапқа шабуыл жасамау керек!... Мен ғой білмегенінді кешіремін гой. Бақылаушы орындар ести қалса, зор шатқа солышылдық бұл!... Ескертейін дегенім осы, келгеніңе рахмет, шырағым! – деп тоқтаған әкімге Бақай да «жанашырылых» ескертуін айта шығыпты:

— Үкімет саясатында, «төңкерістік бірлік саптағы байлар жалшының еңбек ақысын жей берсін» деген сөз жок шығар. Мұны сіз де ескерерсіз әкім!... Берген кеңесініз үшін сізге де раҳмет!

Әкімнің Бақайды шақыртқандағы сөзі осылай өтіпті. Кешегі Шәкертбайдан ұққанымды мен де айттым Бақайға. Асая жамбасына аларда әкімнің мұрты осылай бүлкілдейтінін ескертпік сактандырып шығып едім. Бірақ Бақайды сол кеште үш-төрт сақшы келіп, қара қақпаға кіргізіп әкеткені ертеңінде естілді. «Ойынбұзар» айыпқа осы адад жұмысшы, өжет ақын ілінгені бетімді ду еткізді. «Төңкеріс жолы бұралаң боладь<sup>4</sup> деген ғой, оқасы жок, босап шығар бір күні деп қолымды сермей салдым.

Әділетті тергеушім, соғып тастауға өзіңіз қысынын таба алмай койған турашыл Бақайды мына төңкерістің келе сала қағып әкетіп, қылмыстыға айналдыра қойғанын көрдіңіз бе. (Колдағы қылмысты болса түрмеленді, түрмеленсе болды түзелді демейміз бе.) Бұранғана жолды төңкеріс мұндай турашыл – ақиқатшыл қылмыскер туғыза алатын болғанда, шіркін, иір-иір жолды төңкеріс қандай камалатты қылмыскер туғызады еken деші!... Түгел осындай қылмыскерге айналғанымызда, коммунизм жәннатына көміле қалатынымызға құмән бар ма!

### III

Бақандай жарым ай қамалып Бақай шықты түрмеден. Әкімді екі еселеп боктай шықты. Абактымен бопсалап кана жуасытып шығармақ екен. «Бірлік сапқа бұзғыншылық салатын арыз жазбауға», «бұзақы өлең шығармауга» тілхат сұраған сақшы тергеушісіне тілхат жазбайтын себебін ғана жазып беріп шықты. «Әкім құйрығы жоғары жақтың бекітуінсіз бекемделмесе керек, бәссе!» деп күлстік.

Жарқырап 50-ші жылдың жазы келді. Менің көзім де тау жаққа қарап, жарқырап жүр еді. Мақпалды іздестірген достарымның ешқайсысы толық дерек таба алмаған. Қыр мектептерінің жылдық сынай уақыты жетісімен жорта жөнелдім. Омарбек мыңбектің ауылы бұрынғы көктеулік жұртында екен. Аңсағаным, сол ауылдың келіні болғандықтан алдымен әрине сонда бармаспын ба. Бірақ, сақтық үшін қоналқыға бір мұғалімнің үйінде болып, ертеңіне сәскеде соны ерте бардым. Омарбек қолбаңдалап, Әлімбай жылмандалап, әрине бұрынғыдан да жақсы күтті. Қожасы

<sup>4</sup> Маусыдуң сөзі.

Әлімбай хатшының спор қолымен арақ құйғызып, «азаттығымыз үшін алып жіберелік!» деп күтті. Бірақ, онысымен күтілгім келмей, «мұны ішпейтінмің» деп кайтардым. Оның есесіне келін-кепшектерін байқастауым қажет қой. Сол мақсатпен түстік жеуге көніп, онысы пысқанша қоныс-қолаңдарымен «ахуалласуға» шықтым. Қасындағы мұғалім сол ауылдың сөз құған шалымен де, құлағы ұзын кемпірімен де, аяғы жеңіл келіншегімен де, алғыр жігіттерімен де орайын тауып сөйлестірді. Әр баппен әр қырға алып байқадым. Бұл, жақын ауылдардың маңын Мақпалдың әлі баспағаны біліне берді, із жоқ. Жаңа бүрлекен жусаниның жағымды іісі де сезілмеді мұрныма. Бозторғай зар шеккендей, шырқап-қалқып, ұғымсыз тілмен жылай-жоқтай былдырлайды. Көк аспан мелмірейіп, нұрлы күн телміріп калғандай. Ауа лебі ішіне тартылып сыйыр-сыйбыр берер емес.

Ішімді кептірген жүрек дертіме бір қойшы келіншегінің тұспалығана шала-шарпы ем айтқандай болды: «Мақпал екеуіңіздің жайынызды естігенбіз. Әліге дейін осы ауылға келін болып бір көрінбеуінен үміттенсөніз болар. Егер ол разылық көрсеткен болса, жер тебініп жүрген мына мықтылар осында отау тігіп алып келуден қорықпас еді. Мақпал сол бөле бауырын өзіне әлі жолатпай, тепкілеп жүрген сияқты» деп күлді келіншек. «Қаймиған аузыңнан айналайын!» деп ішімнен айттым да, сыртыма одан да кенірек тілегімді шығардым:

– Мейлі жолатсын-жолатпасын, өзі тірі табылса екен!  
– Мақпал өлсе ең болмағанда өздерінің ұлы қайтып келмес пе. Және құдалары тым тату, сыйырласып сөйлеседі. Соның тірі болып көнбей жүргеніне өздерінің қапалы екендіктері байқалады. Мақпалдың тірлігінен әсте үміт үзбеніз!...

Сергек сезімталдығы жайнаған көзінен білініп тұратын осы қара келіншектің қара құрым үйінен осындай үміт ұшқының жылтыратып шыққандаймын. Мыңбектің үйіне көнілдірек оралдым. Қайта кіріп отырысымызben қолға су құйғызып, дастанар жасатты. Қонақасыға мал союдан, ысырапқорлықтан сақтану жөнінде ептіғана үтіт-насихат жүре бастаған кез болса да, бізге түстікті мол асыпты. «Төре табақ» деп аталатын үйменің үстіне жамбас пен жая қондырып, әрек қөтеріп тартты Әлімбай.

– «Ет аз, күн жаз» дейді. Ысырап деп мал союға өздеріңіз көнбейсіздер, – деді қожасы. – Аз да болса алыңыздар енді!

– Үкіметтің өз кадрлары жеген ет «ысырап» аталмас деп барымызды койдық әйтеуір! – деп Әлімбай жымиды. Орайы келсе

бұл қу осы қонағасының өзін үлкен мәселеге көтеретіндігін осы сезінен сезіп, мен де жымидым. «Өз құлқыныңды қөздел сен астырдың да, жоғымызды іздестіру үшін біз қөндік» дей жаздадым да күліп жібердім.

– Екі жігіт үшін ғана астырсаңыз мұншалық ет ысырап аталуы да мүмкін! – дедім сонан соң, мұғалім кесуге ынғайлана бергенде жамбас пен жаяны алып, Әлімбайдың өз алдына қойдым. – Мыналарды «артық ысырап» еткелі салдырған – өз қомағайлығыныз. Мына үйме табақ бәрімізге жетеді!

«Артық ысырапты» Әлімбай қайта көтеріп, табаққа қоса қойды да, іркілдеп бізбен бірге күлген мыңбек, ысырап еместігіне қазақ дәстүрімен пәтуа айтты...

Етті бізбен бірге асай отырып күрсінді мыңбек:

– Откен қыс біздің малды тағы да недәуір шығындағы кетті, Биган. Бұрынғыдан емес, азайып қалдық! – деді.

«Көменес партиясы келді. Қаншалық жымиғанымен жиып алмай қоймайды», «қаншалық бай болсаң, соншалық өшігеді» дейтін өсектері бойынша малдарын азайтып жатқаны белгілі еді. Сол сұмдықтарын қыс «апатымен» жасырмақ екенін түсіне жауап қаттым.

– Откен қыс оншалық өктем қыс емес еді. Малыңыз келер қыс қыын деген өсек естіп, корыққандықтарынан сандыққа кіріп кеткен шығар! – дегенімде оның жайын түсінетін мұғалім Ерен күлді де, мыңбек пен хатшы ере күлді. Үкіметтің қазіргі саясатын айқындастырып түсінік қостым сезімे. – Малдарыңызға жақсырақ түсіндіріңіз, мыңбек, «мұнан соң беталды соя бермейміз. Сендер түгіл иелерінді де үкімет әлпештеп отырғанын көрмейтін неткен надансыңдар!» деп өздерін сөле түсіндіріңіз!... Расында да солай, жаңа демократиялық бір дәуір бар алдымында. Ұлттық буржуазия мен мал иелері конпескесіз қорғалады. Маужуши солай нұсқап отырмай ма. Соған сеніңіз! Тек, басқаларды... мұнан соң алда-зорлап қанамасаңыздар болғаны!...

– Ие, дұрыс айтасыз, ұлы көсем Маужушига сенемін ғой, шырағым! Малдың биылғы азаюы конпестен қорқудан емес, қыс қысымынан, сонан соң... мына мыңбек болған соң... қонақ көп болады... ұяласың. Содан болып отыр ғой азаюы!...

– Қонақ пен қыстан дәл сіз зияндалып та көрген емессіз, – деп күлдім мен. – Оған жайылымыңыз бен шабындығыңыздың молдығы кепіл.

Омарбектің тұлқілігінен Әлімбай тұлқілігі ежелден артық

екендігін білетінмін. Бірақ, бұл жолы тіпті ерекше артып кеткені, саясатты менен аса жүйткіткенінен байқалды:

– Ие, Биғаш дұрыс айтады, жеріміз күшті, қыс тіпті коркытып бара жатса, малшыларды қүйлендіре түсуіміз, ынталандыра түсуіміз керек!... Күшті малшылардан мұндай жерде қыс әкете алмайды! – деп бастады да, үкімет саясатына зиянсыз өтірігінен үстемелеп қосып, «байларға шексіз ұжмақ» саясатқа айналдыра – далита соктырды. Бұрын зорекерлік жағынан мыңбекпен тілек мұраты ортақ, оның дырау қамшысы болып келген хатшы енділікте белектеніп ұрымтал жолға түсіп келе жатқан сияқты. «Осы аюды түбінде өзің-ақ шоңқитарсың, тұлқім» деген оймен күле аттаным.

Түс ауган шақ, қоналқыға баар жерім, жау кайынжұрт аулындағы дос Дүйсеннің үйі еді. Бірге жүруін өтінбесем де, жәмпендер маған ілесе аттанды Әлімбай. Жол бойы сөйлеген сезінің бәріне де Маужуши араласып, көзін Маужуши ашқанын, күш жігерінің енді тасығанын тіпті, мына атының қүйі де «быилғана» оңалғанына дейін сейлей жортты.

Макпал маған алғаш көрінген беленге екінтиде шыға келіппіз. Өүелі көзіме жарқ ете түсті де, өртенген жүрттай өшкіндеп жүдеп сала берді, өзі жоқ қой!... Ие, мен бас изей өтер құрметті женешесі де жоғалған!... Қасіретті қос терек пен оның сыртындағы «қасқырлы» шиге мен мұная карадым да, Әлімбай жымындалап күле қарады. Ат басын өр жакқа бұрып, мектепке туралай тарттым.

– Мен мына ауылға қонайын, Биғаш, шақырттың кісілерің болса... өзім хабарласармын!

– Шақырттының шақырылып болған дедім ғой. Осы мектепке ауылдарынан өздері-ақ келеді, қош тұрыңыз!

Сұрқия-сүм сөздерімен жарым күн мезі еткен сапарласыма тіл қатуым осы ғана. Жолымды өрмекшінің нәзік те жиренішті торынан аршығандай, қамшы сабын шайқай жөнелдім.

Бұл ауылдағы жаңа сыйбыстарды Дүйсен ағайдан оңаша сұрап, анықтап тындаамақ едім. Бетегелі женгем шай құя отырып, ағыта жөнелді: жуан кемпір өзіне-өзі құбірлеп, немере қызын қарғай отыратын болыпты. Содан талай өсек тарапты: «Макпал күйеүін ұрып, оның нағашысы ұрысса, қашып кетіпті, қайда кеткенін ешкім білмейді», «Макпал өліпті», «пәле, өлсе әжесі қарғай ма, біреумен кеткені кеткен», «Макпал сол маңдағы бір жігітпен табысып, Үрімжіге кетіпті», «Макпал бір ауылда екі күн тұрса-ақ, үкіметке арыз жазады екен. Сондықтан иендері бір аңшының үйіне апарып

қамап тастапты»... дегендей қауесеттердің бәрін шешен-шежіре женгем жылып-теріп баяндағы да, бір-ақ қортынды шығарды: «Макпал бар, және Биғабілді ұмытып ешкімге кетпейді. Өлу түгіл бір жаққа дерексіз жоғалса да әжесі бұлай қарғамайды. Бұл өздерінің женелісінен дал болып қарғауы. Нұрияшың қайда болса да қатты құресіп жатыр. Қайтсандер де тез тауып, құтқаруларың қажет!» деп бұйыра тоқтатты сөзін.

Дүйсекен екеуміз іздер жер, жүрер жол жайын әңгімелесе бастағанымызда, қазан-ошақ жакта жүрген женгем қайтып кеп кірісе кетті де, жол-жорықты тағы да тартып ала сөйлемді. Макпалды іздеп бір рет барып келген оқымысты «шалынан» оқығаны бойынша қүйінішпен ойлай жүріп, Жеменей картасын тоқып болған сияқты, ортамыздағы аласа столға бормен сызып көрсете түсіндірді. Ерлі-зайыптылар бір-біріне қараса түсіп, еki-үш қарулы жігіт қосып бере алатындықтарын айтып еді, оған мен көнбедім:

— Дабырасыз жіңішке жолмен жүрмей табу киын ғой. Алдымен өзім бір кезіп көрейін!.

Бұл сөз іңірде итпен айтыса келіп Әлімбай кіргенде тоқтап еді. Әдемі мылжың, қағытпа қалжындар онымен бірге кіріпті. Тамақ жесіп болған соң шәйді да бірге ұрттасып, Дүйсекен екеуміз қисайғанда әрең қайтты олар.

Ертеңіне танертең районға қарасты төрт мектептің бастықтары мен ғылыми менгерушілері келіп болысымен жиын аштық. Жылдық сынау комиссиясы құрылды. Емтихан тәртібін шорт-шортынан түсіндіріп макұлдаттым. Әрбір кластың сабактарынан шығарылған сұрауларды район инспекторына беріп, құпия сақтауын тапсыра сала қайттым.

Бұл аудандағы ауыл қулары бірдемеден танарында «астапыралла деңіз» деген сөзді көп қолданушы еді. Жол ортасына енді жақындағанымда сол сөз мені де мойындағы, «астапыралла» дегізді, өткен түндеғана мұдірдің үйінде менімен табақтас болған Әлімбай тал түстеге алдынан шыға келді, қалаға барып қайтып келеді екен. Зәу де болса Досан әкімге әлденені сыйырлап қайтқандай, сезігін секіруінен сөздім: мені әудем жерден тани сала, ат басын күн шығысқа шорт бұрып шапқылай жөнелді. Маған танылмай зытпақ болғаны еді бұл. Оның алдында не сөйлегенімді ойлана жеттім мекемеге.

Әкім менің қайтып келгенімді ертеңіне естіп шақыртты. Олалуга бәлсінестін сәлемімді мен қымбаттата түскенмін. Бұл жолы аманда-спай қарастық. Мен ернімді де жыбырлатпағанымды байқағандай,

аздан соң мұртын жыбырлатып қалды өзі, амандасқаны еді.

– Қашан келдің, Биғабіл, отыр! – деді соңан соң. – Жә, Омарбек районындағы жұмысын бітті ме?... Ал, басқа не жұмыс істедің?

– Мыңбек үйінен тұстік жедім. Шындығында, тұстік жеу үшін емес, тұсірген келінін көрейін деп барғанымын.

– Өзіңнен үлкен адамға қылжақтамай жауап бергенің жөн шығар!

– Қылжақтауға мұрсам жоқ, рас жөнім сол!

– Мал шаруалары жөнінде не түсінік беріп қайттың?

Әкімнің бұл сұрауынан Әлімбайдын бір жаласы мал жөніндегі сөзімнен болғанын түсіне жауап қайырдым:

– «Малымды өткен қыс азайтып кетті» деді мыңбегініз. Мен: «өткен қыс өктем қыс емес еді, келер қыс қатты болады дейтін өсектеріңдізден қорқып, малыңыз сандығыңызға кіріп кеткен шығар» дедім. Социализмнен қорқып, малдарын сандық сомасына...

– «Келер қыс» дегенің үкімет қой, «қатты болады» дегенің, «тартып алады, конпескелейді» дегенің ғой, солай емес пе?

– Тіпті де олай емес, оған да, дәл қазір сізге де өздері шығарған өтірік-өсек екенін айттым ғой! Жаңа демократиялық өтпелі дәуірде жекеменшіктегі малдың да, мал иесінің де қорғалатындығын түсіндірдім. Өз аулының мұғалімі бар қасымда... ол Әлімбай сияқты жалақор емес, қай жерде де дұрысына куә бола алады!

– Ың, ауыл белсендісін жалақорға шығардың ба тағы да!

– Мен шығармай-ақ әлдеқашан өзі-ақ шығып болған. Белсенді боп ешкімнің беліне тіреу бола алмайды ол!

– Демек... Омарбекке «алдағы қыс қатты болады деген өсекпен, малды сандыққа тығып ала қойдыңдар» дедің. Жаңағы өз мәлімдеуің солай ғой?

– Солайырақ.

– Ал, өзің қасыңа ешкімді ертпей, ол ауылды не деп тінгті?

– Тінгпедім! Бұрыннан таныс жалшы үйлерінің жай-куйлерін көре шығуға кіріп сәлемдестім.

– Жә болды. Ондай абыройлы ауылды шарлап, тұрткілеп күдіктендіруің зор қателік болатындығын талай айтқанбыз. Сен бұл жолы одан зорғысын істеп қайттың...

– Не істеппін?!

– Қандай әдемі сөйлесен де әлгі сөзің не? «Алдыларында қатер бар, малдарынды жоғалт, тық!» деген сөз екені расқа шығып отырмай ма!... «Не істеппін» дейсің тағы да! Үкіметке қастық істедің!

— деп ақырандай кідірді де, қайта бәсендеп «жұмсақ» әуенге түсті.  
— Шырағым, дәл казір кері төңкөрістік сөз бұл. Мұнан соң ондай жерде мұндай сөз шығарудан сақтансын деген ниетпен ғана айтқан ақылым!

Бұл сұмның «шырағым» деуі, түрмеге қарай шырқ үйіре жөнелетін амалы екендігін Бақай мәселесінен есіме түсे қалды да, мен де өзінше жымысып, жылы жылым райға келе қалдым. Бірақ, жымығаныммен үскірік сұық, жылымсынғаныммен орқаш-орқаш толқын шықты сөзімнен:

— Мені «шырағым» деп атайды көрмекіз, сізге шырақ болып көргенім жоқ. Мұнан соң да бола алмайтынымды түсінемін. Сақтансын деп айтқаныңызды Бақай да өз аузыңыдан ести салып, түрмеге кірген ғой. Өзім сақтанбасам, бәрібір сақтай қоймайтыныңызды бұрыннан білемін. Әлімбайдан басқа сапсаяу адамдар да естіген бұл жолғы сөзімді кері төңкөріске шығара алмайсыз! Бәрібір оған өзім де шықпай қоямын, дәлелім көп. «Кері төңкөріс» дейтін шоқпар енді маған тимек емес, өз иесін табады! Қолыңыздан келгеннің бәрін істей бер! – деп есікке беттедім.

— Биғабіл, тоқта, сөз сонын күт! – деп әкім қайта тоқтатты. – Тегінде мұндай сөзді мен өз жанынан шығарған деп ойламағаның жөн...

— Ойлағаным жөн! – деп сөзін бөліп жібердім. – Өз жаныңыдан бұдан үлкен де шығатын ғой. Омарбектер жіберген жылан жұмыртқасы Әлімбай арқылы сізге келеді. Сіз оны бауырыңызға басып өсіріп, менің балағынан жүгіртесіз. Мен сол районға шыққан сайын бар жақсы енбегім зая кетіп, жаманға айналып келе жатпай ма!... Қайтып келген сайын тергелемін!

— Соңғы сөзіңнің дұрыс жері де бар-ау! – деген болып, мырс ете түсті әкім.

— Басқы сөзім тіпті дұрыс. Бәрі дұрыс. Мен сізге өтірік айтуға мұқтаж емесспін, әкім. Тегінде олардан гөрі менің сөзімді инабаттырақ деп тыңдауыңыз сізге жөн! Себебі, мен істеп жүрген ісім жөнінен де, ой-сана, тұрмыс-халім жөнінен де компартияны жанымдай сүюге, бар күшіммен қорғауға тиісті кадрмын. Ал, Омарбектер кім! Мұны менің өзім түгіл сіз де іштей жақсы түсінесіз!... Осы үкіметке қастық істейтін мен бе!... Халықтан, қалыс адамдардан сұрап көріңіз!

— Менің біросалжағым бар, шырағым. Нанғышының, кім жылдырақ сөйлесе соның сөзіне ергіштігім бар екен. Ал, ұмытшактықтан қайтадан ойлап көрмей... ұмыт қала береді екен. Сондай себептен бір сыпыра іс өткен болса керек... осы материал туралы да бәрін

де мен жіңішкелеп қайтадан тексеріп көрейін. Қайраты бар жас зиялдысың ғой, көтере тұр менің ауыс-күйісім болса!

«Күйісінді с...» деп шыктым ішімнен. «Нанғыш та, ұмытшақ та емес, нағыз ішмерез ібліссің!»

Ұын умен қайтарғанымнан ба, ушы сәл жетіліңкіремей қалғандығынан ба, иә, «денсаулығым» күштірек екендігін біліп, мықтап шағуға орай күтті ме, немесе, «осы пәлеге енді соқтықпай-ақ қояйын» – деді ме, «казіргі қызмет қажеті үшін сактап түрғысы келді ме, әйтесір, бұл жолғы Әлімбайдан тапқан шырағымы да мені шырмай қоймады. Мектептердегі жылдық сынауга дайындық істей жүріп сапарға дайындалдым. Мал сатушылар көбейген, арзаншылық шақ еді. Биғазының ұтқырлығымен бір жақсы ат сатып алдып, тағы бір мықты аттың жаздық майын алдық. Жылдық сынаудың нәтижесі шығарылып болысымен Шәкербайдан демалыс сұрадым.

– Биғабіл-ау, өзің қалайсың, шырағым? Мекемеде басқа инспектор қалмағанын біле тұрып, демалыс сұрағаның не! – деп қынжылды ол. Бұл сапарым үшін Өмірбек семіз де өзінің «бір жаздық майын берген» болатын. Соны алдына тарта қойдым:

– Менің орныма Өмірбек істей тұрады, өзі разы болған!

Не дерін білмей әкімге жөнелді бастығым. Құныпераң болып ұша жөнелуіне орынбасар бастығым өрт кетті ме дегендей аныра қарап қалып еді. Демалыс сұрағанымды, былтыр жазда да дем алмағандығынан ауырып қалғанымды естіген соң басын шұлғып жіберіп, тағы да өз ханзушасымен саудырлатты:

– Көп болды, сен жалғыз істеді. Жаз болды, сенде қызмет азайды. Дем алған жақсы, мен қосыламын! – дегенін ұқтым. Жарты сағаттан соң Шәкербай біржолата шаршагандай, алқын-жүлкүн ентіге жетті:

– Үйбай, Биғаш-ау мен ұмыта қалыптын ғой, шырағым, жаздық демалыс кезінде мұғалімдер курсы ашылады екен ғой. Сенен басқа лектор да жоқ. Мен де дем алмақ едім, биылша үміт үздік енді рұқсат сұраудан.

– Мен былтыр жазда демалмағандығынан ауырганмын ғой, енді біржолата тесек тартқым келмейді. Және өз орныма өзімдей оқыған сабактасымды қалдырып отырмын. Менің орныма сол өтей тұрады.

– Жоқ, болмайды, Биғабіл, айта көрме оны, сол курсты бастан-ақ басқаруға міндетті өзіңсін. Әкім де, мен де тоқтата алмаймыз бұл курсты. Жоғары жақ тапсырыпты!

– Бұл, жандарыңыздан шыққан «жоғары жақ». Шын болса,

мына орынбасарыңыз да, бас инспектор мен де еститін едік қой. Биыл аудан бойынша қызмет нәтижесі төмен шықкан оқытушы екеу ғана. Оның бірі өздерініздің Мәкен көк көздеріңіз. Ал, сонда да курс ашылатын, оқытушылар білімін асyrатын нұсқау болса, орнымда Өміrbек қалды. Сол міндегінде алды!

– Қалай да рұқсатсыз кеткеніне қосыла алмаймыз!...

Ертеңінегінде Өміrbекті ертіп келіп, инспектор шкафындағы іс қағаз, кітап-кнешке тізімдерді бір-бірден көрсетіп өткізіп беріп жатқанымда, күліп кірген Шәкербайдың танауы қызара қалды. Мен Өміrbектің оң колын көтере күліп тұрып сөйлемді:

– Өміrbек, сен Бигабілдің қызметін ақсатсам аяғым сынын деші Шәкене!

– Ақсатсам, сүйекті аяғым түгіл, сүйексіз аяғым да сынын! – деп Өміrbек мырс-мырс күлді. Шәкербайдың үлкен өлеz көздері от алып, тікіреjе қарады оған.

– Бұл не дегенің?

– Шәке, бұл шындалап ант еткенім ғой. Осының демалысына ең жан жерлерінді де қосып атамасам көнгелі тұрысыз ба! Бұл кедей шолағыңыз жауыр болғалы қашан. Қысы-жазы міністе болғанына бес жыл болыпты. Біраз уақыт демалғызып, бой жаздырмаса бола ма... осының менен парқы мына бурыл бүйра шашы ғана. Басқа жағынан мені қалысады екен деменіз. Рұқсат етсөніз, қызметін уақытша орындал бере аламын!

Шәкербай шыға жөнелді де, әкім кабинетіне тағы кірді. Он шақты минуттан соң нығыздалып, сыз көрсете сөйледі:

– Бигабіл, сенің мына қарбалас уақытта қызмет тастан кеткеніне ешкім рұқсат ете алмайды. Егер осыдан бір мәселе туылса өзің жарап бересің, шырағым, енді менің жұмысым жоқ!

– Мақұл, зансыз-жолсыз мәселе туғызсам өз обалым өзіме!...

Шәкербай шығып кеткен соң, Өміrbекпен қол қысыса қошастым.

– Нұрияшыңды негұрлым тауып қайтуың үшін Mehîr екеуміздің бар тілегіміз жолында. Бірақ, көп кешіксең мыналарың сені бір тықырға тақайтын сияқты! – деп курсіне қошасты Өміrbек.

Бақай екеуміз соның ертеңіне, 6-шы маусым күні ерте екі ат-пен екі коржын азық алып жолға тұстік. 1947-ші жылы Оспан қозғалысында Бикаділдер жаяу асатын Орқашар жолы, Қобыққа ең төте салт ат жолы еді. Емілді өрлеп барып, тау анғарына кіргенімізде күн батып бара жатты. Сонда да едәуір ішкөрілеп, өрлеп барып тұстік. Қалың терек-қайыңды, шалғынды жылға

жағасына ат қантарып, отын жиғанымызша ымырт жабылды. Шатқалдың екі жағындағы занғарларда тұксіп, тас қараңғыға айналды. От жағып, мескейімізге су қайнатып отырганымызда алыстан бажылдай бақырған әлдененің қорқынышты дауысы естілді. Тұсымыздағы құзарлардың жаңғырығуынан жартылай бажыл іспеттес әлгі айқайдын – аюдың ақырғаны екендігін білдік. Бақайдың темір шоқпары мен қанжардан басқа қаруымыз жоқ болатын. Соны ескеріп, бір-бірімізге қарасып қана қойдық.

– Осылышың сұлу табиғаттың анқыған сүйікті демінен қорқынышты сүркей леп те шығатыны өкінішті-ақ! – деп құлді Бақай.

– Сұлудың басынан сұық қатер кеткен бе! – деп мен құрсіндім. Жұығырақ жерден тағы бір аю ақырды. Маңымыздағы тау-тас түгел бажылдап, біріне-бірі жалғаса, құңғрене барып тынды. Отын жиғанда дайындал қойған екі қайың сырғауыл сойылдың екі басын отқа сұғындыра қаладым мен.

– Џай бар қаруымызды отқа тыққаның не?

– Мұндай жауды қаруыңың басын қызартпай қорқыта алмайсың. Женіңдегі темір шоқпарды бүйірінен тұртіп қалғанда құлай салатын көшे сотқары емес бұл!

Екеуміз қатар құлген болсақ та көңілімізге қауіп сезіле бастады. Халық қолынан мылтық кеткен Шың Шысай дәуірінен бері бұл таудың аюы көбейіп алғанын, отпен қорғанбаса қатерлі екенин естігенбіз. Отыны көп жерді таңдал, кешіге келіп түскеніміз содан еді. Екеуміз қайта түрегелдік те ат жайылатын жердің сыртынан да от жақтық. Шатқалдың жоғарғы жағынан алдымен иттің, одан соң адамдардың шуылы естілді бір шакта. Алдымызда таяу жerde ауыл барын сонда білдік те, ауылға аю тигенін естіп елеңдей түстік. Иттің еселеп үргенінен басқа шуыл тез тынды. Шоқ лақтырып жүріп куып жібергенін түсініп, жайлана бастағанымызда аттарымыз құлақ тігіп тықырши бастады.

– Әлгі аю енді бізге келді ме екен?! – дегенімше жиырма шакты метр ғана алдымызға келіп бір үлкен тас гүрс ете түсті. Аттар осқырып шиыршық атты.

– Мына биік жартас үстінен лақтырды, күйреткенше лақтыра береді енді. Кеттік, мін атқа! – деп мен мескейде қайнап тұрған шәйді төге салып жиылдым. Басы жанып шоққа айналған екі сырғауылды екеуміз алып, атқа міне қаштық. Сезімтал жануарлар құйынданда жөнелді. – Ат тізгінін еркіне жібер, жаңағы ауылды өздері табады!

— Япрай, әлден аю куса, алдымыздан айдаһар да шығар маекен! — деп күлді Бақай. Қолымыздағы қайың сойылдың шоктарын жарқылдатып, ат екпінімен лапылдата жеттік ауылға.

Сырт жақтарына әр жерден от жағып, ересектері түгел қой маңында жүрген 3-4 үй екен. Жайлау жүрттарына жете алмайтын болған соң, қос тігіп, бұлар да еріксіз түнепті. Өздеріне серік қорғаушы келгеніне қуанышын айтysса қарсы алды....

Соның ертеңіне екінгіде Қобыққа жетіп, таныс мұғалімнің үйін тауып түстік.

— Бигабілмісің, өй? Құдай айдал келді ме, құйын айдал келді ме?! — деп қарсы алған кунақы жігітке неңің айдағанын айтпай жимып қана амандастып едім. Шәй ішे отырып, сұрастырғанымда Сауырдағы Макпалды торлаушы бүйіні танитындығын білдірді. «Өзі бұрын бандыға байланысқан, барынша сотқар бай еді. Қазір мүйізі ішінде, жуасыған сияқты болып жүр» деп таныстырыды. Мені неңің айдал келгенін арақ іше отырып, үшеуара оңаша сөзге келген соң айта бастадым. Қызыса келе тіпті қилюласып алдық. Бірақ монтаны сотқардың қолына жиен келін түскенін білмейді екен. «Бұл аудан үкіметіне сондай қамаудағы әйелден келген арыз баржоқтығын халық бөлімінен сұрап бере аламысың?» деп сұрадым. Ол ауылдар Алтайдың Жеменей ауданына қарасты екенін айтты. «Арыз жазса Жеменейге жазар» деп тұспалдады да, сонда да ертеңіне таңтерен халық бөліміндегі бір досынан сұрай барып, мұнда ондай арыз тұспегенін біліп келді.

Енді сол ауылға «кіс сездірмейтін жолмен» тездетіп, жеткізіп салуға келісті мұғалім.

Сауыр тауына кіре қайдағы қын қия жолдармен бастап отырып, тықыр ғана өсken күренсе-бетегелі тегіс жонға шығарды. Жорта жөнелдік. Шығыс-солтустікке қарай құлаған бір сай басына ат шалдыруға түсে сейлеп, сапар жоспарын айтты. Осы сайдың аяқ жағында оңаша ғана отыратын үш үйлі туысқан ағасының ауылы бар екен, «тұрағың сол болады» деді ол маған, бұл ауылға бөлелік туыстықпен жайлауга шықкан Бурылтогай аудандық мектептің оқытушысы боласың. Атың Әбділ, ұмытпа!» деп бастап, Әбділ жайлы да, мектебі туралы да түсінік берді. Ағасының үйіне «бөле» болып, недәуір таныстықпен жеттім сөйтіп.

Барып түсісімізбен аға-женгесін жеке шығарып сөйлесіп құлдіріп кірді... Ертеңіне таңтерен Бақай екеуі сол үйде қалды да, ағасының ұлын ертіп, ізделген ауылымға жалғыз кеттім. Тағы екі қырқа асып барып, жыныс шатқалға түстік те күнбатыс жаққа

қайта өрлеп барып, жайдақ сай ішіндегі ақ үйлі ауылға күншығыс жағынан келдік. Былтыр күзде Дүйсен ағай келіп танысқан Қайдар атты қонысының қоңыраша үйі бай үйлерінің алдынғы жағында, қотанның оңтүстік жақ шетінде екен. Мақпалым бірінен жарқ етіп шыға келер ме екен деген дәмемен атты белдеуге асықпай байлап, айылды асықпай босатып, ақ үйлер жакқа қарай-қарай кірдім. Ол жақтан көрінбеген жақсы елес, кірген үйімнен жарқ ете тускендей болды; сырт жақ түркі Макпалға ұқсайтын ақ көйлекті бойжеткен, төрge жана сирмақ салып, төр көрпесін тәптіштеп жая еңкейіп жүр екен. Оң жақтағы өз орнына сол жұмысымен шегініп барып түзеліп қарады маған. Қара торы жүзі тұтас көрініп, Макпал емес екендейі айқындалғанша бар ыстық сәлемімді сол бойжеткенге беріп болыппын. Сәлем алушы кісінің үні арт жағымнан шыкты; естуімдегі үй иесі көсе қара сол (жақ) босағада тұр екен. Жалт қайырылып қол бердім де, өреше жақтан түрегелген толықша қызыл күрең әйелмен амандастым. Ақ көйлек Макпалдікі болмай шыққаннан кейінгі керегім осы әйел еді. Тәуап еткендей иліп амандастым....

Үн де, ажар да сөйлесе келе ашылады. Қасымдағы баланың «Бурылтоғайдан» келген бөле ағасы болатындығыма сендеріп сөйлеп отырғанымда, қыз да ашыла күлімсіреп, маған қарай берді. Сыртқа шығып кетіп, жер ошақ басынан шешесін шақырды бір шакта. Шешесі күбірлесе түсіп кайта кірді де, шәй құя отырып, «шалына» бір жұмыс жайын ескерпті:

— Ей, шал, осындағы өтініңде әкеліп алсаңы, мына бала атымен барып артысып берер!...

Шәй жиырып бола бере шалы түрегеліп, менің серігімді ерте жөнелді.

— Жә, шырағым, «Бурылтоғайданмын» дедің бе? – деп әйел менен қайталай жөн сұрады. Соңсоң оңашада «шыныңа келіп, бүйимтайынды айтып ал» дегені екенин сезіп, мен де сұрау қойдым.

– Жеңеше, былтыр күзде осында Дөрбілжіннен Дүйсен дейтін кісі келді ме?

– Ие, ие, келген. Оны қайдан танисың?

– Мен сол кісінің інісімін.

– Е, е, ол кісі... жоқ іздел жүргенін айтып, маған бір жайларын көп тапсырып кетіп еді... Сонысын білемісін, шырағым?

– Эрине, білемін. Ол кісі екеуміздің жоғымыз бір, – деп жымия күрсіндім мен. Әлде де толықтап-анықтап алып сөйлеспек екенін

түсіндім де, атын атап сөйледім.– Былтыр күз басында Мақпал дейтін аяулы «қарындасымыз» жоғалып, әліге дейін ізін таба алмай жүрмі!

Босаға сүйеніп, сырттан тыңдал тұрған қыз кірді де, құлімсірей келіп отырды қасыма.

– Ағай сіздің атыңыз кім?

– Мұнда келгелі атым Әбділ, өз жерімде Биғабіл едім.

– Бәсе! – деп қыз тәмен қарай беріп күлді.

– Шырағым, қалыңдығың аман-есен... өз қалпында... денсаулығы жақсы! – деп шешесі құрсіне жалғастырды сөзін, – амал қанша, қыстаудан көшіуімізben қайта айрылып қалдық. Қыс бойы бізben бір қыстауда тұрып еді. Көктеуге көшерімізде оның отауын көшірмей еру қалдырған. Ертеңіне басқа біреу түйе экеліп көшіріп әкеткенін артынан естідік. Қайда әкеткені әлі белгісіз.

Тұқырып отырып қалыптын. Бұрқырап шыққан маңдай терімді сұрте бердім. Қыз көз алмай қарап отыр.

– Бөле күйеуімен қалай екен өзі? – деп сұрадым аз кідірістен соң. – Біраз тату тұрған сияқты ма?

– Жоқ, ойбай, қанша телісе де күйеуім деп танымайды онысын, «бауырым» дейді екен. Өзі аса ақылды бала сияқты гой, осындағы нағашы аға-женгелері екеуінің арасына дәнекер болып, талай кіріскең екен. Сөзге ешқайсысын беттептепті. Сонда да екеуін кішкене үйлеріне камап, түнде сыртынан құлыпташ қояды. Алғашқы кезде күйеу «есік аш – есік аш!» деп айқайладап, түн бойы жылап шыққанын естігендер бар! – деп құліп жіберген әйел, аузын қолымен баса қояды. – Астағыпрыалла-астағыпрыалла, не құлетіні бар мұның, ешкімнің басына бермесін!... Мақпалдың бұл қылығына кейде үлкен ақсақал да шыдамай, терезеден ақырып жіберген кездері бар... Басқа түспегір, не қылға істер болғанын естіміз, әйтеуір Мақпалдың көнбейтіндігін біліп болдық. Үлкендерін әдепті сөзбен мойындастып, сөйлестпей тастанады. Ал оның жауы, байдың кіші ұлы Әбене дейтіні. Ол да отызға жақындан қалған. Келіншегі екі баласы бар... Мақпал сол кіріскеңде ғана қатты сейлейді. Кейде аңы тілімен янаттап та қуады екен!...

– Ал енді мен оны қай-қай жерден іздеуім керек?... Былтыр күзде Дүйсен ағай іздел келгенде қайда жасырыпты, соны білесіз бе?

– Мына жақта Сауыр дейтін бектер тау бар. Сондағы Көнбай дейтін інісінің қолына жіберіпті. Ондай туыстары көп мұның. Бәрінің қоныстанған жерлерін әлті шал біледі. Келген соң жазып аларсың, шырағым!...

Бүгін мұнда қонбай қайтатынымды естіген шешесі қызына бір қарап қойып, далаға, ошақ басына кетті. Төмен қарай отырып күрсінген бойжеткен сөйледі енді:

— Ағай, мен қыста Мақпалмен анда-санда дүзде ғана кездесіп, сөйлесіп қалып жүрдім. Оны өз үйінен басқа ешкіммен сөйлестірмейді. Үйінен шығармайды. Дүйсен ағаның келіп қайтқаны менен естіді. Сіздің атыңызды, түріңізді өзі айтып берген, көп жылайды. Қыстаудан біз көшер алдында 5-6 күн бүрін бір кездестік (одан соң мұлде көрістірмей қойды). Ондағы айтқаны былай: «осы жазда Дүйсен аға мен... сіз бірге келетін шығар» деп күлімсіреді. Егер мен тағы да кездесе алмай қалсам, ұмытпай мына сәлемімді айт» –деді сонсоң. – «Мен өзімше уағда бергенмін. Сол анттыны тірі түрғанымда ұмытпаймын!... Үкіметке арыз жазып жатырмын. Бірақ ешқайсысы жетпей, жолда ұсталып қалған сияқты. Осы жақында бір қысынын тапсам тағы жазамын. Қайткенде де бұған адам болмаймын.... Көнгенім жоқ, өлсем де көнбеймін!... Ол да мені ұмытпасын!... Қашан құтылсам, өзіне дереу хат жазамын, тіпті өзім барамын! Сабыр етіп деңсаулығын сактасын!»

Жаңа көріскендіктен тосырқап қысылған бойжеткен Мақпалдың осы сәлемін кідіріп-кідіріп айтып болғанша өзі де терлеп, мені бұлауға салғандай балқытты, Нұрияшымның өз сөзін дәлме-дәл жеткізу жолында қаныштық қиналғаны өткір қара көзін кең аша түйілуінен білініп отырады.

– Рахмет, қарындас! – деп қолын алып, тотықкан сүйір саусақтарын қыса түстім. – Рахмет, көп рахмет!... Бақытты, өмірлі бол!... Ал енді, егер осы сапарымда өзін таба алмай қайтсам, менің мына сәлемімді де бұлжытпай жеткіз. «Мен бұл сапарда таба алmasам да күтемін! «Ақсақ» иә, соқыр болып қалсаң да...» деп өзіне мен де ант бергенмін. Сондағы жүрегім мәңгілік қалпында!»

Қызымен сөйлесіп отырғанымда шешесі есік алдында қазанға от жаға жүріп, бізге қараумен, күлімсіреумен болып жүр еді. Қолын алып сөйлеген сөзім бітісімен үйге кіре күрсініп сөйледі:

– Мениң бұл жалғызыым, Макпалмен кезіккен сайын бір жылап келетін. Өте жақсы көреді, қыстаудан айрылысқалы аузынан тастамайтын болды. «Іздеушісі қашан келер екен!» деп күбірлеп жүруші еді. Жаңа келе жатқаныңда босағадан қарап көріп, «сол сияқты» деп күліп жіберді!

Көзінен тұл-тұнық қос тамшысын ыршытып қалып, бетін баса жөнелді қызы. Макпалдың тірілігін алғаш жеткізген осы

үйге сүйіншілік үшін алып шыккан бір пальтолық сукнаны жол сөмкемнен шығардым да, шешесіне ұсындым.

– Жеңешетай, мынаны қарындасыма пальто тіктіріп беріңізші, ағасының берген сүйіншісі болсын!.... Жеменейге жақындағанда тігінханаға апарып тіктіріңіз.

– Ниетіне раҳмет, шырағым, ырымың қабыл болсын, алайын, алайын!

Жаны нәзік, сұлу сымбатты жас бойжеткеннің аты Гүлсана екен. Биыл өз қыстауындағы мектептен алтыншы класс бітіргенін айтты шешесі.

– Жалғыз дедіңіз бе, олай болса, окудан тіпті де қаға көрменіз, қадамы жеткен жерге дейін оқысын! – дегенімде үй сыртынан тағы да құлімдей кірді Гүлсана.

– Аға, сізді мектеп басқарушысы деп естігенді... Көмегіңіз тисе қайдан болса да оқи берер едім! – деп қолын артына қайырды да, басын бір жақ иығына жыға еркелей қарады.

– Биыл аудандардың бәрінен де 7-ші класс ашылмақ. Орта мектепті егер біз жаққа барып оқығың келсе, көмегімді аямайын!... Негұрлым мына қамаудағы әпекенді ерте барсаң, саған ең кормал пана сол болар еді, – деп жымығанымда шешесі саңғырлап, өзі таза күмістей сыңғырлай құлді.

– Жазда келсе бұлардан мен-ақ алышқашар едім! – деп күлген бойы қайта шықты сыртқа. Ақ үйлерден тыңшы келіп қалуынан сақтандып, күзette жүргені екен. Әлпештеуде ескен ерке қызың естілігі де, ер көңілділігі де жетерлік екенін байқап, басымды изеп-изеп қалдым. Шешесі құрсіне ойланып, мына қалыпта Макпалдың құтылуы қын екендігін, бұл аудан үкіметіне арыз жазғанымен ба-тыл көмек тимейтіндігін айтты.

– Ағай, Сарсұмбеде достарыңыздан ешкім бар ма еді? – деп есіктен басын сұға кубірлеп сұрады Гүлсана. Менен Ынтықбайдың аты-жөнін естіді де, – қызмет жайын толықтап жазып қойыңызы! – деп басын тағы сұқты. – Оған өзіңіз де хат жазып, Макпал тура-лы мықтап тапсырыныз!... Өз үйіндің тұрған жерін де аныктап жазыңыз!

Сөйтіп, әр жайды бір сұрап жаздырып тұрғанында отыншы-лар қайтып келді. Асылған түстікті жеп болғанша күн екіншіге енкейіпти. Макпалды ендігі іздеуге тиісті жерлерімнің барлығын Қайдардан егжей-тегжаймен сұрап, жазып ала қайттым.

Алғашқы табысымы Бақай да, дос мұғалім де разы болды. Бірақ іздейтін жеріміз бір-бірінен аса шалғай, басатын жерлеріміз көп

екен. Ертеңіне Қобық мұғаліміне раҳметті жаудыра айырылысып, Бақай екеуміз Жеменей қалашығына кеттік. Көп сабактастың бірі ол жерден де табылды. Бірақ Жеменей аудандық үкіметтен Мақпал жазған арыз табылмады. Жолдан қағып алып, байға қайтарып тұратын біреуі бар сиякты. Сонан соң-ак тау сағалап, дала шиырлап кезе бердік. Алдымен Сайырдағы Қенбайдың иен жықпышылдағы үш үйін тауып түсіп едік. Інірде әкесі сыртқа шығарып күбірлеген бала жігіт таңертең жок болып шыкты. «Мақпалды жасыруға сол жөнелген-ay!» деп түйілді Бақай. Жоғымызға сол жігітшені қосып іздел кезе бердік, кезе бердік. Жазып алған бар адрестен бір із табылмады. Біз көз жүгіртпеген күистары қалмады.

Шілденің аяқ шенінде жауындарып, малшынып «бөле» аулымызға қайта келдік. Айран-шалабымен өзімізді, жұғымды жайлау жайылымымен атымызды күтті. Біздің қайтып келгенімізді бөле баладан ести шапқылап Гүлсанана жетті бір күні. Азып-тозғанымызды көре сала жылай күліп, ағалай кірді құшағыма. Осы қиналғаныңызды толық айтамын өзіне. Білесіз бе, ол қайраттанып кетеді мұны естісе!... Және ол сіз дегенде қандай деңізші....

— Желекпен журе ме өзі?

— Жок, желең қайда!... Түзге шығарда женгелері әкеліп жапса, лақтырып тастайды екен!... Өзінің жазған бір өлеңі мен сіздің бір өлеңді қосып айтып күбірлей жүреді де, «жок, мен өлмеймін, сені көрмей тіпті де өлмеймін!» деп тауға қарай сөйлеп жібереді. Сол кезде тіпті нұрланаңып кетеді. Кімін түзеп, ұзын бұрымын уысына жиып, күлімдей қарайды жан-жағына! Қандай сұлу деңізші! «Келе алмаса өзім-ак барамын да» деп неше рет айтқан. Ол сізді таппай қоймайды, ондай ақылды қыз көргенім жок. «Күркіреп төнген аюды күле сөйлеп қана жуасытып қайтарады екен!» деп бір кемпір айтып күліп жүрді. Енді сіз бұл жерде көп жүрменіз, байлар сезіп қалса, оқыс қып кетер. Аман-есен қайтып, оны қамсыз күтіңіз!»

Гүлсанана осылай жұбатып қайтып еді. Содан екі күн өткенде әкесі келіп, біреуден естіген көмескі хабарын айтты: «Қызы – күйеу отаспаған соң өз жеріне қайтарып жіберіпті дейді. Мөлшері сіздер келудің алдында ғана сиякты!»

Бақай екеуміз бұл хабарды ести сала қамданып, ертеңінде құзғын сәріде аттандық. Дауылдатып Қобыққа жеттік те, Мақпалдың бұл қайтарылуына сенбей, Ынтықбайға құтқаруды мықтап тапсырып, хат жаздым. «Көрсөң, Нұрияштың дәл өзі екендігіне мойындастың» дегенімде көз жасым да ыршып түсті қағазға. Жаңбырлата жортып, аюлата ығып, Орқашардан түстік.

Бақайды атымен Дөрбілжінге қайтардым да, бөктермен айлана тартып, қайын жүрт жаққа жөнелдім.

Өзім көріп жүрген жайлайуның ауыл сыртындағы белесіне ертеңінде талтусте жетіп едім. Алдынан қайын ата Жұзбек ат-пен шыға келді. Сәлем беріп тұра қалдым алдына. Бұл жолы тыым акжарқын амандастым. Ол да пейілді ахуалдасты. Атымың жараулығы мен жүзімнің тотығуына қарай түсті. Ау жайды байқағандай, «ожол болсын» сұрамады.

– Ағай, Мақпалыңызды аман-есен көріп, көзайым болған шығарсыз? – дегенімде қызының көзіндегі үлкен кекшіл көзі бадырая түсті.

– Қашан келіпті! Биған-ай, ол қайда енді маған, дерегін әлі де таба алмай шешесі зар қағып отыр! – деді де құрсінген болып, атын тебіне жөнелді. Қанатын кере жайған қара құстың қөлеңкесі қарсы алдынан жүйткіп өте шығып еді. Иле шала бір түйдек қара бұлт келіп, күн жүзін қымтай қойды да, басып тұра алмай, ол да жылжып кете берді. Жазық сайдагы жым-жырт ауылға жылжып мен жеттім де, тұра тартып келіп, үлкен үйіне түстім. Сәлеміме шала-шарпы амандаса салып ыңқылдап, дөңбекши түсті жуан кемпір. Кіші уйіндегі үлкен келініне дауыстады.

– Uh-ah-ah-h.., әй, Бижамал, қайдасың, бері кел ойбай!...

Мақпалдың өз шешесі кіріп, маған бар пейілімен еселеп амандасты. Соза құрсініп, дымданған аялы көзін кимешегінің шалғайымен сұртті. Тасырая қалған тажал кемпірге соңан соң қарап еді. Сыр мінез ененің тілдеп жіберуге оқталғанын байқады білем, ақ жузі сәл қызығын тарта жылжып алдына барды. Сермен жіберген саусақ түспалымен жүктен екі жастық алып, басына жастады. Соңан соң саусақ бүйрүғын көрмесе де, үстіне кемпірдің өзінің қаптал күпісін жапты. Күн ыстық болса да басы-көзін мықтап қымтап жатқанына қарап мен жымидым...

Арманды ананың ішінен түйіліп, зәр жұтып жүргенін енді біліппін. Күмісті тегенеге қымыз құйып әкеліп, дастарқанын шағындаған жайды да, екі шыныға қымыз құйды. Өзі де отырып ішті. Көз астымен қарай-қарай отырып егілгенде, мен де тұқырып, ішіп отырган шыныма төгіп-төгіп жіберіп едім. Мұнымды біліп қалған ана өзін-өзі тежей алмай, өкси жөнелді. Күпі астынан жалғыз көзімен сығалап жатқан тажал:

– Ъh-ны-ұh... байың өлді ме ей сенің! – деп қалғанда екеуміз де тыила қалдық.

– Енді соны жүтпақсыз ба! – деді келіні.

– Ойбай-ай, мына бетпак не дейді? – деп басын көтеріп алды да менің бадырая қалған көзіме қарап, сұлық отырып қалды. Алдындағы қымызды жұта салып, «Аллаһуакбар» айттым да, шыға жөнелдім.

Нұрияшымның нұрлы шешесі соңымнан еріп, үй сыртындағы дереге бірге келді.

– Жеменейге барып келдім, – деп күбірледім ат айылын тарта тұрып. – Мақпалды көп іздел таба алmasам да, амандығын толық естіп қайттым. Қамықпаңыз, ол келеді!

– Келсе, өзің қабыл көрсөн... бар батам екеуінің жолында болар еді!

– Бұл жаққа... жасырып әкелсе, естісінізбен дереу мына мектеп бастығына – Дүйсенге хабарлай койыңыз!

– Енді ешкімнен тайынар да, жасырап да жайым жоқ!... Бұл жауыз қанша жиырылса да, өлген айдаңардай көрінеді маған. Өзің де тез-тез хабарласып тұр, қарашығым!..

Атқа ана пейілімен қуаттана қонып, Дүйсенниң үйіне жеттім....

Апайтөс женгем екі биесінің қымызымен төрт-бес күн күтіп, тынықтырып қайтарды. Екі ай бойы сарпылдан жортып, салбырап қайткан жайым бар. Қакпадан көрінісіммен шешем шығып, құле қарсы алды: «О, құлымым-ау! Аман қайттың ба, эйтеуір? Не қылы қастыққа ұшырады деп өзің кеткелі зәрем қалмады!.. Бақайдан естідім, ұжданы бар бала көрінеді ғой, тірі болса шығар бір жерден!»

Тағы да екі-үш күн дем алып, мекемеге түс жарымдағанда бардым. Баруымнан қайтуым тез болды, Махмұт екеуміздің орнымызға кексесінен жуан екі инспектор тағайындал, орнымызға жалпайтып отырғызып болыпты.

– Қысқартылып қалдың, шырағым, жалғыз сен емес, бүкіл мекеме қызметкерлері ықшамдалып, қысқартылып жатыр. Өзіңнен де болды ғой, өкпелеме! – деп Шәкербай тұқырды.

– Жоқ, Шәке, мен қайтадан ұзара аламын, сіз де өкпелеменіз! – деп құле шығып барып, әкім бөліміне кірдім. Алдындағы қағазын түртпектеп, бас көтермей қойды Досан. Қасақана төр жақтағы орындығына шалқаладым.

– Жай-жапсарды Шәкербайдан ұққан шығарсың? – деп әкімнің мұрты бүлкілдеп қалды бір шақта. – Кадрларды ықшамдау шартына ілініп қалдың, амал қанша!... Және, шырағым, өзің асқан бір қыңыр жігітсің ғой, сонда да эйтеуір неше жыл қызметтес болғаныңа қарап, ол айылтарыңды ашпадық жоғары жаққа.... Фани батырдың

қалай қолға алынғанын естідің бе өзің? Осы жақында Үрімжіге зор жиынға барып қатынасқан еken. Бір әйел өкілді жеке жатақта ұстап алып, қыртып отырганында сақшы кадрлары кіріп, бас салыпты. Ал, сен одан да асып бірлік саптың құрметті өкілдеріне «қызың қайда?!» деп ақыраңдауға дейін жеттің фой!... Тіпті өлмелі қарт шешесін басынуың қаншалық! Қызметтен қысқартылған соң, жығылған үстіне жұдырық болмасын деп мұны жаба салып отырмыз... Ал, өзің қаншалық бұзылғаныңмен де қабілеттің бар жігітсін. Әлде де бір жерден қызмет іздестіріп көрерміз. Тағы да біраз дем ала тұрасын да енді! Қазіршे лаж жок, жогары жақтың бекітуінен етіп кетті, қысқартылып қалдың!

– Жок, әкім, мені қанша шұхиттіктеріңмен де кемі қоймаймын, нанбасаң созып көрші өзің, кедейдің көнбісі емеспін бе, бес құлаш ұзараптың бар әл! – деп шықсам да, ойынбұзар айыпқа тартылғаным қам жеп шықтым. «Төңкеріс жолы бұраң» деген фой, оқасы жок. Компартия бар, тұзетілер деген сенімге кеп те шықтым.

Данышпан тергеушім, даңуисіз<sup>5</sup> бостандықтың диктатура пыشاғы қайраусыз. Кезінде-ақ талай қысқартылған, өрескел ұзын кері төңкеріспі екенмін фой, әлде де біраз тұқылым қалар. Қылмыс деген, ондай тұқыл түгіл титтей оқыра қабыршағынан да өніп-өссе беретін, аса жансебіл батыр емес пе?!

## IV

«Аудандық партком көшіп келді, сүйінші!» деп, кеше Биқаділ айқайлай жеткізіп еді маған. Бүгін Шәкербайға да, әкімге де «ұзарамын» деп буланып шыққаным сол болатын. 1947-ші жылы жаздағы бір «қысқартылғанымда» күшеп «ұзартқан» төңкеріспіл жастар үйімі жоқ. Оның орнына құрылған «Шынжанда тыныштық пен халықшылдықты корғау одағы» халықтық үйім ретінде ғана сақталып отыр. Демек қазір оның мені Доссаннан арашалауға күші жетпек емес. Кадрлары жаңа ғана көшіп келіп, әлі орналасып бола алмай жатса да, партком түсті деген аулаға кіріп бардым. Бұрынғы әскери қамдау мекемесінің қорғаны берік ауласы еді.

Жепанжұн формасында жаздық сары бешпет-сым, күнкағары да шуберек жұқа сары қалпақ киген екі әйел қакпаға беттеп, маған қарсы келе жатыр еken. Шаштары тым қысқа қырқылған, әйел

<sup>5</sup> Даңуи (қытайша) – партия үйімі (компартия комитетінің қысқартылған атауы)

екендіктеріне сену қын көрінді. Аныра қарап өте беріп, шардиған іштеріне көзім түсті. Жалт қайырылып тұрып қалыптын. Ақ жібек көйлек пен бұттымдағы қыры сынбаған қоңыр бастон сымды аула сыйырып жүрген бір жұмысшы аягандай дауыстады:

- Мына шаңда неғып тұрсыз?
- Буаз әскер көргенім осы! – дедім мен. – Япырай екеуі де буаз!

Қарқылдалап күлді жұмысшы.

– Неге күлдің ей, Мұрат? – деді сырт жағымнан біреу. Таныс дауысқа тағы да жалт қайрылдым. Сәрсен саясат, іздел келген парткомының ең төрдегі үйінің есік көзінде тұр! Женін сыбанып, екі балағын түріп алыпты. Аппақ әк бет-аузына дейін шашылған, парткомның кенессін ақтасып жүрген екен. Ашық терезенің бірінен ақсайтан Мұқан көрінді, ол да сондай шып-шыбар.

– Ағарту жолдарынды енді тауыпсындар! – деп ақталып жатқан үш бөлмелі үйге күле кірдім.

– Енді ағарып жындымыз ба, «қызара тұс» десеңші, Биға! – деп Мұқан күлді. Бұл үйлерге қызмет істесіп жатқан тағы 4-5 жігіт бар екен де, солардың ішіндегі ең жаңқүйері осы екеуі ғана сиякты, басқалары ақ балшықпен бұл екеуінше безене қоймапты. «Гүңчандаңға» гоминданды жағайымсытқан дәүірге рахмет!» деген оймен жымысып, жаңа келген партия қызметкерлерін іздедім. Бір үйге шкаф, стол орналастырып жатқан үш еркек жепанжүнмен амандастып қана қайтуыма тұра келді, сөз тыңдауға мұрсалары жоқ екен.

Үйге қайтып барып, бар мұнымды күлкіге айналдыра шешеме шерттім.

– Әдіра қалғылардың әлі де корс етерін қоймауын қарашы! – деп күрсінді шешем. – Енді бұлармен ырылдаспай, әлті шақырған қызметіне – Үрімжіге барып ал, құлным! Әкен айтқандай «аласапыран» шақ қой бұл да. Үкімет жаңарған алғашқы кездे қалалардың осылай құтыратыны бар. Біреуі мүйізіне тағы да іліп әкетіп журмесін!

– Жоқ, апатай, Макпал келгенше тосамын. Және осы жерде істеуге тиісті істерім көп... Компартия келді гой, енді ілдіре қоймаспын, менің де мүйізім өсетін шақ жеткен шығар. Онан да Шәуешекке барып, болған ахуалды түгел мәлімдейін, не дер екен!...

Арызымды сол кеште жаздым да, таңертеніне қатынас пунктінің қара машинасымен Шәуешекке аттандым. Бір сағатта

ғана жетіппін. Аймақтық оку-агарту мекемесіне кіре бергенімде алдынан Нұржан шыға келді. (Баяғыда Шың Шысай Дөрбілжіннен екінші рет ұрлап жүтқан орынбасар әкім Нұржан. Осы аймақ бойынша тірі шықкан ұшеудің бірі еді. Гоминдаңмен жасасқан он бір тармақты бітім бойынша қайтып келіп, аймақтық оку-агарту мекемесінің бас инспекторы болған.) Менің қызметтіммен төте қатысты, жайымды жетік білетіндігі бойынша амандаса салып, қолымнан тарта жөнелді. Бөлмесіне кіргізіп, қатарласа отырды да «қысқартылған» себебімді алдымен өзімнен сұрады, хабардар екен. Доссанмен болған байланысымды басынан бастап едім:

– Жо-жо-жоқ, Бигабіл... бұрынғыңды б-б-білеміз! – деді байырғы әдетімен сыпайы ғана тұтығып сөйлеп. – Дәл о-осы жолғысын айтшы!

– Мен қызмет істеген төрт жыл ішінде қысы-жазы бір күн де (былтырғы науқастануынан басқа күнде) демалған емеспін. Жаздық демалыстарда да тіпті апталық демалыс күндерінде де оқытушы, үгітші, инспектор болып, салпақтай бергенмін. Биыл мектеп оқушылары тарағымен демалыс сұрасам, бермеді. Орныма Өмірбекті қойып, демала шықтым да елу күнде қайтып келдім. Менен табылатын қылмыс осы ғана!

– Ал... бұ-бұдан үлкен... са-саяси жақтан да бастықтарыңың жазған мәліметтері бар екен. О...о... оған не дейсің?

Екі үш жылдан бергі Доссаның мені шакыртып алып, таққан айыптарының бәрін шолып, қысқаша-қысқаша сөйлеп болысыммен «о-осылай ғана гой?... Б-бәсе солай... жұ-жұр енді!» – деді де ерте жөнелді.

Аймақтық оку-агарту мекемесінің орынбасар бастығы Болтайдың бөліміне кірдік. Жаңадан өрлеген жас бастық менің мәселем туралы Нұржанша ағылып алдыма түспеді. Сонынан ерген карттай рай көрсетіп, сағыз сақтықпен кіртік сұрақ қоя берді. Мен туралы сауатында Доссаннан естігени көп сияқты. Ол бастықтың жалалы шағымын бұл бастықтың миынан адалап болғанымша тұскі демалыс уақыты жетті де, түстен кейін қайтып кеп сөйледім. Қойған сұрауларынан жалалы мәлімет тапқан сайын Болтайдың қара қоңыр жузі қызғыш тарта берді. Ақырында діңкелеп тоқтағандай шалқайып ойланып қалды. Саяси мәселеден арылған сияқтымын. Оқу-агарту қызметтіндегі ескілік пен жаңалық жөнінде Нұржан шабуылдай жөнелді осы кезде. Бас инспектор өзінің әр жылдық қызмет естелігін жайып салып сөйледі. Шәкербай, Сәрсен, Арысбектердің Доссанға сүйеніп істеген кедергі,

тосқындық, қастықтарын, төрт-бес жылдан бергі менің сінірген еңбегімді нақтылы болған оқиғалармен дәлелдеп шықты. Тірі айғаққа аудандық оку бөлімінің бұрынғы бастығы Тынысканды тартты. «Япырай, мынау өзі сұмдық қой!» деп басын көтеріп алды Болтай. Орынбасар бастық пен бас инспектор бір-біріне үнсіз қараса қалды соナン соң. Алдарында өздері басып ете алмайтын бір мықты кедергі бар сияқты. Ол, Досанның үлкен тірегі болса керек. Жұздерінен лажсыздықтың ізін байқап қалдым.

– Б-б-бәшекен бар ғой! – деп күбірледі Нұржан. – Ертең қызметке келетін күні.

– Әкімшілік мәселесі ғой, сол кісіге төте жолдауымыз жөн шығар! – деп күбірледен Болтай, маған қарап сөйледі:

– Бигабіл, сен ертең таңертен Башпай үәлидің алдына кір! Мына арызың мен біздің мекеменің пікірі бірігіп, сонда төте бара-ды. Егер келмеген болса, сол кісінің келуін күтуің турал келеді....

Арызым дәл қазір бас уәлисіз шешім таба алмайтындығын осы сөзден түсініп шықтым. Досан туралы арызды аймақтық үкіметте жолдан тосып ала қоятын бір көлденең қырсықтың, эрине, бар болғаны ғой!... Осы жұмысымның жағдайы үшін кешінде Тынысканың үйіне барып қоңдым.

«Қысқартылғанымды» ести сала қызынды ол. Көк көзі ұшқындалап, қара қасты ақсары, сұлу жүзі жана түсті.

– Сен асықпай шәй ішпе бер, мен қызмет бөлмеме кіріп, телефонмен басекеце баяндап келейін. Ертеңгі сейлесуіце оңайлық туылады. Ал, сені өлкелік оку-ағарту менгермесі қызметке шақырғанын да естігенмін. Досан сені 47-ші жылы «Тарбағатай газетіне» бермелей, «көктей ору» әдісін тағы қолданыпты ғой! – деп арқырай күлді Тынысан. – Уәлиге бәрін толығымен жеткіземін!...

Әйеліне ымдай кетуі бойынша қуырылған сәй дөңгелек столға жеткенишпен өзі де қайтып келді. Костюмін шешіп, орындық арқалығына кидіре күлді де, отыра бере күрсінді. Тағы күліп, әйел әкелген орамалмен терін сұртті де, тағы бір күрсініп алып сөйледі. Күлгені, өзі баяндап болғаннан кейінгі Башпайдың жауабы екен:

«Ей, әкенің аузын с... деймін, ей Тынысан, мұндай жетілген қызметкерлерді «қысқарту» дейтін сұмдық қайдан шығыпты ей!» дегенін айтып, қайта бір арқырап алды:

– Сен үшін Башекенден осылай бір тілденіп қайттым. Өзің айтқандай, қайта ұзарасың-ақ. Бірақ енді сол қызметіңде қайта бармай-ақ қой! Осы редакцияға орналасып қал! Егер Үрімжі күшеп

шакыртса, кадрлік қалтаң, біздің колдан жолданғаны жақсы! – деп алып тағы құрсінді. – Сен әнші Шәкеннің жайын естідің бе?

– Өткен қыста Бейжинге кетіп бара жатқанында бір әнгімелесіп едім. Одан бері хабарсызыбын.

– Сөдегей сөзден бірдене айтып па еді сонда?... Жасырмай айта бер!

– Жасыратыны да, ешқандай «сөдегейі де» болған емес, ағай, Сәрсен саясатты келістіріп бір боктағаны ғана бар, ол былай...

– Жоқ, оны қойшы! – деп алып, арақ құйды. Менің бұрынғы шәкірттік әдел сактап тартынуыма болмай зорлап рюмка қағыстырды да, өзі алдымен ішіп алып сейледі:

– Шәкен сол сапарынан қайтып келісімен бір зор шатаққа тап болғанына жарым жылға жақындал қалды. Қазір түрмеде!...

Жай шатақ қана емес, «зор шатақ» естілісімен қолымдағы арақты мен де өңешіме қотара салдым.

– Не шатақ екен ол?

– «Тұрсын – Шәкен шайқасы» деп аталыпты. «Кері төңкерістік үйім құрыпты» десіп жүр. Бұған осындағы казақ орта мектебінің ен белді-беделді мұғалімдері түгел қатынасқан дей ме қалай, бәрі де тергеуде, режимде жүр!

– Мектеп бастығы Тұрсын Жарқынбаев пен Шакен бе сонда, оларды шайқаға үйімдастырған?!

– Солай дейді! – деп құрсінді Тынысқан. – Бірақ, мен өзім сенбеймін. Тұрсынды «Алашордашыл» дейді. Осы Тарбағатайдан оқып, көдеге жараған интеллигенттің барлығының ұстазы. Бір-екі сабакты мен де сол кісіден оқығанмын. Ондай жаман идеясын осындағы жылымда оқып шыққан оқушыларының ешқайсысы білмейді. Кері төңкеріс үйімінің үйімдастырушысы болса, солардың бірі болмаса бірін үтіспі де болмас па!... Біз оның сабакты жақсы игерген окушыларына сүйінгенде айтатын бір ғана сөзін білеміз:

«Қазагымның қара шұнақ баласы-ай!» деп басын сипай өтетін. Мұнысынан алашордашылық емес, білім сүйерлік қана леп сезілетін!... Ал, Шәкенді өзің де білерсің. Осындағы жас қызылдың бірі. Табы анау!...

– Ие, оны «Алашордашыл – ұлттың үйім құрды» десе ұят болар!... Ал, осы «Алашордашылық» деген неменің затымен болмаса да, атымен жойылған қазақ оқығандары аз емес қой. Тұрсынды Совет одағынан қашып өткен оқыған қазақ болғандығы үшін сондай логикаға сыйғызысын-ақ...

– Жоқ, оған да симайды, Биғабіл, кейінгі заманда, – деп Тынысқан

қолындағы рюмкасын столға қоя салды... – Шынжанға кейінгі заманда қашып өткен қазақстандық казактардың оқығандарын «алашордашыл» деген сұлтаумен Шың Шысай құртып болған. Алашордаға титтей қатысы болса, соның қанды торынан сол кезде қара нардай көзге түсіп жүрген қара Тұрсын қалар ма еді. Бұл бір түсінкісіз мәселе болып тұр!

– Қалайда алашорда заманын көрген Тұрсын болған соң ондайға жала жабу оңай фой. Ал, оны ұйықтағанда түсінде де көрмейтін Шәкен қалай ілінбек?

– Оған тонды өзіне лайықтап пішкен көрінеді, – деп Тынысқан тағы бір күліп алып күрсінді. – Бейжинге барғанда гоминдащылардың кері төңкерістік жасырын ұйымымен астасқан-мыс. Содан азып келген соң, Тұрсынның алашордасын қабылдамай ма деседі!

– Астағыпрыалла! – деп қалыппын. – Өз ауылына тірі келген гоминданмен тістескен Шәкен Бейжинде өлген гоминдаң аруағымен сүйіспек пе!

Мені бұрыннан жақсы бағалап келген көне ұстаз, осы сөзіме келгенде тау өзеніндей қүшті күлкісін тағы бір арқыратып жіберіп, арқамнан қақты:

– Мінеки жайқап өтетін өткір логика осылай! Мен де осынын айтқанмын! Бірақ осы жалаға негіз салушы, мектептің өз ішінен шығып отыр, мықтап құрастырыпты.

Өтілген мәселені Тынысқан енді нақтап баяндады:

– Былтыр куз соңында келіп ориаласып болған жепаңжұн полкі 2-3 ай өтісімен осы мектепті сураған екен. Тұрсын Жарқынбаев мектеп қызметкерлерінің жиын талқысына салып, жауап қатынас ретінде соның қаулысын жолдапты: «біріншіден бұл мектеп, бүкіл аймақ бойынша окушылары ең көп, қозғалуы өте ауыр мектеп; екіншіден, аймақ бойынша қазак халқы өздіктерінен талпынып, өздерінің қосқан расходымен, өз еңбегімен бірінші рет әрен ұйымдастып салдырған тарихи мәнді мектебі. Сіздерге әркандай жерден де орын табылады фой. Бұл мектепке колқа салмауларыңызды өтінеміз!» деген сөз бар екен. Жиын ашып, жауап жазуда мектептің ғылыми менгерушісі Шәкен Елубайұлы да, әрине, бар фой. Ал, тұра мінезді дарын иесі Шәкен бар жерде жең ішінен жұдырық түйе жүретін Кәкен де, Бәкен де болмасын ба. Әсіресе уытты жұдырық түйіп жүрген басқаша тұра, басқа мұдделі бір завхоз бар екен. Ол Шәкенге сұлу периодкы әйелінен күмәнданнып, өштесіп жүрген екен.

Шәкен Бейжинге барып қайтқан соң жепаңжұн полкінің екінші реткі талабы және келіпті. Бұл ретте тіпті «мектепті босатыңдар!» дегендей үзілді-кесілді бүйрықты талап қойылыпты: «ол мектеп орны қала шетінде, ауласы кең, қорғаны берік, жауынгерлер машиғына бірден-бір қолайлы даласы бар орын. Полк штабы соған ғана түсуге қаулы етті!» депті. Бұл талапқа бөрі тиғендей шулапты мектеп қызметкерлері. Және жиын ашыпты да, әлгі завхоз шакырылмай-ақ өздігінен және келіп қатынасыпты. «Қызыл шатырлы үйлері тіпті қызықтырады екен» деген сөзді бұл талаптарына қоспаңты ғой!» деп құлғен Шәкеннің желкесінен қыдия тыңдалап отырған екен. Ал басқа мұғалімдер жағынан түскен наразылық пікірлер одан әлде қайда зілді болып шықса керек: «Шың Шысай дәүірінің бастапқы кезінде қазақ-қырғыз мәдени-ағарту үйімі қазақ халқының өз қарожатымен салдырған ең кемелді екі мектептің бірі – Дөрбілжіндегі «қазақ ерлер мектебі» еді. Оны гоминдан сарайқтары келе сала тартып алып, мың шакты окушысын шулатып таратып жіберген. Одан қалған бірі осы мектеп еді. Енді өзіміздің жепаңжұн келе сала мың неше жұз окушымызды шулатса, бұдан тіпті жаман мағына шығады!... Фылым-білімнен мулде артта қалған аз санды үлттың баласы оқымай-ақ қойсын» дейтіндер ғана осылай көзігүі мүмкін ғой. «Халық азаттық армиясы» деп аталған өз армиямыз ондайдан аулақ шығар, ойлап көріңіздер!» деген жауап жазуға келісіпти.

«Өз армиямыз деген сөзді өз сарайқтарымыз деп жазса, мәселе салыстырмалы түрде айқын әсерімен жетер еді!» деп құрсінген Шәкеннің желкесінен завхоз тағы да қыдия тыңдалап жымылыпты. Сол күні түстен кейін полк комиссары келіп, көшуге үгіттегендे, Шәкен бұл сөзін бетпе-бет тағы айтыпты. Комиссар тағы да күшей үгіттепті де, фылыми менгеруші тағы да күшей тойтарыпты:

– «Халыққа дабыра етпей, компартияға, төңкеріс армиясына жаман ат келтірмей жым-жырт қана көшіндер, қала орталығындағы мектепке түсесіндер, біріншіден окушыларға жақын, екіншіден өздеріне де жақын!» деп комиссар жыミғанда, Шәкен ұзағынан шұбырта жымылыпты:

– Окушыларымыздың көбі сахарадан келген, мектеп жатағында жатады. Сіздер тартып әпермек болып отырған бастауыш мектеп кластары жарыммызға да жетпесе, жатақ қайда, бір, інілерін жақын мектебінен күшп, ағалары барып оқымақ емес, екі! Бағанағы қатынаста жазғанымыздай, халықтың қалаулы мектебін гоминдан сарайқтарынша тартып алмақ болсаныздар, халық

сіздерді де «сарайқ» атамай қоймайды, үш! Түкең екеуміз жымжырт кеткенімізben мыналардың қайсысының аузын баса аласыздар, төрт! «Халық азаттық армия», «компартияның армиясы» дейтін қасиетті түсінікке дақ келтіріп, «сарайқ» атала көрменіздер, бес!... Өзіміздің жеке мұлкіміз емес, халық мұлкін халықтан жасырып, тіпті де бере алмаймыз, алты!...

— «Біз халықтың жаңа келген қадірменді туыс қонақтарымыз, қалағанымызды беруге борыштысыздар! — деп комиссар құлгендे:

— «Халықтың қадірменді туыс қонағы да, құрбандағықа бас тіккен қорғаушысы да, халықтың қосқан жерінде жатып, қойған жерінде тұруға борышты! — деп Шәкен құлліпті.

Мұны аударушысынан ұққан комиссар қулкісін тоқтатып, ынырана сөйлеп түрегеліпті:

— Мен қолбасшыларымыздың айт дегенін жеткіздім. Менде басқа сөз жоқ. Қанша жыл қан кешіп, құрбан беріп қиналып келген армияға бұл ауланы тезірек босатып беріңіздер, бәрібір алынады!

— «Қарағым, бастықтарыңыз бұйырған болса, айта бар, ал өзіңіз бұйырсаңыз тыңдай қайт, — деп Тұрсын мұдір насыбай шақшасымен столды тықылдатыпты. — Тәжірибелі үлкен қолбасшы буынсыз жерге пышақ ұрмаса керек қой!... Сіздер орналасуға бұдан да кең аулалы үй көп. Ал, біздің көшіп жүріп мешеу қалған қазақтың мына қарашұнақтары сыйып окуына бұдан басқа үй жоқ!»

— «Дәл бұл мектепті бере алмаймыз!» «Бермейміз!» деп шулай қайтарыпты оқытушылар...

Осының бәрін тыңдал ұғып отырған завхоз, бұйра шашты сұлұына Шәкенді мүлде көрсетпеудің амалын ойластыра отырған екен. Сол күннің ымырты үйрілісімен мектептің тақтай еденінің астына, төбесіндегі шатырына екі-үш жерден тобылғы үйіпті. Астыларына от тұтататын тамызық қойып үлгеріпті де, таң атысымен алқына сөйлеп жетіпті полк штабына: «Шәкен кеше бұл мектепті жепаңжунғе бергенше өртеп жіберемін!» деп еді. Қалжыңға балап жүрсем, өрт қоюға бүгін түнде дайындал қойыпты. Тез жүрініздер! Көріңіздер! Оқушыларының кешкі сабак пысықтауын тексеріп әр күні інірде мектепте жүретін Шәкенге бұдан да жұғымды жойымпаз дала болсын ба, штаб машинасы гүр ете түсіп, сақшыларды дүк көтеріп жетіп барса, «ып-рас»! Мектептің асты-үстіне үш тал сіріңке шағылы ғана қалыпты. Лап еткелі түр екен. Құртушы деп Шәкенді, құтыртушы деп Тұрсынды құрсаурай қойыпты сақшылар. Мектептің екі бастығының халін көріп, үркесе қалған Үркіншіні қоса матапты. Ол мектеп кеңесесінің хатшысы еді. (тергеуішім,

қылмыстан сырт адам қорқа ма, тегі оны «қоркушы» деп қолға алса керек.)

– Міне, бес ай болып қалды, әлі жатыр! – деп күрсіне кілдірді Тынысқан. – Нендей жауап беріп, неғып жатқандықтарынан хабарсызын. Әйттеір іелері шырмалған соң полктың мектеп жөніндегі талабы жым-жырт тоқтап тұр.

Осы оқиғаның ашынышымен жітірмелете екі рюмканы қағып салып, үнсіз отырып қалыптын. Электр шырағы жарқырап тұрса да қарауыта берді көңілім. Сыншы ұстаз сөзін көңілді-қалжынды тақырыпта бұрды. «Е-е,» – деп жымып тыңдағанси отырып, әлгі оқиға туралы сөзге қайта тарттым:

– Ағай, әлгі завхоздың Шәкенмен қастасып жала жауып жүрген себебін тергеуші орынға мәлімдеген ешкім бар ма?

– Завхоздың әйел жайындағы өштігін естігендерден тергеушілерге де, полк штабына да жазып мәлімдегендер бар. Бірақ, бәрін де «әшкерелеушіге шабуыл жасатпаймыз!» деп ақырып қайтарыпты...

Міне, міне, сол қылмыстылардың біреуі келді! – дегеніше, ішкі әйнекті есікті ашып, Куат кірді. Екі езуі екі жакта. Тынысқанға сәлем беріп, қол алыша сала мені бас салды:

– Өй, сенің «қысқарып» келгенінді Нұржан ағайдан кешке жақынғана естідім. Қалай қысқардың, аяқ жағынан ба, басынан ба?

– Тұп-тура ортан белімнен! Бұғанама косып, екі омыртқамды алып тастады! – дегенімде Тынысқан қызара арқырап, татар женгеміз ауыз үйден кісіней күлді. Сөзімді жалғастыра жөнелгенімде күлкілерін кілт тоқтатып тыңдал, қайта күлісті. – Өздерің мектеп бойыниша сыйыра қызылкөтөн болып жатып, бірғана менің қысқарғанымды сұрайтын не күйлерің бар, жығылып жатып қисайғанға күле ме екен!

– Е, шырағым, біздің қысрық сенікіндей емес, кисынды қысрық болып тұр ғой!

– Жә, қалай қисындастып жатыр, соны айтшы, өзің режимнен құтылып келдің бе мұнда?

– Құтылсам, бағана ертерек келмей, түнделетіп жүрем бе, шырағым-ау!... Мектепке біз тұтатады деген өрт, енді өзімізге тұтап барады. Тұрсын мен Шәкеннің қолын құрсаулай салып, Үркінші дейтін шалымызды тергеп еді. Өте қорқақ неме екен. Дірілдеп-қалышылдан: «партия бізді өртейді деп сенсе, өртейтін болғанымыз ғой!» дей салды. Түкен қатты ызаланса керек, бажылдай тойтарды бұл сөзді: «үй, Үркінші-ау, не былжырап тұрсың өзің! «Пар-

тия сенсе» дегениң не айтып тұрған! Сенбесе қолымызды шегелете ме! Өзіміз әрек салған мектебімізді өзіміз өртеп жындымыз ба демеймісің!... Осыған от кете бастағанын көрсем, алдымен өзім барып бас салар едім сол өртті! Мына Шәкен, мына тұрған барлық ғылым сүйер азаматтарымыз тұтас кетер едік сол өртке, өзіміз кетсек те осы мектепті шарпытпауға құрбандық боп үйілер едік кой!... «Өртейтін болғанымызың» не оттап тұрған! – деп ақырғанда желкесінен біреу қойып жіберді де, екі сақшы екі жағынан дедектете жөнелді! – деп Куат бір тыныстады.

– Ал, Үркінші қайтті? – деп қалыптын, естігенше асырып.

– Түкен мен Шәкенді ала жөнелгенде Үркінші өзі ере сөйледі: «партияның сезі – сез, бізде не тұр, полк штабы мектепті ала-мыз дегеннен-ақ ызаланғанымыз рас, қарақтарым!... Төрт баудан екі-үш жерге тобылғы үйгенде рас екен ғой. Көрдің ғой, не дейміз бұған енді!» – деп сыздықтата сылдырап бара жатқанында, онын қолына да құрсау сала койды біреуі! – Осы сезге келгенде қатты құрсінген Куат, шайдан ұрттап-ұрттап алып жалғастырды сезін. «Тегі, Үркіншін мықтап домбытып тергей келе, мойындау жағынан әжетке жарайтын азamat екен» деп құрсаулаған сияқты!... «Мойындағанға кеңпілік» берілетіндігі мен «жайылдық еткенге қатал шара» қолданылатындығын Үркіншінің құлағына айқайлап бара жатқанын естіп едік. Соның артынан іле-шала Сейітбек, Абдолла, Дауітбек атты аға оқытушыларымыз колға алынды да, басқамыз әліге дейін тергеліп келеміз. Барлық қатеріміз қазір сол Үркіншіден болып тұр! Рас-ақ былжырап жатқан сияқты. Әйтеуір «көрі төңкерістік шайка» аталып тұрғанымыз рас.

– Осы Үркіншілеріңдің миында бір ақау бар ма еді? – деп Тынысқан күлді де, – білімдісініп, тым ширақ жүруші еді! – деп Куат жымиды. – Түкенің құрсауланғанын көре сала шашылды да кетті!...

– Парктком кірісіп, әлі анықтар, еш нәрсе етпес! – деп құрсінді Тынысқан. – Бірақ, Шәкен бетің-жүзің демей төтесінен бір-ақ шығатын жігіт еді. Содан шиеленісіп кетпесе бірдеме болар!

– Тұрме біздің мектепке жақын. Торлы терезесінен шырқатқан әнін естігенде, біраз көңілденіп қаламыз!

Куат өзінің ауыр қайғылы әңгімесін доғара салып, мені сөйлестуге кірісті. Мендеңі оқиға одан көңілдірек екенін сезгендей, екі езуін жая тыңдады...

Тынысқан ертеңіне танертең мені газетханага ерте барып, телефонда аймақтық оку-ағарту мекемесіндегі Болтаймен сөйлесті.

Мен туралы тоқ етпе, жақсы түсінік айтып болып тыңдады да, күлісіп алып, разылықпен тоқтатты сөзін.

– Ал, енді бар, Башпай уәлидің өз алдына кір! – деп маган қарады. – Арызыңды да, оку-агарту мекемесінің пікірін де Нұржан әкетіпти. Кеше інірде тілі жететін бір-екі мықтыға Болтай еріп барып айтқан еken Башекене, бар ахуалды жеткізіп болған сияқты. Өзің ол кісінің алдында тым биязы-әдепті болма! – деп Тынысқан күле жалғастырды сөзін. – Тілдей қалса ауыр алмай, қысынын тапсаң өзің де тілдей жауап қайтар! Бәшекен тентек шешендікті сүйеді. Өзіне неғұрлым қысынын тауып тиіссен, солғұрлым жақсы көретін кісі...

Башпайдың мінездемесіне Тынысқаннан қанық боп барсам да, өзін көре ондай бейпіл ауыздыққа қимадым. Толық денелі, ықшам тегістелген дөңгелек қара сақал, қара қасты, ақбөрте келбетті жүзінен де, сынай қараған шаралы қара көзінен де оқыған, зор салмақтың кісісіндей көрінді. Көлдей шалқыған зор байлық, толқытып-шалқытып, айтқаның орындағып, осы келбетке ерікті ауыз, еркін одағай мінез бітірсе таңданатын не бар. Менің ести-ести ең қатты таңданып жүргенім, өзіндей басқа байлардың ешқайсысына бітпеген, біту мүмкін де емес сияқты ойлататын ерекше батыл турашылдығы мен төтенше жомарттығы еді.

«Қазірге дейінгі Марксизмнің таптық сипаттамасына сыймай қалған, әлем бостығында дара тұрған жұмбақ сырлы тұлға»<sup>6</sup> кабинетінде жалғыз отыр еken. Бұрыштағы хатшысынан басқа ешкім жоқ.

– Ассалау мағалайку..м..м! – деп әдейі айқайладай сәлем беріп едім. – Әлікі салем, кел бала, кел! – деп орындық нұсқады. – Е, сәлеммен қорқытатында ерекше шықты ғой даусың, кім едің, шырағым?

– Ерекше қамқор деп біліп, ерекше сыйлағым келген кісіме ерекше сәлем беретін мінезім бар еді. Оның үстіне ерекше жәбір көріп келгендігімнен дауысым тіпті ерекше шықса кешірерсіз! Атым Биғабіл Жаппарұлы, Дөрбілжіннен келдім.

– Е, е, жарайды. Жоғары отыр, жоғары орындыққа! Ие, сені кешеден бері бірнеше қу айтып еді маған. Арызың мен оку-агарту мекемесінің қатынасын мына Бабашқа жаңа оқытып тыңдадым.

<sup>6</sup> Зор байларға тән құлық-сүмдүктан да, зорлық-зомбылықтан да, езу-қанаудан да аулақтығымен беруді ғана біліп, алуды білмейтін сонда да байлығы кемімей келе жатқан Башпайға оку-білім жүртшылығы осылай анықтама жасайтын.

Жә, өзінен бір жайды сұрайын енді, шыныңды айт. Тегінде өтірік әңгіме сұрамаған кезімде өтірік айтып қойсан, менің басымның сакинасы ұстап қалатыны бар. Сол әкенің аузын... дерге соншалық не қылып едің, қане, соны айтшы?!... Бұлдіршіндей жап-жас жігіт көрінесің, соның келініне барып қойдың ба деймін?

– Ол жағынан оншалық сау емеспін, Баш-аға...

Жауабымның бұл бастамасына ұзын бойлы, піste тұмсық, қараторы хатшы қарқылдаپ күліп жіберіп, сөз кірістірді:

– Жоқ, Бигабіл, сенің турашылдығыңнан өткен оқиға көп екен. Олар саған мәселе болып жүқпайды. Естідік. Саған артылған негізгі мәселе саяси жақтан сияқты, Ұәлиге соны айтсаң болып жатыр!

Осы талапка сай, мектеп жөніндегі, тап жөніндегі өтілген оқиғаларды рет-нөмірі бойынша бір-бірден тұжырып сөйлеп бердім. Бәшкең сөз тыңдауға тым байсалды кісі екен, үнсіз тыңдаап отырып, аз ойланып алып сұрады:

– Ие, Досанды саған өшіктірген осылар ма деймін, тегінде тек сере қалғанда өзінен басқадай күнә шықпай ма?

– Шықпайды, Баш-аға, мен де өзімше есеппен істеп келгенмін. Сенімім толық!

– Ей, Бабаш, шақыр анау сартымды!

«Сартым» деп отырғаны өзінің орынбасары, өзбек Фалымжан Ілһамжанов еді. Былтыр күзде Бейжиннен Үрімжіге келген генерал полковник Уаңжыңды қарсы алып алдынан шыққан «беделді» мырзалардың бірі осы «сарт» болатын. Соңда қолбасшыға «сыйлық» деп алтын партсигар ұсынғанында, ол «сыйлық» кабылданбай сындалғанын естігемін. Диодай денесімен, қазандай басымен, келіскең керім сымбатымен сол «сарты» кіріп келді:

– Мені шақырдыңыз ба, тақсыр?

– Ие, шақырды! Ей, сарт, танимысың мына баланы?

Ол кіргенин ізетпен түрекеп түрған маған сондағана қарады. Ерін жыбырлатып амандасқан «сарты», эрине, танымағандай.

– Бұл жолдас басқа ауданнан келген де, танымадым тақсыр! – деді.

– О әкенің аузын с... сарт! – деп Башкең кіжінгеннен бастап, қол қусырып құле берді «сарты». – Досанның шағымын растан, қызметтен қыскартқанды білесің, өзін білмейсің деймін, ей!... Қане көрші, сөйлесіп көрші өзімен, не қылмысы бар екен! Қане?... Әкенің аузын... деймін!.. Иә, білім дәрежесі толмай ма екен, тексеріп көрмеймісің деймін!

– Тақсыр, біз жоғары жақтан сеніммен тағайындалған аудан әкімшілік аппаратының ұйғарымына қол сұқпаймыз ғой, бұған өздері жауапкер!

– Аппаратыңды с...! Тағайындаған сенімдің жер өртесе, сол аппаратың түгел күйіп кетпей ме, ей есек сарт, сен не бітіресін деймін! Оның қасқунемдігін бекіткен сен жарап бермеймісін деймін!... Өздеріңдегі мұндай білімді мұғалім қызметтен қылса, қуышының өзін бас салар едін, үй әкенінің аузын с... қара жүрек сарт деймін! Қазаққа оқыған азамат керек емес пе деймін!... Көр мына арыз бен аймактық оқу-ағарту мекемесінің пікірін!

– Макұл, макұл, көрейін, таксыр! – деп құлғен сарты төменгі орындыққа отыра қалып көріп шықты да, – макұл, макұл, қайтадан тексеріп түзетейін! – дегенге келді.

– Үй, сен керіліп-созылып, опа далабыңды жағынып, таранып болып тексергеніңше мұндай азамат сарылып қарап отырмақ па деймін! Дересу бұйрық жаздыр, қызметтен қыскартылатын ешбір себебі жоқ!

– Тексермей бұйрық жазу бюрократтық болады ғой, тақсыр!

– Қайталап айтайын, дәл әкенінің аузын с... деймін, өйтіп корқытып отырган бұйрығыңдыс... деймін! Бұйрықтан қорыққанша алтын парадан корық деймін!

«Сарты» қызарақтап қысыла күліп ап сөйледі.

– Жерлік орынның қалай босатқандығын анықтамаса болар ма екен? – деп, Бабаш аталған хатшыға қарады. Хатшы тусінік айтты:

– Бұл кісі анықтап болды. Ахуалын білетіндердің кешеден бері бірнешеуінен естіл, қапаланып отыр. 4-5 жылдан бері күшеп енбек сіңірген кедей азаматын қызметтен өштікпен қуа салу, үлкен қателік болады! Ал, мәселе болса, ауданың парткомы қызмет бастаған соң тағы да анықтай жатпай ма! Сол айтылған мәселелері бар болып шыққан күнде де оқу-ағарту мекемесі мұндай қабілетті мұғалімді кумақ емес!

Бәшкең ақыра сөйледі енді:

– Қайта анықтаған күнде де «мәселе» дейтін немелерін До-сан мен сені маңқитпаса мен кепіл деймін! Әкеңнің аузын с...дер деймін!... Дәл осылай жаздыр да маған алыш кел!

«Сарты» уәли столына еңкендең күле жақындалап, менің арызымының шетіне бұрыштама жазды. Бас уәлиге құбірлеп оқып беріп, қол қойдырып ала жөнелді.

– Ей Бабаш, сен де бар деймін хатшы бөліміне, мына сарттың

құйрығы қисық. Қатынасқа ілмекті сөз жаздырып қоймасын, менің сөзімді өзің айтып тұрып жаздыр! – деп хатшысын шығарды да, маған қарады. – Жә, бала, менің алдыма келгенің осы ғана ғой. Әлгі сартты үстемелеп боктай бергеніме қарап, әлде қалай ойларсың деймін. Олай ойласаң сенінде әкенің аузын... бұл сарттың әлгі Досан сияқтылармен тегіннен ым-жымы бір. Мен жоқта талай істі істеп болады. Қалай істегенін білмей де қаласың. Сенің ісінді де осыған жаңсақтатып істетіп жайлады ма еken деймін. Бұйрықты өзі айтып жаздыруға зорлағаным сол. Ал енді барып қызметкер қалпыңа келген сон ойланатын тағы бір ісің бар. Сені Тынысқан газетханага сұрап отыр. Оған не дейсің?

– Баш-аға, мен өз ықтиярым болса оқу-ағарту саласында ғана істегім келеді. Және Дөрбілжіндегі болып жатқан істің жақсысын да, жаманын да білемін. Сәті келгенде мәселенің бәрін ашып тастағым бар. Сол орнымда тұра тұрсам деймін!

– Ондай сенімің болса, макұл сөз! Мен Тынысқанға ұқтыра салармын. Әлгі компартия дейтіндеріміз енді келіп жатыр ғой, оқымысты қулардан естуімше солар қызмет бастағанда әр аудандағы істер тексерілетін көрінеді. «Сәті» дегенің де сонда келіп калар...

Жазылып ашық конвертке салынған қатынасты Бабаш алғып келіп, уәлиге оқып берді:

«Д.А. Әкім мекемесіне!

Инспектор Бигабілді қызметтен қалдырған себептеріңізді аймақтық оқу-ағарту мекемесі тексеріп көріп, наразылық пікір жолдап отыр. Және бізге қабілетті қызметкерді «қысқарту» дейтін ешқандай нұсқау келmedі. Егер мәселе етіліп, тиісті орындар жағынан тексеріліп анықталған соң, аудандық парткомның пікірі бойынша бір жақтылы етілуге тиісті. Қызметтен қалдыруға біз жақтан рұхсат етілмегендігінен хабардар боларсыздар!

Тарбағатай аймақтық әкімшілік мекемесі» – деп таңба басылышты.

– Менің сөзім бойынша неге жазбайды деймін осы әкенің аузын... дер! Ал, бұл да бола тұрсын. Конвертін пешеттеп бер! – деп Бабашқа тапсыра сала маған қарады уәли. – Бала, Бигабілмін дедің бе, осы қатынасты Досанға өзің апарып беріп, қызметіне отыра қал, қынқ етсе маған телефон сок, ұмытпа деймін осыны! Жазылмай қалған сөзімді ол әкенің аузын... ге сонда айтып алайын деймін!

Досанның көп күшенип жүріп әрең тоқыған төрін бір керіліп қана үзіп, «ойынбұзар» айыптан құтылғаныма сеніп қайттым.

Көреген тергеушім, қылмысымның 2-ші томында гоминданды гоминданға қырғызған, тергеушіні тергеушіге тергеткен әзәзіл екендігімді көріп едініз, осы тарауда байлардың қорғаушысын байлардың байына сыйбатқанымды көріп отырсыз. Енді жендеттерді жендеттердің жендетіне жегізгенімді көргіңіз келмейтін шығар. Шындығында сіздердің кезігіп, қылмыскер деп аулайтындарының өздерінізге құдікті-қауіпті бол естілгендер ғой. Тарихтар бойына тап басып ізбасар болып, бабадан атаға, атадан әкеге, әкеден балаға мирас етіп, жұтына кесіп жұтқызып келе жатқан кәнігі жерік астарының – қауіптілердің бастары емес пе еді. Енді міне алдыңызда қауіпті ғана емес, катерлінің өзі тұрғанда қалай сабыр етіп отырсыз! Тұла бойы, ішек-карнымен жүз процент ашыған қылмыс деп бітеу жұта салсаныз, маңдай терінізді бұрқ еткізіп, рахаттандыратындығыма барлық жын-шайтандарым кепіл!

## V

Аймақтық үкімет қатынасына қосымша сол күні түстен кейін оку-агарту мекемесіне де бір конверт ала қайтқанмын. Ертеңінде сағат онда жетіп, Досан әкімнің алдына кіріп бардым. Әкім түксие қарады.

– Рұқсатсыз неге кіресің, Бигабіл сен?

Екі конвертті алдына тастай қайырдым жауабын:

– Осы жолы әкімнің есігін ұрып, басын ауыртпай кіре бер деді ғой!

– Кім? – дей сала аймақтық үкімет конвертін ашып жіберіп, түнере үнілді үлкен таңбалы қағазға. – Бұл не дегені? – деп өзінен өзі күбірлекенде, сол сөзінен екі еселеп жыбырлады мұрты. Жыбырлап барып жиырылып маған қарады. – Сені қабылдаса қуана қарсы аламыз ғой, бірақ осыларда ұғыспастық көп, шырағым, сен ертең бір келіп қайтыс маған.

– Рас, осылардың сіз бен мен туралы ұғыспастығы көп екен. Мен барып айтқанда ұқты! – деп жымидым мен. – Бірақ, сізше «ертең бір келіп қайт» демеді өздері маған, «бар да ісіне отыр!» деді.

– Башекең солай деді ме, отырсан отыра тұр оку бөліміне барып! Шәкербайды шақырып жібер!

– «Отыра тұр» деген жок, «біржолата отыр деймін!» деді.

Күле шығып барып, Шәкербайға әкім шақырғанын айттым. Ол маған бажырая қарап, өтіп бара жатып сұрады:

– Өзің бір жаққа барып қайтқанбысын?

– Сауырға барып қайтқанмын ғой!

Шәкербай барып әкім кабинетіне кіргенде, мен барып оның қарсысындағы хатшы бөліміне кірдім. Құткенім, екі сұмның аймаққа телефонмен сөйлесуін есту еді. Хатшымен қалжыңымыз «қысқару» мен «ұзару» жөнінен екі белен асып, қарқылға айналғанда тірілді әкім телефоны. Досан Башекенің «сартымен» сөйлесті. Алғашында бажалардың бас тынасқанындаған ғана ымыралы үн естіліп еді. Сонынан «ассалау мағалайкум.. мен, мен ғой, Досанмын Бәшеке, Досанмын!» деген әкімнің жалбақтаған итағатты дауысы шыққанда мен де шықтым ауыз бөлмеге. Әкім өз атын атаған соң сөзден қалды. Бәшекенің «автоматы» от бүркіп сақылдалап, мұртты тұқырытып тастағаны байқалды. Шалқалай басып үйге қайттым.

Шәкербай ертеңіне сағат онда мені іздел үйіме келді:

– Ойбай-ау, Бигабіл-ау, бұл жатысың қай жатыс!... Жолдау қағазды өзің әкеліп тастап, мұның не шырағым-ау, жүр, тез киң!  
– Қайда бармақпын?  
– Қайда бармағың не айтып жатқан! Қызметіне, өз қызметіңе орналастың!

– Ўй, одан «қысқартып» едіңдер ғой? Әлгі мұртың көне ме еken оған?

– Көnsіn-көnbesіn, мен өзім шақырып келдім ғой, міне!... Оку-ағарту мекемесі қайта қабылдаған соң, мен өзім шақырып келген соң болмады ма!... Сен қысқарды деп естігелі қақсан едім бәріне. Әйтеуір өзің барысынмен шешіп беріпті ғой!... Рахмет оларға! Бар бетке ұстар инспекторымызды қалдырсаңыздар мектептеріміз түгел ақсайды деп әкімге де зар қақканмын!... Ол қайдан біледі, біздің қызметте қандай рөлін барын!... Білгені сол ғана болған соң қайтпексің сол шалды, қоя сал енді сен де кешіріп!...

– Ие, көпшілік қой десе, сізді де, оны да қоя саламыз ғой, жаңаза шығарып қоюды қосса, оған да бармын! – деп курсіне салдым. Құйрығы ашылып жатқанымен ісі де болмай сылдырайтын осы штансыз алдамақстің бетсіз, құрдым мылжызың қуалай бे-руден зеріккен сияқтымын. «Жаназа» деген сөзіме ғана тойтарыс жасағысы келгендей жалт қараған ол да қуаламай қоя салды. Қоя салмаса, қоясын түсіретінімді біледі еken. Осы жайына «сүйіндім».  
– Жау болса да көріскен-біліскен адам жақсы еken! – деп жыми-дым сонан соң. Оқып жатқан кітаптарымды жиыстырып, турегеле сөйледім. – «Жайы мәлім шошқаның тұрткенінен жасқанба» деп

ұлы Абай, сол «жайы мәлім» жауды «жақсы» көретіндігінен айтқан екен ғой!

– Бигаш, осындаи аңы қағытпаны қоялықшы енді, жалынайын, әкімге қадамай-ақ қойшы енді мұндан сөзді! – деді Шәкербай. Тыңдай күлімсіреп отырған шешемнің алдында, соңғы осы сөзімен де қылмыстан өзін арашалап, «Досаннан болды» деген мағына білдірді.

– Жоқ, бұл әкімге ғана емес... Абай Досанды ғана көздеңен дейсіз бе, – деп күле ердім сонынан.

– Шырактарым, бұл бала қызметінен осымен екі рет қуылды, – деп қалды шешем Шәкербайға. – Нелерінді бұлдіріп қуылатындығын түсінбей-ақ қойдым. Енді қусандар қисынын тауып мықтап қуындаршы, аныктап түсінетін болайык!

– Бигабілдің бұл қулығы өзіне жеңілдік әкелді, апай. Ренжіменіз! Бұл кетті деп орына екі инспектор алғанбыз. Қызметі енді жеңілдейді!

– Е, е, қызметі ауыр деп қуалап па едіңдер, раҳмет ондай жақсылықтарыңа!

Шешемнің бұл сөзіне Бигайша мен кіші жеңгем күліп жібергенде, Шәкербайдың өзі естімегенсіп, жеңіл арбаға секіріп отыра сала божы қакты. Усті-устіне сабалап қақпадан безілдете шықты да, безгелдекше жорғалата жалғастырды сөзін:

– Расында да, енді жеңілдеді қызметің, ханзу мектебін орынбасар бөлім бастығының өзі-ақ басқара береді. Онымен жұмысың болмайды. Ал, аудандық басқа мектептерге де, райондық мектептерге де анау екі семізің жетіп жатыр. Оларды бөлімде отырып қана нұсқап басқара бересің, шырағым, әйтеүір ана жүріс-мына жүріс, ана сөз-мына сөз, әне теріс үгіттедің-міне теріс үгіттедің дейтін қыжыртпа сөздің бәрінен құтылдым дей бер! Айтпақтайын, өзің әлгі келіншегінді таптың ба, таба алмай қайттың ба?

– Енді қартайғанда келіншекті қайтпекпін, оған кінәлі бастықтарымыздың бірінің қызын ала саламындағы! – деп күрсіндім.

Шәкербайдың өзінде қыз жоқ болғандықтан, ол жөнінде менен қауіпсінетінде жоқ еді, қарқылданап күлді бұл сөзіме.

– Бигабіл-ау, «енді қартайғандаң» не, қызың не айтып келе жатқан! Тым шақпасың-ау өзің, бір қырсықсыз сөз шықпайды-ау аузынан! – деп күлкісін тоқтатты да, божы тартып, атын ілбіте аяңдатты. Сөзін «ақылға» аударды енді. – Осының болмаса баға жоқ жақсы жігітсің өзің, өтінгенім осы болсын сенен. Осындаи

шағып алып тулататыныңды қойшы, шырағым!... Осы әкімнің саған өшігүі де ту басында осыдан болыпты. Содан ұстемелеп-ұстемелеп шағып, ушыктыра беріпсін...

— Менің шақпалығым шындық айтудан шығар. Шындықпен сөйлеу деген одан макұрым адамға улы болып сезіледі. Ал, сіз екеуіңіз... Әй, сонын айтпай-ақ қояйыншы, не керек айта беріп! Сіңбейтін жерге сиғендей, балаққа шашырай береді.

— Ие, әкімді енді қажамай-ақ қой, Бигаш! Сыйлағың келмесе де сыйлаған болып, үнсіз жүре берші өзің, оның кемін мен-ақ толыктырып отыратын болайып!... Ал, өзіңде енді бір айтар ағалық ақылым бар. Мен сенен тым болмағанда екі кейлек бұрын тоздырған шығармын. Өмір көрген, тәжірибем бар кісімін ғой.

— Ие, осыныңыздың біраз шындығы бар сөз, айта берініз!

— Сыртынан көріп жүрген шығарсың, бірақ, көңілің басқада болып, оған назар салмаған сияқтысың. Қалындығың қайсы десе, мынау дейтіндей бір сұлу бар осында. Сыры мен сымбаты тең жаралған, мінезі қандай десеңші шіркінің...

— Сілекейімді шұбырта бермей, айтыңызың кім ол?

— Элия бар ғой, Элия сұлу! Осы аудан бойынша ең келісті қыз сол, соны қендерсең әкесімен өзім сөйлесіп, тойынды өзім жасап беремін!

— Е, есімे енді түсті Элия сұлұыңыз, ие солай. Сыры да, мінезі де өзіңізге құйып қойғандай ұқастығы бар, сылдырлы-сынғырлы жақсы қыз! — деп күліп жібердім. — Соның өзіңіз қосымшаға алсаныз, қандай келісер едіңіздер шіркін!

— Қой, беті ашылмаған бала туралы олай қалжындалма, шырағым! Қол жетпейтін перизат ол! Қор де түр, басындағы бар ауруды осымен жазамын әл! Тек өзің мұнан соң әкімге қатқыл сөз шығара көрме! Соның бір досының қызы ғой Элия. Мұнан соң тіпті сол кісінің алдына кірмей-ақ қойшы, ісін болса мен-ақ сөйлесіп беріп тұрайын!...

Бұрынғы орныма сөйтіп үндеңей-ақ келіп отыра қалдым. Бөлім бастығы Шәкербай мен жоқта тағайындаған екі семіз инспекторымен бұрыннан таныс болсам да мені таныстырып, «аймақтан қайта тағайындалған бас инспектор» деп атады. Қызмет белісінде ол екеуі – мектеп шарлаушы, мен – жинаушы, айдаушы болдым, олар әкелген мәліметті тиісті графаларға қондырып алып, сол бойынша нұқсаң қана қос семізді борсаңдатып, жүгіртіп қана отырады екенмін. Бұл мәртебені қамқорларымның маган іске нұқсаушы бол деп бермей, сыртқа шықпаушы бол деп бергені байқалды. Сөйтіп

мектептерде оқу басталысымен екеудін екі жаққа жөнелттім де қырық шақты мектептің тізім-графаларын алдыма ала омпиып отырдым да калдым.

Сол омпиуымнан бір апта өткенде бөлімнің хатшылық қызметіндегі қайқы тұмсық сары қызы алмасып, орнына сүйрік тұмсық дәрі қызы – Элия сұлу келді. Сыртқы есіктен мұләйімсіп тұқыра кірді де, бүйірдегі есіктен маған алтын сырғасын жарқ еткізіп, көзін жалт еткізіп қарап, амандаса барып отырды. Орны орталық бөлменің терезе алды. Менің орныма тұспа-тұс, есік ашық түрғанда көз алдымнан кеттейтін орындықтан романтизм суретшісінің әсіре көркем сыйбасындаі керіле қарады маған. Жарқырауық алқалы топ-тоқ алқымын тіпті ағартып, опалап алыпты. Барлық жағынан да дәл сол алқымындаі ағарып, адаланып кіргендей іспет көрсетіп, ұялғанси күлімсірегені байқалды.

Оның қарсы алдында екеумізге кезек қарап түрған Шәкербай шақырды мені. Жаңа келген хатшымен таныстырмак екен.

– Бұл баланың жазуы әдемі болған соң көмекші хатшылыққа алмастырып әкелдік. Бұрынғы орнында да көмекші хатшылық істейтін. Енді біздің оқу-ағарту қызметіндегі хатшылыққа толық төсөлгөнше саған сүйенеді. Былайша айтқанда, шырағым, сенің көмекші хатшың болып істей тұрады.

– Өз бетімен дербес істеп келе жатқан бұрынғы хатшының да жазуы әйел еді ғой! – деп жымидым мен. – Енді ана қызметтен мына хатшылыққа алмасқаным ба менің?

– Ойбо...й, шырағым-ай, қалайсың өзің, негізгі қызметің бұрынғы бас инспекторлық қой! Ол қызметте де көмекшің көбейді емес пе, мына бала төсөлгөнше хатшылықты да қосымша істей тұрасың деп түрмyn!

– Ал, бұл бала «төсөлген соң» қайтпекпін деп түрмyn мен?

Шәкербай еркінен тыс күліп жіберді де, Элия тұқырып алды.

– Элияш, мұндағы істің жайын үйреніп болған соң ресми хатшы болады. Сен қазірші үйретуші ғанасың!

– Мақұл олай болса, бұрыннан үйреніп қанықкан бала көрінеді ғой, уақытымды көп ұтпас!... Элияш, сіз мұндағы іс қағаздарын, дәптер-кнесшелерді тапсырып алып па едіңіз?

– Жоқ, ертең келіп, бәрімен таныстырып өткізіп бермек! – деп күлімдей қарады Элия.

– Оған дейін кіріс-шығыс, қатынас дәптерлеріне қарап, тіркелу, жазылу тәртібін үйрене отырыныз!

– Тіркей тәртібін білемін!

– Әп бәле, рахмет, Әлияш! Бәсе біледі деймін ғой!... Олай болса, Шәке, бұл хатшыңыздың ендігі үйренетін өзінізде ғана қалды. Бөлім жағынан қай катынасты не деп жаздыратындығыныңды бөлім бастығы өзініз айтып, тапсырып жаздырасыз ғой. Тіпті, инспектордың жаздыруға тиісті катынасы болса да өзініздің бекітіуінізбен хатшыға өзініз арқылы өтіп келе жатпай ма!

– Қалай жазылатын әдісін үйрет деп тұрмын ғой, шырағым саған!

– Не деп жаздыру өз еркінізде, таңбаны қай жерінен бассаңыз да өз еркінізде деп тұрмын ғой, Шәке саған!

Өз орныма жөнеле бердім. Шәкербайдың танауы қызара құлді бұл жолы. Ызасы келсе де лажы қалмаған сияқты.

– Бұл жігітіміз, осындаі қалжыңшыл өзі, – деп күбірледі Әлияға. – Сырын білмеген адам қалжыңын шын екен деп қалады. Солай дегенмен өзі-ақ жәрдемдеседі саған. Білмеген жерінді одан да, менен де сұрап істей бер!

Бастық маган қарап аяңдады сонан соң. Есік жаба кіріп күбірледі:

– Шырағым-ау, өзің қалай жігітсің, осыншалық дәрекі ме едін! Қызметтерің жағынан әдейілеп қисындастырайын десем, осыншалық қашқалақтағаның не!

– Қисындастық келсе маган қыын емес, қионын өзім-ақ таппас па едім, мынауыңызға зәру емеспін. Екеумізді қисындастырамын деген желеумен мені енді хатшылыққа қисындастырамын деп ойлай көрменіз! Мына қырық шақты мектептің оқу ісін жүргізу маган жетіп асып жатыр. Хатшыңызды өзініз басқар, өзініз үйрет! Ал, мектептерге инспектор талабымен шығатын катынас болса, түпнұсқасын өзім-ақ жазып беріп, өзінізге көрсетіп көбейткіземін!

– Болады, болады, солай-ақ үйретіп тұралық! Бірақ шырағым, – деп жымия кідірді Шәкербай. – Осьдан жақсы «хатшы» жоқ екенін түсінерміз әлі. Басқа біреу қағып әкетіп журмесін!

«Талай қағылып болған» дей салудың қажетті-қажетсіздігін ойланып үлгере алмай қалдым. Шәкербай менің бөлмемнің есігін шалқалата ашып тастап кетті де, өз бөлмесіне кіріп Әлияны шақырды. Біраз ғана күбірлесіп, бірнеше газет көтере шыққан сұлуымыз сыландай келіп, бір нұсқасын менің алдыма жымия тастап қайтты. Жүрісі қандай әсем болса, оқыған болып отырған газеттің үстінен маган қарасы да сондай әсем көрінеді екен. Құдай айғақ, тұмсығына жақындаі жайылған газеттің

бетіндегі ірі жазулы тақырыпты да көрмегенін біліп отырмын, маған қарай берді. Мен де қарап қоямын. Ол маған не үшін қарай беретінін өзі біледі. Әлдекашан узіліссе де есек дәменін әлі де үміткерлігімен қарайтын шығар. Ал, менің қарайтыным, жаспын ғой, ол жөнінен мынау дап-дайын сұлу ғой, көзім уақыттық зарурат үшін абайсызда ауып кетеді. Ал, анахиялы сезімнің мұнысынан сырт, әдейілеп қарайтын да себебім бар: «қамқорларымыз» маған осы «қарғамды» не мақсатпен телімек болып әкелгенін білгім келеді. Осының сиқырлы жүзіне көзімді сүріндіріп апарып, мені қылмыс құйына түсіріп айыптамак па?.. Иә, мені осы «асылымен» өздеріне тартып алып, мұритіне айналдырмақ па? – деген оймен де қараймын. Ойлай келгенімде осы екі тұзақтың бірімен шырмамақ, қайсысына түссе түссін, әйтеір түссін дейтін сияқты. Осы наданын оқу бөлімінің ысылған дағдылы хатшысына айырбастап әкеліп, менің алдыма отырғыза қоюындағы бұдан басқадай мақсат болуы мүмкін емес. Бұған, қызметімді мына мұлде ортақтастыруын қосқанда Нұрияшымды іздетпеу, ол туралы шатақ шығартпау мақсаттары әкілікпен байланыстырылған. Түргеліп барып есігімді жауып алып отырдым. Әр күні жауып алып отырсам да, дидарласудың қисынын тауып алып Әлия жүрді. Газет әкеледі, табылса шәй, табылмаса қайнақ су әкеліп қояды. Іс жайын сұрайды. Газеттегі сөздің мағынасын сұрайды. Ондайларымен маған ауыз ашқыза алмай қалғанда кезе жөнеліп барып, қызырма сөз тауып айтып келеді. Сол тапқандарының бірі мені елең еткізді бір күні:

– Аудан бойынша бір үлкен жиын ашылатын болыпты, конференция дей ме, әйтеір, аудандағы қызмет жөнінде халықтан пікір алу жиыны дейді.

– Қай орын үйімдастырып ашады екен оны? – деп жалт қарадым.

– Партияның Сәрсен ағай шығып келеді екен, сол айтты ғой әйтеір. Сайланатын өкілдерді әр орыннан, тіпті райондардан да алдымен әкім мекемесі тізімдеп сайлатып шақырады дейді. Әкім де, Шәкербай аға да біздің орынбасар бөлім бастығы да сонда отыр деген соң кірмей қайтып келдім.

– Партияның өзің не жұмыспен барып едін?

– Мен әр күні бір рет барып, әйелдерінен ханзуша тіл үйреніп жүрмін ғой, – деп Әлия бүріншісінше жыптықтата жөнелді сөзін. – Бүрін, оқып жүргенімде біраз үйренгенмін. Соны айтып едім, әйелдері әр күні бір рет келіп, дәріс алып тұруымды

тапсырған, сол бойынша... барсам-ақ қуанып қолтықтай жөнеледі бір бөлмесіне!

– Ал, мен бір акыл айтайын ба саған?

– Айтшы!

– Айтсам, ол әйелдермен көрісерінде сен де, тым болмағанда қарныңа бір жастық тыға бар, өзіндей болып барсан, тіпті жақсы көреді!

– Қойшы, Биға, қыртпаши! – деп Әлия сырт айланы жүріп кетіп, қайта қайрылды. Құйқылжи күліп сықылық қақты да, күлкісін тез тоқтатып сөйледі. – Сәрсен аға парткомға аударушы болып жур. Ашылатын бұл жиынды басқаруға партком әкімнің өзін бастық қып сайлады деп далбырлап, мені құшактай ала жаздады. Оған Сәрсен аға неге қуанады, білемісіз?

Осы жайды сұраған болып, орындық тартты да, мені лебімен желпігісі келгендей, лып етіп отыра қалды. Мұңқ ете түсті хош иіс. Негұрлым төзірек қууым қажет екендігі сол иісмайымен бірге сезілді өзіме.

– Сен маған сұрау қою үшін алдымен менің жазғытұрым қойған сұрағыма жауап беруін қажет!

– Не сұрап едіңіз, ұмытып қалыптын! – деп Әлия ділгірсі қарады маған. – Құдай ақы, есімде жок!

– Макпалдың үстінен әкесіне не деп жаздың?

– Соны маған айта бермеші, Биға!... Сол неменізді таба салып, маған опасызыңға істегенсіз ғой!

– Одан бұрын істеген сенің опасызыңға азғантай ма еді!... Ал, Макпал не жазып еді саған!... Соған істеген қастығында шынышылдықпен айтпасаң, татулыққа келісе алмаймын дегенмін ғой, сол сөзім сөз!

– Айттым ғой, сізді қимадым, әлі де қимаймын! Сондықтан сіз туралы айттар жерім болса да, ешкімге шағынғым келмей жур, жақсы ойланыңыз, Биға!

«Маған қайта берілмесен, үстіңнен арyz жүргіземін» деген мағынамен арқа тірегі барлығын сездіре көрсеткен бұл сесіне қарсы өзін қорқытатын құбыжықты айқындалап көрсеткім келді:

– Әлі де тоймай шаққың келсе шаға бер, аяма! Бірақ саған “қылмыскер” бірнешеуміз ғой, рет-ретіміз бойынша түгел шағуың шарт! Әкеңнің көрін қазған жалғыз мен ғана ма едім! Бажыраясың ғой өзің, албасты басып ұмытып қалғанин саумысың? – деп күлгенимде сықылықтап ала жөнелді өзі. – Алдымен менен бұрынғыларынды, онан соң мені, онан соң Қасенді, онан соң

Үсенді, Күсенді, Есенді, Әсенді шаға бермеймісің өзді-өз реті бойынша! Өзің шаға алмайтындарынды мен-ақ шағып берейін, алдымен басташы өзің!

– Рас қатты қалжындаиды екенсіз, Бига! – деп тағы сыйылыштап бетін баса күлді Әлия. Бір кезде менің өзіне көрші қонғанымды айтса, көпке ортақ емші болғаны да ашылып қалатындығын енді толық түсінген сияқты. – Маған обал етпеніз, өзіңізден басқа еш қайсысына... қалыңдық болғаным жоқ, Құдай ақы дейін! – деді де бетін сол басқан бойы солқылдан ала жөнелді. Намыстан мұлде азықсырап, мағынасыз жай күлкімен ғана шығып кеткім келді.

– Ахұн демей-ақ кой Құдайды, ахұн десен сарт болып кетеді!

– деген құрғақ қалжынмен орнынан түрегелгенімде, қайта сыйылыштап жалт қарады. Соңшалық солқылдағанда әдемі қөзінен бір тамшы жас шығара алмапты. – Жаңың шықсын! – деп орындық арқалығындағы бешпетімді кие бастадым.

– Отырыңызы, бүтін онаша қалыптыз, айтатыным бар!... Осы сөздің баставында менен не сұрап едіңіз?

– Расынды! –дей салып, орныма қайта отырдым.

– Жас кезде... адам қателеседі екен, Бига... тәуірлеу көрінген жігіттер жалынған соң... соңынан ере беріппін! Бірақ, сіз айтқандағыдай көп емес. Бір-екеуіне ғана ілескенім рас. Жай ғана жүрсем де сіздің көңіліңізді қалтыратын қателік екенін кейін түсіндім. Мұнан соң ондай қателік өткізсем, аяма, өткен істі кешірші!

Алдыңғы екі сөйлемді растығымен айтып қалса да, қайта жалт беріп, дағдылы танымпаздығына баса жыпылықтатты сейтіп.

– Ал, Мақпалды не деп шағыстырдың? – деп сұрадым. Нақтылы білмегім осы мәселе еді. Бұл жолы өз шамасына лайықты логика-мен шықты жауабы:

– Сені Мақпалдан қызғандым дедім ғой, басқаға кетсең де оған жібергім келмеді! Менімен әбден... бірге жүріп, оны менен артық көріп кеттің ғой!... Соған ыза болып, ахуалды әкесіне жазып жібергенім рас! Сен үшін ол бейшараның обалына қалыптын. Артынан естіп жаным ашыды. Бірақ өтер қателік өтіп кетті, қайтемін, кешір мені, бір сен деп қана!...

– Сенің маған істеген опасыздығынды, менен кейінгі азғындықтарынды біле жүріп-ақ, ешқандай өш алу, жүртқа жайып масқаралау инетінде болмаптын ғой! – деп қатты курсіндім.

– Ие, сол жақсылығың да мені өзіңе...

Сыртқы есіктен Ербол кірді. Әлия сөзін тоқтата қойды да, си-

пайызызылып, күле шыкты. Ерболдың әйгілі тұмсығы бүгіле түсті маған қараған шақта. Есік жаба кіріп, отыра күбірледі.

– Мына сиқырды саған не үшін сыйбай қондырып отырганын түсінемісің?

– Түсіндім.

– Жарассаң шіртушің, жараспасаң тұртушің! Әйел емес пе, ендігі мықты жауың осы!

– Дұрыс, екі жақтан бірдей аулау үшін қосып отыр екен. Орта шенмен өте тұратын жол жасайын деп, жуастау рай көрсетіп отырмын!

– Бәсек! – деп қарқылдай күлді де, келген жұмысын баяндаі жөнелді. Ашылғалы тұрған конференция жайын баяндаپ, одақ комитетінің аудандағы жастар мен зиялыштар өкілі етіп мені сайлауға келіскендіктерін айтты.

– Бірақ, бұған партком кіріспейтін сияқты ғой, – дедім мен. – Әлгі сайқалымнан естідім. Барлық тізгінді тағы да Досанға берді деп Сарсен қуанып жүр дейді!

– Тізгінін сулыққа жалғасқан жерінен ғана қызып жіберіп, қосамыз сені! – деп күлді Ербол. – Қуанатындары қуана тұрсын, сол қуантатының мұртын ғана халыққа жұлып әперетініңе сенеміз. Истей аласың ғой соны?!

– Мұртын ғана емес, халық керек етсе мұрнын қоса жұлып әперемін!

– Біз де сол күшіңе сендік. Ал енді сен біздің сайлау жиыннымызға қатынаспай-ақ қой, омырауыңа қызыл лента тағып қолтықтағанымызда бір-ак түрегелетін бол, зорлап сайлаймыз, дайындала бер! Саған қосымша материал беретіндер әлден-ақ шыға бастады. Жүртшылықтың құлағы түрүлі екен!

Ербол осыны айта сала жөнелді. Соның ертеңінен бастап аудандық мектептерді, кала райондарының бөлімшесі одақ үйімдарынан хабарландырушы келе берді. Конференция өкілдігіне бәрі де мені сайлағандықтарын айтысты. Белгілеме бойынша керегі, сайлау жасына толған әр үш жұз адамнан бір өкіл екен. Сайлау орындарының көбі оған әкім мекемесінің белгілелеп берген кандидаттарын алып тастанты. Кейбір мекемелері мен халық жағынан жиынға қойылатын талап, арыз, шағымдар да документтерімен маған келіп жатты. Мұның ішінде байда ақысы кеткен еңбекшілер де, байдан алынған паралар да бар, ти де-ген жеріне тимей қойғандықтан қызметтөн қуылған қыздар да, қызметінен сондай себеппен төмөндөтілген жас көліншектер де

бар. Бұлардың Мақпал сияқты окудан қуылғандарының тізімі өзімде түгел еді. Материалдарым аса айқын деректі дәлелдермен байи тускеніне қуаныш қабылдай бердім.

Бөлмеме кіргендердің сөзін түгел естуге тырысып Әлия жылтынадады. Мақпалдың қазақ қыздар мектебіндегі бас мұғалімі маған келіп сөйлескенде тіпті көп жылтынадады. Құндысінің атын естіп қалған сияқты. Әйелдер ұйымы жағынан сайланған өкілдің бірі осыңғаса екен. Мақпалтуралы мәселені өз сөзіне қосатындығын айтты ол. Кейінгі ахуалы мен қазір қайда тұратындығын менен сұрап жазып алды.

Шәкөрбай мен Сәрсеннің сайлам орындарына шапқылап жүргенін де естідім. Олар сияқты жүйрік болмағанымен, Арысбектің құла жорғасы да қалыса қоймапты. Бірінің сөзін оку-агартуға «уәзір» деп, бірінің сөзін тілмәш көзір деп тындаса, бірін қарт ұстаз деп сыйлайтындар аз емес сияқты. Олар беделі бар сайлаушыларға әкімнің сәлемі ретінде де, дәмдес болған сайлаушыларға өз талаптары ретінде де «мінездес дұрыс» өз адамдарын сайлатуға шапқылайды екен. Ал, менің сайлануыма қарсы пікір айтамын деп өздері қарсылыққа ұшырап шықкан жерлері көбірек естілді. Ондай қарсылыққа ұшырағанда әкім кабинетіне тоқ соққандай ыршып жетіп шағынып, қайта жүгіреді екен.

Жиынның дайындық қызметі үшін Ербол келіп, әкім кабинетінің ауыз бөлмесіне стол құрып еді. Ашық терезелерден соның құлкісі көп естілді маған. Әкім алдында сол жүйріктерінің пәленді сайлап қойды, түгенді сайлап қойды деген шағымдарын естіген сайын құліпті де, әкім қынжылған сайын сақылдапты. «Бұл, мансапқа сайлау емес қой, жүртішілік кімді сайласа да өз пікірімізді жеткізеді деп сенген азаматтарын сайлайтын шығар. Онда не тұр!» деген жұбату сөзін де естідім.

Әлия бұл күні менімен сөйлесе алмаса да ешқайда шықпады. Бастықтардан да, менен де тапсырылған жұмыс жоқ еді. Мына дүрбеленді – дулы күні желекле жаңы қалай шыдап кезбей отырғанынан секем алдым. Маған келіп сөйлескен адамдардың кейбірінің атын шығып кетісімен менен елеусіз ғана сұрап қоюынан тіпті байқалды, столының арғы шетіндегі бір парап қағазға тізімдеп отырған сияқты. Анықтағым келіп, «Әлияш, мұнда келіп қайтшы!» деген өтінішпен шақыра қойдым. Келіп қана қайтуға лып етіп жетіп келгенде сол қағазы орнында қала берді. Орындық нұсқадым да, бір мектептің тізіміндегі белгі қойылған бірнеше оқушыны айырым тізуді тапсырып, қалам-қағаз ұстарттым. Арлы-берлі жүрген болып

барып қарасам, сол күдікті қағазға танертеңнен бері мені іздең келгендер түгел тіzlіліті. Әрқайсысының тұсына естіп қалған сөздерін де жазған көрінеді. «Бигабілдің бүтінгі оңаша сөйлескен кісілері» деген тақырып қойып, алдымен Ерболдан бастаған екен. Үнсіз күрсініп қайта келіп отырдым да, «салак тыңшыға» белгі қойылған окушылардан бірнешеуін өзім айтып, тізімдеп қайтардым.

Менің тұнжыр қабағыма үнсіз қарап қойып отыр еді. Иsten түсердің алдында Шәкербай терлей қайтып келіп бөлмесіне кіргенде сұлуым әлті табысын бүктең, күлімдей түрегелді де, соңынан кірді. Бақылаушының тапсырып бергені де, Шәкербайдың оны қайтетіні де бастығымның әкім кабинетіне қарай жөнелгенінен түсінкіті болды.

Жазықсыз Мақпалға мені қимағандығы үшін ғана қас қылған бикеш, әлі де қимайтындығын, сол жүргегі үшін менің үстімнен үкіметке арыз айтуға қиналатындығын білдірген бикеш, сонысын айтып, жалынышпен кешірім сұрай сала, сол жалындырған «сүйкітісінің» үстінен жасырын көрсетінді жазып жіберіп, тағы да жалтақтап қарай түсіп отырды. «Пышақ сайлай жүріп, құшақ жаятын, өз жүргегін аймалай жүріп наизалайтын, қандай таптың маҳабаты бұл?» деп ойландым мен. – «Махабbat адамзаттың жоғары қасиеті, ал, таптар – адамзаттың экономикалық – тұрмыстық тәсіл жағынан бөлінісі. Демек әрқандай тап – адамзаттың құрамадас бөлігі. Ал, мына «карғам» соның қай түріне жатпак? Адам емес деуге бола ма, немесе адам делінсе де, ең опасыз азғын таптың, ақылдан ең мүсәпір өкіліне жата ма? Әй, соңғысынан-ақ орын алар-ay!» Осы ақымақты маған бақылаушы тәйни етіп қосып отырған қос сүм неткен жауыз еді! Мұнысын мені құлдырату үшін ғана құрбандаққа шалуын қараши!... Құрбандаққа шалу емей немене, «қызының» қылғына қарай мен де жалған маҳабат жолына түссем, алдымен осы масқарапланбай ма! Жалған маҳаббаттың арам жемісін қалай арқалап жүре алмақ, масқара өлімге де тап болуы мүмкін ғой!... Жоқ, бұл мен жүрерлік жол емес! Ақымақ болса да адам делінеді ғой, тәрбиелеп байқайын. Дәл осы нәпсікүмар, тұрлаусыз кезбеке ең қажетті тәрбие – нәпсі тәрбиесі. Жатқызып алып тұрып, «сенің ақыл-санан осында ма еді!» деп тарпып-тарпып жіберіп, бетіне түкіріп кету. Маған істеп жүрген қастықтары үшін де осылай тәрбиелегенім рауа ғой!... Бірақ, мұның мағынасы алдап алып, қорлау болмай ма. Бұл да мен басарлық жол емес! Ақымақтың өз жолымен өзін баптасам, менің одан парқым не болмақ! Қой, берілмейтін де алмайтын адал ғана

жай жүріспен тәрбиелеп көрейін. Ерболға айтқаным да «ортадан жол жасау» еді фой. Емексітіп қана ертіп әкете алсам, маған тәйни етіп қосқан сұмның өзіне тәйни етіп қоса алмаспын ба. Жаман итті өз иесін үргізу қиын ба!... Және осы сұмдар жағынан маған осындаі оңай тәйни қосыла бермес. Бұл ақымақпен ат кекілін кесіспей тұра тұрайын! – Осы үйғарымға келдім де күліп жібердім. Бағана түскі демалысқа менімен бірге шығып, бірсыптыра жерге дейін бірге барған «сүйікті» тыңшым, енді кеште де бірге қайтпақ екені қарағыштай беруінен сезілді.

– Ей, жолдас, сен үйге бұрыннырак барып, тамак дайындаі берсең болмай ма? – деп қалып едім. Сақылдай күлді бұл сөзіме.

– Алдымен солай болып алайық та! – деп ұятсынғанси тұқырды.

– Солай болсам дейтін таза үміттің қалындығы не істеге керек?

– дедім де бешпетімді кидім. Ойланып қалды. Қайтуға есіктен шығып едім, ере шықты, қатарласа аяңдадық.

– Не деп сұрадың жаңа? – деп қақпадан шыға бере қайта сұрады. Қайта айттым:

– Жақтырған жігіттімен қосылсам дейтін таза үміттің қалындығы не істеге керек?

– Жігітімен бірге тұрып, бірге жүретін шығар! – деп күлді.

– Одан басқа тағы не істейді?

– Не істеге еді! – деп сақылдай күліп алғып жалғастырды сөзін, – одан басқа... не істе десе, соны істейді дағы!

– Теріс іске, бұзық іске бұйырса да істей бере ме?

– Сөйтіп, қосылған жолдас болған соң айтқанының бәрін істеге бермей ме!

– Жоқ, бұл феодализм езгісінде қалыптасқан әйелдердің салты, күндік салт! – деп кідірдім. «Өзің де сол салтпен уланып, жұртта қалған сорлы мидың тоғышарысың фой!» дегенді қосқым келмей, ойланып қалдым. «Сормаңдайды соққылай беріп қайтпекпін!»

– Шынында, менің билетінім сол ғана, – деп құйқылжи сықылықтады Әлия. – Жолдасының айтқаны теріс болса да орындауды керек қой, мен өз сүйгенім теріс іске бұйырады деп мүлде сенбеймін!

– Сүйгенің мен шығармын, бұл сөзің бойынша... мені осылай, теріс іске бұйырмайды деп сенесің фой?

– Ие, соңшалық сенемін!

– Олай болса, шын сүйеді екенсің дейін, ал, сол сүйгеніңді союға пыشاқ таба алмай жүрген бастықтарға материал жазып

берген себебің не? Бірге тұрып, бірге жүргің келетін адамыңды жоғалтып, жалғыз қалғың келгені емес пе!... Осылай екі басты, екі тілді болуының себебі не, осыны айтшы!

Ышқынып қалып, қызақтайды қарады Әлия маған.

– Кім айтты материал жазып берді деп?.. Құдай ақы...

– «Құдай ақы» деме, істеген істеріне мен де ақы, бар сырыңды білемін. Бүгін менімен келіп сөйлескен сегіз адамды тізімдеп бердің!... Бастыктан бүгінгі алған тапсырманың бірі осы болатын. Маған сені бақылаушы етіп әкелгенінен бергі ісінді түгел білемін!... Бірақ, осы әкеліп косуы, екеуміздің өзара түсінісіміз үшін табылмайтын жақсы орай. Сенің маған «теріс іске бұйырмайды» дейтін сенімің бар екен. Менің солай екенім ып-рас. Ал сондай жүргегінің барлығына, адалдықпен сүйеттіндігіне мені сендіруің керек! Солай емес пе?

Әлия бір қолымен шекесін баса ойланды. Сол жеріне осы сездерімнен жүгірген бірдеме бар сиякты.

– Өмірбектің үйіне барайық па!

– Жоқ, алдымен бір келісімге келіп алайық!

– Қандай келісім?... Айтшы!

– Досан мен Шәкербай саған мені бақылап, қия басқанымды өздеріне жеткізіп тұруды тапсырды. Тапсырмасын орындаі бер, ол туралы саған өкпелемеймін! – деп «қызық екен» дегізгендей сақылдатып бір күлдіріп алды да, өз тапсырмамды айттым, – ал, мені сүйеттіңіз рас болса, олардың берген тапсырмасын маған айттып тұрасың!

– Одан қорқамын, қызметтен куып жібереді ғой!

– Сенің айтқаныңды мен оларға титтей де сездірмеймін! Сырға берік екенім өзіңе белгілі ғой!

– Олай болса, макұл!... Бірақ, сенің не істегенінді олардан жасыра алмаймын! Басқа да байқап жүретін адамы бар сиякты!...

– Менің ісімді жасыруыш болма, ал, сенің маған жеткізгенінді мен жасырамын! Оған сене бер!... Бірақ, маған өтірік айтсаң, мен де біліп қоямын! Мәселен делік, сені біздің бөлімге қызметке әкелгенде бастықтарың мен туралы не айтты, алдымен өзің сөйлеші!

– Сені маған мақтады! – деп сықылықтады Әлия. Ымырт түссе бастаған екен, солай деп қолтығымнан ұстай омыраулағанда байқадым, адамы сирек шет көшеге шығып кетіппіз. – Шәкербай аға мақтады. Екеуміздің бұрынғы... жақындығымызды білетін сиякты, – деп күрсініп алып, күле жалғастырды сөзін. – «Сен оны

иіліктіре аласың» дейді, – деп тағы құлді, «Биғабілдің ең бір болмайтын жері әкіммен шығыса алмайды, өштесіп алған» дейді. – «Ол өзіне жаман болады, сол өштікten сактандыр» дейді... Ра-сында менің әкем осы әкімнің айтқанынан шықпайды. Осы кісіге жылы қарап, жақындасу жағын ойласанышы, мені былай қойғанда өзіннің өсуіне жаксы ғой!

– Шәкербай Биғабілге осыны сіңір деп тапсырды ма өзіне?

– Ие, ол да айтты... мен өзім де осылай болуыңды қалаймын!

– Бұдан басқа не айтты?

– Сонан соң әлгі өзің айтқандай, кіммен сөйлескенінді... не істейтіндігінді қүндегісін қүнде жеткізіп тұр деді. Оны кешіремін дедің ғой. Сонда да мұнан соң өзің айт дегенінді ғана жеткізіп тұрайын!... Жалғыз-ак менің сыртымнан байқайтын әлгі... Даңдағұл сияқтыларға сездірмейік!

– Әкімнің өзі не тапсырды саған?

– Әкім, осындағы хатшылыққа ауысарымда ғана сөйлеген. «Сен менің қызыымсың, осында адалдықпен қызмет істейді деп сеніп ауыстырып келтірдім. Бағының Шәкербай ғой, соған ғана бағыныштысың, айтқанын екі етпей орындал тұр!» деген. Содан бері сөйлеспедім.

– Ал, Шәкербайдың ертең не тапсырганын маған өз уақытында айтасың ғой?

– Айтайын!... Неге токтадың, қазір қайтпақсың ба?... Ерте ғой әлі!

– Қайтамын. Маған деген жүргегіңің адалдығына сендеріп болғаныңша осылай ғана жүріп тұрмақпыш!

– Мен сенің ықтиярыңдамын ғой... өзім туралы... алғашқы кезде де... сені шектемегенмін ғой! – деп тырнағын шұқылады Әлия. – Жалғыз-ак қорқатынның әкімдер, оларға қарсы жұмысқа бұйырмассың!... Өзін де қарсы шықпа!

– Олардың саған тапсырғаны әлі бар, ұмытып қалсаң ойланып көр, маған айтып қойғаныңды сездірмеге өзім кепіл!

– Макұл!...

Өз көшесіне осы сөзben шығарып салып қайттым. Күз басының жылы іңірі де, аңқыған бикештің қолтығымдағы ақ білегі де тоңазытқандай салқын салмақпен ауырлай қайтып едім. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» дегендей Досан мен Шәкербай жауыздықтың езбесі болды екен деп, менің мылжыңға айналғаным ба, өзін-өзі сорлатып жүрген осы сойқанды кезбеде нем бар еді!» деген ой қорландыра берді.

«Осыны кор еткен ту басынан-ак сыртқы көркі ғой.

Сұлулығына қарап, көрінген жігіт сумандай берген де, сұлулығына сеніп, өспей қалған басына «маған әрқандай жігіт дайын» деген желді ой бітіріп жедендейіп әкеткен; желікпе-сліккіш сезіммен қателескен сайын, келісті көркі жігіттерден кешірім-келісім әпере берген, сөйтіп дәніктіріп, жан дүниесіне шексіз дәменің арсыз жүргегін қалыптастырған. Мұны менен кайта үміттендірген де сол арсыздық. «Бастай алмаған басы аяқты мазасыздандырады». Мұның өз көркіне ғана сенетін арсыз басы, аяғын ғана емес, тұла бойын жауыр еткен, шын сорлы. Жазалап та, шыныңды айт деп мазалап та, ұялмай осымен бірге көше кезе беретін нем қалып еді!» деген оймен аяғымды тіпті ауырлай басты.

– Әттең, Мақпалым, қашан көрісер екенбіз! – деп күніреніп жіберіппін бір шакта. Өзіме түн сөйлегендей сезілді. – Әлде жасырын қастықтан өліп кетермісің! – Осы күдік оралысымен жан-жүргімді құйындаид үйіріп ала жөнелді. – «Маңайында көріп-біліп жүрген көз-құлақ баршылық қой!» – деп өзіме медеу ойладым соナン соң. – Қазіргі шақта қол қандаудың қайда апаратының қаскөйдің өзі де білетін шығар. Және Нұрияшымның өзі де айласыз емес қой, оңайлықпен өле қоймас! «Өзім-ақ барамын» деген серті бойынша, әлде, бүгін-ақ келіп қалды ма екен!» – Осы киял алдамшылығымен үйге жалтаңдай жетіп кірдім.

Ертеңіне танертең мекемеге келгенімде Шәкербай мен Әлия көрінбеді. Өз бөлмеме кірсем, шкаф құлыбы да, стол тартпасының құлыбы да ашылып қалыпты. Қайтадан жабылмайтындаид болып бұзылған. Ішіндегі мектеп делолары мен кітап-дәптерлер, әдеттегі қойылған тәртібінен мүлде басқаша, түгел актарылғандай. Ауыр тінтуге ұшырағанымды түсіндім де, іргелес бөлмедегі кассирге бардым. Асыға сұрауым бойынша кассир құлпының амандығын таңырқай айтты. Кассирді де бастық бөлмесінде газет оқып жатқан орынбасар бастық Лиді де шақырып әкеліп, бөлмемдегі сүйк колдардың ізін көрсетіп едім. Ауыздарын аша таңырқасты. «Инспектор бейшаралардың бөлмесінде ұры қызығатын ақша тұрмайтындығы белгілі фой!» –дей салып, колымдағы сумкамнан кеше жиылған материал-құжаттар мен кешегі өзім жазған тезисті шығардым. Бұл ұрының қызыққаны мына қағаздар. Осы үшін ғана құлып бұзған, осы үшін ғана бұрынғы тәртібіне мениң қолыммен бір аптада әрекеттің 40 шақты мектептің ісін шашқан! Сіздерге осыны көрсетіп қою үшін шақырдым!» дей салып артыма қарасам, Шәкербай мен Әлия келіп қарап тұр екен. Бастығым едірейінкі, сұлуым қызыарыңқы көрінді.

Шәкөрбай үмтыта жөнелді өз бөлмесіне, бара сала зарлады.

– Ойбай-ау, менің құлыбымды тіпті шығырышымен жұлып алып тастапты ғой!... Бә-ле... караңдаршы жігітер! Ең керекті қағаздарымның бірнешеуін өртеп те жіберіпті, қайда деп іздесем, күлі жерде жатыр, міне!.. Мұншалық не іздеген!... Түгел ақтарыпты түбің түскір!...

– Қолың кесілгір деп қарғасаншы тым болмаса, – деп күлдім мен бара жатып. – Оның түсстін түбі жоқ, жылым-зымиян неме ол. Біріміздікін бұзғанда, сезіліп қалмау үшін өзінікін қоса бұзған, түбі жоқ залым екендігі сол емес пе!

– Жә, ол кейін шығар енді бір жерден! – дей сала шырайын бастықтықа келтіріп, ресмилесе қалды Шәкөрбай. – Ал, Бигаш, екеумізге тағы бір қарбалас жұмыс кезіге қалды. Мен 5-ші районға шығатын болдым. 9-шы район мектебінен кеше түстен кейін тағы бір катынас келген... (бүгінгі ұры соны да қосып өртепті) Ол мектепте бір үлкен шиеленіс туылды. Оны шешуге сені тағайындастық. Соны дерек барып жайластырмасаң оку тоқтап, іс насырга шабатын түрі бар. Атқорадан жақсы аттың бірін таңдал мін де, тез жөнел!

Бұл жұмсауынан жиынның маң-карасын көрсетпей, сонау Майлыға куалаяға келіскендіктері түсінікті болды... Бармаудың сылтауын мен де таба қойдым:

– Кәзен инспектор казір Толыда, сол мектептің дәл қасында. Соған телефон бере қойыңыз!

– Ойбай, шырағым-ау, сенің жөнің басқа емес пе, әкім сенің тиянақтандыра алатындығына сеніп тапсырып отыр!

– Олай болса, осындағы бір тартысты бітіріп алайын, тоса тұрыңыз! – дей сала шығып кеттім. Әкімнің ауыз бөлмесінен көрініп отыратын Ерболды қақпа сыртына ымдал шақыра кеттім. Досанның мына жиынға мені жолатпау мақсатымен тапқан жұмысын ести сала түсінген Ербол парткомға жөнелді.

– Мұнда істейтін жұмысың одан әлдеқайда қажетті. Майлыға кетіп қалма! – дей жөнелді.

9-шы райондағы «мәселені тез шешу» керектігін Шәкөрбай, бөлмеме келіп отыра қалып өситеттеді енді. Екеуміздің де езуімізден көбік бүркырап, «рахаттана» түсіндірісіп отырғанымызда, телефонға шақырылды бастығым. «Сізді парткомнан телефонға шақырады» деп терезеден хабаршы келіп тұра қалды. «Партком» дегенде-ақ ырши жөнеліп, әкім кабинетіне ширақ кіріп еді. Бастығымның шыққандағы солғындығы тым күлкілі көрінді көзіме.

Осы жиын біткенше мені жұмсай қоймайтындығын сонысынан-ақ түсіндім. Бөлімге қайта келмей, қақпаға қарап ілбіді. Қақпадан шығып, карасы өшісімен лып етіп жетіп келген Әлия қарсымдағы орындыққа етегін тағы да желни қонып жымиды.

– Не болды? Не айтты бүгін? – деп сұрадым.

– Мекемеге келе жатсан, Шәкербай аға жолымнан күтіп тұр екен, – дей сала кідіріп, ойланып қалды да күрсініп жіберіп жалтара жыптылықтатты сөзін. Пәлендей бірдеме тапсырғаны жоқ... кешегі тапсырмасы ғана... жүрісімізді Шәкербай аға біліп қойыпты!

– Келісіп алды деп түсініп пе?

– Солай түсінбегенде, – деп құйқылжи сыйылықтап алып том-сарды Әлия. – Мына жұмсаған қызметіне тып-тыныш қана ба-рып келсен... жаксы болар еді!... Бармасан... осы әуремен жүріп... ауырып қаларсың ба екен!... Маған бұлай қарамашы, бармасаң өз еркінде ғой! Егер барғың келмесе.. бүгін-ертең кештерден сақтан! Ешқайда шықпай үйде бол!... Мен жана қызметімді жуатын болдым. Жастардан бірнешеүнен өзінді қосып, қонаққа шақырамын. Бірақ келмей-ақ қой! – Осы сөздерін үзіп-үзіп жыптылықтатып болды да, лып етіп барып өз орнына отыра қалды. «Олар қастық істемек пе, соны ғана айтшы!» – деп артынан барып екі рет сұрағанымда да ұқсас жауап қайтарумен тындырды:

– Бұлар сені өзіңе қатерлі бір қыын сөзге шықпақ дейді, содан сақтандыру үшін ғана ғой деймін.. Бірақ білмеймін, білсем қазір-ақ... кейін бір шақта айтамын ғой! – деп соңғы сөзімен құйқылжи қарады. Мен орныма барып орнығып, сөйлейтін сөзге дайындала бердім.

Жиынның даярлық комиссия мүшелері тұске жақын қамсы қаламмен жазылған бір жарым метрдей ұзын тізімдікті әкім кабинетінің қабырғасына әкеліп жапсырды. Аудан дәрежелі орындардан сайланған өкілдер тізімі екен. Жүгіріп шыққан Әлия менің атымды дәл ортан белінен көргенін, күле келіп айттып еді. Тізімге іле-шала әкім шығып қарады да, бөлмесіне қайта кіре зекігендей болды. Тізім дереу жиылып-бүктеліп хатышылар бөліміне қайта кірді. Ербол тағы да жүгірді парткомға. Әкім қалай туласа да осы сөзім желкесіне қонбай қоймайтындығына сеніп, даярлығымды жүргізе бердім.

Түстен кейін әкім парткомға кеткенде сайлаушыларымның мықты бір тобы жиылып, бас хатпы бөлімінде айқайласып шығып еді. Кешкеп жақын сол тізімдік сол қабырғага қайта жапсырылды. Менің атым бір өшіріліп, алдыңғыдан ірірек жазумен қайта жазы-

лыпты. Соны тағы барып көрген Әлия төрдегі хатшы бөлімінен бастап, екі-үш бөлімге кіріп шықты. Қонақ шакырып жүргенін өзіме келгендे түсіндім, күлімсірей келіп, алдыма шакыру қазасын тастан салды да: «мына бағақты әркім көретін жерге жая салшы, өзің барма, өтінемін!» деп күбірлей кетті. Өзі қонаққа шакырып, өзі бармауымды өтінүі қулкілі де, таңдандыратын да жұмбақ еді. Кейін айтамын дегенін ескеріп қоя салдым.

Ол лыпылдаш қақпадан шыға жөнелгенде, әкім қарсы шыға келді. Әлияға бір қарап қойып қана үнсіз-ымсыз өткенін байқадым. Сонынан Шәкербай еріп келеді еken. Маған сұық қарай кірді бөлімге. «Япырай, мына баланың қарбалас уақытта қонаққа шакырып жүргені ай!.. Сені де шакырды ма, Биғаш?» деп шалқасынан жатқан бағаққа қарай жалғастырды сөзін. – Е, бәсе, барындар, барындар, жассындар ғой, жолдарың болсын!»

Бастығым маған қарап сөйлеп тұрғанда, екінші рет жапсырған өкілдер тізімін ұлken бастық тағы да сыпыртып алып болыпты. Бірақ үшінші рет тағы сайланудан үміттене қайттым үйге. Аудандық үкімет қақпасынан гүрілдей кірген жұқ автомобилінің кабинкасынан аймақтық Телбай атты бір мықтысын көре қайттым. Ертең таңертең бір-ақ келмей кештете жетуіне қарағанда аймақтық үкімет осындаі таластарды естіп, бұрынырақ жөнелткендей. Жаңа құрылған аупартком батыл кірісе алмай, аймаққа хабарлаған сияқты.

Таңертең қайтып келгенімде менің атым екі рет өшіріліп, үшінші рет жазылған өкілдер тізімі қайта жапсырылып жатыр еken. Бір рет қана өшіріліп қайта жазылған төрт өкілдің атына үніле қарап қайттым. Бірі Мақпалдың ұстазы. Жиын түстен кейін ашылатын болыпты. Бөлімге қайтып кіргенімде түн бойы қонақ күтіп кіртиген Әлия да жетті. «Бүгін өкпелеймін» деген күбірін түсіне алмай қалып едім, Шәкербай келгенде қабағын қарсы жауып ала қойды. «Биғабіл екеуінзеге қатты өкпеледім» деп бұртиғанда «бәсе, Биғаш бармай қалып па еді» деп қалып, қарбаластықтан өзінің бара алмай қалғанына Шәкербай кешірім сұраған болды. Мен үнсіз қалдым.

Өкілдік қызыл лента түске жақындағанда келіп қадалды омырауыма. Тұскі демалысқа жалғыз қайтып бара жатқанымда Әлияның Даңдағұл деп атап әшкерелеп қойған аңдушысы алдыман тоса қалып, өз үйіне «кешкі отырысқа» шакырды. Екінші жауап қайтарып едім, түстен кейін жиынның ашылу рәсімі ғана болатындығын айтЫП, «сөзсіз баруымды» кадағалап қолқалай

өтініп қалды. Әлияның сақтандырғанын сездірмеу үшін «мақұлын» айта салдым да, ақылын кештегі жұмысыммен таптым, оған да бармай қалдым...

Менің сахнаға шығу кезегім үшінші күні түстен кейін әрең жетті. Мақпалдың барлық зарын екінші күні сөйлеген ұстазы келістіріп төккен. Өкілдерді құрсіндіріп, өзімен бірге жылатып та түскен болатын. Жиын басқарып отырған Досан тұксиіп, мұртын салбыратып жібергенде оған бір қарап қойған аупартком секретары сөйлеушіден Мақпалдың атын да қазіргі қамаушының адресін де қайта сұрап, анықтап жазып алған. Менің ол жөнінен сөйлемек сөзім недәуір ықшамдалды.

Өкіл сайлаудағы тартыстарда шулы бола қалған атым аталысымен менен көз алмай қарады секретарь, басқа сөйлеушілерден ерекше қарсы алынып, қол шапалақтың жер сілкіндіргендей шатырлауына қарап, ол да шұлғи шартылдатты. Өкілдердің сахнаға кім шыкса да шашу шашқандай жомарттық ететін осы арзан қолшапалағын сындаумен бастадым сөзімді:

– Өкіл жолдастар, сіздердің әрқайсынызды кем дегенде үш жұз азamat сайлаған. Сол үшін жуз азаматтың талап-тілегін партия мен үкіметке толық жеткізу міндеттімен келдіңіздер фой. Демек осындағы әрбір қол үшін жұз азаматтың қолы, өздеріңіздің ғана қолдарының емес. Байқамай соғып арзандатпаңыздар оны! Әрбір қол шапалактарының сол сайлаушыларыныздың мұддесін назарға ала отырып соғылуға тиісті. Ал, мені мұншалық қарсы алушың керекті-керексіздігін білгенді былай қойып, не сейлейтінімді білесіздер ме? – дегенімде зал толы адам жым-жырт бола қалды. Сахниадағы басқаралдың демі де шықпай қалғандай, жалғыз шыбынның ызылды ғана естілді. – Мұным сөгіс емес, – дедім сонаң соң, – осы жиындағы әрқандай сөзді сайлаушыларыныздың талғамы бойынша ғана қабылдауларынызды өтінгенім. Мен өткен үш жылдың ішінде Досан әкім жағынан қызметтеп үш рет қуаланған «бұзық» қызметкермін. Осы жиын өкілдігіне сайлаушыларым үш рет қайталап сайлағанда әкімнің мойынын әрең иіп, зорлық күшпен сайланған «зорекер» өкілмін. Алдыңғы екі рет сайланғанымда тізімнен екі рет өшіріліп, үшінші рет сайланғанда ғана сайлаушыларыма Құдай көмектескендей болды. Нанбасаңыздар сиқымды ауыз залдағы өкілдер тізімдігінен көрініздер!

Мен сол бойбермес «тоңмойын» сайлаушыларымның жеткіз деп тапсырған мәселелерін ғана сөйлемекпін. Сөзімді қатты талғап тыңдаңыздар!...

Алдымен Телбайды күлдіріп, зал толы өкілді түгел қаркылдатқан осы кіріспемен бастап сөйлеп, бір жарым сағат сақылдаппин. Дұспанға уыты толған у сойқыдай тисе, досқа толассыз сорғалаған балдай тиді білем, әр тыныстағанымда бір дуыл көтерілді де тұрды. Сөзім бітісімен шу көтерілді.

– Ей қарктарым, – деп бір сары шал сол шуылдан асыра айқайлап ырышып тұрды. – Менің аузым ораза гой, өтірік айта алмаймын, мынау ақсұры жігітті көріп отырганым осы, бұрын сөйлескенді қойып, танымаймын да. Бірақ жансақ айтылған бір де сөзі жоқ. Бәрі рас, бәрі болған іс!

Қырықошақ қыстағынан келген дәудей орыс Досанға жұдырығын түйе гүжілдеді де, күреден келген монғол да, Қайраканнан келген қырғыз да, ойдағы ұйғыр мен ой мен қырдан құрылған қазакқа қосыла көтеріліп алқады мені. Орныма жете лық етіп отыра қалғанымда, ішімнен мұжып жүрген кектің жебір құрттары сау етіп төгіліп түскендей жаным жай таба қалды...

Жиын аяқтасымен Досан аймаққа шақырылып кетті де, орнына әкім болып Телбай қалды. Досан менен дәметіп жүрген «ойынбұзар» айыпты өзі тартқанын білген сайын жайландым.

Көреген тергеушім, «қадалған жерінен қан алмай қоймайтын, бұрынырақ соқпасаң өз терінді сыпырып, құйрығынды қарға шашитын «көкжал» осы қылмысымен қипықтатып, тісіңді қышытқан-ақ шығар!

## VI

«Америка жиянгерлігіне қарсы тұрып, Чаушанға көмектеселік!» дейтін ұран шу көтерді бір куні. Бірер айдан бері күздің сары жанбырындағы себезгілетіп келе жатып, тосыннан нөсерлете жөнелгендей, барлық газет беті айқай белгісіне толды да кетті. Ертеңіне газеттерден асып, қызылды-жасылды қағаздармен көшеге лап қойды. Аупартком секретары Линдайшының даусымен клуб залын солқылдатты. Секретардың төңкерістік ішкі соғыстан әрен қалған сындар көзі сыртқа теуіп, сыртқы шапқыншылық соғысты сөйлегенде жарқырап шыға келді. Келгеннен бері басын төмен салып, тым момақан көрініп жүрген құба жүзінен от жайнап, жауынгерлік бейнесін аша сақылдады. Қас жауынгер жайшылықта емес, еліне жауғершілік төнгенде жайнайды гой. Секретарь жүзінен сол көрінді.

«Чаушанға төнген шапқыншылық шын мәнінде Жұңхуа халық республикасына төнген шапқыншылық» – деді секретарь.

Қытай құрлығынан гоминданмен қоса қуылған Америка құрама штатының жиянгерлік тобы Азиядағы ұланғайыр зор несібесінен айрылғанда ұли жөнелген болатын. Ұли-ұли жершарының барлық бөрісін жиып келіп, ашулы тістерін коммунистік Жұнгоның дәл бүйірінен – өз ықпалындағы онтүстік Чаушаннан (Кореядан) сақылдатып жатқанын естіп жүргенбіз. Енді міне, лап қойып, қанды қырғынға кіріспіт де, азат Солтүстік Чаушанның астанасына дейін ойрандапты. Бір айда Чаушанды түгелден жұтып болып, қанды аузын Жұнгоның өкпе-жүргегінен келіп салмак!»

Ұлттық төңкеріс кезіндегі дәстүріміз бойынша жалпы аттанысқа келе қалдық. Жастар соғыс майданына баруға тізімделіп, кәрілер капиталдық көмегін тізімдettі. Мұндайда жарысқа түсе кететін байлар сәйгүліктерін үкілеп нөмірледіп жатқанда, Башпайдаң өгіздері мен дөнен-бесті қойлары корғаушы қыран аэропланға айналғанда кетіп, Чаушанға жүйткі жөнелді.

Мен өзімді жауынгерлікке алдынғы қатарда тізімдепін едім. Секретарь алдымен ешіртті. Қыр райондарына үтікте шығармақ екен.

Құздің мұндай бұлныңғыр сүнқ شاғында көшпенді халықта шығатын үтікте бұрынғыдай женеіл-желпі екі-үштеген, төрт-бестеген ғана емес, алтыс адам үйымдастырды секретарь. Кебі әнші-биші қызы-келіншек. Бұл етіретті «Чуан-шуэн туан»<sup>7</sup> деп атап, туанжандаққа<sup>8</sup> аупарткомның үтіт бөлім бастығы Жаң фамилиялы жігіт тағайындалды. Жаң туанжанға бақандай алты орынбасар футуанжақ керек екен. Алты футуанжаңың бесеуін секретардың өзі көрсетті: бірінші футуанжаң деп алдымен Сәрсен саясатты, екіншіге ақсайтан Мұқанды, үшінші мен, төртіншіге және солар сияқты жиі көрініп жүрген Ербол мен Даңдақұлдың атын атады. Бесіншіге келгенде тізіміне қарап «Хайсан» деп дауыстады секретарь.

Бір жағымда отырған Өмірбек мырс-мырс күлді.

– Үндемей жүріп Қайсен де жылпос екен-ая, партияға өтуге бұл да арыз жаза қойыпты рой!

– Бұл жылпостығымен емес, жуастығымен – мұрнының сүйн да жия алмайтындығымен сайланса керек! – деді Қиялзат.

– Жуастығын секретарь қайдан көре қойды дейсін?

– Онысы мұрнынан қылтаңдай – жылтыңдан тұрса да көрмей ме!...

Бұл қалжындарына Өмірбек пен Қиялзат карқылап күліскенде алтынши орынбасар болып мениң атым аталды. Секретардың аузынан Телбай әкімнің күбірлеуімен аталғанымды байқадым.

<sup>7</sup> Үгіт-насихат қосыны.

<sup>8</sup> Қосын бастығы.

Сәрсен мен Мұқан жатталған коммунистің уызынан қып-қызыл менің атым әрең шыққанына намыстанғандаймын: «осындайлармен бірге жәннатқа кірудің өзі де жақсылық болып жарытпас!»

– Партияға кіруге сен әлі арыз жазбасың ғой? – деп күбірледі Өмірбек.

– Мүшес қабылдау ісі әлі басталмады ғой.

– Бәле, пәлен күні бастаймыз деп құлактандыру шығарады ғой деп жүрмісің! Өзің талап етпесең, сені зорлап тартпақ па!... Телбайлар әлдекашан етілті. Мына Сәрсен мен Мұқан қулар арыздарын алдымен жүгірткен. Қазір сынақ астында. Осы сайлануында қарағанда партияға қабылдану алдында сияқты. Мен жазғалы да үш-ак күн болды. Тегінде бойымызға сеніп жүріп, жылдан құр қалмайык!

– Бұлар өтсе, біз зып ете түсөрміз, – деп күлдім. – Бірақ... коммунизм партиясы осы гоминданыштарды да қабылдаса кім болмақ?...

Алдағы үгіт қызметіміздің тәртібі жайында секретарь сөйлеп кетті де, жеке сөз доғарылып қалды. Алпыс адамдық бір үгіт әтіретінің бастығына алты орынбасар сайлаған себебі, барған районнымызды алтыға бөліне жаяулат, ауыл-ауыл, үй-үйге қыдыра жүріп үгіттейді екенбіз. Күнделікті қызмет нәтижемізді штабқа, дәлін айтқанда туанжанға, фтуанжандар барып баяндал, жолжорық сұрап тұрады. Аталған көмек пен Чаушан майданына жазылған ерікті жауынгерлерді бұл жолы жимай, тізімдеп кана қайтатындығымыз айттылды.

«Халықпен жақындасу үшін» халықтың өзінше құба төбел ғана кийініп баруымызды баса дәріптеді секретарь. Сөзсіз түсінікті болу үшін «оқымыстылар тілін қолданбай, халықтың дәл өз тілінде» сөйлеуімізді де көбірек ескертті.

Төңкеріс кезінде ішкі өлкелердегі жиі қоныстанған тұрғылықты халыққа өздерінің жүргізген әскери үгіт тәжірибелері бойынша орналастыру еді бұл. Бытыраңқы алыс-алыс ауылдардан әр күні штабқа жүгіру сияқты ауырлықтарды бара түзетіп алармыз-ақ. Ал, мына аласапыран жауын-шашынды мезгілдегі көшпенді халыққа жүргізілетін үгітті әнші, биші көп әйелді қалай пайдаланып, қайда сиғызытындығымыз ойыма симады. Бұл жайтты секретарь өзі даярлаған үгіт тезисін түсіндіріп, таратып болған соң сұрадым. Бұған қайтарған жауабы жергілікті дәстүрге тым күлкілі болып шықты: қыырдан-қыырға жаяу жортатын үгіт группалары әр ауылға әндесіп, гүлдетіп, бишілерін бүлкілдете жетеді екен. Ондайға ауыл адамдарының тез жиналатындығын айтты.

– Сонсоң іле-шала еліміздің қақпасына жау кіргенін сөйлейміз гой, билеп барып соған сүйінші сұрағандай болып көрінбейміз бе!  
– деп қалды Қиялзат. Ербол қосымша қосты:

– Гармондатып билеп, думандата жеткен соң жау тигенін қай бетімізben сөйлеп, көмекті қай бетімізben сұрамақпыш! Бұл үгітке ән мен би сиыспайды. Ауыл жігітеріне көркеменерімізді масқаралатып, құнын тілдетіп аламыз!

– Солай болатыны рас! – деп қостады Өмірбек. – Бүйтіп күлкі болғанша, әр ауылға аттандалап-бауырымдақ кіргеніміз дұрысырақ шығар!

Өмірбектің бұл пікіріне ду күлді көвшілік. Сәрсен зекіп жіберді:

– Таласты қойындар жолдастар! – Пікір көтерушілер бұл зейілдікті елемеді.

– Ән мен биді де, аттанды да қойып, диуананың жеп-женіл сапайы мен өкіргішін ғана алып барсак болмай ма, оған ауыл балалары тіпті тез жиналады! – деген біреуінің пікіріне тіпті қарқылдады.

Телбайдың ханзушаға аударуынан түсініп отырған секретарь қызығылт тартып күлімсірей берді.

– Жолдастар, сіздер осындай ұлы әрекетке көркеменер қатысуына қарсы шығып отырсыздар ма, қалай? – деп Сәрсен өктей кірісті сөзге, – партия көркеменерге жоғары мән беріп, үгіт ісіне әдей қатынастырып отырғанда мұндан мағынасыз қитұрқы күлкіні қоялық! Лиң секретарь бәрін ойлап орналастырып отыр!

Пікіріне Лиң секретарды қосқан соң күлкі де, пікір де тыла қалып еді, Лиң дәйшіп бұл сөзді алғашқы қозғаған менен сұрады:

– Биғабили шәнсің, сенің пікірің қалай?

– Менің пікірім: бірінші малшаруашы райондардағы халық қазір қарбалас, көші-қон уақыты. Кішкене-кішкене күркелермен ғана отырады. Өз балаларын арең сиғызып отырғанда мұншалық бойжеткенді қайда жатқызыбақпыш. Бір үйге екі-үш емес, бір қонақтың сыны да киын, жауын-шашынды шақ. Сондықтан үгіт этіретіндегі адам санын азайтпасақ, халықты қатты мазалап қоямыз.

Сәрсен тағы да дүрсе коя берді:

– Ең жақын досымыз Чаушандай бүкіл бір мемлекетті жау шауып, қырғындалап-шулатып жатқанда, біздің үйлерімізге бір-екі қонақ артық қонса не болады екен! «Мазалап қоямыз» дейді тағы да!

– Тоса тұр, сөйлеп болайын, сонан соң қаншалық айтсаң да өз еркінде! – дедім Сәрсенге, – екінші біздің бұл жолғы үгітіміз мереке

мен жетістік-табыстың үгіті емес. Ойранды шапқыншылыққа қарсы күйзелісті жалпы аттаныстың үгіті. Қөші-қонның қарбалас уақытында ән мен биге халықтың уақыты да зауқы да жок. Қөлбендең билеп барып, жәрдем-көмек сұрауымыз келісімсіз. Біздің халыққа құнсыз-арсыз дуаналық болып көрінеді. Ауылдан-ауылға жаяу жауындағы-дуылдата жетіп, әндегіп-билетіп жіберіп сейлекен сөзіміз – баланың ойыны, бақсының жыны сияқты ғана әсер етеді. Сондықтан мына аса салмақты міндеттің үдесінен шығуымыз, санмен емес, сапамен толық түсіндіру арқылы ғана жанашырлық сезімдерін оятып, салмақ салуымызды қажет етеді! Мениң пікірім осы.

Ақсайтан Мұқан мен Әлия қатар түрегелді бұл сөзіме қарсы. Сәрсен жолдас бұл жолы аптықпай, отырып қана қол көтеріп талпынды. Мениң сөзімді Телбай толыктап, ұзағырақ сөзben түсіндіре аударып болғанша көз алмай тындаған Лиң секретарь сөзді алдымен Әлияға берді.

– Біз әйелдер, әй, қыздар жағы әрқандай қыыншылықтан қорықпаймыз! – деп Әлия бір сүрініп қалып, «түзеп» бастады сөзін. – Партия рұқсат етсе, мылтық алып, соғысқа да аттанбақпыш. Оның қасында немене, мына үгітке біз де шығамыз. Билем ғана емес, біз де сөйлейміз!... Әлгі Биган, әй, Бигабіл айтқандай, кайда жатамыз, кайда үйіктаймыз деп, орын-көрпе іздемейміз! Тіпті үйіндің де керегі жоқ бізге. Жылы киініп шығамыз да... ешкімді мазаламаймыз! Бұл күреске бастан-аяқ қатынасамыз! Қыздардың пікірі осы!

Лиң секретарь бұл сөзді бар разылығымен шұлғи тындалп, қойын дәптеріне жазып алды да, сөз кезегін Мұқанға берді. Қуле сөйлесе де мені қүйдіре сөйледі Мұқан:

– Біздің бұл соғыста мазамыз кетеді, «халықты мазалаймыз» дейтін ешқандай хақымыз жоқ. Жаудың жазасын беріп болғанша соғысамыз! Осы соғыстың женісі үшін әрқандай құрбандыққа дайыбыз деп жүрген кейбір азаматтар үгітке ән-би ансамблін алып шығудан «диуана болып кетеміз» деп намыстанады екен. Партия косса мен өз басым қаһарман Чаушан халқы үшін алақан жайып, қайыр тілеуден де намыстанбас едім!

Сәрсен саясат тепсіне турегелді де, «диуана» туралы сөзді аксайтан Мұқаннан жұлып ала жөнелді:

– Төңкерістік көркемөнерімізді диуаналыққа, қайыршылыққа тенеятін мырзалар, байқап, шаңыраққа қарап сейлесе болар ма екен. Әдебиет пен көркемөнер біздің партиямыздың саясатының ен жауынгер қызметкери. Бұл жауынгерді корлап істен шығару,

партия мен үкімет саясатын ақсатудан басқа нәтиже бермейді. Бұл, кері төңкерістік сөз!...

Сәрсенің бұл тұжырымына сакылдап күлді Телбай. Батыр пішінді, ат жақты, ақсары жүзі қызырып, кең маңдайын алаканымен баса күлді. Жиында отыргандардың күліс-керісі араласып ду көтерілді. Жымия тыңдал отырган Лиң секретарь, қолы мен басын бірдей шайқап, дабырды әрең тоқтатты.

– Салисан жолдас, – деп Сәрсенге қарады сонсоң. Білек сағатын көрсетті. Уақыт бітті, сөзінді тоқтата тұр дегені екен. Ауыр оймен ырғала түрекеліп сөйледі езі. – Бұл жиында пікір қатыстыруышлардың бәрінің сөзі де жақсы болды. Америка жиянгерлігіне қарсы тұрып, Чаушанға көмектесудегі бұл рухтарыңа алғыс айтуда татиды. Ең алдымен пікір көтерген Бигабили мырзаның сөзі менің бұл жолғы ұйымдастыруыма шын жүректілікпен ақыл қосты. Жаңа келіп, жергілікті ахуалмен әлі танысып болмаған біз үшін мұндай пікір өте қажет. Мен Бигабили мырзаның әсіресе көшу уақытында халыққа қонақ болып қинамау жөніндегі пікірін дұрыс идеяның жемісі деп танимын! – деді де көшпелі үгіт этіретіне екі-үш шатыр тауып беру жағында болатындығын айтты. – Ал, жергілікті кейібір калақ дәстүрлерді ақырын-акырын өзгертпін әкетуге болады, – деді сонан соң. «Бұрын халық қабылдай алмай келе жатқан жақсы дәстүрлерді Жұңғо коммунистік партиясы жақсылап сіңіруге борышты екендігін сейлей келіп, «әдебиет-көркеменерді саяси қызметтің ең еткір құральына айналдыру – біздің ең алдыңғы қатардағы борыштымыз» деп түсіндірді. Бұл жөніндегі Маужуши шығармаларынан бірнеше цитата алып, бұл реткі үгітке де көркеменершілерді ертіп шығуды мықтап бекітті. – Ал, Әлия жолдастың рухынан үйренуге әйелдер ғана емес, бәрінді шақырамын! – деді соңында. – Оның сөзі өте жақсы болды. Әйелдерді кемсітуге жол берілмейді. Бұл сөзім Бигабілдің пікіріне қарсы емес. Оның сөзінен әйелдерді кемсітетін мағына шыққан жоқ. Мұнан соң әрқандай қызметкес әйелдер ерлермен тең қатынасатындығын ұқтыру үшін ғана айтқаным. – Қане, Әлия жолдастың осы идеясын құттықталық! – деп қол шапалактай бастаған секретармен бірге шатырлата жөнелдік. Әлияның идеясын білетіндеріміз күле шатырлаттық. «Әлия жолдастың идеясын Құдай тағала Mehip мен Мәрия жолдастарға жұқтырмаса болғаны!» деп шапалактаған Өмірбектің сөзі тіпті үзақ күлкі тудырды.

Лиң секретарь жалғыз көзімен аныра қарап қана қойды бұл күлкіге. Танысып жете алмағандықтан жаңсақ шығарған кей тұжырымдарына бұл қараған қарасы үшін кешірім еткендейміз.

«Жергілікті ахуалды түсіне келе түпкіш, мықты секретарь болады» деп недеуір сенім байлас қарап едік. Есіктен шыға бере «Бигабили афенді!» деп менің қолымнан ұстай алды Лиң секретары.

– Кейбірінің сөзін саған қаттырақ тиіп қалды, а, қынышылық көріп қалдың, ә! Ондай сөздерді үлкен кешіріммен тыңдау керек!

– Сәрсендердің мұндай жалаларына менің құлағым дағдыланып қалған, – деп шала-шарпы қытайша сөйлеп құлдім. – Ал, әлі де кері төңкерісі бола қоймадым. Ештеңе етпес!

Лин секретарь карқылдан күліп, арқамнан қаға қайтты.

Сапарластарымның көбі сол жиынның ертеңінде-ак «Құбатөбел» болуға қайдағы ескі-құсқыларын киіп алыпты. Кейбірі арзанқолды көктайғақтан бешшет-сым тіктіре қойып, құбатөбел емес, «көктөбел» болып үлгеріпті. Менің ескімді егіншіліктері інім тонайтын. Құбатөбел деп аталағын ескім жоқ еді. Ал, көктайғақ, таулы районның қазіргі қара суығына қайтып пана болмақ. Сол «шайтан терісін» де іздемей, дағдылы қаракөгім мен талай ыстық-суықты бастаң бірге кешірген қаражарғақ пальтоны сайлап едім. Бірақ, ол шіркінді қарындасты кремдел жарқыратып қойыпты. Ал, таза күрым етік, майланбай, жарқырамай тұрган ба! «Алтын төбелі» десе де сол қалпынмен шығудан басқа лажым қалмады.

Ушінші күні таңтерең дайындалған бес бірешкенің үстінде сүмірейіп-сүмірейіп сапарластарым отыр екен. Жалт-жұлт етіп жетіп барған маған ду күліп «қол шапалакпен» қарсы алды. «Консул келді!» десті, «көпес келді!» десті, «шетел өкілі келді!» десті. Кімнің келгенін де білдірмегім келіп бедірейіп алдым. Әйтеүір ұялмаған сияқтымын. Қызармағанымды бетімнің дуылдамауынан сезбеймін бе. Тек алда жүретін «Америка жиянгерлігіне қарсы тұрып, Чаушанға көмектеселік» деп жазылған керме қызыл туды, бетке ұстар арбаға отырудан тайсақтап өте беріп едім.

– Орныңыз мұнда, Бига! – деп қалды Әлия. Үлкен катерімді де осының үстінен көрген соң қол сермей зыттым. Екінші арбага жеткенімде қайырыла қарап тағы шақырды Әлия. – Орныңыз мұнда, жол біледі деп сізді осы алдыңғы арбағы бөлген, Туандан!

Екінші арбадан Мәрия күлді:

– Бигабили шансың, «орның» сонда екенін әлі білмей журмісін?

– Сендей капиталиске орын жоқ мұнда! – деп қасындағы Қиялзат зекірді. – Күнше жарқырап көзімізден айырасың, қайт!

– Сенің қаупің көзден айрылу емес, Мәриядан айрылу шығар! – дегенімде үшінші арбадан Мәулен мен Өмірбек күлді. Олардың

артына жабыса отырған Сәрсенге қарап қалыптын. Өмірінде киіп көрмеген қайдағы шокпітты тауып киіпті де, тым сорлы жуса көрінгісі келгендей қара елтірі малакайының мандайын көзіне түсіре салбыратып жаба қондырыпты.

Алдыңғы арбаға қайта бардым. Ең алдыда отырған Әлия ұмтылып келіп қолымнан тартты да, өз касынан орын ашып, жеңімнен сілкіп отырғызыды. Жап-жана сұры шұға костюмнің екі шынтағына қоңыр трико жамау жапсырып алыпты. Сол жамауға да, соны ойлап тапқан өзіне де тіксіне қарадым. Қымсына қылыштысынған сиқырлы шырайында «қайда қашып құтылмақ едін!» дегендей жымысы бар.

Көне сары березен боқшасын мойнына асып, онып кеткен мақталы сары бешпет-сым киген сұңғақ бойлы сұрша туанжанымыз келіп, Әлияның екінші жамбасынан орын алсымен кос қоңыр ат сырғыта жөнелді арбаны.

Сылдыратып ән сала шыққан көңілді Әлия мен тұнжыраңқы маған туанжаң алма кезек қарай берді. Оның әніне арбадағылар түгел қосылып әндектенде де сол түнерінкі қалпынан жазбағаным назарын тіпті бөле қарағанын байқап отырдым. Өзіне Әлия құлімсіреп қүйқылжып сөйлеген сайын қысылғандай ыңғайсызданып, тұқыра түседі де, қысылыңқы қара көзін жылт еткізіп маған тастай береді. Әлияны қызғанып отыр деп қысылатын сияқты менен. Бірақ, неліктен бұлай түсінетіндігін ұға алмай мен де қарай беріппін. Бір шакта Әлия оған ханзу тілінде тағы бірдемені сейлеп жіберіп, иығына қолын артты. Селк ете түсті туанжаң. Арба жәрендігінен құлап түсе жаздал түзелді де, Әлияны маған екі қолдан итеріп жабыстырып, күле шұлғыды. Сенікі дегендей ішарамен шұлғыды. Қыздың бір қолын менің иығыма артып, изектей түсті де, «хуайың-хуайың<sup>9</sup>» деп қол шапалактады. Арт жағымызда отыргандар ду күлді, туанжаның бұл қылышына «стиль мәселесінен<sup>10</sup> сактану» жөнінде кеше ғана шектеп-шегелеп сейлеген өзінің шыға сала «ен қатерлі» Әлия екесумізді қосақтауын тым оғаш көріп қалып еді. Әйелдерге қалжындармайтын маршпен өсіп стиль» жөнінен барынша күмәнсіз көрінгісі келетін алал азаматты әлдекандай бір сұмдықпен бұлай қателестіріп отырған өзіміздің сұлу сайқал екенін осы қосақтауынан байқадым, иығыма басын сүйей қойған Әлия «жолдасын» туанжаңның өзіне қайта итермелей күліп едім. Бірақ ішкі көңілсіздікten тағы ашулы көрініппін. Орнынан ыршып тұрды туанжаңым. Арбаның орта шенінде отырған

<sup>9</sup> Хуайың – (қытай тілінде) құттықтайдымын деген сөз.

<sup>10</sup> Әүеіллік – стиль мәселесі деп аталып қалған.

кексе келіншекке ымдай жымып барып, орын ауыстыра қойды. Артымыздан Мұқанмен бір келіншек қатар күлгендеге Әлия қызарақтап қарап күбірледі маған.

– Жалынамын, Бига, қабағыңды ашып отырши!

Жауп орнына мен де ыршып тұрып, артымдағы келіншекпен орын ауыстырдым. Стиль мәселеңесі» туралы күмәннан пәк туанжан қашқан пәлелі орында арылмаған айыбы бар алтыншы орынба-сар қайтып күліп отырмақ. Туанжан енді бақырая қарады маған. «Араларына күмән салып айырдым» деп шошынған сияқты, қынжылышпен бақырайды.

«Екі шақырым жолда екі мықты жігітті қашырып үлгерген» сұлудың екі бүйірінен екі келіншек түрткілеп қалжыңдаған сайын мойыған Әлия жылап жібергенде туанжаның тіпті қысылғаны байқалды, Әлия мен маған кезек қарағанда көзі жалт-жұлт етті...

Сол жолда көз қығын маған жасыра жүгіртуді туанжан коймады. Онысына марғау ғана қарап қойып, курсіне қалғуды мен коймадым. Тағы бір қыс келіп қалса да Мақтапымнан хабар ала алмай кетуімнің көңілсіздігі де баршылық еді... Бесінші районның орталық ауылына күн еңкейе жеттік. Хабарланаған отырган мыңбек ел адамдары мен жұзбасы, онбасыларын түгел жиғаны, ауыл маңындағы ер-тоқымды аттардың көптігінен байқалды. Қарсы алуға қызыл ту көтертіп, бір шақырым жерден ұрандата беттеді бізге қарай. Арттағы Сәрсеннің әмірімен арбаны тоқтатып, секіріп-секіріп түстік. Малақайның маңдайын салпылдата жеткен қырық жамаулы Сәрсен шырқ иірді бишілерді, гармонишаға би күйін тартқызып, билеп жүруді бұйырды. Ербол екеуміз Жаң туанжан мен Қайсенді алдыға салып, ұрандатып келе жатқан қарсы алушыларға қарай тізіле жылжыдық. Биге Әлия алдымен түсіп, бұлтыңдай жөнелгенде басқа бишілер екіден-үштен күлісे қашып, біздің сонымызға келіп тізіле берді. Ең сонында Әлия мен гармониша борсандағы қуалай жетіп қосылды Сәрсен. Құдірлеу піste тұмсығы үшкірейіп, қысықтау сарғыш көзі шекшірейіп алышты.

– Неге билемейсіңдер! – деп зекіді бишілерге.

– Ауыл адамдары ұран шақырып келе жатқанда былқылдансылқылдан қалатындей не болты бізге! – деп Мәрия ғана жауап қайырды оған. Қарсы алушылар жақындағанда күлкілерді тоқтатып, мен де ұран бастадым. «Америка жиянгерлігінің итаршысы гоминдан жеңдеттері жоғалсын!» деген ұранды коса шақыртқанымда маған бір қарап қойған Сәрсен үнсіз көтерді колын. Менен зып етіп өте шықты да, ең алдағы туанжанға

қатарласты. «Бірінші орынбасардың» орны расында сол еді. Мыңбек, жұзбектердің қолдарын алдымен алған да өзі болды...

Арбадағы шатырларды тігүе әртістерді жібердік те, бұл райондағы үгіт әрекетінің бастама жиынын ауыл шетінде жұрт беделділері мен атқамінерлердің тарамай тұрған шағында ашып алуға келістік. Жиынның беташар сөзін Сәрсенниң «өзі» сейлеп, өзі басқара жөнелді. Жаң туанжаңның сөзін аударуды да Мұқанға қимай «өзі» аударды. Сейлегендегі жігерінен малақайының маңдайы да сапылдан, әр сөйлем сайын тұмсығын бір соғып тұрды. Бұл жиындағы маған міндеттелген сөзді де «өзі» сейлей жөнеліп, малақай маңдайын екі рет сапылдан үлгергенде туанжаң күбірлеп тоқтатып, сөзге мені шақыртты.

Чаушанда болып жаткан соғыс апаты жайындағы менің ашынышқа толы сөзім дүр сілкіндірді тыңдаушыларды, тым әсерлі шыққанын көздердің бажырауынан, елеңдей тыңдал, жұрттың дыбырдан мұлде тоқтауы мен сонында өздіктерінен ұран шакыра түргелулерінен байқаган туанжаң, сөзім бітісімен ыршип келіп қолымды қысты.

Ауыл қыдыра жүргізілетін жаяу үгіт қайдан басталып, қалай беттейтініне дейін келісім тапқан соң тарады жиын. Күн көкжиекке таяпты. Жаң туанжаң мені ымдан шақырып, қолтықтай жөнелді оңашаға. Таңертең арбаға отырғаннан бері маған жат көзben қарағыштап келуінің себебін сұрау ойыма түсе қалып еді. Сөзді өзі бастиды:

– Парткомға сен аз келдің, аз келдің! Менің келіншегімді көрдің бе, жоқ па, ол да жас және жақсы! – деген сөзін өз тілінде тез сейлегендіктен әрен түсіндім де, аныра қарадым: «өзімнің жақсы келіншегім бар. Әлия туралы менен қауіптенбе» демекші сиякты.

«Әлті буаз әскердің бірі сіздің келіншегіңіз еken ғой» дей жаздағаным а күлкім келді.

– Көрдім, жақсы! – дей салдым, іштегі күлкіні әрен тежеп.

– Ол сүйкімді, оны мен өте жақсы көремін. Ол да жақсы көреді. Баламыз енді екеку болады! Сениң қалыңдығың да жақсы. Ол да сені жақсы көреді. Сен оған бекер өкпеледің! Ол...

– Менің қалыңдығым кім? .... Әлия ма, оны кім айтты сізге?

– Менің келіншегіме өзі айтыпты. Сүйген соң болды, жасыру керексіз, ұят болмайды.

– Ол өтірік айтқан. Менің сүйген қызыым басқа. Әлияның сүйгені де басқа!

Шатыр жақтан бір жұзбек бізді малға бата қылуға шақырды.

– Өтірік? – деп туанжаң аныра қарады маған. – Өтірік болса ол неге солай айтады? Тілмаш шақырайын ба?

– Қазір керек емес. Мәселені сізге кейін түсіндірермін. Қазір бізге осы қызметті жақсы істеге ғана керек. Әлия жөніндегі мәселеге алан болмаңыз. Сізден бүтінгі жолда ешкандай қателік өткен жок. Ал, менде де мәселе жоқ! – деп қарқылдай күлдім. Туанжаң да курсініп жіберіп күлді. «Әния!» деп қалды өзі. Әлияның қасына отырып, «мұхаббат бұзғыншысы» болып қалу хаупінен енді азат болған сияқты.

Шатырга қайттық. Ауылдың қонақ асына соймақ малдарын матаудан Сәрсен зекіре босатқызып, өзі қуа жөнелгеніне ауыл адамдары үдіріе қарап, етірет қарқылдай күліп тұр екен. Орынбасарының бұл қызметіне Жан туанжаң разылықпен изектеді. «Су қайнатып берсе, шәй-тұз да, наң да өзімізден. Мал ысырап етпеніздер!» деп мыңбекке қарап үш рет бас иді. Бұл сөзін Мұқан аударып түсіндіргендеге кемпірлер танданып, ауыз сылпылдатты да, мыңбек пен жұзбек қызығыш тарта тұнжырады. Маңайындағылар тым-тырыс аңырысты. Туанжаң етіретін жиылдықша шақырғанда, ауыл адамдары сөлмірейіп, үйді-үйіне тарай берді.

Етірет жиыны ертең басталатын жаяу үгіт группаларына бөліну жөнінде талқы жүргізді. Таңертенген бері тамақтанбаған көпшілік талқыны қайтпек, «басшылықтың өзі бөле салсыны!» деп кынжылысты. «Қыншылыққа шыдау» жөнінде сөйлей жөнелген Сәрсенді тыңдамай қағытпалап, бір-бір тоқаштарын үлесіп аласала жер ошақ басына жөнелісті. Жан туанжаңның алдына алты орынбасары ғана қалыппыз. Бұлардың ішінен де қыншылыққа «тоқ қызыл» Сәрсен саясат пен «нақыл қызыл» Мұқан ақсайтан ғана шыдап көп сөйледі. Группаларға тізім жасады.

Бар тілегім Әлиядан құтылу ғана болып, әредік-әредік мен де сөйледім. Сол періні мениң группама мықтап жапсырған Сәрсениң өзіне өткізуі ымдай бердім туанжаңға. Әлия екеуміздің арамызда бір жұмбак мәселе барын байқап қалған туанжаң, бұл талабымды Сәрсенге ең соңында зорлап қабылдатты...

Ертеңінде таңертенец бір-бір тоқашымызды жей сала, мұнан соңғы тамақты барған ауылдарымыздан ақша төлеп жайтін болып аттандық. Мәрияш пен Қиялзат бастап тізілген группаның соңынан ере жөнелгенімде, жеке сөйлесіп тұрған Әлия мен Сәрсен түйіле қарады маған. Әлия көзін сұрте сүзілгенде Сәрсениң жүзі несерлі бұлттай тұнеріп қарады. Маған арнаған осы сапардағы жаласын осы сайқалды қосақтау арқылы жапсырмақ еді. Ол жоспары орындалмай қалып бара жатқанына тұнгергендігін түсіне кеттім.

Басқа топтар жылу құрайтын ауылдарына жырлап барды ма, жылап барды ма білмеймін. Біздің топ міндетін сөзбен ғана орындаі

берді. Өн мен биді ауыл жиынында жұртшылық талап еткенде, иә, «қонақ кәдесі» үшін ғана пайдаланды. Іс салмағын сөз тегінен өлий білетін сарапшыл-таразы халық, Чаушаниң шапқыншылықтан құтқарылуы жолына барын атады. Әр ауылдан майданға жазылған азамат пен қаражат тізімін әр күні кешке жақын штапқа атпен жеткізіп түрдік. Қызыметіміздің артық-кемшілігі жайында да мәлімдеп тұру талап етілген еді. Қиялзат екеуміз кезек шапқыладық. Табысымыз басқа группалардан әр күні артылып отырғандықтан Жаң туанжан бізден «жаман стил», қателік-кемшілік сұрауды қойды. Шаршағанда Қиялзаттың тізесін жастана сұлайтын Мәрияның «мәселеесін» мәлімдеуді мен де қойдым. «Жаңбыр жауғанда Би футуанжан<sup>11</sup> пальтосын Фатимаға кигізді», «қалпағын Қатипаға кигізді» дегендей «мәлімдеулерін» Қиялзат та токтатты.

Осы табыстармен қыыр шеттегі 7-ші район ауылдарын қыдырып жүргенімізде бір қырсық туыла қалғанын білмей де қалыптыз. Жаң туанжан жар салып, бәрімізді бір-ақ шақыртты штапқа. Барсақ Сәрсен сайрап, сөз кезегін ала алмаған Мұқан тісін қайрап отыр екен.

– Кейір футуанжанымыз, ерінен қашып төркініне келген келіншектің қасына қонған. Ыңғай бойжеткен қызы, жесір келіп бар үйлерге конатын кадрларды де естідік!... Ал, жап-жас әйелі бар Әмірқанның үркү осын-дайлардан корқудан пайда болған оқиға екендігінде дау жоқ! – деген Сәрсен сөзінің үстіне келіппін. Түйіле қарадым.

Бұл көрсетілген футуанжаңы мен едім. Ерінен қашқан келіншектің төркін үйіне қонғаным рас. Бірақ, төсегіне қонбағаным тіпті рас болатын. Оған дәлелім көп еді. Жауап беруді кейінге таstadtым да, Ерболдан «Әмірқанның үркү» дейтін оқиғаны сұрадым.

– Осы районның шеткөрі бір ауылында саяқтау қоныстанып жүретін Әмірқан дейтін шалдың әйелінің аты Шәмшә екен. Екеуінің арасында кірбендей бар сияқты. Біздің этіретті «Әмірқанды жоғалтып, Шәмшәға көмектесейік!» деп келе жатыр деп естілті де, қашып жоғалыпты! – Ербол осыны айтып құлді. – Жаң туанжан осы шалды кім корқытқанын сұрап еді. Сәрсен бар пәлені екеумізге жауып отыр!

– Қыз-келіншегі бар үйлерге қонып жүрген сен бе едің? – деп күлдім мен.

– Е, жауын жауып тұрғанда ыңғай кемпір-шалдың үйі табыла бере ме, қызынан корқып далада қалайын ба!

– Туанжан, – дедім мен бастыққа тіке қарап, Мұқанның ыңырана

<sup>11</sup> Би футуанжан – Биғабіл футуанжан дегені

бастаған сөзін ишарамен тоқтата сөйледім. – Ербол сен аударып бер туанжаңға! Осы сапарда бізден үріккен жалғыз Әмірқан ба, тағы басқа үріккендер бар ма?

– Басқа жоқ, – деді туанжаң. – Бірақ, мұндай қоркушылар көбейе берсе өте зор шатақ туылады. Мәселені осындай кішкене кезінде аныктап, уақтында шешіп отыруымыз керек. Маужушидың нұсқауы осылай!

– Олай болса ол бізден қорқып қашқан емес. Әмірқанды мен талай көргенмін. Танимын, өз кәсібін ғана білетін аққөnl енбекші. Бірақ, әлеуметтік байланыстан шет қалған қорқак, надан шал. Сіздер Американы Миго деп атайдыздар. Біз, Америка деп өздері атайдын өз аттарымен атайдымыз. Америкалықтарды кейде Американ деп атайдымыз. Ал, Әмірқан шалы, «Америкаға қарсы тұрып, Чаушанға көмектеселік!» дейтін ұранды әйелінің аты Шәмшә болғандықтан өздеріне жорыған, «Әмірқанға қарсы тұрып, Шәмшага көмектеселік!» деген мағынада ұққан. Өзінің әйеліне аздаған өктемдігі болғандықтан содан қорқып қашқан. Ол жайын білетін қалжыңшыл ағайындары солай қоркуына себепкер болуы да мүмкін. Нанбасаңыз, үйіне барып сұрап көрелік!

Ербол бұл сөзді аударып бола бергенде Жаң туанжаң енді ұқтым дегендей қарқылдай күлді. Бірнешеуі оны жалғыз күлдіргісі келмегендей жарқылдай күлді.

– Сөзімнің жалғасы бар, күлкіні тоқтата тұралық! – дедім мен.  
– Туанжаң, сіз, біздің арамызға жаңа келдіңіз. Тұрмысымыздан да, салт-санамызбен мінез-күлкімымыздан да сауатыңыз жоқ. Кесіп айтқан бұл бағамның дұрыстығын кейінірек толық түсінесіз. Қазір сізге айтпасам болмайтын қысқаша ғана бір пікірміді айттып тынайын: осы сапарда сіз пікірді жағайымсып-жалбақтамайтын, көп сөйлемейтін сапарластарыңыздан көбірек тыңдаңыз! Көп сөйлеп, маңайыңыздан кетпейтін жағымпаздардан тыңдамасаңыз тіпті жақсы болар еді. Ал, тыңдамай болмайтын мезетте аса сақтана тыңдау дұрыс. Ондайлар сөзсіз қателестіреді. Мәселен, Әлияның әйелінізге айтқан сөзіне сеніп қалғандығыңыздан, осы сапарға шыққан күні басыңыз қатты ауырмады ма!

Қызара қалған Жаң туанжаң Әлияға жалт қарады. Ол, тұқырып алыпты.

– Басқаны шарпымай сөйле! – деп күбірледі Сәрсен.

– Шарпудың әкесі енді келе жатыр! – деп күліп жіберіп жалғастырдым сөзімді. – Сол Әмірқанның қашу себебін туанжаңға сен не деп түсіндірдің! Біздің келіні мен қызы бар үйлерге қонуымыздың,

«Өмірқанға қарсы тұрып Шәмшәға көмектескелі қаптап келе жатыр» деп қашқан сонау шеттегі Өмірқанға не байланысы болыпты!..

– Жас әйелдерге «көмектесіп» келе жаткан дақпыртымызды естімей ме, Бигаш ол! – деп құлғен Сәрсен, сөз соңын жайма шуақтай салды. – Бірақ, мұнда саған қаратқан мәселе жоқ. Тек, жалпы Өмірқанның қашуына тұртқі болған ахуалдарды айтқаным ғой, қате болmas!

– Өмірқан, жас әйеліме «көмектесіп» қояды деп қана қауіптенсе, әйелінің қасында болып қорғамай ма! Сол қимасын иен тастап, өзінің ғана қашуы қалай?... Қисынсыз қиракезік көрсетіндігінді қате емес деп ақтап көрші қане! Ал, бұл дәлелсұмайыңмен бізді ғана емес, туған елінді түгел қаралап, мына күнәсіз сәби туанжанға қате түсіндіріп отырғаныңды түсінемісің! Қарындастарың үйіне қона салғанға дайын бола салушы ма еді!.. Иә, ата-анаң қонағына келіні мен қызын қоса салушы ма еді!

Қызметтестер түгел карқылдан құлгенде Сәрсен күрсітіп, тығыла түсті. Сейте де, туанжанға көнімді жуас адам болып көрінүүшін баю үнмен сейледі:

– Ата-ана мен қарындас әркімде бар ғой, мырза, енді оларға шабуылдамасаңы!

– Бізді ғана қылмыскер етіп көрсету үшін соларды түгел масқаралап шабуылдан отырған өзің емеспісің, пролетарым-ау! – деп құлдім мен. Ербол мен Өмірбек, «мырза» мен «пролетар» жөнінде Сәрсенді сықақтап, қақпақылдай қақты. Менен қорғанғысы келіп, енді үндемей жымыған «саясат», жасанды қылышы мен жамаулы киімі әшкөреленіп бара жатқанда ғана өршеленіп, туанжанға ханзу тілінде сөйлем кетті:

– Жаң туанжан, Өмірқанның қашуына себеп болған тағы бір фактор айтылмай қалыпты: ол, Бигабіл мырзаның елден ерекше киген мына киімі. Жарқыраған қара құрым ботинканы көре сала ғоминдаң ұлығы келді деп қорқып қашқан.

– Бигабіл жолдастың бұған жарғағын Өмірқан алдыңғы жылды да, былтыр да көрген, – деп Ербол да төте тілмен жауап қайтарды. – Онда қашпаған Өмірқан, енді қашпақ па! Бұл да жалакорлық пікір!

– Бигабіл жолдаас осы райондарға бес жылдан бері таныс үгітші, сен аудар, – деді Өмірбек Ерболға жымия қарап.

– Мына қаражарғағы осы елге бес жылдан бері таныс жарғак. Сол кезде қашпай, дәл осы кезде үріккен адам, тек Сәрсеннің малақайының мына салпылдағынан ғана үріккен. Бұл даусыз факт. Қараңызшы, туанжан, адам түгіл ат үрікпей ме мынасынан!

Байдың гоминданышыл баласы осынысымен пролетар «жолдас» аталмақ па! – дей сала Сәрсенниң малақайын басынан жұлып алғып, шатырдың есігіне лактырды. Бажырая калған туанжан көпшіліктің дуылды құлқісінің екінімен бірге құліп жіберді де, ұшып тұрып, Сәрсенниң малақайын әкеліп кигізе қойды. «Қалжың-қалжың, ештене емес, ештене емес!» дегендей жұбату сөзін күбірлеп айтты да, көпшіліктің құлқісін қол ишарасымен тоқтата сөйлемеді.

Айтылған қайшыкез пікірлеріміздің бәрін де қабылдағандай, бұл «рухымызды» жақсы-жақсы деп бағалады. Қалған пікір болса, «оқиға етілген семьяны» барып тексеріп көрген соң ынтымақтылықпен сөйлеуге шақырды...

Ертеңіне таңтерен құн ашық екен. Атпен барып, Әмірқан семьясынан мәсселе анықтауға Жаң туанжан Сәрсен мен мені ғана ертті. Қожыр-қожыр адырларға қопақтай жетіп, еңісте құйысқанға, өрде ат жалына қос қолымен жабыса аяңдап, шалқар түстеген жетті өзі. Иен сайда шошайған екі қостан үдерес шықкан жеті-сегіз қара борбай үдірейісіп, көз астыларымен ғана қарайды. Үлкендерінен ешкімі шыға қоймады.

– Ой, Сәке, – дедім, қосқа жақындай бере арттағы Сәрсенге дауыстап. – Малақайыңың мәндайын салпылдатпашы, енді балашағасын үркітерсің!... Сәлеметсіндер ме, балапандар? – дегенімде екі үйдің «ақжаяулығы» бір қостан шыға келіп амандасты. Жастау қара торысы қөзін кең аша қарады маған: «мынау, былтыр келіп жүретін өзіміздің Бигабіл ғой!» – деп қасындағы кемпірге күбірлей сала амандасты. Шәмшә осы екенін тұспалдай түстім аттан:

– Аманбысың, қарағым? – деп кемпір қос қолын соза ұмтылғанда, Шәмшә қолынан шылбырды алғып, атымды бір қазыққа апарып байлады. Туанжан кемпірге менише қос қолдап амандастып еді. Өзі жатсынып, тосырқай қарап тұрған кемпірге Сәрсен тіпті жат атаямен таныстырды оны:

– Қорықпаңыз, шешей, өзіміздің Жаң туанжаң ғой!

– Сен де қазақ па едің, шырагым-ау! – деп кемпір Сәрсенниң өзіне түйіле үнілді.

– Ал, женеше, Әмірқан ағай қайда? – деп сұрадым Шәмшәдан. Сыпайы әйел кібіртікеп сөйлей бастағанда кемпір сампылдан ала жөнелді. Қосынан сырмақ әкеліп жайып, бізді отырғызыған соң Шәмшә да бір тізелеп отыра қалып сайдады. Оқиға былтай дамыған болып шықты.

Бұрынғы әйелі өлген Әмірқанға Шәмшә бұдан он шақты жыл бұрын қалынмал күшімен – ықтиярсыз келген екен. Ұрыс-

қағыстары жи болып, үшінші баласы туылғанша Әмірқан оған недәуір жәбірлі «жиянгерлік» істепті. Сондағы қылмыстары осы жолы үтікте шықкан «коммунистердің» шақырган ұранымен менің жорамалымдағыша, ұштасып қылпылдатпасын ба. Өзін іздел жүргендердің» көптігін, ұсқындарын, әскерше тізіліп, ауыл-ауылды «тінтінулерін» сырттан баспалай жүріп көрген Әмірқан «мына құқының қылған екен маған!» деп ауылына қарап күбірлей зытыпты. – «Аузын тезірек алмай болмас!»...

– Жаным, Шәміш!... Шәмшажан, сен осы үкіметке мен туралы бірдеме айттып па едің? – деп сұрапты келе салып.

– Е, не бопты, тергеді ме өзінді?

– Қаладан өңшең ескі киімді жепанжұн қаптап шығыпты. «Әмірқанды құртып Шәмшәға көмектессейік! – деп айқайлап мени іздел жүр!

Осындағы кулардың бірлесіп шығарып жүрген қалжыны болар деп жорамалдаған Шәміш соған меңзеп қалжындағы салыпты:

– Сен маған не істемеп едің! – деп жорта бүртія қалғанында, жалбарына жөнеліпті Әмірқан:

– Оны қойғанмын гой, жаным! Енді тіпті қояйын, құлың болайын! Мына балаларды жетім калдырма Шәмшәжан, ақыльың бар еді гой!

Әйелінің қасақана жауап қатпай сырт айланып жүріп кетуін, «арыз жазып, көмекті өзі шақырганға» үйғарған Әмірқан алға жалынуына намыстынып, ызамен тыла қойыпты. Атына қайта қонып аяңдап бет-кейге шыққанда қарсы алдынан көзігे кетіпті бір күйдіргі.

– Үй, сарқыт, мына келгендерің кімді жоямыз деп жүр, шынын айттып, шырағым!

– Е, атыңды атап айқайлап жүргенін естімеп пе едіңіз!... Женгемізге көмектесуге ыңғай шолақ етек, бота тірсек қаптап келеді. Олардың бастығы жепанжұннің әскери соты екен. Тезірек жығылыңыз женгейдің аяғына, олар келгенінше өзінен кешірім алдып, арызынан тандырыңыз! Жүріңіз мен ертіп апарайын!

– Үй, шатпашы, әкесін өлтіргендей қатынның аяғына жығылмақпыш ба енді!

– Олай болса кеттіңіз ғой су түбіне, ақсақал-ау, қаша алмайсыз да ғой, женгейдің екі аяғын қаусыра құшактап жатып алудан басқа не лаж қалды!

Үйіне жалт қайырылып айқайлапты Әмірқан:

– Ей құқының мені, құрттың мені!... Енді соларынның біреуіне тиіп ал, мен кеттім! – дей сала беттен асып жогалған екен...

– Бүгін үш күн болды, ағекем мен екі бала сабылып соны

іздеп жүр. Тіпті бұл манда жоқ дейді! – деп жылады Шәмшә, – ұрандарынызды қате түсініп келгенін білген соң корқа түссін деп қалжындағаным болмаса, Құдайдың момыны болып еді өзі!

– Жыламаңыз, Сарқыт екеуініздің қалжыныңыз бір жерден шыққан соң қашқан ғой, іздетіп тауып түсіндіреміз, қайтып келеді, – деп мен токтау айттым.

– Сарқыттың ісі қалжың ба, нағыз кері төңкерістік әрекет бұл, алу керек қолға! – деп Сәрсен ентікті. Жаңтуанжаң оны құптағандай рай білдіре сала, біздің Әмірқанды іздеп келмегенімізді айтып, екі әйелге Америка мен Чаушан туралы ұзак түсінік сөйлемеп қайтты.

Район бойынша іздеуіші салып жүріп, қашқанына бір апта болды дегенде Әмірқан айдалып келді. Тергеу жүргізіліп, сол «қылмысы» анықталысымен аудандық үкіметке Сарқыт айдалды.

Сейтіп, Чаушан майданына жәрдем мен ерікті жауынгер ғана емес, оған қарсы «бұзғыншы» жаһангер де тапқан соң кешікпей ісімізді аяқтатып қайттық. Қалаға жакындаі бере қантардың аязындаі бір сұық хабар сумаң ете түсті: Шәүесшекте жалаға ұшыраған Тұрсын Жарқынбайұлы мен Шәкен Елубайұлы өлім жазасына үкім етіліпти.

Әділетті тергеуішім, адамзатты «коммунизм жәннатына бастаушы» партиямыз Шынжанға алғаш кіргенде өздерінің әртістік шеберлігіне жетілгендігімен халықты таңдандыра, сүйіндіре кірген ғой. Ол шақта бұл партияның бақыт орнататындығына «сениміз толық, туымыз айқын» болғандықтан сахнамызға итке үргізбей, кісіге білгізбей шықпақ болғандай әрекетін тектемеуге тырысқанымыз да өзінізге мәлім. Жауды да досты да өз бауырына тартып, бәріне жақсы көрінудің керемет бір ойынын даярлады ғой соңда. Ойын көрсете кезеңінде өзініз бастап бүкіл армияға «халықтың өгізі» болып көрінуді Шынжанда үш ай үйретіп (репетиция жүргізіп), құлша жорғалатып әкелгендіктерінізден біз де уақытында хабардар болып жатқанбыз. Шынжандықтардан шыбындаі үн естілсе-ақ бас салып, ойынбұзар алатындықтарынызды ұға алатындарға сол арқылы-ақ ұқыттығансыздар. Бұл кітаптың 1-ші бөлімі осы «ойынбұзар» такырыбымен басталғандығының себебі сол. Мұнда комедияларыныздан бірнеше ғана көрініс алыш, басымызға әрек сиғызып отырғанымызда соңғы көріністе Тұрсын мен Шәкен сынды арыстарымыздан алған «ойынбұзарларыныз», ойынбұзар ғана емес әлембұзар болып, бас сүйегімізді дал қылыш жарып жібергендей эсер етті. Аш қасқырдың азуынан қой байқұс осындаі ғана қылмыс көрүі мүмкін екендігін әрине өзініз де білесіз. Қасқырдың коммунизмі қандай болатындығы көз алдымызға келе қалған.

**Екінші бөлім**

# **ТАРАЗЫ**

---

---

## I

Құдіретті тергеушім, өтірік коссам тас тәбемнен ұрыныз!

Аймақтан екі тергеуші мен бір тілмаш келіп, халық бөліміне мені шақыртты бір күні. «Төңкеріс майданында мықты тұрып, жаумен аяусыз шайқас жүргізуімнің қажеттілігін айттып бірсызыра насиҳат берді. Шәкендердің мәселесімен менің байланысымды тексеру үшін келгенін тұспалладым. Насихаттарын тыңдаған сайын миима тікендей қадалды. Қатты ширіға жауап қаттым:

– Төңкеріс майданында ымырасыз мықты тұратындығыма сендіре аламын. Сіздер де сондай тұратындықтарыңызға сендіріп, сұрайтындарыңызды сұрай беріңіздер, ұзақ насиҳат керек емес!

– Шәкенмен байланысың қалай? Бейжинге кетіп бара жатып, сенің үйіңе қоңғанда не сейледі, не істеді? – деп ханзу тілінде сұрады әскери тергеуші. Шетірек тұрған казақ тілмашына қарап, ыммен сұрап аударттым. Шәкеннің атылуға үкімі шықса да, кері төңкерісшілдікке қылмысы шықпай тұрғаны сұрағынан да сезілді. Өлі де құрастырып, шартына толтырып атпақ сияқты. Онына ыңғайын келтірмей, Шәкеннің төңкерісшілдік фактілерін жарияладай бердім. Онымен алғаш танысқаннан үйіме сол сапарда келгеніне дейінгі баяным талассыз өтті. Тергеушілердің дәмесі біздің үйдегі отырыста сияқты. Телміре қарады соған келгенде. Сапарына сэт тілеп, өзіне денсаулық, қызметіне табыс тілеп те ішкізе алмаған арағымызды «компартия мен Маужушидің амандығы үшін!» дегенімізде ғана қабылдағандығын айттып бір тынып едім. Қара елтірі малақайлы құба тергеуші бас изей салды да, әскери сары малақайлы сұры тергеуші тыжырынып қалып, құле сұрады:

– Басқалар «Маужуши үшін!» деп қанша ұсынса да ішпей, позициясын қатты бұзыпты ғой!

– «Басқалар» деп сіз Сәрсенді ғана айттып отырсыз! – дедім мен оған ызбармен қарап. Сәрсеннің көрсетіндісі алдыннан тағы да шыға келгеніне қатты ызаланып қалыптын. – Шәкен жолдас бір бетті, шынишыл, тұра мінездің адамы. Ал, саяси сайқал Сәрсеннің, күні кеше ғана гоминдаңың осы аудандық пырқасында «Жаң

зұңсай үшін» овчаркалық міндег өтеген Сәрсенниң бүгін көрісе сала «Маужуши үшін!» деп араққа қыстауына ол көне ме!... Мен болсам, сол жәдігейлігі үшін Сәрсенниң сол қаражүзіне шапалақ жаңыр едім, Шәкен қонақ болғандығынан ғана тартынған: «Компартия мен Маужуши үшін үй иесі ұсынған аракты жана ғана іштім, рахмет!» деп коя салған.

Сары малақай күлімсірей отырып, сары бокшасынан қағаз шығара сейледі енді.

– Сол отырыстарыңызда бір азамат Шәкенге мұн-зардың әнін айта бермей, төңкерістік ән айтуды насиҳаттаған. Ал, Шәкен, ол пікірді қарсы алудың орнына насиҳаттаушының өзін иянаттап жұдырық ала жүгірген. Солай ғой?

– «Солай» емес, тіпті де «солай» емес! Шәкен, мұн-зардың әнін айтпаған, алдымен Жұнго төңкерісінің «партизандар маршын» орындаған. Екінші ретте Біржанның «Ләйлім шырақ» дейтін әнін, үшінші ретте «Қорланды» айтып тоқтаған. «Бір азаматтыңыздың» Шәкенге зарламау жөнінде насиҳат бергені шылғи өтірік! Сондыктан Шәкенниң «иянаттап жұдырық ала жүгіргені» – ең ұждансыз өтірік! Ал, расы былай: төртінші ретте көпшілік Шәкеннен «Боз жігіт – Жамал» трагедиясындағы өзінің орындаған жоқтау әнін айттып беруін талап еткен. «Бір азамат» деп атап отырған Сәрсенің көпшілікке ақырандай жөнелген сол сэтте «компартия заманына мұндай ән керек емес... Компартия заманында кім жыламақ, қане?» деп ақырған.

«Сіз жыларсыз!» деп Шәкен күлген онысына. «Жыласа, гоминдаң жендеттері жылар!» деген сөзі еді бұл. Анықтап жазып алғыныздар! Көпшілікке ақырған Сәрсенге Шәкенниң осы күлген күлісі, жұдырық қана емес, күрзіден де қыын тиген. – «Сіз жыларсыз,» – деген Шәкен сөз соын дәл былай жалғастырған – «бірақ көпшілік мұндай әнді сіз үшін емес, тарихты ұмытпау үшін талап етіп отырған шығар. Өткенді ескеру, өршелене өрлеу үшін қажет. Бастан кешкенін ұмыту, бастан мақұрым адамның ерекшелігі. Ал, сізді бастан мақұрым демекші емесспін, кешіріңіз, таңданып отырмын. Қашаннан бері компартияшыл бола қалып едіңіз? Мұншалық «жаңарғандығыныздан» хабарсыз екенмін. Әлде 43-44-ші жылдардағы сары ала пырқаңыз қызартып кетіп пе еді!»

Шәкенниң осы сөзіне өшіккен Сәрсен оның басына іс түскенде бүтіндей жала жабуға кіріскең екен ғой!

– Бұл материалды Сәрсен берген емес! – деді сары малақай,

осыным ғана шын дегендей ашыла қарады. – Тек өшіккен адам ғана әшкерелейді деп түсіну дұрыс емес!

– Тек өштігі бар адам ғана жала жаба алады деп түсіну дұрыс. Егер бұл материалыңыз жала болмай шын әшкерелеу болса, Сәрсен өштесіп жазған демес едім. Сәрсенниң жайын толық билетіндігім үшін мұны айтудан қателеспейтіндігімде толық сенемін! Ал тіпті Шәкеннің өз мектебін өртеу үшін тобылғы үюі де жала! Бұл жаланы жабушы завхоз, өзінің әйелі туралы Шәкеннен күмәнданып, яғни бұл да өштескендіктен жапқан! Мәселенің түбін тексеріп, ақ-нақағын айыруға, бір алал төңкөрісші өнер иесі болған азаматымыздың нақақ құймеуіне күш салуларыңызды талап етемін!

– Бізді істің нақақ болмауы үшін күш шығармай жүр деп ойлайсыз ба? – деп сары малақай енді қарқылдай күлді.

– Өшіккен бір кері төңкөрісші жазған материалдың бүтіндей жала скендігі дәлелденіп болса да, үлкен дәсмия етіп, әлі де «әшкерелеу» атап отырсыз ғой. Осындаған аңыстарыңыздан анықтап-актағысы келмейтін дүмбіlez тергеуші ме еken деп күмәнданып отырғаным рас. Бірақ, сіз коммунистік партияның кадрысыз. Соныңыздан ғана үміт күтіп қорықпай талап етіп отырмын. Дүниеге әйелінің артқы саңлауынан ғана қарайтын бас жалақорға сеніп кету зор дәрежеде қателестіреді. Ал, таласқа түскен мектептің әдемілігіне қарап отырып үкім шығарсаныздар, одан да зор қылмыска душар етеді. Әсірессе осы екеуінен сақтануладыңызды талап етемін! Бұл, зор азаматтарымыздың тағдырына байланысты зор мәселе!

Қара елтіріп малақайлы тергеуші бұл сөздерімді естелік дәптеріне тездетіп сүйкей отырып сылқыллады. Сарала малақайлы тергеуші аударушысынан тыңдай отырып, өз қағазына екі-үш түрте салды да күлімсіреген бейнемен изектеді:

– Дұрыс-дұрыс, шын жүректілікпен қойылған талап. Біз ондайdan әрине сақтануға тиістіміз, сенсөніз болады. Ал, инспектор мырза сізді мен де бір мәселеден сақтандырғым келеді. Менің де қорықпай талап етуіме рұқсат шығар?... Маужуши бізге шындықты іс жүзінен іздеуді үйретіп келеді. Әсірессе біздің заң қызметінде мәселенің әділеттабуы үшін бұл принцип шарт ретінде қолданылып келеді. (Бізге сеніңдің дейтін себебім сол.) Ал, сіз сол принцип бойынша анықталып табылған қылмыскерді «төңкөрісші», «жолдас» деп атайды да, партияға жақындастып, жәрдемдесу жағында болып жүрген азаматтарды «кері төңкөрісші», «екі жұзді сайқал» деуге бейім көрінесіз. Сізді мен жеке өз бетіңізбен үкім шығарудан

сақтануға, жеке батыр болмауга, компартия жағында болуга, шындықты іс жүзінен іздеуге шакырамын!

Мандайымнан тер бұркырап шыға келді. «Шындықты іс жүзінен іздеу – Марксизмнің мен табынатын ең ерекше қасиеті ғой, осыны қалай түсінген мына сұры?... Қайдан шықкан ұғым бұл? Қалай анықтасам екен?» деген оймен таңдана қарам алып сөйлемді:

– Өз күмәніңді сіз де шын жүректілікпен айттыңыз, рахмет!... Компартия жағында болмауды өлімнен де киын қатер дейтін түсініктің «мырзасы» едім. Ал, «шындықты іс жүзінен іздеу» деп нені айтып отырсыз?

– Түсінбедіңіз бе?

– Түсінбедім. Менің түсінігімнен басқашарақ сияқты. Мәселен, жанағы маған таққан кінәніз бойынша Сәрсенді «төңкерісші», «жолдас» деп, Шәкенді «көрі төңкерісші», «екі жұзді сайқал» деп атасам, шындықты іс жүзінен тапқан болам ма?

– Не үшін солай болатындығын түсінбей отырсыз! – деп қарқылдай құлді сары малақайым. – Сіз жаңа, партия жағында болудың бірден-бір мұратыңыз екенін айттыңыз. Осыныңыздың шын өтіріктің қалай айыру керек. Партия жақтағанды сіз жақтайсыз ба, жақтамайсыз ба, соныңыздан ғана айырмаймыз ба!.. Шындықты іс жүзінен іздеу деген осылай. Шәкен іс жүзіндік әрекетімен партия алдында нақтылы көрі төңкерісші болып табылып отыр. Сондықтан оны енді «жолдас», «төңкерісші» деп атамаймыз. Ал, Сәрсениң тарихи жақтан белгілі дәрежеде қателігі болса да қазір партия жақта. Күнделікті көрген-білгенін мәлімдеп тұрады екен. Бұзық сөз, бұзық әрекеттерді әшкерелеу жағына батыл деп естідік. Партия ондайдың бәрінен де толық пайдалануға тиісті. Сондықтан оның да кім екенін іс жүзіндік әрекетінен іздейміз. «Көрі төңкерісші», «екіжұзді, сайқал» деп атамаймыз. Өзіңіз ойлаңызышы, бар пейілімен партияға жақындасу жағында жүрген адамды «екіжұздісің, сайқалсың» деп жәбірлесек, «компартияға жақында, гоминданышыл қалпында қал!» дегендей көрі төңкерістік сөз болып қалмайма, ха-ха-ha-ha... Бигабили мырза, мұндан қалпақ кио сізге лайық емес!... Сіздің білім қабілетіңіз одан әлдеқайда жоғары екенін, таптық келіп шығуныңыздың да, тарихыңыздың да таза екендігін естідік. Сіз де партияға осылай, іс жүзіндік әрекетіңізben қызмет етуге борыштысыз!... Енді түсіндіңіз бе?

– Түсіндім. Саяси тактика жағындағы кей сөздеріңіз, мойындарлық сөз. Бірақ, идеологиялық ұлы мұрат жағынан

маған мүлде жұмбақ пікірлерініз де көрінді. Қыскаша ғана айтып қалайын рұқсат етіңі!... Бірінші, менің білім-қабілет, тарихтық, тәңкеріс сабында келе жатқан қатардағы азаматтын. Ал, осы жайымды біле тұра менің дәлелдеген мәселелерімнің ешқайсысына сенбейтін себебініз не? Сіздің алдыңызыдағы инабатым мен сол факттерім бір гоминданышының жапқан қысынсыз жаласы құрлы болмағаны ма? Шәкенге мен де жала жapsам құшақтай алғалы отырысыз. Мұнын себебі не?

Екінші, Сәрсеннің беріп жүрген материалдары егер іс жүзіндегі факттерден құралған, дұрыс материал болса, сіздерге солай істеп беріп жүрген алал қызметі үшін оны мен «екі жұзді, сайқал» деп иянаттаған болсам, маған қандай қалпақ кигізсөніздер құқылсызыз. Ал, алал азаматтарға жауып жүрген жалаларының жала екендігін дәлелдегенім үшін күліп отырып корқытпақ болған себебіңіз не?

Үшінші, шындықты іс жүзінен іздеу дегеніміз, бүкіл Марксизмнің – ғылыми материализмнің зерттеу – тексеру методы. Бұл есіресе Шәкендерге түскен мәселе тәрізді кездейсоқ құбылыстарды анықтау үшін өте зәру принцип. Мұны орталық комитет Марксизмшілдікпен мәселені дұрыс шешіп деп дұрыс ұсынып отыр. Еш уақытта бұрыс іске бұрмалап құрал етсін деп ұсынған емес. Ал, сіз, Шәкен мен Сәрсен туралы шындықты қайдағы “іс жүзінен” тапқансыз? Бір адамның іс жүзіндік әрекеті, яғни, әмалияты деп белгілі себептен болған тосын құбылысын аламыз ба, иә, тұтас өмірінің, идеологиясының жемісі болған барлық дәйекті іс-әрекетін аламыз ба?... Бесіктен белі шыққаннан бері көртартпаларға, гоминданға қарсы күресіп келген жалпының жалғыз ұлы Шәкен, өз үкіметі құрылып, өзінің күні шығысымен сол үкіметіне, сол күніне қарсы кері тәңкеріспі болып шыға коймақ па!... Ал, бесіктен белі шыққаннан бері Шың Шысай, гоминдаң үкіметтеріне жасос болып келген байдың ұлы Сәрсен, өзіне жау үкімет құрылып, өзіне тұн туысымен сол жауына, сол тұніне шын жүрегімен белсенді колдаушы болып шыға коймақ па! Марксизм-ғылыми материализм. Ол әлемде себепсіз ешқандай салдар болмайтындығын дәлелдеп болған. Әкесіз бала туылмайды, ғайыптан пайда болады дейтін құрапат нанымның барлығына қарсы. Ал, сізді, шындықты ғайыптан іздеуші деуге дәлелім жоқ. Себебі, Маужушидың іс жүзінен ізде деп үйреткендігін айттып отырысыз. «Іс жүзі», «амалият» дегенді түсінбей отыр деуге де дәлелім жоқ. Себебі, Маужуши сізге оны да «алмалият туралы» деген

атақты шығармасымен 37-ші жылдан бастап үйреткен. Солай емес пе? Олай болса осы үш түрлі сұрау тек мынадай ғана жауап табады. Жалаларға карсы факттерді тындағының келмей, жалақорлардың материалына жабыса беретін себебініз, сіз Шәкеннің мәселесін анықтау үшін келген қалыс тергеуші емес, сол жалаларды қалыптастыруға ғана келген дағуагерсіз. Полкке мектеп бергісі келмей, айтысып қалғандығы үшін Шәкенге сіз де өштесіп қалған жалақор дағуагерсіз. Сондықтан сізді заң қызметкері деп танымаймын. Осы көргендерімді косып, жоғары жаққа арыз жазамын!

— Макұл, макұл, жазыңыз! — деді сары малакайым, сақылдан күліп, — қайда арыздансаныз да бәрібір, Жұнғо ғұңчанданың заң орны тексереді. Оныңызға қарсы емеспін. Жалғыз-ақ мына екі істі ескерсеніз қателеспейсіз. Бірінші, біздің сізден анықтағалы келген материал, Сәрсендікі деп өштесіп, мәселе тауып алмаңыз! Оның жазғаны емес! Екінші, тергеушіде болатын бір позицияны білмейді екенсіз. Сондықтан маған көрсектен бұл позицияның үшін өкпелемеймін. Түсініп қойыныз, жауапкер мен қылмыскер жакта тұрып сөйлейтін тергеуші болмайды. Сондықтан мен туралы сіз де жаман ойда болмаңыз! — деп күліп қолын созған сары малакайдың қолын мен де күле алдым:

— Басқа қалыс тергеушінің ол тықырына сіздің бұл тықырының ұқсамайды!

— Жарайды, бұл жауаптарынызben пікір-талаптарынызды басшылыққа толық жеткізейін! — деп сары малакай ханзу тілінде ресми сөйледі де соңын шала-шарпы жерлік тілде күле сөйлеп қоштасты. — Біздің идея жақсы, қапа болмайды. Бәріміз бір!

Аударушысымен бірге ол жөнеле бергенде, тұра қалған қара малакайлы қазак тергеуші мырс-мырс күлді.

— Устінен түйе айдал өтсөн де күледі бұл. Ыза болуда да жок, пікірінді қабылдауда да жок. Өз шешімі өзінде!... Ал, аман түр, Бигаш! — деп қолымды күрсіне қысты сонан соң. — Мәселені тамаша аштың, япрай, қарсы жағынды қылыштай қып сөйлейтін азamat екенсің-ау!... Дәлелдемелерің мен талабынды сот комиссиясына толық-ақ жеткізермін. Бірақ, мына шындағы емес, күліп жеңеді бізді. Тұрсын ағаң мен Шәкеннен айрылып қалатын сияқтымыз. Ең үлкен жазаны жоғары жаққа бескіттіріп болған сияқты. Мына тексеруі, жұртшылықтың аңысын байқау ғана шығар деймін. Жазамын деген арызынды дәл солай жазып, тездетіп жолдағаның жөн шығар!

— Бекіткен қай орын екен?

– Үрімжі, Ұан Жын ағаңың нұсқауы шығар. Өте шорт кісі көрінді. Жазсаң одан жоғарырақ орынға – ең жоғары сотқа жазсаң болар ма екен, бірақ, қалайда тез болсын!...

Арызды сол күні кеште отырып, ұғынықты тілмен айқын дәлелдеп кеңінен жаздым. Шәкенге тәнген жалағана емес, «Тұрсын-Шәкен шайқасы» деп аталған зор пәделі делоны төңкеріп тастайтында болып шыққанына қуана жүгіріп жеттім аударушы дос хұйзыума. Үйкысынан енді оянған шакта жетіппін. Қолқалауыма жарай бетін жумай-ақ кіріспі, сәскеге дейін аударып бітіріп берді. Тұрсынға окушы, Шәкенге дос болған азаматтардың ғана емес, барлық сауатты кіслердің қолы түгел қойылды. Жалалы екеуінің аяулы аты көпке таныс болғандықтан, халық өздіктерінен өшіретке тұрып, әдайлел кірісті кол қоюға. Екі тұрлі тіл, екі тұрлі жазудағы үлкен арызды поштаға күн еңкейе жеткіздім.

Шәуешекте қандықол жауыз помещик сібе Пұжынғуа мен Жәлел дейтін жеменгер помещик үйғыр атылды деген хабар сүйінші сұрағандай ғана, сондағы қантар бораны көктем желіне айланғандай жылы леппен тарады. Үш аймак төңкерісінің алғашқы кезінде «Сандуа атылды сүйінші!» деген Бигаділдің үніндей жадыраңқы қуанышпен шықты газет хабары. Олардың өткізген қылмысты істеріне қарап, «өтпейтін пышақпен бауыздаса да раяу екен!» дедім. «Бәсе бостандық дауылы осылай, жанды тебіренте соғуы қажет кой. – Сок дауыл, үдей сок! Барлық жеменгер, көртартпа, қандықол, қараниет жалақорлардың жұлдындарын үзе соқ!»

Соның ертеңінде Шәуешектен келген Өмірбек көшеде кездесіп, Тұрсын Жарқынбаевті де сол екі помещикпен бірге байлап, көше аралатқанын айтты.

– Сақшылар атылатын екі помещикке өз қылмыстарын сөйлетіп еді, Тұрсын аға да сөзі барын, бірақ, сөйлей алмайтындығын билдіргендей, басын шайқап-шайқап жіберді де шалқалап көзін жұмды, қатты жүдепті!

– «Нақақ өлөтін болдым» дегені ғой мына ишарасы! – деп айқайлап жіберіппін көшеді.

– Ақырын сөйле!... Тілін байлап қойған сияқты! – деп күбірледі Өмірбек. – Шалқалағаны сонысын көрсетпек болғаны деп түсіндім. Әйтеүір олармен бірге атылмай қалды ғой, қайтадан анықтайтын болған соң алып қалып отыр ғой! Бірақ, Шәуешекте бұлар тура-лы ешкім ауыз ашпайтын болыпты. Сақшының тегеуріні қатты сияқты. Сен де ашық сөйлемей, «әдеп сакта», шырағым!

– Эй осы жалақорлар жейді-ау сол бейшараларды. Арызымыз тез жетсе екен әділет орталығына!

– Яптырай әлгі сары малақайыңа арыз жазатыныңды айтып қойғаның-ай, поштаханаларға телефонмен-ақ тексертіп, тоса салар ма екен!...

Атылушылардан қалған екінші күні Тұрсын Жарқынбаев туралы өзіміздің Тарбағатай газетіне бір мақала шықты: «Қатерлі алашордашыл Мұстафин» деп атап жариялады. Тұрсын ағасын қадірлейтін Тынысқан басқарып тұрған газет-ұстазын қадірлейтін шәкірттері редакторлық істеп тұрған газет мұны накак басар ма? – деген күмән сап ете түсті миима. Осы мен көрген дәүірлерде ешқандай «алашордашылдығын» көрмесsem де, осы сезімтал құлағыыммен ешкімнен естімесем де, солай құдіктеніп қалдым өзім. Әйттеуір «Тұрсын-Шәкен шайкасы» дегеннің жоқ мәселе екендігіне көзім толық жететін болған соң өз жазған арызымнан қорқа қоймадым. Менің ақтайтыным, сол «шайка» дегені ғана гой. Жарияланғанда қарағанда бұл жағынан ақталуы мүмкін сияқты ғой. Ал, сүйегі әлдекашан курап қалған алашорда тауқыметі Түкенді де әкете қоймас деген сенім үміті жылтырай қалып еді. Бірақ, Түкенді дәл сол «әкете қоймас» деп отырған уақытымда-ақ қағып әкеткен сияқты, сол мақала оны атқан оқпен қарайлас шыққан екен. Үкімі недеуір кейін жарияланыпты. Атылу жайын жарияланған соң ғана сұрастырып ұқтық.

Сол мақала жарияланған күні қара жазумен қаралған алпамсадай Жарқынбаевті дәү қара автомобилдің үстінен түрегелтіп байлаپ, алдымен көшे арапатқан екен. «Алаш орда жоғалсын», «көрі төңкерісші, кертартпа жоғалсын» дегендегей реалдан алыс ұрандарды жаудыра айдал апарып, «Жауыртамдағы» зираттыққа түсіріпті. Тіліндегі құрсау алышысымен «ау адамзат, мен ақпын, нақақ атылып барамын!...» дей бергенінде қатар атылған бес мылтық миин шашып үлгерген екен. Жапа тармағай жүгірген бастауыш мектеп оқушылары жете сала-ақ шу ете түсіпті. Қуаты мол бұжыр-бұжыр ми түскен жерін түршіктіргендей, дір қағып, шоршып жүргенін көріп шулаған екен.

– Математика мен филология ғой ол шоршығандар! – деп Дөрбілжінде естіген мен жылап жібердім. Өз көздерімен көрген оқушылар қалай шуламасын!

Соның кешінде мені Дөрбілжін аудандық сақшы мекемесінің саяси бөлімі шақырды. Ол бөлімге үш аймак үкіметінің алғаш құрылғандағы аласапыранынан кейінгі шақырылғаным осы еді.

Әйтеуір көрпе-төсөнішімді сұрамағанынан байқадым, аласапыран топтар бұл бөлмеде қазірше жоқ сияқты. Жұмаш деген жұп-жуас жалбарақтап амандастып отырғызды да, осы өткен түстен кейін кім үшін жылағанымды құле сұрады. Мен оның қайдан естігенін сұрамай-ақ, қалайша жылағанымды шертіп бердім. Жұзім жанбай келістіріп отырып шертіп едім. Оның өзінің жузі жаңып, тәмен қарап кетті. Саяси жала сабаз педагогтің миымен қосып, оның елу неше жыл бойы жиған бүкіл математикасы мен филологияғылымын шашатынын сөйлегенімде куреніте қалып, күрсініп жіберді. Бірақ, тез қатайды өзі. Принципке өте мықты екен. Сол принциптерімен мені де сірестіріп шегелеп шығаруға тырысты: «Жарқынбаевтің мәселесін бір адам емес, заң кадрларының он шактисынан құралған комиссия тексеріп анықтап отыр. Олар қате жазаламайды!» деді ол. – Егер дұрыс емес жері болса да оны қателікке партия шығармай тұрып сен шығарсан, қатты қателесесін. Жұртшылыққа жаман әсер беретін мұндай сөзді мұндан соң басқа ешкімге сөйлеуші болма! Басқаларды партиямен үкіметке қарсы құтыртқан деген есепке толасың да, нақтылы кері төңкерісі қатарында жаңышталып кетесін! Бұл, сені жайғана корқытып қояйын дегенім емес, Биғаш, шыны сол. Ондай жазага қимайтындығымнан ескертіп отырғаным. Мұнан соң жазаланушилар жағынан ауыз ашпа! Егер нақақ екендігін толық білсен, партияның зан орындарына ғана жазып жібер!

Осылай сөйлемелі келді де «басқаларға кері әсер ететін мұндай сөзді екінші рет сөйлемеуге», «егер сөйлей қойсам, жазалануға разы болатындығыма» тілхат жаздырып алып қалды. Шәуешектегі азаматтардың үнін буып, газетін құйрығынан сөйлетіп қойған қандай құдірет екенін осыдан түсініп шықтым. Қылдырық жолды құпия бөлімдердің осындағы жіп-жіңішке сақшылары шақырып-шашырып алып, жұп-жуан, жұп-жуан құбыжық көрсетіп шығарған екен мой!...

Шолаң-шошырақ қира кезіктер құраған мұндай құбыжықтар бұл аймақтағы нелер сәулелі көзді де бақырайтып қойғаны байқалды. Телбай әкімнің көзі де солай болған сияқты екен. «Тел ағай, енді шайка деп тапқандарын жайқамасын, өзіңіз білетін майданы дұрыс, саналы азаматтарымыз еді мой, жерлік парткомға айтсаңызшы!» деп өтініп едім. «Бұл өлкедегі саяси көз де, әскери қол да бір ғана соғыскер генералда түрмай ма! – деп бас секретарды ишаралады әкім, – «мына дивизияның саяси бөлімі бекіткен іске жерлік партком қазірше қол сұға алмайды. Енді өзің де май өкшенеді

сақтағаның жөн шығар!» – осы сөзбен күле жөнелген әкіммен бірге құлсем де, май өкшені сақтауға емес, май құйрығымды да қыса тұруға мойындағандай болып шыктым.

Арызымыз кеткен астанадан қамқорлықшара күтіп жүргенімде, Шәүешектен бейшара хат жетті бір күні. Куат тым асығыс жазыпты да, апарушы адам оқып қоймасын дегендей сақтықпен желімін тышкарттып, ораған қағазына қоса жабыстырып тастапты. Жарап болып шіберіп, «ішек-қарынын» арши отырып әрең оқыдым: «мектемп өртемек дейтін жалаға бәріміз маталдық. Бүрсігүні Шәкен де оталмақ. Жоққа мойындал, «кеңшілік мәртебе» таппақ болған Үркіншінің өзі он жылға, Сейітбек, Абдолла, Дауітбек мұғалімдер бес жылға кесілетін болыпты. Басқамыз режимде істемек екенбіз. Жау өз ішімізден шыкты ғой. Басқа ешкімге өштік болмасын! Бейжинге сендердің де арыз жазғандықтарынды естігенбіз. Одан келген жауапты тірі қалғанымызға көрерміз. Мұндай нақақша шыдамайтын мінезіңмен енді қатты кірісуші болма, шарпуы мол өрттен сақтағаның қажет!» – деп қана жазыпты.

Бейжиннен жауап келгенише Шәкен үстіндегі үкімді кешеуілдетудің шарасын іздестіргім келді. Дайындық іске деру кіріссем де, өртепіне тұс уақытында әрең жеттім. Шәкен тіршілігі үшін тырбанатын уақытымның бітуіне төрт-ак сағат қалды деген сөз еді бұл. Мекеме қызметі сағат бесте тоқтайтын шаш еді. Аласапыран амалды март қанша қырға аларын кім білсін. Әйттеуір шешім айта алатын біреуін тапсам, айтыса кеткім бар.

Ақылды ағайлардың ешқайсысынан жөн-жосық сұрауға үлгере алмай, аймақтық сот мекемесіне тұра тарттым. Ашық автомобіль үстінде жецил мақталы сырма бешпет тоңазытып келіп еді. Қатынас бекетінен жаяулай жортып, күзетті қақпаға жеткеніміше терден малманда су болыппын. Малақайымды қолыма алып, терімді сұрте өтіп бара жатқанымда алдыннан тоса қалды қүзетші қазақ жауынгер, кімді іздейтінімді сұрап, қақпа сыртынан күте тұруға бүйірді.

Қайта шыға бергенімде қарсы алдыннан жарқ ете түсті іздеген бастығым. Тұсқи дамылдан енді келе жатыр екен. Сол жақ бетіндегі кішкентай тыртығынан таныдым. Аязда киетін ақ жағалы қара тонынан әлі шыға қоймапты. Қарсы ұмтылуыннан езін іздел жүрген біреу екенімді байқап тұра қалды. Іккяласты сөлемімді ытқытып жіберіп, қол бере сала өзімді таныстырудым.

– Ие, ие, естігенмін, атың таныс. Ал, бір іспен келіп пе едің, шырағым?

Бұйымтайымды асығыс бұлдыратып баяндай сала арыз ұсындым. Бұл да екі ұлт тілінде бірнеше адамның атынан жазылып, Шәкен туралы үкімнің тым болмаганда бір ай кешіктірілгін сұраған арыз еді. Сот бастығы оқып шығып, іркілліссіз қайырды жауабын:

– Ең жоғары сотқа бұл айттығаныңнан басқа да бірнеше арыз кеткен сияқты болатын. Сендердікінен бұрынырақ жазылған. Олар туралы да ешқандай нұсқау келмеді. Бәлкім, келе қоятын уақыты бола қойған жоқ. Ол орынға жетуі қынырақ шығар деймін. Ал, бұл делоны актау үшін берілген мүддегет бітті. Сонда да... мұндай талап қоюларың қате емес. Тым болмағанда жұртшылықтың қарсы пікірі аз емес екендігін білейік те!... Қазақша жазылғанын мен алғып қалайын. Ал, сен, полк штабына тез жетіп, мына ханзуша жазылғанын Ложың әзіне қолма-кол тапсы! «Ложың» ә, ұмытпа, орта бойлы, орта жасты, көсе курең!

Сот бастығының қадағалап атап, түстеп таныстыруынан ба, іс соның қолында екендігі түсінікті болды. Шәкендерді «шайка» атап алғаш қолға алушы комиссар осы болғаны фой. Қай жерде екенин сұрап біле сала жүгірдім.

Полк штабының қақпасы төрт жауынгердің күзетінде екен Ложында жұмысым барын естісімен біреуі күлімсірей ымдап, босағадағы хабар бөлімін нұсқады. Хабар бөліміндегі кішкене офицері үлкен байсалдылықпен бажайлай қарап, тексеруге кірісті жұмысымды. Қандай жұмыс екенин анықтап айтпасыма қояр емес. «Ложыңидің өзі ғана естүге тиісті зор жұмыс» дегеніме қанағаттанбай тақауырлайды:

– Нақтылы не жұмыс екендігін айтпасаң, сырт адамды жыңуидің алдына жіберуге құқымыз жоқ! – деп басын бір-ак шайқады. Шәкеннің атылуын кешіктіру жөнінде талаппен кірмектігімді айтсам, бұл жөнінде хабар бөліміне жыңуидің өзінің қабылдамайтын тапсырмасы бар сиякты сезілді.

– «Полк жыңуінің<sup>12</sup> ғана естүіне тиісті құпия жұмыстытындармын деп тосып алатын құқының да жоқ!» – дегенді соқалап ұқтырып тігіле қарадым. – Әскери адам бұл тәртіпті түсінеді. Барып өзіне мәлімденіз. Мені егер осы қазір қабылдамаса, халыққа да, партияға да үлкен қиянаты бар мәселе болып есептеледі!... Гоминдан полкі емес, халық азаттық армия полкі халыққа мұндай бюрократтық істеменіздер!

Осы сөздердің өзін түсіндіруіме де недәуір уақыт кетіп еді. Соңғы сөзді ести сала орнынан ыршып тұрды.

<sup>12</sup> Жыңуи (қытайша) – комиссар, саяси жетекші.

– Дұрыс, осы пікірлерінді өзіне мәлімдеуге болады. Дұзы бұжан<sup>13</sup> а, мен қайтып келгенише қақпа алдында күте тұрыныз, дүй, будүй?<sup>14</sup>

Мені осы сөзбен қақпа сыртына шығарып қойып, өзі ауланың төріне қарай жөнелді. Секундтар сырт-сырт ыршып барады, заулап орғып барады. Уақыт өткен сайын тықырышып, кеткен жағына телмірдім де қалдым. Көзім сыртына теуіп шығып бара жатқандай ма, иә, ішіне қарай ойылып түсіп бара жатқандай ма, тамырлары созылып, орыны аши берді. Хабаршым недәуір кешікті. Сағат төртті басты. Екі аяғым тоқтамай тыптырлап, тықырыши түстім. Жерді неше жұз рет тарпығанымды білмеймін. Айланып кеткен мүйісінен жарқ етіп шыға келгенінде ішке қарай ыршып беріп едім.

– Жынүи жоқ, таба алмадым! – деп дауыстады хабаршы. – Машинамен шығып кеткен дейді, амал жоқ!

«Амал жоқ» дегені «картыңа қайт» дегені екен, қолын сілтеп қалды соңынан. Сағаттама тағы бір қарап жібердім де онысына көне қоймай, хабар бөліміне ере кірдім.

– Табылмайын деген соң табылмайды ғой! – деп күрсініп жіберіппін. Жан қалтамнан арызды алдып, ақ қағазға орадым да желім сұрадым. Асығыста Қуатша мен де желімді тышқақтатып жіберіппін. Бұл да «мықты» жапсырылды білем, дәл сол бейшара хат сияқты құрысып, қотыр-қотыр болды да қалды. – Мынаны Ложыңуидің дәл өз қолына дересу тигізіңіз! – деп түйіле өтініп ұсындым өзіне. – Бұл, кейін сұрауы бар, өте қажетті құжат. Таңертең сұрастырғанымда сол кісінің өз қолына тимеген болса, сіздің өзіңіз жауапкер болатын документ. «Халық үшін қызмет істелік!»

Маужушидың бұл сөзін ол да итағатпен қайталап айтты да арызымды қос қолдап тапсырып алды. Ертең сағат оннан соң керексіз болып қалатын бейшара арызды осылай жолдай салудан басқа лаж бар ма!

Сөлмірейіп Тынысқаның үйіне қарай бетtedім. Бақты бектері мен Барлықтың тен аралығынан күн де сәлмірейіп батып барады. Жер бетінен көңілі қалғандай жылусыз жылтыраған «көзі» өшкіндеп көмексіленіп барып «жұмылды» батып тынды. Ие, есіл Шәкеннің акырғы күні батты! Жалынды әнші, жас жан, жала түгіл жай жалғанға қас жан, сол жалған жаладан мерт болды! Ертеңгі жарқырап шыққан күн, оның мүлде өшіп, өлген күні есептел-

<sup>13</sup> Ренжімеңіз.

<sup>14</sup> Бола ма, болмай ма.

мек. Ертенгі күн қанша жарқыраса да оның өшкен көзін қайта нұрландыра алмақ емес! «Ақ екен, қылмыстан пәк екен!» деп шалғағат нұрына қанша белесе де, абұлхаят сұнына қанша малса да қайта тірілмек емес! Көрге қолқа журмейді. Өйткені ол шексіз тасбауыр, мәнгі қараңғы қойнына кірді кетті. Мәңгілікке бітті!

Тынысқанның үйіне осы зілдей ауыр күймен, ауырлай кіріп едім. Ауыз бөлмеден әйелі амандастып төр үйді нұскады. Жабулы есігін ашып қалғанымда ең түпкі кішкене бөлмесінен скрипканың нәзік мұңлы уні естілді. Үзіле талмаусырап өшіп барып, қайта көтеріле боздағанда еріп келе жатқан женгейді қайтарып, сол ашқан есігімнің босағасындағы бір орындыққа отыра қалдым. Скрипка үні қайта баяулай толқып барып, қайта өрледі. Бұл өрлеуі боздау емес, ашынышты, аса күйіншті мұңның ышқына өрлеуі. Енді ұқтым, Шәкен ғана орындал жүретін сол атақты зардың әні екен. Тынысқан соны скрипкада кеңіте әрлеп, симфонияға айналдырып отырған сияқты. Кей жерлерін қайталап, толықтыра туследі. Соны енді Шәкеннің өзін жоқтайтын күй дастан етіп шығармақтай, зор дарын байқатты. Тынысқан қайталап екінші рет орындал бола бергенде, әйелі мен отырған есіктен дыбыстап шақырды оны. Шыға келіп жалт қарап менимен амандақан Тынысқан, Шәуешекке не жұмыспен келген жайымды қоса сұрады. Шәкен үстіндегі үкімнің кешіктірілуін талап ете келіп, өз сотымызды тапсам да, Ложыңды таба алмағанымды айтып күрсіндім.

– Ие, Шәкен жөнінде іздегенге ол жыңуи табылмайды! – деп ол да күрсініп барып, стол жаңындағы орындыққа отыра кетті. – Табылса да бәрібір, оның делосына қатысым жок, мен сот емеспін дей салады. Оны қой енді!...

Бұл тақырыпта сөйлеуді осы сөзімен доғарған Тынысқан басқа тақырыптарда да сөйлесіп жарыта алмады. Менің де пәлендей жарытайын деп отырған ниетім жок сияқты. Қысқа-қысқа сұрау-жауаптар мен басымыз төмен тарта берді. Ерінің жайын қабағынан танып, ыңғайына бағып әрекеттепетін сараң сөзді әйелі бұл бұйыры жайымызды өзгерктісі келгендей, шәй үстіне жұмыртқа қуырып әкелді де шкабынан екі бокальмен бір бөтөлкө әкеліп, алдымызға қойып шықты. Оны да үнсіз қабылдап, бір-бір рет алысып коя салдық. Үнсіз түрегеліп, барып түп үйден скрипкасын әкелді.

– Сен тыңдап көрші, түсінілер ме екен! – деп күбірлей салды да, мен келгенде өрнектеп отырған күйін орындаі жөнелді. Шыкшты бүлкілдеп, ақ жүзі күп-күрең қан реңіне айналды. Қас-қабағы күйдің нәзік ырғағымен бірге дірілдеп, сан түрлі күбылады. Күй

жарқырап тұрған күн астында құрдым шынырауға тасталған бір кесек гауһардың жарқ етіп, жалт беріп құлдырай жөнелгеніндегі елес берді бір шакта. Сонан соң әр қырынан әртүрлі нұр атып жалындаш барды да, өшкінде жылтылға айналды. Жылт-жылт, жылт қағып барып, түнек теренге батқандай ғайып болды. Естен тандырғандай меніреу мұнмен созылып, үзіліп-үзіліп барып шөгіп тынды. Күйдің өзі де солай ғайып болғандай сезілді маган.

– Не болды сендерге! – деп қалған татар женғенің үнімен «ояндым». Ұстаз да, мен де көз жасын үнсіз парлатып отыр екенбіз. Тынысқан тыйыла қойып құлімсіреді.

– «Қатын ашуланса қазан қайнатады», бар ошағыңа! – деді әйеліне. – Қалай түсінді? – деді сонан соң маған қарап. Қолын жауапсыз алыш, құттықтаған шырай білдірдім.

– Шәкен орындаш жүрген бір әннің әүені арқылы соның өз даусымен өз трагедиясын дәл бейнелейтін күй-дастан жасапсыз! – деп сүйіне қарадым ұстазға. – Жарқырап шыққан күн нұры астында, қайдан келгені белгісіз жауыз қолдан шынырауға лақтырылған бір кесек гауһар, сол тереңнің көрдей түнек түбіне жеткенше көрінді көзіме!

– Оның өмірін ұзартса алмайтын болған соң ең шебер орындаған әннің ұзартқаным фой! – деп күрсінді Тынысқан. – Ие, өз даусымен өз трагедиясын көрсетпек болғаным рас еді. Сол түсінікті болса жарағаны! Бірақ терең суға батқан гауһарға ұқсатып суреттеу жөнін ойламаппын. Ал, мендегі құмастық сезім матиптері музықадан солай байқалса ғажап емес, оны әлі де жетілдіруім қажет екен, жақсы айттың!

Тұрсын Жарқынбаев туралы әлгі бір жалақор мақаланы газетке не себеппен бастырғандығын сұраудың орайы енді келгендей болды. «Оның алашордашыл емес екендігін өзіңіз де айтып жүруші едіңіз фой» деген сөзді қосып сүрадым.

– Үлттық мектептер ара жарыс-бәсекелерде Жарқынбаевпен түртісіп қалып жүретін тегі басқа күншіл ұлтшылдар бар еді, оған «алашорданы» солар танып, мақаланы солар жазған екен. «Бас қылмыскерге сондай үлкен негіз таппаса, атылу шарты толмай тұрған сияқты. Комиссар ол мақаланы газетке Тұрсынның атылатын күніне дәлдеп, партком арқылы өткізді. Оны баспасақ редакторларымызға да сол «алашордашылдықтан» сыйбага беретін сыңай байқатты!...

Соның ертеңіне таңертен Тынысқан менің жүзімे қарай беріп күбірледі.

– Сен бүгінгі үкім орындалатын майданға бармай-ақ қой!

– Не себепті?

– Өнің бұзылып отыр, бір шатақ тауып аларсың. Бүгін барлап-бакылаушылар көбірек шығуы мүмкін. Ол үкімге қарсы пиғылдарды іздер. Ал, сен ондай сұқ көзге шалықпаған жағдайда да бұл, нақақ өлтіру ғой, идеяна дақ түсіу мүмкін. Бармай-ақ, көрмей-ақ қоялық оның өлімін!... Бұл арқылы партияның бүкіл әділлітті-занды ісіне, коммунистік қимылға кір келтіруші болма! Себебі, бұл бүкіл партияның ісі емес. Арам тырнағын ішіне бүккен бір-екеудің ғана ісі!...

– Оны білем, ағай, толық білем. Марксизм-Ленинизмге бүтіндей жат іс бұл. Партия мұнды өртен-ақ теріске шығарады!.. Башекен үәлилік атымен бірдеме айта алмады ма бұл үкім жөнінде?

– Ол кісінің үәлилігі бірлік сап қызмет ретінде ғана пайдаланылатын болып жүр. Чаушан соғысына аэропланы ұшқан соң, өзі көбірек «демалатын» болды. Қазір Шағантоғайдағы өз ауылында. Жиынға шақырылса ғана келеді...

Таңертенгілік шәйді ішкен соң Дөрбілжінге тұра қайтатын көрініспен қош айтысып шықтым да, жұрт ағылып жатқан зираттыққа бұрыла жөнелдім. Ешкімге «көрінбей» үшін ешкімге қарамай, кетіп бара жатқан көктайғақ киімді кадрлар да мен сияқты сырыма сарылы сыпайылар да барышылық. Олар сияқты тұқырмай-ақ тікірейіп өтсем де мен танитын ешкім көрінбеді. Сақшы қорғап тұрған жаза алаңына жеттім де, жай халықтың арасына сізіп тұра қалдым.

Қаладан өрге қарай ышқына зырлап қара машина шыға келді бір шақта. Үстінде қолы артына қайрылып байланған жалаңбас Шәкен, төрт-бес сақшының алдында тіп-тік қарап келеді. Кеудесіне жапсырылған «нақтылы кері төңкеріспі элемент» деген қара жазуды жүртшылыққа айқындалап көрсетіп, мына жалаға қараңдар деген рай бар. Жиналған халықты түгел шолып, әлдекімді ізден келе жатқан сияқты, «келіншегі мен кішкене қызын ақырғы рет бір көргісі келетін шығар, қайтсін бейбак!» деп қалды бір кемпір. “Оларды бұл жерге келтірмеуге бұйырыпты!” деп жаулығымен бетін басты біреуі. Басқа әйелдер де үнсіз жылауға кірісті.

Автомобиль тоқтасымен тәртіп бойынша лақтырып тастамақшы болған сақшыларды иығымен қағып-қағып жіберді Шәкен. Кісенін шалдыр еткізді де өзі ырышып, тік түсті жерге. Шалдырлатып жедел басып барып тұра қалды. Жан-жағына тағы жалтақтап, қимастарын асыға іздеді. Құрс етіп бір-ақ атылды бес мылтық. Шәкен шалқалай

тәлтіректеп барып, қырынан құлап түсті. Шырылдаған әлсіз қос дауыс естілді осы шақта. Шәкеннің аяғы екі сермеліп қалып тынды.

Бір топ ер-әйелдің қоршауында құшағындағы баласымен шырқыраған жас әйел, ыршып келіп, қанға малышынып жатқан өлі денені бас салды. Көз жасым парлай жөнелді. Кілт бұрылып, өзім де жөнеліп беріппін.

Қаһарлы тергеушім, атылғанда да қылмыстары шашылып әшкереленген жайыл кері төңкөріс шайкашыларына актауышы, сактаушы болғанымды, амалым мүлде құрығанда еніреп жоқтаушы болғанымды да енді білдініз. Мен кім екенмін ы..ым! Осы қылмысым бүкіл өміріңзеге азық болар-ак. Мұншалық мол ырыздыкты сіздерге менен басқа қай кері төңкөрісші тауып беріпті! «Істық кампитетпен» енді мені де сыйламасаңыз, алтын таразыларыңызға мүлде қайшы келмей ме!

## II

«Кері төңкөрістік Тұрсын-Шәкен шайкасы» туралы үкім сол күні жарияланып, Тарбағатай газетіне «кері төңкөрісшілерді аяусыз жанышталық» деген тақырыпта мақала шықты. Жарқынбаевтің алды-артында жазаланған атақты помещиктердің де, Шәкеннің алды-артында жазаланған шатақты помещиктердің де жан түршігерлік жауыздықтары тізілді. Ал, Тұрсын мен Шәкеннен олардікіндей жауыздық шықпаса да солардікіндей күп-күрен қан шықты ғой, демек олар да жауыз, сол себептің үстіне мол себеп «нақтылы кері төңкөрісші» атальы атылуы, тіпті, «асқан жауыз» екендіктерін дәлелдегендей. «Олай болса солай болған-ак шығар» дегізгендей, халық сезіміне секемсіз сіңгендей, олар туралы ешкім ақтау айта алмайтын болып қалды.

Әйтеуір, қанқұйлы помещиктердің бірнешеуінен таптық кек алынғаны рас қой, мен қайтып келген күннің ертеңіне Дөрбілжінде Митингі мен көше ереуілі ұйымдастырылды. Партияның үгіт бөлімі сөйлеушілер қатарына мені де қосып койғап екен. Митингіде сөйлеуге бір күн бұрын дайындалған әкімдер сөйлелеп болысымен мінбеке шығу кезегі маған тиесінде қалды. Атақты «шайкаға» актауышы болғанымды естіп, позиция байқамақ шығар деген оймен сақтана шықсан да, өз білгенімнен бөгде, реалдан сырт түсінік қоспауға тырыстым. Жаңа жылдан бері жазаланғандарға «Тұрсын алашордасы», «Шәкен фашизмі», шайкалы қарақшылық

дегендердің ешқайсысын қоспай, таптық тонаушылықты, феодал қандықолдарды, гоминдаң қалдықтарын, зорекер қарақшылықты жоюдың қажеттігін сөйлемді де, бұл жөніндегі бастаманы «қызу қарсы алатындығымды» білдіре, сол жауларға қарсы ұрандап түстім.

Жұртшылық бұл сезімді қызу қолшапалақпен қарсы алса да, сөзге менің соңымнан шақырылған Сәрсен, «қызу қарсы алмайтындығын» сезідіре сөйледі: сезінің барлығында «төңкеріске қарсы саяси шайка» Тұрсын-Шәкендердің жаңыштауын қызу қолдайтындығын қосып, «олардың қалдықтарын» соғуга «жан-тәнімен» көмектесетіндігін білдіріп түсіп еді. Тындаушы жұртшылықтан «қызу қарсы алатын» бірде қолшапалақ естімей түсті.

Мұнан соңғы сөзге шақырылуышылардың көпшілігі менің орталыққа жолдаған арызыма қол қоюшылар екен. Бұдан сол “шайка” туралы саяси орындардың іздейтін мәселесі бар екендігін де айқын сезгендей болдым. Актаушылардан бұл митингіде, әйтеүір, Тұрсын-Шәкендерді қаралап тілге алған ешкім болмады. Жұртшылықтың да сондай райда екендіктепі байқалды.

Осы қызумен көше ереуіліне шықтық. Алдымызда биші қыздар тобы жүрді. Ең алдыдан әрине Әлия көрінбес пе. Басқа қыздар оқалы камзол, қос етек көйлекпен өздерінің ұлттық өнер көркемдігін менгере билесе, ол танқы құйрық, тарбалақ сыммен бөкссесін төңкере қылмындал, таңғаларлық «қызығындықпен» құйқылжыды. Халық тек сол мол құйрыққа жиналатындей, жиналған сайын жымындал, көпшіліктің қарқ-қарқ құлқісіне «бөлсөн» бұлтыннатады онысын. «Нағыз төңкеріс деген осы!» – деп Сәрсен жыргайды. – Бұл пәле қыз «жана мәдениетті» қалай тез игеріп үлгерген!» – Әлияның өнері жиған халыққа өзі де алдымен үлгере сөйлеп, «Тұрсын-Шәкен шайқасын» нығыта соққылап жүрді.

Сол ереуілден екі-үш күн өткенде аупартком шақыртты мені. Шақыртқан Лиң секретардың өзі екен. Бөлімінде жалғыз отыр. Түрегеліп, қолымды қыса шұлғып амандасып отырғызды. «Бір мәселе жайында қысқа ғана пікірлесуге» шақырыпты. Қысқа ғана дегені бойынша аударушы керек етпеп едім. Қойған сұрауы ұзак жауап беруге тиісті сұрау болып шықты.

– «Тұрсын-Шәкен шайқасы» туралы қандай позицияда болдың? – деп сұрады.

– Ол туралы үкімге бүтіндей қарсы позицияда болдым! – дей салдым да себебін түсіндіруге ханзуша тілім жетпейтіндігін айтып,

Сәрсен мен Мұқаннан басқа тілмәш өтіндім. Секретарь аудандық үкіметтегі дос хұйзуымның атын атап телефонмен шақыры да, уақытының тым аз екендігін айтЫп, негұрлым қысқаша тұжырып сөйлеуімді сұрады. Алғашқы келгендеі аққұба толықша жүзі солғын сұрыға айналып, жағы сорайып қалыпты. Міндетіне аса жауапкерлікпен ауыр қарап, тым аз ұйықтап жүрген кісі сияқты, солып ішіне отырып кеткен кем көзі ғана емес, екі көздің міндетін жалғыз атқаруға дағдыланып – бадырайып алған сау көзінің шанағы ойыстанып қалған екен.

– Жергілікті тұрмыс сауатымыз аз, бізге көбірек тыңдау өте қажет. Бірақ, амал жоқ, уақытымыз жетіспей жүр! – деп әлгі қысқа сөйлеу талабын тағы да ескерткендей болды шужи. Тілмаш келіп отырысымен сол «көрі төңкерістік шайқа» дегеннің мұлде нақтағын айтЫп, себеп дәлелдерімді тұжырып-тұжырып сөйлеп бердім. Сонында дәл осы мазмұнда ең жоғары сотқа арыз жазғаным да айтЫлды.

– Оған қол қойғандар кімдер? – деп сұрады секретарь.

– Қол қоюшылар көп, есіме түгел сақтай алмадым. Әйтеүір қалашығымыздағы еңбекшілер табынан шыққан, компартияға сарайы түзу сауатты азamatтардың бәрі бар, өздіктерінен өшіретке тұрып қол қойды. Компартияға жау жақтан, дұспан тараптан, жалған жағымпаздықпен күле кіріп жүргендердің ешқайсысын қоспадым. Мәселен, Сәрсен мен Мұқандар жоқ. Олар қол қоймақ болса да, тілегімізді былғатпау үшін қойғызбайтын позиция көрсеттім.

Лиц Дәйшің секретарь каркылдан күлді бұл сөзіме. Изектеп біраз ойланып қалды. Қол қоюшылардың есімде барларын қазбалап сұрап ма екен деп дайындалып едім, оны да қойып, басқаша сұрап сұрады.

– Ең жоғарыға секірмей-ақ өлкелік үкіметтің жоғары сотына не себепті жазбадыңыз?

– Ең мықты панамыз орталық болған соң, ең қатты қысылғанымыз да сол адрес кана есімізге түсіпті.

Лиц секретарь Үрімжідегі қолбасшы секретарының бұл мәселеңдегі позициясын білетін сияқты, «орталықтың Шынжандағы өкілі Уаң секретарь естеріне қалай тұспеген?» дегенді ашып сұрамай жымып, орағыта ескертіп қана өтті:

– Арыздарыңды орталықтың ең жақын жердегі – Үрімжідегі өкіліне жазбайсыңдар, Бейжиннен жауап келгенше үкім орындалып болыпты.... Енді не істейсіндер?

– Не істейміз, атылғандары кетті қайтып келмейді. Қалғандарына қамқорлық келер, нақақ делоны қайта тексертер, қандықол жалакорларға тиым салар!

– Дұрыс-дұрыс, солай болады. Егер қателік болса, орталық комитеттің түзететін сөзсіз! Осылай үміт күткенің жақсы, Бигабили мырза! Шындықты іс жүзінен іздеу жөніндегі жанағы сенің түсінігің ете толық. Партия сөзсіз солай қарайды! – деп сағатына қараған секретарь, айтпақ негізгі пікіріне келгендей, ырғалып қойып жалғастырды сөзін. – Ал, арыздарына жауап ретінде орталықтан нұскau келгенше бұл үкімді ешкім бұза алмайды. Бұзу түгіл, аздаң түзету туралы пікір ұсынғандар идея жағынан өздерін тексеруге тиісті болып тұр. Үкімді қаралайтын мұндан мәселеле болып қалмасын! Ертеңнен бастап, Маужушидың «жаңа демократизм» туралы шығармасын негіз етіп кадрларға үйрену жүргізіледі. Дос пен қасты айыру туралы осы үкімдер де іс жүзіндік мысалға алынуы мүмкін. Егер сен айтқандай бірер қателігі болып табылған күнде де мұнда жазаланушылардың көпшілігіне қолданған шара дұрыс кой, істі негізгі үлкен жағынан қарап бағалауың керек. Әрекетті қаралап қоюшы болма, жалпы төңкерең жолымыз негізгі жағынан дұрыс. Халықтық демократия мен диктатураны халық санасына, кадрлардың санасына дұрыстап орналастыруымыз қажет, негізгі нысана осы!... Сендердің наразы болып арыз жазғандықтарыңды аймақтағы саяси заң орындары да, ерекше сот өкілдері де естіген еken. Түзету беріп қоюды бізге тапсырыпты. Кейбіреу өзіңе сын айтса, жуас қана жауап бер, тіпті үндемей қоя сал! Максатын дұп-дұрыс. Маган шынышылдықпен жақсылап түсіндірдің. Ештең болмас, құдіксіз жақсы істей бер!

Аупартком секретарының алдынан осылай шындық пікірінді баяндап та, өзінің шынышыл, тап-таза жүрегі барын байқап та шықтым. Өзінің сақтандырушы жылы сөзіне де, жылулы райына да разы болдым. «Халықтарды бостандыққа жеткізуші – коммунизмші партия кадры, бәссе осылай болса керек кой!» деп жүргегінен жылынып шықтым. Ал, әлгі «шайка» табушылардың ендігі мына зейілдігіне ызамен бірге күлкім де келді. Баяғыда бір қатігез шалдың әйелі өзінен күшті еken. Қамшысын үйіріп қоқаңдай берген «батырының» алқымынан ала түсіпті де алып ұрып, кеудесіне мініп отыра қалыпты. «Батыр» тулас-тулас аудара алмай, әйелі басып отырған қолындағы қамшысын ескертіп, «қатын деймін, үй қатын, тап көзіне қамшы тиеді енді, тұрып кет

деймін жаныңың барында!» деп кіжінеді дейді. «Қатын, қатын, көзіне қамшы тиеді!» дейтін мәтел содан қалған екен.

Нақақ шығарған үкіміне қарсы пікір айтушыларды бұл зейілдерде солай қорқытып жуасытпақ тәрізбен өзімізді сыннатпақ болғанына мырс-мырс құле беріппін. Кеш түсіп, қызметтен қайтысымен Өмірбектің үйіне қарай бетtedім. Мекемеден бірге шыққан қызметкерлерде дағдыдағы қалжың-күлкі жок, жымжырт, түнде жауған қарлы жаңбырдың лайсынынан сақтану ма, иә, ертең басталатын «үйренудін шарпуынан сақтану ма, әйтеүр бір сақтану жиырылышы пайда болған сияқты сүмірейісп, сыйбырызы-дыйбырызы жөнелісті. Батып бара жатқан күннің де сондай сақтықпен жым-жырт сұңғіп бара жатқандай көрінуіне жымия қараптын. «Ал, күн ана бұрын санғырлап күліп, даңғырлап сөйлем батушы ма еді!» деген оймен күліп жібердім. Маңайыма қарап, өзімнің де сондай сақтықпен күдік сезіміне оқыс тап бола қалғаныма қынжылдым сонсоң. «Адамзат Құдай тағалаға да ойыншық емес. Оны бар деп сенушілер «жаратқандығы» үшін алғыс айтуды өздеріне шарт деп білсе, сол жаратушының өткізген қателік-қылмыстына пікір айтуды да шарт деп білуі қажет қой. Со-лай етсе, Құдекен де қылмысты іс істей беруден аяғын сақтана басуы мүмкін шығар. Математиканы жаратқан адамзаттың ұлылығы осындай дәлшілдік-шыншылдықтаған!

Өмірбектің отауына осы ұжданмен қайралғандай жарқылдан, ірі мінезбен кіріппін.

– Үй, өзің қай күшіңе сеніп батырсынып жүрсің? – деп жымия қарсы алды үй иесі.

– Не болты батырсынбайтын, бостандыққа жетіп, төрт түрлі еркіндік алғанымызды естімей мылжиып отырмысың!... Қазір Нұрияштан басқаның бәрі бар менде, тірі болса, оным да табылады!

– Ертең басталатын үйрену, арыз жазғандарға күйзелу ала келетіндігін естімедің бе?

– Естідім. Одан күйзелетін не бар! Компартия осы ауданға да келіп орыныш болды фой! Сенше «үйі түскенде миы түсетін» жаман болмасын!

– Е, бүйте берсөң, миың түспегенін көрермін. Тұрсын ағандікінше шашылып та кетер! Сенім жағынан Шәкен сенен кем бе еді! – дей салды да келте мұрның тартып қойып, кейінгі естігендін сөйледі. – Олардың үстінен шығарылған үкім Үрімжіден бекітіліп келіпті деген сөз бекер екен. Үрімжіден сары киімді бір өкіл ғана

келіпті. Бекіткен сол еken. Мұндағы заң кадрларына қолын бір-ак сілтеп, атылсын дей салыпты!...

Линқ секретардың «ерекше сот өкілі» деп атағаны есіме түсे қалды.

– Бәсе, әскери сот келген еken ғой! – деп құрсіндім. – Соғыс кезінде басып алынған жерге келе сала «кананы ат, мынаны шап!» деп бұйыра салатын әдетімен атқызыған еken ғой!

– Ие, сол әдет бар сияқты. Әскери кескіндікпен көз ашқан Уаң Жын ағаң, сол мінездің атакты өкілі емес пе!... I..m, ендеше к... ңді қысып жүр, келе салып дамолдаларға «Күдайыңды да атамын» деген батыр, сениң тіл безеуіңе көнеді еken деме! Өзіңмен Лиң секретарь сөйлескен шығар?... Сен жазған арызға қол қоюшылардың берімен сөйлесіп жатыр. «Үйрену жүргізледі, сын айтылса жуас бол!» деп берімізге тапсырды. Сонда... жуас болғанда қалай жуас болу керек? Үкімнің нақақ жерін нақақ демей, мойындан сал деген сөз емес пе бұл!

– Жоқ, шыныңдықты бұрмалап мойындан салу, үлкен қателікке соғады. Сынға жуас боламын деп акты караға айналдырып мойындан салу жуастық емес, ластиқ. Марксизмше жуас болу деген, құлға айналу деген сөз емес, адал төңкеріспі болу деген сөз. Мұндаидай даулы істе жуас бол десе, жуас сөйлеп-ақ жалған, мен жаланы жуадай жұл! Оны төңкерістің әділ қызметіне азық ет! Бұдан басқа жуастықтың жолы болмайтындығын көргенбіз ғой!... Дәл осы үкімнің қателігі партия мен үкіметтен емес, заңдан емес, айырым жалакорлардан туылды. Қай жерде де осылай сөйлесең болғаны!

– Әттеген-ай, Шәкеннің сол жалакорларға жем болып кетерлік бір кате сөзі бар еken-ay! – деп құрсінді Өмірбек. – Анау күні саған келген жалақор тергеуші дәл сол шақта тімтініп жүріп тапқан еken. Бейжиннен қайтып келген соң Шәкен, «қытайлар бақа мен жыланды, итті де жей береді еken» деп қойыпты ғой біреулерге. Сонысы «бүкіл қытай халқына қарсы кері төңкерістік үгіт» болып табыла кетті.

– Осы тапқан фактының өзі де дәл қазір белгілі дәрежеде қателік болғанымен, өлімге бұйыруға жааралық факт емес. Қытай халқының уытсыз азықтығы бар мақұлдықтарды талғамай жей беретіні рас. Көне замандарда тұрмыс таршылығынан пайда болып, қалыптастып кеткен әдет. Онысын өздері де, басқа ұлттар да біледі. Басқа жерлес-бауырлас ұлт еңбекшілері ол әдеттері үшін жауласқан емес. Ұрлап, иә, зорлап жемей, адам жемей, сондай

ашық алалдықпен қунелте алатын ырыздығы мол өміршендік қасиеті бар жүртшылықта шындығында өштесудің қажеттігі жоқ кой. Онысы үшін өштесетіндер тек әр ұлттан шығатын адам жегіш, дін жамылғыш шонжарлар ғана. Ал, дұрыс ниетті сот келіп, Шәкеннің ашаршылықтарда жеп өскен желкегі мен өлекселерін, қан мен кебегін білестін болса сол сөзді ханзулармен жауласу үшін айтпағандығын да білер еді. Ату түгіл түрмелемей де ескертіп түзете салу жағында болар еді. Сайып келгенде оны атқызыған компартия мен Марксизм емес, ал енді...

– Элия келе жатыр! – деп сырттан Mehîr асыға кірді осы шакта.  
– Ол енді саған тыңшылыққа келді, Биға!..

Шынтағына қоңыр жамау бастырылған сұр костюмі мен сары сым киген Элия іле-шала сылдырап сөйлеп кірді есіктен.

– Екеуің тағы да отырыпсындар гой, e-he-he-he!

– Е, отырмағанда сен екеуінді тағы да қайте бермекпіз, о-хо-хо-ho! – деп Өмірбек әдейі оқырана күлді. Mehîr косыла күлді де, Элия бұрттия қарады оған:

– Қойшы енді сондай қалжынды!

– Қашаннан бері қойып едің?... Олай болса, Қасенің туралы қалжындағын ба, Үсенің туралы ма?

– Қой деймін енді, жалаларынды қоздата бермей!

– Өзің қоздатып, қоздатып алып, «қой» десең, енді боталағаныңда ғана боздатайын ба!

Mehîr бұл сөзге қыстыға сықылықтап шығып кетті. Өмірбекке ашумен тікірейген Элия көзінің қылымымен маған да бір қарап қойып күлімсіреді:

– Біған аға екеуміз мұндай қалжынды қойғанбыз, ие!

– Ие, лажсыздықтан әрең қойып жүрміз гой эйтеуір, құдайға шүкіршілік! – деп жымыған маған енді салқын сызбен қарап отырып қалды. Былтыр күздегі үгіт сапарымызда Жаң туанжаның сұрауы бойынша, айрылысып кеткен себебімді түгел мәлімдеп, іркес-тіркес «қалындық болған» жігіттерін айтып бергенмін. Элияның жузінен сол «қылымысымды» естіген-естімегенін іздел мен де қарап қалыппын білмейтіндей, әлі де үмітті өштіксіз өкпелі шырай ғана байқатты Элия. Өмірбек әлдене оймен майлы көзін жұма жымып, сыртқа шығып кеткен соң сөйледі:

– «Лажсыздықтан әрең қойып жүрміз» дедің бе?... «Құдайға шүкір» дейді тағы да! Шынымды айтсам, мен әлі қояйын деп жүргенім жоқ! – деп сылдырай күлді. – Сен қойсан өз еркің, менің саған деген достығым мәнгі сакталады!.. Шәкен туралы қатты

қайғырып жүрсің, білем, сөйлемейтін болып алдың. Мен тіпті қатты өкінемін сол кісінің де кері төңкерісші болып кеткеніне!

– Ие, сенін тіпті қатты өкінетін жөнін бар, – деп томсардым мен. – Былтыр бүйіріне қанша жабыссаң да бір құшақтай алмай қалдың-ау, бейшара!

– Қойшы марқұмға олай қалжың айтпашы енді, аға деп жақсы көргенім болмаса... Өзінің кері төңкерісші болғанырас па? Қалай атылды, кім атқызды өзін, ел нақақ деп жүр, барып келдің ғой сөйлеп берші!

– Жә, өзің сөйлеп берші, мекемеден менің соңымнан шығып едің, мұнда келерің бар, менімен неге бірге жүрмедин?... Алдыңнан Сәрсен тосып, бері қарай сол «куалап» жіберді ғой, ие?

– Жоға!... Екеумізді Сәрсен таныстырып па еді сонша! – деп өзінің орынды сез тапқанына сықылықтай құлді Әлия. – Өзім осында бір көріскім келді... Шәкен ағаны сол кері төңкерісшілдікке кимай, ызадан ұйықтай алмайтын болып қалдым. Анығын оқашада бір сұрап алайын деп, – деді де бетін басып, көзін сұрткен болды. Ол сұрткілей бергенде түрегеліп, жөнеле бердім.

– Қайда барасың?

– Дәретке...

Сол кеткеннен ертеңінде таңтеренгі үйрену жиынында бір-ак кездестім Әлиямен, орнымыз аудандық үкіметтің кішкене залы болып белгіленген. Оқу бөлімінен, халық істері бөлімінен, сақшы мекемесінің саяси бөлімінен, тыныштық пен демократияны қорғау одағынан құрылған жалпы отызнесе қызметкер бір группа болып белінген екенбіз. Үйренетін шығармамызың ҳанзуаша нұсқасы мен тізімізді Жаңбужаң әкеліп, Сәрсен саясатқа ұстартты да өзі бір бұрышқа барып отырды. Группа бастығы Сәрсен, орынбасары Ербол болатындығын, сол түкпірге барып отырып ап айтты. Сәрсен аударып оқып күшнене бастағанда, Қазақстаннан араб әрпімен басылып келген қазақша нұсқасын Ербол сурып алып, судырата жөнеліп еді.

– Жок-жоқ, тұп нұсқасының өзінен аударуға жетпейді! – деп Сәрсен, қолын шайқап-шайқап қалды, көпшілік ду құлді.

– Сенің аударуынан жетігірек шығар деймін! – деп құлді Айыржап. – Сенбесең ҳанзуашасына қарап «тексерे» отыр.

– Сәрсен саясатқа осылай «тексерте» отырып оқытып, үйренушілердің ұқпаған жерлерін ұтатындарымыз түсіндіріп ескертеп отырып оқып, әр күні таңтерен екі сағаттық уақытпен бір аптада бітірдік. Үйренудің бұл сатысында Сәрсеннің сая-

си сауат жағынан маған тікірейген мүйізі майырылғандай болды. Өйткені Қазақстан аудармасынан оның тексеріп қатеге шығармак болған сөйлемдерінің дұрыстығын мойындата бердім. Өзінің қате түсінгендігін жай да мойындағатпай, желкесінен баса мойындағатқандаймын, әр таласымыздан бір күлкі шықты да отырды. Бұл үйренгеніміз, Жұнғо қоғамының жартылай феодалдық, жартылай отарлық сатысынан социализмге өтуге дайындалатын аралық дәуір «жана демократизм туралы» еді. Үйренудің екінші сатысына екінші аптада өттік. Бұл сатыда сол үйренгендерімізді қазірге дейінгі тарихи ахуалдарға, қазіргі іс жүзіндік әрекеттерімізге байланыстырып талқылайтындығымызды Жаң Бужаң сөйлеп түсіндірді. «Тартынбай талқыландар, алдымен қазіргі осы қоғам туралы әркім өз түсінігіне реалды мысалдар алып сөйлесін, кемі болса толықтырып, қатесі болса түзету айтыңдар! Басқа ешқандай мәселе жоқ, тек, танымды арттыру қажет. Ол үшін дұрыс танымға жеткенше тартысындар, аянбаңдар!» - деп тастап, бұрышына қайта отырды. Қасындағы аударушы Мұқан жазатын қағазын жайып салып, жалақтай қарады жан-жағына.

– Қанекі кім сөйлейді?... Ұақыт ысырап болмасын, жолдастар, тез-тез сөйлеңіздер! – деп дығырлата түсті Сәрсен. Қазіргі Жұнғо қоғамының жартылай феодалдық, жартылай отарлық бейнесін дәлелдеп уш адам сөйлеп болысымен тыржия қалды өзі.

– Уай, жолдастар, бәріміздің танымымыз бұрыннан солай түп-түзу ме еді!... Жұнғо қоғамын бәріміз осылай, Маужушише түсінуші ме едік!

– Енді қалай? – деп қалды біреу.

– Е, қате түсінік зәру болса, өзің сөйлессөші! – деп біреуі көсіп қалды. Алалдықпен мойындағансызып, құліп жіберген Сәрсен, басын изеп-изеп жіберіп рұқсат сұрады.

– Сөйле дессеніздер сөйлейін, сейлейін! Рұқсат па, жолдастар? – деп изектей қалды. – Міне ендеши, өзіндегі мәселені ашу деген былай болады. Қанқор Шың Шысайға да қызмет істеп бергенмін мен. Мінекі! Соның алты саясатын үгіттейтін саясат мұғалімі болғанмын. Ол кезде мен гоминдан басқарып тұрған Жұнғо қоғамын феодал жиянгерлік деп түсінгенмін. Гоминданнан солай жиренгендігімнен Шың Шысайдың саясат мұғалімі болдым. Оның қаншалық зор қылмыс екендігін, мінекі, ұлы Маужушидің қамқорлығында енді ғана түсіндім. Сол саясаттың оқытушысы болғандығым, Шынжанды ұлы Жұнғомыздан бөліп, қанқұйлы Шыңның өзі жеке король болуына қызмет істеу емей немене! Бұдан үлкен азғындық бола ма, а!

– Азғындығың бұл емес! – деп күліп бөлді Ербол оның сөзін. – Алты саясаттың өзі социалистік Совет одағының талабы бойынша жасалған дұрыс саясат болатын. Ол саясаттың оқытушысы ғана болсаң, төңкерісші болғаның! Өзінді етірік қаралама, зұжаңым байқұс! Онан да Шың Шысадың қандықол сақшысына жасос болғанынды айтсаныш! Қанша төңкерісшін ұстарттың!

– Жо-жоқ, Ербол жолдас! – деп Сәрсен Жаң бужанға қарады. – Жасос болғаным жоқ, сейлеп болайын!

– Өзі сейлесін, өзі сейлесін! – деді үгіт бөлім бастығы. – Сәрсен жолдас жақсы сейлеп отыр! Әркім осылай өздігінен, өз идеясын қазып сейлеген жақсы!

Сәрсен енді өзінен-өзі жиренгендей бейне көрсетіп, күрсіне тыжырынып жалғастырды сөзін:

– Сол азғындықтан жүзіміз жанбай келіп гоминданға өттік. Менің мақұлдықтығым сонда, оның әзәйлігіне тағы алданым: «феодал жиянгерлік қоғамы» деген танымымды быт-шыт қылып, Жұңго қоғамы ұлы көсеміміз Жаң Зұңсадың басшылығында құлдық пен отарлықтан құтылған еркін демократиялық қоғам деп түсіндірді. Мен еркіндікке енді жеттім деп түсіндім. Сөйтіп, азғындағанинан азғындалап барып санмиңжуюидің<sup>15</sup> оқытушысы болдым. Санмиңжуюидің маған өте-мөте ұнағаны «ұлтшылдығы» болды. Бірнеше ғасыр бойына мұнғыл мен мәнжұ хандығының тепкісінде келген ұлы ханзу халқы ұлтшыл болып, өз тәуелсіздігін сақтаса, одан үлкен мұрат бар ма деп түсіндім. Сол түсінікпен Дөрбілжін аудандық пырқаның үгіт бөлім бастықтығына дейін кетерілдім. Сөйтіп, гоминданың қабан жендеті, яғни, кернейі болып кеттім. Үш аймақ төңкерісі басталғанда, мен партизандарға төңкерісшілдігіммен емес, сол қылмысынан қорқып қашқаным ып-рас. Мінеки жұп-жуас әкемнің бар малын сол төңкеріс расходына сол қорыққандығынан шашып, такыр жерге отырғыздым. Барлық қателесуімнің түпкілікті негізі қоғамтануымның қателігінен болған. Жартылай феодализм, жартылай отар қоғамының перзенті екендігімді маған міне ұлы Маужуши ғана толық түсіндіріп беріп отыр. Бұл қамқорлыққа шекіз қарыздармын. Жолдастар, енді қателеспейтіндігіме сенімім толық!

– Сөйтіп екі дәүір қарақшыларының халыққа қарсы шпионы болғандағы қылмыстарыңды айтпай-ақ кеткенің бе? – деп күлді біреу.

– Жолдастар мен жауыздықтың осылай шегіне жеткендігімді,

<sup>15</sup> Санмиңжуюи (гоминдан саясаты) – үш мұрат.

гоминдан пырқасында бастық болғандығымды айтып отырғанымда, егер істеген болсам шпиондық деген сөз бе. Ол, гоминдаңың ең тәмен кара жұмысшысының міндеті!

Сәрсенниң осы түлкілігіне қарсы сөйлеуге менімен бірге бірнеше қол қатар көтеріліп еді.

– Дажа-мажа, Сәрсен жолдастың бұл сөзі өте әсерлі болды, – деп Жаң бужаң басу айтты. – Бұрынғы қуыршақ үкіметтерге істеген осы қызметтері арқылы нақтылы өткізген қылмыстарын парткомға өздігінен тапсырды, әлі де тапсыра бермек, өздігінен тазалану рухы жеткілікті. Оны сейлемету үйренуіміздің харектеріне симайды және уақыт алады. Бұл үйренуде таным жағынан дәл осылай сөйлесе болғаны!

– Бұл ку өзін янаттай отырып киген мына қалпақтарының астынан мәселе түгіл өзі де табылmas, – деп күрсіндім мен. – Маужуши айтқандай конфет қағазына бомба орап ұстатьп өте бермек!

Тағы біреу рұқсат алыш, өз танымын сөйлей бастағанда Жаңбужаң менің бұл сөзімді Мұқаннан сұрап тыңдаپ, естелік дәпптеріне жазып алды. Мұнан соңғы сөйлеушілердің бір сызырасы Сәрсенше сөйледі. Тіпті өзінде болмаған «мәселені» де тауып, қалпағын неғұрлым ұлкейтіп киоге тырысу, ұлғіге айналғандай. «Қылмыспен» жарыта алмайтындарының жүзі тәмендеп, ұялатынды шығарды. Өзіме сөйлеу кезегі келгенде мен:

– Қылмыссыз адамдар сөйлей алмай қиналып отыр! – деп баstadtым сезімді. – Біздің қазіргі талқылап отырған тақырыбымыз, Жұңғо қоғамының жартылай феодализм, жартылай отарлық халі туралы еді. Қоғамының осылай болып қалу себебін табу үшін өзімеғана үңілсем мен де сөйлей алмайтын сияқтымын. Өйткені оған мен тіпті де қылмысты емеспін. Ал, негізгі қылмыстыларды Маужуши шығармасынан толық үйрендік. Олар шетел жиянгерлігі, өзіміздегі феодализм мен биорократ капитализм екен. Бұл жауларға менің титтей де ымыраласқан жерім жоқ. Бұлардың өзара қалай келісіп, біздің қоғамды осы халге қалай түсіргенін сөйлей бер десеңіздер түбін түсіремін. Сөйлейін бе, сөйлемейін бе?

Көпшілік күлкімен қарсы алды да «басшылықтар» бір-біріне қарасып, ойланысып қалды.

– Сөйлесін, сөйлесін! – десті бірнешеу. – Биғабіл жете түсіндіріп сөйлейді! Ол сөйлесе, артық болмайды!

Сәрсен Жаң бужаңға жүгіріп барып күбірлеп-күбірлеп жіберді де, бас изетіп келіп отыра қалды орнына. Күбірдің сырын алдымен үгіт бөлім бастығының өзі ашты:

– Өз әрекетінде болған кемшілік-қателіктерді соған байланыстырып сөйлесе болады!

– Бұл тақырыпқа байланыстыруға лайыкты кемшілік-қателігім жоқ! – дегенімде Сәрсен, бауырмалдық білдірген кісіше күлімдей бастады сөзін:

– Биғаш, адам өз кемшілігін бірден тануы кын. Мен есіне түсіріп көрейінші, рұқсат па?

– Рұқсат, рұқсат! Өзім таба алмай қиналып отырғанымда көмектесе алсаң алғыс айтармын!

– Мәселен, біз осы үйренген шығармамыздан «халық» деп, дос деп кімдерді танитындығымызды білдік кой, Биғаш? Ал, жаңа өзің айтқандай жартылай феодалдық, жартылай отарлық халге түсіріп койған жау деп кімді танитындығымызды да білдік кой?

– Ие, білдік дедім гой!

– Білсөң, енді өз мәселенді, мәселен, осылармен болған байланысынан іздеши!

– Іздең таба алмадым дедім гой, «мәселен» осы «жартылайлардан» бүтіндей құтқарып социализмге жеткізетін өтпелі дәуірдегі дос таптарға істеген қастығым болмапты да, жауларға достығым болмапты. «Мәселен» білсең айтып-ак берші қане!

– Мәселен халық дегеніміз – жұмысшылар табы, егіншілер, ұсақ буржуазия, ұлттық буржуазия. Солай гой, Биға? Мал иелері де осы қатарда. Қазір тиіспейміз. Оларды тергеу, тұртпектеу дегеніміз – бұзғыншылық. Яғни жау жаққа шығу деген сөз. Осы жағынан өткізген мәселенді ойлап көрші! «Кім халық жақта тұрса, сол төңкерісші, кім жау жақта тұрса, сол кері төңкерісші» солай ма, Биға? Өзінді Маужуши үйреткен осы таразымен өлшесең қате кетпейсің!

– Кітаптан алған сөздерің – маужушидың сөзі гой, әрине дұрыс. Өзің қосқан сөз – Сәрсеннің сөзі, әрине кате. Мәселен, мал иелері де халық қатарында деген сөз кітапта жоқ. Бұл таптың феодалдық жағын тектемейміз деген сөз де жоқ. Мен гой, кызды малға сатып, малша байлап-матап жоғалтқан екі байды ғана тергедім, мұны маған ескертпей, қай жақта тұрғанынды өзің ескергенің, өзінді тексергенің жөн!

Көпшілік ду құлді бұл қайтартама.

– Ал енді өзің айтқан дұспан жақпен болған байланысында келейік, – деп екінші шабуылға ынғайланған Сәрсенге ашу шақырды екі кадр:

– Сен басқаға көмектесуден бүрын алдымен өзіңе «көмектесушілерге» жауап беріп алсаңшы ей!...

– Бұл қалай өзі! Бар мәселені жауып қойып, жок мәселені іздете ме екен!

– Тоса тұрыңыздар жолдастар, – деп тоқтаттым оларды. – Бар мәселе ешқайды кетпейді, жокты іздесу керек. Бардам кісінің жоқшылық көрген кедейге «көмектесуі» жақсы қасиет. Қиналғанда әрен тауып отырған «көмекшімді» тоқтата көрменіздер! Ал, сөйлей бер, Сәке! (Сәрсен сөзін көпшілікпен бірге тағы да құле жалғастырды.)

– Расында былай, жолдастар, бұл үйренуде Бигашқа көмек қажет болып отырған себебі бар. Және қателіктерін түсінбей отыр. Мәселен, алдыңғы сөзінде бұл қоғамның жауларына «тит-тей де ымыраласқан жерім жок» деді ғой. Енді соған келейік!.. Бигаш, біздің негізгі жауларымыз жиянгерлік, феодализм, бюрократ капитализм» дедің ғой солай ма?... «Кім жау жақта тұрса, сол жау». Мәселен, солардың атылған Шәкен сияқты кері тәңкеріспі құйрықтарын ақтау деген, ашықтан-ашық жаулық, солай ғой, Бига! Шәкен атылғанда нақ сол майданның өзінде жыладың ғой!

– Кітаптан қосқан сөздерің дұрыс, өзің қосқан мысал қате. Жоғарыға арыз жазғаным рас, ол атылғанда жылағаным да рас. Кесіп айта аламын, Шәкендер Маужуши шығармасындағы осы таразы бойынша өлшеніп атылған емес. Сондықтан, бұл туралы партия мен үкімет жазықты емес!...

– Енді қалай, партия мен үкімет оны көрмей атқызды ма? – деп тікірдейді Сәрсен.

– Сен сияқты жалақорлар атқызды!... Шәкеннің үстінен үйілген жаланың ішінен сенің қосқан жалаңды өз көзіммен көрдім. Былтыр біздің үйдегі отырыста Шәкен сен жазғандай қылмыс істеп пе еді!

– Не жазған екен? – деп елең ете түсті біреу.

– Сөйлей бер, Бигаш!

– Біз де естиік, сөйле, Бига! – деген бірнеше дауыс катар көтерілді. Сақшының саяси бөлімінен үйренуге қатынасқандардың біреуі басу айтты дүрліккендерге:

– Тәртіп-тәртіп! Біраз тоса тұрыңыздар! – деп тоқтатты да Жаңа бужаңмен күбірлесе кетті.

– Сенің сөзің бітті ме, бар ма? – деп бастық біраз уақыттан соң Сәрсенниң сүрады.

– Бар, бар, әлі жарымы бітпеді!

– Бигабили мырза, олай болса, алдымен группа бастығының көмегі сөйленеп болсын!... Дұрыс па, дұрыс емес пе дажа-мажа?...

– Сөйлессе, сейлем болсын! Бірақ әлгі сұрауға қарай Бигабілдің толық жауап беретін құқығы бары да есінізде болсын! – деді Ербол. Оның да бұксі танауы түргелеп түскен екен.

– Жолдастар, мен Бигаштың өзінен ешқандай мәселе таба алмағанына қарай, өзінің де талап етуіне қарай есіне түсіру үшін ғана көмектесіп отырымын, басқа ешқандай қарарым жок!... Ал, Бигаш, былтыр біз парткомның бөлмелерін ақтап жатқанымызда, сен ақ жібек көйлекпен кіріп келе жатып не дедің өзің айтшы!

– Қақпаға шығып келе жатқан екі буаз әскер көрдім. «Ой аллай, буаз әскер көргенім осы!» дедім!

Көпшілік ду күлді тағы да. Сәрсен тәртіпке шақырып алып сейледі.

– Дәл айттың, жарайсың!... Ал, жолдастар, ол әйелдердің біреуі мұна Жаң бужаңның Рапиқасы, бірі үйымдастыру бөліміндегі Ли бужаңның Рапиқасы. Оларды масқаралашы білімді бас инспектор Бигабіл. Білмей сейлеген надан біреу емес. Ал, жепаңжұн, халықтың бірден-бір құтқарушы армиясы. Ол екі жолдас сол катардан келген аупартком қызыметкерлері. Ал, бұқіл жепаңжұнді, тіпті коммунистік партияны осылай масқаралашу, қай майдандағы адамның ісі!... «Кім жау жақта тұрса, сол жау» екендігін түсінесің ғой, Бигаш. Қай жақтың адамы екениңді өзің сөйлеші енді!

– Сейле дегенің дұп-дұрыс, сөйлейін. Мен Жұнғо компартиясымен оның армиясы – Жұнғо халқының бірден-бір құтқарушысы екендігін дәл сол кезде біле тұрып сөйлегенім рас. Және буаз әскер дегенді дәл сол аулада ғана көргенім де ып-рас. Одан бұрын буаз әскер көрсем көзім шықсын! Көпшілік ду көтере күлді бұл сөзіме. Құлқіні қоя тұралық, жолдастар, менің жауабым жаңсақ жазылып қалмасын, дуылдаманыздар, сөзім бітпеді!... Ал, сол екі ғана әскери жеңгемнің буаз екендігін тосыннан көріп таңданып қойғандығыммен бұқіл партияға, бұқіл армияға, ол арқылы бұқіл халқыма жау бола қалмақтын ба! Мынауың да пәлендей өнімді «көмек» болмады, Сәкел! Жұнғо халқының осындаі жүкті әйелдеріне дейін мылтық ұстап, майдандасып жүрген себебі, жауымыздың мен сияқты қалжыңшыл емес, өзің сияқты қанішер болғандығынан шығар!... Ал, жауап бергізгениңе рахмет! Енді басқа қылмыстарымды «есіме түсіре бер»! Әйтеуір көмек бергін келсе көзге көрінерлігінен бере көр!

Мұқанның аударуынан тыңдаған үгіт бөлім бастығы да қызара

күліп қарқылдарап отыр екен. Сол екі әскерді «буаз әскер» ататып қойған екі «қылмыскердің» бірі өзі болғандығынан қызарғаны ғой. Сәрсен шабуылға енді шаптыға өтті:

– Бигабілдің әйел-қыздарды бұлай қорлау ғана емес, аяқ асты етіп, тастап кеткен шіріктескен қылмыстары да жетерлік. Мұнда да бұлтартпайтын факттер бар. Бигабіл, сенде феодалдық идея бар ма, жоқ па? Алдымен осыған жауап берші өзің!

– «Шіріктескен», «әйелдерді аяқ асты еткен» қылмыстары да жетерлік» дегендерін тіпті ұждансыз жалақорлық! Олай делінетін себебі, бір ұждансыз – штансыз жезөкше үшін ақтаушы болып, тап-таза стилдің адамын қараламақ!... Өздігінен көп адамның аяғының астына түсіп кеткен бір салдақы үшін мен «шіріктескен», «феодал» болып қараланбакпын ба! Бұл қалпақты сол жезөкшең мен өзің ғана ки!...

– Бап жауап осы болды! – деп гу ете түсті бірнешеу. Әлияның жайын білетіндер оған үңіліп, оның бұғып алғанына құлісіп отыр екен.

Менің қатал жауап қайтарған мәселем, Әлия жөнінде екендігін енді түсінген Жаң бужаң оған да бір қарап жіберіп ұшып тұрды:

– Бұл жауап осымен тоқтап қалсын! – деп басын маған білінер-білінбес шайқап қалды да Сәрсенге қарады. – Бұл туралы өзі сейлегеннен басқа мәселесі болса, айырым жазып бер, ал, бұдан басқа тақырыптағы пікірің болса, сөйлей бер!

– Жолдастар, мен Бигабілдің бірнеше мәселесіне көмектестім. Бірақ бірін де қабылдамай, өзіме қарсы ұшып отыр. Сонда да ойлансын, есіне түсіріп қояйын деген ниетпен ғана сөйлемп отырмын. Енді біреуін айтып көрейін. Соңан соң сіздер де сөйлеңіздер! Есіне түсіру – дұрыс тануына көмектесу, дұспандық емес, достық.

– Бигабілдің өзінің есіне түсу үшін емес, қағазға түсу үшін деп тым болмаса бір рет шыныңды айтсаң сейлер едік! – деген біреуінің сөзін бірнешеу күле құптады. Осы жиындағы қотыр сөзді қолдап, шын сөзді елеусіз калдырып отырған басқарушының олактығын да осы күлкімен ептеп шымшылап жатты.

Бұл күлкіні менің сөзім тоқтатты:

– Бірін емес, бәрін-ак сейле, – дедім Сәрсенге қарап. – Сый қылсаң сызыра болсын, нысанана бірі болмаса бірі тиер, бүрке бер!

– Бигаш, сен тәңкөрістік бірлік сапқа ежелден қарсысың ғой, – деп сабактады енді Сәрсен. – Молдаларды, дінді көміп тастай-

мын деп 47-ші жылы осындағы барлық бірлік сап адамдарын дүрліктіргенің рас қой, сондағы мақсатың не еді?

— Мақсатым төңкерістік бірлік сапты қорғау үшін мектептегі ғылым сабагына, материализмге қарсы тұрған кері төңкерісшілерді, атап айтқанда сені мен Набиолла молданы ғана аластау болатын. Ондағы мәселені осындай отырғандардың бәрі, тіпті, Лиң шужи де біледі. Бұдан басқа шындыққа сәл жақынырақ «көмегің» бар ма?

— Жолдастар, Биғабілдің райын байқадыңдар, енді біраз сөйлесем, жұдырық ала жүгіретіндігі көрінді ғой, онысына тап болмай, осымен тоқтата тұрғаным жөн шығар. Бигабіл осы үйренуден хабарланған күннің кешінде өзінің Тұрсын-Шәкен шайқасын ақтаушы ең тіректі серігімен жасырын сөйлесіп алған. Үстінен түскен бір жолдастқа, «сені Сәрсен жіберді ғой» депті де шығып жүре беріпті. Сондағы ақылдаңдары мәселелерін қалай жасыру, әшкереушилерге қалай соққы беру екендігі белгілі. Мен осымен артын күте тұрайын. Ал, сөз көпшіліктікі.

— Ей, Сәрсен, — деді Ербол, — «көмегің» өзі зәру болып, талап етіп отырғанда қыңыратқытай сөйлеп ал! «Жұдырық ала жүгірсе» мұна сақшылар не бітірмек, біз не бітірмекпіз! Әшкерелейтін мәселең болса, осындаиды ақтарып ал! Байқасак бәріміз де саған ерекше құқық беріп отырыптыз, сөйле!

— Енді несін сөйлемек, бітті! — деп мен қарқылдан күлдім. — Сәке өзінді-өзің, әсіресе кейінгі «көмектерінде» тамаша әшкереледің сасқаныңдан тіпті әнеу бір құдай қосқан әдемі құлағынды да әшкерелеп қоймадың ба!.. Рас па, Әлия, мынауың құпиялығынды сақтайдын опалы бастық бола алмай қалды ма, қалай! — Әлия күреңіте түссе де күлімсіреген болып төмен қарап алды. — Ал енді «басшылық жолдастар, енді мені «мырза» деп қомсына бермей, сөйлеу құқығымды қайтарып беріңдер!... Осы шығармадан білгеніме өзімнен болмаса да маңымнан іс жүзіндік мықты мысалдар айтып, мен де азаматтық «көмектесу» борышымды өтейін!

— Сөйлесін, сөйлесін! — деп шу көтерді көпшілік. — Қайдан болса да амалиятқа байланыстырып сөйлесе болмады ма!

Әлгі саяси бөлімнің кадры Жаң бужаңмен тағы да күбірлесе кетті, сағатына қарап жіберіп, бірдеме айтып тоқтады. Оның ұйғарымын тағы да Жаң бужаң мәлімдеді:

— Үйрену уақыты бітіп қалды дажа-мажа. Бұл талаптарынды үйренудің басшылық группасына жеткізіп, соның нұсқауы бойынша ертең жауп берелік, дұрыс па, бұрыс па?...

Ертеңіне танертеп мені жеке шығарып алып, не сөйлейтінімді

сүрады Жаң бужан. Шәкен туралы сөзімнің, жұртшылыққа енді мүлде кері әсер тудыратынын айтып тосты да, Сәрсен туралы көп адам білмейтін факт болса ғана сөйлеуімді тапсырыды сөйтіп.

Үйрену басталысымен Сәрсен туралы түсінік берді өзі. «Сәрсеннің қазіргі белсенділігі аса жақсы» екендігін, «өз мәселесін де үздіксіз тапсырып» жатқандығын, «әлі де сынақ астында» екендігін, егер өздігінен ада-куде толық тапсырмаса ғана жұртшылық алдында тексеретіндігін» ескертіп, “бұл үйренуде Сәрсен туралы көп мысал алмай-ақ күтудін” керектігін айтты...

Менің сөзім сол екі сағатты түп-түгел жұтып алғанын сезбей қалыпты. Сәрсен туралы «мысалды» ептең қана сөйлесем де, өзінің сыйбағасын басына кептеп қана кигізіппін. Шын пейіліммен «нактылап қана» ұсынған екі-үш материалым келепандай кесірлі басына шап-шақ қана қалпақтық «көмек» бола кетті. 1945-шы жылы жаздағы жиырма неше қойшыны жалдап, гоминдаң бюрократтарының халықтан бұлаған 12 қора қойын Үрімжіге жеткізіп бергені сол қалпақтың «құнқағары» болып тігілген соң Үрімжіге дейін дедиген топ-тоқ қалпақ болып, қона кетпесін бе...

Әділетті тергеушім, біз сол шақта қалпақ дегенді солай шақтап қана тігіп, нактап қана кигізуі едік. Онымыз қонымды болып еді. Қазір сіздер алтын таразыларыңыздың басшылығында найзадай шошақтап тігіп, тоқбақтап кигізіп жүрсіздер. Бұларыңыз өлімді болып барады. Киген бас дал болып оле берсе, кигізген сол қалпақтарыңыз жесір қала бермей ме. Оларыңыз улап-шулап, өз бастарыңызға жабыспай қалай күнелтпек! Әкелері жоғала берсе, өңшең жетім қылмыс, өздеріңізден басқа кімді паналамақ! Мінеки, менің жадымдағы қылмыс осыншашық арсыз.

### III

Мен сөйлеп болғанда үйрену уақыты бітіп еді. Сәрсеннің сонда айтылған мәселелерін тыңдаушылар анықтап сұрауға erteңіне кірісті. 1945 жылы жаз басында Үрімжіге қашқан гоминдашылардың соңынан 12 қора қой айдатып бергенін «қорыққандығынан» деп мойындағы Сәрсен. «Сондағы гоминдаң сақшы мекемесінің қанішер бастығы мылтығын білеп тұрып бұйырғандықтан 25 қойшы тауып бергенім рас. Әйтеуір қойшылардың пайдасын көздел жалақысын молайтқыздым» деді.

Ал 44-ші жылы көктем мен жазда партизан үйлерін барлап жүріп, сары аяктарды үстінен түсіріп, екі рет екі партизан ұстатқанын, «бастық болғандығымнан» деп мойындасты. «Аудандық пырқаның бір бөлім бастығы болғандығым үшін әрине гоминдаң қылмысы маған да ортақ кой. Әйтте үр ұстатқан барлаушы ғана басқа. Қашып кетіпті, әйтпесе мойынан қойып берер едім!»

– Жоқ, сондағы ұстатьп берген барлаушы дәл өзіңсің!... Оныңды көрген адамдар қашқан жоқ, өлтег де жоқ! – дедім мен.

– Айтып түрмyn ғой, Бигаш, үгіт бөлім бастығы болғандығымнан олардың төгілген қанына мен де ортақпын деп! Мен басқа кейбіреуше «аппақпын, перштемін» деп, Маужущи сияқты данышпан, көреген болғанмын деп отырғаным жоқ кой!... Ол шақта қарамын, қап-қара сокырмын. Негіз жағынан гоминдаңың бар қылмысында болғанмын!... Олай үлестес болатыным, санминжуийді үгіттеп, уын шашыппын де жүріппін ғой, бұдан зор қылмыс бола ма?

– Қанышалық молынан мойындаған болып көрінсе де, шпиондық жаққа бастырып көрші қане!

– Өзі таңдал құрама қалпақ киіп ала қояды екен де, тесігінен шығып кете береді екен, ха-ха-ha-ha....

– Эй, су жұқпас-ау мынаған!

– Су жұқсын-жұқпасын, жолдастар, мен онымен есептеспеймін, – деп түйілді Сәрсен. – Тек Маузылұң идеясы жұқса болғаны! Барлық тіршілігім сонда ғана. Менің барлық тіршілігім, панам – Маужуши ғана! – деп айқайлап жіберді.

– Қашаннан бері! – деп жыымиды Ербол.

Сәрсен іле қайырды жауабын.

– Осында Маузылұң идеясы келгеннен бері!

– Тілінді тартып сөйле! – Ербол зекіріп қалды. – Сендей гоминдаңын қалған нәжесетке Маужуши пана болмақ па!... Мен енді анықтап ұқтырайын саған, Маузылұң идеясының сен шығып құтылып кетерлік тігісі жоқ, ол құрама емес, тұп-тұтас құрыштан құйылған идея! Ол – Марксизм-Ленинизм!

Айыржап Сәрсенниен енді тұжырымдай сұрады:

– Жә, Сәрсен, сен өзіңе мысал ретінде қойылған үш мәселеге, қазіршे негізгі жағынан мойындастың ғой!

– Ие, әрине мен гоминдаң пырқасының бір бөлім бастығы болғандығым үшін негізгі жағынан бері де бар менде!

– Олай болса, қай жақтың жауынгері болып, қай майданда тұрып келген екенсің, өзің айтшы!

– Мен үш аймак төңкөріс басталғанға дейін сөзсіз жау жақта тұрып келдім дедім ғой, жау болып келгенмін. Ал, Бигабілдің тала-бы бойынша... мынаны да мойындаймын: тіпті осында аупартком келгенше Бигабілдің жауы жағында тұрып келгенім ып-рас. Үш аймактағы ұлттық төңкөріске мал-жанымды түгел салғаным тек қорыққандығынан ғана дедім ғой!

– Олай болса төңкөрістік азаматтардың үстінен жүргізген материалдарынды заң жағынан тексеруге тиістіміз. Жала жабуыңа мұлде рұқсат жоқ! Ондай әрекет істесең қатты жазаланасың!

– Құп-құп!... Жала жапсам, тіпті, дүшпан жақта болмасам да жазалануға тиістімін. Ал, реалда болған іс туралы пікір айтуымды шектемессіздер, солай емес пе!

– Сәрсен туралы сөзді осымен тоқтата тұралық! – деді Жаң бужаң. – Өз мәселең тануы қазірше жаман емес. Осылай сейлесе жақсы! Ал енді сейлемеген басқа азаматтарға өтелік. Дұрыс па, бұрыс па?

Сейлемеген азаматтар өздеріне лайықты қалпақ қана тігіп, сол жұмыстарынан аса алмай отыр екен. Бұрынырақ тігіп болғандары бұрынырақ киіп, тәп-тәүір сейледі. Тігіп бола алмағандары пішken материалдарын жалбыратып, Шәкербайша ортаға тастав сейледі. Кейбірінікі қалпақ түгіл бесіктері балаға түбек те, сауын ешкіге желінқап та бола алмайтындей еді. Әйтеуір, Сәрсен саясаттың өңешімен оналып, «көмегімен» көрік тауып, кәдеге жарай берді. Ең олагы Әлия сияқты. Қалпағын тігіп киоді былай қойып, әлі піш алмай отырғандай, аса қыын халге түскенін жалтақтауынан байқадым. Сейлеу кезегі өзіне жақындаған сайын сасып, сасқан сайын өні қарала тартып, алақ-жұлақ қарай берді маған. Өйтетіні әйтеуір кио қажет болған соң онысын өзінде бар материалдан пішсе, өзінің «қызы» басын ондырап ма. Қыз түгіл келіншек кисе де «кезегендік» деген жиянгерліктен де кесірлі қалпак қой, беті шыдап қалай кимек!... Ал, өзінде жоқ материалдан пішсе, «өтірік!» деп мына Бигабілдар сап ете түспей енді аяр ма, «өзіннің Сәрсенге тәйин болғаның рас болды ғой» деп кесетіп ескертіп те қоймады ма! «Әсен, Үсен, Қасен-Күсен... бұл кездे бәрінің мойынан асып, аяғының астына түскен!» деп ішек-қарнымды ақтара салар! – деген күдікпен сасып отырғаны, мен күліп жібергенде тіпті айқындалды, көзінен жасы ыршып кетті де, бетін екі алақанымен басып отырып қалды. Үйрену уақыты біткенін жарияланғанда бір-ақ көтерді басын. Сейлеу кезегі енді жетіп еді. Қиналыс тері жүзінен бұршақтап кеткен екен. Қол орамалын алып беті мен мой-

ынын сұртті де соңымнан ілесе шықты. Бөлімге соңымнан ілесе кіріп, ауыз бөлмедегі өз орнына екпеттей сұлады.

Түпкі бөлмеге кірген екі бастық газеттерін шиыршыктай ұстап қайта шықты. Орынбасар үнсіз кетті де, Шәкербай Әлияға қарап тұра қалды.

– Ўй, Әлияш, не болды, ауырдың ба?! – дей салды да жауап күтпей-ак бүйір бөлмедегі маған ұмтылды. – Ал, Бигаш, біз екім кабинетіне мәжіліске кеттік. Бөлім қызметі өзіңе қалды. Әлияш ауырған болса... сөйлесіп көрші, ауырса доғдырға барсын! Ал, сен екеуін, – деп, қатар столдағы екі инспекторға қарады. – Мектеп аралайсыңдар ма?.. Бірер айдан бері тексерілмей қалған мектеп бар ма еді, Бигаш?

Бірімізден жауап шығып үлгергенше, бастығымыз лып етіп, есікten шығып та үлгерді. Үшешіміз қатар күлдік. Осы үйренуде «қырттық» пен «езбелік» қалпақтарын қабаттай кигені сауап болғандай. Бір жиынға кетерінде қалғанымызға бір жиын ашпай кеткені осы ғана еді. «Сөзін бұдан қыскартса, бастықтығын біле алмай қалмаймыз ба!» деп бір инспектор еселеп күлді де, «Әлияның неден ауырғанын да қайталап сұрамай-ак кетті ғой, енді қайтпек бұдан артық!» деп бірі күлді. «Маған сөйлегені елі артық. Ертең «мылжындық» қалпақ кигізбесеңдер болmas!» деп мен күлдім.

Шәкербай өзінің басқа үлкенірек мәселелерінің барлығын Доссан әкімге артып «құтылып», өзі тігіп киген қалпақтар еді бұл. Қызметтестер түгел мені «қазымыр», «езбе», «қырт» деп атайдын. Сондай кемшіліктерім рас та болуы мүмкін. Қызметке солай шөгелірек құзамасам болмайтындағы еді!» деп мойындаған.

– Шәкенің сұрауды қойып-қойып, жауап күтпей кете салуы сол қалпағынан қорыққандығынан болды ғой. Бүйтіе берсек, бұл жәдігіөй қасақана мылқауға айнала қояр ма екен! – деді бір инспектор.

– Біз бұл үйренген тақырыбымыздан ауа жайылып бара-мыз, – деп ойланған қалдым мен. – Асыра сілтеніп барады. Бәріне қалпақ іздетіп, «қырттық», «мылжыцмын» дегізбей-ак, жаңа демократизмнің негізгі жауларын ғана айқындаپ түсіндіріп, соларға байланғандарды ғана сөз сту қажет еді бұл жолы...

Сөзімді тоқтата қойдым, ауыз бөлмедегі Әлия басын көтеріп алып, қарай қалған екен. Екі инспектор түрегеліп, қызметтеріне жөнелді.

Оңаша қалғанымызды біліп, орнынан күрсіне түрегелді көне

таныс. Ақырын жылжып жетіп, қарсыма тұра қалды. Өні қуарып, сазара қарады маған:

– Біға, қош болыңыз, әсіресе сіздің алдыңызда күнәм көп, кешір!

– Қайда кетпексін?

– Өлемін!

– Не үшін?

– Өзімнен кеткен сол мәселелерді сөйлеп, қалпақ кигенше со-лай болғаным жақсы екен!

– Сонынан басқа мәселелерінді, мысалы, делдал буржуазияның баласы екениңді ғана сөйлеп шықсаң болмады ма!

– Сіз енді сол мәселелерді әшкерелемей қоймайсыз ғой!

– Қалайша?

– Мен сүйгенізден айырдым, бақтыңды байладым... Қолымнан келген бар қастықты істеппін... тіпті Сәрсенмен тілдес болып, өзіңіз айтқандай тәйнилік те істегенім әшкереленді. Мені енді аямаға тиистіңіз!

– Аямағанда не іstemекпін?

– Бәрін жайып салып, абырайымды төгесіз!... Өзіңіздің менен ақталуыңыз үшін де соларды әшкерелеуіңіз қажет қой!

– Әлия, мен олай әшкерелеуге зәруліктен құтылғанмын, – деп жымидым. – Сейлемек емеспін. Себебі, біздің бұл жолы іс жүзіндік әрекетке байланыстырып талқылауга тиісті мәселеміз – жаңа демократизм туралы, оның досы мен қасы туралы ғана. Мәселен, Жұңғо қоғамының жартылай отар, жартылай феодализм халіне түсіп қалуы сенің әүсійілік мәселенен болған емес. Атап айтқанда бұл қоғам сенің Қасенмен де, Үсенмен де, менімен де жүруінен туылған бала емес. Сондықтан бұл жолғы үйренуде мен сөйлейтін мәселе ол емес!.. Тіпті оның туралы басқаларға да сөйлетпеуге бармын!

– Рас па?... Басқалар... тіпті бәрін сөйлеп жатыр ғой!

– Сасқан сиырша әртурлі жапалайтындар ғана солай сөйлеп жатыр. Олардың негізгі үлгісі де тұрткісі де Сәрсен. Ал, менің үлгім Сәрсенің қарсы жағында болуға тиісті. Сасатын ешқандай мәселем де жоқ. Сенің Үсен, Қүсендерің туралы бұл жиында ауыз ашпаймын!

Әлия орындық тартып апарып, алысырақ отыра күрсінді. Бар мұсәпірлік басына орнағандай ыңғайсызданып, тырнағын шұқылады. Тура қарап отырған маған бата алмай, тұқыра тұсті. Мен:

– Өліп алу дегенді мұнан соң ойыңа алушы болма, нағыз адам болуға тырыс! – деп түйілдім.

– Мен сізден бүтіндей басқаша бірдене екенмін! – деп күбірледі Әлия. – Мұнымды кейінірек біраз түсінсем де, өз шырайыма қарап, теңмін деп үмітімді үзбей келгемін. Енді толық түсіндім. Мені тастап кеткеніңзге енді наразылығым жоқ. Тіпті... ол жағынан қарыздармын!

– Қарыздармын деп түсінсен, мұнан соңғы тапқан махаббатыңа опалы бол, адап бол! Бақыттың кілті дененің сыртқы сұлұлығында ғана дейтін қате түсініктен без!... Сонан соң бір бетті-бір тілді, шыншыл... және өзіңе байланысты мәселелерде өзімшіл болмай, әділ ойлайтын бол!... Маған емес, адамгершіліктің осы міндеттеріне қарыздарсың. Бірақ, қазіргі сен үшін әсіресе соңғылары өте қынай! – деп күліп жібердім. – Бұлар үшін тер төге жүріп, сана іздеу керек қой!

– Сізге қарыздар болатыным... өте обалды іс істеп қойдым ғой!... Сол маған...

– Мақпалға обалды іс істегендердің негізгісі сен емессің. Оның әкесіне сенің солай шағымды хат жазарлық себебің бар ғой. Ал, өз обалымды да саған арттаймын. Мұнан соң әлгіндей дұрыс адам болу жолына түссең болғаны!

Әлия маған басын ие құлімсіреп түрегелді. Жасаураған көзін жалт еткізіп бір қарады да қайта тұқыра иілді. «Төлейін!» деп қалды. Төлейтіні не екенін түсінбесем де, бұл иілуінің шын пейілімен тағзым еткені екенін түсіндім. Артына кілт бұрыльып, көзін сұрте жөнелді де, орнына қайта барып отырды. Қыбырсыз жыл-жырт ойға кеткендей, түске шейін сол отырысынан жазбады. Түстен кейін де істеген ісінен сол мелшиюі көбірек болғанын байқап отырдым. «Он бала туудан жұрт алдында өзі туралы он минут сөйлеудің қыны болып отырғанын қарашы» деген оймен күлкім де келді. Ертең сөйлеуінен жылауы көбейіп былықтырар маекен деген күдігім де болды.

Бірақ ертеңіне таңтерен сөйлеу кезегі тиісімен жайнап сала бергеніне таңданым. Сөзді өзінің туған табы, семьясы туралы бастады. Өзінің Шынжаң жағдайындағы делдал буржуазияның бесігінде өскенін, бұл бесіктің Жұнго елін шет ел жиянгерлігіне саудалаушы бір таптың бесігі екендігін айтқанда тыңдаушылар аныра қалыпты. «Сондай ата-ананың тәрбиесін ғана көрдім. Өзімді кішкентайымнан bezеп, опа, еңлік жағынуды ғана үйрендім. Мектепке басқа қыздардан ерекше жасанып баратынмын. Ондағы

мақсатым, басқалардан ерекше сұлу көрінү ғана. Барлық адамдар маған ғана қарап отыrsa дейтінмін. Басқалар сұлусың деген сайын мемменесіп, тәкәппар болып өстім. Кейіннен қалай екенін білмеймін... басқа бай қыздары... кімді жақсы көрсе... жоқ... қандай киімді жақсы көрсе соған қызығып, соны олардан бұрынырақ киетін болдым.... Сол киімді тіктіргенше тыныштық таппайтын болдым... Осында... «мещанка» болып өскен менің кім болып келе жатқаным белгілі ғой... Әкем сияқты, пайда көрсе бәрінен бұрын жүтіретін, шешелерім сияқты ыңғай жасанып, ыңғай рахатта жасауды ғана қалайтын «делдал буржуазия» болғаным ғой!... Ал, менің қазір бұлай... ерекше киінетін болған себебім... қазір көп адам жепанжұнді жақсы көреді. Мен де солай... тіпті басқалардан артығырақ жақсы көрейін деп жепанжұннің қыздарынша киінуге асыққаным!... Менің мәселем осылай... болып келді, сөзім бітті.»

Тыңдаушылар жымысы қарап отырып қалып еді.

– Бұдан басқа қызмет стилің жағынан айтарың жоқ па? – деп маған бір қарап жымысып қойды Ербол.

– Бәрі осы, айтты, бәрін айтты! – дедім мен шын ниетіммен шұлғи қанағаттандым. – Осы Әлия сипатты әрқандай қыз өз мәселеңін осыдан артық қазып сөйлей алмайды. Өзін тәп-тәүір шынышылдықпен тексерді!

Көпшілік құптай жөнелгенде, Әлия маған көз астымен қарап алыш тұқыра тұсті.

– Мұнан соң, қалай өзгересің? – деп сұрады Жаң бужаң. – Соны сөйлей кеткенің жақсы!

– Ие, айтпақтайын соным қалып қапты ғой! – деп күле сөйледі Әлия... – Мұнан соң жуас боламын! – дегенінде көпшілік ду күлді. – Партия не істе десе соны істеймін!... Өзгеремін!...

Осылай разы еткен Әлия Жаң бужаңдан рұқсат алыш шығып жүре берді. Басқамыз үйрену уақыты біткенші тағы бір адамды сөйлетіп тарадық. Әлия өз орында қызмет істеген болып отырыпты. Шәкербай мен орынбасары бөлмелерінен газеттерін шиырышықтап тағы шықты да, әкім кабинетіне тағы кетті. Бағыттың бүгін тым сәлмірейіп, өситет айта алмай шықса да, екі инспектор мектеп шарлауға тағы жөнелді. Әлия екеуміз тағы да онаша қалдық. Ол менен де онашаланғандай мұлде қарамай, үнсіз «жуастықпен» істеген болып отырды.

Ісімді түстен кейін жарты сағат бұрын жиыстырып, сырттай үйреніп жүрген қытайша дәптерімді аштым. Жарқ ете түсті бір сұлудың фото суреті. Жарқ ете түскең көзімді сығымдаш-сығымдаш

жіберіп үңілдім. Мандайына қарап, Мақпалымнан жасырын келген сурет екен деп қалып едім. Оның сағынышты кең шанақты тұнық аспан түсті көгілдір көзінің орнынан дөңгелек қана қаракез көрінді. Бұл парыктың үстіне жақ сүйегі мен иегінен сопақша сүйірлеу, ұйғышалыс бір айырмашылық байқалып, Мақпал болмай шықкан соң стол шетіне коя салдым да, еріксіз кайта үнілдім. Дөңгелек қара көзі сәл тасырлау, қарсы алдындағыны отымен ерітіп жібергісі келгендей шақшия қараған сұлу дидар. Қысылыс-кымтырылсызы өжеттікпен қылымсыған жап-жас қыз. Өрілген кос бұрымын екі иығына түсіре қабаттап түйіпті. Кийнісі мәдениеті мен жалпы жүз шырайында Әлияға ұқастық бардай. Әлияның кешегі «төлеймін» дегені есіме түсе кетті. Жалт қарадым өзіне. Ол да көз қызымен қарап қойып отыр екен. Суретті алдына апарып тастай салдым.

– Мына сурет менің дәптерім арасына қалай кіріп алған?

– Білмеймін, – деп танырқағандай үңілді Әлия суретке. – Танымайды екемін! Сізге ғашық болып жүрген біреу шығар, танысу үшін қойып кеткен бе екен. По, неткен сұлу өзі!... Және жап-жас!

– Өзінде тұрсын! – деп орныма қайттым.

– Мен қайтем мұны! – деп Әлия сақылдап құліп алды, құрсініп жіберді. – Танымаймын да! – деп қуа келді де суретті үстеліме қойып қайта қайтты. – Қойып кеткен орнында тұра берсін, қайтарғыныз келсе, өзіңіз қайтарарсыз!... Сактай тұрыңыз, ауырлығы болmas!

– Ауырлығы болмаганымен, Нұрияшымның жолында жеңілдігі де болmas!

Қайта қайырылып келіп, жымия сұрады Әлия:

– Сіз Мақпалдан әлі үміттісіз бе?

– Үміттімін. Одан үмітім өшкені сол, күн өткен сайын лапылдап барады. Ол өшпек емес!

– Ол енді әйел болып кетті ғой, – деп түйіле күйінгенсіді Әлия.

– Екі жыл болып қалды. Балалы да болған шығар! Қайтесіз енді оны!

– Ол, бес балалы болса да келеді маған, иә, қайтарып аламын! Себебі, ол маған опасызыңыз істеп, өз еркімен кеткен емес, қара күштер шырылдатып байладап әкеткен!...

– Біға, Мақпалыныздың ұжданы бар екені рас болса, біреуге әйел болған соң сізге енді қайтып келе алмайды, тіпті көріне де алмайды!... Өтер іс өтті, енді біреуді таңдал алуының ғана қалды. Бұл, менің... жүргегінізге сұық салайын дегенім емес... және де енді басқадан... негұрлым өз абыройын сактаған қыздардан біреуін

тандаңыз!... Мен өз күнәмді жуу үшін.. тым болмаса кездестіріп, таныстырып қоя аламын!

– Кешегі «төлеймін» дегенін осы болды ғой, сен енді мынаны да түсініп ал! Шын махаббаттың төлеуі болмақ емес. Оның өзінен басқа енді төлеуі де, баламасы да жоқ, жалкы!

– Солай болса, мұмкін солай шығар, білмеймін де. Бірақ, сіз жапжас тұрып, осы қуйінізде өте алмайсыз ғой, шын махаббатының табылмаса, жай махаббат табу керек шығар. Тіпті өтірік махаббат-пен де жүрген кезіңіз болған шығар!

Күліп жіберіппін, мына сайдалдан мойындарлық шын сөз естігенім осыған сияқты, тың жаңаңық сияқты сезілді.

– Мына сурет, сен қойған сурет болды, алып кет! – дедім сонда да.

– Жоқ, мен қоймадым. Біреудің көңілін сізден енді тосатын ақым жоқ қой! – деп күрсінді Әлия.

– Өзінің келіп, дәптерімнің арасына қойып кеткенін көрдің бе?

– Көрmedім! – деп суретке қайта үцілді Әлия, – анықтап көріп алайынышы!.. Өзі осы жердің кызы емес сияқты, мұндай сұлу көрмеппін, кездессе ертіп әкеліп көрістірейін!

– Болмайды!... Төлеймін деп бір бейкүнә қыздың пәк жанын кірлеуің, көз жасында енді тия алмайтын қылмыс болады! Мақпалдың жүрегінің жат болып кеткенін өзінен естімей, басқа ешкіммен үйленбеймін!

– Ол жайыңды оған өзіңіз айтартсыз! – деп Әлия жүре сөйледі. Бейтаныс суретті үстел тартпасына тастай салып, түскі демалысқа мен де қайттым.

Түстен кейінгі қызметке қайтып келе жатқанымда алдыман Айыржап қарсы ұшырасты. Екеумізді партком егіншіліктегі «төтеше бір қызметке» жібермек екен. Қайдағы қызмет екенин білуге кетіп бара жатқанын айтып етті. «Жер майын азайтып, жуан жұдышықтарға соққы беру» әрекетін бастау үшін Шәушекте курс барын естіп едім. «Мақпалдан тағы да хабарсыз кететін болдымау!» деген күдік тықырышта жөнелді жүрегімді. Түпкі бөлмедегі Шәкербайдың зарын аузы бөлмеден Әлия тыңдал отыр екен. Мені көре сала түрегелді де, алдыман тоса күбірледі:

– Биға, мен поштаханаға барып келейін!

– Бастығынан сұра!

– Ол кісімен әкім сөйлесіп отыр. Қазір барамын да қайтамын!

– Тез қайтатын жұмыс болса бара бер! – деп өз бөлмеме кіре бергенімде, Шәкербайға әкімнің үңгірлеген жуан үнді сөзі естілді.

– Лиң секретарға бұл жайынды айттым. Көп мыжыма енді! Оқу бөлімінде Биғабілдің жалғыз істеп отырған азамат екенін, оның орына екі инспектордың бірін жіберуін мен де өтіндім. Көнбеді. «Мұндай тыңнан ұйымдастыратын қызметке қабілет керек. Айыржап пен Биғабіл барады деп отырып алды. Ертең кешке дейін қызметін біреуге тапсырып болып, бүрсікүн таңертен жүрсін!...

Әкімнің жауабын маған жалтақтай қарап тыңдаған Әлия лып етіп есіктен шыға жөнелді.

– Биғабіл келді ме? – деп дабыстады Шәкербай. – Сырқаттанып жүр еді, өзімен сөйлесіп көріңіші!

Шәкербайдың тағы да өтірік айтқанына күліп жіберіп кірдім. Жаңа міндет жайын әкім түсіндірді. Құдіктенгенімдей ұзақ уақыт алатын міндет емес сияқты. Және қайынжұрт ауылым жақта болған соң көне кеттім: жер майын кеміту әрекетінің алдында тәжірибе, үлгі ретінде ен кедей бір кентті серіктестіру қызметі екен. «Үлгілі мойынсерік құру – деп атады әкім. Барлық кедей, төмен орта егіншілер жерге ие болғанда егінді бірлесіп егудің абзалдығын сол мойынсеріктен үйренетін болады» деп түсіндірді.

Қызметімді ертеңінде семіздерімнің біріне тәптіштеп тапсырып болыссыммен аупарткомға шақырылдым. «Үлгі мойынсерік» құрудың жобасын Лиң секретарь Айыржап екеумізге толық түсіндіріп шығарды. Екінші күні танертең әкім мекемесінің жеңіл арбасын жектіріп жатқанымда, суреттегі сұлуды ертіп, Әлия сұлу жетіп келді. Алдыңғы күні поштаханаға рұқсат сұраған жұмысын енді түсіндім, күле жетті. Маған көрсетпек «төлеуін» телефонмен шақыра қойған екен.

Әпекесіне ілесіп жүрген жас сіңілдей еркін бейғам бейнемен көрінген сындарлы көріктен ибалы бикештің қымтырылысы ғана байқалды. Мен де, әрине, «қандай қызың, қайдан келдің?» дегендей көңіл бөлген көзқарас байқатпауға тырыстым. Ауыз жыбырлатып қана сәлемдесе салдық. Екеумізге айлакер жеңгедей кезек қараған Әлия сөйледі:

– Сіз жүргелі жатыр деп естіп келдік. Аман барып, аман қайтыңыз!

– Үлкен табыспен қайт десенші! – деп әдейі түйіле «өтінгенімде» бет танысым күліп жіберіп, туфлийнің біздей өкшесімен сыйып тұрган жеріне қарап алды. Әлия жымия қайырды жауабын:

– Амандық болса табысты болатындығыңызға сенемін гой!

– Мен өзім табысты болатындығыма сене қоймагандықтан тілекtestікке шақырып тұrmаймын ба!

Бет танысым көз астымен күлімсірей қарап алып, дөңгелек қара көзін төмен төңкөріп әкетті. Ашық жауабын тағы да Әлия қайырды:

– Социализм міндегіне бірінші болып аттанған сізге тілекtes болмай, кімге тілекtes болмақпыш. Бірақ, табысты болудың негізгі талабы ізденушінің өзінен болмай ма! Біздін тілекtestіктің белгісі болар деп мына аз ғана жолдығымызды әкелдік, қабыл алышы!

– Сіздердің де жолдарының болсын, рахмет қарындастар! – деп қалдым. Бұл қайшыкез «тілекtestігіме» көңіл бөлмеді Әлия, қолтығындағы қағаз қобдишасын арбадағы улкен сумкамның қасына апарып қойды. Қайталай амандық тілеп қайырылып, қош айтысты да артына бұрыла берді. Ал, бет таныс күлімсірей бас иіп тастап жүріп кетті. Ақ кофта үстіне киген шап-шақ қана қызыл күрең сарафан бар көркемдігін паш еткендей. Артынан қарап тұрып қалыппын. «Суреттегісінен де сұлу екен-ay!» деп жібердім. Бірақ, Әлияға туыстық жағынан бір жақындығы бар тәрізді. Ол суретінің тартпода жасырусыз кала бергені есіме енді түсті. Әлияға сонысын қайтарып алуын тапсырайын деп оқтала бергенімде, ақ жүзін қайыра жарқ еткізді жас сұлу. Ол қарағанда аңдып келе жатқан қарт сұлу да қарай қалды. «Кінәратсыз жас жанға соққы бергендей ол суретті қалай айқайлап қайтарамын» деген ыңғайсыздықпен кідіріп қалып едім. Жасы қарісінен енді артта қалыңқырай қойып, ұрлапып қарады маған. «Көңілінде кінәрат жоқ емес екен-ay, әуре болмасын, айтып-ақ жіберейін, Нұрияшымды қалай қиярмын бұған!» деген оймен қолымдағы портфелимді арбаға лақтыра салыппын. Жас сұмның бұл ұрлығын карт қарақышы тағы да сезе қойғандай, қайрылып қарап жыымиды маған. «Дүниеде Мақпалдан басқа ешкім жоқтай көруші едің, көзінді суырды ма, бәлем, қалай екен!» деп құлгендей сезілді. Көзім суырыла қоймаса да арттарынан сүйреліп қылмыс таба қойғанын енді білдім. «Ей Әлия!» дегенімше көс сұлу қақпадан шығып ғайып болды. Қызмет бөлмеме жүгірдім. Тартпода қалған суретті Әлия отыратын столдың тартпасына сұнгітіп жіберіп қайттым.

Айыржап келісімен арбакеш делбе қақты. Ойыма орала берді Әлияның «төлеуі». Құншіл сайқалдың осы сұлуды шындығында Мақпалдың орынына төлеу үшін емес, қылмыс төлдеу үшін тапқанын ұқтый, онысын осыншалық қызыл жілік, албарынды-жалбарынды болып көрістіруінен де айқындалмады ма. Сол күндесінен өш ала түсу үшін, одан менің жүргегімді айырып, мұлде ұмыттыру үшін осындей аса шырғаға тартуы керек кой. «Мені өзіне қайта қаратса

алмаған сайын қозданған қундестігі тіпті өзінің намыссымағын да құрбандыққа шалып, женгелікке түсіріп, өзін қор етуін қарашы!» деген оймен жымидым. Күншілдік деген азғындықтың анасы екен-ау, неткен зәрлі у еді! – деп күрсіндім.

Әлияның бұл жайын әлгі на兹ік бикеш білмейді. Мені аспанға көтеріп, төндіре мақтағанына шынымен иланып, танысу үшін-ақ келген сияқты. «Көсемінен» жасырып қалай-қалай қарайды маған!... Байдың сұлуларын кедей белсенділеріне жаутактатқан заманға қалай алғыс айтпассың! Және мен «комунист», социализм коллективін үйимдастыруға осы аймақ бойынша бірінші болып аттанған «компартияға ең сенімді комунист» болып көрінуім қалай жаутактатпасын! – деген ойға келгенімде күліп жіберіппін. Айыржап бір қарап кана қойды мұныма. – «Маған тиғен бай қызына осы комунистігіммен зор бақыт орнататын, тіпті таптық жазадан әкелерін де құтқаратын «ұлken мансап иесі» болатындығымның мүмкіндігі көрініп тұрмай ма! Бұл жайт қалай жаутактатпасын, бұйра басымды нұрдай көрсеткен-ақ шығар!» деген оймен қарқылдай күлдім.

– Не болды, Биға? – деп Айыржап таңырқай қарады. Бұған жауап боларлық бір сөз тіліме орала кетті:

– Байбосын дейтін әлгі бір район хатшысы бар ғой, соған жақында бір байдың қызы ұнататындығын айтып хат жазған екен. Байбосын ол хаттың шетіне «саған үйленіп өмір тарихыма дак түсірмеймін!» деп «бұрыштама» жазып қайтарыпты.

– Дұрыс! – деді Айыржап күліп. – Таптық қарым-қатынас жағынан ондай некенің кір жұқтыруы мүмкін, ал, таптық көзқараста қыздың өзі дұрыс майданда болса, мәселен, сенің Мақпалың сияқты өз семьясында езгіге, феодалдық зорлыққа ұшыраған қыз болса, Байбосын жауапты олай жазбас еді.

Күрсініп жібердім. Мақпал ауызға алынғанда, қарсымыздағы тау жақтан соққан салқын ызырықтан көзді жұма отырып қалғуға кірістік. Құрыштаған сол ұйқыдан айыққысы келген Айыржап, ұлken қапшығынан бір құмыра арап шығарды. Менің есіме бикештердің жолдығы түсті. Оны ашып конфет алдым. Бір бөтелкे Совет кониегінің астынан бүктеулі хат шықты. Айыржап ұсынған құмырадан екі қылғып жібердім де, колясканың арқалығына шалқалай жатып оқыдым. Әлияның жазуы: «аты Әсия, орта мектептің тоғызының класын бітірген. Бұл да Мақпалға ұқсас жақсы оқып жүр еді. Ата-анасы өздеріне жақын келетін бір байдың ұлына бермек болып, Мақпалға ұқсас мұны да зорлауға кірісіпті.

Сізге сыртыңыздан таныс екен. Бұл жердегі қызмет жағдайының бәрін біледі екен. Мен айтқанымда сыртыңыздан соншалық жақын таныстырын білдірді. Қайтып келгеніңізде сөйлестіремін! Мені кешіріңіз, ықтияр өзіңізде ғой!...»

Хатты өз қалпымен бүктедім де, портфелімнің бір қалтасына тыға салдым. Түске көтеріліп қалған күн шары бадырая қарап, қарсымыздан соққан жел ызығарын сындыра бастады. Қыс қыспағынан «талықсып қалған» сұры дала есін енді жиып, күн нұррына шерін шерткісі келгендей демін курсіне алып, өксіп жатқандай сезілді.

Біздің үйымдастыруға келген кентіміз Сарбылақ деп аталатын. Оны «Сарыбұлак» атандырып қойған шығыс жақ қатарындағы екі бұлақтан су ішетін бір ғана жангөдей<sup>16</sup> негізгі иесі болған отыз үйлі кент ол бөгеуден бергі тұмалардан ғана там-тұмдап күн көріп келіпті. Үш аймақ төңкерісі жеңіп, жаңгедей помещиктің ерекше құқығынан жерлік халық құтылғанда, су да құтылды. Жазда үзілмей ағатын болған сол бұлақ, маңайы көк жасаңға айналып қалса да, әліге дейін «Сарыбұлак» атальық келеді.

Тұралап келген тұрғындары екі-үш жылдан бері ғана қоңторғайлықтан құтылып, жайтініне жетсе де жегіміне әлі де толық жете қоймапты. Көпшілігі соқасы мен тіс ағашына бұзаулы сиыр, құлынды бие, тайынша жегеді екен. Күш көлігі мен бұлығы барларын тізімдеп кеп жібергенімізде, он шақты отбасы ғана шықты. Олардың жетеуі орта, үшеуі ғана жоғары орта егінші қатарына жетіп келеді екен. Әйтеуір қүштері серікtesse сол кенттегі егілуге тиісті жерді түгел менгеріп әкете алатындығын есептеп шығардык.

Егіс уақыты мен жиын-терім кезінде күш бірлестіруге көндіре алсақ болғаны, Сарыбұлак, егінсіз үй жоқ, тұтас жасыл бұлаққа айналады екен. Тұрмыс жағынан әл-ауқаты жасыл бұлаққа да, егіншілердің тілек-мұратын бірлестіретін асыл бұлаққа да айналады. Біз үшін ен зәройі осы соңғысы, яғни бұл бұлақты осы өңірдегі егіншілердің көзіне көрсетіп, колективизмдік аң-сананың бесігіне айналдыру еді. Исті алдымен осындаид идеологиялық тәрбиемен бастадық. Әрбір отбасымен жеке-жеке де, бәрінің басын қосып та әңгімелестік. Серікtesudің пайдасын көздерімен көрмей көне қоймайтын ұсақ мешік ережесі бойынша есептеп те көрсеттік. Күш көлік пен құрал-сайман жағынан жақжұты кедейлері құлышына кетті бұл есепке.

<sup>16</sup> Жангөдей (айтылуында Жангүйді) – қытай байларын осылай атайды, қожайын мағынасында.

Ал, өзіндік егінге күші жететіндері, әсіресе жоғары орталар нараулай тындағы. Бұларға лайықты насыхатты күшайте түстік. Құрал-сайман, күш-көлік жағынан көбірек күш қосқандары қол күштерінен де көбірек пайдаланады, салыстырмалы түрде көбірек егеді ғой. Оның үстіне, өз күшіне қарағанда сол көбірек егінін екенде тез егеді де, жиғанда тез жияды. Табиғи апаптан көп зияндалмай, мол өнім алу – күш серіктестірудің негізгі абзалдығы екендігін еселеп-еселеп түсіндірдік. Бір аптада кенірдегімізді құрғатып, жағымызды сорайтып болған осы кенесімізben бәрін көндірген сияқтымыз. Мектептің үлкен бөлмесіне алғашқы үлкен жиыннымызды ашып кеп қалдық бір күні. РАЗЫЛЫҚ Дауыстар көтеріле, түгел құпташ еді. «Енді өзіміз кенесіп, өзара келісіп алайықшы!» – деп күбірлеп қалды көссе сары шал. «Өзіміз кенесейік» дегенді көпшілік тағы да түгел құпташ дауыстады. Бір сағатқа келісіп шыға беріп едік, соңымыздан қаптап ере шықты да, төрттен-бестен бөліне жөнелісті. Сарыбұлак мектебінің маңы түгел күйіс қайырғандай құбір-сыбырға тола кетті. Сарылған ұзақ күн еңкейіп қалыпты. Кейбір топтағы қүйістер кіртілдемей сартылдай бастады.

Айыржап екеуміз жатқан мұғалімнің үйінен шай ішіп шығуға кетіп бара жатып, тұра қалдым. Әлті өзара кеңеске шақырған сары шалдаң үйіне өткен кешті Танқан дейтін кәрі үкірдай ауылынан біреу келіп қонып кеткенін естігенмін. Шай ішуге Айыржапты жібердім де, қүйістерден аңыс байқау үшін сол маңда арлы-берлі жүрумен болдым. Ұзын бойлы еңкіш, көссе, сары шал жоғары орта егіншінің бірі болатын. Екінші топтан үшінші топқа ауысқанын көрген көзімнің қыры сонда болды. Оның алғашқы «күйесекен» тобы бір-бірден тарапты, басқа топтарға ауысыпты. Солармен бірге әзәзілдіктің де тарапты жатқанын ауыс-күйістердің көбейе бастағанынан байқай қыдырыстадым.

Уақыт бітіп, мектепке қайта кірдік.

– Ал, қандай пікірлерің бар, ұқпай қалған мәселе бар ма екен? – деп Айыржап сұрады. Бағанағыдай аңқылдаған мінез жоқ, көпшілік жиырыла қалғандай, жым-жырт отырып қалып еді. Ен момыны болып көрініп жүрген бір қарасақал қол көтеріп, сөйлеуге рұқсат сұрай түрегелді. Көссе сарының қарсы сөзге осы «момынды» ынғайлас қойғанын тұспалладым.

– Жаңа үкіметіміз кедейлердің өз үкіметі, бостандық пен еркіндікке жеткізді дейсіздер ғой, шырактарым, солай ма?... Осы біздің еркіндігіміз бар екендігі рас па?

– Рас! – деді Айыржап маган бір қарап қойып.

– Еркіндікке жеткендігіміз рас болса, мына жұрт егінді де өз еркімізben егеміз, бірлеспейміз деп отыр. Қамқор үкіметіміз әркімнің өз котырын өзі қасуына рұқсат етсе болғаны, құдайға шүкір, әйтеуір, жаңа үкіметіміз помешиктерді кідіңдетпейтін болды гой, енді күн көре алмасақ өз обалымыз өзімізге болсын!... Сөзім осы ғана.

Айыржап абыржып алақ-жұлак қарап сейледі жан-жағына:

– Ал, бағанағы келісімнен қандай себеппен айныдыныздар, соның себебін айтыңыздаршы?.. Әлде азғырған біреу бар ма?.. Иә, түсінбейтін, шеше алмаған бір мәселе шықты ма?

Ешқайсысынан жауап шықпай қалған соң мен сұрадым:

– Енді осы «өз котырын өзі қасу» дегенге қарсы пікір бар ма, қане? Қөвшілік бір-біріне, әсіресе көсе сарыға көбірек қарасып қойып, тағы да үнсіз қалды. Мен күлкімен қайта сұрадым. – «Өз котырымызды өзіміз қасуға қолымыз жетпейтін шолақтарымыз көп» дейтіндер бар-еді гой!... Ал, «өз котырымызды өзіміз қасысақ та, қышуымызды қандыра алмайтынымыз тіпті көп. Келіңіздер селбесіп қасысалық!» дейтіндер де аз емес еді гой!... Солай болғанда «өмір бойы қанша тырнасақ та арқамыздың қышуын бір қандыра алмай, тасқа да, ағашқа да сүйкеніп келеміз. Байдан да, құдайдан да тілеп, сол сордан бір құтыла алмадық, қанекі өзіміз бірлесіп, айзымыз қанғанша қасысалық!» дейтін біреуіңіз жоқ па?

Егіншілер бұл сөзге түгел күлсө де, әр түстен жамырай жауап шығарды:

– «Көп суыр ін қазбайды, ін қазса жөн қазбайды»... енбегіміз өнімсіз болып қалса, бір-бірімізден көріп бажылдаспайық!» «Аш құлактан тыш құлақ». «Қойдық әр қайсынымыз өз бетімізben – көрелік!» «Өз еркіміз өзімізде еkenі рас болса, болды, рахмет бұл қамқорлықтарыңызға!

– Көп суыр ін қазғанда өте жақсы қазатын мықты тәртіп, абзал ақыл тауып берсек қалай? – деп мен сұрадым.

– Шырағым, Биғаш, рахмет, қойдық енді соны, қойдық! – деп шу көтерген көвшіліктің соңында, – «бұл баяғы колхоз ғой, жаңа ұқтық!» – деп қалды біреуі. Жат таптың сүп-сиқырымен айнығандықтарын енді толық түсіндім. Жіп үші көрінсе де тастай қатты туýиншектелгендіктен қатқыл тойтарыстарынан байқап, Айыржап екеуміз бір-бірімізге күйзеле қарастық. Бір алталақ жапалы үгітіміз зая кеткендей. Зорласақ өзімізге зобалаң көрінетіні сезілді, ешқандай өктемдік көрсетпей, насхаттап қана, нағыз өз

ықтиярларымен серіктестіруді Лин шужи қатты тапсырған болатын.

– Енді қайтеміз? – деді Айыржап күбірлеп. – Қалай да ұйымдасудың пайдалы болатындығын ескертіп қана ойлатып қойып, біреуіміз парткомға барып келейік пе?

– Жоқ, оны артынан көрерміз. Мен енді бір сағат сөйлейін. Мына айну, біреудің кері үгітімен пайда болғаны сезілді. Совет одағындағы колхоздасуды да жириенішті етіп, қате түсіндіріп қойған екен. Колхозға қай таптар неліктен қарсы болып бұзғыншылық әрекет жүргізгенін, колхоздардың оларды қалай жеңгенін, аса күшті фашизммен соғысқанда колхоздық коллективтің Совет одағын қаншалық құдіретке ие еткен тарихын қысқаша ғана сөйлеймін. Мына мойынсерігіміздің қасиеті осы баяндамамен айқын түсінілетін болады, қалай?... Бұдан зорлау мағынасы шықпайтын шығар?

– Осы сөзіңнен «қайтсан десеріктессін» дегендегі зорлаушылық мағына шығармай, сөйлей аламысын?

– Жай ғана әңгіме етіп шөртемін, тыңдалап көр!...

Айыржап түрегелді. Көшпіліктің өз ықтиярында екендітерін қайталай дәріптеді де «Бигабіл жолдастың» аз сөзі барын айтып, тыңдауға шақырды. Егіншілер «мына бұйрабас кү енді қай қырына алар екен» дегендегі аңтарылыспен үнсіз қарасты маған.

– Менің туысқан ағаларым мен інім, бес жылдан бері өздері сияқты жалданба егіншілер мен серіктесіп, қашқан бір жаңғұдайдің жеріне ортақ егін салып келеді, – деп құлімсірей бастадым сөзімді. – Сенбегендерініз барып көрініздер! Мына Қарағашта ғана, Бикелді, Биғазы, Бигаділ дейтіндер! Жалышының тері мен қанын кося сорып әдеттенген байларды сол серіктесулері арқылы малайсыз қалдырып, ызаландырып жур. Біреуден кепсөн сұрағанды қойып, қазір өздері кепсөн беріп жур. Демек, мен жалышылықтан да, жоқшылықтан да әрен құтылған, өздеріңіз сияқты семьяның баласымын. «Өз өлтірмейді, жат жарылқамайды». Сіздер осы ауылға кешегі келген конактың қомағай қожайынында – Таңқан, Омарбектердей өздеріңізді торып жүрген – тонап жүрген қасқырлардың азғырындысын тыңдағанша менің, көзді-құлақты мына өз балаларыңыздың ақылын тыңдаңыздар! – дегенімде еріксіз өксіп қалып, бір кідірдім.

– Ал, тыңдадық, тыңдадық! – деп қалды бірнешеуі. Мен, іле жалғастырдым сөзімді:

– Өзі түсіне алмай жат таптың сүп-сиқырына сенген бір сорлы шалдың сөзімен айнып қалып отырсыздар. Ол шал колхоздық тұрмысты мұлде білмейтін, колхоздың жауларының сөзімен кері түсінікке ие болып қалған шал. Сондықтан колхоз туралы шындықты түсіндіру өте қажет болып қалды. Қазір мен сіздерді колхоздастыру үшін емес, тек, қате түсінікке карсы дұрыс түсінік беріп қою үшін ғана сөйлемекпін...

Осылай басталған лекция бір сағатқа жетпей аяқтады. Сөзімнің қанышалық женісті болғанын Айыржаптың жадырауынан байқадым. Елжірей қарап изектеді маған. Көпшілік атынан сөйлеген бағанагы қарасақал жан-жағына жалтақтай түсті де, «сорлы шалына» қарады.

– Енді болдық! – деп дауыстап жіберді өзі. Бұл «болған» қалай болғандық екенін «сорлы шал» қалбалақтай сөйлеп түсіндірді:

– Шырағым, түсіндік, тіпті жақсы түсіндік. Сөзіңнің бәріне... Әсірессе, менің рас сорлы екендігіме мойыннадым. Ал, сіз айтқан кешегі қонақ менен де сорлы, ол да бұрыннан естіп жүрген өсектерін айтқан, ып-рас, үстінен түстіңіз!... Жалғыз-ақ, ол әлгі Омарбек пен Таңқанның сөзімен келген емес, өз пікірі солай... ал енді бастай беріңдер, бар разылығымызben ердік сіздерге!

– Біз ғой, мына ақсақалдарымыздың райына қарап отырғанбыз, – десті көпшілік. – Осы кісілердің айтқанымен жүретін әдетіміз болмаса, ақылдарынызға алғашынан-ақ көнгенбіз ғой!... Енді ешқандай қарсылығымыз жоқ. Бірлестік!... Енді бастығымызды, қалай, қалай істейтінімізді, әсірессе тәртібімізді мықтасаңыздар болғаны!..

Ертеңіне көпшіліктің дауыс беруі бойынша сол ырықты көссе сарының өзін бастық етіп сайдадық та, жеке жерлерде соны мықтап тәрбиелеумен болдық. Оған ақылшы-хатшы деп сайлағандарымыз да, бақылаушы комиссия етіп сайлағандарымыз да ыңғай кексе кедей егіншілерден болды. Табыс біткеннің барлығы ұйымшылдықта, тәртіп-тузімшілдікте екендігін түсіндіре жүріп, жер жыртуға дайындағы. Әр-бір егіншінің жер бөлігін көріп, өлшесіп жүргенімде Лиң секретарь жетті. Қайын жүртynna ұрын келген дәстүршіл күйеуше, алыстан жаяулап еді. Алдымен маған қарай беттеп жақындағанда күйеу сияқты емес, ондайдан бүтіндій басқаша көрінді: әскери сарыларынан таңдал, ең көп жамаулысын киіпті де, сары былғары сумкасын ат дорба сияқты есекі березент дорбаға тығып, қолына ұстапты. Жарқырауық еш нәрсе көрсетпей, кедей егіншінің дәл өзі болып көрінейін деген сияқты.

Өзінің бүтіндегі керісінше ыңғай былғары киінген маған салқынғана амандасып, қысқаша сөйлесті де, егіншілерге изектеп құле өтті. Бір жакта жер өлшесіп жүрген Айыржапқа жәнелді.

Айыржапты erte жүріп, әркіммен сөйлесті. Тұсқі демалыста да, кешкі қоналқыда да келмеді менің қасыма. Оған еріп тілмәш болып жүрген Айыржап, «ұстімізден көрсетінді бар сияқты!» – деп бір кезі келгенде күбірлеп қана өтті. – «Бигабіл қорқытып зорлап ұйымдастырды деген сөз бар екен. Бірақ, кімнің көрсетіндісі екенін айтпады!» деп ескертке кетті.

Аупартком секретары ең кедей үйдің бидай көжесін ішіп қонған соң, бар егіншімен жеке-жеке сөйлесіп болған соң, erteцене түсте бір-ақ келді менің қасыма. Ауыл мұғалімінің төрүйіндегі дәңгелек столда шәй ішіп отырғанымда екі езуін екі құлағына жеткізе құліп кірді де, төрге шақыра түрегелген менің қолымды қатты қысып, сілкіп-сілкіп жіберді.

– Құттықтаймын женісінді!... Егіншілердің қайта айнығанынан кейінгі лекцияның түгел естідім. Бәріне де өте жақсы эсер еткенсін!... Кейін бұлар кооперацияласқанда да бұл сөзің естерінде болады, өте жақсы!...

Сол күні кеште сол уйге бірге қондық. Әр түрлі сұрау қойып, бар жағдайымды сұрастырып жатты. Айыржап былтырғы конференциядағы шағым сөздерден Мақпалдың атын секретардың өзі жазып алғанын біледі екен. Байланып жоғалған сол қыздың менің қалыңдығым екенін айтқанда, едәуір ыңғылдан ойланып қалды секретарь.

– А..а, – деді бір шақта, – былтыр 11-ші айда Мақпалды мен Алтай жерлік парткомға тапсырып қатынас жібергенмін. Оны сақшы мекемесі арқылы тапса, өз камқорлықтарына алуларын өтініп жазғанмын. Тапса олар бізге хабарлайды!...

Алдыңғы күні Дүйсен ағай маған келіп, «Мақпал бір ай мөлшерінде бөле күйеуден құтылған сияқты деген тұспалын айтқан: «Сауырдан, қай жердікі екені белгісіз, сақшылар алып кетіпті». Секретарь менен соны естіп, «ы...ң, табылған болса, бізге қайтарады!» дей салды да қор ете түсті.

Ертеңінде танертең әкімнің женіл арбасын шоқақтатып көшіре келді. Кешкі жақын шығып, жолдағы туыстарына қоныпты. Секретарға конверт ұсынды. Шынжаң өлкелік парткомның үгіт бөлім таңбасы басылған қатынас екенін көрдік. Менің Үрімжіге – оқу-ағарту менгермесіне қызметке шақырылғанымды аупарткомға тапсырып жазыпты. Оқу-ағарту менгермесі бірінші рет сұрағанда

аудандық үкімет бермегендігі себепті партия жағынан сұратқан сияқты.

— Бигабили жолдас, сен осы арбамен қайтып, Үрімжіге жүрге дайындала бер! – деді секретарь, маған ойланған алып, – бірақ, мен қайтқанша күте тұр!... Партия қатарына өтуге жазған өтінішің бар емес пе, мен өзім кепілдік етіп қабылдатамын. Партияға өтіп, партбилетінді алып барғаның жақсы!..

Қолымды кеше қатты қысқан секретарымның қолын енді мен қатты қысып аттандым. Бәсе, таразыны әркім өз көкіректеріне – өз жүректеріне тіремей, осылай қалыс ұсташа керек қой! – деп жымыдым былай шыға бере.

Жеңімпаз тергеушім, қадамын қалай-қалай тастаған мына тарих!... Сәрсен ағаң мың құбылып, мың бұралып кіре алмай жүрген партияға ілігуді білмейтін мендей «тоңмойын кері төңкерісшінің» шынымен-ақ зып бергені ме! Дүлей жұдырығынызben қағып тастанап, қайта жазсаныз қайтеді сол тарихты. Әділет таразыңыз осыны құптаиды ғой! Қолыңыздан бүрмалау да, жұлмалау да келіп жүрмей ме! Тарихты сіз жаратпай, сіздейлерді тарих жаратып, соқыр ішегіне жиып сақтап келе жатқанымен ісініз болған ба. «Партияға сикырлықпен жалбызыбалап кіріп алған, бұл атақты қылмысын бұрып алған, зор шатақты қылмыскер» деп қондыра қоярсыз!

#### IV

Күрсініп жіберіп, арбаны 3-ші ауылдағы Дүйсен мектебіне қарай бүргіздым. Жаңа бүрлеп келе жатқан жусанды жазық дала, жайнаған шуақты күн, қалай жүрсөң де қауіпсіз, тыныс кеңіте аңқыған жұпарлы леп. Көкірегімді тарылтып келе жатқан, тек Макпал ғана. «Ішімнен өзінен бір лебіз ести алмай кетер ме екенмін!» – деп қынжыламын. «Рас сақшы құтқарған болса, ең ұзағанда акпан айында-ақ хат жазар еді ғой!»

Макпал қакпанға түскен Дөңгелекши жиегіне жете бере арбадан секіріп түстім. Соңдағы арпалыста тереңірек түскен сыңар табанның ізі табылса да сүйім келгендей, күмарта, қадала іздедім сол маңды. Екі қыс бір жаздың жауыны мен желі барлығын өшіріп жоғалтыпты. «Жүргегіндегі лапылдаған отын да осылай өшіріп кетті ме екен!» – деп қалғанымда көзімнен жас ыршыды. Арбаға қайта келіп отырып, қос теректің тұсына келгенде тағы да секіре жөнелдім. Ұмытылмас қасиетті «төсегімізді» сиыр аунап, бұқа тар-

пып ойрандағандай қарға, каракүс санғырығы да жатыр. Ондағы шалғын-кияқтан ештеңе жоқ! Жаңа көріскенімізде, онан кейін жолығып, айырылысар шақтардағы қайта-қайта қайырылысып, сүйісулерімізде далда болған жарқабақ та құлап, бір опырылып түсіпті! Ар жағында көктеулік жұртында шошайып-шошайып, туған-өсken ауылы отыр. Жерошак манында күйбендерген бір-екі кемпірден басқа ешкім көріне қоймады. Тағы да күрсіне қайтып арабаға шықтым. Бұлақты жағалап барып, мектеп тұсына жеткенде өттік.

Мені тани сала қарсы ұмтылған мол омыраулы жеңешем қолымды қыса амандасып, үйіне жетектей жөнелді. Оның дабырынан түскі демалыста жатқан «шалы» оянып, ыршип тұрды. Арбакеш атын доғарып, жем беріп кіргенше, көнілімдегі әлгі құдікті сұрауларды тұспалышыл жеңеден сұрап та үлгердім:

— Сауырдағы тұтқынды қай жердің сақшысы құтқарғанынан дерек таппадыңыз ба, жеңеше?

— Қай жердің сақшысы екенин білсе, шешесі маған айтар еді. Өздері жақындаған солай естіп, жыласып жүр. Үлкен шешесі «үкімет сақшысы әкетіпті» деп жыласа, өз шешесі «сақшы болып жасанған басқа біреу әкетті ме екен?» деп жылайды. «Сонау бірінші айда кеткен, рас сақшы болса, қазірге дейін бір хабар келмей ме!» дейді. Сенің де хабарсыз екенинді естіп, алдыңғы күннен бері тіпті көп жылап жүр. Осы үйге келгенінді білсе, өзі қазір-ак жетеді!

— Әлгі бөле күйеу мен нағашылары Жеменей сақшы мекемесіне барып сұрастырман па?

— Қай беттерімен сұрайды!.. Сақшылар Макпалды шанаға орап отырғызып ала жөнелгенде, тіпті үйлерінен де шыға алмай отырып қалыпты. Үкімет сақшысы әкеткен болса, артынан ол ауылға тергеуші келмей ме. Бұл туралы хабар естілмей жатыр. Екінші хабар келмеуіне қарағанда, мен ойлаймын, бөле күйеуде, нағашылары да түгелімен абақтыға түсіп, мұндағы үйлеріне хабар жеткізетін ешкімі қалмаған шығар!

— Әмин, олай болса, рас сақшы әкеткені күмәнсіз болар еді гой! Ал, бірақ міне төртінші ай, ол рас құтылған болса маған неге хат келмедин?

— Алдыңғы күні осыны шешесі де айтып жылады, Бигаш. Мен ойлаймын, Макпал саған хатты өз атымен жазса, поштадан ұрланған ба екен деймін! Сен қаладан шықталы екі апта болды ма? Ендігі тағы бір жазған хаты үйіце, немесе, мекемене келіп те

қалған шығар, күйеужан-ау, асықласасын, ол жөпшенгіде ешкімге алдана қоятын қыз емес дегенім ғой! – Жақсы ауызды жөнешем, осыны сейлей шығып, сырттағы ошакқа қарай кетіп бара жатты да жалт қайырылды. – Айттым ғой, эне, келе жатыр!

Келе жатыр дегенін Мақпалға ұйғарып, ыршып тұрдым орнымен. Сыртқа жүгіре шығыптын. Ауылынан бері беттеп келе жатқан шешесі екен.

– Эй, уақыты жетпей алжыған жөнешетайым-ай! – деп күле қайтып, сылқ түстім төрге. Үйден аға, сырттан женге қарқылдағанда арабакеш кірді. Бұл тақырыптағы әңгімені сонымен доғардык.

Мақпалдың шешесі жетіп, ошақ басындағы сырласымен күбірлесті. Қызы жөніндегі мениң пікірім сөз болғандай, жақында отырып, бар зейінін сала тыңдағанын байқадым. Кимешек шалғайымен көзін сұртіп, жат көзге жайбаракат күлімсірей кіріп амандасты менімен. Ибалы күйеудің әдеті бойынша иіле түрегеліп амандасып, төр нұсқадым.

– Рахмет, қалқам, отыра ғой! – деп қалып, күрсінді де, Дүйсенниң төмөнгі жағына келіп отырды. Бұл күрсінің мол сабырдан асып, шалқып шыға келген күйінші еді. Дастанкан жасалып, шәй құйылған соң шынысымен жүзін далдалап, туқыра ұрттады шайын. Мен де туқырудан кенде емес сияқтымын. Көз астымен ғана қарасып, көлдей жасымызды ішке төгіп отырған жайымыз бар. Езіліп-елжіреп отырған ана дертіне ем боларлық дерек іздейді жүзімнен. Өзінің нұрлы қамқор жүзінен мен де соны іздел жаутақтадым. Былтыр жаздағысынан әжімденіп, күйіктен қартайып қалғаны байқалды. Көз жасы шынысына қосарымен домалады бір шақта. Ем таба алмасам да дәтке қуат, жанға дәрмен айтып кеткім келді. Дүйсенге қарап сөйлеп, Мақпалды құтқару жөнінде аупартком секретарының өткен күзде Алтайға қатынас жаздырып жібергенін айттым. Елеңдеп женілдей тыңдады шешесі.

– Ол, өткен он бірінші айда Алтай парткомына жазылған қатынас, – деп айқындаі сөйледім сонан соң. – Ал, биыл бірінші айда Сауырға сақшы келіп екеткен болса, сол партком жіберген сақшы болады. Олар әрине қарақшы емес. Мақпалаңыздың құтқарылғаны рас! Жалғыз-ақ өзінен хат келмей тұрғаны болмаса, алаңдайтын мәселе жоқ! Хат келмеуінде әртүрлі себеп болады ғой, иә, бір себептен жазылмай қалады, иә, жазса да поштадан – жолдан жоғалады.

– Ие, солай болатын себеп көп қой, – деп құптады Дүйсен. – Хат жазбады деп алаңдау қазіршे орынсыз болады!

– Әке-шешесі болсақ та бізден көңілі қалатын жөні бар ғой! – деп күбірлеген ана көз жасын бір ағытып жіберіп сұртті. – Тіпті әмір бойы бізге қайырылмай, танымай кетуге де акысы бар! Ал, қалқам, құтылса саған... жазады. Ол мінезіне сенемін!... Әйтеуір мені өзің... келісімен сүйінші сұрап қуантпасаң, бір күнім он жылға бергісіз ауыр болып барады!...

Жылаудан ерінін жия алмай түрегелген ана, сырт айланып шыға берді. Үрімжіге қызметке шакырылғанымды ол кісі кеткен соң айттым аға-женгеге. Ондағы адресімді анықтап жазып беріп, Макпалдан қандай хабар келсе де сол адреске тездікпен хабарлауын қайталап-қайталап өтініп қайттым. Үш рет қайталап өтінгенімді қалжынға айландырған женешеме өз күдігімді де, тіпті өзімнен қауіптенетіндігімді де жасырмай қыскаша ескерте кетуге тұра келді.

Құдігім: бөле қүйеуден Мақпалдың қалайда құтылғаны рас. Басқа бір суық қолға тұтылуы мүмкін емес. Мүмкін емес болатыны, ол маңдағы суық қол қара күштер суық қол беделді нағашыдан жиен келініп тартып әкетпейді. Еркіндік әперетін сақшының әкетуі толық мүмкін. Олар Мақпалды әрине қамамайды. Ал, еркіндік алғанына үш ай болғанға дейін маған Мақпал қалай хат жазбайды. Жазса, марттың соңына дейін маған қалай тимейді? Соған қарағанда, Мақпалдың көңілін алып құтқарған біреу әкеткен болуы мүмкін. Олай болғанда кел жағасында жүрген менің бұлай күтіп қурай беруім құр әурешілік болмай ма?!

Ал өзімнен қауіптенетінім: қыздарға тым көрсекізар болып бара жатқаным. Әнеукүні де бір жендет қызы көзімді суырып әкете жаздамады ма. Осы дүниеде сұлу сиқырдан қатерлі жендет өткен бе. Әлиясының өзі-ақ мені талай әлекке салмап па еді. Қырық шалғанда бүтіндей жұмбак сырлы Әсияларының бірі мені шырқ үйіріп әкетіп, махаббат шыңынан Әлияша шыңыраудағы ми батпаққа былш еткізбесіне кім кепіл. Ал, олай болмағанда да, неше жылдан бері тіршілігімнің ең зор арманы болған Нұрияшым шырмаған тағы бір тордан мұбәда жарқ етіп шыға келсе, оған дейін жаңсақтан жаза басып мен жоғалсам не болғаны!...

«Бірінші айда құтылыпты» деген хабар екі-үш күннен бері менің басыма осындай бейжай ой түсіретін болған. Аға-женгеге түспалдал қана айтқан күдігім мен қаупім осы еді. «Бір хабары неғұрлым Үрімжіге жүргенімшे жетсе екен!» деген тілегімді тағы қайталай білдіріп қайттым.

Аудандық үкіметке келіп арбадан тусе сала жүгірдім бөлімге

қарай. Жұғірткен – Алтайдан хат келген-келмегенін білу. Орнынан бұрала турегеліп қол берген Әлиядан сұрадым.

– Жоқ, хат көрмедік! – деп тәмен қарап күбірлекен күмәнді қоздырды. Стол тартпаларын лезде актарып-тексеріп жіберіппін. Табылмағандығы бетімнен шымшып алғандай сезілді. Жұзім сәл қызыңқырап мен де тәмен карай бердім. Ұялғанымды білген Әлия кешірім еткісі келді ме, әлде хат женинен мүлде бейхабар екендігін көрсетпек болды ма, бұл тінтуімді Әсияның суретін іздегендікке айналдыра салды. – Карточкасын өзі алып кеткен! – деп арбай қарады жүзіме. Мұнысы сұмдығы болса да сүйсіндім бұл жолы. Үнсіз бұрылдым да жүре бердім. Орнымда қалған инспектор де, Шәкербай да, кассир де маған келген ешқандай хат көрмепті. Поштаханаға жүгірдім. Әлия бірге жүгірді. Құлімдесе де құлғін тарта сұрады менен:

– Не болды, Бига? Өзі хат жаздым деп хабарлап па?

– Жоқ! – деп қалыптын. «Әттегене» дедім ішімнен, хабар келді дей салсам, әлті тінтуімнің ұтыы, мүмкін женилдер еді де. Шынға әдеттенген аузым тағы да алдырып қойды-ау!» деген оймен қынжыла бұйырдым. – Сен қайтып қызметінді істей бер, Әлия.

Ол аңтарылғансып тұрып қалды. Жұзінің ағара тусуінен күдігім қайта жаңғыра түсті. Поштахана бастығының бөлмесіне кірдім.

– Өткен 2-3-ші айлар ішінде маған Алтайдан пошта арқылы жолданған хат бар екен, – дедім қол алышып сәлемдескен соң. – Әлі тапсырылмады. Мен көктен күткен аса зәрүлі хат еді. Хат-чек басқаратын қызметкерлерінізден анықтап берсөніз екен!

Сол өтінішпен бастықты ертіп шыға келгенімде залдың үлкен есігінен Әлия шыға жөнелді. Кімге сөйлесіп кеткенін біле алмай қалдым. «Мына сайқал сол хатты алған адамның аузын бекітіп кетті ме екен» деген жорамалмен кектене қарадым сыртынан. «Ал-дымен хат таратушыдан сұрасамшы!»

Бастық мені ерте жүріп сұрастырды. Хат тарататын бөлімдегі тізімдерді де тексеріп, дерек таба алмай, хат таситындарды тағы да кузап тексеріп көретіндігін айтып қайтарды.

Үйге қарай ілбідім. Илген басым тік көтерілді бір шакта:

«Мақпалдан хат келген делік» оны күнишіл күндейсін білген делік те, оқып көрген делік. Сонда ол хатта мені суындыратын – ма-хаббаттан үміт үздіретін хабар жазылған болса, алдынан күле көтеріп, табалай шықпай, Әлия жасырмак па ондай хатты!» – деген ой үйіріле қалып еді. – Нұрияшым маған құтылғанын, пәлен адрестен табылатынын айтып, куандырып-уандырып жазған. Мені

аздырып айыру ниетіндегі Әлия сондықтан жасырған» деген наза-  
наламды жеңілдеткендей болды.

«Ал, ең зәруі адресін білу ғой. Сол хатты, тым болмаса,  
конвертін қайтып қолға келтірсем екен?... Ашықтан-ашық тінте  
берсем тіпті ұят. Ашық тиісіп тергесем ерегесе түспей ме. Қүйдіріп  
мұлде жоғалтуы да мүмкін!.. Жалынсам жібір ме?.. Қорқытсам бе-  
рер ме?... Алласам алдыраФар ма?»

Үйге келіп, дал ұрган далбасамен хат келген-келмегенін  
қарындасымнан да, шешемнен де сұрадым. Ешқандай дерек жок.  
Титықтап отырып қалыппын. «Қолды болған хат. Сүмдығынан  
асыра сүмдәк қолданбай оны ала алмайсың!» деген қортынды  
шықты. Бейшара халге түстім.

Шешем қатарымдағы орындыққа келіп отырды да, басымды  
алдына алып, мандайымнан сүйді. Аялап, арқа-басымды сылап-  
сипалай түсті. Арықша, шағын ғана ана алдында мен де кішірейе  
түсіп, балалық шағыма қайта оралғандай, бесіктे тербелгім келген-  
дей болды. Ана омырауын ііскелеп, мойнына асылдым. Қартайып  
қалған әжімді ашаң шырайынан жүргегіме тағы бір ауыр қам ора-  
ла қалды. Көзіме жас келіп, иығына тамшылады. «Әке-шешем  
өліп қалса қалай тірі қалмақпын!» деп терге малышынп, үйқысыз  
өткізген түндерімдегі сияқты бір түнек қайғы еді бұл. Әке өлгенде  
тірі қалдым. Бірақ тірлігімнен дерек білдіре алмай, аса аянышпен  
– арылғысыз зармен айырлдым ғой. Енді мына картайған жалғыз  
аяулы ана!... Мен Үрімжіге кетsem, бұл да менен сондай тағдырмен  
айылса қайтпекпін!»

– Сен одан камкөніл болма, қарғам! – деп шешем көз жасымды  
алақанымен сұртті. «Одан» дегені Мақпалдан деген екенін сөзінің  
жалғасынан ұқтым. – Ол табылады. Макпалдың дәл өзі, бәлкім өзі  
болмаса өзінен айырғысыз біреу келеді. Менің білуімше өзі, дәл  
өзі табылады! Сенің бақытты болатындығыңца сенемін!

– Апа, ол туралы емес, мен Үрімжіге тағы шақырылыптын.  
Софан кетемін ғой, сен қартайып қалдың ғой... соған...

– О қарғам-ау, мен туралы несін кайғыланасың! Әке-шеше кімге  
жолдас болған!... Жолың болсын, алаңсыз бара бер! Бұл жерде әр  
томарға бір шалынып жүргеншіе, сондай биғірек жерге барғаның  
жөн. АナンЫң аланы, өз өлімі емес, артында қалатын балаларының  
хал-жайы ғана болады. Ал, сенің мұратыңца жететіндігіңе жақыннан  
бері қатты сеніп, қуанып жүрмін! Бәс...

– Болжап білдің бе, түс көріп білдің бе? – деп құлдім мен.

– Оны өздерің әке-шеше болғанда түсінерсіндер. Марқұм екен

сенін бірдеме болатындығынды ауырғаннан бұрын, сау кезінде-ақ маған сыйырлап айтып жүруші еді! Мен енді ғана толық сенетін болдым. Бақытты боласың, карғам!

Алдыңғы Нұрияның 45-ші жыл басындағы осындай бір болжамы есіме түсіп, күрсініп жіберіппін. Ол, айрылысатындығымыз туралы екі-үш рет айтып жылап еді ғой! Сонысы артынан іле-шала шынға айланбады ма!... Ол да бүкіл жан-жүргегі, бар тілегімен, терең қаммен ойлайтын, шексіз махаббат иесі. Адам миы – әлем заттарының ең дамыған, ең жетілген жемісі десек, сондай күшті махаббат иелеріне болжағыш қасиет бітер-ақ. Ал, мен неге Мақпал жөнінде мұндай болжамды сенімге келе алмаймын?... Әлде оған арналған махаббатым кемірек пе? Жоқ, тіпті де олай емес!... Әлде сезімдік аппараттарым әлсіздеу меге?... Мүмкін, мәселе осыдан шығар!... Әлде оның махаббат оты өшкендіктен бе?... Жоқ, жоқ өшпек емес, өшпесін, өшпесін!» осы ой басымды шешемнің алдынан ыршытып жібергендей болды... Ертеңіне мекемеге барып, қызметінді түгел өткізіп бердім. Үрімжідегі қызметке орналасқанымша расход ретінде Телбай әкім екі айлық артық еңбекакы босаттырып берді. Лин секретарды күтіп, партияға өтудің жосынын өтеуден басқа жұмысым қалмады. Мақпалдың дерегін табудың қамымен поштахана мен Әлияны ғана айналсақтай бердім.

Үрімжіге кететіндігімді Әлия алғаш естігенде елең ете түсіп, сұрлана қалып еді. Онысын мені кимайтындығына балап, қайтадан дәмелендіріп қоюдан сақтансам да, Мақпал хатының ісі осының бойынан сезілгендей мені тімтіндіре берді. Екінші күні оқашада жанқалтасына ғана емес, төс қалтасына да қол салып жіберіппін. Жылмаң қақтырды бүл қылышым. Мен түйіле қалдым онысына.

– Түсінемін, Әсияның карточкасын іздегенің ғой! – деп күрсінді Әлия. Мен де әдейі соған аудара салу үшін үнсіз жымидым. – Қырға кетеріңізде біз берген жолдықтың ішіндегі хатты көрдіңіз бе? – деп сұрады сонан соң. – Әсияның ахуалы расында солай. Бірақ өзі танысқан жігітінің сырын біліп болмай ешкімге сөз бермейді. Оған сөз салған жігіттер көп. Біраз сейлесіп көріп, бәрін де қайтарып жүр. Сол карточкасын мен өтініп, сізге көрсетейін деп әрең алғанмын.

– Өзі алып кетті ме? – дегенімде Әлия күліп жіберді.

– Сіздің оны әлі де көргіңіз келетінін білемін. Үйде, әкеліп берейін бе?

– Қазірше керегі жоқ, өзіңізде тұра тұрсын!

– Қазірше? – деп тағы күлді Әлия. – Сол жоғалған қатыннан әлі де үміт күтетіндігінізге күлкім келеді!

– Ол күлкі келетін іс емес!... Өзі солай!...

– Қазірше дегеніңіз не? Мақпалдан хат келгенше дегеніңіз ғой? Ол меніңше енді хат жаза алмайды. Неге десеніз...

– Ол қалайда жазады. Тым болмағанда мені күттірмеу үшін жазады! Оның жауабы келмей мен де ешкімге сөйлеспек емеспін!

– Оған осыншалық опалы болғаныңызға таңмын!

Бұл жауаптарым тағы да шынына сایып, күнишілдігін тағы да көздырып алғаным сезілді. Енді қалайда азғырылған болып көрініп, іштесуге, сөйтіп, өз бөлмесінде тінтіп көре алатын байланысқа тез жетуге асықпай болмады. Тәуекел айттым да, «қамкор қайынбике» атап, «қүле» айлансоқтадым. Ертеніне өзі бұрынғыша алтын сырғасымен жарқырап киініп, бұрқырап келіпті. Бұл жасануынан Асиямен де бақталас болып «базарға» одан бұрын өзі бір салып алмақ ниستі барын байқағандай болдым.

– Жақын кезімізде жатағыңды бір көрмеппін-ау шіркін! – деп құрсіндім әдейі. – Өзің сияқты жайнап, жәннат аңқып тұратын шығар?

– Көргіңіз келсе барып көре беріңіз, айырым бөлмеге шығып алдым.

– Арамызға асуызы талай кезең тастап айрылыстық қой, енді Әсиямен сөйлестіргеніңде көрмесем!...

Осы сөзбен құрсіндіріп қана шығып едім.

Сенбі күні түске жақын бөлімге бір кіргенімде Әлия бүктеулі қағаз ұстартты қолыма. Сол жерде ашып оқыдым: «Әсия кеше кеште келген. Сізben әңгімелескісі келетінін айтты. Кеште клуб алдынан күтіңіз, сол жерден табыламыз! – деп қана жазыпты. Бас изей сала қайттым. Поштахананы әсіресе ондағы Әлияның бекіткен аузын тауып тексеру, осы бояушы сиқырлармен сөйлесудің алдындағы негізгі жұмыс болды. Бірақ, қалай тұрткілесем де поштадан Мақпал хаты туралы жылт табылмады.

Ақшам бата үйден шықтым. Таныстыруыш Әлиясына қарап ойланған келе танысушы Әсиясына бой ұрматуға мықтап бекініп, хат іздеу үшін ғана шықтым.

Әлия жалғыз, клубтан көп бері жарым жолдан кезікті. Бар асылын сусылдатып киініп шыққанына мен таңырқай қарадым да, менің көнетоз сүр кейлек-сыммен ғана шыққаныма ол күлімсірей үңілді:

– Әсияға жақсы көрінгің келмейтінін біліп қойдым.

– Көп сынайтын қыз дегенсің ғой. Қажеті киім болса, үйге апарып көрсетемін!

Сынғырлай құлғен Элия білегімді мығым омырауына баса қолтықтап, басқа көшеге бастады. Әсия қайда деп сұрағаныма ойланып, кідіре жауап қатты.

– Біздің үйде! – деді күрсініп қалып. – Әжемнің қасында қалды. Тілегіңіз бойынша мениң бөлмемде сөйлесесіз!

– Сендерге туыстық жағынан жақын ба еді?

– Жақын, немерелеспіз. Ол менен бір жас қана кіші сіңлі. Мен сізге қастық істегендеге сіз маған көп жерде достық істедіңіз. Сондай борыштарлығым үшін...

Кәкімбайдың қақпасының алдынан өте бергенімізде, Элияның әкесі мен Кәкімбайдың жақын сыйбайластығы, үлкен шешесіне іргелес көрші екендігі есіме қалт түсе қалды. Қашып жүргендігін білсем де жорта сұрадым:

– Кәкімбай үйінде бар ма, көптен көрмеппін. Не істеп жүр?

– Саудамен кетіп жүр ғой деймін. Үйінен бейсенбі күні ғана көрінетін болып жүр ғой, енді былай жүрейік. Біздің жайымыз мынау – сәл кешірек кірейік!

Қаранғы түсken шақ. Кәкімбайдың үйіне келетін бейсенбі кешін есіме түйіп, оны колға қалай түсірудің ойымен қала шетіне шыққанымызды сезбей қалыптын. Оңаша бір құрғак арық жағасына келіп отыра қалды Элия.

– Отырши! – деп қолымнан тарта отырды. – Кішкене әңгімелесіп алайықшы! – деп күрсінді біраз ойланып алып. – Сіз енді кетесіз ғой, мені кешір! Көп уақыт бірге болдық, жақсы айрылысайықшы!

– Осы сөзімен ишігыма басын сүйеді. Жымия сұрадым:

– Қайтсек жақсы айрылысқан боламыз?

– Сіз Мақпалдың жауабын күтіп, зарығып жүрсіз ғой, жаңым ашиды. Ол кеткен адам ғой. Рас кеткендігін білгенде... тағы қиналасыз ғой! Бірақ лаж жоқ болған соң, мәселен дөлік біреумен үйленесіз ғой. Сонда кіммен... шыныңызды айтыңызышы?

– Өзің сіңлімен көрістірмек болып ертіп келдің ғой! – деп аныра қарадым жүзіне. – Сөйлесіп көреміз, сынасамыз. Лайық деп табыссақ сонда естірсің. Қазірше айтартылған бұдан басқа шыным жоқ.

– Оны сіздің ұнататындығынызға сенемін, ол ұнатпаса ше?

– Оナン соңғысын артынан көрерміз, өлер деймісің! – деп күле турегелдім де оның қолынан мен тартып түрғыздым. – Жүр, кешігіп қалдық, үйінде де аз мылжындаспаспсыз!

Әлия қайта қолтықтап жүре сөйледі:

– «Мақпалдан бір жауап алмай, ешкіммен сөйлеспеймін» демейсіз бе?

– Сіңілін жарамды болса, олай демей-ақ қоярмын!

– Мақпал әлдеқашан кетіп, балалы болып қалса да, соншалық күткен себебініз не?

– Үағдама опалы болайын дегенім ғана ғой, әйтпесе кімнен сұлу дейсін. Күтім енді жеткен-ақ шығар! – Осы сөзді ести сала аш белімнен шап берді Әлия. Құрсініп жіберіп қыса құшты. – Қайынбике, енді әдептен асып кетпелік! – деп қуле сырғыттым қолын.

Іштен ілінген қақпасын бұта сұғып ашты да, сықырлатпай жауып, ілгегін қайта ілді. Бөлмесінің есігі үлкен үйінен айырым екен. Оны да еппен ашып кірген соң шырақ жағып, терезе пердесін жапты.

– Ал отыра тұрыныз, мен Әсияны шақырып шығайын! – деп шығып кетісімен столының тартпасын аштым. Әртүрлі тағам салынған екі-үш тәрелкеден басқа еш нәрсе көрінбеді. Жиған кітаптарына ұмтылдым. Ен үстіндегі кітапты тарақтап қалғанымда ақ конверт жерге түсіп кетті. «Дөрбілжін оқу-агарту бөліміндегі Бигабілге, «Алтай-Сарсұмбе пошта-телеграфф мекемесі (М...дан) деген таныс жазу жарқ ете түсті. Көзімді сығымдан жіберіп қайта оқыдым да жанқалтама тыға қойдым. «Сүмдышына менің дөрекі құлығым да төтеп бере алды ма бәлем!» дегендеймін. Есіктен еш сыйбыс естілмеген соң конвертті асыға аштым. Жазылған азғантай ғана сөз дәл тәбемнен шойын шоқпармен періп жібергендей мең-зек етті. Отыра қалдым. Жазу түріне жан-дәрмен қайта үңілдім. Айна қатесіз Мақпалдың өз жазуы: «Бига, мені кешір, өз басымда сізге опасызың іstemek ой жоқ еді. Өзіңізге белгілі зорлыққа ұшырадым. Сонда да, осы бала білінгенше қашып барайын деп тырысып көрдім. Лаж жоқ, өлсем де бір көруді нәсіп етпепті, босанғаным жарым жыл болды, ана болдым. Үкімет құтқарса да баламды шырылдатып тастап кете алатын емеспін. Естуімше сіз мені әлі күтіп жүріпсіз. Ендігі бақытыңызды ойлаңыз, мен жоқын. Маған сіз де жоқсыз! 1951 жыл 10 март.

Бақытсыздыққа еріксіз көнген сорлы М...ныз. Хат сөзі осылай ғана. Столды ұрып жіберіп екбетімнен сұладым. «Үкімет құтқарып, бөле күйеуден айырса да баласын қимай, қайта барып қосылып алған екен ғой!» деген өз күбірім өзіме жат біреудің сөзіндей естілді. Сырттан аяқ сыйбыры білініп, басымды көтеріп алдым

да сымымның жанқалтасына тыға салдым сүйк хатты. Сұрғылт тартқан Әлия кіріп, жүзіме бағдарлай қарап сөйледі:

– Әсия сыртқа шығып кетті дейді, осы көшеден іздел таба алмай келдім. Қазір келіп қалар, күте тұрайык!

Әлияға қарап отырсам да сөзі құлағыма дарымағандай. «Бұл хатты не себепті осыншалық оңай жерге қойған?» – деген сұрау келді ойыма. – Осы бөлмесінде Әсиясымен кездестірмек болып, түстен бұрын шақырды ғой. Менің келетінімді біле тұрып... Ең негізгі сырды осы жерге қоюын, ұмытшақтық, иә, салақтық деуге бола ма?... Жок, конвертін жыртып қойып айыпты болғандығы үшін ғана жасырғансымақ болғаны!... Осы кітап арасынан өзі тауып оқысын, күткенінен осы жерде түнілсін дегені!... Егер Мақпалдың хаты мені үміттендіріп, күттіретіндей болып жазылса, мұндай оңайға сақтар ма!...»

Көзімді керен адамша жарқыратып отырып қалыптын. Хатты тауып оқи қойғанымды Әлияның өзі де білгендей, жалтақтай қарап, күрсіне берді. Хат сақтаған кітабына қарап та қоймай, лыптылдан дастарқан жасады. Қонаққа керек деген тағамдарының бәрін де осы кішкентай ғана аса сәнді бөлменің шкаф-тартпаларына дайындал қойыпты. Оларын тәптіштеп жасап жатқанда кітап қойылған бұрышын тағы айландырдым. Терезені тұтас қаптаған пұліс пердесінің сол жағынан бағана саңылаудан көріп тұрған сияқты. Әсияны іздел емес, мені сырттан көздел қана кешіккені түсінікті болды. Шай құйып тұрған Әлия үнсіз егіліп, көз жасын төгіп тұр екен. Орныма қайта оралып отыра кеттім.

– Әсия келгенше шай ішे отыралық! – деп күбірлеп Әлия да отырды. Бетін басып алып солқылдай жылады енді. Стол ортасына қойылған жуан бөтелке конъяктан стаканға толтыра құйып, бір-ақ көтердім. Кішкене стаканға өзі де лақылдата құйып, жұтып жіберді де, столға басын тақ еткізіп қоя солқылдады. Әлия солай екбеттеп жатқанда дәніккен көзім үй ішін тағы да тінте жөнеліпті. Енді сол «сұғанағыма» ызаланғандаймын, «табылмаған енді нең қалып еді!» деген оймен столды жұдырықпен қойып жібергенімде Әлия басын көтеріп алды. Өз ыдысыма конъяктан тағы құйдым. Өз ыдысына Әлия тағы лақылдатты да менің стаканыма қағыстырып жіберіп қылғыды.

– Сен көп ішпе! – дедім, өзім де сіміріп жіберіп. – Оңаша бөлмеде қатерлі қонақ күтіп отырған қызысың ғой, алданған адам

ашулы келеді, менен сақтан! Осында алдап шақырғаныңды арық бойына апарып сөйлеген сөзінен-ақ білгенмін!

– Кешір! – деп ыршып тұрган Әлия басымды құшактап аймалай солқылдады. – Сені осында жеткізгенге дейін, тіпті қазірге дейін алдауға мәжбүр болдым. Кешір жаным! Өзімнің қызықтыралық ештенем жоқтай басқа бір қызды көрсетіп, соның магнитімен ғана әкелгеніме қорланамын! Бұдан да өлгенім артық! Ақырғы рет бір сөйлесіп көру үшін ғана алдадым.

Қатты басым осы сиқырдың мамықтай омырауында жұмсап бара жатқандай сезілді. Атып тұрдым да екі иығынан бүре ұстап, орындығына отырғыза сөйлемдім:

– Расында, мен Әсияна қызыққандығымнан емес, осы байланыспен не өзінді алдау үшін келіп едім. Бірақ, болмыс мені алдандырып, алдырып қойыпты! – дедім де бетелкеден тағы да құйып сілтеп жібердім. Әлия енді құлімдей қарады. Арап қызыымен қызыға қарадым мен де. Ойнакы қара көзі де, ерекше қалыпқа құйғандай сұлу мұрны да, суретші қолмен жасалған қап-қара қасы да, иығына төге қырықкан жылтыр қара шашы да жарасымды, барлық мұсінмен бұрынғы сүйген кезімдегідей көрінді. Адамгершіліктен сырт өткізген аса сүйкімсіз қылыштары есіме түсе бергенде, сана-сезіміме онысы жуымасын дегендей он қолымды сырт жағыма қатты сермел қалыппын. Орнымнан тұрып, арлы-берлі жүріп кетіппін.

– «Әсияға қызыққандығымнан келмедім» дедіңіз бе? – деп Әлия бұрала құлімсіреп сұрады.

– Ие, оның сыртқы сұлуплығы екі жылдың алдындағы сенің өзің ғой баяғы. Мен онымен сырласпадым ғой. Дүниедегі ең баянды сұлуплық адамгершілікте ғана. Гүл солады, жұз тозады, жан сұлуплығы ғана тозбайды. Сенен Әсияның сол жағынан артықшылығы болмаса, физиологиялық парқы жоқтың қасы.

– Ол... екі-үш жігіттен ажыраған! – деп қалып, иығын бір қүйқылжытты ачасы<sup>17</sup>. – Жоқ, ғайбат болмасыншы, Үрімжіге жүргеніңше бір келіп қалар, өзің сөйлесіп көрерсің!... Сонымен, енді мені адам болады деп ойламаймысың?

– Құбылмалы мінезің адам алдауға ғана салынып, қалыптастып кетті ғой, Әлияш, ондай үміт күту қыын! – деп салып, тағы да қарап тұрып қалыппын. Әлия бетелкеден ыдысына тағы құйып жұтып жіберді. Мен қуле жалғастырдым сөзімді. – Бірақ, қазіргі көркінде титтей де мәселе жоқ. Уақыттық журуге қызықтырасың-ақ!

<sup>17</sup> Ача (үйғырша) – әпеке.

– Қойшы! – деп мойнын бұрып салды да, құйқылжи ұмтылып, патифонына табақ қойды. – Кел, онан да билейік!

Құшактаса кеттік. Мастық толқыны вальс толқынын жұтып жіберді ме, әлде өзіміз жасампаздық шабытпен дамытып әкеттік пе, әйтеуір, дағдыдан тыс не қылы «жаңа фигуранлар» жаратылды. Сорақы соктыңылыштар, қаһарлықтақтыңылыштар, долы жүргендей, вальсіміздің ту-талақайын шығарды. Нағыз «құрескөр вальс» осылай ойналса керек қой. Тасқын толқындары бірінен-бірі аса шапшып, бірінен-бірі аса орғып, бірін-бірі баса қарғып барып, көлге құйылғанда ғана тынышталмай ма. Сол бейбітшілікке жетуге асыққандай кроватқа барып құлай кеттік. Қанышалық құтырсам да оны бұл ретте құлатқан мен емес, құдай біледі, «Әлияшымның» өзі. Ешқандай сылтаусызың-ақ өздігінен құлады. Мен, эрине, соңан соң құладым...

О дүниенің бейіші бейіш пе, бейіштің әкесін таңға жақын оянғанда көрдім. О дүниенің бейішіндегі кебінсіз шейіттер мен жалаңаш хор қыздары мұндай рахатқа ешқашан миссар бола алмаған шығар. Лампы өшірілмепті. Айдай ашылып, айрандай шашылып, батишип-баттасып, тұтасып қана қалыптыз. Аппак етті мәликем тіпті сазандай жалаңаш, толықсып жайқалып жатыр. Басымды тыржия көтеріп алуымнан оянғансыды да, қымтырылған болып, бас жағындағы іш көйлегімен жіліншігін ғана жапты. Сұлулығын тұла бойымен тұтас көрсеткісі келіп жатқанын сездім.

– Негіз мұншалық жалаңаштанғансың? – деп тыжырына қарадым жүзіне.

– Өзің ғой!...

Шашымды қос қолыммен уыстай бүріп отырып қалған екенмін. Әлия білек сағатына қарады да, мені құшактай тартып, қайта жатқызыды. Ырқына әдейі сұрау қоя бағындым:

– Осы пәле сенен болды ма, менен болды ма?

– Менен, өзімнен!... Өзім шақырып келдім ғой, жаным!

– Әлгі сөйлестірем деген Әсияң қайда?

– Айттым ғой!... Оның үәделесіп қойған жігіті бар. Анау уақытта Дөрбілжінге келгенін естіп, үрүпты....

– Макпалдың алғі хатын неге жасырдың?

– Сені аяп, көрсеткім келмел еді... көрсетпесем, сен күтіп, зарыға беретін болған соң... осылай болды... көнілінді аулап, күйігінді басқым келді!

– Жаның шықсын! – деп құшактадым. Құліп жіберді де, жыламсырай аймалап сөйледі Әлия:

– Мені некене алсан да, алмасаң да өз ықтиярың, сүйетінім сондай, әрқандай жағдайда да саған енді жаманышылық іstemек емеспін!...

Қатерлі қақпадан таң біліне қайтып шықтым да, недәуір жол жүріп барып, жусанды далаға жаттым. Мақпалдың хатын қайта бір тексеріп көргім келді. Анықтап салған жанқалтам түгіл салмаған қалтамды да аудара актарып таба алмадым. Құмардан ұтамын деп барып, құлағымды да ұттырып қайтқандай сұмдық сезілді. Хатты қайтарып алыш қойған екен! Енді несіне керек етпек болып, қайта ұрлағандығын түсіне алмай жатып, үйіктап қалыптын. Ояна кетсем, күн сәскеге көтерілті.

«Мақпал! Мақпал!... Қалай болдық, Мақпалым! Нендей азғын халге түстік!» деп жусанды жұла бердім, құңғрене-долдана жүзіліптын. «Кек жусан немді алыш еді!» деп қалғанымда көзімнен жас саулай жөнелді...

Түстен кейін сақшы мекемесінің бір бастығына Құрышбекті ертіп, арызын көтере бардым. Құрышбек Кәкімбайдың табылатын жерін де, табылатын уақытын да толық мәлімдеді. «Әр бейсенбі күннің кешін ұмытпаңыздар! Мен де манаилап барып тұрамын. Егер сіздер бармай, маған тап бола қалса, қарсылық көрсетеді. Біз, қанымыз қарайып жүрген талапкерміз. Ондайда қатерлі іс туылады!» деп мықтап ескеrtіp қайтты.

Үйге келіп, Макпалдың бұрынғы жазған хаттарына ұзак үнілдім. Кеше іңірде жарық лампада оқыған сұық хаттың жазу үлгісінен бұлардағы жазудың ешқандай паркы табылмады. Әлиядан сол хатты қайтсем де алыш, қайтадан анықтап тексеріп көруді қатты аңсадым. «Менің көргенім осы сайқалдың өзі жазып қойған өтірік хат болмаса, қайтадан ұрлайтын себебі жоқ қой! Егер маған бұл көрініп жоғалған хат, өтірік хат болса, шын хат және тығулы. Макпалдың жазу үлгісін содан үйренген де солай жазған!»

Осы жорамал мені ұшыра жөнелді тағы да, Әлияның істен түсер уақыты болып еді. Екі үйінің арасындағы көше түйілісінен тостым. Көре сала күйкүлжып, күлімдей жетіп сұрадым:

– Ерте шығыпсың фой, неге асықтың?

– Мақпалдың кешегі мен көрген хатын қайта ұрлаған себебінді сұрауға асықтым.

– Ұрлағаным жоқ, өзің тастан кетіпсің! – деп маған аса таңырқаған шыраймен қарады Әлия. – Қайта ұрлап мен оны қайтпекпін!... Өзің де керексіз еткендей тастан кеткен соң Асия сияқты басқа біреу көріп күлмесін деп күйдіре салғанмын!

– Өртеп жібердім деймісің? – деп бажырая қалдым. Бұл жауабы нанымды. Қыжыл болғандай жауабын мойи қайтарған шырайы да нанымды көрінді.

– Қайда, ошакқа тастап күйдірдің бе?

– Өз бөлмемде, сіріңкемен... барғанда көрерсін күлі де жатқан шығар!... Жүр, Жержамбыл жақта жүре тұрайық!

«Мұнысы да нанымды!» деген оймен қынжыла ілестім. «Бірақ, әр қадамда бір алдайтын салдақы ғой, үйінде басқа бір хат бар-жоқтығын қалай да тексеру қажет!»

– Макпалдың хатта жазылған адресі қалай еді? – деп сұрадым әдей.

– «Сарсұмбे пошта-телеграфф мекемесі М...дан» деп қана қойыпты ғой. Өз адресін жазғысы келмегені ол сенен хат күтпейтіндігі де белгілі.

Бұл жауабы да нанымды шыққандықтан, «шын хат» табу жөніндегі үмітім өшкіндей берді. Сөзден қалып ойланумен болдым.

– Мен көңілінді қаша көтерейін десем де, қайғылана береді екенсің! – деп кейін күрсінді Әлия бір шакта. – Бұл көңілсіздігіңен мен де қиналып келемін. Әсияны шақырып берейін бе, сол біраз жадырата алар ма екен?

– Сөйлескісі келсе, өздігінен келіп кездесер. Бірақ шынын айтқанда казір оған да көңілім жок, қалай екенін білмеймін!

– Сенің қайғынды көргенде жерге кіріп кете жаздаймын!... Осындай болуыңа мен де қылмыстымын ғой, енді қайтсем екен?

– Ие, сол қылмысың үшін... сенімен некелене алмаймын ғой Әлия, алдағым келмейді. Сені адам болмайды деп аса кем санағаным да емес. Егер мен туралы осы түсінігің тиянақтаса, тіпті жақсы жар болуын да мүмкін. Бірақ, өзің айтқандай Макпалға қас қылғаның бар. Соны біле тұра оның орнына сені алуға ар-ұжданым көтермейді! – деп шынымды айта сала, хат жайын жете тексерудің амалына көштім. – Некеленбейтінім рас. Бірақ, опасыз, алдампаз сүйіктім, өзің білемісің, ете сұлусың ғой сен, етің қандай аппак! Енді тамыр керек болған соң, үйреніскең жаумыз ғой, өзіңмен ғана болсын, түндеңідей қызықтай берейікші!

– Қойшы! – деп Әлия мойнын иығына жыға қойғанда, мен шынымен қарқылдай күлдім. Бұл күлкімді мазақ қүлкі дегендей сезікпен қарап сұрады Әлия. – Неге күлесің?

– «Қойшы!» дегенің «қоймашы!» деген сөз еді ғой, ете сүйікімді естілді маған. Ха-ха-ha-ha...

Қараңғы түсіп, «көймайтын» бөлмеге кіргенімізше осы күлкім үзілмеп еді. Әлия мұның есесін Мақпал хатының күлін көрсетіп, күліп қайырды:

– Міне опалы сүйіктіңің хаты! Оған деген өз опалылығың да белгілі болды!

Осы табасы түйсігімді қатты түртті, күндесінен кегін толық қайырып мұратына жеткендігін бейнелегендей көрінді. «Мақпалдың өз хаты басқа» деген сезігімді арттыра түсті. Бұл түнгі тінту қарқынымды да арттыра түсті бұл жайт. Әжесінен шәй сұратып та, дәрі сұратып та шығарып жіберіп, сандық пен чемоданнан басқа құдікті жерлерін түгендеп тінттім. Бірақ хат табылмады. Соның ызасымен тағы да жалаңаштап қайттым.

Ертеңіне інірде өзім әкелген арақпен жығып ұйықтатып тастанап, сандық пен чемоданын тінттім, бұл жолғы төккен терім де селге кетті. Хат таба алмай өзін тақыр жерге жалаңаштап тастанап қайттым...

Екеуміз осылай жалаңаштап, тінтісп җүргенімізде, өлкелік партия мектебінен курс бітірген екі жігіт келіп, аупарткомның көмекші іс басқару қызметіне орналасып еді. Бірі, аузы толған алтын тісімен Әлияны жалт қаратқандай, қою қара қасты, қырма мұрт, қонқа тұмсықты, саржы сымының қырын пышақ жүзіндей «қайрап» жүретін жігіт екен. Мұндай серінің партком қызметінде болуы тіпті қызықтырды білем, Әлияшым күндіз соның қасында жарқылдан көбірек жүрді. Төртінші рет жалаңаштауды мен де көксең қоймадым.

«Алтай (Сарсұмбе) пошта-телеграфф мекемесі арқылы Мақпалға» дегеннен басқа анық адрес қазіршे табылмайтынына көзім жеткендігі еді бұл. Өзіне жетуі екіталай, тым күнгірт болса да сол адреске тәуекел айтып хат жаздым.

«Қадірлі Мақпал!... Сенің атыңнан 10-шы март күні жазылған қысқаша бір хатты көргеніме үш күн болды. Қатты жабырқадым. Жазу улгісі сенікі. Бірақ, сенен күткен сөзім бұл емес, мені түңілдіру үшін басқа біреу жазған, жат ниеттің (кастықтың) хаты болар деген жорамалға әрец келіп, осы қысқаша өтінішті жолдан отырын. Тапсырып алысыңмен неғұрлым тездетіп, қазіргі ахуалыңмен адресінді анықтап жазып жібере гөр! Әрқандай тілегін болса да орындалатындығына күмәнданбай жаз! Құрметпен: Б...ың. Енді 10 күннен соң (1-ші майдан бастап) адресім: Үрімжі. Оку-агарту менгермесіндегі... болып жазылады. 1951 жыл 20 априль.»

Хатты поштахананың Алтайға жүргізетін березент қапшығына

өз қолыммен салып, өз көзіммен жөнелттім. Секретарь содан екі күн еткенде қайтып келіп, күткен жұмысымды орында берді.

Мен Сарыбұлақта жүргенде, Қиялзат пен Мәрия «қызырапқорлық» дегенин қорқып, шәкілдеуік-бұршақпен ғана ың-жыңсыз тұрмыстана қойған еken. Мені ұзату сылтауымен от-ауларына барлық достарын шақырып, той жасады. Осы бастама бойынша, Емілдің аржақ-бержагына ұзатылатын қызша «таны-сып» үш сөтке жүрдім. «Тойымның ең соңғы күні кешке жақын ақ қайындағы ырғалып, жас шыбықтай бұралып, Әлия шыға келді ал-дымнан. Алтын тістінің қасында, қызылкөпірдің басында кездесті. Киімін енді қайтып шешпестей, түйме бауларын түгел салып, ке-мер белбеуін мықтап байлаған жайы бар. Алтын тіс маған иіле қол беріп, амандасып өтсе де, Әлияның әдемі мұрны кетеген түйе ба-станнып кейкие қалыпты. Қоріспеген осы 4-5 күн ішінде мені таны-май қалғандай паңдана өтуіне таңдана қарап мен өттім. Қасымдағы Мәрия күле өтті де, Mehîr сүле өтті.

Әділетті тергеушім, осы тараудан сіздің алдыңызда қылмысым міне деп ашып, ашалап тапсырлышқ мәселе «табылмайтындығы» өзінізге аян шығар. Әлияны жалаңаштауым қылмыстан ақ-нақақ екендігін анықтау үшін ғана істелген тексеру қызметі ғой. Тексеру стилін кім тектемек. Және «кашық-әшкере» істеу, қылмыс қатарына жатушы ма еді. Алтын таразыңыз дәл осылай өлшемей ме!

## V

Бірінші май мерекесін Шихуда өткізsem де, Үрімжі көшесі ұрандатып жүр еken. Алау-жалау қып-қызып борлат. Аспаны бұрынғыдай бұлынғыр болғанымен бұрынғыдай тұксимейді. Бәрі де күліп тұрғандай. Ауыздар түгел ашық. Бірақ күлкі үні естілмейді, айқайлайды. Жасасын тақырыбы аз, аз болса да көп (көп қайталанады). Жоғалсын тақырыбы көп. Көп болса да аз (аз қайталанады). Әрбір жауының тұмсығына асығыс бір-бір түйіп қана өтіп бара жатқандай. «Жоғалсын Америка жиянгерлігі», «жоғалсын Лиснман<sup>18</sup>!», «жоғалсын гоминдан қалдықтары!», «Аме-рика жиянгерлігінің құйрығы, гоминданың қарғылы тәбеті Оспан қарақшыға өлім жазасы берілсін!» деп, барлық «жоғалсындар» Оспанға келіп тіреле берді.

Оспан қолға түсіпті, соның орайымен көтерген ереуіл еken. Қызмет бөлмемнің бір бұрышына кереует құрып орналаса сала,

<sup>18</sup> Оңтүстік Кореяның сол шақтағы бастығы Лиснман (Америкашыл).

мен де косыла жөнелдім. Байкасам, «еліру бәсекесі» бар сияқты. Оспанды тілдеу жөнінен бірінен-бірі өтеді. Бір ақын қара тақта газетіне «сақалы қара байтал құйрығындағы» деп жазса, бірі Шынжаң газетіне «сақалы сары төбеттің балақ жүні» деп жазыпты. Сақалынан көрсете ұстамаса, оған қарсылығының шындығы іс жүзінен көрінбей қалатын болғаны ғой. Ал, ұстағандары қара Оспан ба, сары Оспан ба, ол жөнін білмесе де әйтеуір үкімет жауын тілдемесе өздерінің күн көре алмайтындығын біletін жүртшылық емес пе. Исінің ақтығы мен қаралығына қарап іркілетін «акымак» деймісін, аузына салғанын шайнап, аспанға бүркіп жүр.

Төңкерістік үш аймақтан қызметке шақырылып келгендерден басқа бұл қалада түзу киінген интеллигент көрінбеді. Көбі Сәрсенше шоқпыт жамаулы – «пролетар» бола қалыпты. Коңылтайқ іле салған тесік кебістерінен башпайлары жылтылдан жүр. «Гоминдаң қалдықтары жоғалсын!» деген ұранға келгендеге шошынғандай тіпті қатты айқайлайды екен. Өздері «қалдық» делінетін індепттен осы айқаймен әрең құтылып жүргендей. Шидей мойындарынан кеңірдектері бөлініп, жеке-жеке сойдиып алышты.

Бұрынғы сабактастарымнан алдымен Асылқан ақын кездесті.

– Мен кеткенде гоминдан сақшы мектебінде едің. «Қалдық» болмай құтылғанбысың, Асеке? – деп сұрадым амандастып болған соң.

– Қалдық болмағанымды қайdan білдің?

– Арықтамапсың ғой?

– Е, елші жеіншкеріп, арықтағанымды көрсететін белек-салак мүші барма еді менде, – деп жымиды домаланған тұп-тұтас Асылқан. – Арықтағаным – аласарғаным емес пе?

– Тұрмеде тергеуде болдың ба?

– Мендей қалдықтар тергелмей кім тергелуші еді. Мені, әйтеуір, жын шалығы тигендер қатарына қосып жиды да, сұрап-сұрап, өмірбаянымды жаздырып шығарды. Он бір тармакты бітім кезінде Ахыметжандар жаққа шығып алғамын ғой, менің күнәмді өлшеген таразы сол болды. Қазір өлкелік театр группасында апаман жүрмін.

– Ал мына интеллигент «пролетарларынды» кім мініп арықтатқан?

– Бұлардың бір бөлімі рас белсенді. Ал, көпшілігі – мәселең анықталмай «асылып қалғандар» ғой. Ондайлар тіпті белсенді. Құндіз-туні дамыл таппайды. Төңкерісшілер қатарында болғандықтарын іс жүзінен көрсете үшін әрнеге дайын. Жалпы алғанда қазір Үрімжі Қарасат майданында. Қыл көпірден бірі өтіп,

бірі тозаққа кетіп жатыр. Сен де мына киімдерінді тастай тұр, жерлес. «Жарau көктен» киінгенің жөн шығар деймін!

— Азат Үрімжіге таза киінген азат пролетар керек емес дейсің бе, иә, «казат болсаң да азапта жүргендей көрін» дегенің бе?

— Алла, Алла! —деді Асылқан. — Мына сөзінді Маханбек естімесін!

— Маханбегің кім?

— Өлкелік парткомдағы мықтының бірі, әскери район әдебиет-көркемөнер басқармасының бастығы. Әлгі сөзінді естісе «қалдық» та емес, тіпті нақтың өзі деп есептейді. Қазір партия зиялышарға қарапайым кінуді үтітеп жатқанда, жарқырап кінуге сен үтіттесең кім болғаның!... Ол кісі әйелдердің ұзын етек көйлегін «феодализм», белдемші көйлегін «капитализм» деп атайды.

— Ал, «пролетары» қайсысы екен?

— Ханзуша тарбалаш сым киүоді дәріптер жүр ғой. Құлжаға барып, әртіс әйелдерге зорлап кигізіп қайтыпты осы жолы. Сонысымен ханзуша «тыш-таң-таңға» билеуге үйрестіпти.

Әлияның жаңа биі есіме түсे қалды.

— Маханбегің дәл осылай істеп жүрсө, дұрыс мақамның қарыбы бола алмағаны! Бұл, солшыл коммунизмі әуеніндегі шовинизм!

— дегенімде Асылқанның көзі бадырая қалды. — Сенің гоминданға жағатын бір өлеңің бар еді ғой, — дегенімде селк ете түскеніне күле жалғастырдым сөзімді. — «Шықкан жерім Хуанды кенересі, бәріміз бір Хуандидың немересі» десуші ме едің?.. Осы өлеңінді енді Маханбектің құлағына сыйырлай жүрсөң болады екен!

— Бигаш, мына қалжының осы жерде қалсын! Гоминданың «шалығынан» әрең күтылып жүргенімде, енді «қалдық» дегізіп құртатын сияқтысың мына қалпында!... Жок, түк те күлкісі жок, рас айтам!

— «Шалық» дегенің қандай қалпак?

— «Қалдық» деген, байлап-матамаса болмайтын «жынды» сияқты өте қатерлі қылмысты ғой. Ал, шалық» деген одан жеңілдеуі. Бақсылардың «жын шалығы тиген» деп кейде зіркілдеп ойнап, кейде ұшықтап емдейтін ауруын білмеуші ме едің, сол ғой баяғы. Айтпақтайын Құлән сенің ең жақын досың емес пе еді. Келгенінді естіп куанып жүр. Бүгін сені үйіне бастап баруды маған тапсырды. «Шалық» дегенің қандай қалпак екендігін содан ұқ!

— Ъй, гоминданың шалығы оған да тиіп пе еді? Ол қайда істейді?

— Ол да театрда әртіс. 49-шы жылдың басында ғана Бердіқұл

дейтін жасосқа тиіп еді. Онысы Үрімжі азат болысымен қолға алынды.

– Е, сол жасостың кесірі тиген екен ғой. Япырай, гоминдаңшыларға өте қарсы еді, қалай тиді екен оған?

– Жыңса басқармасы зорлап қосқанын сол кезде маған жылап тұрып айтқан болатын. Сол жасосқа қамап беріп қосқан екен. Құлән сонда да онымен көп бірге тұрман еді. Жақында оны идея жағынан актап, басшылыққа пікір жазып бердік. Ендігі құмән қалай жабысып тұрғанын білмедім. Кей біреу тіпті гоминдаңның жыңса басқармасы құрылғаннан бері тізімінде бар тәйни екен деп жүр.

– Жоқ, ешқашан да тәйни болған емес. Ол бейшараны қырсық қырқыншы жылдан бастап, жап-жас окушы кезінде Мұсатай атты сұлу жігіт болып келіп шалған ғой! – деп күрсіндім мен. Оны жыңсаға тізіметіп те, Хугожыңға құлдандырып, шпионның жессірі ретінде Бердіқұлға байлатқан да сол Мұсатайдың әлепеті. Ал, Құләштің төңкөріске титтей де қиянаты жоқ!

– Әлбетте, Құләштің жауабының дәл үстінен түстің, Бигаш!... Бұл жауабына көпшілік сенбей жүр еді!... Өзің партияға өтіп пе едің? – деп күбірлеп қана сұрады Асылқан. – Олай болса, театр басшылығына Құлән жөнінде білгенінді толық жазып берші, сауабын сөзсіз аласың!... Мұндай сұлудың сауабындаі тәтті сауап кайда дейсің шіркін!

– Асеке, оның көзінше маған бұлай қалжыңдаушы болма! Ол маған Ақылбай қатарында ұстаз, қамқор болып келген. Қатты сыйлаймын!

– Ўй, ынжық! Бәсе әлі күнге дейін неғып үйленбеген десем, осындаі әдептіліктен құр қалып жүрген сияқтысың ғой берінен!... Жүр, кеш болып қалды. Қазір үйінде сені күтіп отыр! Ал, сонан соң... жесір келіншектің үйіне әрқашан қонбаймыз ғой, барып біздің кемпірді басамыз. Бүгінгі келісіміз осылай, ұқтың ба?...

Майданың құншығыс жағындағы баяғыда Әлмен қашқан бұрма-бұрма тар көше көзімді жасқа толтырып, бұлдыратып жіберді. Нұрия екеуміздің құшақтасып түн кезетін жымымыз осы көше болып еді ғой. Сол кездегі үлкен көшеден сұрышша шақылдайтын сарайқ құзетшілердің даусы да естілгендей сезілді бір сэтте. Жалт қарадым. Сондагы Нұрияш жоқ, казіргі қолтықтасып келе жатқаным жұп-жуан Асылқан екен.

– Осы ыстықта тоңып келесің үй! – деп қана қойды. Буынным-

ды тез бекітіп, көзімді оған байқатпай сүрте салып едім. Әудем жердегі кішкене қақпа алдында тұрған ұзын бұрымды «толықша бойжеткен» де көзін сұрткендей болды. Ақ жүзін жарқ еткізіп, тұра ұмтылды бізге қарай. Тар белдемше тұсауындағы біз өкше туфлийнің көз ілестірмей лыпылдағанына қанағаттанбай, тоқ омырауын солқылдата жүгіріп жетіп құшақтай алды мені. Өзінен недәүір ұзын да иықты денемді көкірегіне тұтас сиғызып, мойныма асыла еніреді. Алғашында шиқылдан-солқылдан құшқан мен де үн коса жөнеліппін.

Күлән өшпес өкініш, бітпес мұң арқалап қалғандығын, қорланғанын айтып, шағына еілгенде қосылып еді үнім. Оның Ақылбайды жоқтап тұрғанын түсінбеген Асылқан бұл зарын сөге күбірлеп шектеді.

— ЎЙ, Күләш, мұның не, көшеде соны айтып жылай ма екен!... Жасосты жоқтағаның не!

— Білмеген соң былжырамашы, Асеке! — деп жіберіп солқылдағанымда, біреудің мұрнынан мырс еткізіп құліп жібергені естілді. Күләнға қызметтес әртіс әйел екен. Бір жағынан шешесі келіп, Күләнді айырды да, менімен қос қолдан амандастып, бетімнен сүйді...

— Нұрияштың сүйегі табылмады! — деп күрсінді Күлән, үйіне бастап келе жатып. — Көмілді деген ауланы гоминдаң берілісімен төңкерісшілер илеп, түгел тінтті. Құдікті жерлерін жендеттердің өздеріне қаздырып та көрді. Тексеруді қатты жүргізді. Амал қанша, сол оқиға кезіндегі офицерлерінен бірі қалмапты. Басқа жерлерге ертерек ауысып-ауысып жоғалыпты. Нұрияштың денесін иенге апарып тастанап, қылмыс ізін мүлде өшіріп кеткен сияқты! — деді де менің көзімнен сырғанаған жасты көріп, өз басынан өткен азапты да қосып шағына жылады. — Адам өлген соң денесі не халге түссе де бәрібір ғой, Биғаш, дүниеде көзбен көріп, тірі корланған... қын екен! Нұрияшша соғысып-жағаласып өлсем арман не еді! — деп бетін баса солқылдады Күлән.

Әйнекті есіктің екеуінен өткізіп, үшінші үйге — кең стол төріндегі жүмсақ орындыққа отырғызды. Үлттық төңкерісшілермен жергілікті халық оңайлықпен кіре алмайтын қамал ішіндегі бұл сөнді үй гоминданың Бердіқұлға Күләнді қосқан үйі екенін түсіндім. Гоминдаң кекжалдары өз апандарына іргелес, берік қакпалы үй беріп, Үрімжінің таңдаулы сұлұының бірін зорлап қосуларына қарағанда, бұл шпион гоминданың ең көп пайдаланған, ең қанқұйлы шпионы болғаны ғой!

– Күләш, Бердікұлың қай жерлік екен бұрын? – деп сұрауды төтесінен қойып қалыптын. Бұрынғы әзілдесер шактағы шырайына келе қалды Күлән, күлімдей қарайтын өжет өткір кара көзінің астымен Асылқанға, «кайтып қойып па едің» дегендей жымия қарап алып, күрсіне сөйледі.

– Бердікұлымның қай жерлік екенін білмейтінмін, сөйлесіп көрмегенбіз. Ол қолға алынған соң жарым ай өткенде тергеушісінен естідім. Бағдада баулынған Алтай қыраны екен. Үлкен әйелі мен бес баласы қазір Жемсарыда. Мениң соңыма түскен мән-жайын кейін айтып берейін!

Күләш соны айтып, сыртқа, тамақ дайындығына шығып кетті де, Бердікұл жөнін Асылқан сыйырлап түсіндірді.

– Бердікұл Алтайдан Жемсарыға 40-шы жылы келген Кәмениң нағашысы екен. Гоминдаңың астыртын қызметіне Кәмен арқылы танысып, 45-ші жылдан бері ғана қатынасыпты. Күләштің «Бағдада баулынған» дегені сол! – деп жымиды ол.

1945 жылы жазғыттарым Кәмениң Нұрияны жасырын әкету үшін шақырып келтірген жуан сары нағашысы есіме түсе қалды. Бұқпа Сәбиттен естіп едім ғой.

– Түрі қандай? – деп үңіле сұрадым Асылқаннан.

– Жуан қызылсары, білуші ме едін?

– Жас шамасы?

– Қырықтың жуан ортасында ғой.

– Дәл өзі! – деп столды тақ еткізіппін. Дастанарқан әкеліп жасаған Күлән бас изеп, ішінен тына күрсінді.

– Ие, сол! Оның Кәмені қайда екенін білемісің, Бигаш?

Кәмениң Манас бойында қолға қалай түсіп, қалай өлгенін сөйлеп бердім.

Сол дастанарқан үстінде Күлжа түрмесінде Мұсатайды соққызығаным да баяндалды. Өзінің алғашқы сүйген жігітіне істеген бұл қастығыма күле әзілдеді Күлән.

– Мениң бір «құныкерім» өзің болыпсың ғой!

– Рас!.. Жүргегінде соган арналған титтей қимастық болса, шынымен-ақ құныкеріцмін!

– Ол, гоминдаң түрмесінде өзінде жоқ қылмысқа мойындар, шпион болып еді, – деп Күлән енді түйіле тыныстады. – Талай қимасымызды қинатып өлтіртіп еді. Ал, біздің түрмемізде өзінде бар қылмысқа мойындармай, жасырынып жасамақ болыпты ғой!

– Бәрін де сен үшін, сені қимай тірі жасау үшін істеген далбасы емес пе!

– Ие, солай-ақ болсын. Түрмеге бір барғанымда онысын өзіме де айтқан. Бірақ, туған еліне опасызық істету үшін жарқырап алтын болғанымнан, күйіп көмір болғанды жаксы көретіндігімді мен де айтқанмын!

– Жүргегінен айналайын, Күләшім-ай! – деп ішінен сөйлегендей Асылқан күбірледі. Мен елжірей қарап отырып қалыптын. Күлән стакандарға арақ құйып, алды-алдымызға қойды да, бірін өзі ұстай сөйледі.

– Қане, Бигаш, Ақылбай марқұмға зират орнатқызығандығың үшін, мұнан соңғы тиғен жігітімді тағы өлтірсөң де құныкер етпеспін. Кел, сенің амандығың үшін алып жіберейік!

Асылқан мен әртіс келіншек стаканды Күләннің соңғы тілегі үшін қағысып көтерісті де, келешектегі белгісіз қүйеуді «тағы жұтқалы отырғанын» қағытпалап ұзақ күлді. Күләннің өзі де бірге күлісіп алып көзін сұртті. Күләннің өз денсаулығы үшін мен де бір тост көтерттім. Нұрияшты ескеріспін те бір-бір көтерістік. Нұрияға қосылып айтқан эндерімізді Күлән екеуміз шиқылдаса отырып шырқаттық. Оның өзі бастағандағыданай айта алмағандығымызды сез етіп, көз жасымызды еселей бір ағытып алғанымызда Асылқанның үлкен көзі аямай ағытып, төгіп-төгіп жіберді. Нұрия туралы түсінігі енді толықтаныпты. Бірақ, бұл жылауынан өзі қорқып, жалтақтай қарады жан-жағына. «Азат заманда мұндай мұнлы ән айтып, бұлай жылау, кімнің әрекеті!» деп қалар ма екен дегендей, өздеріне қызметтес әйелге жалтақтады.

– Әліге дейін жылатып отырған гоминдан ғой! Жүр екеуміз бұрынырақ барып, біздің үйдегі кемпірge көмектеселік! – деп ерте жөнелді онысын. – Ал, Күләш Бигабілді біздің үйге өзің бастап апар! – дей кетті.

Күлән «кейін айтып берейін» деген әңгімесін Асылқандар шығып кеткен соң, ас үйдегі жұмысын шешесіне тапсырып қойып, оңашада бастады. Өзі штей аса ұнататын құрбы жігіт алдында өзінің сүйер жар іздейтін, әлі де уылжыған сұлу жесір басына мін боларлық оқиғаны бүкпесіз шындықпен сөйледі:

Үрімжіден мен кеткен соң Бердіқұл атты жуан сары іле-шала көрініпті Күләнға. Қазақ-қырғыз мәдени-ағарту ұйымына жің келіп тұратын жұз танысқа айналыпты. Ұйымның ойын-сауық бөліміндегі шахмат-дойбыдан, бильярд столының маңынан, газет оқыған болып кітапханасынан жің көрініп жүріпті. Сырттан бейтаныс қазақ келе қалса, соны айлансоқтап оңаша шығарып алып тексеріп, соңынан ере жөнелетін болыпты. Сөйтіп сақшы

орнына бірнешеуін ұстатьыпты. Содан бірнеше ай жоғалып кеткен Бердіқұл 46-шы жылдың жазындағы он бір тармақты бітім кезінде Үрімжіге қайта пайда болған екен. Гоминданың бір бұзғыншылығынан қозғалған халық ереуілінде жасостығы көрініп соққыға жығылыпты. Халық оны оңтүстік қақпа алдында ұстап, тапалап кеткен екен. Өлмепті. Қамал қақпасын іштеп қорғап тұрган құралды сарайқтар қаптап шыға келіп, сүйреп кіргізіп әкетіпти.

Гоминданшылардың ең қатты құттырған 1947 жылдың 25-шы февраль оқиғасындағы бұқараша киінген гоминдан армиясы халық ереуіліне қарсы халық болып жасанып, қыр көрсеткенде, Бердіқұлды ұран бастаушы етіпти. Бет-бейнесі қазакқа ұқсайтын жалғыз Бердіқұлдарына «үш аймақ бандылары жоғалсын!», «Шығыс Түркістаншылар жоғалсын!» дегізіп, үш аймақ өкілдерінің алдында қазақ тілінде де, ұйғыр тілінде де ұрандатып алған екен.

Сондай сатқындық енбектерімен қожаларының мол разылығына ие бола қалыпты Бердіқұл. Жыңса басқармасының бастығы Хугожың шақыртып алып, «бір тартар» жақсы темекі ұсыныпты.

– Белидыгули мырза, сен жақсысың, жақсы істедің. Біз саған жақсы сыйлық береміз, көп-көп ақша береміз, жақсы істеп тұр! – депti.

– Хұп, пақырыңыз жақсы істейді чужаң! – деп түрегеліп бір тоңқайып жіберіпті Бердіқұл. – Өздерінізге жан-тәніммен беріліп істеп жүрген мен пақырыңызға ақшамен төленбейтін ауыр апат келіп тұрғанын ұмытпасаңыз екен!

– Қандай апат?

– Exe-he...he, сіздің бір сожаңыңыз келінім Нұрияны... атып өлтіргені есіцизден шыға қалыпты-ау тақсыр! Ал, інім Кәмениң өзін де... міне екі жыл болды көрсетпей қойдыңыз!... Ол да өлді ме екен деп күмәнданамын!

– A-ha... Кәмен бар, аман келеді!

– Ал, келінімді өлтірген сожаң өз қызметкеріңіз болғанда, мен де өз қызметкеріңізбін фой, төлетіп бірініз тақсыр!... Адамыма дәл сондай адам алмай разы болмаймын, еже-he-he-he!

– Ол туралы қамсыз бол, Белидихулы мырза! Кәменге уағда бергенмін. Келген сон өзі таңдаған қызын алып береміз!

– Ол жас қой, аман келсе бір қызды өзі таңдал, өзі-ақ алар. Ал, өлген келінімнің Күлән атты бір әпекесі бар, осында. Естуімше оның басын бандылар айландырып жүр екен. Аман тұрғанында соны маған әперінің, тақсыр, құлыңыз болайын!

—А-ха-ха-ха-ха... Олбіздің қызметкеріміз, біздің бақылауымызда, ешқандай банды әкете алмайды!... Сіз онымен сөйлестіңіз бе?

— Сөйлесуге көнсе, сізге жаһынамын ба, таксыр-ау! Ол ынғай Шығыс Түркістаншылармен, коммунистермен сөйлеседі. Мені гоминданышыл деп жек көреді!

— Гоминданышыл деп, а-ха! Көрсетемін мен оған гоминданың құдіретін! — дегенде чужаның көзі қанталап, аузы көбіктеніп кетіпті. — Белидіхулы мырза, сізге неғұрлым тез істемесе болмайтын, өте қажетті қызмет тапсырылғалы отыр. Соны бітіріп келісінізбен оған өз қолыммен үйлендіремін. Мұнда, мениң бақылауымда аппақ сұлу тоқалыңыздың барлығына сене бер! Кауіпсіз жерден жақсы, қоражайыңыз да болады. Одан қам жеменіз! Тек міндет толық орындалса болғаны!

Жыңса басқармасының осы уағдасымен семірген Бердіқұл Шонжыдағы Хабатуанға<sup>19</sup> жіберіліпті. Сөйтіп, көріністе бір скадронның саяси жетекшісі. Іс жүзінде жыңса басқармасының сол полктағы құпия қызметшісі. Полк эскерлерін ғана емес, бүкіл Шонжы ауданын да бақылайтын арнаулы жасостар тобының «орынбасар бастығы» болыпты.

Сол 47-ші жылдың майында гоминдақ Мәсғұтты өлкелік үкімет бастықтығына заңсыз тағайындал, бітімді бүтіндей бұзған. Бірлескен үкіметтегі үш аймақ өкілдері Құлжаға қайтқанда Құлән бірге көшіп кетуге дайындалған екен. Жыңса басқармасы ұрлап қамап алып қалыпты да, үй ішін қала сыртынан күзет қарауылның түбіндегі осы үйге көшіріп әкеle қойыпты. Құлжаға қашпақ болғандығы үшін Құләнді бір ай қинап, сырт адамдармен сөйлессе ауыр жазаланатынын айтып шығарыпты.

Құләннің жыңса басқармасына қарасты аулаға қамалғанын естіген Бердіқұл Шонжыдан үш қазақ ұстатьп, Хугожынға «шарқидын шпионаны» деп мәлімдей жетілті бір күні. Разы болған қожасы Құләннің төріндегі үйді жабдықтап, жасатып, Бердіқұлдың жеңіл машинаға отырғызып әкеліп, «зор құрметпен» орналастырыпты. Бастан келген басқарма офицері Құлән мен шешесін таныстырыпты «кора иесіне».

«Мынау шешесі, мынау қызы, окуда бір ұлы бар. Құлжаға қашып, комунистерге қосылмақ болған қылмыскер семья. Сіздің осы үйіңізге көшіріп әкеліп, бақылау астында ұстап отырмыз.

<sup>19</sup> Хабатуан (ханзуша) – Алтай қозғаланына қарсы Шың Шысай – гоминдақ құрған қазақ полкі. «Қазақ 8-ші полк» деген атпен Шонжыда құрыйған.

Кешіріңіз, басқа бір қолайлы үй табылған соң үйінде түгел босатып берейік!

– Е, несі бар, бұл кора қазірше бос кой! – депті Бердіқұл да дайында алған сезін сылдыратып. – Өздері маған тұс таныс адамдар көрінеді, отыра тұрсын. Бір казақ болса да пана бола алсан деп армандайтын жігітпін. Қораны таза ұстап, ие болып отырса болғаны!

Осы жекесүрын шпионның кора қожасы бола қалуынан секем алған Құлән «жігітпін» деуінен тіпті жириеніпти.

– Біз бұл қорага үй іздел келіп, өз еркімізбен түскен семья емес. Қамалған семьямыз, ие бола алмаймыз! Шешелі-балалы үшлеуімізге түрменің бір камерасын берсе де жетеді. Соны айтып көшіртініз! – депті.

– О не дегенің, шырағым-ау, мынадай бос үйі тұрғанда қытайдың сасық түрмесіне ағаң қайтып қимақ! Отыра беріндер үндемей ғана!... Мынау қанаттыға қақтырмайтын, тұмсықтыға шоқытпайтын берік, жақсы үй! – деп жепектеткен Бердіқұл басқарма офицеріне ханзуша сөйлей жөнеліпти. – Мынау мен танитын жетім-жесір семья. Қылмыскер болса да менің панамда отырған соң тұрмыстан қиналса, қазақ жосынында маған ұят келеді. Чужаңға айт осынымды!...

Құләннің қытайшага саудатты екенін білетін Бердіқұл, басқармасына осыны тапсырған болып, осылай қамқор ағасынып бір күн қоныпты. Жыңса басқармасынан келген қонағасылық тағамдарының тойлышқ дастарқандай болуынан баставында қатты корықкан Құлән, тұп үйдегі шпионның тыныш қорылына қуанып таң атырыпты. Бердіқұл, «аға» бола отырып ішкен таңертенгілік шайдан соң шығып кетіп, тұскі тамаққа тағы да «аға» бола келіпти: «япырай қарындас-ай жағдай мұншалық ширығып тұрғанда қатты қателесіпсіздер-ау!» – деп күрсіне отырыпты дастарқанға. – «Қаншалықтіңсем десекеншілікetedім нақытайларың, Үрімжіден жасырын банды тазаланып болғанша, сыртқа шығармайтын болыпты ғой өзінді! Қатты тентектік қылып, өшіктіріп алышың, режиміне бағынбасаң атып тастайтын да сөздері бар. Қазақ қызы болған соң жанашырлықпен айтамын, осы қакпадан шықпай, жуастықпен ғана жауап беріп отыра тұр, басқа лаж жоқ. Ағасының колынан келгені тұрмыс расход қынышылығынан құтқару ғана болды. Базарға шешей мен бауырын шығып, керегінді экеліп беріп тұрады. Қайтесін шыдай тұр, қалқам! Кейінрек бір лажын тауып, кеншілік әперермін!» деп «елжірей» шығыпты. Содан бастап,

мырза қамақтағы Күлән үйінің тұрмысы ас та төк молшылыққа айналыпты да, бір жыл өткенге дейін сол «қамқор» жасостың өзі көрінбелті.

Бердіқұлдың көрінбегені, ауыр міндегі арқалап Алтайға кеткен екен. Басқармасы әперетін ак тоқалы мен жатқызатын ақ үйін көрсеткені үшін күшеп-ақ арқалаған көрінеді. Үш аймақ үкіметінен бұзылып, Қектоғайда жатып алған Оспанға гоминданың қару жарақ керуенін шұбата жетілті. Батырдың өзіне лайық батыл қорғаушы болып ашық таныстырылып, гоминдаң сыйған жолмен жүрмессе батыл жондаушы болып, жасырып сайланып барыпты. Әрине өз сонында да бақылаушы бір Уан жүрген екен.

Бердіқұл Оспанинан «батыр-батырлап» ере жүріп, ермеген халыкты батырлатып, жазасын бере жүріпті. Оспанмен бірге Сарсұмбеке кіргенде тіпті сақылдаған Бердіқұл өздігінен жазалаушы этірет құрып қырғындағы жөнеліпті. Бірнеше азаматты ат құйрығына байлатып сүйретіп өлтірткен осы шпион екен. Алтай аймақтық сақшы мекемесінің бастығы болған Қекім деген азаматты өлтірту әрекетінде ғана бір жансақтық өткізіпті Бердіқұл. Оны найзалаушып, мылжалатып апарып, өлген-өлмегенін тексермей суға тастата салған екен. Алтайда Бердіқұл бұйырған жазадан өлмей қалғаны тек осы Қекім ғана болыпты. Суда екі сөтке жатып қана тіріліп кетіпті.

Ал, тағы бір «кемшілікті» Оспанинан қорыққандығынан өткізіпті шпион: Дәлелқан генералдың Алтайда қалған үлкен үйіне қылыш суыра ұмтылғанда әудем жерден Оспан көріп, «тәйт ары» деп ақырған екен. Бердіқұл сонында жүрген уаңынан қазақ тымсағы астынан сығырайған көзіне жалтактай қарап тұра қалыпты сонда. «Суанлы ба» депті қожасы да еріксізденіп. «Маған қарамай-ақ, Оспанинң бұйрығын естімегенсіп шайқай берсең болатын еді!» деген өкінішпен ғана күбірлепті сонынан.

Бердіқұлдың 47-ші жылғы Оспан бұзғыншылығындағы міндеттері, осы екі кемшілігін қоспағанда толық орындалған екен.

Сарсұмбеден қайта қаша соғысқанда да недәуір басты домалатыпты Бердіқұл. Артына қайрылып ата алмаса да беліндегі гранаты мен қолындағы автоматын қалып бара жатқан бет алдындағы мал мен кідірген көштен аямапты. «Сендерді комунистерге қалдырып кеткенше осылай қатырып кетейін!» деп атқылағанына сонындағы Уаңы Бәйтікке кіргенше изектепті.

Бәйтікке Оспан мен бірге қамалған Бердіқұл қысты сонда

өткізіп, 48-ші жылдың жазында әрен қайтыпты Үрімжіге. Жыңса басқармасына есеп бере келгенде Бердіқұлдың «санап өткізген» казак басы, әрқандай қыз үшін берілетін қалыңмал санынан кем түспесе керек: «бар!» – депті Хугожың – «Күлән сенікі!... Бірақ, қазірше әшкере той жасап бере алмаймыз, шұғыл міндег бар!»

Бердіқұлды нұсқауышы уаңымен бірге басқарма асханасы зияпattap-қонақтатып жатқанда басқарма тергеушісі Құләннің шешесі мен бауырын шақыртып, «тергеуге» ала қойған екен. «Көшеден нәрсе сатып алу сылтауымен шығып жүріп, бандышпиондармен байланыскан факттерін табылды» деген жаланы жапсыра тергепті. «Бір жылдан бері қандай-қандай адамдармен сөйлестің?», «ол не деді, сен не дедің?» дейтін созылмалы сұраптар канша күнде бітетінін кім білсін, әйтеуір «түгел айтып бергенше жатасындар!» деген атақты «методпен» қамапты. Бердіқұлға «қалыңдықты» осылай оңашалап беріпті «женгелері».

Шешелі-балалы екі «карақшы» катарынан ұсталған аула тінітусіз-күзетсіз қалушы ма еді. Қақпа алдында сіресіп тұрған құралды кос жендет оны ізетпен өткізгенін терезеден көрген Күлән «бәсе!» деп қалтырай тұсті.

«Бердің бе, құдай» дегендей құшақтай алған Бердіқұлға алғашқы сәтте ғана бір шапалақ сала алышты. Қайта құтыла алмапты сол жауыз құшақтан...

«Не оны, не өзімді өлтіруге қашшалық әрекеттенсем де қолыма қару боларлық еш нәрсе түспеді. Қүш-куат дегеннен мақұрым жаралыппын!» – деп еңіреп жіберді Құлән. – «Иә, даусымды естіп кіріп, ара түсерлік көрші жок!.. Он шақты күн әуреледі сол иен үйде!... Адам істемейтін арсыздық істетті. Жағымды керіп, тамақты да еріксіз жүткізды!..»

Осылай он күн «қалыңдық ойнаған» Бердіқұл бір күні таң бозында тағы жоғалыпты да іле-шала Құләннің шешесі мен бауыры қайтып келіпті. Олар қайтып келісімен үйіне пышақ та шедеу де қайтып кірген екен. Намысқер әйелдің бұл корлықтан өліп құтылуына енді сол кимас жандары бөгет болыпты. Бірер айдан соң желікпе ауруға ұшырапты Құлән. Жүкті болып қалғанын білгенде желігіпті. Пышаққа шешесімен таласа түсетін, киімін жыртып тұзақ есіп апарып, кілет салдауырына байлай қоятын болыпты. Бірақ аруанадай боздаған шешенің аянышты зарын естігенде шыдамы жетпей, өлуге батына алмай қалады. Бұл әлсіздігін жену үшін құлағын мықтап тығындалты бір күні. Ол, құлағын тығындал жатқанда шешесі жасырып жүрген өткір пышағын суы-

рып алып, қазан ернеүіне жаныпты. Ақшам үйірліп бара жатқан шақ екен. Қызы ұрлаған шедеуді қымқырып кілетке кіргенде, шешесі бұкшендей жүгіріп барып, қарсы алдына тұра қалыпты да пышакты өз өндіршегіне тірел қойыпты. Құлән қолындағы шедеуін лактыра салыпты соны көріп. Шешесін құшақтай шырқырапты. Қарысып қалған қатпарлы қолдан пышак сабын әрен ажыратып, оны да лактырып жіберіпті. Қараса қалыпты бір-біріне. Жастай жесір қалып, екі балапаның өсіру жолындағы азаппен уақытсыз қартайған анаға қарап, көз жасын қызы төгіпті. Көз аша жетім қалып, анасы мен бауырын асырау жолында үздіксіз құйға батып келе жатқан бақытсыз қызына қарап ана егіліпті. Бірін-бірі құшақтап алып, зар жырына қосыла еніресіпті сонан сон... үздіксіз тепкі, мол теперіш көріп келе жатқан көп сорлының бірінше күн жарығын көре тұруға көніпті сөйтіп.

Жыңса басқармасы Бердіқұлын Құләнмен шырғалап, осылай мықтап мұрындықтап алған соң тағы бір машақтты міндетке жегіпті.

Бейтіктегі Оспан өзіне ерушілерімен тағы босып Үрімжі аймағына көшіп өткен екен. Гоминдаң оның құралды азаматтарын Хабатуанға бақылатып қойыпты да еруші ауылдарын Жемсары, Шонжы тауларына бөліп-бөліп қоныстандырыпты. Хабатуанның негізгі әскерлері де, бұл өңірдің тауы мен сахара тұрғындары да тіпті Мори, Баркөл тауларына дейін тұтасып жатқан түгел қазак қой. «Бұл қазақтары тұрғанда Оспан батыр қатындыққа көне қоймас» деп гоминдаң сол «досынан» қауіптене қоныстандырыпты. Бір мылтығы болса да еркімен жүруді көкseyтін бұл мыктыға еліктеп, бұл жақтағы қазақтарда үш аймақ қазақтарынша түгел қаруланып, тұтас көтеріліп кетуінен корықкан көрінеді. Оспаншыларды шын досы ретінде қарсы ала отырып, қарусыздандырып, сыйлай отырып сипырып, батырын бақылау астында пайдалануды ойластырыпты.

Сынақтан өткен сенімді жасосын – Оспанға туыс жағынан да тұс жағынан да, таныстығы бар сіңімді жасос Бердіқұлын сол максат үшін Хабатуынға қайта орналастыра қойған екен. Малұйжа<sup>20</sup> оны Оспанға Хабатуанның байырғы офицері ретінде таныстырып, жауынгерлігін мықтап мадақтапты да батальон комиссарлығына көтеріпті. Мұнысы, сол жасосты Оспанға көмекші етіп қосып, сол арқылы сарбаздарынан айыру амалы екен. «Қытайға да сеніп кетпеу керек!» деген өсietіn Оспанның өзі бір айтса, Бердіқұл бес рет

<sup>20</sup> Лұйжан – біригінде командирі.

қайталап айтып жағынып, көмекші ғана емес, «нұсқауыш» болуды сыйалап көріпті.

Сұншилан генерал Жемсарыға жатып алған Оспанды Үрімжі қонақ үйіне шақырып келтіре алмаған соң Үрімжінің солтүстігіндегі Шүймогудың (су диірменді сайдың) шырайлы жасаңына көптеген киіз үй, ак шатырлар тіккізіп, қонаққа шақырады. Бірақ «некерлерініздің ешқайсысы құрал экелмесін, қорғауға біз міндеттіміз» деп өтіне шақырады. «Ақсақ қабылан» аталған секемшіл сақ Оспанның шағын ғана сарғыш қоңыр сақалмұрты тарамдалып, шаралы көзі жарқ ете түсіпті мұны естігенде. Кең иықты жуан денесі тұтасымен бір қозғалыпты. Бірақ, ғұр ете түспей, жымия сұрапты: «осыны әлгі Сұн батырдың өзі жазды ма, иә, көп қоянжүректерінің бірі жазды ма?»

— Ол кісінің өзі жазбайды ғой батыр, — деп, шақыруышыдан бұрынырақ шауыпты Бердіқұл. — Өзіңіз сияқты қолбасшы болған соң хатшылары бар ғой. Солай да қонаққа өздері бірін-бірі шақырғанда да құралсыз барады.

Оспан Бердіқұлға бадырая қарапты да зекіре тойтарыпты.

— Арамыздағы салакештерше сумаңдамай тыныш отыр шырағым, мен мына шақыруушы мықтының өзінен сұрап отырмын!

— Ие, ие, тақсыр, генералдың өзі, өзі осылай бұйырған! — деп полковник дәрежелі шақыруушының қасындағы қазақ капитан шүлғи күлілті.

— Өзі жаздырған болса айтып бар, — деп Оспан реңми жауап қайтарыпты соңсоң. — Қонаққа, құрылтайға құралсыз шақыру, құралсыздандырып апарып қолға алу дегендерің Шың дубаннан қалған әдет. Мен ту басында сонызына қарсы болып соғысқанмын. Қонаққа олай шақырғанша шақырмай-ақ қойғанның өзі жақсы. Мұнысы жаман ырым. Қонаққа шақыртып ерулік бермессе де Сұн батырмен біргемін. Раҳмет деп айтты де!...

Шақыруушылар шығып кетісімен кенкілдей күлген Бердіқұл Оспанның бұл жауабын мадақтағансып, тұлқіліктің енді бір түріне ауыса қалыпты.

— «Хе-хе-he... қандай дұрыс, қандай кеменгерлік жауап! Карадан хан болып туған патшам, ел бакыты үшін әйтегір ұзак жасай көр!... Бұл жолғы зияптына қайткенде де құралсыз бара алмаймыз! Тіпті әдetteгіден де молырақ қаруланып баруымыз қажет, батырдың Үрімжі маңындағы тұңғыш сапары ғой бұл. Жемсары мен Шүймогу аралығында қандай пәле барын қайдан білейік!...

Бердікүлдің бұл сөзін де бадырая тыңдал, байыздай қараған Оспан тағы да шорт тойтарыс айтыпты.

– Құралсыз баруға қарсылығым тек осы жолғы сапар үшін ғана айтылған сөз емес, «бұл жолы» деп жыпылықтатпа. Біз әрқандай жерде қарусыз жүрген емеспіз, мұнда да осылай жүреміз, ұқтың ба?!» – депті де бір маузерін кең шалбарының ышқырынан сурып алыпты. – Мынау мылтық. Мұнсыз әрқандай адамзатта еркектік болмақ емес. Қарусыз адам түгел қатын! Осынысы бар ейелді көрсөн де ерек деге есептей бер!... Бұл дүниенің еркектік мүшесі осы ғана! Қарусыздансан-ақ қатын боласын. Ұмытпандар осынымды!

Сұншилан ертеңіне закшың аталған Закария полковникті жіберіпті шақыруға. Оспанның өзіне Хабартуаның бастығы ретінде көптен таныс Закария кешегі шақырушылардың сөзін қатеге шығара шақырыпты. «Кешегі шақырушымыз жаңсақ баяндалты Оша. Құралсыз келсін деп бас қолбасшы ешқашан айтпаған екен. Ауыр зенбірекпен жүрсөніз де өз еркінізде, бізге қаратқан сеніміңіз білсін! – деді қолбасшымыз. Тек қанша нөкер ертіп баратындығызызды ғана сұрайды. Мұны, қонағасы мен үй дайыннату үшін ғана білмекпіз!»

Оспан күдіктенген мына мәселелерін тағы қайталап сұрап-сұрап алып сеніпті Закарияға. Жұз ғана атқосшы, жетпіс қана ақсақал ертіп баратындығын айтып қайтарыпты. Ертеңіне мылтық, автоматпен сірсесе қаруланған жұз жауынгерінің қорғауында Алтайдан ертіп келген үш жұз шақты сақалдыларынан таңдалған жетпісін «ел ақсақалдары» деп атап ертіп апарыпты. Гоминдаң мансаптыларына сыйлық үшін айдатқан 40 сәйгүлігі тағы бар. «Қайдагы қашқын-босқының емес, әлі де іргелі қазактың қанымын» дегендегі дипломатиялық сеспен көріну екен мұнысы.

Гоминдаң да сондай әртістікпен аса зор күш, мол байлық көрсете қарсы алыпты. Қонақтар мен одан да көп қарсы алушы мансаптыларына тіккен қалың шатырын қоршаған қорғаушылардан сырт, төрт-бес шақырым маңайдағы бел-белестердің барлығына ауыр-жөніл құралды күзет қойылған екен. «Құрмет қарауылы» атымен тізіп қойған сарайқ әскерлерінің өзі бір полк. Оспан, қандықолдардың шатырлаған шапалағымен аса қызу қарсы алынса да, өзінің құралды қорғаушылары батырының маңынан ажырамапты. Түсken ақ ордасының алды-артына өз күзетшілері тұрыпты.

Шыбырлап сапырылған сары қымыз, Алтай сахарасындағы барлық қасқырды сыйлағандай тартылып жатқан мол ет, көбік бо-

лып атылып жатқан күрең сыра мен бірге көпірген қарсы алудың жарамсақ сөздері Оспаннан желл еткен бір разылық лебіз шығара алмапты сол күні. Ондайға өз серіктегі мен жандайшап Бердікүл ғана жауап қайырып отырған екен. Жанымқан қажысынан басқага құлағын жақындаған Оспанның осы райына қарап бас қолбасшы Сұңшилан қызмет бабындағы өз пікірін білдірудің орайын қүтіп, көп кідірген екен. Ондай шабытты орай келмейтінін білген соң тост ретінде қымыз кесесін көтере сөйлепті.

«Батыр, сіздің аман-есен қайтып келіп, өзіміздің Жұңхуаменғоның ұлы құдіретіне құдырыет қосқаныныңға шын жүргіммен қуаныштамын. Және бізге ешқандай комунистер төтеп бере алмайтындығына сенімім кәміл. Солай болса да, өз арамызыдағы ынтымақты қүштейтіп, бір-бірімізге толық сеніммен бірлесіп істеуіміз қазіргі шақта өте қажет. Ол үшін мұнан соң барлық қүшімізді құрал-жарақ, жауынгер-жасақтарымызды бір ғана колбасшылықтың, ұлы Жан Тұңшуайдың<sup>21</sup> орналастыруына ғана өткізуіміз, әсіресе құралды бірыңғай басқаруымыз шарт! Ал, сіз бен біз сол ұлы гоминданың ең алдыңғы шептегі батырымыз. Осы тосты сіздің денсаулығыңыз үшін көтеремін! Солай ма достар? Қане, олай болса, осы кесенін түбін құрғаталық!» Сұң Шиланың көп көпшікшілері бұл сөз үшін кесені шуылдай көтергенде, Бердікүл шырылдай қуаттап көтеріп алған екен. Оспан мен оның бірнеше серігі кеселерін дастарқаннан алмай отырып қалғанын көріп, ол да коя қойыпты. Серіктегі Оспанның қабағына бағып отырған екен. Бір қозғалып қойып, Оспан сөйлепті енді.

– Мен Сұң батырға расында да серік болуға келдім. Достыққа ынтымаққа берік болуға келдім. Сонымен бірге осы батырдың саясында құрал ұстауға, жасақ ұстауға, ерік алуға да келдім. Егер батыр екендігін рас болса, менің аз ғана қуралыма, үріккен қойдай бір топ қана қолыма алақан жая көрмекіз!... Шынтуайтқа келгенде, менің Оспан атым өзгергенше құрал мен қолдан айрылмақ емесспін. Сізben бірге осылай өз арман-тілегім бойынша тұруға сеніп келдім. Ал, осындаі сенім байлатқан Сұң батырымның денсаулығы үшін осы кесені көтердім!

Гоминданшы кулар Оспанға секем алдырып қоймау үшін бұл сөзді де ду көтере қарсы алған болыпты. Осылай сегіз күн қонақтатып, сексен қырына алған Сұңшилан мың сарбазын тәрбиелеп – «әскери өнер үйретіп» беруге «Лю батырын» әрен көндіріпти. Ол мыңды үшке бөліп, үш жерде тәрбиелеуді, Хаба-

<sup>21</sup> Тұң шуай (қытайша) – қолбасшы.

туан басшыларының көмегімен ең соңында айтыпты да, осылай бөлшектеп орналастыруының бодауына мол сыйлық беріп қайтартыпты.

Жемсарыға қайтып барған соң Оспан өзінің ең сенімді адамдарының алдында Бердіқұлға қатал ескерту беріпті:

«Сен өзің суда да, жерде де бірдей шұрылдай беретін бақа сияқты жігіт екенсің, біздің ан аулап күн көретін азғантай құралымызды жиып алғып, батырларымызды өз әскерлеріне сініріп тартып әкетпек болған Сұн батырдың сөзін қалай шұрылдап қуаттағаныңды білемісің? Оның бізді қандай күйге түсіретіндігін түсінемісің!... Мұнан соң әрқандай жерде менсіз, өз бетіңмен істеуден сақтан!... Ал, мен жоқ жерде қалай қарекеттенуді өзімнің мына балаларым біледі. Сенен ақыл сұрамайды. Мені аңдуға әдейілеп міндет алып келген болсаң да, мінезімді байқап, біліп аңды!... Үктың ба?»

«Аңдуға келгендігінен» ант су ішіп акталған Бердіқұл тұла бойымен домалап, «ең сенімді сарбазың болайын!» деп құлдық ұрыпты. Осыдан соң Оспанға «ақыл» үйретуден бір жолата қалған екен. Қожасына «аюдың» жүрген жүріс, тұрған тұрысын ғана мәлімдеп тұратын тыңшылыққа ғана жарапты.

– Жендет тыңшы сол кеткенин 49-шы жылдың басында келді, – деп тым сүйк жымыды Күлән. – Қожасы оның бұл сапарынан да талай бас жеп, разы болған сияқты. Жалданба сопы – бүбілерін жиып жіберіп, менің жауабымды сұрамай-ақ неке оқыта салды!

– Өзің одан... балалы болып қалғандығынан мойып... қажығансың ғой! – деп бәсек құбірлесем де үнім дірілдеп шыкты. Өксі күрсініппін.

– Жоқ, баласын тірі таппадым! – деп Күлән бір шытынап қалып, ширыға сөйлеп кетті. – Оның зорекерлігі үшін балалы етпекпін бе!... Той ырымын өтеп жатқанда у ішіп түсірдім. Өлейін деп едім. Бала түсіп, өзім аман қалыптын. Әлгі төбет мен жазылғанша бір ай тұрып, тағы да жоғалып еді. Қожасының бұйрығымен аюын аңдуға қайта кеткен екен. Содан азаттық жарияланғаннан үш күн өткен күні түнде жасырын келді. Мені алдаң әкетпек болып келіпті. Оны аңдып жүргендер бар екен, тартысып-айтысып тұрғанымызда ұстап-байлап әкетті. Ал, қазір менің сонда хабарлай алмай қалғандығынан күмәнданып, маған да гоминдаңып деген қалпақ кигізбек болып жүргендер бар. Әйттеір менің жайымды қанық билетіндер ара түсіп, актап жур!

Өмірге зор үмітпен өршіл талап, ақыл-келбетпен келіп тұрып,

ұждан азабынан өле салуға да мұрса таба алмай қорланған осы әзез жанға жаным қатты ашыды. Есіркегім, еркелеткім келді.

– Дүниеде бірін-бірі «қанық билетін» екі адам болса, екеуміздей-ак болар. Солай ғой, Құләш, Құләшім! – деп құшагыма тарттым. Омырауыма басын сүйей күрсінді. – Нұрияштар өлгеннен соңғы қалған дүниеде екеуміздей түсініскең тен-тұс жоқ шығар! – дегенімде селк еткендей болып, басын көтеріп алды. Оңалып, аулақтана отырып, көз жасын парлатып жіберді де, бекемделе сөйледі:

– «Тен-тұс», «қимас құрбы»... сол шақта мен де осылай ойлағанмын. Есінде ме?

«Қос ғұлдей еді аттарың,  
Қосылып бірге жатталдың.  
Жан сәүлем үшін атынды

Сүйдім де кош тұр, аттандым!» – деп жазып кетіп едің ғой! Енді міне көріскеніміз, өмір талқысы екеуміздің паркымызды қанишалық зорайтқанын білемісің!... Мен үш еркекті жолға салған әйелмін. Және Ақылбайдан басқасы қандай деші!... Сені енді өзімдей әрненің қалдығына тіпті де қимаймын! Сені олай қорлауға титтей де хақым жоқ!..

– Мен де бұрынғыдай аппақ, пәп-пәк қалпында келгенім жоқ, Құләш! «Хақың жоктығына» да, «қалдықтығыца» да қарсы жауабым толық. Сенің жүргегінде кінәрат-кіршік жоқ, қанишалық зорлық көрсөң де пәк жаныңа ешқайсысы дақ түсріе алмағанын мендей түсінетін ешкім жоқ!

– Оны айтпа, Бигаш, дәретханаға түсіп кеткен бір жапырақ ет деп біл! Маған енді ол жөнінде көңіл бөлуші болма! Ақыл таразысы мені қазір солай өлшегенмен, оның қарсы жағындағы көңіл кірінің салмағы кейінірек басып түсе беретін болады. Мені сол бұрынғы қайынбикем деп қана түсін. Тағы да сондай жақының боламы!... Саған шын лайықты жар, тағы да менің мацымнан табылады. Сөз берген басқа біреуің болмаса, соны қөрерсің.

«Егер Макпалдың Өлиядан көрген хаттағыдай халге түскені рас болса, енді өзіңнен басқа ешкімді ізdemей-ак, көрмей-ак қоярмын!» деген ойды серттей сеніммен қайталадым ішімнен.

Данышпан тергеушім, сол шақтағы Құлән туралы осы ойыма, бір емес, екі рет жөткірініп жіберген шығарсыз. Бұл шешім әділет таразыцызға мүлде қайшы болып қалды ма. Онымен үйлендім десем, гоминдан жасосының жесірін алған кері төңкеріспінің мұрагері деп соқпақсыз да, үйленбедім десем, сол жасостан әйелін айырғысы келмей жан ашығаны деп соқпақсыз. Ал, бұл туралы

мәселеңді сіздің адамгершілік нормаңызға лайықтап қана жазып құтылайын десем, өзіңден ондай норманың табылуы бәрінен қыны ғой. Солай болса да жеткіріне-жеткіріне кеңірдегіңізді ауыртып алыш, маған тағы бір қылмыс тауып бермей күте тұрыныз, болған нақтылы жайын айтармын!

## VI

Күлән екеуміз Асылқанның үйіне қарай қолтықтаса жылжыдық. Қүн де жылжып батып барады. Қез бақтырмайтын кереметті нұрсын жасырығысы келгендей солғынсып, төмен қарап барады. Қүләш та дәл осындай райда сияқты. Ақ дидарлы топ-толық дәңгелек жүзін төмен салып, жас жігіт қолтығындағы жасамалы әйелдей салмақпен солғын көрінгісі келеді. Сөйтсе де қазіргі мына жайлы көктем кешіндей көңілділігін бусанып албырап келе жатқан ашық маңдайынан, жып-жылы қарасынан байқаймын. Ақ кофтасын кере жарасқан омыраулы толық денесінің қызыу айқасқан білегінен маған етіп, ішінен түлеп, ішінен көктеп келе жатканы да сезілді. Бұл жайын өзі сөйледі бір шакта.

– Бүгін сені көріп, Нұрияшым тірілгендей сезімге келдім, Бигаш, женілдеп қалдым. Ол туыспаса да менімен егіз тугандай, менен 3-4 жас кіші болса да құрдастай, нағыз дос еді ғой!.. Сен алғаш көріскеннен бүрін-ақ... білетін шығарсың, мен әлдекашан қалыңдық болып кеткем. Керіскедей... кексе едім. Тек Нұрияшпен бірге жүргенде ғана сонымен лайықтасып, жаңа өспірім қыз болғым келетін...

– Сен сәби кезінен қайғы көріп, қамкөnl болып өстін. Адамды қартайтатын да, жасартатын да көніл. Сол кезде өзіңе өзінді «кексе» сездірген сол қамкөnlдігің, көnл жүдеулігің болса керек. Оның есесіне ақылың ерте толды. Адамды ақылды ететін арман мен қам ғой, – деп жіберіп, сөзімнің сонын тыя қойдым. Тағы да ағытылуға ыңғайланған ыстық сезімімді тиғаным еді бұл. Өйттетінім, Құләннің өзін кексе әйел, кәрі етіп баяндаپ келе жатқаны өзінен мені суытудың сөзі. Өзінен менің көnлімді бүтіндей тиодың, зор ақыл мен ахлақтың сөзі. Сол ақылға өз сезімін де көндіріп, өз көnлін де шектеу үшін сейлеп келе жатқаны. Егер, мен тұтансам, ол өз еркінен тыс лап ете түсетіндігін сезіп, сактандырып та, сактандырып келе жатқаны. Ал, мен Мақпалдан бір жауап алыш, одан үмітім үзілмей, мұның әрең жасырынып тұрған нәзік жүргегін қытықтағым келмеді.

– Ақылбайдың мерт болғанын сол 45-ші жылдың соңында естігеммін! – деп Күлән, енді мұлде қартайған адамша қатты күрсінді. – Арман-ұмітім де сонымен бірге өшкендей, содан бері бір жадырап құлмеппін.

– Арман деген бұғының мүйізіндей салаланып, бірінің үстіне бірі өніп тұрады ғой. Адам тіршілігі арман-ұміттен адаланбауды шарт етеді. Ол өшсе өмірің де өшеді. Мұбәда, өмірің өшпей қалса, адамгершілік қасиетің өшеді. Адамгершілік қасиет дегеніміз – өмір талқысына (жауына) қарсы жауап қайтара жасау. Яғни жауың кор етейін десе, мен сенен зор етейін деп құресу. Ол қысканды қабысудың орнына керней тұсу. Адамгершіліктің ең негізгі қасиеті осы деп түсінемін. Бұл қасиет сенде бұрын жетерлік болатын. Бердіқұл сені зорлап корлаганда, өлді ғана ойлағанына – у ішкеніңе наразылық ойлад қалдым.

– Сол қорлағанына мойындан, некелі әйелі болуға көнсем разы болар ма едің? – деп жымиды Күлән.

– Қарсы шара қолданбай, у ішіп өле салмақ болғаның қурескерлік емес дегенім. Тым болмаса, талай азаматтың түбіне жеткен сол қандықолдың арам қанын ғана төгіп өлудің амалын қолдансаң еді!

– Өзіме өкпелейтін дәрменсіздігім сол! Мен үшін төлейтін қалың малы ретінде Сұңшиланға туыстарымның бастарын кесіп әкеп беріп, өзімді әйелденгеніне өліммен жауап беруді ғана ойладаппым!

«Біреуді өлтіруге жүрек куаты жетпейтін адамның мұндай ұйғарымға келуі де шегіне жеткендігі-ay!» деп ішімнен сөйлегендей құбірледім де, сөзді басқа тақырыпқа аудардым.

– Жә, Бердіқұл сенімен сол «құтты» тойын өткізген соң «игілікті» қызметіне қайта кетті. Соナン соң не істепті?

– Оны да осы жақында тергеушісінен естідім. 49-шы жылдың 2-ші айында кеткен. Бұл, Жұңғо төңкөрісінің күшейіп, гоминдан үқіметінің құлайтындығы айқындалып қалған шақ. Оспан өзінің негізгі серіктерін жиыстырып, гоминданнан іргесін бөле бастапты да, Бердіқұлға шарт қойыпты: «сен шырағым бізбен бірге болғың келсе күбір-сыбырынды қойып, келген жеріңе қайт!» -депті. Бердіқұл сол жерде құран ұстап, қасам беріпті де, жынса басқармасына жазатын мәліметтерін батырының өз айтқаны бойынша ғана жазып тұруға келісім алышты.

– Гоминданға адам ұстап беруді қойып па?

– Оспанның бекітуі бойынша ханзудан комунист деп ұстап, үш-

төрт рет айдатып апарған екен. Оларын жынса орындары қамамай қоя беріпті! – деп Құлән күліп жіберді. – Он шакты тұтқыннан еңбегі солай еш болған соң, адам ұстауын Бердіқұл да койыпты.

– Ол гоминдан тұрмелеңдерін үрей жұтқан кез ғой! – деп толықтадым мен. – Бұл шакта Сұңшилан қанқұмар жоқ. Шынжандағы бас қолбасшылықта Таусиуй қалған. Жаңкайшы оны да шакырып, жұз мың сарайғымен өзін қорғатпақ болған. Демек, «генералиссимусының» өзін де үрей жұтып қойған кез. Таусиү ол бүйрығына: «біз кетсек, қалған мына жеті аймақ үш аймаққа қосылып кетеді!» деп бақырыпты, ха-ха-ха-ха... Улкен бастығы «қосылса косыла берсін, қайт!» десе, «бірігіп алып, Жұңғодан бөлініп кетеді!» деп бақырыпты.

Қарқылдал құлғенімді қызықтағандай құлімсіреп, бағдарлай қарап қалған Құлән мен қарағанда көзін лып қағып, төмен түсіре сөйледі.

– Дегенмен өзі қыын екен, басым кетсе де уысымдағы асым кетпесін дегені ғой!...

– Бұдан басқа лажы да жоқ еді. Жолдан талай соққы жеуге шыдап Кулиге қайтқанымен де, осы жұз мыңмен Жаңкайшының қу басын қорғап, женіске жете алмайтындығы айқын болатын. Онанда Жұнго компартиясына осы Үрімжіде тыныш қана тізе бүгіп, уысындағы осы асының абыраймен өз басына сауға тілеуі тиімді ғой. Осынысы абырай болды өзіне!... Ал, ұстағандарын түрме қабылдамайтын болған соң, Бердіқұл не кәсіп істепті?

– Оның кәсібі: отырғаның артынан қыдырып мәнпағат таба алмағанда, жүргеннің соңынан сүмендеу ғой! – деп түйілген Құлән өштікпен айтқан бұл суреттемесін өрескелдеу сезінгендей қызығыш тарта жалғастырды сөзін. – Оспанға иіспілдігімен жағып, соның мал табары болып шапқыншылық істеп жүрген екен. Өзінің гоминдаңының Құмыл мел Үрімжі арасындағы тасымал автомобилдерін тонайдыда баяғы, – деп Құлән енді сықылықтап күлді. Әркай сөзінен шешендік байқап мен танырқадым. Жүзіне өзінше мен де қарап қалыптын. Онымды сезе қойған Құлән төмен қарап жалғастырды сөзін.

– Тоғызынши ай ішінде Америка елшісі Макынанды халық азаттық армия қоршауынан құтқарып жіберу міндеті түскенде, Оспан бірнеше мықтысына сол ііспілді қосып жұмсапты. Олар Макынанды Баркөлге, одан қарақышының төте жолдарымен Шинхай-Тибет шекарасына жеткізіп салыпты. Ол қайтқан кезде гоминдаң офицерлерінің қаруы түгіл беліндегі қайыстары да жұлдынып

болған екен. Қару тапсырмай отырған Жемсарыдағы Оспан ғана сияқты. Закария мен Қадуаңнан басқа қашуға тиісті қазактардың барлығы сонын үйінде бас қосқанына үш күн болғанда жетіпті Бердіқұл. Шонжарлардың не қаулыға келгендіктерін білмепті. Тек тарайтын шактағы бір-біріне айтқан қоштасу сөздерінен ғана өзді-өз беттерімен онтүстікке карай босатындықтарын сезіпті. Оспан олардың жайын кейінрек тұспалдан қана айтып, кету-кетпей мәселесін Бердіқұлдың өз еркіне салыпты.

– Не депті?

– «Балапан басына, тұрымтай тұсына» кетіп жатыр, Бердіқұл. Қаламын десең жер міне, кетемін десең, осылардың біріне косып жіберемін. Ал, бірге көрмек болсан, мен міне, қайтпексін?» депті.

– Сіздің соныңыздамын, батыр. Қалай бастайтындығыңызды ғана ұқсам болғаны, соған қарап дайындық көрейін!

– Мениң енді қонарымды сай, көшерімді жел біледі. Алдымен өзің барып келген жақтағы бір иенге жүк салып, ерген елімді сол жаққа қоныстандыра тұрмақтып. Ал, өзім қалып, аспанның райын, комунистердің қабағын бағамын. Маған тиіспейтін болып сенімді келісімге келсе, ауылдарды қайтарып экелемін. Алтайды тастап кеткім келмейді!

– Хұп! – депті Бердіқұл бұл ақылға. – Мен сол көштеріңізben бірге болайын. Көріп келген жолым ғой, бұл жерден пайдам тиер! Қазірше әкете тұратыным, жана алған әйелім мен бір інім ғана!...

– Бердіқұл қолға алынар кезінде осы мақсатпен келіпті маған! – деп Құлән мұрның бір шүйіріп қалды. – Қалай келгенін білмей қалыптыз. Екі кілем мен бір мешок пул әкеліп, шешемнің кроватының бас жағына қоя салды да, әрқайсымызға әкелген асыл күймдері мен алтын алқа, сырға жұзіктерін тұп үйдегі үстелге әкеліп жайды. Мен шешеме басымды бір шайқай салып, сыртқа шыға жөнеліп едім... сақшыға мәлімдемек едім. Бердіқұл ауыз үйде куып жетіп, қарқылдан күлген болды да, тұп үйге білегімнен сүйреп апарды. «Сақшыға бармақсың ғой, ақықатқа қайту үшін жаңа үкіметке біздің не әкелгенімізді тыңда алдымен!» – деп сейлей жөнелді. Есім шығып, қалтырап кетіппін. – «Бес керуен! Оспанның шердиманы да бар! Тибетке қашып бара жатқан гоминдаң – офицерлерін ұстадық!» деген кей сөздері ғана кіріпті құлағыма. Сейлей жүріп, алқа-жұзіктерін менің ілулі тұрған қол сумкама салды. «Оспанның қызы-келіндері ендігі Шұймогуге жеткен шығар. Қазір қөңкемен сонда барып, қонақ үйге алып келеміз...

сен де барасын, дайындал!» – дегенде есік-терезе қатар қағылды. Жалт-жұлт қарап зыта жөнелген бандыны қарапайым киімді төрт жігіт, біз шыққанша байлад болыпты. Жан мылтығы мен қанжарын өз бойынан тінтіп тауып, айдай жөнелді. Үйде қалған нәрселерін ұстаушылардың нұсқауы бойынша біз тізімдеп апарып, халық сақшы мекемесіне өткіздік. Бір жарым жыл болды. әлі тергеуде дейді. Қайда жатқанын да білмеппін, – деп тоқтатты Құлән әңгімесін.

– Мәселесін Оспанға беттестіріп анықтап алып атпак шығар!  
– деп күрсіне салыппын. Құлән жалт қарап сақылдай күлді бұл күрсінісіме.

– Немене, «жезденді» қимай келемісін?  
– «Наксүйерінді» сен қисаң, мен киямын ғой!

Асылқанның үйіне екеуміз жарқылдап құле кіріппіз. Бізден басқа шақырған қонақтары жиыла қоймапты.

– Құлқілерің құтты болсын! – деп жымия қарсы алды Асылқан.  
– Бәсе, екеуің «бірге азат болатын» жөндерің бар еді!...

– Әйел қалжында ма, Асеке! – деп Құлән қызара қубірлеп өте шықты да, қайта қайырылып сыйырлай сөйлемеді. – Бигаштың менен жасы да, жолы да кіші, ұят болады!

Жас шамамызды толық білетін Асылқанның епті қалжыны езуінен бұлкілдей берді сонда да. Кең столдың төріне екеумізді қатар отырғызды да күтуші эйелдерге сездірмей өрмекшіше торлап қосақтай тұсті. Әйел қалжынан Асылқанды бұру үшін мен Құләннан жолдағы әңгіменің жалғасын – Оспанның қолға қалай түскенін сұрадым.

– Оны Асекең толық біледі, Асеке, сіз сейлеп берші! – деп Құлән Асылқаннан жымия өтінді. Мұндай отырыста оның саяси мәселе араласқан сөзге баспайтындығын Құлән біліп жымыған екен:

– Оспан жайынан оншалық хабарым жоқ! – дей турегеліп, есікке беттегеніне Құлән сақылдап күліп жіберді.

– Бәсе, қүлетін жерде күледі-ақ екенсің-ау! – деген Асылқанның сөзінен мойығандай қызығыш тарта қалған Құлән, әңгімені тез бастан әкетті:

Оспан сол айтқаны бойынша «аспанның райын, комунистердің қабағын бағып» жатса керек. Шапқыншылық жөнінен жаман ат шығара қоймапты. Сайлауыт азаматтарына лайық мал-басын шағындан қана қалдырған аулымен құбының иен құмын тыптыныш қысталды. Құмнан жазға салым қайта көшіп шығып, Жемсары даласының шетіне көктепті. Қаруларын кең ышқыр мен

мол етектерінен шығармаған күйі, енді Боғданың қысына барып жайламақ екен. Оның қабағын да қалт жібермей бағып отырған жана үкімет елшіні осы мезгілде салышты.

– Өзінің сенімді қызыл қазактарынан ғана емес, ағынан да, сарысынан да, қарасынан да, аласынан да, тіпті аласасынан да жіберіпті, – деп Күлән Асылқанға тағы да жымия қарап сейледі. Оспанның, шашты қазактар ішіндегі аузы дуалысы деп ең сенетін Закариясы да бар. Үкімет оны тіпті осы елшілер группасының бастығы етіп тағайындал жіберіпті....

– Үкіметтің Закарияны көріністе елші етіп жіберудегі мақсаты дұрыс, – деп сөзге Асылқан енді кірісіп, толықтау айтты. – Ол Оспанға бұрыннан сырлас-ниеттес адам ғой. «Салмақ салып, құрал тапсыруға қайтсөн де көндіресін!» деп мықтап тапсырып жіберген. Закарияның өз идеясын да өлшейтін таразы осы болатын. Осы арқылы сынап көрмек еді!

– Асеке, өзің де сол елшілердің бірі едің ғой, қалғанын сен сөйлемші! – деп Күлән тағы өтінді де, тағы да құліп жіберді. Бұл жатбатардың жаңағы «қарасы да, аласы да, тіпті аласасы да бар» дегеннің бірі осы Асылқан аласа екендігін енді түсініп мен де күлдім.

– Мен қайдағы елші, ойын қоюға барып, қатындармен қалжындастып қана қайтқанмын, білмеймін! – деп Асылқан тағы түргелгендеге қатарласа күлдік.

– Қөргенін көрмегендей, көрмегенін көргендей сылдыратуын қарашы, әй акындарым-ай! – деп Күлән еселей күлгенде мен де еселеп жіберіппін.

– Ие, ие, осы күлкілерін жарасты. Қосактарынмен қоса ағарындар! – деп Асылқан езуін тағы да бүлкілдете шықты есіктен. Екеуміз бір-бірімізге қарасып жіберіп тұқырдық. Отты көздеріміздің жарқ-жүрк етіп бір сәт тоғыса кетуінен қысылдық тағы да. Осы қарасымызбен-ақ екеуміз бір-бірімізге алаң-ашыққа тыржаланаң шыға келгендей көрініпіз. Жалт беріп әңгіме шытырманына қайта кіре жөнелдік. Үяттан құтылуға асыққанымыздан сұрау да тез қойылып, жауап та тез қайтарылды.

– Сейтіп... жаңа үкімет Оспанмен не жөнінде сейлесуді тапсырыпты елшілерге? – деп мен сұрақ қойдым да:

– Оспанға жаңа үкімет саясатын түсіндіруді тапсырыпты! – деп Күлән іле қайырды жауабын. – Шың Шысай мен гоминданға қарсы қурескен бұрынғы батырлығы үшін кешірім етеміз. Басы түгіл малына да тиіспейміз, Жұңго компартиясына сеніп, құралдарын

тапсырса болғаны депті. Партиямыздың саясатында ақиқатқа өз еркімен қайтушыға әрқандай кері төңкерістік қылмыс болса да жаза қолданылмайтынын толық түсіндіруді тапсырыпты. Закария үкіметтің осы үндеуін дәлме-дәл айтып жеткізіпті де, басқа елшілер ұзак-ұзак сөйлеп насиҳаттапты.

– Оған Оспан не депті?

– Оспан бұл сөзден күмәнданатындығын айтыпты. «Шың Шысай да мен халық үкіметтің деп келіп, осылай кеңшілік деген сөзімен бізді талай алдап еді. Ырысқан, Есімқан марқұмдар отты оқтан емес, дәл осы тәтті тілден елтеген болатын. Мұндай кешірім дейтіннен аузым талай күйген жан иесімін, шырактарым. Ал, бұл үкіметтерінің кешірім ететіні рас болса, «құрал тапсыр» дейтін сүйк сөзді айтпасын, аң аулайтын осы бір-бір көсеуімізбен жүріп-ақ үкіметтің момын бұқараасы болмақпаз. Осы сәлемімді айтып барындар!» депті.

– Елшілер Оспанның осы сәлемімен ғана қайтып па?

– Жоқ, – деп маған көз қызығымен бір қарап қойған Күлән, қайта төмен қарап алып жалғастырды сөзін. – Елшілер жаңа үкіметтің саясатын тағы дәріптеп, қоғамның, төңкерістің қазіргі ауқымын айқындағы түсіндіріпти. Халықтың ой-санасы әлі түгел ашылып болмаған шақ қой бұл, Америка жиянгерлігі мен гоминданың азғыруына сенетін адамдар әлі де жоқ емес қой. Мұндай шакта бұқараның қолында соғыс құралы сакталмауы қажеттігін айтыпты. Партияға сенетін адам дәл қазіргі шақта қару ұстап отырмайды. Егер қарсыласу инистің болмаса, құс атар шитілеріңді де тапсырып беруініз шарт!» – депті елшілер. Оспан тұнжырап ойланып отырып қалыпты да, Закарияға қарапты: «ал Закария, шашыңды есепке алмағанда қазақтық қаның, мұсылмандық иманың бар азamat едің ғой, сен сөйлеши!» депті...

Әңгімені қайта келіп тыңдал отырған Асылқан Құләннің сөзін осы кезеңде шорт болді:

– Тоқтай түр, Күләш, қателеспе! Оспанның бұл сөзі Закарияның қара ииеті әшкереленетін жерде айтылған. Титтей бұзып айтсан-ақ қателесесің!. Қазір тергеліп жатқан Закарияны актап қоясын... Оспан бұл сұрауын Закарияны оңаша шығарып алып сұраған.

– Қайдан білейін қайда сұрағанын, – деп Құлән тағы да сыйылышқатап күліп жіберді. – Әйтеуір Оспанның осылай сұрағаны рас қой? Басың кетпес, өзің сөйлеши, Асеке!

– Осылай сұрағаны рас, бірақ орны басқа... елшілер әлгіндей талапты қойып қыстағанда Оспан қарақшы жауапсыз тұнжырап,

сыртқа шығып кеткен. Үйінің сырт жағына оңаша барып отырып алып шақыртқан Закарияны. Ал, сөзінің басқасы дұп-дұрыс, сөйлей бер!

– Шақыртып алып не айтыпты, менен толық білетін, қатынасқан әңгімең болған соң сөйлей берсеңші, әңгімелегенде мен-ақ болайын!

– Әңгімелеге келгенде сен қыздың менен артық жерін бар, әркімнің сөзін өзінше сөйлеп алады екенсің, сөйлей бер, сөйлей бер!

– Қорқақ қана жаңының күлгінің қарашы! – деп Күлән енді сақылдаپ күліп жібергенде мен де сақылдаپ күліп алып, қалғанын Асылқанның өзі әңгімелеп беруін өтініп едім. Қорқақ аталаудың корланғаны ма, иә, менің өтінішімнен зорланғаны ма Асылқанның өзі әңгімелеге кіресті:

– Елшілердің талабы жаңағы айтылғандай үзілді-кесілді болды. Оспанның құрал тапсыруын тынышталудың жалғыз-ақ шарты етіп қойды. Оспан тұнжырап сыртқа шығып кетті де үй сыртынан Закарияны шақыртып алып, оңаша сөйлесті. Сонда не деп сөйлескенін қазір тергеудегі Оспанның өз жауабынан естідік: «Е, Закария қазақтық қаның, мұсылмандық иманың бар азamat едің, шынын айттар деп сеніп шақырып отырмын. Сен алдаң өлтіртсөн, менің қаным өзіне алал ас бола қоймайтынын түсінесің, маган айтши осы оңашада. Егер құрал тапсырып, қол көтерсем, мені, менің соңымнан ерген мына азматтарымды түбінде осы үкіметтің жазаламайтындығына сенім бере аламысың?» деп сұрапты. Мұны Оспанның өзі айтқандай сеніп сұрап отыр фой. Егер сонда Закария ақымақ «тиіспейтіндігіне көзім жетеді» деп сенім бере салса, бұл қарақышының қару тастап бағынғысы келіп отырған кезі фой. Осының айтқанда Зәкішінің өз басына да үлкен абырай болар еді. Зор қабілетіне лайық жоғары дәрежелі қызметке де орналасар еді фой, неткен алжасқандық!..

– Енді не депті, айтсаншы, Асеке-аяу, тезірек! – деп күліп едім.

– Тоса тұр Закариясына жаңы ашығаннан есін жия алмай қалды! – деп Күлән ітмелей күлді. Өзінің денесіндей жұп-жуан домалақ басын сипап отырып қалған Асылқан селк ете түскендей болды бұл «қылмысынан»:

– Жоқ, қайдағы «жан ашу», азғындығына ызаң келеді!.. «Көзім жетпейді» депті!

– Бұл «азғындығын» тым болмаса өз жауабын айтсаншы! – деп сыйылыштапты Күлән.

– Осылардың сөзін өзің-ақ сөйлей берші Күләш, толық білмеймін!

– «Азғынның» сөзін «азғын-ақ» сөйлесін деп бұйырганың гой! – деп Күлән тағы да күліп жіберіп сөйледі. – Ал, не боп кетсем де сөйлейін. Закария оған: қару тастап сендіріп бағынсаныз, дәл қазіргі жағдайда жазаламайтындығына көзім жетеді! Ал, түпкіліктің түбіндегі іске көзім жетпейді. Жазалайды, иә, жазаламайды деп келешектегі іс туралы кесім айта алмаймын!» депті. Осы сөзімен күрсіне түрекелген Зәкішінді Оспан қолынан тартып қайта отырғызып сұрапты:

– «Жақсылық істесең жете істе» дейді ғой Зәкіші, қандай себептен «көзің жетпейді», енді соны айта кет! – депті.

«Бұл саяулға өзіңіз де жауап берे аласыз, батыр. Сіз өзіңіз байсыз да, бисіз де... азғантай ауылышызға патша аталаң та көрдіңіз ғой, социализм қағидасы ондайларға қарсы жазылған ғой, ал, біздің мына Жұнғо социализмі келешекте сізге, сіздейлерге не айтатындығы маған қараңғы. Көзім жетпейтін себебі сол. Мен не көрсем де осы Үрімжіден қозғалмайтын адаммын, сіз бен мына елшілердің көз алдында оңаша сөйлесіп отыра берейін, қайтсесіз де өзіңіз біліңіз! Олай істеме, бұлай істе деп жауапкершілік кетере алмаймын!» – Закария Оспанның жеке кенесінен осы жауаппен әрең құтылыпты.

– Ал, Асеке, – деп Күлән сық ете түсті де күлкіден зорланып тыйыла сөйледі. – Сөйлеуден корыққан сөзіңізді сейлеп, құтқардым ғой, қалғаның өзіңіз әңгімелей беріңіз енді!

– Қателесетін жеріңнен енді өзің де өттің, Күләш, – деп Асылқан төрт аяқтай түрекелді де кеселді сөзін езуінен тағы бүлкілдете беттеді есікке. – Бұл әңгіменден енді қателесетін жерің қалмады ғой. Жалғыз-ақ Оспанды «батыр» деп, Зәкішіңды «ақыл» деп қоймай ептей берсең болғаны!... Әйтеуір осындағы тәтті шағында қателеспей, мынадай татымды күйеуге тиіп алғаның жақсы, мен осыны ғана білемін!

– Қойынышы осы сөзді! – деп қызғыш тартқан Күлән, Асылқан шығып кеткен соң төмен қарап күбірледі.

– Ондай... шағым қайда кетті, мен қайда қалдым!... Бигаш, сен басқалардың мұндай жел сөзімен, мұндай киялдан сақтан! Бағанағы сөзімді есінчен шығарма! Қазір осында келіп қалар. Нұрияштан қалған қасіретінді жоя алатын камалат, ақылды қыз. Мен кепілдік ете аламын!

«Басқа камалаттың енді керегі жоқ. Маған тірі Нұрияшымнан

қалсам, анық түсініскен нағыз «Камалатым» қажет шығар!» деген ой жүргегіме тағы да үйріле қалды. Жауабымды күлкімен жаймалай салдым.

– Шағым кетті демесен болғаны, сақтан дегеніңнен сақтана отырайын да, көр дегенінді көре отырайын!... Енді әлгі әңгімелінің жалғасын айтшы! – деп «қиялдан» серпіле қарадым сонан соң. Оспан Закарияның сол камалатты жауабынан соң не істеді?

Өзінің «камалатты» деген сөзін Закарияның осы жауабына колданғаныма бас изей жыミған Күлән да серпіліп, іркіліссіз жалғастырды әңгімесін.

– Оспан елшілер отырған қонақ үйіне, сол тұнжыраған қалпында қайта қіріпті. «Ал, меймандарым» деп тік түрған қалпында жауап беріпті. – «Менің жаңағы жауабым естеріңде шығар, сол жауабым, дәл жауап. Жаңа үкіметтерің менің шексіз көп қылмысымды кешіретінің айтқанына көп рахмет! Шын кешіруді ойлаған болса, менің там-тұмдаған күн көргіш қаруларымды тапсырып бермейтіндігіме де кешірім жарияласын! Кейінгі уақытта шындалап рақайласа алатындығыма көзім жеткенде өзім-ақ түйеге тенден апарып бере салармын! Ал, бұл тілегімді қабылдағысы келсе осы алдымыздың екі-үш күннен қалдырмай, маған мына Закарияны қайта жіберіп хабарлассын. Мен де адам жіберіп токтамдаспақын. Осы сөзімді өзгертпей жеткізіндер! Топ болып елеп-ескеріп келгендіктеріңізге рахмет, қайтуларыныңға рұқсат!» деп шығып жүре беріпті, – деп Күлән сырттан естілген дабырды тындала отырып қалды.

– Сонан соң? – деп жалғастыра бер дегендей сұрадым.

– Сонан соң... өзің түрленіңкіреп, шашынды жөндел тарап алсаншы, күйеужан!... Енді алшаймай, әдеппен отыр менің қасымда! Біздің қыз секемшіл, сезімтал қыз. Ал, мен әңгімемді бітіріп тынайын. Сонан соң Оспанның айтқаны екі-үш күн ішінде ешкім келмеген екен. «Комунист партия екені рас болса, бұл үнсіздігі, менің маңайымды енді бір-ақ қоршап болып келуге дайындалып жатқаны!» деген күдікпен көшे жөнеліпті. Из жасыру үшін таумен жоталап та, бөктерлеп те, тынбай кешіпті. Баркелдің бір киысына көліктерін тынықтыру үшін аял етіп, өздері тынықпай-ақ, мал таба кетудің, артынып-тартынып азық-түлік таба кетудің жортуылына қайта аттаныпты. Жол тосып, бекет тоналты. Жүргіншілерді зар қақсатыпты. Соңынан күғыншы барын сезісімен иенге тартып, жоғалып беріпті сөйтіп. Осы жазғытұрым Шыңхай шекарасындағы жап-жазық даладан ұсталыпты ғой.

– Талайды көрген сақ қаракшы, жап-жазық даладан қалай ұсталған!... Атысамын деп қоршалып қалып ұсталып па?

– Жәндеп атысуға да мұрсасы келмепті!... Оны күп дағдыланған ұлттық армиядан жол бастаушы болған соң ондайға төзімді қалың жепаңжұн қоя ма... иенде көк мұз болып қатып жатқан қактардың ортасына қонған жалғыз үйден ұсталыпты.... қалай екен, сол күні өзінің жауынгер қызынан басқа ұлдарынан ешқайсысы жоқ екен дейді. Із өкшелей берген қалың қуғыншыдан тарай қашқан ауылдарын қорғауға мықты азаматтары бөлініп-бөлініп кеткен сияқты. Таңға жақын қатты үйқыға кеткен Оспанды, қоршалып қалғанын таң атқанда бір-ақ білген қызы оятыпты. Сол күні белдеуде ер-тоқымды жалғыз-ақ ат қалған екен, екеуі мінгесе қашыпты. Өкпе тұсынан төнген бір қуғыншылар тобы таяп қалғанда жалтыр мұздан аты тайып жығылып, мінгескен екеуі ұшып тұскен екен. Оспанның қолындағы маузері мұз үстінде недәуір алыштап ұшыпты! – Күлән курсіне аяқтастырды сөзін. – Оспан ол «еркектігіне» домалап жеткенише өзіне қуғыншылар жетіп, жабыла кетіпті де, тұруға ұлгертпей басып байлад алыпты!...

Көз ұсына іркілген жасын Күлән елеусіз ғана сипап тастан, күлімсіреген бейнемен ауыр тыныстады. Оспан батырдың қолға түсіү талай жасырын талқыдан, талай өкініш пен күрсіністен өткен ғой. Бұл оқиғаны осы рет әңгімелегенде әйел досымның тіл орамының епшілдігіне қызыға қарап қалыптын. Өзі қандай шыншыл, қандай әділ, өз жүргіне шығарған үкімін ескерші! Нысансыз Әлиялар бір процентін үйренесіш осының! Газиз басы кара батпаққа қанишалық малынса да, бүйі тағдыр қанишалық шырман, қанишалық қырсыққа шалынса да, қатал қара жауыздық қанишалық масқаралап, жігер-куатын қанишалық тонаса да мойымаған-мойындаған қандай ерлік!... Өзін-өзі өлтіруге мәжбүрлессе де, талай уақыт өлім табалдырығында жатса да, қогамдық болмысқа көз жұмбай қарап жатқандай неткен зеректік! «Әлеумет ісіне көкірегі жарық, көзі өткір, көңілі тыныш, жүргі бүтін ен биік дәрежедегі бір әйел қараса, осы жаралы-қаралы тұтқын сұлудай-ақ қарар! Құйындаидай үйірілген құбылыстарды осындаидай-ақ түсінер!» деген оймен есіркей-елжірей қарап қалыптын Күләнға.

– Міне келді! – деп күбірлеп, шынтағымен түртіп қалғанда ғана оянғандаймын. Есік жаққа жалт қарадым.

– «Сәлем!» «Сәлемет пе?» «Есенсіз бе?» – деп өзіме таныс аман-дасушы екі жігіт, екі келіншектен соң жымиып, ернін жыбырлатқан

сүр қыз, сонан соң күлімдеп көзін жұмған аппақ «сырлы» қыз, күлкісін миығындағы шұқыршағына ғана ірген, қызыл ерінді шырлы қыз, қара көзді, қайқы кірпік «мұңлыжыз», аппақ тісін жарқыратқан аялды көзді нұрлы қыз, ойнақылана қарайтын керме көкірек сынды қыздар кірді. Жұздеріне қарай-қарай қол алыштым. Мені Құләнға шынтағымен тұрткізіп оятқаны қайсысы екенін аңғара алмадым. Сонда да, көрсетушіден ешқандай ишара болмады. Әйттеуір бәрі де сұлу сияқты. Бірақ, Макпалдан қалып, Әлиядан тоңып-жаурап келген маған Құләннің өзінен басқасынан жылу табылмайтындей.

Алдымен кірген сүр қыз Асылқанның таныстырыуы бойынша емхананың фельдшері екен де, қайқы кірпік мұңлы қыз, институт бітіріп, жаңа шыққан оқытушы екен. Басқа қыздардың әйел-қыз күмді бірі де жоқ. Ал, түгелімен артиста. Көк бешпет-сыммен келіпті бәрі де. «Мына тырсығандар – Маханбегінің сымы ғой, ә» дегендей, Асылқанға қарап жыымиждым.

– Ол Асылқан ағаңың өзі ғой, Бигаш! – деп құбірлеп, Құлән қалжыннады. – Көк сымнан қарап, оны да қыз екен деп қалдың ба?

Қарқылдап-сыңғырлап бәріміз түгел күлдік. «Олпы-солпысы жок» түп-тұтас, жуан кара Асылқан бұралып-қылмып, қыз бола қалғанда ішек-сілеміз қатқанша күлдік. Алғашқы тосырқауды бұзып, бетімізді ашқан осы күлкі болды.

– Осында Биғабіл дейтін оқымысты сылқым келді деп еді. Жаңылмасам сол мырза сіз шығарсыз деймін? – деп Асылқан қылмыңдағанда, мениң де жасырын әртістігім қоза кетті:

– Так точно, сұлу бикеш! Аңсаған сол оқымысты сылқымыңыз мен боламын! – деп, басымды онды-солды ойнақтатып жіберіп, иығыма сала ійлентімде күлкі тіпті үдеді... бір-бір шыны шай ішкенше-ақ үйрлесіп, «ауыл аралас, қой қоралас» ымдас-жымдас бола кетіппіз.

Мениң келуімді құттықтаған бұрынғы сабактас жігіттер кезек-кезек тост сөзін сөйлеп, стакан қағыстырды. Қағыстырғанмен де ауыздарына қабыстыра алмаған «жаман қыздар» Асылқаннан айып тартып жатты. Төлейтін айыбы эн мен күй, болмаганда іс екен. Көтерілген алғашқы екі тостан-ақ қыздардың көбі айыпталып, алдымыздан бір-бір өтіп еді. Үзім виносынан ұрттап қана құтылып отырған «әйел қыздардан» айыпкер болып, «қайқы кірпік мұңлы қыздың» аты шыкты бір кезекте. Айта алмаймын дегеніне қарамай, шарт ретінде Әсессітің «Еркем-айы» талап етілді. Ұяңдығына қарап, «қын ән қысты-ау мына байқусты» дегендей

төмен қарап алып едім. Алғашында тартыныңқырап, әнін төмен бастап алған «мұнлым», тамағын бір қырынып жіберіп, екі еселей көтергенде әннің өзін үйріп-серпіп аспанға ұшыра жөнелгендей сезілді. Дауысында маған таныста тәтті, аса сағынышты бір саз бардай. «Мұнлымның» мұны тереңнен тұна мөлтілдеп жасаурағандай көрінетін тұнық қара көзінде ғана екен. Ән салғанда тұла бойынан шаттық таси жөнелгендей құлпырғанына таңданыспен көз тоқтата қарадым. Мұнымды біржалт етіп қана байқаған Күлән, әншінің өзіне қарап жымиды. Ән тоқтасымен көшілікті бастап қолшапалақтай айтты құттықтауларын. Өзі драма театрының бірден-бір әншісі аталып жүрген, өзі жүргегін менен ынсан құдіретімен ғана шектеп отырған құштар Күләштің осы көз тартар сұлудың әнін құншілдік кірбенінен мұлде пәк ниетімен құттықтағанын сездім. Осы қызға бар ақыл-есімен барлық тілеуlestік пейілмен сүйіне, рахаттана қарап отырған ақ жүзіне мен аңқия қарап қалыппын. «Көкірегің кең, мінезің жайсаң, білімді ақсың-ау, Күләш!» дегендеймін.

— Бигабіл, ей, — деді Асылқан. — Енді Күләштің әнін тыңдағың келіп отыр ма?

— Айыпты болмаған адамға ән салдыру, обал ғой! — деп едім. Күләннің өзі іліп әкетті.

— Бигабіл менің «обалыма» емес, өз «обалына» қарап отыр, айыпты болмаған адамға ән салдырмайтын заң шығарып, «қонақ кәдесінен» құтылып кетпек! — деп күлді де, әнші қызды шақырды.

— Кел Ақияш, екеуміз «ауылдың алты ауызын» айтЫП берейік те, көрейік құтылғанын!

Осы сөзімен арамызға бір орындық әкеліп коя қойды да, Ақияны қолынан тартып әкеліп отырғыза қойды қасыма. Маған айтқызбақ «қонақ кәдесінің» сылтауымен таныстырмак қызын жабыстыра қоныстандырғанына күлкім келіп еді. «Ағажай» әніне бастай жөнеліп, сол күлкімді жылауға айналдырып жібере жаздады. Тісімді тісімебаса қойдым. Алғашқы таныскандығы Нұрияшымның айтқан әні еді ғой бұл. Сонда да осы Күләш қосылып айтпап па еді! Жүргегімді төңкеріп жібергендей қүйғытып, төңкеріле басталып, дәл сол әуеннің өзі жетті құлағыма. Жетті де жетемді еріте жөнелгендей, тұла бойым езіліп бара жатқандай сезілді. Ишімнен егіле тыңдадым. Бұл әнге келгенде Ақия Нұрияның дәл өзінше айтады екен. Енді паш болды. Күлән Ақияны осы әуені арқылы сол өшкен Нұрдың қайта жануына, солған гүлдің қайта жайнауына балап аялайды екен. Өзі таңдана-тамсана ұнататын Нұрияш екеуміздің махаббатымызды қайта тірілтүге мықтап бекіген сияқты.

Күлән Ақияға осы әнді бастап айтқыза отырып, менің жүзімді бақылады. «Нұрияш осылай айтушы ма еді?» деп күбірлеп, құрсініп жіберді ән сонында. Бас изей салдым. Үн шығарсам-ак көзім жаспен жауап беретіндегі білінді.

Күлән сол отырыстағы Нұрияш айтқан әннің бәрін айтқызды Ақияға. Бәрі де соның нақышымен безеніп, құлағыма соның жалынындағы тиді. Әншінің жұп-жұмсақ нәзік саусақтарын қос қолыммен қысып, разылық алғысымды айттым. Дастанқандастар колшапалақпен қарсы алды.

– Ал, ауылдың алты аузын екі еселеп орындағы білем, – деп Күлән жымия қарады маган. – Енді қонақтық қарызында өтейтін шығарсын!

– Не айтайын? – деп сұрадым әдейі Күләннің қарызын айқындағым келді.

– Осы әндердің өзіне белгілі қарымжыларын айттарсың!

Нұрияшпен ұмытылмас сол отырыстағы менің айтқан жауап өлеңдерімді осы Ақияға да айттымды осылай талап етті. Бұл әндердің қарымжысы қалай екен дегендегі аңтарыла қарасты көпшілік.

– Мақұл, қазіргі өзіме ең белгілі, ең жаңа «қарымжысын» айттып берейін! – дедім де, Қасым Аманжоловтың «Дариға сол қыз» атты жаңа романысын айта жөнелдім:

«Өнімде ме еді, тұсімде ме еді,

Көріп ем ғой бір армандағы қызды.

Бір нәзік сәулө күлімдеп еді,

Сұрапыл соғыс соқты да бұзды!

Тербелді теңіз, шайқалды шың-күз,

Қайда екен, қайда, дариға сол қыз? – деп басталушы еді.

Жүректің ең терен түкпірінен тербеліп, шықына өксіп басталатын алғашқы екі тармағы көмейімнен шыға бере өзім де тебіреніп, жан пернемді дәл басқандаймын. Өксуім де, өкінішім де, сол арманды аңсауым да ағытыла-ақтарыла жөнелді. Тек көзімнен жас шығармауға, үнімнен жарықшак шығармауға тас бекініп, тас түйіліп алышп, келістіріп әндettім. Қол жаулығымен көзін басып отырып қалған Күләннің екі иығы ән аяқтағанша қалтырады. Ал, басқа көздер әйнектей жарқырап, қыбырсыз телміре қалыпты.

Үрімжі көркемнепаздарын бұрын естіп көрмеген поэзия перштесі құлактарынан кіріп, киелі қанатымен жүректерін орап ала жөнелгендей. Ақияның көзі тіпті мөлтілдеп кетіпти. Өлеңнің авторын Күлән мен Асылқан жарыса сұрады да қайтадан айтқызды.

Бірнешеуі жазып та алды. «Дариға сол қызды» айту арқылы Нұрияшты жоқтап отырғанымды айқын түсінген Құлән, сол Нұрияшыңың төлеуі мынау, қамықпа дегендей Ақияны нұсқап екі рет ымдады...

Отырыстың соны биге ұласты. Құләннің өзімен де, ұсынған кандидатымен де әлденеше рет биге түстім. Ненің кереметі екендігін тергеушімнің өзі білмесе, мен қайдан түсінейін, Нұрияштың төлеуіне татитындай сол асқақ әнші, сұлу Ақиядан тайқап, биге, «әлдекімдерден қалған» Құләнді тарта беріппін.

— Менде не тұр, анаумен сырлассасы! — деп құшагыма құбірлей ілінген Құлән, жүзімे әдейі самарқау қарап, солғын билейді. Іс ырғағы жеделдегендे қомақты омырауына “асқазаным” тиіп те кетеді кейде. Ол шақта екеуміз де қызара қарасып алыш, жүзімізді екі жаққа бұра билейміз. Оның неліктен қызараташының өзі білер. Ал, мен ғой, сол қылмысты қазаным тиіп кеткенде күйіп кеткендей шым ете түсуінен қызарамын. Бұл құбылысқа да таныркайсын. Мұндай омырау бұрын тиіп көрмеп пе еді маған. Әлияның омырауы да баршылық еді ғой? Жұз, шырай, айшық, әшекей жағынан ол тіпті артық та емес пе еді? Бірақ, оның қылмыстары мені жирендергендігінен «тонғанмын» дейін. Ал, Ақияшта не мін бар?...

Құлән екеуміз бұдан соңғы отырыстарда да оқыстап соқтығыса қалып, қыншылыққа ұшырай бердік. Ақыры асқазандарды жолатпай, алысырактан сейлесіп, сирегірек кездесетін болдық. Мақпалдан жауап хат келмеді. Кемелді Ақиясын күн сайын көріп жүрсем де көнілім түспеді. Сөйтіп, Нұрияштардан қалған соңғы дүниеде Құләннан басқа қыз жок сияқты сезіле берді. Бір күні Таңертек кеше қызыл-жасыл, алау-жалау бола кетті тағы да.

«Оспан қарақшыға өлім жазасы берілсін!» деп жазылған пла-каттар мекеме ауласының ішкі қабыргаларына да қаптай жапсырылыпты. Жұрт өз еріктерімен ағылып, қызыл майданға кетіп барады. Таңертенгілік тамақты ішे сала мен де ұмтылып едім. Құлән көшеден кезіге кетті де, Ақияны күтіп тұрғанын айтып тоқтатты.

— Естідің бе, бүгін Закария да атылатын сияқты! — деді сонаң соң. — Кеше үйіне апарып қоштастырып шығарыпты. Қазір ондай өлім жазасына бұйрылғандардың не тамақ жегісі келетіндігін үш күн бұрын сұрап, тілегенінше тамақтандыратыны бар. Закария өз үйінде отырып ет астырып жеуді өтініпті. Оны сот қызметкерлері үйіне хабарлап, дайындағып қойған екен. Зәкішің бір табақ етті асықпай, терлей отырып жепті де, жаңа тұған жалғыз қызының бетін сүйіп қана шығыпты! — деп күрсінген Құләннің көзіне жас

іркіле қалды. Мен де күрсініп жіберіппін. Жайшылықси қарап сұрадым:

– Қимайсың ба?

– Ол өз қылмысы үшін емес, Оспанның өтінуі бойынша өзі билетін шындығын айтудан ғана кетті ғой... өкінішті-ақ!...

– Екеуінізді көп күттіріп қойыптын-ау! – деп жеткен Ақияға қарап, Құләнға дайында тұрған Закария өлімі туралы сөзімді тоқтата салдым. «Екеуінізді» деп қосақтап, дағдай атағанына Құлән бажырая қарап жымиды.

– «Әпекелі-бауырлы» екеуінізді десеңші!

– Біған ағай келгелі ұялшақ та, секемшіл де болып барасызын-ау, ал, кешір, мұнан соң солай шұбырмалы атаумен-ақ атайын! – деп Ақия сынғырлай құлгенде, мен тіпті сақылдан құліп жіберіппін.

– Міне, енді “екеуің” деп мен атасам болады. Қатар шыққан құлқілерің қандай жарасымды! – деп Құлән жүре сөйледі. Ортада екеуін қолтықтай аяндал едім. Құләннің қолтығына барған қолым тағы да ду ете түсті. Құләннің қолтығы тіпті «былж» ете түскендей, серпіле шығып, Ақияның ар жағына өтіп ала қойды. – Айтпактайын менің Бердіқұлым да атылатынын естідім, бүгін мені құлдірмендер! – деп Құлән құлгенде, Ақия менің жузіме байқай қарап жымиды. Мен кейігенси қарадым Құләнға.

– Күйеуі қазір атылатын келіншек осылай құле ме еken!

Үшеуміз қосыла сақылдадық. Құлән құлкісін тез жиып, күрсіне сөйледі.

– Өзіме атқызыса соны!

– Қай жерінен атар едің?

– Қиналып өлер жерін өзім білем ғой!

Құлән екеумізге кезек қарап құле берді Ақия. Ішегі түйілгеннише құлді. Іштей ғашық екі достың мұндай құлқілі сөздерін комедия сахнасынан да естімеген сияқты.

Біз жеткенде сот майданы адамға лық толы. Үкім жарияланып болған еken. Атуға дайындаған он неше кері төңкерісшіні дауалға қаратып, катар тізіп қойыпты. Үшеуміз колдасып, қыспактан бірімізді-біріміз суырып тарта барып, атылуышлар көрінетін жерге жеттік. Жиырма шақты құралды сақшы мылтық шақпактарын қайыра кезегенде артымыздағы халық арасынан иман оқыған құнқілдер естілді.

– Кері төңкерісшілер өліміне иман айтуға болмайды! – деді бір белсенді зейіл дауыспен. – Тек осыларға тілеулес кері төңкерісші ғана окуға тиіс!

Көп адаммен бірге күнгірлеп тұрған бір үйғыр қарт, бір атап түсіп, бәсек дауыспен оған жауап айтты.

— Балам, біз бәріне емес, біріне ғана оқып тұрмыз, мұсылманбызы гой, бейшара Закарияға! Пақат соған ғана оқимыз! Ол, Оспан қарақшыға расын айтудан басқа істерінен атылуға тиісті емес адам еді. Ал, расын сөйлеу – иман!

— Егер нақақ екендігін толық білсеңіздер бұрынырақ неге арзы жазбадыңыздар?

— Оның да атылуға бұйырылғанын енді естіп тұрмыз, балам!

Бұл сөзді сыртынан естіп тұрған тапалдау қызылкүрең жігіт сөйлей жөнелді.

— Закария түгіл, «Оспан қарақшы» аталып тұрған кісініздің өзі де нақақ жазаланып тұр. Ол, нағыз халық батыры еді, амал қанша! 47-ші жылы шарқи Түркістан басшыларының оның еңбегі жөнінен шығарған аса тар ұлтшыл қортындысы нерв жүйесін закымдап кетпеген болса!...

Үкім орындаушы мылтықтар дәл осы мезетте гүрс-гүрс етіп, едел-жедел үш рет атылып үлгерді. Ырғала толқып барып бұратыла-бұратыла құлады жазаланушылар. Түгел жусап түсті.

Қызыл майданға жиылған он мындаған адам солармен бірге жан үзгендей түйіліп тына қалғанда, мен әлгі бір тың пікір айтқан жігітке ұмтыла бердім. 1947 жылы Шығыс Түркістан атындағы үш аймақ үкіметінің бастығы Ахметжан Қасым мен Сайфиддиндер Алтайға барғанда, Оспан батырмен не сөйлескенін толықтап сұрап көргім келді. Оспаниң тәңкеріс жолынан айнып, кері бұрыльыс жасаған кезеңі дәл сол сөйлесу екендігін мөлшерлейтінмін. Жер тар болғандықтан тұрасынан қойдым сұрауды. Істық пен сұықты көп көргендігі қоңырқай тартқан қызылкүрең, қалың жүзінен білініп тұратын жалпақ, төртпақ жігіт маған үңіле қарап жөнімді сұрап алып, қысқа сөйледі, сырын ірікпеді. Ұққаным мынау: Шың Шысай – гоминдаң үкіметтеріне қарсы 8-9 жыл бойына аса жапалы, қанды-қырғынды соғыс жүргізіп, аяулы бала-шағасын, алтын басын, талай боздактарын, қанша мындаған қарапайым туыскандарын тәңкеріс жолында құрбандыққа берген батырға халық талабы бойынша «халық қаһарманы» атағы мен алтын орден беруге келген сол үкімет өкілдерінің атақты Алтай тәңкерісін «Іле тәңкерісінің бір тармағы» деп бағалағандығынан бұзылыпты. (Құрышпен құрсанған зор жаумен құр қол он жыл айқасқан Алтай көтерілісі қан кешіп, империялистік басқыншыны қалжаураятқан кезенге дейін Іле аймағы тәтті үйқыда жатқан едіғой!) Анасын өзі

туған кенже ұлынан тудырғандай бұл көргенсіз-ұждансыз өзімшіл бағаға батыр қатты шамданыпты. Үкімет бастықтары әкелген бес бұрышты батырлық орденді Ошаң таяғымен тұртіпті: «Тоғызың жыл соғысқанымда бір бұрышын әрек түсіргенмін бе!» – бұл сөз, Шың Шысадың алты саясатын бейнелейтін алты бұрышты жүлдізымен салыстырғаны. – «мен, қарғы тағатын иттерін емеспін, әкет ары!» дейтіні содан екен.

Соның алдында ғана жас балаларын 20 метр терендіктегі құдыққа тірідей тастан қырған гоминдан җендеті қолға тұскенде жол ортадан қосылған осы басшысымақтардың қорғап, құтқарып жібергені де батырдың кекті жүргегіне мұз болып жатқан екен.

Батырлық орден сыйлауға келген осы тере-қожаларды осы сөзben Ілеge қайтарып жіберісімен Сарсұмбедегі үәли мекемесінен Көктоғайға көшіп барыпты да, көне жауы гоминданмен келісуге беттепті. Өмірлік мақсат-мұратынан осылай безілті.

Қанға малшынып жатқан Оспан батырдың дөңбектей өлі денесіне жақындал келіп, қарап тұрып қалыптын. «Тарихы ерекше биік мұнаралардың біріндегі есіл еңбек, дүниеге некенсаяқ келетін есіл жүрек, мұқалмас наркескенім, сол шарға бойлы, шабан үйлі, кисық көз, тар құрсақ жолбике мансаптылардың қорлауына тағы біраз шыдап тұрсан, батыр атағың жерді жарып, көкті шарпып, ажал жетсе де алтындар жарқырап, мәнгі тірілігіңмен тік тұра берер едің-ау!» деген өкінішпен көзім бұлдырап барып, ірі-ірі тамшыларын ыршытып-ыршытып жіберді. Құлән мен Ақия өшіретпен тарап жатқан халыққа бұл жайымды білдірмей ортаға алып, ашық қабакпен көлтықтай жөнелді.

Кеменгер тергеушім, оқыстап еріксіз тамшылап кеткен көз жасым үшін екі көзім солақай саусактарынызға киілер-ақ! Өз отанын қорғау үшін құрал ұстаған «қарақашы» Оспан мен титімдей өтірік сейлей алмайтын «көрі төңкөрісші» Закария марксизмге «ұлы үлес» болып қосылып отырған ең пәк, ең әділ таразыңызбен нақ өлшенеп жазаланса да «нақақ» деп жылаған көзді солай жоймай болама!.. Қасқыр тақсырлардың жауы – адамның көз қарашығы екендігін өмір әлдекашан дәлелдеп болған гой!

**Үшінші бөлім**

**IV**  
**|||||**

**Убігтайтың**

---

---

## I

Құдіретті тергеушім, өтірік коссам, тас төбемнен ұрыңыз!

Жепанжүннің<sup>22</sup> «мұләйімдігіне» қарап, «кері төңкерісшілерді жаңыштау дегенді осы момындарым білмей қалар ма екен!» деп те қам жеген кезім болып еді. Бұған жауап іле-шала бірнеше қанды қол помещикті қылжитқан мылтық дауысымен естілді. Ал, «нақтылы кері төңкерісші» деп, Шәүешектен Тұрсын мен Шәкен мұғалімдерді атқанда, «мыналар қалай сығалайды, ойбай!» деп қалған жайым да болды. Гоминдаңша атқаны ма!» деп шошынғаным еді.

Бұл мәселеңегі пікірімді көп адамның қолын қойғызып, орталықта да жолдағанмын ғой. Мұнымызға арнаулы жауап келмесе де, көп адамға сауап келгені байқалды. Мұнан соңғы атылғандардан “нақақын” деп шырылдаған ешкім болмады. Әділет таразысына тұра өлшепеніп, тұра жазаланып жатқандай сезілді. Жанымхан, Рахымжан Сабырқажы, Нәбижандар атылғанда, соларды атқызыған үкімге халық жағынан алғыс жауды. Сонау 45-ші жылдың жазғытұрмында гоминданнан қашқан біздің топты Боғдада ұстаратқан Қабдолланы да өзі тенденсі гоминдаң шпиондарымен қосып атты. Ал, Шың Шысай қырғыннан бергі ең қандықол жендет Лийиңшиді Күлидегі қалың шиырдан тауып әкеліп, атып беруі, Шынжаңдағы жерлік халықтың көңілін алды.

“Жұнго төңкерісінің он мың шақырымдық сапарының бір қадамын ғана бастық» деді Маужуши. «Қазіргі жеңіске қанағаттанып қалмаңдар» деген сөзі еді. Мектептердің көбінесе саяси идеологиялық қызметтіне көмектесетін инспекторлық міндетімді құлышына атқарып жүрдім. Бұл негізгі жақтан жиын мен үйрену группалары арқылы жүргізілетін қызмет болды. «Жер майын азайтып, жуан жұдышықтарға қарсы тұрудың» қолданба материалдары да осымен бірге үйреніліп жатыр еді...

Сол 51-ші жылдың күзінде осы ұранмен көше тағы да алау жалау бола кетті. Бұл жолы жұз толғанып, мың бүктетіліп, қағаз

---

<sup>22</sup> Жепанжүн – азаттық армия (компартия армиясы).

айдар да шықты көшеге. Тісін ақситып, аузын арандай ашып, тағы да кері төңкерісші ізdegендей, әр терезеге бір қарап, жер иіскелеп, аспан қапқандай құтырган бейнемен жұтына шыкты. Сонында тозандай қаптаған қаранөпір, түгелімен биши. Көпшілігі танқы құйрық, тарбалақ әйелдер. «Тышши...тан-таң... тышши...ш... тан-таң» дегендей соғылатын барабан ырағына сол жасанды айдаһарша толғанып, ши аяқ тәйтәйларша қойқаңdap билеп шұбырды. Әлия бір жыл ішінде-ақ он мың еселеп өрбіп, өре жөнелгендей.

Толғанған айдаһардың жонында да, толқыған әйелдердің құйрығына да қарамай, толқынды ұранға бар даусыммен үн қоса ілестім. «Жер майын азайту» ғана емес, бүтіндегі қалдыру. «Жуан жұдырықтарға қарсы тұру» ғана емес, жою ұраны бар еді жүрегімде. Социализмге өтудің аралық дәуірінде бұл ұранға қалай қосылмайын, бар қайратымды жұдырығыма жия көтеріп, ұрандарап жүрдім. «Бір қадамы ғана кеміген он мың шақырымдық жолда» әйтеүір мына айдаһарша жалмап-жайқамай, жаңсақтатпай, «төңкеріс жолы бұралан» деп бұрмаламай, жырмаламай, ұлы мұратқа нақ өлшем, нық қадаммен жетсек! – Осы болды барлық талап-тілегім.

«Жер арендасын азайтып, жуан жұдырықтарға қарсы тұру» науқаны, біз қала көшелерінде ұрандарап жүргенімізде ауыл-қыстактарда орындалып болған екен. Қыс басталысымен «жер егушілердікі» дейтін, «жер реформасының» ұраны кетерілді. «Помещиктерге қарсы тұрып, бай егіншілерді жетім қалдыру, орта егіншілермен ынтымақтасып, кедей-жалданба егіншілерге сүйену» әдісімен жүргізіледі екен. Қағаз айдаһар мен танқы құйрықтардың сонына тізіліп, әрине мұны да ұрандастым. Мектеп оқытушылары мен мекеме қызметкерлерінің үйрену уақыттарында бұл науқаның екпіндісіндегі, ұзак-ұзағынан сөйлеп, күя түсіндіріп, қыза мұрындықтап жүрдім. Іс жүзінде қалай орындалып жатқандығын көрмесем де, осылай істелетіндігіне сенімім толық. Қоғамдық іс қарбалас-асығыс болса да, мектептердегі оқу қызметі тыңғылыкты, тиянақты. Сондықтан Мақпалдан басқа жөнінен көзілім тыныш еді.

Қар кетіп, жер қарайған бір күні кешті жатағымда қызықты кітап оқып, ұзак отырып қалыптын. Таң бозарғанын сағаттың саусағы өртті түрткенинен біліп, төсегіме киімшең құлай кеттім. Қатты ұйықтаптын. Түсімде дене-тәрбие майданында сияқтымын. Маңайымдағы жігіттер аспанның тұнық зенгір күмбезіне қызыға

қарап, бешпеттерін шеше бастағанда қантардың құрғақ зәрлі қары қапалактай жөнелді. «Япырай мынадай ашық аспанин қар жауа ма екен!», «мұнысы несі, қыстың қайта түскені ме?» дескен жігіттер киімін қайта киіп, бүрісе баставы. Ал, маған ыстық та, сұық та сезілменедей. Бірақ, майданда бұрқасын жүріп, үскіре бастағаны анық көрініп тұрғандай. Аспанның жаймашуақ ашық шағында борай жауған қармен бірге күн құркіреп, наизағай жарқылдан таңдандырыды енді. Асылқан сияқты біреу «мына құдай алжыған ба?» деп қалып еді. Тағы біреу санғырлай қостады. «Қылышы заман болады, қарагай басын шортан шалады» деп Асан Қайғының айтқаны келген фой!»

«Кім, кім?... Кім сейледі?» деп сыртмыздан Сәрсен дүрсө қоя бергенде, қолымды мен сермей сөйледім.

«Болды, аптықпай-ак қой, күн ашықта қар жауып, қар жауғанда наизағай жарқылдаса, оған таңданбай бұл сөзге таңданатын не тұр!... Жүр жігіттер, анау сахнаға паналай тұралық!»

Осы сөзбен майдан сахнасына беттеген сияқты едік. Қарсы алдымыздан биік мұнара пайда бола қалды. Оған аса зор бір таразы орнатылғандай. Бір басы көтеріліп, бійкке шығып кеткен екен. Екінші басына қарай жүгірдім. Оның табағына қабан, жолбарыс, аю, қабылан, кекжал бөрі сияқты ыңғай жыртқыш аңдар қамалған сияқты көрініп еді. Дәл қасына барып қарағанымда айғыр, бұқа, теке, қошқар, төбет ит сияқты ыңғай үй жануарларына айналғанда кетті. Маңайында тұрған көпшілік шұылдасып, дауласып тұр екен.

«Үй, анау айғыр емес, ат қой, қарамаймысың бұтына!»

«Ей, аттықі соншалық болушы ма еді!»

«Ей, ей жолдас, анау бұқа емес, өгіз! Қарасаңшы умасына!»

«Үй, соқыр, ол талыс көзіңе әлі толмай тұр ма!» деседі.

Қарқылдаған көпшілік күлкісі мұнара басынан аюша ақырған бір дауыстың аңызығынан шорт тыылды осы шакта. Шалқая қарадым. Қос жұдырығын түйе ақырған сида ғана ақ сүр қытай екен. Екі езуінен екі ұры тісі өсіп, ернін түре ақсиып алыпты. «Мынау, киын шаңбашы, фокус көрсеткелі тұр, шегініңдер!» деп қалды біреу. Мұнара басындағы шаңбашы оң жұдырығын жүргегіне тірер ышқынып, сол жақ жұдырығын бійкке көтере берді. Зорая берді сол жұдырық. Оң жұдырығы көкірегіне батқан сайын ышқынып, ышқынған сайын сол жұдырығы өсіп, бір керемет алыптың күрзісіне айналғандай. Тастан кеп жіберсе, осы майданды ғана емес, бүкіл қаланы Богда тауымен соққандай, жаншып жіберетіндегі көрінді. Шаңбашы сол зор жұдырықтың сұқ саусағын ғана шығарып,

екінші рет бажылдай акырды да, таразының көтеріліп тұрған бос табағын түйіп кеп қалды сол сұқ саусағымен. Сақ еткізді жерге. Таразының хайуандар тиелген басы аспанға фонтандай атылып еді. Бұқа сиyrша мәңіреп, айғыр байталша кісінеп, төбет қанышықша қанқылдап, тозандай шашылды. Жұртшылық қарқылдап құлген екен деймін. Менің көзім аспандағы бұқадан айрылмады. Анық көріп тұрған сияқтымын, басы Омарбек мыңбектің басына ұқсанап, сақалынан танылып еді. Терісі таңынан айрылып, сызырыла барып, соның мол қара шапанына ұқсанап кетті. Етегінен әйелдің қос етекті ақ көйлегі желбіреп шыға берді осы сәтте. Көзімे өте ыстық көрінген қос етепкен бірге шалқып, қап-қара қос бұрым да шығып еді. Иле-шала бұп-бүтін Макпалымның өзі шыға келді де, қара шапанды аяғымен серпіп тастап, желге қарсы ұша жөнелді. Ертегілердегі пері қызындай сымбатымен айқындала желбіреді Макпалдың ақ көйлегі. Енді бір сәтте маған жалт қарап, құшағын жая құйылды аспаннан. «Биған!» дегені гүлдей ернінен білініп, аққудың үніндей бір эсем саз естілді. Шанақты тұнық көгілдір көзі күлімдей төніп, жасаурай жайнады. Өзімді ғана емес бүкіл майданды балқытатындай шыраймен көрінді. «Нұрияш!» деп айқайлаған өз дауысынан оянып кеттім. Қатты өкіндім оянғаным. Енді бірер секунд қана сабыр етсем айқасар еді ғой құшағымыз!...

Жасы парлай жөнелген көзімді қайта жұмдым. Дересу ұйықтай қоюға, сол түстің жалғасын көруге қаншалық тырыссам да кірпігім айқасар емес. Бұрқ-сарқ қайнаған бастауымнан жылт-жылт жылжи берді жылды су. «Макпал қайда енді маған! Екі жарым жыл! Сауырдан әлдекімнің әкеткеніне де міне он төрт айдан асты. Шынымен құтқарушы әкеткен болса, неге қайтпайды! Ал, Әлиядан табылған күмәнді хаттың жазылған чисолосына бір жылдан... міне жиырма күн асыпты. Әй сонысы рас хат болды-ау!... Солай болған күнде де менің анықтау үшін жазған хатыма жауап жібермегені қалай?... Басқа біреумен кеткені ғой!... Енді қалай табыла қойсын! Ашық күнде қар жауып, қар жауғанда наизағай шағылғандай алжасқан қисынсыз киялдың мазағы ғана ғой мына тұс тегі көрініс!... Солай болса да жерге түскенін көріп, түсімде болса да бір құшып қалсамыш!...»

Сол түсті қайта бір көргім келгені соншалық, түскі демалыста да, кешіте де кроватқа асыға жетіп құлап жүрдім. Тіпті үйқышыл болып алдым. Бірақ, қайта көрінбеді Макпалым!... Жазда демалысқа шығып, Алтайдан тағы бір ізден қайтуға бекіндім.

Сол қисынсыз қызықты түсті көргеннің екінші күні бір мерекелі

күн болды. «Тишиш... таң-таңға»<sup>23</sup> көше тағы да күйлей жөнелді. Жалмандаған қағаз айдаһарымыз сол бұрынғы қалпында. Ал, таңқы күйрық, тарбалақтарымыздың бір сипырасы ескілі-жаналы формалы жерлік маскарадтық бояулар арқылы феодалдар мен капиталистерді бейнелеген болып шығыпты. Ұзын шапан, сәлделі сақалды «масқараның» соңында да, ұзын көйлек, ак жаулыкты «масқараның» соңында да, қатырмалы костюм, қырлы сым, галстукты «масқараның» соңында да, кофта-юбкалы, бұйра шашшляпалы «масқараның» соңында да қып-қызыл, сұлу, бірынғай таңқы күйрыктар жүрді. Жай да емес, қара ала жаулардың желкесінен мылтық наизасымен түрткілеп айдал жүрді. Қоріністе феодализм мен капитализм үстінен жүргізілген пролетариат диктатурасы еді бұл. Ал, мән жағынан жерлік шағын санды ұлттар үстінен жүргізілген қытай диктатурасы болып та бейнеленді.

Ертеңінде қызыл майданда зор жиын барын естіп, ерте тұрдық. Бұл жиыннан ешкім қалмасын деген бұйрық бойынша жұмысшы-қызметшілеріміз түгел жинальп, ұлken ту, керме туларымыз даярланып болғанша күн сәскеге көтерілді. Қызыл майданға кешігінкіреп жетіпіз. Үрімжідегі барлық мекемемектептер, завод-фабрика жұмысшылары, саяси және әлеуметтік ұйымдар, серіктіктер, жаңадан құрылған сауда, қол өнер корпорациялары түгел жинальп, майданды кептеп алышты. Күні бұрын белгіленіп, жалау қадалған орнымызға әрең кіріп, әрең сыйыстық. Бір бүйірімізден партия мектебі, бір бүйірімізден жұмысшылар ұйымы қысып, шынтақтасып қалған дауыстар да естіле берді. Өзіміз сыйыспай сүзісп-қағысып тұрғанымызда майдан тәртібін сақтаушы сақшылардың келіп қожаңдауы тіпті қатты тиді. Шекарамызды бөліп тұруды, «басқа орынның адамымен» сөйлеспеніді бұйыра берді.

— Е, мына қысылшанда сөйлесіп, құда туседі ғой деп тұрмысың! — деп өзінің зейіл дауысина ұқсатып мен зекіп едім, үш орынның үйғыр, қазағы түгел күліп, ду көтерді. Менін күлкімен қалжындағаным қараған қытай сақшысының өзі де амалсыз күле келіп сұрады.

— Не дедіңіз?

Әлгі сөзді сол дауысыммен қытайша қайталап айтқанымда тағы құлді көпшілік.

— Мен бұйрық орындаушымын, кешірініздер! — деп баяулай түсіндірді әлгі сақшы. — Бұл жиынның тәртібі осылай. Әрбір

<sup>23</sup> Барабан. Ыргағына қарай осылай атайдын.

орын өзара болмаса, басқа орындағылармен сөйлесуге, араласуға рұқсат жоқ. Аз да болса аралық шекара сактап тұрыңыздар! – дей салып жүріп кетті. Бұл жиынның кері төңкерісшілерді жаныштау науқанының бастаушы жиыны екендігін осыдан байқады.

Сахнадағы микрофонда сөйлеген Бұрһан Шаһиди жаныштаудың бұл мазмұнын жай ғана раймен түсіндіріп келіп, сөзге Уаңжын секретарь шығатындығын, жақсы тыңдауды тапсырғанда ғана сәл көтеріліп тоқтап еді. Әр ауыз сөзі бір айқаймен созылып шығатын Уаң секретардың дауысы тым сотқар, өктем екен. Құлағымызыға жұдьрығын сұққандай, иә, миымызды ынғуырлағандай, кейде тіпті аса зор жыртқыш желкемізден басып, басымызды мұжып жатқандай тыжырынып, тұқырып қалыппыз. «Шындаласам, бір тарының қауызына тығып жіберемін, сендерді менің қолымнан ешкім айыра алмайды, қане ерек болсандар маған бір қарап көріндерші!» дегендеген аса асқақтап ақырады. Себепсіз, жазықсыз мына төмөнделген жұртшылықты түгелімен жаныштауға бұйырып тұргандай позициясын айқын көргендеймін осы даусынан. «Біз аңсаған компартия секретары осы болғаны ма?» – деп зерделедім ішімнен. – «Жоқ, шексіз диктатураның эскери экімі ғана ғой мынау!...» – Дөрбілжіннен партия мүшелігіне еткізген жолдау қағазды орауымен төс қалтамнан суырып алғанымды сезбей қалыппын. «Бірақ, бұл жексұрын дауыстың да дәл қазіргі аузына алып, азулап тұрган жаулары түгелімен менің де жауым ғой, барлық сөзі кері төңкерісшілерді жаныштау болып тұрганда қалай құстаналарсың!» – деген ой келгенде жолдаманы жұмарлай қыскан қолым босай қалды. Оны қайтадан төс қалтама сұға салды.

Асая секретарымыз ат жақты, ұзын-ұзын орсақ тісті, солай да бойшаң ғана сида, аксұры, келбеттілеу кісі екен. Ақырып тұрган – доңыз айбатпен сөйлей берді. – «Аспанда тор, жерде қақпан, халық жауларының ешқайсысы бізден қашып құтыла алмақ емес! Мен генерал полковник Уаңжын соны да ескертіп қояйын, ешқандай жау бізден қылмысын жасырып құтыла алмайды! Сондықтан, мәселені жасырып өтіп кету дәмесінен аулақ болындар!... Кейбіреу, «бас қылмысты кері төңкерісшілер жойылды. Енді жанышталуға тиісті пәлендейі қалмады» дейді. Мұның өзі де кері төңкерісшілер таратқан сөз! Мен Уаң секретарь тағы да айтып қояйын, Шынжаң өте асая болып келген район. Мұнда халық жаулары әлі көп, тіпті көп! Әсіресе кері төңкерістік мәселе көп өтілген район!... Кері төңкерісшілердің шығар жолы біреу ғана. Әрқандай мәселені кіші демей, үлкен

демей, өздіктерінен тапсырып, кешірім алу ғана!... Жұнго ком-партиясына әркім өздігінен тізе бұгуі, мәселелерін тапсыруы керек пе, керек емес пе, соны ғана ойландар! Егер тізе бұгу, тапсыру керек емес болса, өлім ғана керек болғаны!...»

Уаң секретардың бұл жолғы сөзі аңы дауысына қарағанда халықты ынғай сыйап-тілдеп тұрғандай естіліп, іс жүзінде жауды ғана рақымсыз жазалауды бұйырып жатты. Майданға симай сығылысып тұрған жұртшылық осы сөзден-ақ жанышылып, бір-біріне жабысып қалғандай, майдан кеніп, әрбір орынның шекарасына аланқы, ашық жолдар пайда болды.

Көзім Уаң секретарда, құлағым соның аспандагы өктем дауысында еді. Қызметтес бір ұйғыр жігіт арт жақтан келіп женімнен тартты. «Арт жақта біреу шақырып тұр» деп ымдаған жағына қарай жылыса бердім. Өз қызметтестерімнің арасынан әрең өтсем, «арт жақта» деп тағы ишарап алайды біреуі. Енді жылжысам «шекарадан» өтіп кететін сияқтымын. Нұқсанған жақтағы әркімге бір қарап тұрып қалып едім. Ынғай көк бешпет-сымды партия мектеп оқушыларының соңғы тізбегінен бір ұзын бойлы, сом денелі ұйғыр әйел қол бұлғап шақырды да, өзі де жылжыды маған қарай. Сығылып тұрған жұртты кимелей жетіп, қолымнан тартып қыспактан шығарды.

– Есіміңіз кім? – деп сұрады менен.

– Бигабіл!

– Бізniңің бір сабакдаш қызының акасы<sup>24</sup> екенсіз, «сізін ау шеттен күтемін!» – деп шығып кетті – Тез барың!

– Қайдан келіпті, кім ол?

– Алтайлық,

– Мақпал! – деді бір қазақ қызы, кідіріп қалған ұйғыр әйелдің арт жағынан кимелей жетті.

– Ah, Мақпал? – деп бадырая қарап тұрып қалыппын.

– Ие, Мақпал. Сіздер осы жерден өткенде таныпты, жылай берген соң...

– Қалай кетті? – деп сұрай сала, нұқсаған жағындағы «қамалды» бұза-жара жөнелдім.

Майданның оңтүстік жақ сыртындағы дәретханага алқына жетіп, алак-жұлак, тапыр-тұптыр жүгіріп, үш рет айланып та үлгеріппін. Қөрінбеп еді.

– Биган! – деп дабыстады сағынышты үн. Ар жағындағы тар көшеден естілді. Өзінше, маған зәрулі-зәрусіздігін, менің

<sup>24</sup> Ака (ұйғырша) – аға.

сағынышымның қашалық дәрежеде екендігін байқағысы келіп баспалап, қарап тұрған сияқты. Жүргімнің лапылын, аяғымның лыптылынан біле қойғандай бір қалтарыстан шыға жүгірді. Мен де ыршыдым. Ток омырауы мен қыпша белінен көк шиянғу бешпетсым да жарасым тапқандай, аппак ажарын аша түскен екен. Желкесіне түскен көк шапкасын қолына ала ұмтылғанда туолі кос бұрымы тарқатылып, алқымын орай үйтқыды. Айнадай тұнған аялы көзінен меруерт-моншақ төгіп, құшағын аша жетті. Ышқына өксіп, асыла кетті мойныма.

– Биған!... Биғашым!...

– Сәулешім, Нұрияшым! – деп құшып, өн бойын сылай беріппін. Сүйе беріппін. Бетін далдалап, сырт айланы сыйырлады Мақпал.

– Ел қарап тұр екен, кейін, жаным, кейін! – деп құшағын жазды да, бір қолымды қос қолдап ұстап, жен ішінен сипалай берді. Үнсіз-тілсіз төніп, іштен тынып қараса бердік бір-бірімізге. Толық маңдайы мен тұп-тузу қырлышына, бетіне түскен сызат, таяз тыртықтар байқалды көзіме.

– Шынымен Мақпальымның өзімісің, иә, түсімде көріп тұрмын ба?

– Өнімде көргеніме өзім де сене алмай тұрмын! – дегенде қос жанараптағы қос көлшік тағы да ағытыла кетті. Дірілдей шықты үні. – Үрімжіге қашан келдің?

– Былтыр майда. Ал өзің ші?

– Мен былтыр сентябрде келтемін... Бірнеше хат жазып... бір жауап ала алмағаным... менен сүннып, ұмытқан шығар деп жүр едім... Жаңағы жасырынып тұрған себебім де сол. Іздейтін-іздемейтіндігінді байқағым келді.

– Сенен сүйнбақпын ба!... Хат түгіл адресінді де таба алмай, зар болдым!

Бір-бірімізге төне қарасып тұрып, тағы да жабыса қалғанымызды тағы да байқамай қалыптыз.

– Нимін ганса? – деді арт жағымыздан бір зейіл үн. Жалт қарап, құшағымызды жия қойдық. Майдан тәртібін сақтаушы сақшылар екен. Мақпал ұялғанынан наорт жанып, тұқыра қойыпты.

– Кешіріңіздер! – дедім мен қытай тілінде. – Біз көріспегенімізге көп уақыт өткен жұбайлар едік. Жаңа табысып тұрмыз!

– Жұбай?... Некеленіп пе едіңдер?... Сы бұсы?<sup>25</sup> – деп Мақпалдан сүрады біреуі.

– Сы! – деді Мақпал тұқырған күйі. Тіпті қызара түсті.

<sup>25</sup> Сы, бұсы? (қытайша) – рас па? (айтылуы – рас па, рас емес пе?)

Бұл шырайынан күмәнданған сақшылар, арамызға кіре түсіп, тақауырлай сұрады Мақпалдан:

– Қашан некеленгөн?

Мақпал енді өздерін жазғырған шыраймен тура қарап, таңданысты құлкімен сыйқ-сыйқ құле қайырды жауабын.

– Үш жылдан асты!... Оны сұрап қайтесіз!

– Әйя, сіздер тұрмыс құрмаған қыз-жігітсіздер! Неке қағаздарың қане?

– Шәуешекте қалған. Жұғіріп барып әкеле қояйын ба? – деп жынысп едім. Мақпалдың сынғырлай күтуінен бе, менің сөзімнен бе, екі сақшы мойығандай, бірак, сол мойығандарына намыстанып, мойындағысы келгендей, танаулары құсырыла қарады маған.

– Қалжынды қой! – деп бірі тыжырынды да,

– Біздің бұл сұрауымыз қателік пе? – деп біреуі тікірдейді.

– Сұрауларыңыз қате емес, «әйелдерге қалжындаимызы» деп ұрандал жүргендеріңізде, мынадай зор қылмыстың үстінен түстініздер фой! Енді неке қағазымызды әкелмей құтылмаспзы!

– Мына жігіт рас еріңіз бе? – деп Мақпалдан қайталай сұрады бірі.

– Рас емегенде...! – дегенінде Макпалдың жузі тағы қызара қалды. Сақшы тағы күмәндана қарады да, аты-жөні мен мектебін, оқып жатқан класын сұрап жазып алды. Менің де аты-жөнім мен адресімді жазып тұрып, «аяй!» деді тыжырынып алып, «тәлім-тәрбие» беруге кірісті.

– Оку-агарту қызметкері мен партия мектебінің окушысы күп-күндіз, халықтың көзінше сүйісе ме, басқалардың идеясын бұзып, халыққа жаман әсер туғызбай ма!

– Дұрыс, дұрыс! – деп шұлғып-шұлғып жібердім мен. Наси-хатын қысқартып, тез жөнелткім келді. – Енді идеямызды бұзбай сөйлеселік! Жүре берініздер!

– Тағы сөйлеспекіндер ме! Уаң секретардың сөзін тыңдамайсындар ма!... Төңкеріс керек пе, керек емес пе!... Қайтындар орындарыңа!

– Макұл, қайта тұрайықшы! – деді Мақпал, маған күлімдей қарап қолымнан тарта жөнелді. – Енді барамыз фой, жиын аяқталған соң-ак жолығармыз!... Әйттеуір, қаншалық қылыштылық көрсем де күте алдым сени!

Енді айрылмасқа ант етіскендей қолымызды мықтап қыса ұстасып бір-бірімізге жаутактай қарасып барып кірдік көпшілік арасына.

Қуаныш екпінімен көпшілікті қаға-соға жол ашып, Макпалды орнына жеткіздім де, көмектескен ұғырып әйел мен қыздың қолдарын қатты-катты қысып, алғыс айтып қайттым. Уаң секретардың сезі біткен екен. Басқа біреуі жәбірлемей-жерлемей, жуас қана сөйлеп түр. Барлық сала, барлық орындардың «тарих тапсыру (бокша тастау)» науқанының басталғанын жариялады. Бұл науқанда қылмыс атаулы құртылатындығы, түймедей кемшіліктің де жасырынып қала алмайтындығы бірнеше рет қайталанды. «Либрализмге от ашылады», «мен айтпайын, сен де айтпа» дегендей, қылмыстарын бірлесіп жасыратын, тіл біріктірептін адамдар аяусыз жазаланады», «көкке ұшса аяғынан, жерге кірсе шашынан тартылып шығады», «аспанда тор, жерде қақпан құрулы» деген жаттанды сөйлемдерді шешен нақтап зекіре сөйледі де, тыңдаушылар ұран шакыра, қол шатырлата қарсы алды. «Бүгіннен бастап тарих тапсырып болғанша әр сала, әр кәсіп, әр орындағы жұмысшы-қызметшілердің рұқсатсыз барыс-келіс байланыстары тоқтатылатындығы жарияланып тынды соңында.

«Япырай, әрек табысқанда тағы да бір сыпыра уақыт көрісе алмай қаламыз-ау!» деген құдік, ең зор қатердей тітіркендірді.

Майданда сірепсіп тұрғандар екі шеттен сап бойынша тізіліп кетіп жатты. Тылсымдай тынған жым-жырттық орнай қалыпты. Мен өз сабымның ең соңына барып, Макпалға телмірумен болдым. Ол да көз жазар емес. Құшағымыз жетпесе де көзіміз жетер жерден қозгалғысы келмегендей жаудырады да тұрды. Микрофонда майдан басқарушы жағынан мектебінің аты аталаип, сабактастарының жылжып бара жатқанын сезбей тұрып қалып еді. Бағанағы қазақ қызы құліп жіберіп, қолынан тарта жөнелді. Қол бұлғап қош айта кеткен Макпалдың соңынан әлі де көз алмай қарап тұрғанымда, бізді тергеген сақшының бірі командирінің алдын тоса қалды. Бірдемені қысқаша айта сала қағаз ұсынды. Бағанағы қылмысымызды мектебіне мәлімдеген қағаз екенін түсіндім. «Некеліміз деп берген жауабымыз үшін Макпалым енді мектебінің көргісіне түседі-ау» деген қауіп тықыршытты енді.

«Үш жылдың алдында өз сеніміміз бойынша өздігімізден не-келенген жайымызды сабактастарының алдында қалай сөйлеп, қайтып түсіндіре алмақ! Класс менгерушісіне сақшының шағымы жеткенше өзімінің жетіп мәлімдеп, түсіндіруім қажет кой!»

Бір бастығыма партия мектебіндегі жұмысымның қысынын тауып айтып рұқсат алғанымша недәуір уақыт өтіп еді. Соңғы

тізбектегі Мақпалды мектеп қақпасына кіре бергенінде қуып жетіппін.

– Мақпал! – дегенімде жалт қайрылып, салтан шыкты да тұра қалды. Командирі Мақпалға «кіріп кет» дегенді қолымен бұйыра сала маған беттеді. Бет-аузы ақтаңдақтанып жонылғанша қырылған отыз жастардағы үйғыр жігіт екен.

– Иолдаш, сізniң атыңыз кім? Қай идарадан? – деп сұрады менин.

– Мағарып назаратынан. Атым Бигабіл.

Сақшының қағазын жанқалтасынан сұрып ала үнілді.

– Ы...ы, сіз қайтып тұрыңыз, сейлесуге мұтлак<sup>26</sup> рұқсат берілмейді! Чоң жиында не деді, аңладыңыз ма<sup>27</sup>?

– Аңладым! Мақпалдың сынып журыны<sup>28</sup> кім? Сол кісімен сейлеспекпін!

– Тез қайтып кетіңіз, бұжарекет уақыты!

– Журының аты Сұнжанхуа! – деді Мақпал, оның арт жағынан.

– Мен шақырып келейін!

Жұғіре жөнелген Макпалға шытына қарап бұрылды «құманданы». Қолын артына қайрып, мығымсі жылжыды соңынан. Мақпал айланған бұрылысқа барып токтады. Сол жерде тергемек екен. Мақпал қайта шыққанда алдынан көлденендей сейлеп тоса қалды.

– Сұн журын бөлімінде, – деп маған дауыстады Макпал. – Сізге келсін деді, күтіп отыр, кіре беріңіз!

Босағадағы хабар бөлімінен шығып қарап түрған қытай шалға иек қаға салып кірдім.

– Ахуалымызды мына кісі де сурап түр, дene тәрбие үстазы фой, айтып берейін! – деп жымыди Макпал жақындай бергенімде. – Сіз кіре беріңіз, мына қатардағы 5-ші нөмірде. Ол кісі класымыздың саяси жетекшісі. Мен туралы толық біледі. Ашық сөйлесе беріңіз!

Бесінші нөмірдің есігін қаққанымда, көк бешпет-сым киген келте шашты, қараторы толық денелі әйел есік ашып қарсы алды. Көк шапканы ол да желкеге Макпалаша кондырған екен. Қол беріп, шүлғи амандасты да столының қарсы жағындағы орындықты нұқсан отырығызды. Амандасуына қарағанда қазақша, үйғыршаны араластырып, жатық сейлейтін кісі көрінді. Маған тым жылы күлімсіреп, зерттеген шыраймен қарай берді жүзіме. Кескінімді

<sup>26</sup> Мұтлак (үйғырша) – мүлде.

<sup>27</sup> Аңладыңыз ма (үйғырша) – естідіңіз бе.

<sup>28</sup> Сынып журыны – класс менгерушісі.

іштей құптағандай бас изей салып, атымды сұрады. Арапаспа тілде сұраудан сұрау тудыра отырып, менің баяндамақ мәселеңің барлығын сөйлөтіптынды. Партиялы-партиясыздығымды дасұрады соңында. Былтыр апрельде Дөрбілжінде аудан секретарының өз кепілдігіне ие болып жолдама алып келгенімді естігенде орнынан тұра құттықтап, колымды қысты.

— Мақпал екеуің енді бақытты, төңкерістік семья боласыздар, қандай жақсы, а, бек жақсы!... Білемісің-білмеймісің, Мақпал менің қызыым, һәм менің оқушым! Осы курс түтегеннен кейін тойларыңды өзім басқарып беремін!

— Рахмет! Сіздің күйеу бала болсам, мен тіпті қуанар едім!

— Білемісің-білмеймісің, Мақпалды азаттыққа шығарған менің жезним мен апайым. Алтай жерлік парткомда ішлейді. Макпальды және ұрлап алып кетпек болып жүрген бірнеше аксиятшыны<sup>29</sup> жезним біліпті. Соның үшін өз үйіне апарып, апайыма жарым жыл бақтырған. Апайым ханзуша тіл-жазу үйреткен. Былтыр құзде біздің осы мектеп оқушы қабылдайтын кездे маған таныстырып жіберіп берген. Аэропланмен жіберіпті. Жезнимің таныстыруын Мақпалдың бокшасына қосып қойдым. Бек яқшы.

— Ол кісіге де рахмет айтып хат жазамыз! Қамқорлығын ешқашан ұмытпаймыз! — деп күрсіндім мен.

— Жезним жазған тексеру материалынан бәрін түсіндім. Мақпал бек яқшы қыз. Зорлап апарған жерінде қаншалық жазаланса да, көп таяқ жесе де, әйел болышқа пақат ұнамай қойған! Сен оны ерден шыққан деп ойлама, макұл ма?

— Олай ойламаймын. Ол көп көрнеге зорлықпен кетті ғой. Тіпті бала тапса да маған өзі талап етіп қайтып келсе, өзімдікі деп серт еткенмін!

— Жоқ, ол тіпті де... ешкіміне көнбекен! Оны үш жігіт зорламақ болған, ұнамағанлықы үшін үшеуінен де қатты таяқ жеген!.. А, мен бекер көп сөйлеп қойдым ба! — деп қызара қарқылдана күлген Сұңжурын орнынан ұшып тұрды. — Өздерің қазір осында сөйлесіп алындар! Онан соң тарих тапсыру әрекеті біткенші келме! Сабакдашлары оған пікір айтып, сындала әурелемейтін болсын! Макұл ма?...

Осы сөзбен сыртқа шығып кетіп еді. Лып етіп Макпаль кіріп келді.

— Бес минут қана! — деп сықылықтай кірді де, тағы да асыла түсті мойныма. Құшырлана қысқан құшагымнан үні әрең шығып,

<sup>29</sup> Аксиятшы (үйғырша) – көртартпа.

алқына сөйледі. – Зыдауян<sup>30</sup> бес минутқа ғана... сейлесіп ал деді... менің саған жазған хаттарымның біреуі де тимеген бе?

– Сенің жазу улгімен сенің атында 51-ші жыл 10-шы наурызда жазылған бір хатты Әлия деген сайқалдың кітаптарының арасынан тауып көрдім. Онда: «балалы болдым. Енді оны тастап кете алмаймын, қош бол!» дегендегі сүйк сөз бар екен. Сенікі екендейгіне сенбедім.

– Астағыпрыалла, мен олай болмақ түгіл... қойшы! – деп күліп жіберді де, өкси жөнелді Мақпал. Құшағымда жылай отырып сұрады. – Онан соң қайттің?

– Онан соң... ол ұзақ әнгіме, кейін айтып берермін! Мен сол хатта жазылған адресің бойынша қайталай өтініп бір хат жазғанмын. Тимеді ме?... «Сарсұмбे поштаханасы арқылы Мақпалға!» деп қана жазып едім.

– Бәле, ондай адрестен хат тие ме маған! – деп сықылық қакқан Мақпал, ернімнен, иегімнен, бетімнен, мандайымнан сүйе берді, сейлей берді. – Сен де қиналып, акылдан айрыла жаздалсың-ау, жаңым!... Оның лажызыздықтың далбасасы ғана ғой, Биғаным!... Алдыңғы жылғы Сауырда Гүлсанадан айтып қайтқан сөлемің ғана қалдырыды ғой мені өлімнен!... Сені ойлап тұрып, қамалған үйімнің дінгегін де талай құшактап сүйдім ғой!... Осы ернінді сағынып, есіктің тұтқасын да қанша сүйдім десеңші! Бәрінен күлкілісі котыр-котыр келсаптың басы! –дегенінде қатар күлдік екеуміз.

– Бес минуты бітті ғой әттегене! – деп мен де шөпілдettім.

– Енді... енді... он бес-ақ күн ғой, жаңым!... Шыдаңық!..

– Жап-жақын жерде тұрып... көрісе алмау... тіпті қынан ғой!

– Міне, соғанға дейін жол азығың болсын! – деп Мақпал тілін де тосты аузыма...

Әділетті тергеушім, әйелдерге қалжындармайтын мезгілде партияға «тарих тапсыру» деп аталағын қылмыс тапсыру науқаны басталған күні не істегенімді көрдіңіз бе!... Қылмыстар түгелімен мүсәтірланатынын ести сала қылмыс тауып, қылмыс жалмап, қылмыстан қылмыс туғызып, өршеленіп, дүниедегі барлық қылмысты жекеменшігіме тартып жиып, жыргай қоймадым ба! Із-тозсыз жоғалған менің Мақпалым да ойда жоқта, міне, қылмыс коймаларының бірінен жарқ етіп шыға келді ғой. «Қуырдақтың экесін түйе сойғанда көр» дегендегі, жиянгерлікті менің қылмыс банкімнен ғана іздегейсіздер!

<sup>30</sup> Зыдайян (қытайша) – нұсқаушы, саяси жақтағы лауазым. Бұл да Сұнжурынның өзі.

## II

«Тарих тапсыру» жиындары 50-ші жылдың басынан бастап-ақ әлденеше рет ашылған екен. Онда гоминдаңшылардың мәселелерін анықтауды негіз етіп, өмірбаяндары күрделі-жұмбақты адамдарды ғана шақырыпты. «Тарих тапсыру науқаны» деп аталып, жалпы беттік әрекетке айналып жүргізілуі осы ғана. Бұл жолы қызметшілер мен жұмысшылардың күмәнді-күмәнсізіне қаралмады. Тіпті өткен кезеңдерде тарихын тексеріп, ілінерлік мәселе таба алмай қайтарған адамдарын да қайта жиыпты. Қолға алынып, түрмеге кірсе де ондағы тергеу де мойындармай, қылымыс заң жазасына толмай жатқандарын да әкеліп қосатыны естілді.

Мен Тянь-Шань қонақүйінің екінші қабатындағы сондай бір құрама, күрделі әтіретке шақырылыптын. Бұл әтіретке қатынасқандар кәсіптік, сала жағынан да әрқылы екен. Оқу-ағарту саласынан да, әдебиет-көркеменер саласынан да, редакция-баспахана саласынан да, Шынжаңда бейбітшілік пен демократияны қорғау одағынан да, тіпті заң саласынан да, тағы-тағы барышылық көрінді. Бірақ солардың мәселе тапсыруға ең іріктелген активтері мен пассивтерінің өкілдерінен ғана құралған сияқты.

Әйтеуір мені қөңілдендіргені, ең жақын достарымнан Асылқан мен Күләннің келуі болды. Бұл екеуін мәселе тапсырысы келмейтін тоңмойын ретінде әкелген болса керек. Осы жолы Күләнді күмән біткеннен ада-куде арылтармын деп сендім.

Кешкі тамақтан соң жеңіл ғана төсөнішім мен көрпемді кішкене бөлменің бір бұрышына жайып жатқанымда, туанжаң<sup>31</sup> деп аталаған бір бастық шақыртты мені. Осы қонақ үйде тарих тапсыратын екі-үш әтіреттің бастығы екен. Аты Ню ханбен. Жепаңжұн іспеттес сары киінген қысық көз, сопақ бетті, сірке кара. Жепаңжұннің басқа жауынгерінен Ню ханбенің бір айырықша белгісі ұп-ұзын мұрынан табылды. Аузына жоғарғы ернінен аса жетіп төнген сол мұрын күлкіге де, сөзге де билегендей бұраң қағып, ирелендеп тұрады екен.

Ню туанжаң, шағын белменің төріндегі серіппелі орындығынан женіл турегеліп қарсы алды мені. Атыма «жолдас» деген қымбатты атауын қосып атап, қол алышып, бас изектетіп отырғызды. Шақырылғандар жиырма шақты ғана. Көбі партия мүшелері екен. Жанқалтамдағы жолдамасын елі тапсырмаған, партияға ант беріп өтпеген мені бұл топқа қалай қосып отырғанын түсінбедім. Тек,

<sup>31</sup> Туанжаң (ханзуша) – полк құманданы.

Дөрбілжін аудандық парткомның қызметкерлік бокшамдағы таныстыруы жаксы екендігі байқалды. Сөйлей жөнелді туанжанымыз. Менің зейінім сезіне емес, тұмсығына ауып кеткенін сездей қалыптын. Аузымен бірге сүйреңдеп сейлегендей, ирендең билегендей көрінетін мына мұрын, биши мұрын ғана емес, аса іісшіл мұрын шығар» – деп межеледім. Олай болатыны, біреуге қараганда мұрны қөзінен бұрын бүріліп, үш жағы жыбыр қағады екен. Сезімталдығы мұрнына бітептін іісшіл жануарлардың тұмсығы да осылай жыбырламаушы ма еді!..

«...Партия қатарына өтерде Маужуши мен партия туы алдында қалай ант беретіндігіміз есімізде шығар?» деген сезі құлағымнан тартып қалғандай болды бір шакта. – «Партия қайда қойса мен сонда, шартсыз бой ұсынып, қалтқысыз істеймін!» дейміз ғой. Бұл ант қашанда есімізде болсын!... (Мен түйіле ойладым бұл анттың ішкі мәнін. «Жұп-жуас өгіз бол» деген сез ғой бұл. «Партияға өкіл ретіндегі бір террор жыртқыш тісін ақситып шыға келіп, сұз мынаны десе, өңішең өгіз оған «шартсыз бой ұсынып» нұсқалған адамды сүзе бермес пе! Есіл Тұрсын, Шәкен марқұмдар сондай «мүйізден» өлген-ау!... Ал, қане, Оспан мен Закария марқұмдарды мұндан тағдырдан айырып көрші!» – Басымды жағымсыз ойдан бір шайқап тастап, Ню ханбецінің сезін жалғасты тындағым.)

«...Сол антты іс жүзінен көрсететін ең жауапты қызмет, міне, енді тапсырылды. Бізге: Үрімжі қаласындағы ең тоңмойын, жасылынымпаз кері төңкереңшілердің көбі біздің туанымызға жиналды. Мәселелерін ада-куде анықтап, толық мойыннату осы отырған бізге тапсырылды. Үру-соғу қинау сияқты бұрынғы зұлым үкіметтердің террорлық әдістері мүмкіндігінше қолданылмайды. Бірақ, қылмыстарына қалайда мойыннатпай қоймаймыз!... Бұл өзіміздің партиямыз алдындағы бірден-бір міндестіміз. Ал, осы ардақты міндettі, қалай істегенде табыспен орындан шыға ала-мыз?... Бұл туралы тактикалық, стратегиялық пікірлеріңді ортага койыңыздар! – деп тоқтады туанжаң.

Әркім өз пікірін іркіліссіз қойды ортага: «әрқандай кері төңкереңшінің өзді-өз айғақ-фактілерін табу», «белсендерділер қатарын кебейту», «ұрмай домбытып, көпшіліктің ортасына шығару», «тілдемей янаттап, шымшылап сөйлету», «ұрмай буындырып, қорқытып сөйлету», «қинамай қидалап сөйлету», «ыргаққа салып ұйықтатпай, есінен жаңылдырып сөйлету», «жан жерінен ұстап, үрейін алып сөйлету», «ұтылап қуып індептіп ұстай», «есінен айырып есекіретіп сөйлету», «жанылдырып мойыннату»...

«Аң аулаудың» осындай айлакерлік жолымен қакпанға түсіру әдістері түгелімен сөйленді. Бірақ ақ-нақақты айыру Күлән сияқтылардың куәсі мен айғақтарынан анықтап ағарту, жаладан құтқару, жалақорларды жазалау жақтарынан ешқандай пікір айтылар емес. Мұның негізгі себебі, «тарих тапсыру» дегенге туанжанымыздың «қылмыс тапсыру» деп қана сыңар жақты анықтама жасауынан болып отыр еді. Сейлеу кезегім тиісімен осыны ортаға сұрау ретінде қойдым:

– Жолдастар, осы пікірлеріңден мениң ойыма бір сұрау келіп отыр. «Тарих тапсыру» деген не? Алдымен осыны анықтап алайықыш! «Тарих» деген не? «Тапсыру» деген не?

Ешкімнен үн шықпай антарыла қарасып қалып еді. Туанжаң мырс-мырс күлді де, мұрны он-солына кезек бұрылып жыбырлады:

– Бигабили жолдас, мұны неліктен сұрадың, алдымен өзің сөйлем түсіндірші!

– Мен өзім әрбір адамның «тарихы» дегенді қылмыс деп қана түсінбеймін, «өміrbаяны» деп түсінемін. Өміrbаяанның қылмыстысы да, қылмыссызы да болады ғой. Бұл әрекет соны анықтау емес пе!

– Ал оған «тапсыру» деген сөздің неліктен қосылғанын түсінімісіз? – деген туанжаның мұрны ойнақтап кетті.

– Мен сізден соны сұрайын деп отырмын. «Тарих тапсыру» емес, неліктен «тарих анықтау» болып аталауды?

– Бізде коммунизмдік тәрбие қызметі енді ғана басталып жатыр. Әлден анықтадық, аппақ, қылмыстан пәк дей салмаймыз. Шынында әсіресе мұнда қылмыстан мұлде пәк адам болмайды. Соңдықтан «тарих тапсыру» дегенді түпкілікті мән жағынан «қылмыс тапсыру» деп түсінуіңіз қажет!... Түсіндіңіз бе?

– Түсіндім, бірақ, бұл районда «мұлде қылмыссыз адам болмайды» деген пікірге қосыла алмаймын. Әрқандай районда қылмысты адамдар да, қылмыссыз адамдар да болады. Тіпті қылмыссызы өте көп болады!

– Жарайды. Бұл пікір осы жерде тұра тұрсын. Уақыт қысқа. Ал, бұл науқан туралы өз позицияңызды сөйлеңіз!

– Бұл науқанда айқын қылмыстыларға батыл түрде қылмыс тапсырту, белгісіздері мен нақақтарына қылмысын анықтау позициясында боламын!

– «Айқын», иә, «нақақ» дегендерінді қалай айырасың? – деп сұрады Ню туанжан.

– Оны өзінің көтеріп жүрген бокшасы айырып береді. Және жүртшылықтан тұсken фактілер бойынша тексеріп анықтаймыз! Дерек таптай «қылмыс тапсыр» дегеннен аулақ болуымыз қажет!

– Боқшасынан дайын факт шықпаса, жүртшылықтан пікір түспесе, тексермей-ақ қарап тұру керек пе!... Бигабили жолдас, мынауыңыз оңшыл пікір! – деп құлді туанжаң. – Факт деген іздемей табылмайды. Біз тіпті жоқтан іздел табуға да міндеттіміз!

– Кері төңкерісшілдік сипат-фактілері барларына қарсы аяусыз күрес жүргізуге міндеттіміз. Ал, коммунист деген адам ең алдымен материалист болуға тиіс. Материалсыз-фактсыз ешқандай адамға өзіміздің субъективтік қиялымызben соқтықпауға да, соқыр тәуекелмен құмылдаш марксизмдік партияға кір жұқтырып алмауға да міндеттіміз!

Ніо туанжаң мені бар зейінімен іскелегендей, тоқтаусыз жыбырлаған мұрнына мен қарап қалыптын да, менің шекелі кең мандайма, бұйра шашымға ол қарап қалыпты. Құлімсірей сөйледі соңда да:

– Сіз буржуазия зиялышарынша ойлайды екенсіз. Өскен ортаңыз, тәрбиелеген ұстаздарыңыз соларғой. Сізді кіналауға болмайды. Дұрыс түсініктаяуып, ақырын-акырын түзеліп кетерсіз. Қазіршे қызметіміздің методы жағынан бірлікке келіп алайық! Мен, факт дегенді жоқтан іздел табуды дәріптегендеге қаймана біреуге субъективтік қиялмен соқтығып, қалпақты зорлап кигізуге шақырып отырғаным жоқ. Оның бүтіндік көрініше, мәселе тапсыруға барынша ынталандыру жолымен қолға келтіруді айтпақшымын.

– Эп бәрекелді! – деді бірнешеу. – Осылай істегеніміз дұрыс! Қане, туанжаң, соны сейлеңізші!

– Жарайды, жолдастардың пікірін тыңдаш болдық, – деді туанжаң ырғала түсіп орнығып, шын сөзге енді кірісетіндігін білдірді. – Насихатымызға иланбай, тоңмойындық істеген көрітөңкерісшілерге не амал қолданатындығымызды жақсы сейледіңіздер. Бірақ сырттан зорлап сейлетуден өздіктерінен сейлеуге құлышындыру – ең негізгі, ең ұтымды әдіс. Енді соған келейік. Жаңа Бигабили жолдас менің «мұлде қылмыссыз адам болмайды» деген себебімді түсінбей қарсы шықты. Бұл кері төңкерісшілерге қарсы ендігі күресіміздің тактикасы. Бұл, жаудың өзін-өзіне әшкереletetудің тактикалық көзқарасы. Қолға тұсken кірпікшешен, суға салмасан ашыла ма!... Ха-ха-ха... «Қылмыссыз адам көп, қылмысты адам аз, сендер ғанасың. Ал, сейле қылмысынды!» десең жау сейлей ме! Ха-ха-ха-ха..!

– Рас-ая! – десіп күлді бірнешеу.

– Бұл әрекетте қылмысты істерге біз осындай позиция қолданамыз. Жолдастар, «әрқандай адамда қылмыс болады. Бірақ, соның қылмыс екендігін танып, өздігінен әшкерелеп тастамаған адам қылмыстан тазармайды», «қылмыс деген ауру, ауруды емдең адамды құтқару қажет!», «әрқандай қылмыс болса да өздігінен әшкерелеген адамға кеңшілік, тоңмойындық еткенге қатал жаза қолданылады», «әркім өз қылмыстарына от ашуға борышты», «кел, жолдастар, қылмыс біткенді аяусыз әшкерелелік, жиыптеріп бір-ақ жерге үйелік те, өртеп жіберелік!» Қызыметіміз алдымен осы сөзбен басталады. Расында да осылай істейміз. Өздігінен әшкерелегендердің қылмысы үшін жаза қолданылмайды. Үктыңыздар ма?

Шатырлатып қол шапалақтай жөнеліп едік. Туанжаң дуылымызды қол ишарасымен тоқтатып, жалғастырды сөзін.

– Жолдастар, әркім өзіндегі қылмысты әшкерелеуден қорықпау керек. Мәсслесін тапсыру-тапсырмау, әркімнің өзінің партияға сену-сенбеуіне байланысты. Ал, партия мүшелері әрқандай әрекеттің алдыңғы шебінде болуға міндетті ғой, солай емес пе?... Солай болса, әрбір группаның, етіреттің бастықтары болатын сендер, тарихтарыңды бірінші болып өздерің тапсырасындар! Бұл жерде тағы бір шындықты ашып айту керек. Қарауларыңдағы адамдардың мәселе тапсыруы, сендердің шабыттандыруларыңа байланысты. Мәселе тапсырудан өздерің неғұрлым аянбасандар, қолдарыңдағы кері төңкерісшілер де солғұрлым оңай ашылады.

– Ал, кері төңкерісшілерді сондай қылмыспен жетектеуге өзімізде қылмыс жоктарымыз қайтпекпіз? – деп сұрай қалды бір ұйғыр жігіт. Ню туанжаң оған кіржие қарағанда, мұрны куржие жыбырлады. Көпшілік жағымпаздар бастықтың бұл райына бағып, сұрау қоюшыға дүрсे қоя берді.

– Сол да сөз болып па!

– Таппай ма екен бірдемені!

– Апасын айта алмасаң да, тақайы бар емес пе! – деп бір шақшақ<sup>32</sup> ду күлдіргенде, Ню туанжаң алак-жұлақ қарады жан жағына.

– Інім, өзіңізден чоң мәселе табылмаса да кемшіліктер бар шығар, – деп кексе бір жарамсақ айқыннады. – Сондайларды чоң принципке көтеріп, ауыз толтырып сөйлей берсеңіз бола береді! Ню

<sup>32</sup> Шақшақ (ұйғырша) – қалжыңшыл, нақ мағынасы қалжың.

туанжаң жаңа қателіксіз адам болмайды демеді ме. Бұл ақиқат!... Сейлей беріңіз, туанжан!

– Жолдастар, – деп туанжан сөзін кайта жалғастырды. – Партия мүшелері төңкеріс жолында. Партия жолында өздерін құрбан етуге әрқашан даяр тұруға тиісті. Солай емес пе!... Жан-тәнімен берілген мүшесін партия да бар күшімен қорғайды. Төңкеріс мүддесі үшін, партия мүддесі үшін өзінді кейде өте көп қателескен адам етіп көрсетуге де болады. Расында сондай ауыр мәселелерін алалдықпен тапсыруы арқылы партияға өтіп, зор сенімге – беделге ие болған партия мүшелері аз емес қой. Партия кеңшілігінің шексіз екендігін осымен дәлелдеуге болады. Ал, қылмыс өткізу қорқынышты емес, партия алдында соны тапсырмая қорқынышты. Біздің жан-тәніміз де, ар-намысымыз да – партия, келешегіміз шексіз нұрлы!... Үқтыңыздар ма?...

– Үқтық, ұқтық! – деп du көтерді көвшілік. Төрдегі Маужуши суретіне қарап, қолшапалақтай жөнелді.

Ню туанжаң мұнан соң әрқайсымызыңдың міндеттімізді, басқаратын группа, этіретімізді ұқтырып, құнделікті іс-әрекет жадуесін таратып беріп шығарды. Мені этірет бастықтығынан өшіріп, бір группага түсіргені, маған қарап қойып, тізімнен сыйзынан байқалды. Ал, мен басқаратын группадағы Күлән мен Асылқанды басқа группаларға аудыстырды да, орындарына менімен сыйбайластыры жоқ деп табылған түс таныс кана үйір жігіттерді қости.

«Мұлде қылмыссыз адам болмайды» деген солшыл тұжырымға қарсы пікірмің дұрыстығына көзім жетіп тұрса да, туанжаңның «тактика үшін» дегеніне мойындал, мұнан соң оң көзімді мұлде жұмып алуға бекіндім. «Коммунизмшіл партия алдында кертартпа, оңшыл аталудан өлім артық қой! Расында, жан-денем де, ар-намысым да, тіпті барым осы партия емес пе еді. Ол мені қылмыскер бол десе, бола салайын да, сәби бол десе, іңгәлап қайтадан тұа салайын!... Бұл, өзімнің ес білген жиырма жылымнан бері оқып, біліп қанған партиям, көніліме тоқып көксеген арман партиям, бұл, мені, таныса салып, қатарына тартқан Линдэйшін тектестердің партиясы. У ұрығын ексе де бал өндіретін, «сайтанды адамға айналдыратын» партия. Бұл маған теріс үйретпек емес. Тіпті де оңшыл болмаймын, көзімді жұмғаным-жұмған!» – деп жіберіппін.

Өзіме міндетtelген группага ертеңіне таңертең өзім барап, Ню ханбен сөйлейтін жалпы жиын залына бастап келдім.

Туанжаң қылмыс жөніндегі өзі «тактикалық» деп атаған қате анықтамасын өткен түндегі бізге сөйлегенінен де асыра дәріптеп сөйлемді. «Кемшілік, қателік, қылмыс дегендер тірі адамда өтілмей қоймайтын құбылыс. Қателік өткізу жириенішті емес, қазіргі кезеңде оны партияға тапсырмау жириенішті. Қателік істеу қорқынышты емес, оны партияға тапсырмау, түзетпеу қорқынышты. Өз мәселеісін кім жасыrsa, партияға сол сенбейді. Демек, сол жау. Кім толық тапсырып, мәселеден өзін адалап шықса, сол дос. Кім жау, кім дос, қане енді көрелік!»

Туанжаң сөзінің ұзын ыргасынан адам тәрбиелегуге жат осы түсінік, әдемі сөзben жарқыллады да тұрды. Тыңдаушылардың әркайсысына қараумен болдым. Қылмысы көбіректерінің иығы көтеріліп, құлағы қайшыланған түскендей де, қылмысқа «кедейлері» қусырылып, бүрісіп бара жатқандай. Өткенде жарытымды қылмыс өткізе алмағандықтарына өкінетіндей.

Сырттан тыңдаушылар қатарында отырған бір кексе әскери сары киімді осыны байқаған сияқты. Дұрыс сарын білдірді.

– Қылмыс өткізу мақтаныш емес қой, қылмыс түгіл кемшілікті де өткізбеу жақсы. Ал, өткізген еken, оны дер кезінде өздігінен тапсырып, өздігінен түзету жақсы! – деп қана қойды жиын тарай бергенде. Лектордың сөзін жасынға шығарып алмайын дегендей тым бәсек үнмен айтты. Ресми сейленбегендіктен көпшілік оған назар аудара да алмай тарады.

Осы науқанға қаратаған лекциялар мен мақалаларды группаларға бөлініп, қайта үйренуге кірістік. Әрине алдымен Маужушидың «либерализмге қарсы тұрайық» деген мақаласы оқылуғатиісті ғой. Бұларқылы қылмыскерлер көпшілігінің тығылар ұяларын түгел талқандап, лыпасыз жалаңаштап тастағандаймыз. Мұнан соң зор жиынның баяндамасы мен өзіміздің Ню туанжаның баяндамасын талқылағанымызда «жазасы кешіріліп», қапастан «азат болған» қылмыстар жамырап-қайнап таси бастады.

– Алдымен мен тапсырайын, мен!

– Үй, сенде не бар дейсің, мен тапсырамын!.. Міне, менде мығым күнәлар бар! – деп бұлқынды жалаңаштар. Кейбірі тіпті әлмисақтан-ақ қылмыс жаратушы күнө тәніріндей өктемес көтерді қолдарын...

Ал, мен, қылмыс тапсыруға жетекші болып сайланып келсем де, өзімнен Әлияны жалаңаштаудан басқа «жарамды қылмыс» таба алмай қиналдым. «Тарихтарын» алдымен тапсыруға мына таласушылар желкеме мініп, ереуіл көтеретіндей сезілді.

– Мәселе тапсыруға қайсынымыздың дайындығымыз толық болса, алдымен сонымыз сөйлейміз. Сабыр етіңіздер! – дей салдым да, «дайындықтарын аныктап сұрап алып тізімдей бер!» дегенді хатшыға күбірлей салып шыктым. «группа бастықтары алдымен тапсырысЫн» деп бұйырған Ню ханбенге жүгірдім. Алдымен өзім тапсырысам, бәрібір жалған қылмыс қурап айта алмаймын, қылмысқа жарыта алмаймын ғой. Мына кейпіммен қылмыстарымды жасырғандай, сол арқылы «сендер де жасырындар, айтып койсандар жазаға ұшырап қаласындар!» деп басқалардың қылмыс тапсыруына тоқсындық жасағандай көрінетін сияқтымын. Туанжанға соны айтып, өзімнің тексерілуімді кейінге қалдыра тұруды етінуді ойлап келе жаттым да тұра қылдым. «Жоқ, алдымен-ақ тапсырып құтыла салмаймын ба!... Ергейтіде бала кезімде бір жаз борми ұрладым деймін. Қауын ұрлағаным да бар емес пе еді. Бигелдінің сиыр ұрлап сойғанын жасырдым. Ал, мектепке кірген соң түйедей куанышқа кімнің мұрнын бұзғанымның өзі-к бірсыпра сөз. Сейтіп жігіт болдым. Әлиямен әншнейін еріkkendіктен байланыстым. (Бірақ, Әлия опасызың етпесе, мәселе болмас еді ғой оным). Ал, сонда Әлияны мен бұздым ба, мені Әлия бұзды ма?... Сонында тіпті жалаңаштап таstadtым ғой, мен-ақ бұздым дейінші. Бірақ, сол мәселелер, қазіргі менің мына жуан басыма қалпақ болып қанағаттандыра алар ма!... Басқасы ғой сот жүрмейтін балалық шактың жемісі. Ал, жалғыз ғана Әлиямен болған стилдік мәселе, Бигабілдің барлық қылмысы болып, мына жаланған көпшіліктің қайсысын жарытпақ!... Әттегене, осыған косымша титтей саяси қылмысым болсаши!... Қой, мына сопы қалпыммен басқалардың мәселе тапсыруына кесе көлденең болып алдыға түспей-ақ қояйын!».

Кіріп барғанымда Ню туанжан тұмысығы бураң ете тұсті. Менен не дәметкенін сезебегенсіп, отыра бере бастадым. Сөзімді екіншү күннен бері ойланып, мәселе тапсыруға өзімнен осыдан басқа «ұлғі боларлық» қылмыс таба алмағандығымды мәлімдедім.

– Қазір мәселелерін өздіктерінен ақтарғалы отырган көпшіліктің алдына түсіп тапсырган жартымсыз бұл мәселе кері үлгі, ауыз басудың үлгісі болып қалады ғой, мен кейін тапсырайын! – деп етіндім сонында.

– Әния, жазбасаң да сөйлегенінде жамап-құрап көбейте бер демедім бе, мәселе тапсыруға сендер ашық қолды болсандар, қол астыңдағылар тіпті ашады дегенім ғой!

– Жоқ, мен өтірік қоса алмаймын, бұл, қорыққандығымнан

емес, партияның ісіне де, халықтың ісіне де, тіпті өзімнің ісіме де өтірік қосып, ешкімге жұрындық болғым келмейді!

Ню туанжан үнсіз қарап отырып қалды маған. Тұмсығы үздіксіз жыбырлады. Жұзімді аса сұыққа салған сияқтымын. Енді зорласа, «жолдас» болудан кешетіндігімді сезгендей.

– Болды, осыдан басқа тапсырап мәселен болмаса... кейін анықталар, – деді. – Қазірше сейлемей тұра тұр, бола ма?... Жақсы істе, а, группадағылардың мәселесін жаңсақ қалдырып қойма! Позицияң мынадай болып тұрғанда, өзіңе сөз келіп қалатын іс туылmasын!

Ню туанжан менімен бірге кірді группаға.

«Биғабили зужаның мәселесі бұрын негізгі жағынан тапсырылып болғандығы мен қалған мәселелерін әлі де үздіксіз тапсыра беретіндігін» туанжан айтып бола бергенінде, Мәтқары атты орынбасарым ыршып тұрды.

– Өшірет менің, мен тапсырамын!...

Тұмсығының суағарына ғана мұрт қойған ұзын бойлы, арық Мәтқарының мәселе тапсырыштығына таңдана қарап қалыпты. «Әш-пәш дегенше» балалық шағының алты қылмысын айтып жіберді. Су бойындағы балшыққа «үйленуінен» бастап, есекке басқыншылық қыламын деп тепкізгеніне дейінгі қылмыстың бір дәүірі еді мұнысы. «Бала кезінде өстіген қылмыскер, жігіт болғанда не ондырмак!» дегендей «келешегінен зор үміт» күткен Ню туанжаңның мұрны жыбырлап, қызыға қарады оған. Мәтқары бозбала болған шағындағы қылмысын қартайған сол есекке диктатураны аямай жүргізгенінен бастады енді. Ашыналарымен ойнауға сол «бәйбішениң» өзін мініп барғанын сөйледі. «Абысындарын» күндел-күйінсін дегендей көзін жаудыратып қойып, құнажындармен ойнағанын «асқан зұлымдығым» дегендей ашына сейледі. «Бәйбішени» бұл корлауы алпыс неше рет такырланағыны. «Қыз емес» екенсің деп алғашқы екі рет үйленген екі адам келіншегін тастап, қолаңсан бар, сасық екенсің деп тағы бір адам келіншек тастағанын әшкерелеп курсінді. Күрсінгені, онысына өкінгендігі емес, қылмыскерлігінің жетілген кезеңіне өрлеуге күш жиғаны екен. 1943 жылы Қашқарда гоминдаңға «өз талабымен» мүшеболып, 44-ші жылдың жазынан 46-шы жылдың жазынан дейін (11 тармақты бітім жарияланғанға дейін) шпиондық міндетке жегілгенін айтты. Сонысын айта салды да, тындаушылардың үнірейген көздеріне қарап корқып, сөзінен қайта тана қойды. «Нак шпион емес, бір шпион эйелді қорғау міндетінде болдым. Жыңса

мекемесінің бұйрығы бойынша оның не істеп жүргенін сұрамай-ак қорғап жүрдім. Ол бір жиынға кіргенде сыртта есік алдынан күтемін. Үйіне дейін апарып қоямын, басқасын білмеймін» деп танды Мәтқары.

Бұл танғанына біз тамсана үнілдік. Ол әйелдің аты мен тұрған үйінің адресін сұрадық. «Атын жасырын ұстайды. Үйі де жасырын, әр күні әр кораға кіреді» деп Мәтқары тіпті ғайыпқа айналдыруға бетtedі. Белсенділеріміздің тандайы шық-шық ете түсті. Бұл «қылмысымен» біздің қарнымызды ашырып алатындығын содан тусінгендей, ол әйелмен де «екі-үш рет ашына болып қалған» қылмысын айтты. «Қып-қызыл ерінді бек шырайлық» еken де, екі рет өз талабымен бақшада, бір рет денге<sup>33</sup> апарып, бірге жатқызыпты-мыс. Мәтқарының өз тапсыруы осымен бітті.

«Енді құтқармаспын» дегендегі ойнақтады Ню туанжаңының тұмсығы. Сагатына қарап алып Мәтқарыны мақтай жөнелді.

— Мәтқали, жақсы жолдас! — деді разылық шыраймен. — Партияға сенімі толық, келешегі нұрлы! Өз мәселесін толық тапсыратындығына мен де сенемін. Жалғыз-ақ, бүгін даярлығы жетіңкіремей қалған ұқсайды, ойлансын! Жыңса мекемесіне қашан, қалай байланысқаннан бастап сөйлесе, көпшілікті толық қанағаттандыра алады. Қашан сөйлесе де уақыт шығарып беремін. Бұл кейінгі мәселе бокшасында да бар сиякты болатын. Өз аузымен толықтап сөйлеп берсе болғаны!... Өзі сол әйелмен бір бүтін қызметтес болған, көп істерде бірге, ақылдастып істеген. Қандай қылмыс болса да осылай сөйлей беруге болады. Әтілген уақыты мен орын қалдышрмай, дәлел-фактілерімен сөйлесе, көпшілік қарсы пікір көтере алмай қалады. Өз қателік-қылмысын әшкерелеген сайын тазарып, адамның жүзі ашылып, әрлене түседі. Ауруды жойып, адамды құтқару деген осы. Мине, осылай сөйлей беріндер! — деп туанжаң үстеме жол-жорығын бере шықты. Орынбасарымның «шпион» әйелге осы жағуымен-ақ күрес нысанамызға іліне қалғаны сезілді.

Мәтқарыдан соң екінші болып тапсыруға таласқандарды әрен тоқтаттым. Хатшының тізімдеген өшіретіне бағынып, «қылмыска ен байы» деп межеленген біріне бердім сөзді. Бұл да алдымен адамгершілікке жат істеген қылмыстарын көпіртіп, іркіліссіз сөйлеп келді де, саяси қылмыска келгенде шөмейіп, «мақтана алмай» қалды. Екі-үш жалшының еңбегін қанағандығын әнгімеге

<sup>33</sup>Ден – қонаққа майланатын қоралы үй. Жеке менишіктегі қонақ үй.

айналдырып, сөйледі. Гоминданға мүше болғандығын кері төңкерісшілдікке жатқызып, ныктап мойындаса да, жасостығын ұры-караларды, апивишины, паракорды ұстактан жақсы іске, иғі еңбекке айналдырып көрсетті. Көпшіліктен наразы пікір гүлдей жөнелді бұған келгенде. Көпшілік пікір беріп көмектесетін кезең, егер өзі дұрыс тапсыра алмаса, кейінгі сатыда екендігін айтып тоқтаттым. Мұның тапсырғанына да сұрау белгісін қойып, кейін қайта тексертуге қалдырық.

Бұлгруплада көрітөнкестік қылмысы бар деп белгіленгендерден бұдан басқа үшіуі бар еді. Бұлардың да өздеріне саяси кір жуытпай, осылай өте шығатындығын байқап, алдыларына белсенділердің екі-үшіуін салып сейлестіп едім. Бұлар Мәтқарымнан да оза шауып, саяси қылмыстың нағыз «санлактары» бола кетті. Қарқылдаң күле берілпін бұлар сөйлегендеге, «көрі төңкерісшілерге арнап құрған торымызға акжүрек белсенділеріміздің ұмтылуын қараши!» деп күлдім. Нанымдылық жөнінен ажалдың желіні жеткен анасындағы қылмыстар да, өтірік пен шынның шата баласындағы қылмыстар да шыкты. Бұл белсенділерімнен біреуі тіпті шылғи жалғаннан жаралған, басы қазандай, аяғы шидей қарақасқа қылмыс та жасап шығарды. «Жасостықты жақсы істеп бергендігі үшін 49-шы жылдың 9-шы айында Жаң Кайшының өзі арқасынан қакқанын айтты. Ол шақта Жаң Кайшы «арқасынан қағу түгіл» ұлы құрлықта жоқ, Тайванға қашып кеткен болатын. Бұл, Ню туанжаңың «қылмыс өткізу жиренішті емес, оны партияға тапсырмау жиренішті» деген насиҳатының, «өтірік айту жиренішті емес, өтірік айтпау жиренішті» дегендегей, ең жиренішті танымға жетіп қалғанын байқатып күлдірді.

Күндіз тапқан «қылмыстарымызды» інірде апарып, басшылар ортасына қойдық. Ню туанжаңың басқа группа бастықтарының тапқанына көрсеткен разылығы сияқты менің тапқанымда бас шұлғи салды. Өтірік болсын, шын болсын, әйтеуір қылмыс тапсаң болғаны» дегендегей. Бұл пифылына қарсы пікір айтудың қисынын таба алмай отырып қалдым. Қызметіміздің кемшілігі жөнінен ешкім ауыз ашар емес. Туанжанға артпай, өзімнің кемшілігім ретінде өзіме аударып сөйлегім келді.

– Туанжан, біздің бүгінгі қызметіміздің кемшілігі жөнінде айтар пікіріңіз, қояр талабыңыз бар ма? – деп сұрадым соңында.

– Қандай кемшілік жөнінде сұрайсыз? – деп тұмсығын бұра қойды маған.

– Мәселен, бүгін мен нысанадағы көрі төңкеріспілеріміздің

ен негізгі бір екеуіне титтей де саяси мәселе айтқыза алмай қойғанымды баяндағы фой. Бұларға мұрындық боламын деп, белсенділеріміздің үшеші кері төңкерісшіге айналған фактілерін әкелдім. «Тактикамыз» кері нәтиже шығарды. Бұлай істей берсем, акты қараға, қараны аққа айналдырған нағыз кері төңкерісші өзім болып қалмаймын ба?

– Өздері сөйлеген мәселеге сен қалай жығынды болмақсың?

– Белсенділерімізді солай сөйлеп, өздерін қаралауға мен тұрткі болдым фой!

– Қалай тұрткі болдың?

– «Қылмыс өткізу жиренішті емес, тапсырмау жиренішті», «қылмыс өткізу қорқынышты емес, тапсырмау қорқынышты» деген сөзінізді мен қайталап дәріптей бердім оларға. «Партияға кім сенсе, мәселесін сол көп әшкереңді!» деген ақиқатымыз тағы айтылды. Ал, бұлай сөйлеудегі мақсатымыз, кері төңкеріспілерді өздерін әшкереңде шабыттандыру еді. Бірақ, олардың ешқайсысына жүқпады бұл сөздерім. Себебі, кері төңкеріспілеріміз тактикашыл, бізден де қу. Олар әккі, кәрі тұлқі. Партияға мүлде жат көзқараста болғандықтан сенбеді, сенбейді де. Бекерге кері төңкерісші атамаған олар. Ал, төңкеріске жан-жүргегімен берілген, партия не айтты десе, соған үйи қалатын белсенділеріміз, «жиренішті емес» дегенге қайдағы өзінде жоқ масқара қылмысты жиып, партияға сенетіндіктерін танышту үшін «мәселе» тапсырғыштап, өз беттеріне кетпейтін қара сыр жағып жатыр! «Өтірік айту жиренішті емес, өтірік айтпау жиренішті» деуге де жетіп келе жатыр. Бұл қателік қайтсем түзеледі?

Бұл сөзіме этірет, группа бастықтары қарқылдан күлгендे, Ню туанжаң да, оның мұрны да күлді.

– Рас, сондай беталыс бізде де бар! – деп бір-екеуі күбірлекенде, туанжаң мұрны соларға қарап жыбырлап, күлкісін тоқтата койды.

– Өз қателік қылмыстарын сөйлегендерді біз коммунистер, «ағарды», яки, «ағаруға беттеді» деп есептейміз! – деп жымиды туанжаң. – Еш уақытта да «қарайды», бетіне «қара сыр жакты» демейміз. Ешқандай Маркесшы олай сөйлемек емес!... Тек!

– «Тек» дей көрменеңіз, өзінен рас өтілген қылмыстарын сөйлеушілерді мен де олай демекші емеспін. «Өтірік айту жиренішті емес, өтірік айтпау жиренішті» дейтін танымға жетіп қалғандарды «ағарды» десек, марксизмге бүтіндей арам сөз сол болуға тиісті. Өтірікке аясыз қарсы тұрмай ешкім марксизмі бола алмайды. Бір белсендіміз, «мен жасостық міндетті жақсы өтегендігім үшін

49-шы жылы 9-шы айда Нанжинде Жаң Кайшы аркамнан қақты,» – деп әшкерелді өзін. Бұл уақытта Жаң Кайшы қайда?

– Ха-ха-ха-ха...!.. Мұндай фактілердің өтірік екендігі өзінен-өзі әшкереленіп, өшіріле салмай ма! – деп күлді туанжаң. – Ондайдан қорқатын не бар!... Биғабили жолдас, сіз өз ойынызға келген пікірді ашық айтып отырысыз, мұныңыз жақсы! Бірақ, коммунистер ешқандай қателіктен де, қателесуден де қорықпайды, ұмытпаңыз!... Әрқандай адам, қандай қылмысын әшкерелесе де рұқсат, одан ешкім нақақ жазаланып кетпейді! Олар партияға сенеді. Тек, өзіңіз де сениңіз!

Бұл сөзіне туанжаның өзі бас болып, барлығын жетектей күлгенине мен де күлдім. Бірақ ішімнен ыза бүріп, тым келте күліп едім. Сонымды ерекше мұрын сезе қойғандай, тағы жыбырлады.

– Биғабили жолдас, біреу мәселесін сөйлегенде мынауың шын, мынауың өтірік деп кіріс үлкен қателікке апарып соғады. Өтірік мәсселені айтудан шектеймін десеніз, шын мәсселені айтудан да шектеп жоясыз. Бұл, теріс әрекет болады. Кері төңкерісшілер кей уақытта қисынсыз жерден қып түсетін қылмыс өткізеді. Қисыны жоқ, мынауың өтірік десеніз-ақ мойындан салып, қиналғанымнан айттым деп жоққа шығара салады. Сонысынан дәндейді де шын мәселесін де әдейі қисынсыз етіп құрап, өзің арқылы жоққа шығарады да отырады. Бұл – кері төңкерісшілерге пана болғандық. Өтірік айтудан сақтан десеніз-ақ, олар шынын айтудан сактана қояды. Себебі, өзің айтқандай, олардың аты кері төңкерісші емесспе, ха-ха-ха-ха-ха!... Сондыктан олар қандай қылмысын әшкерелесе де бас изеп қойып, жия бер! Кереккө жарайтынын аламыз, керексізі қала береді. Солай емес пе, жолдастар!...

Туанжанымыз «солай емес пе!» деген соң, солай емес дейтін «жолдас» бола ма, мойындарын іштеріне тығып шыға берді. «Нұқсаушының дұрыс-бұрыстығын артынан өзі-ақ көрер» деп мен тықтый ішіме. Ертеңіне тағы да солай, қалған кері төңкерісшілерімнің алдыларына «қылмысқа жомарттарынан» бірден салып сейлете бердім. Тапсырған «тарихтарына» өз пікірімді қосып, этірет бастығыма өткізе беруден басқа, Нію туанжанға пікір өткіземін деп әуреленудің қажеті жоқ сиякты.

Маған группамдағы кері төңкерісші деп таныстырылғандардың екеуі негізгі жағынан әйелкүмар, екеуі қанаушы алдамкес-пайдакөстер ғана болып мойындағы. Ал, нағыз кері төңкерісші қатарына жататын саяси қылмыскерлер жалаңаш белсенді болып танылғандардан шықты. Мәселе тапсырудағы логикалық-

танымдылық жақтарын ойластыра келе мұны да таңданарлық құбылыс емес дегенге келдім сонында. «Дөрбілжіндегі Сәрсен саясаттың жолымен белсенді қатарына өте койған кері төңкеріспі Үрімжіде аз деймісің!»

Іісшіл туанжаңымның мұрны менің орынбасарыма қарап көбірек жыбыrlайтын болып еді. Мәтқары өздігінен секіріп тапсырғаннан екі күн өтісімен оны әтірет бастығы шакырып, айрыым сөйлесті. Іле-шала туанжаңың өзі шакырып екі сағат сөйлесіп қайтарды да, мені шакыртты.

– Бигабили жолdas, сіз Мәтқарының мәселе тапсыруын қандай деп түсінесіз?

– Шала, шала болғанда да ең негізгі қылмысын жасырып қалмақшы!

– Жақсы! Ал, ол қылмысын қайтсек мойындарымыз?

– Сіз айтқан бокшасындағы мәліметтерге логиканы қосарлап мініп қуалаймыз!... Тек, бокшасында сондай мәселе бары рас болса, мойындару тіпті оцай гой!

Туанжаң төмен қарап ойлана күбірледі.

– «Бокшада бар сияқты болатын» деп мен, шындығында, тактика үшін ғана бопсалаганым болмаса... жасостық туралы мәлімет жок. Қазір де солай бопсалап қайтардым.

– Бұл «тактиканызға» не айтты? – деп құліп жібердім.

– Позициясы жақсы емес. «Сіз, кері төңкеріспілерді мәселе тапсыруға шабыттандыру үшін өтірік қылмыс тауып айта бер дегенсіз гой. Сол үшін айттым!» деп менің өзіме жабысты, ха-ха-ха... шындығында бұл әлгі әйел шпионмен болған байланысын басқаларды шабыттандыру үшін ғана өтірік құрастырған емес, соны сылтау етіп көпірден өтіп алмақ!

– Мен де солай мөлшерледім, – деп жымия қарадым мұрнына, «бәссе мынауыңыз бекер мұрын емес» деуге батылым жетпей, басқа қалжың айттым. – Сіздің «тактиканыздың» өзін қамалға айналдырып, панарай қоюы мүмкін гой!

– Бигабили жолdas, бұл мүмкін ғана емес, дәл солай. Бұл, аскан әккі кері төңкеріші. Фузужаң болып, тіпті ішке кіріп алғанын көрмеймісің, мұны мықтап ұсташа керек!

Бас изей салдым да, ойланып қалдым. Бас изегенім, Мәтқарының өз мәселесін тексерген тексерісінен жасос болғандығының растығын сезgendігім еді. Ал, ойланып қалғаным, фактсыз болжалды логикамен ғана мұндай адамды мойындарудың қындығы сезілді. Туанжаң қудың алдағанына

алданғансып тұрып, алып ұрудан үміттенетін адам оңай ку емес қой!... Менің бұл ауырсынып қалған жайымды тағы да ііскең білгендей сейледі туанжан.

– Бұған тиісті материалды да, ахуалын білетін адамдарды да ертең саған жіберіп беремін. Алдымен группанды тексересіндер. Жасостығының бір ұшын шығарып бере алсаңдар болғаны, этірет жиынына салып тұрып, зорлап суырып аламыз!...

Жатағыма қайтқан жолымнан Күлән қарсы кездесті. Сөйлеспей лып беріп өте шықпақ болғанында алдынан тоса қалдым.

– Биғаш, артымда бақылаушы бар! – деп күлімсіреді.

– Ненди андиды?

– Бәле, мені түгіл сені де андиды! – деп күліп жіберді де, жүре сөйлемек болды. – Менің соныма белсенді қатарына қосылғанымнан соң ғана түсті. Соған қараганда «жолдас» сіздің соңыңға бұрынырақ түскен шығар. Сырластығымызды білмесін, кесірім тиеді, алсырырак жүре тұрайық!

– Негұрлым білсін, мен туралы қорықпа, өзіңе не күмән артса, актығың үшін мені күзға тарта бер!

Алды-артына жалтақтай тұрып сейледі Күлән:

– Маған, «Хугожыңмен болған байланысынды айт» дейді. Одан актауға дәлелің жоқ кой, куәлікке өте де, ақтай да алмайсың!

– Ақтай аламын! 43-ші жылдың қысында Хугожыңды өзіңнен қатты жирендіргенсің... «шешем сиғилиспен ауырған. Маған да жұғыпты» деп жирендіргенсің. Сонынан үш рет шақыртқанда өзің ауырған болып, бармай қойғансың!

– Сол кезде Нұрияштан басқа ешкімге айта алмағаныма өкініп жүр едім! – дегенде Күләннің өткір қара қөзінен жас парлай жөнелді. – Біледі екенсін, сол айтқан ғой!... Есіл сіңілім!

– Басқа ахуалынды да түгел айтқан, бәрі есімде, толық ақтай аламын!

– Мен, осы екі-үш күн ішінде күреске түсемін! – деп жүріп кетті. Мен жатағыма кіре сала Күлән жөнінде актау қағаз жазуға кірістім...

Мәтқары үстінен күрес ертеңіне танертең дайындалды да, туске жақын басталды. Группамызға оның жерлесінен, сабактастарынан, «шпион әйелге қорғаушы болды» деген кезіндегі жақын жүрген адамдарынан бірнеше қызметкер келіп қосылды. Жиынды мен басқардым да, алдымен хатыныға оның тапсырған тарихын оқытып бердім.

– Мәтқары, сол «қашқарлық» шпион әйелге қорғаушы

болғаныңды өзің тапсырдың, рас кой? – деп сұрай бастадым сөзді.  
– Сөйтіп жүріп ашына болғаның да рас кой?

Алғашында «әтірік айткамын» деп жалтарды да, сырттан қатынасқан таныстарынан: «ол әйел қашқарлық емес, аксулық» деп біреуі, «ашынасы ма, әйелі ме, әйтеуір көп уақыт бірге жүрген» деп біреуі шығысымен Мәтқарының аузы буыла қалды. Аузы буылған соң айдаушы да, мұрындықтап жетектеуші де шыға бермей ме. Әйелдің аты да шықты. Оның қазір Ақсу түрмесінде тергеуде екендігі де шықты. Гоминданға кім-кімді ұстатқандығы айтылым барып, ол әйелдің жасостығы анықталды.

– «Жасос әйел, жыңса басқармасы таныстырып қосқан сенімді қорғауышысына, өзі сүйген ашынасына тым болмаса бір сырын айтпай ма, саған міндет артпай ма?» деген логика шабуылына ете бердім мен. Мұндай шабуылға пәле екендігімді білген сайын алара берді көзі. Сөйтсе де, «маған біреудің қайда баратынын, не сөйлейтінін біліп келуді ғана тапсыратын» дегенге бір күн шүқшиғанымызда әрен мойындал еді. Інірден бастап қайта шүқшиғанымызда міндетті ашыналық теңдікпен ақылдасып орындағындықтарына түн ортасында мойыннады. Астырын міндетке кейінірек тартылса да ашынасымен тең дәрежелі жасос болғандығына таңертен бізді шүқшиптай-ақ шұбырта жөнелді өзі.

Бұл кезде әр әтірет, әр группадан Мәтқарыны билетін белсенділерді тәрбиелеп, жаландатып Ню туанжаң үлгерген екен. Өзі айтқандай, әтірет жиынына салып жіберіп, кеңірдегінен сұрып алды бар мәзірін. Ерлі-зайыпты екі шпион Ақсұда гоминданға үш адам ұстату арқылы қызмет орнын өсіріп алып, Үрімжіге шақырылған екен де, Үрімжіде үш аймақ шпионы деп төрт адам ұстатыпты. Бақытына жарай сол ұстатқан жеті адамы да азаттыққа тірі жеткен екен. Көрсетінді материалымыздың жеңілдігімен бәрі күтылды деп мойыннады Мәтқары. Солардан кауіптенгендіктен екі шпион некеде ажырасқан болып, әйелін Ақсуға қайтарып жіберіпті...

Ню туанжаң Мәтқарыға «аз кемшілігін қоспағанда мәселесін ездігінен тапсырған» деп «кеңіллік» жариялады да орнында қалдырыды. Мені арқамнан қағып, жеке сыйырлады сонсон: «жарайсың, жақсы ұстадың! Бірақ, енді көзіңнен таса етпе!... Ал, өзің мен туралы күмәннан тазарған шығарсың?» – дегенде мұрны жыбырлай жөнелді.

– Қайсы күмән?... Әлгі қылмыс жөніндегі ұғымдарыңызға қарсылығымды айтасыз ба?... Ол, күмән ғана емес, көзқарас

қарсылығы ғой. Бірақ, оны сіз тактика үшін ғана деп түсіндіргендіктен қоя салдым ғой. Шындықта «қылмыс» деген – қылмыс, күнә!... Ол жириңшті. Адамзатты оған мұлде кешірім ет-пеуге шақыру ғана дұрыс!...

– Сен, Бигабили жолдас... табиғи, өте қарапайым төңкерісші, мынау дұрыс, мынау қате дегендей ғана қатып қалған шынышылдықпен жеңіске жету мүмкін емес. Әлі ойланыңыз! Куресте тактика бірінші орында тұруы қажет! Мәселен, осы Мәтқары осы тактика болмаса жасырынып қала берер еді.

– Бұл кері төңкеріспінің Ақсудан ашылып шығуында сөз жоқ еді, – деп мен өктедім. – Жерлік халықты, бұдан зиянкестік көргендерді былай қойғанда, күәгерлік еткен осы адамдар мен қолға алынып отырған шпион жесірі-ақ ашып тастар еді. Ал, бастыққа ақсақалсыды деп айыпқа бұйырмаңыз. «Жолдас» деген сөзде үлкен кішілік жок шығар, солай емес пе?... Сіздің «тактика» деген түсініктеріңізге менің таласым бар. Сызыра алдауды тактика дей көрмекіз. Мұнымен бір ғана алдадық. Екінші рет алдай алмаймыз. Партияның стажды кадры деген алтын басыңызға алдамышы деген атауды қостырмауыңыз қажет. Мұны тактика деп колданып, ұлы партиямыздың абыройына кір жақсақ, халық алдындағы сенімнен айырсақ бұдан жириңшті оппортунизм болмақ емес. Бүгінгі «төңкерістік жеңіс» дегендеріміз ертең өтірікке шығып жатса, сол коммунизм болмақ па! Алдампаз, өтірікші суайттарда не қасиет, нендей бедел болмақ! Ал, «қылмыс өткізуден жириңбей» дей берсеңіз, халық жұртшылығына қандай тәрбие болмақ, нендей нәтиже шықпақ? Өсіреле осыны теренірек ойлап көруіміз қажет!...

Бұл кенесіме шытынып сұнынып келе жатқан бастығым «алтын басыңыз» деген сөзімнен жылу тауып, сәл жұмсара тыңдады. Өзімнің ханзу тіліне аударылған Күлән туралы актау қағазымды осы сэтте ұсынды.

– Міне, мына адамды өзіңіз айырым тексеріп көріңішпі!...

Міндетtelген группамдағы «старих» Мәтқарыдан соң тағы да он шақты түн шала үйіктағанымызда эрек тапсырылып болды. «Тапсырылып болды» деуге де болмайды-ау, «көрі төңкерісші» деп танысқандарымыз-ыңғай қанаушы-алдамшылар мен әйел жендеттері болып қала берді де, «белсенді» деп қатарға алғандарымыздан үшеуі саяси қылмыскерге айланып, көрі төңкеріспі қатарына шықты. Ню ханбенцің бұларды алдымен белсенді қатарына тартуы да «тактика үшін» екен. Кері

төңкерісшілердің қылмысын айқындал, мойындаудағы менің енбегіме қатты сүйінгендіктен, кейінрек «тактикасының» бұл сырын да айтып берді.

Өзімен бірге мені де ала жығылуға тырысқандай, Мәтқары әлі де орынбасарлық сипатымен менің «тарих» тапсыруымды үштөрт рет талап етіп еді. Менен бұл жолы Әлиядан басқа «тарих» тапсырып ала алмайтындығын білген Ню туанжаң сол жауабынан айнымай қойды. «Ол айрым тапсырып жатыр, әлі де үздіксіз тапсырады» деп тойтарып таstadtы. «Әлі де үздіксіз тапсырыңыздар, тазаруға үздіксіз тырыссыңыздар!» – деген сұық сөзін туанжаң саяси қылмыс таба алмағандарының бәріне соңғы жыныда бірақ жариялад қайтарып еді. Төсөнішті қолтығыма қысып, есікten шыға бергенімде, Құлән қуып жетіп, бірге шықты.

– Ақтаушым, сізге де осыны айтты ма? – деп күле сұрады.  
– Әрине, үш-төрт рет айтты.  
– Олай болса, менің өкпелеуім қате екен! – деп тағы құлді.

Алдыңғы күні бір күн өзі тергеді мені. Алдына жайғаны сенің актау қағазың екенін сезгенім бойынша жылай отырып бар көргенімді жасырмай бір-ақ төгіп едім. Сенің қағазынды менің сөзіммен салыстыра зерттегендей кезек іискелеп отырып, шұлғи беруінен ақталған-ақ шығармын деп қатты үміттеніп қалыптын. Қорытынды ретінде «әлі де үздіксіз ойлан!» демесі бар ма! Ыршып түрегеліппін. Қайта отырғызып алып тақырлап, осы қорытындысының дүрыстығын жарты сағат дәріптеді. Сендруге қашашылқ тырысқандығын, езуіне бармақтай көбік үйіп қалуынан көріп, күліп жібердім. «Сіздің көнешілдігіңіз, әрқандай шұбатылған бұрымдарыңыздан да көрініп турмай ма, көбірек ойланыңыз!» деп қайтарды.

– Қара! – деген Асылқанның нұсқаған жағына жалт қарадық. Шпиондық қылмыс шыққандарды түгел тізіп, сақшылар айдалап барады екен. Ең алдында кешірім етіледі деген ұп-ұзын орынбасарым. Қолдары түп-түгел байланыпты. (Туанжаңымның бұл кешірімі де «тактика» болғаны ғой!)

– Қарамандар, қарамандар! – деп тосты алдымызды Ню туанжаң. Оларға тұра қарай алатын бет қалды ма, торға алданбай түскені жоқ.

Әділетті тергеушім, дүние жемқорларының ешқайсысының есіне түсे қоймаған заманда-ақ қылмыс жидашыларын шығарып, қылмыс-қылмыс деп қылқындастып едіңіз. Қылмыстан тәтті зат жоқ екенін сонда-ақ біле қойыпсыз-ау. (тәтті у ғой ол). «Қылмыс

істей жиренішті емес» деп әлемде бірінші болып міңгірлекен сіз едініз, іле-шала тамағынызды кенеп алдыңыз да, «қылмыс істей жиренішті емес, компартияға тапсырмай жиренішті» деп жар салған тағы да сіз. Сөйтіп, жиып алып қоғамдастырып, қылмыс социализмін құра қойдыңыз.

«Келешегің нұрлы» деп жағын сенбей ендігі ұрандатып жатқаныңыз, әрине, қылмыс коммунизмін құру ғой. Ал, қылмыс коммунизмі дегенініз – жер шарын мұңкітіп, бүкіл әлем дәретханасына айналдыру емес пе! Жұнхуаның келешегі нұрлы болмай, кімнің келешегі нұрлы болмақ! Ишінде әлбеттесі бар имандай сеніміміз осы!

### III

«Тарих тапсыру» науқаны тапқан қылмыстыларын сотқатұрмеге тартып, оларға карсы құресте көрінген белсендерді партия қатарына тартып, өлкे орталығынан аймақ-аудандарға, одан ауыл-қыстақтарға жайылып бара жатты, жайқап бара жатты. Мениң тірі Нұрияшым да сол мектебінде тұрып-ақ, кері төңкерісшілер мен жуан жұдьырықтарды жайқауыштардың бірі болыпты. Өзі билетін аудандарға «әшкерелеу», «анықтама», «мәлімет» жазып, өз жауарының тарихтарын дұрыс тапсыруына «көмектесуші» болып сыйбанған екен. Тянь-Шань қонақ үйінен мен қайтқаннан соңғы бесінші күні әрәп келіп көрісті менимен.

1949 жылдың сентябрінен бергі өзінің маған жұмбақ болып қалған тіршілік күйі менің оңаша жатағымда шертілді.

Тергеушім, несібенізге не ілінер екен, енді соны тыңдал көрініз!

\* \* \*

Ауылдың күзеулігіндегі өзі маған уәде еткен иен дөңгелек шиге Макпал ымырт жабылышымен барып тығызып, көбінесе отаудағы ауру жеңгесінің қасында болатындықтан, соған қоштасып қана шығып кеткенін ешкім сезбеген екен. Құзетшіден күндіз жіберіп орналастырган киім-кешелгінің амандығын көріп, арқандаулы атын ерттепті. Ат құлағы көрінбейтін биік ши арасынан баспалап, иіскелеп жүріп табатын қасқырдан басқа қорқыныш жоқ сияқты. Ал, оны да алдымен аты сезіп белгі беретінін біледі. Көзіне мына электр көзін қадай қойсам, ол да қорқынышты емес деген оймен қол шырағын ынғайлап

отыра қалғаны сол-ақ екен, екі тұсынан тасырлатып он шақты салт атты шыға келіпті. Мақпалды атына міне қашуға үлгерпей ұстаган екі жігіт, асау қол-аяқтары мен аузын мықтап байлад, бір жуанына өнгерпіті. Ала кеп жөнеліпті атты бөрі.

Тауға кірген соң артта қалған тосқауышы тоғыздан бір қосар атты екеуі қуып жетіпті. Құбірлесіп қана Мақпалды аттан түсіріп, байлаудан босатыпты. Қап-қара жартас, караңғы шатқал, қара орман, кара жұзді үш қарақшы... бәрі де бейтаныс. Мақпал өз тауының қай үнгірі екенін де айыра алмай тұрып қалған екен.

– Енді ибалы бол, келін! – депті өнгеріп әкелген қатты колды бетен дауыс. – Тағы да асаусысан, лаж жоқ, қайта байлаймыз!

– Мен сіздерге өлсем де келін болмаймын, ағайлар, мендей қарындастарың да, қыздарың да бар шығар. Қанымға ортақ болмай қайтарып жіберіңіздер! – деп еңіреп жіберіпті Мақпал. – Менің өлімім іздеусіз қалмайды, өз тіршіліктеріңзеге де кесір болатынам анық!

Қарақшылар Мақпалдың өз ер-токымы ерттелген бетен атқа көтеріп мінгізіп жатып қайырыпты жауабын:

– Ақ қой сойып, ақ бата оқыткан, құдай қосқан өз орның, шырағым!... Басқа емеспіз. Әжен де, әке-шешең де разылыктарын беріп тапсырды бізге!... Өздері де келіп айттар, акылыңа келесің, қазірше ренжіме! – дей жүріп, шырқыраған Мақпалдың аяқтарын ат бауырынан қосып байлад та үлгерді. Ұзын арқанмен қолын денесіне шырмап байлад, арқан ұшын біреуіне ұстадты да, шылбырдан жетектей жөнелді. Екі асудан асып, жонға шықты да, қүншығысқа қарап зулатты. Үш сағаттай уақыт тоқтаусыз желе шоқырақпен жортып барып, теріскейге қарай енкейіп еді, түсірер жері түйік шатқалдың басы екен.

Бір топ ақ терек арасындағы тас үйден екі әйел шықты. Қатты байлаудан аяғы үйіп қалған Мақпалды аттан екеулеп сүйемелдеп түсірді. Екі қолтығынан екеуі әрен көтермелеп есікке апарды.

– «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң», он аяғынмен бисмилла деп кір, Мақыш! – деді бірі. Мұның бөле күйеудің жеңгесі екенін Мақпал дауысынан танып ширады.

– Мен келін боп тускенім жоқ, әпке, малша байлад әкелді. Егер қаныңыз болса бұған сіз де намыстануға тиістісіз! – деп серпіліп, тепсіне кірді үйге. Ауыз үй екен. Майшамның алакеуім сәулесімен бір бұрыштан қолын құсырып бөле күйеу көрінді. – Аманбысың, бауырым? – деп Мақпал тұра ұмтылғанда, ол ығысып барып, кішкентай есіктен түп үйге зып беріп еді. Мақпал куа кіргенде, амандаса алмай, ауыз үйге қайта шыға жөнелді.

Екі жеңге Мақпалдың бұл өжеттігіне құліскен болып, сонынан қуа кірді. Тұс киізді, шымылдықты жер төсектің алдына иығынан басып отыргызы «келинді». «Бөле күйеудің» өлексе жастығын білген Мақпалдың кекірегі сөл кенігендей соза құрсінді. Бейтаныс «жеңге» жаппақ болған желекті қолынан жұлып алып, лақтырып жіберді де, кешірім сұрады өзі.

– Жеңешетай, бір-бірімізге өштік-қастығымыз жоқ, жаңа көрістік кой, көңіліңіз қалады, бұл жөнінде зорлай көрмеңіз мені!... Осы жолда келін бол деп құдай зорласа да көріп алмақпын. Жазанын ең жогарысы өлім ғана шығар!

Бейтаныс жеңге, таныс жеңгеге ымдал қойып, ауыз үйге шығып кетті. «Сен ақыл айт!» дегені еken. «Әпке» болып алғаш сөгіс естіген жеңге енді ақыл айтпай, өз жөнін ғана айтты.

– Мақыш, мен тым алыста жүрсем де таниды екенің, енді не айтайын, «барып жеңгелік міндет өте, қайтсан де көндір» деген бүйрықпен келдім. Қазір сендерді жатқызып тастан қана қайтпақпын. Мынау біздің жігіттің нағашы жеңгесі, Сауырдан келіпті. Мұнан соң сол қарайды саған. Ендігісін өзің біл. Бірақ енді құтылуың киын. Құдайға тапсырудан басқа мениң қолымнан келер жоқ! – деп өксіп қалды әпкесі. – Әйтеуір, ақылды екенінді естітінмін. Өлім дегенге барма, қандай ахуал болса да тірлік кепек, сіңілім!

Ауыз үйден жуан қарақшының біреуді жазғырған түрпідей үні шығып, сөзі естілмей қалып еді. Іле-шала бөле күйеу күбірлеп жауап қайырды.

– «Бауырым» дейді, өзі үлкен екен менен, ұрып тастанады!

– Бойы ұзындау болғанымен, көрмеймісің өзің, жіп-жінішке! – деп сыйырлай кіжінді қарақшы. – Ал, сен одан жуансың, күшің толық жетеді, өз келіншегінен қорқа ма екен, ынжық!

– Оның қолы ұзын, буындырып кетеді!

– Қап мынаңың! – деп тістенген қарақшының күйесуді сыртқа жетектей жөнелгені сезілді.

Сөздерін шықылдап құле тыңдаған әпке «жеңге» Мақпалға қарай берді. Сәулелі шанакты көзі кең ашылып, безере қарады Мақпал да:

– Мениң өз шешемді білесіз ғой, сәлем айтыңыз, әпке, оған өкпем жоқ. Ана аюға билігі жүрмейтінін білемін. Өзі менен басқа бір жақсы баласы барын сезетін. Сонысын бауырына тартсын!... Мен қашанда бір табамын!...

Осыны сыйырлап айта отырып егілген Мақпалмен бірге

жылаған әпкесі, жат женге кіргенде шорт тиылды. Дастанқан ала кірген женге шәугім әкелуге қайта шыққанда, әпкесі сыйырлады:

– Мұнан соң мыналарға жуас болып көріне түрғаның пайдалы шығар! Ал, қайын інім өте аңқау-акымақтау бала. Биыл он төрттеғана ғой. Он бесте деп өтірік айтып жур. Жасырын қорқытсан да, алдасаң да айтқаныңа көндіре алатын сияқтысың!...

Екі женге зорлап отырып тамактандырыды Макпалды. Бейтанның карасы төсек салуға кіріскенде, әпке аталғаны Макпалды түзге ертіп шығып еді. Қайта алып кіргенде күйеусымықты төсек іргесіне жатқызып, шымылдықты түсіріп қойған екен. Макпалдың сырт киімі мен етігін тартып, зорлап шешіндіріп, шымылдыққа «ақыл» айта итермелеп кіргізген екі женге шыракты үрлеп өшіре сала шығып кетті. Кішкене ғана түп үйдің есігі сыртынан құлышталғанын естіді Макпал. Ақырын басып барып, ішкі ілгегін ілді де, астына бір көрпе жая салып, төрге жатты.

«Күйеудің» шымылдық сыртына домалап шыққанын Макпал сезбей қалыпты. Тағы бір аунап жетіп, жамылғыш сыртынан құшақтай алғанда, Макпал селк ете түсті де, шап беріп алқымынан ала түсті. Бөлесінің өзі қауіптенгеніндей кеңірдегінен тірер қысып, шиқ-шиқ еткізді.

– Үнінді шығарма! – деп сыйырлады сонан соң. – Мен әпекеңмін. Экен мен менің «шешем» бір анадан туған! Оны білемісің?

– Білмеймін. Әйтеүір сені менің келіншегім деген соң... осылай құшақта деген, тәтетай... құшақтамасам олар ұрасады!

– Менің тілімді алсаң оларға ұрысқызбаймын. Тілімді алмасаң осылай буындырып өлтіріп тастаймын. Тілімді аламысың, алмаймысың?

– Алайын, тәтетай, алайын, қоя бер!

Макпал алқымынан қолын босата бергенде, бөлесі шымылдығына қайта домалай жөнелді. Қайта бас салып ұстады Макпал:

– Менің сөзімді ұғып алып қайт!... Сенің Қади деген әпекең бар емес пе?

– Бар еді, күйеуге беріп жібердік.

– Мен сол әпекеңмен күрдаспын. Қадиды келіншегім деп ойнайдан ұлтамаймысың!

– Жоқ, жоқ, болмайды олай десем, ол мені қуып жүріп сабап, таспен ұрып, өлтіріп тастай жаздаған!

– Маған қылжақтасаң, таспен ұрмай-ақ мына қолыммен үнінді

шығармай, түнде буындырып өлтіріп тастаймын, өлгенінді ешкім білмей қалады, ұқтың ба?

– Ұқтым, ұқтым!

– Мұнан соң екеуміз ынғай бір үйде тұрамыз. Бірақ түнде менің қасыма келмейсің! Сенің қасыңа мен бармаймын. Ал, құндіз, мен не айтсан соны істейсің! Сонда екеуміз тату боламыз. Ағаларың ұрыспайтын болады. Ұқтың ба?

– Ұқтым, ұқтым!

– Мен сенің дәл Қадидай әпекенмін. Саған келіншекті өзіндегі гана кішкенесінен, ете сүйкімдісінен тауып беремін! Оны алғанша ешкімге айтпайсың, ұқтың ба!... Айтып қойсан, соның кешінде буындырамын, ұқтың ба?

Мақпал бөлесінің осылай алқымына да, ақылына да мықтап қондырып қайтарып, тып-тыныш ұйықтатты. Таңертең женгесі есік қаққанда төрдегі көрпе-жастығын шымылдық ішіне тастай салды Мақпал. «Күйеу» қасынан, шымылдық ішінен шыккандай көйлекшең барып, ілгек ағытты. Бейтаныс жеңге леген-құман, орамал, сабын кіргізіп, қатпарлы кексе көзінің астымен ғана күлімсірей қарап қойып шықты. Мақпал шымылдық сыртына отыра қалып, қайта киінді де бөлесін ояты. Бейтаныс қара жеңгениң кімнің әйелі екенін сұрады.

– Органшы нағашымның қатыны! – деп даңғырлады бөлесі. – Түнде сенің атыңды жетектеп келді ғой, органшы нағашым сол!

Бейтаныс жеңге, алғашқы өңгеріп ала қашқан қатығез жуан қараның әйелі екенін Мақпал енді ұқты.

– Тұр, киін! – деп бұйырды бөлеге.

– Макұл, тәтетай!

– Ақырын сейле! «Тәтеге» демей, «Мақыши» деп ата мені, ұқтың ба?

– Ұқтым, ұқтым!

Мақпал бөлесінің колына су құйып беріп тұрганда, женгесі есікті ашып қалып, ұялмасын дегендей тез жаба қойды. Мақпал құманды соңан соң бөлесіне ұстатып, беті-қолын өзі жуғанда есік тағы бір ашылып жабылды. Нагашы аға-женгесінің «күйеу» мен «келіннің» отасу-отаса алмау жағдайын бақылап жүргенін байқаған Мақпал таңертеңгілік шайды түйіле отырып ішті. Байланып келіп тым тез келіскендей көрінудің өзі де күмән тудыратындығын ескерген еді бұл.

«Дүзге» шығарғанин басқа уақыттың берінде де есік сырттан құлпытала берді. Бөлесіне осылай зорлап теліп, зарықтыру арқылы үйреністіріп қоспақ екендігін түсінді Мақпал.

«Телініп болдым-көндім, келін болдым» дегендей жалған ишараны күнсайын ашығырақ байқатып сендейруге тырысты. Сендейру арқылы сыртқа шығып, жүріп-тұруды оңайластырса, зыта жөнелу де оңайласпай ма. Құлімсірейтін де болды Мақпал. Бірақ нағашы аға-женге онысына алданбай, қамай берді. Накұрыстанип өскен жиені үш күн ішінде-ақ, күздін курайындағы сарғайып болды. Иші пыскандыктан “шығамын-шығамын” деп есік тепкілеп бакырды. «Сен шықсаң Мақыштың іші пысады, шықпайсың отыр! Картадойбы ойнандар!» деп сырттан нағашы женгесі зекіді.

— Сыртқа шығайық деп сен айтшы, Мақыш, сен սұрасаң шығарады! — деп бір күні таңертең Мақпалдан да өтінді бөлесі.

— Мен айтсам «ұят» болады! — деп сыйырлады Мақпал оған. «Мақыш екеуміз жақсы болдық кой, енді не өштерін бар бізде! Екеуміз бірге шығамыз, қарап тұрындар өздерің, тоғай аралап сергіп келейік» деп айт!

Мақпал осы сөзді бөлесіне түске шейін жаттатып, әрек сөйледті. Есік ашып үнсіз құлімсіреп қана тыңдаған женгесі Мақпалға сыйнай қарап кіріп, желек салып еді, «келін» бұл жолы қарсылық көрсетпей жамыла салды. Қос тұтқынды соның өртегіне алтыншы күні таңертең нағашысы шығарды сыртқа. «Осы үй маңындаған ойнандар, бұл тау қазір иен, қасқыр ашыққан уақыт. Аю да көп, жеп кетеді!» деп қорқытып шығарды. Мақпал желекпен үнсіз ғана мойындағандай ілесті бөлесіне. Сөйтсе де, онысын нағашы күбірлі зілді бұйрықпен басқарып, үй маңындағы тоғайды ғана аралатып қайтарды.

Екінші күнгі екінші сейілді де, үшінші сейілді де әккі аңдушыларын секемсіз сендейру үшін сондай ибамен өткізді Мақпал. Сол үш күн ішінде ерттеулі аттың күндіз бекітілетін жерін де, жонға шығатын жолын да біліп болып еді. Төртінші күні сейілдеуге бөлесін сол аттар бекітілген жаққа қыстаң беттетті де, бір қолын ұсына бұйырды.

— Мені сүйре!

— Неге?... Ұрмаймысың?

— Тілімді алсанға неге ұрады екенмін, жүгірт мені!

Бөлесі Макпалды қайдағы бір топ қарақатқа қарай дедектете жөнеліп еді. Арттарынан баспалап қарап тұрған жуан кара айқай салды.

— Ой, қайда барасындар?

— Қарақат іздейміз дейді! — деп оған Мақпал дауыстады да, — сүйрей бер! — деп бөлесіне бұйырды. Өзін «күйеу» тоқтата алмай

зорланып бара жатқандай бейнемен сірікке тайғанап жығылғансып, тұра сала тағы «дедектеді».

Бақылаушыға көрінбейтін бір жырага түсісімен «мықты қүйеуді» домалата сала зытты өзі.

— Ал, қуала мені! — деп жыраны өрлей жөнелді. Борсандаң ток «күйеу» қалды да, тастан тасқа орғып, жарau «келіншек» кетті. Құз жартас түбінен кеше көрінген ер-тоқымды екі ат бүгін жайдак, екі жерде арқандаулы екен. «Жүйрігің осы болар» деген бір күреніне жетіп барғанда арт жағынан айқайлаған жуанның зор дауысы шығып, барлық жартастарды жаңғырықтырды. Мақпал арқаның бір ұшымен күдір күренді ноқталап жіберіп, шапанын тоқи сала ырғып мінді. Біреу ыршып кеп аш белінен жабыса түсті дәл осы кезде, ат үстінен жұлып кеп алды да, аяғын жерге дік еткізді.

Жартас үнгірін панарап, ат бағып жатқан қызылкүрен бір қарақшы тағы бар екен. Үйқыдан қанталаған қыық көзін Мақпалға қадай түсіп, атын қайта арқандады...

Үлкен қарақшының аласұра жетсе де аяй ұрган бір шапалағымен Мақпалдың қылмысы, екі шапалакпен «күйеудін» қылмысы кешірілгендей, жым-жырт қосакталып, қайта қамалып еді. Содан тағы екі күн өтіп, үшінші күн жеткенде сыртқа «күйеу» ғана шықты. Шыққанда да мықтап шығып, Мақпалға түскі шайдан басқа уақытта көрінбей, кешкі жатын орында ғана кездесті. Бұрынғыдай емес, кесірлей кездесті. Үйкі бермей жалына берді Мақпалға: «ожалғыз жатсақ қорқамыз фой, бірге жатайқыш... тиіспеймін фой!» деп жалынады. Жалынған баланы жазалау киын екен. Қылғындырмай, шымылдық ішіне бірнеше рет желкесінен қысып қана сүйреп кіргізіп таstadtы. Онысына қоя қоймаған соң кенірдек жағына үлкен ескеरту айтқандай бір рет қана шиқылдатып қайтарып еді. Таңға жақын өзінің сілесі қатып, қатты ұйықтап кетіпти. Жамбасына конған мысықтан ауыр, қозыдан жеңіл бірдемені сезіп ояна кетсе, бөлесінің бір саны екен. Арқасына жабысып, үшкір тұмсығын етке сініріп алған түйекенедей қадалып қатып қалыпты. Шынтақпен бүйірлеп, қабырғасына түйілеп жіберіп, әрекең ажыратты Мақпал. Мұндай өнерлінің кеудесін мықтап басып қоймаса, қатерлі болатынын білді. Көкірегіне қона сала екі қолын тізесімен басып алғып, ал, шапалақтамаймысың. Кенірдегін «ойбай» мен «аттанға» жібермей қысып, шиқылын ғана шығарды. Ішінен ілінген есікті жүлкылап, аша алмаған жуаннан ғана жуан үн шықты енді.

— Қылғындырма!.. Ей, келін, босат қолынды, өлтірмекпісің!

– Ие, өлтіремін де, өлемін де! – деп Мақпал шақ ете түсті. – Ақымақжиенінді бұлай құтыртуынды қоймасаң, біздің сонымыздан өзің де өлесің!

– Күйеуін ұра ма екен, құдайдан безген!

– Құдайдан безген өздерің, бауырын әпекесіне қосақтай ма екен!

– Босат қолыңды, қоя бер!

– Макұл, болсын, танертең сен де қоя бер мені!... Тірі тұрғанымда өз еркімнен тыс ешкімді де басындыра алмаймын! Мына ісіңнің аса қатерлі екенін ойла да, қайтар!

Жуан ұн осымен тоқтады.

Өндіршектеуден бөлесі де тоқтағандай, ертеңіне кешті тыныш ұйқымен өткізіп еді. Енді шарифатшыл қатындарды әкеліп, өндіршектетпек екен. Ұшинші күні түсте бір топ қатын сау ете түсті. Мақпалға бейтаныс екі кемпір бұбі «ерек киесі» туралы екі сағат хикая айтты да, емшек сүті араласпаған немерелерді қосатын шаригат туралы бір сағат сапылдады. Ал, Мақпалдың жауабына жарты минут та тиімді.

– Апайлар, бұл шарифаттың татар-өзбек байларының ғана шарифаты, бұған Омарбек пен менің соқыр әжемнен басқа қазак муриті табылмайды! – дегенше аузын баса қойды жеңгелері.

– Тәйт ары! – деп екі бұбі қатар зекіді де, үлкен қайын атасының атын «батпітып», «мұріт» дегендігі үшін екі-үшеуі жабылып шымшылап, додаға сала жаздады.

Молданы шақырып кіріп, ауыз үйге жүгінтіп те қойған екен. Төр үй есігін аштырып тастап, дереу неке оқытты. «Разымысын» деп сұраған молдаға қүйеу атынан «разымын» деп орта жасты бір ерек жауап берді де, Мақпал атынан бір жас әйел жауап бере салды.

– РАЗЫ БОЛСАНДАР ӨЗДЕРІҢ-АҚ НЕКЕЛЕНІНДЕР! – дегенге ғана жетті Мақпалдың мұршасы. Қасында отырған бір женге аузын баса қойды.

«Күйеу» атынан разылық айтушы ерек, «келін» атынан разылық айтушы әйелдің қайын ағасы екен. Бұл күнәсі үшін Мақпалды өкіл әйел бас салып, аузын шымши берді. Тіпті тырнақтап та жіберіпті. Аппак бет қып-қызыл кан болып көрінгенде, ол дәүперімді тағы бір дәүперім әйел бас салды. Тырнаушының беті де Мақпалдың бетіндегі боялғанда ғана арашаланды...

Тату сампылдаса келген әйелдер өзара қату сампылдасып, күн енкейе асты асудан. Інірдегі дастарқанда жастау екеуі ғана қалғаны

көрінді. Бұрынғы қара женгемен үшеу болып, Мақпалды «күйеу» көрпесіне кіргізді де шымылдық түсірді. Сыртынан сақшыдай күзетіп үшеуі қатар жатты. Шырак өшті.

— Бауырым, тыныш жатпасан жазанды қолма-қол беремін!  
— деп сыйырлады Мақпал бөлесіне. «Күйеу» алдыңғы күні ғана көрген жазаны қайта көрмеуге ант еткендей іргеге қарап тоңқайды да, қозғалмай қорылдап қана таң атырды.

Женгелерінің ерте түрекеліп, ауыз үйдің тым ерте қозғалғаны Мақпалды елеңдетіп еді. Өзін түзге шығарғанда комдалған екі түйенің есік алдына шөгерілгенін сезді – «отауды» көшірмек еken. Асығыс жасалған шайдан соң оқалы камзол, үкілі желек, шытыралы камар, әшекей айшықты кебіс-мәсі әкелген әлті үш жендет үш жағынан жаландап, басқаша порыммен киіндіре бастағанда бір-ақ түсінді, өзін басқа жаққа әкетпек еken.

Сырттан жуанның күбірін естіп келген біреуі үкілі желекті тымаққа ауыстырып, оқалы камзол үстінен олпы-солпы ерек шапанын кигізді де, Мақпалды сыртқа шығарды. Мырзалау ғана ертүрманы шардақ көк бие көлденең тартыла қалған еken. Аяғын тағы да ат бауырына таңдырмау үшін Макпалдың өзі еркімен мінді. Тізгіні өзіне тиғенімен шылбыры тағы да жуан қаракшы қолында. Көз жасын үnsіз парлата жөнелді. Жетектеуші де айдаушы да, айқара басқан сұры тұман да жым-жырт, тұксие түсті...

Біріне-бірі жалғаскан кояжыр-кожыр бөктерлер, қиқы-шойқы, кедір-бұдыр керіастар арасында үзік-үзік соқпақтар. Үш күн басқан жолын үш жыл кезсе де қайта таба алмайтындей, басын айландырды Макпалдың. Үшінші қоналқыға жеткен түкпірі – ендігі қамалатын абақтысы – иен қыстау еken. Бұған айсыз қаранғы тұнде жетіп түскендіктен қай жақтан келгенін де білмей қалды. Жалғаса қаланған бірнеше есікті аласа тас үйлерден Мақпалға ортадағы кішкентай есік ашылды. Аяқ аузындағы ғана жалғыз көзді терезесі бар аядай бөлменің бір жақ жарымын ағаш кереует алышты. Бөлесін мұнан кейінгі кеңірдектейтін үшшігі осы еken. Сауыр адырларының біріндегі нағашы қыстауына осылай келіп қамалыпты.

Содан үш-төрт күн өткенде екі жағындағы қабыргалас үйлерге күзеуліктегі үлкен ауылдан екі отау көшіп келіп түсті. Бірі «ортаншы» делінген жуан қарақшының өз үйі де, бірі бөле күйеудің айтуынша кенже нағашысының үйі еken. Маймандаған семіз кемпірді екі келіні тар есіктен нығарлай кіргізіп, төсек алдында жаланбас отырган Мақпалды көрсетті. «Шашу» шашты. Келін сиқында иба, илігу-имену дегендерден ештене сезілмеген соң, есікке дереу қайта

бұрылып кептелді кемпір. Бұйрықты сырттан түсірді. Желек салу, жас жиенге жел беру, жасындырмау – басындырмау... тағы басқа не бұйрыктар бары белгісіз, әйтеуір Мақпалдың алғаш көрген тұйығындағы науқандар қайта жүргізді. Бірақ, қос женге сыртынан құлыштаудан басқа міндетке сыйайылық сақтап, сыйанып кіріспегендікten, бұл жолы да ештеңе өндіре алмай, Мақпалды же-лекке де көндіре алмай қойды.

Женгеліккә әйелінен ғері Әбеу атты кенже нағашысының өзінің ойы бар екен. Макпал ілген ішкі ілгекті сыртынан бұтамен ағытып кіріп, бір-екі түнде Әбеу жыландағы ыскырды. Макпалмен арбасып қатты айтысты. «Келіні кем түспей қойғандықтан, «дарынды» жендеттігін әшкерелемесін бе. Кереуетте тоңқайып жатқан жиенін көтеріп әкеліп, жер төсектегі Макпалдың үстіне екпеттете басты. Әрине, жүрекшайлы күйеудің өзі шырқырады мұнысынан.

– Әкетіндер мына арасыздарынды! – деп сыртқа Макпал айқайлады. – Неткен тексіздік бұл!

Қабырғалас үйдегі кемпірдің құлағын кебісше кие жөнелгендей болды бұл сөз, ол үйден ол аю ақырғанда, есік алдында тыңдал тұрған ортанишы жуан жолбарыс күркіреді.

– Әбеу, қайт! Шық бері!

Дәл осы шакта Әбеудің босай қалған алақанының астынан мысықтай ыршып жиені шықты. Алды-артына қарамай қашып, нағашы шешесінің қойнына тығылды барып. Мақпалдың әлгі сезінен сырттағы жуан шімірігіп, өз үйіне кіріп кеткен болатын. Бөлесін серпіп тастап, көрпесін қымтана қойған аппақ Макпалға енді Әбеудің өзі төнді. Мұны үлкен деп сыйлаудың тіпті де қажет жоқ екендігін енді түсінді «келін». Дәл тұмсықтан теуіп кеп жіберді.

– Женеше, женеше! Балкуміс, құтқар мына тексізінен! – деп бар даусымен айқайлады соナン соң.

Есікті шарқ еткізіп теуіп, шашқылдай кірді жас әйел. Қайын ағасы үйіне кіріп кетісімен есікке жетіп, тыңдал тұр екен. Дәу та-науын қолымен басып тұрып қалған Әбеу, жармаса түскен әйелін шынтағымен қағып жіберді. Ишкі-сыртқы ащы тілдер астында аузы мен мұрнынан мыңқылдай сөйледі Макпалға:

– Қайтып ыңқояйың, носы ңқылығың нұшін ңөзім күн тоқал нетемін сені! Бәдешке іңкөнбей ңкөрші ңқане!

Әйеліне женгесі келіп қосылып, ала жөнелді Әбеуді.

– Негып жүрсің ей? – деді ағасы Әбеуге сыртта күбірлей кіжініп, сүйрей жөнелді оңашаға. – Осындей да масқаралық бар ма?

– Іңне деп тілдегенің ңестімедің ме!

– Тексіз деді, бұдан да өткен тексіздік өтуші ме еді! – деп ағасы шарт еткізді шапалакпен. – Сенен басқа қай казақ өнменделті келініне!

– Ңешқайсыңмызды наадам құрлы ңкөрмей асқанқтауына ңқалай шыдайсың! – деп бажалақ қақты Әбей. – Еркектік намысмызы қайда!... Еңгер нөз қүйеуін менсіңбесе, менің қалай қорлап ңайелденетінімді іңкөресің!

– Жап аузыңды! – деп ағасы гүж ете түсті. Шарт-шұрт, онды солды шапалактан шегінген Әбей де қатуланды енді.

– Ой, Әбдібай, ағалығыңды сыйлаудың шегі бар. Тап қысқарт енді!

– Қысқартпасам қайтпек едің! – деп інісін ағасы бас салғанда, сыртқа шыққан семіз кемпірдің дауысы естілді.

– Өй, әдіра қалғырлар, не жетпеді сендерге! – дегенде-ак тыныштала қалды екі дәу. – Осы мінездерінді біліп-ак келіппін-ау! Әбдібай, сен естілеу едің ғой, қарғам, қайта ғой үйіңе, анау бетсіз сұрының жазасын өзім-ак берермін!... Бәдеш! – деп шақырды сонсоң жиен баласын. – Сен де бара ғой отауыңа! Мақыш бір ашуын берер маған!

Бәдешті кіші женгесі «отауына» жетектеп әкеліп кіргізгендे, Мақпал шырақ жағып алыш, есік ілгегін таспен ұрып жөндеп жатыр еді.

– Қорқып қалдың-ау, Мақыш! – деп күрсіне күбірледі кіші женге. – Мен бармын ғой, қайтер дейсің!... Сөйтсе де, сақтанғаның жақсы, қызыл көрген соң мұндайлар тіміскілер-ак әлі! – Кейлекштаншаң жалаңақ қүйеусымақты кереуетіне шығарып жатқызған Балқұміс үйіне қайта барып, тістеуік әкелді.

Мақпалдың есік ілгегін жақсылап иіп берді.

– Екі күшіктеген соң амалсыз байланып қалғаным болмаса... мен де көріп жүрмін-ау бұдан! – деп сыйырлады да, көз жасын сығып-сығып алды «женгесі». – Мінезі осы!

– Мені де сізше солай байлау үшін әкелгені ғой!

Мақпал осы күбірмен қыстыға еңірегендеге маңдайынан сүйіп алған оймақ ауызды қып-қызыл Балқұміс, тілеулестігін айта шықты есіктен:

– Сабыр ет, шырағым, шама шарқым жеткенше көмегінде болармын!

Алқам-салқам көп үйлі иен қыстауда жеті кейіпкерлі комедия осымен аяқтағандай түнекті тұн тыныштығы орнай қалып еді. Но-

ябрь сонына таман ауыл түгел көшіп келді. «Зорлайтын женге жendetтер енді көбейді-ау!» деген қаупі күшіе тұсті Мақпалдың.

Сауыр жотасынан етек жайған қар бұл қыстауға да бір жауып салған құні тұтқын «келін» мен «күйеуі» тосыннан тағы да кийіндірліді. Мақпал женгелерінің желек салуына карсы шығып тұрғанында, есік сыртынан жуан ақсақалдың данғырлаған кеңшілік үні естілді:

— Мейлі, желек салынбай-ак қойсын, тымакпен-ақ барып қайтсын! — деді ол. Үйренген тымағын кептеп кие сала шыққан Мақпалға қою бурыл сақалды шал бағдарлай қарады да, сырт айланып жүре берді. Кішкене күйеудің таудай көретін нағашы атасы осы еді. «Жана келіннің» именсіз бадырая қараған шаралы көзіне тұртіп қалғысы келгендей түйліге қарап бұрылды. Саптама етік, желбегей жамылған мол барқыт шапан, тұлкі тымағымен сыртынан көрінгенде палуан денелі кісі екен бұл да. «Қайын ата деп танымасам да қайымсыз әдет көрсетсем nem кеттер еді!» деген оймен төмен қарап тұрған Мақпалға тағы да сол көк шардақ, енді күміс ер-тоқыммен көлденеңдеді. Мақпал тағы да өз еркімен мініп еді. Сәнді киінген қонқа танау сұры Әбеу қамшысын сүйрете шығып, дередегі атына ұмтылғанда жүргегі зыр ете тұсті қыздың.

— Ей, сен қал! — деп Әбеуге зекіді ақсақал. — Ой, Әбдібай кайдасың, бар, мына балаларды сен бастап апар! Бол, жүріндер тез!

Бұйрық табанды орындалып, бала күйеу, Балкуміс, Мақпал — үшлеін ортанышы жуан бастай жөнелді. Ақсақалдың батпақшылықта уақытсыз қыдыртып жіберген жері Сайырдағы Көнбай атты інісінің ауылы екен. Мақпал онда барып бұйымтайсыз-жұмыссыз бір апта қамалған себебін түсінбей, аса құсаланып қайтып еді. Артынан естісе, олар Сайырға аттанған күннің ертеңіне ауылға ұстазы Дүйсен келіпті. Оның Мақпалды іздең шыққанын алдын ала хабарланған «ұзын құлак» сұмдар Мақпалды тасалауға қыдыртқан екен. Дүйсеннің келіп айтып кеткен сөлемін Гүлсана Мақпалға содан бір апта өткенде «түзге» шыққан уақытында әрен жолығып жеткізіпті. Биганға дерегім жететін болды деп куанған Мақпал содан бастап, Гүлсанага кезіккен жерде мені суреттеп та-ныстыра берген екен.

Әбеу құтыртқан «кенесі» Мақпалға сол қыста екі рет қана жа-бысып, екі рет қана маталып, шиқылданты. Терезе сыртынан соны естіп, нағашыларының ақырғаны болмаса, бұл қыстан қысым

көрмей шығыпты Мақпал. Балқұміс арқылы Жеменей сотына еki рет, Алтайдағы аймақтық сотқа бір рет арыз жолдап та үлгеріпті.

Қар кете келеді деп мені күткен Макпал арыздарына жауап күтіп, ұйқысы қашып жүргенінде сұмдықтың ұлкені көрініпті бір күні: Қөктеуге ауыл көшісімен «жаңа отауын» Көнбай ауыльның көшіре жөнеліпті. Өзінің сыралғы бөлесімен ғана емес, сұры тажалдай Әбеудің үйімен бірге көшіріпті.

Макпал үшін ең қатерлі жаз басталды сөйтіп. Іргелес берік, ілгегі мықты там үй емес, айбарлы ері, иә, асалы қарты, салмағы-сақтығы бар ұлкенірек те киң үй емес, желге жеңсік, есерге ебелек көрінетін титтей отаусымақтағы күшіктей ғана күйеусымағын менсінбейтін сұлуға сұқ көз, суман қолдар қебейе бастады. Түнде іргені, иә, жабыкты қөтеріп кіріп, кезек-кезек сумандады. Жай ақылға көніп, кет дегенге кете қоймайтын сұғанақ иттер де бар екен. Ондайларды өзі оқтаулап, бөлесін аттандатып әрең кетіретін болды Макпал. Сол сумақылардың ең сотанақысы Әбеудің өзі болып еді. Оны артынан қуа жеткен Балқұмістің көсөуі, алдынан Макпалдың оқтауы әрең қаймықтырып, зорға қайтарып жүрді. Ақыры Әбеу мен Балқұміс үш тәулік толассыз соғысып, айрылысу үшін Көнбайға жүгінді. Көнбай Әбдібайды шақырып, екеуелеп соккылады да, ауыл молдасының алдында ант ішкізіп әрең тиды Әбеуді.

Басқа бейтаныс сұғанактар торыкты ма, зорыкты ма, бұл сұлуды көндіруден әйелдікке айтырды көндіру оңайырақ екендігін түсінді ме, әйтеуір толастай қалды. Түнімен соғысып, таң ата талығып жығылатын Макпал тыныштық таба қалып еді сөйтіп. Бірақ бұл тыныштық та баянды болмады. Шілденің ақырына таман біртүрлі мазасыздық тағы жетті Макпалға. Бөлесі екеуін Көнбайдың бір ұлы айдалап, бір ұлы жетектеп, уақытсыз қыдыртып әкете берді. «Биған мұнда да келіп тінтіп жүр екен-ay!» деп айқын сезсе де, үнсіз егілуден басқа лаж таба алмай айдала берді Макпал. Орман күзетшісінің жалғыз тамына да, қыстаулық, күзеулік жайылым күзетшілерінің лашықтарына да қамалып, он шақтың серуендереп қайтарылды. «Биған мені таба алмай қайтты-ay!» деп онан сайын егілді. Тым болмаса менің сәлемімді Гүлсанадан естісе игі еді!

Көнбай ауылындағы күндер осындаи сергелдеңмен өтіп жатқанмен, сергітетін үміткерлік істер де естілді. Балқұмістен өтініп, оның ең пысық деген бауырын шақыртты күзге таман. Алтай жерлік парткомға барлық ахуалын баяндалап, құтқаруды өтінген арыз дайыннады. Өзінің күзде, қыста, жазда табылатын адрестерін

түгел айқындал, толық ескеरту жазды. Шақырылған уақытынан біраз кешігіп, сентябрь жарымдағанда жеткен бауырына Балқұміс арызды жерлік парткомға өз қолымен жеткізуді мықтап тапсырып аттандырды.

Сол балдызынан секем алған Әбеу, «Мақпалды игеру» кимылына қайта кірісті енді. Әйелін ұрып таяққа жығып тастаған бір күні бұрынғысынан өсіп, ержетіп қалған Бәдешті Мақпалдың көзінше ашық қайрады. «Жігітке өз келіншегінің қасына жата алмаудан өлген жақсы», «ерді намыс, коянды қамыс өлтіреді», «соншалық намыссыз неткен ынжық еді! Күшің былтыр жетпеген болса, енді биыл толық жететін зіңгіттей жігіт болғаныңды білмеймісің! Мына сұлуды егер сен ала алмасаң, «ерден кетсе де елден кетпейді», мен аламын, ұғып кой!... Егер саған бәйбіше болғысы келмесе, маған тоқал болады. Басқа барап жері жок. Осыны екеуің де ойланып көріндер!» – деді.

Мақпал да егеспен жауабын қатты қайрып, тірі тұрғанда берілмейтіндігіне серт айтып шығарды. Әбеу інірде жиенін сыртқа шығарып алғып, тағы да күбірлеп кіргізді. Ел үйқыға жатысымен алысты бөлелер. Жанталас шайқас отауды шақырлатты. Мақпал бұл жолы астыға қапылыш түсіп қалып әрең аударды да әрең шиқылдатты. Жан ашуымен қатты қылқындырып еді. Аз уақыт өтпей өзі шыр ете түсті. Бір күшті қол арқасынан сап ете түсті де бас салды. Ол бас салған мықтының Әбеу екендігі, іле-шала өзінің шалқадан түсіп аттан салуынан танылды. Оны аңдып тұрған тағы біреу бас салып, тепкіләй жөнелген еken. Үшінші рет аттандуға мағдыры жетпей қырылдай қалды Әбеу. Соққыға жыққан екі малшы мырзаны есіктен сүйреп шығарғанда, ауыл адамдары шұлы отауға қарай «домалап» келеді еken. Көйлек-штан үстінен қаптал шапанын желбегей жамыла мамырлап келе жатқан Көнбайдың алдына Әбеуді тастав ақырды малшының бірі.

– Не қылық бұл!... Келінін інісі үшін қайын ағасы зорлау қайдан шыққан!...

– Қандай хайуанның ісі бұл! – деп малшының тағы бірі үмтүлді.

– Қарақтарым, Қазыкен, Бәзікен сабыр етіңдер! – деп қалтыраган Көнбай, Әбеуден ант алған молданың үйіне қарай айқай салды.  
– Ой, молдеке, Жантас, бері кел, бері кел! Мына ант атқырдың азғындығын көр!

Үйінен шығып молда айқайлады:

– Өй, байеке, анау келін-кешилкітің, балалардың алдында не

дейміз, өздерің бері келіндер!... Қазыкен, «ашу алдында, ақыл сонында» мұнда келіп сөйлеселік!

Қазыкен, Бәзікендер қылмыстыны сүйреп, іркілдеген Көнбай, Кенбайлар өздерін-өздері сүйрекендей ынқылдай дедектеді молдаға.

Таяққа күндіз жығылған Балқуміс Макпалдың үнін естісімен сенделектей түрегеліп, сыртқа шыққан болатын. Қүйеуі «кіші отаудан» сүйреліп шыққанда ол кіріп Макпалдан көніл сұрады.

– Бүгінше бармын, женеше! – деп үн сала еніреп жіберді Макпал. Қаранғы үйде екеуі қосыла еңіресіп, сөзге мұрсалары келмей отырғанда сырттағы көпшілік молданың үй жағына кетіп еді. Екі жақ сөз бастасымен молда екі кемпірді Макпалдан қылмыс анықтауға жіберіпти...

– Қайын ағаңың еті дарыды ма, дарымады ма, қалқам? – деп біреуі құбірлеп қана сұрады Макпалдан. – Ұлы істе ұят жоқ, бізге шынын ғана айтсан болғаны! Өзінде айып жоқ екенін бәріміз де білеміз!

Улken аналардан шыққан осы сөздің ұттынан жерге кіріп кете жаздаған Макпал, тұқырып, түйіле түсіп, қалай сөйлегенін де сезбей қалды:

– Дарығаны несі, тірі тұрғанымда мұндай жабайылыққа жол бере қоямын ба? Бірақ, жабайы болғанда да... тіпті тәбеттей ұтсыз... соған намыстанамын!

– Е, болды онда, ештеме етпес, түзелер бар жағдайың!

– «Жас есіп, жарлы байымай ма», – деп екінші кемпір ғана зіл сезілдірді сөзінен. – Әлі-ак бақытты боларсыңдар!

Екі кемпір шыға жөнелді осы жауаппен. Біраздан соң бөлесі әлдекімнің итермелеуімен қайтып кіріп, өз төсегіне сұлай кетті де, Балқумісті Макпал сүйемелдеп, өз үйіне кіргізіп қайтты. Есікті босағадан шандып байлап, өз орнына қисайды. Қайтадан жым-жырт бола қалды ауыл. Таң атқанда тіпті жым-жырт, түндеңі оқиға сондағы қаранғылыққа сіңіп, сол түнмен бірге жым-жылас жоғалғандай.

Сол жым-жырттан жым-жырт, сұрлана-сұрлана күз ақырласты. Алғашқы кар жауды. Әбеу төсек тартып жата берген сайын сұрланған ауыл, тіпті жым-жырт. Заман жаңағанын Қазыкен, Бәзікендердің жауапқа тартылмағанынан біліп Макпал жатты. Бұл ауыл қыстауына көшерде үлкен ауылдан көлік келіп, екі отауын көшіріп әкетті. Ердін қасына төрт жастық қойып өбектеп әрең жеткен Әбеуді көргенде әке-шеше, туыс-туғандары тіпті

сүрланды. Жым-жырт, күн бұлай өте берсе, мына жендеттер өзін жемтікке айналдырмай қоймайтынын түсініп Мақпал да сүрланды. «Басқасын былай қойғанда мына жаман Бәдештің бес жас үлкен өзімен жағаласатын болғанын көрмейміс! Ерек емес пе, күші өртең-ақ асып, емін-еркін зорлайтын болатындығында күмән бар ма!... Балқуміс айтқандай «күшіктесе» күні не болмак!... Осы қатерден тітірей беретін болды Мақпал. Мұндай зорлықпен лажсыз көндіру бар екен, әрине күшік өндіре де бар ғой. Оナン соң тірлік не болмақ!...» Күшікті қыңызылатып тастап, сүйген жарға қалай тірі көрінерсің! Шипасыз қасіреттің емі тек өлу, өлу ғана болмақ!... Зорлықта төтеп бере алмай жеңілген күні-ақ жерге кіруім жөн!» Осыны ойлап тітіреді Макпал. Бесік күйеудің беті қалындал, күшейіп келе жатқанын көрген сайын тітіреді.

Мақпалдың осылай қысылып жүрген шағында Гүлсана, айттар сыры барын сездіре жалтақтап, әудем жерден қарағыштай жүрді. Әбеке сокқыға жығылып келгеннен бері тіпті аларған көздер, оған Мақпалды «дүзге» баған шағында да жақын келтірмей қойған. Гүлсананың бір хабарды жеткізе алмай тықырышып жүрген жайын сезген Макпал да тықырышып, Балқуміске жалынды.

– Женешетай, әнеу үйдің қызынан сұрашы, маған келген хат бар ма екен!

– Келсе дә айтпайды ғой, маған сенбейді!... Оナン да, мен ауырдым деп сени суға жұмсайын. Оған сен өзің ғана жолық!

Сай тағанындағы бұлақтан су тасу құқығы Мақпалға соның өртеңіне таңертеп иинағашпен бірге тиді. Қар қалың түсіп, сырттан келетін жол беки қалған күн еді. Сонда да текше төріндегі үй төбесіне Әбдібайдай айбынды қарауыл орнаған соң шығарылыпты. Гүлсананың үйі бұлаққа түсетін жалғыз аяқ соқпаққа жақын шетте еді. Жолға түскен Мақпалды көрген шешесі қарауылдағы жуанға да баспалай қарап қойып кірді үйіне. Макпал ол кірген есікке көз қыығымен қарай-қарай өтті.

Сайдан ол қайта өрлеп шыққанда әрен қөрінді Гүлсана. Шелектерін иинағашпен бұлғақтатып, әдейі тентектене даңғырлатып келеді екен. Жақындағы бере Макпалға жол бергенси омбыласп тұра қалып сөйлемді:

– Мақыш, жазда Бигабіл аға келген. Айтарлық қуанышты хабарым бар еді...

– Рахмет жаным! – деп Макпал өз жолына үçілген беті жылжып жүре жауап қайырды. – Қағазға толық түсіріп, менің қызыл тал тұсына бұрылғандағы бірінші ізіме көме ғой! Өзің сол ізді басып өт!...

Мақпал ол бұрылыс қадамын белгілі кесек тастың түбіне басқан екен. Суға өртөніне кешке жақын барғанында бес тарақ қағазға жазылған кесек хат тауып қайтты.

Сауырға мениң барғанымнан қайтқанымда дейінгі барлық ахуал мен Гұлсанадан айтқан сәлемім түгел жазылышты. «Отауына» қайта қамала сала оқыған Мақпал алдымен хатты сүйіп-сүйіп алыпты да, құшақтай алып діңгекті сүйіпті... «Жоқ, енді ешкімнен де жеңілмеспін!» депті сонан соң. Бұл сүйгендігі өмірге деген құштарлығының еселең артып қозғаны екен. Содан кейінгі уақытта үш рет шабуылдаған бөлөні үш рет жаңыштап, жүрегін біржолата қайтарыпты.

Қантар жарымдағанда Әбеу жазылышты. Бір күні тұс уақытында «отау түрменін» есігінен кіжініп те кетіпти.

– Енді көресің менен!

– Көрсетпек болсаң енді өлесің! – депті Мақпал ашық дауыспен сақ ете түсіпти. Гұлсанамен хат жазыса жүріп, ықшам ғана шойын шоқпар тауып қайтқан екен. Бірақ, Әбеу «көрсетер» түніне жете алмай, шоқпар жей алмай қалыпты. Содан екі күн өткенде ел жата байдың үйі дабырға тола кетіпти. Екі-үш адамның аяқ сықыры Мақпалдың есік алдына келіп, құлып ашылышты.

– Есік аш қарындас, қорықпа!... Біз сақшы қызметкеріміз! Арызың бойынша құтқаруға келдік!...

Мақпал арқалықты шанаға жайғасып отырып, қасқыр ішікке оранып алып, зырлай жөнелгенде ауылдан ешкім шықпапты сыртқа. Мықтылары қорқып шықпаса, шеттегі қоңсы үйлері сезбей де қалған сиякты. Мақпал тұсқен шанамен қорғаушы он атты әскер Жеменей сақшы мекемесінде қалыпты да, шоферден басқа құралды бір жауынгер мен екі әйел отырған кішкене машина Мақпалды аймаққа (Алтайға) ала жөнеліпти.

Екі күн өткенде соттан көрініпті бөлесі. Нағашылары мен төртеу болып келіп қамалған екен...

Әйелдер қоғамының бір бастығы Мақпалды тергеу біткеніше үйінде ұстaugа міндеттеліп еді. Тұсі суық жуандар сол үйге де үніле берген соң, сақшыдан күзет қойыпты. Содан төрт-бес күн өткенде үй иесі сұрлана кіріпті сырттан. «Маған өшікті» дегеннен басқа ештеңе айтпай қайта шығып кеткен екен. Жепаңжұніше күйнен бір ханзу әйел інірде келіпті де, Мақпалдың басынан сылап, өз үйіне апарып қорғайтындығын айттыпты.

Мақпал бесік күйеуден азат болғандығын да, бұл қыста Дөрбілжінге қайта алмайтындығын да сол үйде естіпти. Бір апта-

да маған екі рет хат жазыпты да, поштаға сол «мамасын» жіберіп салдырыпты. Өзіне лайық оку құралдарын «бабасы» арқылы тауып, үйден «жалғыз шықпай», «қатерге ұшырамай» оқып, жаз шығарыпты.

«Мен сұрастырып, естіп біліп жүрмін», – депті «бабасы», Макпал түсінетін болған ханзуша тілде. – «Саған қастық дайындағандар аз емес. Сен Үрімжіге барып, партия мектебінен оқы, Дөрбілжінге сол жақтан қайт!...»

Макпал бұл ақылға да көнген болыпты да, маған тағы да хат жазып, «мамасына» ілесіп барып, өзі сальшты поштаға. Бір айдың ішінде менен бұл хатына да жауап ала алмай, күмәнмен торыға бастапты. «Масқараға ұшырау үшін болмаса Дөрбілжінге енді кіміме бармақпыш, байқайын!» Үрімжіге – партия мектебіне барып окуға осылай бекіпті. Жүрер кезінде маған тағы да хат жазып, «көрек болсам, мені енді Үрімжіден – партия мектебінен табасың!» деп жазыпты да, «мамасының» сіңлісіне тапсырған хатын алыш, «бабасы» дайындаған билетпен аэропланға шығыпты... Үрімжіге келген соң тағы да екі рет хат жазыпты маған...

\* \* \*

Макпал менің шырақ жағылмаған күнгірт жатағымда әңгімесін осылай аяқтатты. Сұрау қоя қарады жүзімे.

– Менің Алтайдан жазған хаттарымды Әбеу жыланның туыстары жұтып алды делік. Дүйсен ағайға жазған хаттыңды Әлімбай жұтысын. Ал, мұнда келіп жазған хаттарым Дөрбілжіндегі үйге неге тимейді?

– Алтайдан жазған хаттарыңды да түгелімен Әбеулер жұтқан емес, – дей құштым жанқияр жарды. – Кемінде бір екеуін Әлия дейтін күнделесің жұтқанынан дерек бар. Ол, хат түгіл, менің өзімді де жұтып қоя жаздаған. Хатынның кейінгілері де соның колына түскен шығар!...

– Сондай «досымыз» тағы бар ма еді?

Екеуміз жабыса түсіп, қатар күлдік. Менің намыстан жүдеген женіліс күлкім тез тылдды. Былтыр осы айдың бір танертеңінде назадан көк жусанды жұлған жұлысым елестеп, бетім мен құлағым қыза түсті, «азғындық!» деп жіберіппін. Нұрлы қозін кең аша қараган Макпал кезек-кезек шөпілдедті екі шекемнен.

– Мен сол шидің ішінде отырмай, атты қуғыншының ешқайсысына шалдырмайтын сенімді жүйріктің үстінде маңымды

шолып қана отырсам, олар көрінісімен-ақ тебініп қалып ызғытып, жарып шығар едім де, шаңымнан да адастырып, қалаға бір-ақ тартар едім гой! Онда, онда, бұл жапа жоқ еді ғой бізге! Өзімнен болды бәрі де, сол сәтті жіберіп қоюымнан болды! Күрсініп жіберіп көкірегіме басын сүйеді Мақпал.

Мәртебелі тергеушім, өзінен әлдекайда күшті зорекермен ар үшін, жар үшін өлім-өмір шайқасына түскен жанқияр жар алдында менің қорланғандығым соншалық, өзімді жиреништі қара жүректердің бірі екенмін деп қалдым. Жардың мен үшін арпалысқа түскен сол шағы, менің салдақы Әлияны жалаңаштап мәз болып жатқан шағым екен гой! Жасырын қарақышылық, қаражүрек шенділердің негізгі белгісі емес пе. Ұлы мәртебелі сіздерге сәлғана ұқсай қалған мұндағы қара тектіліктен ақ өлімнің өзі жақсы еді гой! Маған біткен еркектік қару-жарак тұла бойы тұтасымен қылмыс екендігі енді айқындалған-ақ шығар!

#### IV

Қызыл-жасыл ұрандармен көшे тағы да жайнап қалды. Қызыл-жасыл, сары ала қатпарлы қағаз айдаһар тағы да бұрандал, қызыл-жасыл таңқы құйрық бишілер «тышш...таң-таңға» тағы да бұлтыңдауышылдардың «тарих тапсыру» науқаны жалпыласқаннан бері тіпті көбейгені көрінді. Бірсыныра әйел бұрымдары кесіліп те үлгеріпти. Құйрыктарыға ғана емес, енді желкелері де таңқиған екен. Жер помешиктерден егушілерге тигендігін тойлап, азат егіншілерді кооперативке ұйымдастыруға толғап шыққаны еді бұл.

Ертеңіне танертең күтпеген уақытта жатақханама Мақпалым кіріп келді. Бағдарламадағы теориялық сабактары бітіп, осы науқанға қатынасу дайындығы үшін бүгін бір күн босатыпты. Ауыл шаруашылығын кооперативтірдіру қызметіне, практика ретінде, көмекке шықпақ екен.

– Біздің этірет Тарбағатайға бөлінді, ертең таңертең жүретін болдық! –дей келіп күрсіне отырды кереуетке. – Сенің қасыңда тым болмаса екі-үш күн демалып, арттарынан баруыма рұқсат етпеді! – дегенінде, алқызыл ерні үлбіреп, еркелеген шыраймен сәлғана бұртиғаны байқалды.

– Зыдауяныңа айтпадын ба, ол кісі ахуалды біледі ғой?

– Зыдауян айтса да бізбен бірге жүретін этірет бастығы көнбей қойды. «Әсіресе колективтестіру қызметі өте асығыс. Көктемдік

егіс науқаны басталғанша, осы айдың ішінде бітіруіміз шарт» дейді.

– По-о... осы жиырма неше күн ішінде ғана кооперативтендеріп үлгере қоймақ па екен! – деп қалындықты құшақтап, қыса түстім.

– Идеялық тәрбие жүргізбей-ақ былай қысып, қоса салмасандар қайтып бірікпек!

– Ондай дайындық... қызыметтер бітіп... қалыпты, – деп сейлей алмай Мақпал ышқынды. – Ақырын қысны, жаным... сөйлеп болайын!... Егіншілер көпшілігі помещиктердің үстінен курес жиынын ашқанда-ақ бірлесіп кетеді дейді. Кадр көп екен. Бір уйге бірден үгітші қойсақ та жетеді дейді... Бір құпия ескертуде ол біткен соң малшаруашылығына да реформа жүргіземіз дейді!

– Қайтіп? – деп қалдым мен. Құшақымды жазып, жүзіне антарыла қарап қалыптын. – Қазірше, «мал шаруашылығы тапқа айрылмайды, мал үлеске түсірілмейді. Мал иесі мен малшыға тең байланыс жасалады» деген орталықтың саясаты қайда қалмақ?

– Біз де алғашында осы саясатты оқып едік. Өзгерктен сияқты ғой, соны айтып сұрау қойсақ, Шынжанда малшылық пен егіншілік бір сипатты. Реформаны бірге жүргізе берсе болады дейді. Бір ұстазымыз тіпті «жер иесі, мал иесі – бір иелік» деп күлді. Қайтсе де жоғарғы жақтың ісі ғой, қоя тұрайыбы, барғанда көрерміз! Ал, мал шаруашылығын да егіншілік сияқты былай қысса, фермаға айналып бірігіп кететін шығар! – деп мені енді Мақпалдың өзі қыса сықылықтады.

– Бұл жазда маған тағы да жоқпын деші! – деп мен күрсіне құштым, шөпілдетісі жөнелдік. Желкесіне түюлі шашына ғана киғен көк қалпақ түсіп қалды да, қарақоныр ұзын бұрымын менің иығыма, мойныма өз қолымен тәптіштеп орай отырып сөйледі қалындық.

– Айтпактайын, шашты бұлай өру, төңкеріс кадрларына лайық емес, феодализмиң үлгісі дейді. Әсіресе реформа кадрлары мұндай тоғышарлықтың беріне қарсы тұру керек деді. Сабактастардың көбі бұрымдарын құфызып таставды. Мен сенімен ақылдасайын деп келдім.

– Ақылдасатын не бар, өзің білесің!

– Бұған да екеуміз ортақпyz дегенсің ғой!

– Құқығың өз менишігіңде ғой, сәулешім! Бірақ, төңкеріспілдік пен кері төңкеріспілдік эйел бұрымымен өлшенсе, одан зор ақымақтық болмақ емес.

– Бәсе, күzeуге сен де қарсы екенсің ғой! – деп Мақпал

сықылдағанда айқастыра ораған қос бұрымын мойнынан ажыраттым. Қос уысыма жиып, бетіме қастерлей бастым да, тәптіштеп аркасына түсірдім.

– Мұны қалпаққа да түрмелеме, осылай еркімен бұландаі берсін!

Түрегеліп барып чемоданнан Мақпалға арнап жасырын тіккізген киімдерімді алып бердім. Осы маусымдағы бешпеті мен белдемше көйлегі де, алқызыл кофтасы да, туфли де сайма-сай, бұрынғы Нұрияштың формасы еді бәрі де. Шаралы көзі шар айнадай жайнап, қызыши тарта, антарыла қарап отырған Мақпал құлп жіберді.

– Біліп қойдым. Менімен ақылдаспай, өзің дайындауыңа қарағанда, Нұрияшша жасандырмак екенсің!

– Дәл солай. Ал, мен, мекемеге барып, бүтінгі ең қымбатты күнімे рұқсат алып келейін! Есікті іліп алыш киін!

– Суреті бар ма еді?

– Бар, тапқанмын!

– Әкелші!

Нұрияның Құләннан табылған толық фотосуретін жол сөмкемнен алыш бере сала жөнелдім. Қайтып келсем, есік ілгегі әлі де ағытылмаған екен. Екінші рет шерткенімде біз өкше туфлидің лыпылдай басқан женіл тықылы естілді. Есікті ашып жіберді де, жымия шегініп барып, көлденендең тұра қалды.

– Үқсайтын сияқтымын ба?

Алды-артынан да, қырынан да қарап алыш құшактадым.

– Дәл өзісің!

– Парқымыз бар екен! – деп күрсініп, жүзіме бағдарлай қарады да, қолындағы Нұрияның суретіне үңілді. Суреттегі жар мен тірі жарға кезек қарап алыш сөйлемдім.

– Ол сәл еттілеу ғой, тенеліп кететін парық! Қайта оның мұрны сәл доғалдау екен. Бұл мүше жағынан сен сұлусың!

– Жоқ, түрімнің пәлендей артық жері жоқ. Әйттеуір, мұншалық асылынды жоктатып, сени жүдестпейтін сиқым болса, болғаны ғой. Бірақ, қалай екен, күндегім келді! – деп сықылдық қаға тығылды қолтығыма. – Сондай бір жиіркенішті сезімге келе қалғанымнан қорықтым өзім. Өлген адамды күндеу, өлімтік болатын адамның мінезі емес пе!

– Дәл таптың, жаным! Сол сықылды тағы бірін айталаң; досты күндеу боскеуде куыскөкірекке тән психика.

– Расында да солай болып қалар ма екенмін! – деп күрсінді

Мақпал. – Бұл мектептен тек тап пен таптық күресті ғана оқыппын. Нұрияш марқұмның білімділігі мен мәдениеті тұрған тұрысынан да көрініп тұрады екен.

– Бұл жағынан әлі асып та түсесің!... Жоғары мектепте оқисын!

– Енді оқимын десем, сені... тойдан кешіктіріп қоямын ғой! Осыншалық құттіргенім де жеткен шығар!

– Жоқ, енді олай зарығудан құдай сактар. Тұрмысты болып тұрып-ақ оқи бересін!

– Бірақ, онда....

– «Бірағынды» жеңеміз!...

Есік шертілді бір шакта. Рұқсат үнім шығысымен кіріп келді Күлән мен Ақия. Мақпалмен қатар ыршып тұрыптын. Қызығыш тарта қараған Ақия ұзын кірлігін лып-лып қағып тұрып қалды. Күлән аңыра қарап жылжи берді. Мақпалдан көз алар емес. Аман-дасуды да ұмытқандай. Қасына келіп тоқтады. Жасаураған өткір қара көзін сүртіп жіберіп үңілді. Ернін жыбырлатып амандақсан Мақпал, жауапсыз тесірейген сұқ көзден тайсақтағандай төмен қарай беріп еді. Екі алақанымен екі шекесінен сылай ұстаған Күлән, маңдайынан сүйіп-сүйіп алды.

– Кешір, сіңлім, бір аяулұма ұқсатып... есімді жия алмай қалыптын! – Көз жасын төгіп-төгіп жіберген Күлән сырт айланып, бетін баса өксіді. Күлген болсам да көзімнен қос тамшы ыршып түсті. Құшақтай алдын Күләнді. Оның маңдайынан мен сүйдім де, Мақпалға таныстырыдым:

– Естігендің, Нұрияш, мынау Күлән әспекен!

Мақпал лып етіп барып, иіле ұсынды қос қолын. Күлән қаусыра құшақтап алып сүйе берді. Нұриялық бет мүшеден біраз парықтылау сұлу мұрнынан басқасын түгендер өпкенине қарап күлдім. Күтілмеген көріністен ыңғайсызданып тұрып қалған Ақия да келіп, қолын алды Мақпалдың. Ақияның аты мен «қызметтес» екендігін қосып таныстырып едім.

– Атың да – Нұрия ма? – деп Күлән Мақпалдың тұла бойын зерттей қарады енді. Мақпал жауабын сыйқ-сыйқ күліп жіберіп қайырды.

– Өз атым – Мақпал.

– Түсіндім! – деп Күлән маған жымия қарады. – Бұғін біздің үйге фокустық ойын көрсету үшін дайындалып жатқаның екен ғой! – деп келіп отырды орындыққа. – Киімді тіпті ұқсатыпсындар!...

Мақпал столға кішкентай дастарқанымызды жасады да, прәндік, конфет әкеліп қойып, термостан шай құйды.

– Жүрісі де аумайды! – деп күбірлекен Күлән, қай жерлік екенін Мақпалдың өзінен сұрады. Алтайдан партия мектебіне оқуға келгенін естіп, тағы да үнілді.

– Расынды айтшы, жаным, Нұрияштың сіздің емеспісің?

Мақпал сыйылықтап құліп қана қойды да, «Тарбағатайда туылыш, Алтайда оқығандығын» мен айттым. Мақпал екеумізге кезек-кезек қарап, үнсіз отырған Ақия «қайтайық» дегендей ым қақты Күләнға.

– Біз мына жақтан келе жатып, жолдан ахуалыңды біле кетейік деп кіріп едік, – деп Күлән маған қарап құлімдеді. – Нұрияштың қайта көремін деп ойламаппын!.. Жүріңдер үйге!...

– Әпеке-сіңілі болып осында-ақ отырындар бүгін. Нұрияш Шәүешекке таңертең ерте жүрмек, тоқымын қағалық! – деп Ақия екеуіне кезек қарадым.

– Тірілгенін шешесіне де көрсетейін, тоқымын сонда қағамыз! – деген Күләннің қолқасына Мақпал екеуміз қосыла құлдік те ілесіп шықтық. Ақияның Мақпалды көріп, көңілсізденіп қалғандығы ашық көрінді былай шыға бере. Күләнға «мектепте өтейтін сабағы барын» айтып кетпекші болды.

– Бүгін түстен кейін бос екендігіне дәлелім бар, Ақияш, – деп барып қолтығынан тарта жөнелдім. Күлән мен Мақпал өзара сейлесіп, артымыздан ілесті. Күбірлей сұрадым Ақиядан. – Неден көңілсіздендің?

– Жоқ, ешқандай! – Төмен қарап күбірледі Ақия. – Ертеңгі сабакқа дайындалмақ едім!

– Оны іңірде көрерсің. Мынау бес жасынан бері 17 жыл бойына феодализмнің түрмесінде жатқан қыз. Соның қасіретінен құтылғанына 20 күн ғана болды...

– Сізben қашан танысқан?

– 48-ші жылы жазда «түрмесінен» үрлап көріп қойғанмын.

– Бізге айтпайсыз!

– Қалыңдығының ұлы тірлігінен хабар ала-алмай жүрген сүм жігіт, «ей, халайық, менде қалыңдық бар!» дей ме екен!

Ақияның сөлкебай меруертті үні ашыла сыңғырлағанда өзім қосыла сақылдаппын. Бірге құлерлік тыңдаушымыз бар ма екен дегендей арт жағымызға қарасақ, Мақпал, көрген түрмесін шағына «жырлап», Күлән егіле жылап келеді екен. «Жаңа ғана өлген байларының қазасына» көніл айтып құлдірдім...

Күләннің шешесі Мақпалды алғашында бас салса да, басқа Нұрияш екендігін тез айырды.

– Бәсе, ол қараышығымның қаза болғанына міне жеті жыл өтіпті ғой, қайдан мұндаидай талшыбық қалпында келе қойсын-ау!... Сонда да бетінен сүйейін балам, ұқсайды-ақ екенсі! – деп емірене сүйді бетінен. – Өмір жасың ұзақ болсын, бақытты бол, әдебіңнен айналайын!..

Бұл үйдегі отырыста Мақпал өзінің сыншылар алдында әзіл-қалжың, әңгіме-сыр жақтарынан ұтыла қоймаса да, ән жағынан недәуір қыспақ көріп қалды. Әсіресе, Ақия жеңе ән салғанда көзінің шарасынан шығып кете жаздағанын байқадым. «Марқұм Нұрияш осы әнді үзден да көркем орындаушы еді!» деп Күлән күрсінгенде, Макпалдың көзі жасаурай бадырайып, маған қарап жымыди. «Тірі Нұрияш» болып табылғандығы үшін қалай да бір ән орындатуға Ақия көп қүшеп еді. Мақпал құлдіргі әңгіме айтып беріп құтылды.

– Мен ес білгелі «аю бүбі» аталған әжемнің «әнінен» басқа әнді жақыннан естіп көрмегенмін, – деп құлді Макпал. – О кісінің «әндері» тым «мәдениетті» еді. Кітап оқып отырғанымды көргенде, «ей қызы, енді қысқарт!» дейтін «әні» аса жоғары дауыспен айтылатын. Ауылда той болып жатқанда «ойбай белім-ай!» дейтін әнін көп орындағытын. «Уқала ойбай, уқала!», «бассаңшы мына жерімді!» дегендері сол той тарқағанша тоқтамайтын. «Шықпайсың сыртқа!», «баразың берген жеріме!» деген әндеріне мұлгітпей қоймайтын. Сол «думаннан» құтылғаным жарты жыл, өз еркіммен жүре алатындығымды сезінгелі жиырма күнғана болды. Сенсөніздер екі-үш адамның басы қосылған сауыққа катынасқаным осығана. Қазіршे әу дей алмаймын. Мына «түрліпайы» әндеріңізді үйренгенімші кешіріңіздер!

Макпалдың осы өтініші көп құлкімен, аздаған көз жасымен қабылданды. Оның есесіне салмақ маған түсіп еді. «Тірі Нұрияшының көзін қызықтырып, марқұм Нұрияшпен бірге айтылған әндерге бастадым да, Күлән мен Ақияны қайта еліктіріп, өздеріне айтқыздым. Куанышы жайнай ашылған шырайынан көрінген Күлән Макпал екеумізді құттықтайтындығын аса ыстық ықыласымен білдірді. «Сен енді мені туыскан әпекем деп біл!» деп құшактай отырып, ет асатты Макпалға... Күн батып, кеш түсті. Ақия қайтқан соң, Макпал екеуміз де ымдастық... Жатаққа қайтып кеп кірісімізben Макпал мені құшактай алып құлімдеді.

– Анық ғілдім ғой деймін!

– Нені?

– Енді үш-төрт ай кешікsem, маған сен жоқ екенсі! Мынандай

қыз ерік алдыңа кояр ма!... Неткен әнші, неткен сұлу! Өзі жоғары мектеп оқытушысы, білімді фой және!... Тамаша қыз!... Өзінді қыз маңайладап жүргендеге шыдалап, мені күткенің үшін... осында бола алса!...

– Жоқ, білмепсің! – деп мен сүйдім. – Қазір-ақ бұдан әлдеқайда артық екенінді білмепсің!... Ондайлар садаға кететіндей сұлулығының білмепсің!... Ақылдың айнасы екендігінді де, мұнан соң білімнің кені болатындығының да...

– Бұл жағынан тырысармын-ақ, бірақ осындағы әнші бола алармын ба?... Өзің де әнші екенсін гой... қайтып қуттің екен мен!.. Сертке беріктігің фой, жаным!

– Шындығында ол қыздан Күлән сұлу екендігін түсінерсің әлі, Нұрияшым! Егер өзің сол бетіңмен табылмай кетсөн... мүмкін, осы жесір әпекенен басқаға қарамас едім.

– Ие, жаны асқан сұлу, асқан мейірімді екен!... Сенен жасы үлкендігіне қарамағанда...

– Жоқ, жасы үлкен емес!

– Енді қайт деп тұрсың маған? – деп сақылдай күлді Мақпал. – Қазір-ақ жібере қой демекпісің?...

Қалындықты таңтертең күн шыға мектебіне жеткізіп салып қайттым. Біреудің тағы бір қастығына ұшырап қалмауы үшін, қызмет бөлісінде өз ауылына шығып қалудан сақтана тұруын тапсырдым...

Үәде бойынша апта сайын хат келіп тұрды. Хат емес, әр апталық қызметтің доклады сияқты. Шәушек ауданының бір егінші районына бөлінген он кадрдың бірі болыпты. Сондағы істеп жатқан істерін күлкі етіп баяндай берді. «Қызметтегі группасы» келісімен-ақ жер реформасында үйренген әдеттері бойынша кедей, жалданба егіншілер жиылып қоршай қалады екен. Ешкім сайламай-ақ белсенді екендіктері сол ынталарынан көрінеді. Бұл шакта тәмен орта, орта егінші аталғандар маңайладап келіп, әр тұстап сығалап жүрсе керек. Кадрдан жиылыс сөзі шығысымен сау ете түседі екен. Қөшпілігі жарқырап, коллективтесуге разылықтарын байқата келсе, бірнешеуі қалтырап, жекешілдік идеясын байқата келеді. Ондайларды «жоғары орта!», «жоғары орта!» деп белсенділер бәсекелескендегі жарыса күбірлеп таныстырады. Жарыса шыққан күбір, секемшіл құлаққа айқайлағандай естілмей ме. «Жоғары орта» делінгендер сүрлана елеңдейді екен.

Кооперативтену туралы баяндама жасаушылардың алғашқы сөзінен жүректері орныққандай жадырай қалады ондайлар. Егістік

жер, егіншілік сайман, күш-көлік қана бірлестірілетіндігін, оған да қатынасу-қатынаспау әр егіншінің өз ықтиярында болатындығын сейлегенде жадырайды. Ал, баңдама соңында «жеке егіншілерге су беру-бермеу құқығы кооперацияның қолында болады» деген ескертү айтылғанда сұры тұмандықта басады.

– Шырақтарым-ау, кооперацияға кіру-кірмеу әркімнің өз ықтиярында дегенің қалай, егіншінің қаны есептелетін су коперацияның ғана билігінде дегенің қалай? – деп дауласа кетеді бірнешеуі.

– Солай, кооперативке қосылу, коллективтесу жақсы дегеніміз сол! – дейді кадр мұләйім ғана үнмен. – Жекелерге су кооперативтен асканда ғана тиеді. Аспаса, әрине, лаж жок.

– Қатеболсакешіріндер, шырақтарым, кооперация қатынаспасаң, егін екпей жата қал, кеүіп-семіп, қата қал деген сөз ғой мыналарың, қайдағы еркіндік! – деп салады кей бір сұрланушылар.

Абзалдығын көрсете арқылы ұйымдастыруды ұқтырғандығын мен жәй ескертіп қана жазды.

«Біз де солай оқып едік. Орындауымыз солай болып тұр,» – деп Мақпал жазыпты. – «Қолым мен аузым екі басқа дene болып кete ме екен деп қорқамын. Бірақ, коллективтendірудің осы әдісін өз ауылымда бір қолдануға құмарлығым да жоқ емес. Өз әкем мен бұзық Әлімбайдың алдына Омарбекті тұрғызып қойып бір тергесем, байлаушылармен шапалакшылар аз болмас еді-ау, бар қылмысын өзіне-ақ ақтарғызар едім ғой!»

Мақпалмағаносыдан кейінгі таптадажазғанхатында егіншіліктегі қызметтер зор табыспен аяқтағанын жазыпты. Табыс болғанда да тапқан «көрі тәңкеріспілері» қоралап айдалған көрінеді. Енді мал шаруашылық реформасына аттанғандықтарын жазған Мақпал, содан төрт-бес күн кейінгі хатында мал шаруашылық реформасының ісіне кірісе қоймағандықтарын жазыпты. «Әр байдың малын анықтап тізімдеп, аудандық парткомға жолдап жатырмыз» депті.

«Жолдаған тізімдеріміздің жолы болатын сиякты» деп жазыпты соナン соңы хатында. Ұсақ малы 500-ге, ірі карасы елуге жеткен, бұған орташалар түгел қарқылдайды. Бұл күлкіге белсененділер шамданып түгел шақылдайды.

Күн батысымен күрес жиыны ашылады сөйтіп. «Жетім қалдырылған» бай егіншілер мен «қарсыласқан» әлгі «бұзық элементтерді» қатар тұрғызып қояды да, қамалып жатқан помесщиктерді абақтыдан шығарып әкеліп, сол қатардың ең алдына тұрғызып тергейді. «Осы қасқырдың құйрығы сендерсіңдер!»

деп бай егіншілермен «бұзыктарға» қайырыла ескертіп койып соққылайды помещикті. «Құйрық» аталғандар «бастиарға» таяқ ти-ген сайын бүріседі. Өздеріне таяқ тиे қоймаса да «енің тиер-ақ» деп бүріспесін бе. Сол бүріскендерді көріп отырған керенаулар өртөніне ерте жүгіреді екен тізімделуге. Бүріскендердің кейбірі, тілті, ұбықтай алмай, таңды басқарма есігінің алдында атыратын сиякты.

Мақпалдың жазған хаттарында егін шаруашылығын коллективтестірудегі осы епті зорлаушылық күлдіргі әнгіме ретінде суретtelіп келіп тұрды. Оның дұрыс-бұрыстығы жөніндегі өз пікірін айтпай-ақ жаза берді. «Егінді жеке егемін десен, өз ықтиярың. Бірақ, су кооперативінің ықтиярында» дейтін бұғалық, орталық комитеттін нұсқауында жоқ екендігін, бастан-ақ ерікті түрде, кооперацияның байларды аудандық үкімет «жиынға» шақырып жатыр екен. Бұрынғы мыңбек, жұзбек болғандар мал саны ол өлшемге жетпесе де шақырылыпты. Сақшы келіп әкетіп жатқандықтарына қарағанда жиын емес, қын жерге шақырғаны байқалады. «Мал иессі» деп атапты өздерін. Және шақырылып кетісімен үйі бақылауға түсіп, малын кадрлар құзетеді екен.

«Малды азайту мақсатындағы бұлан-талан көбейіп барады» – деп жазыпты тағы бір хатында. – «Ондейларды ұстағанымызben тиылым жоқ. Қамасақ қорамызға, айдатсақ түрмеге сиар емес. Халықтың райынан өзімізге де қатер сезілетін болды. Әйтейір құралды қорғаушыларымыз жетерлік».

Мақпалдың осы хаты мен семьялық жағдайыма алаңдап жүргенімде тілегім қабыл бола кетті: жылдық сынау комиссияларына өлкелік оку-агарту менгермесінен әр аймакқа бірден инспектор шығатын болды. Соның бірі болып, өзім билетін Тарбагатайға бөліндім де, ылдига домалаған тастан зымырай жөнелдім.

Совет граждандар ұйымының Шәүешекке баратын жүк автомобиліне түсіп едім. Шыға сала Құтыбиға келіп бір тоқтадық. Көше ереуіл жол берер емес. Қотерген ұрандарына карағанда «феодализм үстінен тұп еселі жеңіске» жеткендіктің мерекесі көрінеді. Жалаңдаған қағаз айдаңардың соңында құйрықтары бұлтыңдаған бишілер арасынан да, көшени кере шақырымдан созылған халықтың арасынан да әйел киімді біреуі көрінбеді. Ұзын етек кейлек түгіл тізеге жететін шапан да жоқ. «Феодализм жойылғанда әйелдер ереккек айналып кетті ме екен!» деген күдікті, құдай тағаланың надан пендесіне еріксіз ойлатқандай көрініс. «Бұлай болғанда

қонырақындардың<sup>34</sup> күні не болмақ!» – деп қарқылдап күліп жіберіппін.

Ереуілшілердің ең соңында сақшылар айдал келе жаткан «феодалдар қоғамын» көргенде қалжыным шынға айналғандай күлдірді. Барлық ұзын етек осы жойылушылардың арасында екен: ұзын қара шапанды, ак сәлделі молда, бетперделі, ұзын етек шағи көйлекті тоқалымен, ұзын ак жібек көйлек ак салылы бүбі ханымның ортасына қосақталыпты. Алқам-салқам мол сары шапанды лама, қызыл шапанды келен-кешілдерінің ортасында. Жырық етек ұзын торғын шапан, шляпалы дижулар<sup>35</sup> қойқаңдаған ши аяқ тәй-тәйларымен бір қатар, шардиганы жуан қарынын көтере қара шүберек белбеу байлаған бадам-доппалы<sup>36</sup> помесчик, етегінен асып жерге сүйретілген ұзын бұрымды ханымымен қосақталыпты. Қара елтірі тымақты, дырау қамшылы, қаптал шапан, оқшантайлы күміс белбеуімен шардиган «мал иесі», кимешек-шылауышты, мол кейлек, камзолды бәйбішесімен бірге қосақталып тізіліпти. Бәрінің де беттері бояумен айғыздалған өңшең карала.

«Феодализм қоғамы» жол босатысымен біздің автомобиліміз әрине зыrlай жөнелді. Тамақтану үшін Манас базарына кіріп, халық клубының қарсысындағы бір асханаға түсіп едік. Клуб мандаіына қызыл-жасылды тулар асылып, бір зор жиын ашылып жатқандай байқалған. Құралды сақшы күзеті көп қойылған екен. Не жиын екендігі, біз тамақ ішіп болғанша толық айқындалды. Манастың малшаруашылық райондарынан «жиынға» шакырылған «мал иелері» осында екен. Есіктен бір-бірден шакырып шығарып байлад, тізіп жатты. Көшеде сақшы шақылдай бастағанда, автомобилге қайта отырып, жөнеле бердік. Мақпалдың соңғы хатындағы Шәуешкетің «аудан жиынына» шакырылған байлардың да көргені осы екендігін Манастан сөйтіп түсіне шықтық.

Шихаңзы мен Сауанның ешқандай «қызығын» көре алмай өтіп едім. Күйтің даласындағы шетіне көз жеткісіз әскери егіншілікке тойған қозыша марғау қарап келе жатып, тосыннан ашықкан қасқырша тімтіне үңілгенімді сезбей қалыптын. Көне Күйтің қалашығы тып-типыл, үстінде трактор жортып жүр екен. Солтүстік жағындағы Қарасу маңы мұлде жыртылып болыпты. Сондағы Ақылбай марқұмға орнатылған мола қанша үнілсем де көрінбеді.

<sup>34</sup> Қонырақын – Дөрбілжінде болған әйел жанды есалаң басқыншы.

<sup>35</sup> Дижу (ханзуша) – жер иесі (помесчик).

<sup>36</sup> Бадам доппа – бадам жемісінің бейнесі түсірілген үйғырдың ала тақиясы.

«Осыншалық мол даладан біздің төңкеріс құрбандарының бір ғана гектарлық жердегі зираттығын да қалдырмағаным!... Бұл да жойылуға тиісті феодализм болыпты-ay!» деп ызамен күбірлеп жымидым.

Ол шакта Шәуешек жолы Шихуды батыс жағынан айланып өтетін. Сондағы Әмірқан үйіне қонып, Құйтіндегі Баянбай ағаның ахуалын содан естідім. Ақылбай зиратын қорғаштап жүріп сонда қоныстанған екі батальонға жек көрініп қалыпты да жер реформасында жерге кіріпті. Уш аймақ дәуірінде өз күшімен орта егіншілік ауқатқа ие болған екен. Өштесушілер өршелене шабуылдан жүріп бай егінші дәрежесіне жатқызыпты. Ол қалпаққа мойындармай факт көрсетіп жүріп «тоңмойын бай егінші» аталыпты. Зираттық үшін тағы да керісіп жүріп «кері төңкерісін бай диқан» аталған екен. Жалышылықпен қартайған басы оған илсін бе. Қүрес кезінде додаға түсіп, соққыдан өліпті. Тағы бір ашынышты жері, өзінің тірі кезінде қараса жүргегі айнитын жексұрын құшынашпен (1945 жылғы мен шайқасқан құшынашпен) бір шұңқырга көмілген екен.

– Құйтіңнің басқа тұрғындары қайда? – деп сұрадым көз жасымды сұрте отырып. Бұған Әмірқанның жездесі жауап айтты:

– Батальон олардың мықты еңбек күші барларын таңдал малға шығарды. Қалғанының бұрынғы үйлері үшін баспана салып атуларына азып-аулак акша беріп, Шиху қарастылығындағы кенттерге өткізді.

– Соншалық құрбандақ беріп күткеніміз азаттық емес, апат болғаны ма, Біға? – деп Әмірқан түйіле қарады маған. Жездесі бұл сөзді күлкіге айналдыра салғысы келгендей күле тойтарды.

– Өй, тентек, гоминдаң жырған құлағынды енді гүңшанданға жұлғызыарсың! – дегенде шай құйып отырған жас келіншек, қүйеуінің құлағындағы ақауды енді көргендей, тосын күлкіден аузындағы шайын бүркө қашты. Жездесі бұл қылмыстарды жуып-шая жалғастырды сөзін. – Кеңестер одағының алғашқы кезіндегі қалаймақаншылыққа қарағанда мұны апат деуге болmas!

– Ол кезде тосын орнаған Совет одағында дұрыс оқыған кадр жоқтың қасы емес пе еді! – деп Әмірқан өршеленді. – Ал, отыз жыл бойына Совет одағының көмегімен кадр тәрбиелеп жетістіріп келген Жұнго компартиясы ондай солшылдық істесе онбас!

– Орталық комитеттің стилі де, ісі де дұп-дұрыс, – деп кірістім сөзге. – Шаш ал десе бас алатын шолан-шошырақ батырлардың мұндағы ісін көрер де түзетер, артын күтпей булығу, қазірші артығырақ болар!

– Осындаі мол өнімді жерге әлден ашаршылық орнады, Биға, ал, былтырығы өнімі кем жерде не болып жатқаны осыдан көрінбей ме!

– Жоқ, ештеңе етпес, алғашқы асау толқындарға қарап, егіншіліктің де миы шайқалып тұрганы ғой, төңкеріс тасқыны арнасына түсе келе бәрі де орнына түседі...

Шихудағы көшө ереуілін ертеңіне Шәушеккә жүрерде көрдім: Құтыбиде көргенімнен мұндағы ереуілдің паркы салпаң сары киімді ламалар мен көлбен қызыл киімді келендердің айдауға тым молайып түскендігінен көрінді. Мұның себебін Әмірқан жай коныр мінезбен ғана түсіндірді: Шихудың монғолдарында ұйымдастан қарсылық дүрбелен пайда болған екен. Содан қолға алынғандары қылмысты монғолды қөбейткен ғой...

Дөрбілжіндегі үйіме түспей, көшеде кезіккен біреуден сәлем айтып өте бердім. «Нұрияштың» табылғандығы бұрын хабарланған болатын. Ішіп-жемнен тарылған мына тапшылық қүнде ағаларды тойға жініктіріп, қарыздандырып қоймау үшін біраз өтірік айта кетуге де тұра келді. «Тойымыз Үрімжіде жасалып болған» деген сөзді қосып, осында бір қойдан басқа ешқандай даярлық қажет емес екендігін мықтап тапсыра өттім.

Шәушекте аймақтық оку-ағарту мекемесінен мені Болтай қарсы алып, мейманханаға орналастырды. Нұржан Үрімжіге, өлкелік сыртқы бәжі мекемесіне ауысқан екен. Оның орнына бас инспектор болып келген бір ханзу жігітпен таныстырды. Жылдық сынаудың ұйымдастыру қызметі соның таңтерецинде басталып кетті де, Тарбағатай тауының бір қойнауындағы Мақпалға телефонды үшінші қуні әрек түйістірдім. Сонда да ерін жымқырысып, тамсанысмен ғана болыптыз. «Иесін «жиынға» жөнелтіп, малын бағып жатқан жайымыз бар. Бұл малды қасқыр қатерінен біржолата азат етпей кия баспайтын сияқтымыз» деген сөзін есіме әрек түйдім. Бұл, «Мұсөдірламай босай алмаймыз» деген сөзі екен.

Мұнан кейінгі сәлем бергім келгені Бащпай еді. Ол кісіге жолығуымды комиссия қызметтестерімнен ешкім қабылдамады. «Онда неңіз бар?» деп қана күбірлеп қоя салады. Кейбірі тіпті көз қызығымен жасырын ата қарайды өзімді. Бащпайдың уәлиліктен қалдырылғанымен саяси кеңестен құрметті орын берілгендігін естіп едім. Мына шектеулері қайран қалдырды. «Мал иесі» қалпағымен Бащпайды да қамап тастағаны ма деп құдіктендім. Оның ахуалын, үйіне барғанымда Куат түсіндірді: «Шырағым, Басекене сәлем беруді қоя тұрганың жөн шығар. Мал иелерінің қатарында қолға алуға Шағантоғайдан неше рет айдатып, неше

рет қайтарып жүр. Жойымпаздар шақыртады да, жайын білетін бұрынғы қызметтестері қайтартады. Қазіргі аты ғана саяси кенес мүшесі. Тұбі алмай қоймас соны!... Көзі бадырайған тұзынды, сыйырайған екілік көзір-ақ тыңқита салмаушы ма еді. Қаншалық сенімді болсаң да аяғынды байқап бас. Қазір ауа райы тым бұзық, шырағым!»

– Егер қас жау болса, бас бай Башпайға қаһар төгу дүп-дүрүс болар еді. Ал, төңкеріс жолына барын арнап жүрген бас қамқор Башпайды мал иесі деп жазалау, тіпті адамзат алдында ұят қой!

– І... һы... ұятшылын ұтығымның! Жоғарыға қараймын деп жүріп, етегіңе өрт тиғенін көрмей қалғансын-ау, шырақ! Астанада болмаса, ұятқа баспана қалмай бара жатпай ма!... Саған құйылған мына сүйік көже 33-ші жылдан бері ашаршылық көрмеген мына Шәуешекте астықты да сол өрттің жалмауынан құйылып отырмай ма!...

Сол өрттің тұтанғанын дәл уақытында көріп отырған жуанбас Қуаттың көзіне де өрт тиғенін байқап, сөзді басқа жаққа бұрдым...

Бұл мәселеңің қалай тынарын, ұлken газет басқарып отырған Тынысканнан сұрағым келді. Әдейі жалғыз барып, үйинен таптым. Оның көгілдір көзі тіпті тұтаныпты. Құйтүрк құлкіге зауқы жок, принциптін тұзу ғана сөзіне қалыптасқан оған да аңы мысқыл біткен көрінеді. «Басыңыз аман ба, малыңыз аман ба» деген қалжынды амандасуыма лайықты жауабын іле қайырды.

– Өзіміздің нөл малымыз аман ғой, эрине. Жоғалып жатқан бай шаруалар мен орталардың малы. Олардың да мал иелерінің байлануынан «үркіп» жоғалғаны болмаса, казірше иткүс тие қойған жок, әйтегір!

– Ал, ондай мал үркітетін байлауды қайдан таптыңыздар? Құтырмаса, малын алсаныздар да, бас қалуы керек еді ғой?

– Малын сыптырып алғанымызда құтырмасын деп, сактық үшін байлап жатқаны шығар! – деп арқырап құлді Тыныскан. – Оны байлатушының өзінен сұрарсың. Қасындасың ғой!... Жоғары шық, отыр!

– Төңкеріс жолына мал-басын түгел арнаған «ұш аймақтан» кері төңкерісшінің осыншалық көп шыққаны ма? – деп күрсіне барып отырдым. – Ұлт азаттық төңкерісінің 1944 жылдан бергі қамдаушы қазынасы осылар емес пе еді!... Егер жау делинсе де Маужуши айтқандай «бір-бірлеп жою» емес, түгелімен айдағаны қалай?

– Иә, мұны қан жағынан гоминдаңға сәл жақындығы бар үкімет істесе, кек алып жатқаны дер едік. Амал не, өзіміздің

коммунистік партия! – деп Тынысқан сөзін бәсендей сабактады.

– Ал, бұл өзі орталық үкімет саясатында жоқ іс болып тұр!.... Мал шаруашылығы жөнінде осылай істе деген нұсқау жоқ! Бұл жөнінде халық жағынан редакциямызға сұраулар көп түсіп жатыр. «Егер бұл, орталық үкіметтің жаңадан белгілеген саясаты болса, көпшілік халық қателесіп кетпеуі үшін газет бетінде жариялад, ашық түсіндіріңіздер!» деп жазыпты бірнеше оқырман. Бұл сұрауларды жоғарыға жолдап отырымсыз... Партияның орталық комитетіне бұл пікірді төте жолдап жатқандар да барышылық. Саяси жолымыз осы болса да, иә, бұрмалап жатқан айырым жандайшап қылмыскерлер болса да жақында анықталып қалар, бұл сөзді коя тұралық!... Ал, өзінің жоғалған, әлті қимас қалындығың табылышты деп естідік. Рас болса, кайырлы болсын!...

Жайшылық қалжынды әңгімеге енді келіп, шәй ішіп отырғанымызда сыртқы есік сақ ете түсті. Тактайлы еден де сартылдап, құйын ұшырғандай біреудің асығыс кіргені естілді. Біз отырған орта есік те сарт ете түсті лезде. Мақталау бешпетсұмның түтесі шықкан, аю талағандай алба-жұлба біреу кіріп келді. Малақайының екі құлағы жұлнынып, өзінің екі құлағы мен бет-аузы қанға боялған, тұмсығы көнектей, адам танығысыз ұзын бойлы жігіт екен. Ісіп кеткен еріндері икемге келмей былдыратып, асығыс сөйлей жөнелді:

– «Құба құстың тісі етіце тисе, атаның төрі түгіл көріне кіресің» депті, кешіріңіздер сөлемектігімді! Сонында құғын бар! Осында Үрімжіден келген Биған деген кісі сіз шығарсыз? Мына арызды сізге қол тапсырып қана кетуге келдім! – деді де шикі наимен баттастыра жапсырылған ораулы қағазды қолыма ұстата сала есікке бұрылды. – Өлкелік партияға қолма-қол жеткізе көріңіз!

– Азамат, сәл сабыр ет! – деді Тынысқан, – тым болмаса өз жөнінді айта кет, не болған, қайдан келдің?

– Мен Дөрбілжінге қарасты Зәрубек деген шағын ғана малы бар бір момынның ауылынан келдім. Адресіміз мына қағазға толық жазылған ер жеткен ұлы жоқ, қолқанатсыз Зәрубекке мениң ағам бірнеше жыл малшы болған. Еңбек ақымызды жеу түгіл оның ақысы бізде кететін. Әнеукүні сол момынды кадр дейтіндері белсенділерге байлатып тексерді. «Қанша адамды ездің? Эксплат қылған әдісінді айт!» дейді. Ол бейшара ешқандай күнәсін айтып бере алмайды. Ешқандай жазығын біз де тауып бере алмай қиналдық. Мениң ағамды тұрғызып қойып, шағым айтуға зорлады. «Бұл, бір бейшара, елді жеу түгіл өз мұрнын да жия алмайтын бір

сорлы еді, несін айтамын!» деп актады аға. Белсенділер Зәрубекті қамауға қайта әкетті де, ағамды жұдырықтай жөнелді. «Қылмысын әшкереудің орнына «байды актадын» деп сабап-сабап, ағамды қайта сөйледті. – «Ол менің ақымды жеу түгіл, мен артық жеген өз малын да сұрамайтын ынжық болатын. Құдай біледі, солай! Менің балаларым көп болғандықтан, одан жылына кейде үрлап, кейде жылап, ақымнан сырт 10-15 түркі малын мен жейтімін!.. Сұрағанмен немді алады менің!... Оны сөйтіп өзім жеп келіп, ол жеді десем, менде адамгершілік қала ма, шырақтарым-ау!» деп ағам зарлай берді. Активтер тапалап, тепкілей берді. «Зәрубектің малы он жылдан бері 300-400-ден аспай қойған себебі, сенің пара жеп жасырысуынан болған, шыныңды айт!» деп тепкіледі. Ағамды өлтіретін болған соң мен арашалап едім, маған жабылып, енді мені тұртқіледі. Мінеки ахуалым! Ақыр өлеңтін жан екенмін дедім де тым шошандап кеткен бір-екеуін екі ұрып құлатып, қашып шықтым. Дөрбілжінге бір үйге түссем, артымнан қалаға күа жетті белсенділер. Өлкeden келген Биған деген кісі бар, арызыңды сол жеткізе алады деп арыз жазып берді біреу. Келіп іздел тапқаным осы, азаматтығынызға тапсырдым! Арызыма жауап келгенше жасырынып журе тұрармын. Жауап келмесе, кеткенім-кеткен! – деген жалбыр сарт-сұрт басып шыға жөнелді.

Ақсары Тынықсан тұншыққандай күреңіте қызырыпты. Бір-бірімізге карасып отырып қалдық. Тапсырган «мөрлі» арызының сыртына «өлкелік партия комитетіне тапсырылсын!» деп қана жазылыпты. Бұл арыздық маған қалай тигендігі жөнінде ертеңіне танертен бұкпесіз толық түсінік жазып, таза конвертпен қаптадым да адресін толықтап, өз атымнан поштаға салдым.

Әділлітті тергеушім, қандықол кері төңкерісшігे қандай кері төңкерісшінің қамқор болатыны мылтығыныздың қарауылына да түсінікті болған ғой. Оны сөйлеудің қажеттігі қалмаған. Ал, тордан қашқан аю алдымызға келіп тұра қалғанда, ұстаудың қаперіме кірмегенінен, менің әлмисақтан-ақ қанқұйлы бұзық болып туылғандығым көкейінізге қона қалған шығар. Сол ашулы аю тауға шығып алып, халықтық үкіметімізге тас домалатар деп ойла-маудан зор қылмыс бар ма!

## V

Әр ауданның оқу-агарту бөлім бастықтары мен инспекторларынан, мектеп менгерушілерінен құрылған жылдық сынау комиссия-

ларын Тарбағатайдың жеті ауданына ауыстырып бөліп аттандырған соң менің қызметім саябырлап еді. Аймақта төте қарасты орта мектептердің емтиханы басталғанша Макталмен де көріспей кайтпақ болғанмын. Осы жоспарым ғана сәтсіздікке ұшырай берді. Толы аудандық<sup>37</sup> мектептердің комиссиясына бастық болып кеткен Шәкербай Дөрбілжінгеге кеткен Қуаттың үстінен шағым айтып, жолымнан бір қалдырды. «Алло, Бигаш! – деп шырылдатты телефонды. – Анау Қуат дегенің бір тайкелтір көрінеді, бауырым. Қытай істеген енбегімді еш қылып, ең жақсы оқыған оқушыларымның бірсыптырасын емтиханнан өткізбей тастанты! Өзім қайтып барған соң көз алдында қайта емтихан алдырамысың, иә, анауынды түзетемісің?

– Дүние сенің көзіңмен ғана бағаланса караң қалады, Шәке! Оған алаң болмай, қазіргі өз міндеттінді дұрыс атқар!... Қуат қастық іstemейді, қастық істесе көреміз!

– Ойбай, шырағым, Бигаш-ау, өзім деп, өзіңнің ана мектебіннің, өзің тәрбиселеген мектебіннің көз жасын мәлімдеп тұрмынғой! – деп бастады да зарлай берді. Эр класс оқушыларының алған номеріне дейін айтып шағынды. Математикадан бір класс түгелімен класс аттай алмай қалған екен. Шәкербайды әрен токтатып, Қуатпен сөйлесуге жолдан бір қалып едім. Осындай дау алыс-жақыннан шықты да тұрды. Бесінші күннің кешіндегі дау тағы да Шәкербайдан көтерілді. Шиху ауданына оку-агарту бөлім бастығы болып былтыр ғана тағайындалған Қайсенді осы жолғы жылдық сынауда Шихудың өзіндегі емтиханға міндеттеп едік. Шәкербай телефонда енді соның үстінен зарлады.

– Алло, Бигашпсысың? Алло, Бигаш!.. Қайсен туралы жүртшылықтың пікірі асқынып барады. Бауырым, тыңдай көр!

– Қай жүртшылықтың?

– Жылдық сынауда өз ауданынан жер аударылған комиссия мүшелерінің бәрінің пікірі! Өздерін-өздері «жер аударылған» деп атаған соң менің де солай атағанымды кешір, Бигаш! – деп Шәкербай күле жалғастырды сөзін. – Жер аударылмай өз мектептерінен өзі емтихан алған Қайсен бір оқушысын қалдырмай өткізіп жатыр екен!

– Өтірік айтпаңыз, кеше ғана сөйлестім онымен!... Кей класс жақсы, кей класс нашарлау. Осы өздеріннің ахуалдарында!... Ал, «асқынып бара жатқан» пікір осы ғана ма, басқасы тағы бар ма?

– Осыдан артық қайтпек ол, өте нашар шыққан бір баласы жоқ!

<sup>37</sup> Бұл шақта Толы Дөрбілжіннен бөлініп жеке аудан болып құрылған.

– Өзіңнен басқаның барлығы құри беруін тілейтін, баяғы кәрі құрдым ниетінді қашан түзейсің, Шәке, соны айтшы енді?

– Ойбай, ойбай, Биғаш-ау, олай дей көрме бауырым, менің тілегім алдымен өзіңе түзелген, тап жауларынан басқа ешкімге теріс ниетім жок қазір!

– Теріс ниетің жок болса, оны былай дәлелде: бірінші, «жер аударылдық» дегендер кімдер, мойнына қойып бересің! Екінші, Қайсеннің үстінен «асқынып бара жатқан» пікірді толық дәлелдейсің! Үшінші, Куаттың мектептерінде нақак қиратқаны болса, дәлелдеп бересің!... Тоса тұр! Сөзді тыңда!... Мұнан соң телефонда әурелемей, осы үш талапты жазбаша тұрде маған тез жолдап бер, ұқтың ба!... Таラбың осы аймақтық оқу-ағарту мекемесінде қаралып, мәселе кімде болса да түзетіледі... Тоқтат, сөз осымен тынды!

Арт жағымнан сықылық қақты таныс күлкі. Жалт қайрылып, құшақтай алдым. Мақпал келіп тыңдап тұр екен...

– Жаңағы сөйлескенің баяғы Шәкербай ма? – деп күрсіне сұрады Мақпал. – Әлі сол қанды ұрт, қырт қалпында жүр екен-ая!

Мақпалдар мал шаруашылығындағы бақылау қызметтерін жерлік кадрларға еткізіп, этіретінің осындағы бас штабына қайтып келіпті. Тоқтап тұрған бұл қызметтерінің жүргізілетін-жүргізілмейтіндігін өздері де білмейді. Аудан орталықтарына қамалған мал иелерінің бір сыйырасы еңбек майданына айдалып, қалғандары әлі де тергеліп жатқандықтарына қарағанда беталыс әлі сол қалпында сиякты. Осыны баяулай сөйлемеп келіп, тың қуаныш жеткізетіндегі жайраңдай қарады Мақпал:

– Айтпақтайын, менің Сұңзыдауяным да келді осында, штабта! Менімен бірге барып, сәлемдесіп қайтшы, рұқсат алуымызға оңайлық туылар ма екен!...

Шарапатты «қайын енениң» алдына күн батып бара жатқанда көк тайғақ бешпет-сымды «қызын» қолтықтай кірдім. Иіле ұсынған қолымды бүктетіле қабылдап, шұлғып-шұлғып жіберіп, орындыққа отырғызды. «Қызына» термостан қайнақ су құюды ымдай сала сұрады жайымды. Шәүешекке қашан келгендігім мен не қызметпен келгендігімді сұрады. Мен де қысқаша жауап қайырып болып, жұмысымның енді бір аптада бітетіндігін, Мақпал екеуміздің де үйіміз Дөрбілжінде екендігін қосымшалап ескертे салдым.

– Сізнің қызмат түгегенде бірлікте барып, көрініп қайтсаңдар

болады. Ликін қазір той қылмайды. Аз уақыт қалды, менің қызыым мактап бітіргеннен кейін той қылады! – деп бөгелгенде, қараторы жүзі сәл қызғыш тарта күлімсіреді. – Шәуешек халық бақша бек якшы екен. Барындар тамаша-тамаша!...

Мақпал екеуміз бір-бірімізге қарасып жіберіп турегелгенімізде «қызының» киіміне қарап сөйлемді «мамасы»:

– Ей, яту<sup>38</sup>, қарашы жігітіңе, қандай якшы киеді. Сен де ки!

Сықылық қаққан қалындық маған қақпаға шыға бер дегендай ымдай сала жөнелді жатағына. Лезде Нұрияшша жасанып, қолан қоңыр қос бұрымын өрден құлаған қос бұлақтай құйылта шықты. Қазық өкше туфли, алқызыл жібек кофта, қынамалы белдемші көйлек, құлын мүсінді Мақпалға аулада доп ойнап жүрген сабақтас қыздары ду көтере құттықтау айтып, кол шапалақтады. Сұң жанхуа шыға келді бөлімінен. «Міне, енді жарастың!» дегендай басбармағын көтере күлімдеді. Солардың алдынан ешқандай ынғайсызданған шырай көрсептей құлімсіреген аса сәнді табиғи қалпымен өткеніне қақпадан өзім де сүйіне қарап қалыптын.

Шәуешектің бұрынғыдан сәл жүдеңкіреп қалған атакты бақшасына ымырт түсіп, электр жанғанда кірдік. 40-шы жылдары мені қомсынған «шолақ пері» порымдас қыздар сирепті. Олардың көбі «таңқы құйрық тар балақа» айналып кеткен көрінеді. Ілуде бір асқақ салауатпен көрінгісі келіп жасанып шыққандары да бізге жақындей бере төмендеп, көз астымен ғана қарап өтіп жатты. Тұқыра өтсе де артымыздан бәрінің де тұна қарап тұрып қалғандықтары байқалады.

Әсіресе, Мақпалға қадалған көздердің көптігін сезіп келемін. Ондай құдіретін қалындықтың өзі түсінбегендей. Екі жағымызда мәуелеген теректерге, жаңа өсіп жайнаған гүлдерге ғана қарап, әлдене ойда келе жатты.

Ақ теректің түбіндегі бір оқшау орындықта жалғыз отырған қыз киімді кексе әйел жалт қаратты мені. Жалт қаратқаны, үцірейген көзінен ғазап оты жарқылдап, анадайдан от ашқан пулеметтей көрінгендігі болды. Мен де шошынғандай тесіле қарадым. Еттен айрылған сол арық дененің ақсұры қайрақтай сұық жүзінде маған бір таныстық бар сияқты. Қадала келіп, шорт тайдырдым көзімді. Халима екен. Жындыға қарағандай көз қыығын сақтана тастаған Мақпал менің ынғайыммен аяғын жеделдете басып өте шықты.

– Мына әйел тірі ме? – деп, былай шыға бере қайрылып тағы бір қарады. – Көзі әйнектей қыбырсыз гой, тіпті!...

<sup>38</sup> Яту (ханзуша) – қыз.

Бақшаның күнгірт жағымен аймаласа айланып өттік те, менің жатагыма қарай бір-бірімізге жабыса аяңдадық...

Шәкербайдан жауп келмеп еді, жұмыстарын бітіріп қайтқан сапарластарынан «ауырып әрең жетіп, үйімде қалдым» деген сөлемін жіберіпті. Өзінің өтіріктерінен қорыкқандығы сезілді. Менің орта мектептердегі сынау жұмысым бітісімен қайырымды зыдауяннан бір апталық рұқсат алған Мақпалды Дөрбілжінге өртіп қайттым.

Аймақтық үкіметтің кос атты күймесімен елең-алаңда аттанып, тал түсте жетіп едік. Біздің үйдің ауласының адамға лық толғаны бұрылыс көше басынан көрінді де, Мақпал мойнына ораған жібек салысын желек етіп, басына сала қойды. Мәрия мен Mehîр алдымыздан жүгіріп шығып, көшеге екеумізді де түсірді. Мақпалмен күліс құшақтасып, кенқілдесе сүйіспіп, сынғырласа қайта күлісіп, қайта жыласты. «Үй мен келін емес, текедей байларың едім ғой!» дегениміше қарамай мені де сүйді екеуі.

Қақпа алдына жеткенімізде жауған шашудың астынан Өмірбек пен Қиялзат мені тарта жөнелді. Қалың қыз-келіншектің ортасындағы Мақпалға қолы жетпей арсалактаған Бақай маған жүгірді. Оның сүюі қабаған иттің талауынан да, мылқау жындының тұншықтыруынан да қыын тиіп еді. Бірақ сол қинауының өзін бүкіл туған елімнің құдіретті құшағындағы сезініп, соның әлпештеуіндей сүйіншпен қабылладым. Мен де оны құшырлана құшып, сүйісе беріппін. Есімізге қайдағы түсіп, көзімізден жас ыршыта, солқылдай сүйіспіз.

– Өй, жаман, «үйің түскенде миың түскені ме», бұл! – деген Өмірбектің сөзімен құлісіп тыйылдық. Мақпал, есік алдынан күтіп тұрган шешеме оң тізесін кос қолымен баса бүгіліп сәлем етті. Енесі алғысын айта, раҳметін жаудыра құшақтады келінін. Екі бетінен, мандаіынан кезек-кезек сүйді. Келіні енесіне көрген қорлық-зорлығын шағынғандай, үнсіз жаутақтай қарап егілді. Табалдырықтан аттай бере үйге үш рет сәлем етіп кірген Мақпалдың сонынан қолшапалақ шатырлады. Салт-санана қарамайтын солшыл төңкеріске қатынасып жүріп түскен жаңа заман келінің мына ибасына көпшілік аса ыстық ықыласпен алғыс айтты. Со-лар қатарында дәл желкемнен сөйлеген айқын үнді «алғысшыға» жалт қайрылдым. Сәрсен Саясат екен. Қолымды ұстап алып, құттықтау сөздерін құйынша үйірді. Қырсықтың тағы да шалғалы келгенін сезіндім. «Қақпа алдынан аула төріне дейін шашылған қант-конфет пен бауырсақты бір орайы келгенде менің үстімнен

пәле етіп жаудырмай ма бұл енді!» деп тыжырындым. Қиянат болмаса, ашаршылық шақта «халыққа қарсы, партияға қарсы» бұл ысырапкорлық қайдан шыкты!» деп шақылдамай қояр ма!».

Қарасам, лапас астында үш-төрт қой, ауланың бір бұрышына дөнен өгіз, бір бұрышына семіз байтал байлана қалыпты. Екі-үш қой сойылып та үлгерген екен. Тер бұркырады маңдайымнан. Биғазыны шақырдым.

– Мұнша малды қайдан таптың, неге әкелдің? Мен бір қой ғана тапсырып едім ғой? – деп кейін сұрадым ағадан.

– Жоқ, жарығым, өзім әкелген мал емес, бәрі де ағайындардың сенің тұрмыстануыңа әкеліп қосқаны. Ел-жұрт бұл берекесін коя ма!... Қайтарып жібергеніме көнег емес!

– Биғаш-ау, ел дегенін көл емес пе! – деп күбірлеп Сәрсен кірісе кетті. – Сендей азаматынан несін аямақ, өздері той жасап, қуанышыңа бірге қуанғаның несі айып! Қайтарма қолдарын, ұят болады!

– Сәке, үкімет саясатын, әрине, білесің ғой өзің, – деп мен жымия өтіндім өзінен. – Өкелген ағайындарға соны жеке шығарып түсіндіріп, қайтарып жіберіндер. Жалғыз Биғазының айтқанына көне қоймас. Болмай бара жатса, өздерін қорқытсан да қолынан келеді! Менен мың алғыс пейілдеріне! Берекелеріңе рахмет айтты деп ұқтыр!

– Биғаш, сен келінді ғана ертіп әкелдің ғой бізге, ысырапкорлық дайтіндей артынып-тартынып, малайдал әкелген жоқсың, қалынмал берген жоқсың, оны білеміз! Қалған іс біздікі, жұмысың болмасын, кір үйге! – деп Сәрсен өндіршектеді. Келген конактарды басқарып орналастырып жүрген Құрышбек аға біздің жеке күбіріміздің жайын біліп жүр екен. Сәрсениң осы сөзінің үстіне келді де, маған сөйлеген болып, Сәрсенге кесетті:

– Биғаш, бұл тойды сен емес, біз істеп жатырмыз. Шашуга ғой шашқан әйелдер жауапкер, шашылған солардың өздерінің дастарқаны. Ал, сойылған және сойылатын малға менен бастап, міне мыналар жауапкер! – деп тізімді Сәрсен екеуміздің арамызға жая көрсетті. Міне, Биғазының бір де қойы жоқ мұның ішінде!... Елі үшін тер төккен азаматынан елі несін аямақ! Ұғып қойындар, пәлекеттерім! – Қарқылдан күлгендостарыммен бірге «карық бола күлген» Сәрсен Құрышбектің арқасынан қағып-қағып қалды.

– Шіркін, Құрекем-ай, жарайсың-ау!... Ал, апарындар, жігіттер, Биғашты тамақтандырындар! – деп сыйбана жөнелді ошақ басына...

Күн кешкіріп, күндізгі той тарқағанда Мақпалдың төркін жағынан Дүйсен аға мен қаз бөтегелі жеңешем жетті. «Қаланың ыстығынан» Дүйсекенің қомақты «ырыздығы» тілті бөртіп, қос обага айналғандай. Дүйсен келіп мені құшақтай алғанда, жеңешесінің бауырына шымылдықтан шыға келіп Мақпал тығылды. Ол екеуі үнсіз жыласа аймаласқанда, Дүйсекен екеуміз қарқылдан күлісе сипаластық.

Көпшілік арасында басқа жайды сұраса алмап едік. Оған уақыт күн батып, күтушілер кешкі той дайындығына кіріскенде тиді. Төртеуіміз оңаша бір үйге кіріп алғып сұрастық: Мақпалдың бұрын «аға» деп ататын экесі «мал иесі» қалпағымен осы қалада түрмеде жатыр екен. Әжесінің өлген хабарын естісімен Мақпал оны елеусіз қалдырығысы келгендей:

– Тәтемнің денсаулығы қандай? – деп жедел өз шешесінің жайын сұрады. Мақпалдың осы атауымен жауап қайырды Дүйсен.

– Тәтеннің денсаулығы жаксы. Бигазы құда арқылы жазған хаттарың жетіп, сениң аман табылғандығыңды естігеннен бері тілті жасарып, көңілденіп алды. Басқа жағдайларын есіне де алмайтын тәрізді.

– Бәс! – деп жымыды Мақпал. – Мен туралы еріксіздігі жеңіп жүргенін сезетімін. Сіздермен бірге келіп көріп қайтқысы келетінін айтпады ма өзі?... Айтпақтайын, малы да, өзі де бақылау астында екен фой! – деп күліп жіберіп, төмен қарады.

– Дағ солай, келгісі келсе де сендерге мал иесінің бәйбішесі атымен кесірін тигізуден сактанды тәтен расында! – деп Дүйсен, сезінің жалғасын айтқанша әйелі ала жөнелді:

– Өз шешең екенін білесің ғой, Мақыш, енді «апан» дейікші! «Халық пен үкімет алатын малдарын алғып болысымен барып, көріп қайтармын!» деді апаң. «Алаң болмасын, сәлем айт, бар тілеуім екеуінің жолында екенін Биғаның өзіне де айтқанмын, шексіз қуаныштымын!» деді.

– Биғаш, бері шығып кетші! – деп есіктен Құрышбек шакырды осы шақта. Өздіктерінен шеше алмайтын мәселе келгенін сезіп сыртқа шықсам, «мәселе» ғана емес, жабысқақ кеселдің дәудей дәл өзі көрінді. Шәкербай келіп тұр екен. Тойыма ту бие әкеліпті.

– Ый, сіздің аурумын деп Шәуешекке бармай қойғаныңыз қалай? – деп ұсынған қолын тергей ұстадым. – Үлкен дәрігер сонда еді ғой?

– Жүргүгө тілті дәрменім де болмай қалды, Биғаш, кешір, мұнда

келген соң алты күн, алты түн дөңбекшіп, дәрінің күшімен етеп түргелгенім осы, әйтеуір... тойың құтты...

– Құдай сактаған-ақ екен, – деп «құттының» «болысъының» айтқызбай іліп әкеттім. – Алты сөткен дөңбекшіткенде, ажарыңыз түгіл шырыныздың шырғасын құртпаған неткен қамқор ауру еді өзі, түйнек пе?

Тыңдал тұрғандар ду құлді. Қолынан жетектей жөнелдім бір бөлмеге. Шай құйғызып, той тағамынан тартқыздым. Шешем шақырды есіктен:

– Қарғам, мына жауыз өзі иіліп келгенде шалқақтап ештеңесін бетіне баспай-ақ қой! Тойлығын, жылы сөйлеп қана раҳмет айтып қайтара саларсың! Аңы тілмен шағардағы шырайыңа келгенінді байқап ескерткенім! – деп сыйырлады да жөнеле берді. Қайтып кірсем Шәкербай өз қолымен екеумізге екі стакан арақ құйыпты. Оттырысыммен құттықтау сөзін бастады. Өз жүргегін де ортаға койғандай сөйлеп қағыстырды. Ауыз тиे сала тілеулестік сөзіне мен де разылық, алғыс жауап қайтардым.

– Мениң сізге айтар бір ғана тілегім бар, – дедім сонан соң. – Егер келіспей қалсақ, шарт ретінде батыл қоятын талабым да осы: бұрынғы идеяныздан қайтыңыз! Өткендеңі істеріңіз ушін сонда ғана кешірім алудың мүмкін. Егер сол идеянызды, сондағы мінезіңіз берін әдетінізді ада-куде түзетпей, енділікте титтей қайталасаңыз, кешірудің уақыты мұлде өткен болып есептеледі. Әнеуқүнгі Толы телефоныңдағы сөзіңіз, әлі сол бұрынғы стилде жүргендігіңізді көрсеткен. Жазып беруді талап еткен себебім сол еді. Онда да үстіңіздегі мекеме қызметкөрі алдында ғана сындал, түзету айтып кетпек едім. Бақытыңызға жарай жеке жерде айтып отырғанымды түсініңіз! Өткендеңін бәрінен кешіп, мұнан кейін аға-бауыр болып кетуіміз үшін идея бірлігіміз, стиль бірлігіміз керек!

– Бигаш-ай, шынымды айтсам, адамгершілігіңе енді толық мойындарым-ау! Өмірің ұзақ болсын, қосағыңмен қоса ағар! – деп мен құйған стаканды қағыстырды.

– Осы қосаққа да істеген «жақсылығыңыз» есіңізде шығар?

– Ха-ха-ха-ha-ha... «сый қылсаң сызыра» дейді. Оны да кешіргенінді сезіп отырмын. Бәрін де мойындал, құттықтап келгенімді келіннің өзіне де ескертре саларсың!... Ал, кешкі тойларыңа жастар келе бастаған көрінеді, мен кетеійн!

– Қатынассаның да өзіңіз біл!... Бірак әнеу пәлелі ту биені біреуге жетектетіп қайтарыңы!

– Япырау, Бигаш-ау, кешірмегің не, қолымды қайтармағың не?

– Бұл, қол қайтарғандығым емес, қазіргі уағданы шындаған орындайтындығыныңды білу. Бұл бие де бұрынғы идеология, бұрынғы стилінің бойынша келген, Досандарға ұсынып әдептентенген «сыйлығының» маған керек емес!

– Астағыпрыалла-астағыпрыалла! Енді не айтайын!

– Идея өзгертуге расымен бекісендіз, айтатыныңыз қалған жоқ!...

– Ей, ей бала, анау биені жетектеп ала кетши! – деді Шәкертбай сыртқа шыға сала. Менің қолымды қысқан беті тартып, оңашаға шығара күбірледі. – Өткендеңі қателік-кемшіліктерім түгелімен есімде, Бигаш. Сол үшін Мақпалжан екеуіңе өмірлік борыштармын!...

– Біз үшін қол астыңызыдағыларға қайырымды, адаптация бола алсаның, ол борыштарының өтелді деп қоямыз! – деп шығарып салдым.

Кешкі тойға менің бұрынғы сабактастарым мен осы аудандағы құрбылас, қызметтестерім түгел шақырылған екен. Құндіз қонақ күтіскең Сәрсен солардың бірі болып, столдың ең төрінен орын алыпты. Бақай мен Өмірбек шығып, сол шаянның үстінен шағым айта берді маған. Осы отырыстан сөз андуға келген. Соны ала-стамаса ойын-күлкінің буыла беретіндігін айтты. Өз тойым болғандықтан оны кууға менің кірісіумнің жөні жоқ еді. Бір үйде Дүйсен сиякты құрметті қонақтарды құтуді міндеттіне алған Құрышбек, Сәрсенді шақырып, ол үйге шығара алмады. Ауыз үйде соның жайын ақылдастып тұрғанымызда менің құрметті Ораз «сақауым» кіріп келіп құшактап құттықтады да, әдетті бойынша бірге келген «кемпірін» құшактатты. Үш жылдан бері қала сыртына егіншілікке шығып алғанын еститінмін. Эйелін жаңа порымда тәп-тәуір жасандырса да, өзі ескі бешпет сыртынан шүберек белбеу буындып, мұрт қойып, айыр қалпаклен нақтылы диқан порымына түсіп алыпты. Мұның Сәрсенге жылан көрген дәуіттей тігіл екенін билетінбіз. Ол келгенде каркылдағ күлді Өмірбек, амандасуымыз бер аймаласуымыз біткен соң, Ораздың құлағына бірдемені сырбырлай салды да, есік ашып төрді нұсқады:

– Жоғары шық, Ожа, жоғары шық, төр өзіндікі!

– Сәлеметсіңдеррр ме, жолдастаррр, жолдашша ханымдаррр!

Егінші деп қомсынбай сендеррр де сәлем алындаррр! – деп «р» дыбысын басып нығарлай сайраған Оразға көпшілік құрбылары күле түрегеліп жол берді. – Өй, Қалпе Әбзи, сіз әлі барр ма едініз? – деп Сәрсеннің иығынан баса барып отырды Ораз. Бұқіс

танауы күжірейіп, шегір көзі от ала қалған Сәрсен ішкі ашуын сездіргісі келмей, тұқыра амандасып қана қойып еді. Жауабына таңырқағансып үніле қарады Ораз:

– Шүкірр, шүкірр! Ә, компартия заманында аман болмай не көррініпті маған! Баяғыда Гитлеррді ғазыррейіл дегенім үшін сіз өлтірре алмаған мені енді мына заманда кім өлтірмек!

– Қойшы, Ожке, енді соны! – деп Сәрсен тізесінен басып қалғандай болды.

– Қоймасам, айтпақтайын гоминданға тағы да ұстап беррерсіз, қояйын-қояйын!... Япыррай, осы сізді көрмей жүрген құдайдың қезінің де мүкісі барр-ау!...

Ораздың сөзіне ішек сілесі қатқаша құліп отырған көпшілікке «біреуің шектеу айтсандаршы!» дегендей жалтақтай берді Сәрсен. Есік сыртында түрған мені ізденгендей мойнын соза-соза қарады. Бақай Ораздың соңғы сөзіне жауап айтқан болып кірісті.

– «Бұқаның арамзасы бұзау арасында жүреді» деген макалды құдекең білмеуі мүмкін. Жастар арасына кіріп алған Сәкендеі әлі де жас екен дейтін шығар. Сол себептен болмаса, ол кісінің көзі де жарқырап тұратын көз болатын.

Жастар ду көтерді бұл сөзге. «Шешімі енді табылды!» – деп күлісті. Шай осы құлқі үстіне келіп құйыла бастап еді. Қол жуу сылтауымен есікке беттеген Сәрсенге Бигазы күбірлеп, ерте жөнелді. Енді көпшілікті жазғыра құлді Ораз:

– Осы жұрт гоминдаң шпионын согудың орнына, одан баррған сайын қоррқатын болып барра ма, қалай өзі?

– Ожа, тілмәш көбейген соң болмаса, айтпа бұл сөзді! – деп қүбірледі қасында отырған бір жігіт. – Мұның дарулығы сондағой!

– Тіл аудара жүріп пілді де аударамын дейтін сияқты бір бу бар езінде! – деп тағы бірі қубірледі. – «Үйренген ауыз бүлкілдеуін қоя ма», жұрт сонысынан қаймығады.

– Ал, бүлкілдеткенине қопаррыла қаласындарр ма, сонда! – деп Ораз оған қомсына қарап жымиды. – Компартия онысына жол қояды дем қоррқасындарр ма?... Қой, шыррактарым, ондайға компартия жол қойса, гоминдаң болып кететіндігіне мен қол кояррмын!

Бірнешеуі қатар құліп жібергенде менің қарсымда отырған Ораздың әйелі күйеуіне қарап басын шайқап қалды. Әңгімені мен басқа тақырыпқа жетекtedім:

– Ожа, жайың қалай, не істеп жатырсың, соны сөйлемеші енді!

– Өз жайым қазірр айттарр жоқ жақсы!... Жалғыз едім ғой, оның үстіне әкем де қарртайған соррлы, жалғыз болып едім. Сенің мына мендеі қатының жаррылқаймын деп баламды беске жеткізгенде тіпті соррландырған. Ішіндегісін қосқанда дәл бесеу болып тұра қалады! – дегенде қасымда отырған Мақпал сықылық қағып тұқыра берді. Дуылдай құлді көпшілік. – Сейтіп жургенімде компартия алдымен мойынсеррікке, онан соң мына кооперацияға ұйымдастырып, шындан жаррылқады.

Алдында аға, арртымда бауырр көбейіп, жалғыз сақауынды думанды бай ауылға айналдыра қойды. Өзім қазірр сол ауылдың отағасы-ұлкені болып шалқып тұррмын, әррі хатшы, әррі бұғалтыррмын. Есеп шот дегенінді шарртылдатқанымда мына кемпірінің көтенешегі солқылдайды.

– Ей, қойшы ей, енді, жаңа келіннен ұялсаңшы, тым болмаса! – деп бес баланың апасы да сақылдай құлді.

– Е, қоятын не тұрр, осындаі қызған кезде шартылдатпай бола ма! – дей салып, көпшілік құлқісі саябыrlағанша үнсіз жымиып отырып қалды. Қалпағын алып, тізесіне қойды да, жалтырап қырылған басының бұрынғы айдар қойылған «пунктін» ғана сипалай берді.

– Биға, маған енді бірр қайғы пайда болып тұрр, – деді соңан соң ауыр күрсініп. – Ей, кемпірр, айтайын ба, айтпайын ба?... Бәсе, сенен айт дейтін ым керінсін бе! Жоқ, айтайын, жұрттың сөзі ғой.

«Таудан тасқын келмесе,  
Кооперация суды бермесе,  
Арғы қолыңды беррі әкел,

Жекелерр аштан өлмесе!» – дейтін өлең шығып түррр қазір. Бұл «кертартпа зиялълардың» шығарғаны емес, диқан бабаның өзінің төл тumasы. Осы өлеңді естігеннен беррі айдаррымның орнның қаниша сипасам да ақыл шықпайтын болып қалды. Ақыл шығарр еді ғой, Биға, өзің білесің, мен кеменгерр едім ғой, біррақ су шығар емес. Су биыл кооперацияның өзіне де жетпейтін секілді. «Желіні барр», «желіні барр» деп кең даланы түгел жыртқызды. Ал, өзімізден су аспаса, жекелерге су бермейтініміз де рас. Біз, кадрларр беррсек те, бәррі-бірр, көпшілік мүшелерр бермейді. Шотымды қаниша соққаныммен су түррмак дым шығарра алатын емесспін!

– Рас!... Рас айтады! – деп Мақпал төмен қарап отырып, жасырын күбірледі маған.

– Биыл кооперацияға кірмей қалған жекелерің қаниша еді? – деп сүрадым.

– Біздің ауылдықтың 30 пайызы жеке!... Ал, колективтің жыртқан жері 700 гектар. Су қазірр бір күлақ қана. Таудан тасқын келмесе құритынымыз ып-рас!...

– Жым-жырт отырып қалуларына жол болсын жолдастар! – деп Бақай стакан көтеріп келіп, тізе бастады. – Тойға келіп отырмыз ғой, енді тойдың өлеңін айтальық!...

Той тосты бір рет көтерілісімен Мақпал екеумізге қарсы «көтеріліс» те бастала кетті. «Арактарың аңы болып кетті. Ауыздарыңың дәмін алышадар!» дей ме, «ауыздарыңнан дәм беріндер!» дей ме, әйтеуір, екеумізді қатар тұргызып қойда да, «аңы-аңылап» айқайға бастай келіп, қала жастарының бұл әдетінен бейхабар Мақпал аңыра жалтақтады жан-жағына.

– Мақсаттары, – деп сыйырлап құлқілі түсінік айттым, – «иә, екеумізді сүйістіріп, көп алдында күнәға батыру иә, бәрі жабылып екеумізді сую. Егер соңғысы болса, мен үшін үлкен апат, әрек тапқанымда сениң титімдей ерніңен мына қасқырлар не қалтырап!» – дегенімде сыйылышқақты Мақпал. – Өзіміз ғана сүйісдің амалын іздестіріп көрейін. Оған көнсө алдымен сен бастап сүйесің!» – дегенімде қызара тұқырды.

– Ей, ағайындар, ей, – дедім көпшілікке қарап, әдейгідей жалынышты үнмен, – егер өз ауыздарыңың дәмін бізден алмақ болсандар, бәрің де менің өзімнен алышадар, әрен тауып тұрған мынауыма тиіспендер, монтишп қана тұрған тұрысынан-ақ ешқандай жазығы жоқ екені көрініп тұрмай ма! Осыным үшін садақа, міне, ернім! Алдымен әйелдеріңе сүйгізіңдер, дәм татсын. Соңан соң өздерің келіп жей беріндер!

Көпшілік ду күлді. Бетін басып тұншыға құлғен Мақпал шыға жөнелуге оқталғанда Мәрия ұстай алды. Менің Мақпалға «аңы» жөнін не деп түсіндіргенімді сезіп отырған бірнешеу «жабылып сүюді» бір жолға кешіргенсіді.

– Ал, алдымен өздерің-ақ сүйісіңдерші, қане! Бір-біріңе пейілдерің қашшалық екендігін байқалық! – десті. – Егер келін өздігінен әрекеттенбесе, көріп алармыз!

– «Бұларыңыз қын екен!» деп сық ете түскен Мақпал көпшіліктен бетін далдалай келіп, жабыса түсті бетіме. – «Болды ма?» деп сыйырлады бір аздан соң. – «Бес минут!» деп мен сыйырлай өптім. Көпшілік мұнымызды естіп қойған сияқты. Дұылдаса күліп, қолшапалактай берді. Мен әдейі сағатыма қарап жіберіп босатқанымда Мақпал орындығына бетін баса құлап сыйылышқады.

– Бәлем, коррқады екенсің, ә! – деді оған Ораз. – Күйеуімді басқа әйелдерр сүйіп қоймасын деп жабысып алдың ғой! Тұррабарра қайтерр екенсің?

– Алдымен өздеріңіз қорқып ... мені құрбандыққа шалған соң... сауап үшін бір жолы құтқарғым келді.

– Жендің, Макыш! – деді бір жағында отырған Мәрия. Сақылдап күліп, арқасынан қақты.

Макпалдың жеңістері үшін тост көтеріле берді сонаң соң. Бұрын өзім шарабын ішпейтін әйелдердің бірнешеуі ақшиған ақ арақтан да тайынбай тартып, ерлерін қайрады. «Сегізінші марттың жеңісі», «Төңкерістің жеңісі», «Ұлы Жұнғо компартиясының жеңісі» деген арнаулы тосттар, әнге де, биге де салды сөйтіп. Сонында өлең сайысина апарып құп еткізді. Сол сайыстары бітпей, таң атқанда қайтып бара жатып, көшеде айтысты...

Біздің келіп тойлатып жатқанымызды Лиң Дағышің секретарь естіген екен. Ертеңіне түске жақын өзі келіп құттықтады. Жалғыз көзі құлімдеп, Макпалдың қолын ұзақ сілкіледі.

– Макбали жолдас, сіз Макпали жолдас?.. Жаксы, жаксы!.. Мен шын жүрек күттүктайды!

– Бұл кісі біздің партком секретарь Лиң Дағышің жолдас. Есінде шығар, саған партия жағынан алғаш іздеуші болып, Алтай жерлік парткомға тапсырған осы кісі! – деп таныстырғанымда көзі жарқырай түскен Макпал да қосы қолдап сілкіледі. Секретардың қолын ханзу тілінде сейлей сілкіледі.

– Қөпрахметсізге, Лиңшужи!... Маған істеген қамкорлығынызды естігемнін, мәңгі ұмытпаймын!

– А...а... мұндағы қыздар ханзуша тіл білмейді. Сен ханзуша жақсы сөйлейтін болыпсың! – деп секретарь енді өз тілімен сейледі. – Қайдан үйрендің?

– Сіздің сұрауыңыз бойынша іздел тапқан Алтай жерлік парткомда сегіз ай түрдым. Онда асырап алған еке-шешем бар. Солардан үйрендім.

– Сегіз ай?.. Сөз жок, өте зерек екенсің, Макпал жолдас!.. Біздің мынау тамаша жігіт, сені жақсы таныған, жақсы күткен!.. Өте-өте құттықтаймын! – деп менің қолымды қайта алып сілкіледі Лиң Дағышің. Үйге қолтықтап кіргізіп, дастарқан төріне отырғыздым да, шешемнің істеген бұл тойына шақыруға үлгере алмай қалған жайымды айттым. Шай құйып түрегеп түрган келінін тілмаш етіп шешем кешірім сұрады.

– Мен бастықтарды тойға шақырудан бұрыннан қорқатынмын.

Біздейлердің тойына келу түгіл, осы ұлымды келмеске талай қуалаған гой. Олармен сыйласа алмайтынбыз. Ал, сіздей де кішіпейіл бастық болатынын енді көрдік. Мұнан соң тойға алдымен шақыратынның сіз боларсыз! – дегенде секретарь қарқылдан күліп, шұлғып-шұлғып жіберді.

– Бұл терен сөз, табымыз бір екен, рахмет сізге!.. Биғабили жолдасты жамандаушылар көп болған. Ал, мұндай қабілетті жақсы кадр бізде қазір жоқ. Сіз бақыттысыз. Мынадай келін түсірген соң тіпті шекіз бақытты болдыңыз!

– Өзі менің байқауымша шынышыл сияқты, көңілімді есірген сенің өркенің өссін, Мақышым!... Жақсылап күтіңдер өзін! – деп шыға берген шешеміздің сөзіне күліп едік. «Не айтты?» деп сұрады конағымыз. Аударып түсіндіргенімде қарқылдан күлген секретарь дастарқан ортасындағы бөтелкеден екі стаканға арап құйды.

– Білемін, келін ішпейді, кел, екеуміз Мақпал жолдастың азаттығын құттықтаймыз! – деп қағыстырды менімен. – Енді ішпеймін, менің жұмысым көп, жақыннан бері тіпті көбейіп кетті. Қалаймақаншылық бар! – деді де, басытқылық етіп ет жеп, шай ішті. Өзім толық түсіне алмай жүрген бір мәселені сұраудың орайы келе қалды маған:

– Мал шаруашылық райондарындағы жұмысты қалай көбейтіп алғансыздар, орталық комитеттің нұсқауы осылай болды ма? – деп бұлк еткіздім.

– Біз (оның ішінде мен де) түгел әскери адамбыз гой, – деп жалғыз көзін қадай жымиды маған. – Өзіміз төте қарасты басшылықтың нұсқауына әскери тәртіппен ләм демей бағынып әдеттенгенбіз... Сол бойынша жүріліп жатыр!.. Ал, Биғабили, Макпали жолдастар, осы аудандарғы жоғары тап өкілдерінің ісінен екеуіннің де хабарларың бар шығар. Бейсенбі күні клуб майданында бір бөлім кері төңкеріспілердің үстінен халықтың күрес жиыны анылады. Соған қатынасып беріңдер!

– Мақұл, қатынасайық!.. Олардың ішінде біз арнайы сейлеп әшкерелеуге тиісті кімдер бар екен? Дайындалып барсак жақсы болар еді!

– Жақсы! Тізімін жіберіп берейін! Тарих тапсыру әрекетінде Мақпал жолдастың бізге жолдаған әшкерелеу материалдарын қылмыскерлеріне сол бойынша мойыннатқанбыз. Ал, сенен ондай материал келмеді. Бетпе-бет сөйлеуге көпшілік сені шақырап. Көбін білесің. Мәселен, асқан тоңмойын, кері төңкеріспі Кәкімбайды білесің. Оған келгенде сенің төтеп бере алатыныңа сенеміз.

Сондықтан ескерткенім. Екеуін де білетін Омарбек бар, Таңқан бар. Ал қалғанын тізім келген соң ойланып көресіндер, макұл ма?... Жер иелерінен бұл құреске көп тартылады. Мал иелеріне қазіршे тек кері төңкеріске қатыстыларын ғана тартпақты.

— Басқа мал иелеріне кеңшілік етпексіздер ме? — деп жымия сүрадым.

— Оларға дайындығымыз жетпей жатыр... Мақпал жолдас, әкеңе кеңшілік сұраймысың? — деп күлімсірей сұрады секретарь.

— Жоқ, ол маған кеңшілік етпегенде, мен кеңшілік етем бе! — деп Мақпал тәмен қарай сейледі. — Оның үстінен де бар білетінімді жазып бергенмін. Жалғыз-ақ жала жабуға, нақақ күйдіруге бармасын. Сонын ғана кеңшілік!

— Жақсы!... Жақсы коммунист шығады сенен! Әрқандай жауға да жала жаппау дұрыс! Жау екені рас болса, кейін өзі-ақ ұсталады. Жаланың не қажеті бар!

Осы сөз үстінде Ніо ханбен өсіме түсіп, Лиң дәйшінгे сүйіне қарадым. «Екеуі де бір партияның мүшесі. Ал, екеуі қалайша екі дүниедей қарама-қарсы пікірде?» Клуб майданындағы құрес жиыны сол айтылған күні танертең сағат тоғызыда басталған екен. Мақпал екеуміз бір сағаттай кешігіп барыптыз. Сығылысқан халықтың майданға симағандары қорған дауалына, сырттағы үй-үйдің төбелеріне шығып қарап тұр. Күн бүгін тіпті шақшырая көтерілген. Қып-қызыл сахнадағы микрофоннан сөйлеп тұрған бір қазақ тергеушінің өткір дауысы кереметтің қолындағы шекіс ұзын бишіктей үйірліп, аспаннан осқылап тұрғандай. Бұқіл аудандағы «феодализм» мен «капитализм» бір уысқа кіргендей көрінді.

Тіксінсек те тыныш, қымсынсақ та тынысты қалпынызды сақтап, сахна бүйіріне киырлай жеткен екеумізді Лиң дәйшің көре қойып, қол бұлғап, сахнаға шақырды. Желегін тастай, Үрімжіде мен бұйыртқан киіммен келген Мақпал құрес жиының сахнасында «буржуазия бикештерінше» көрінуден имене шығып, ең артқы орындыққа отыра қалды. Мен, нұсқалған, алдыңғы қатардағы орындыққа барып отырып едім. Лиң шужи күлімсірей түрегелді де, Мақпалды қасыма арқасына қаға әкеліп отырғызды. Құрес құманданының өз орны орта шенде екен.

Майдан алаңының жарымын қылмыстылар толтырғандығы мені қатты таңырқатты. Ең алдында қолдары желкесіне қайрылып байланған кері төңкеріспілер, оның артына қолдары құрсаулы жер иелері, ең соңына ең көбі болып қамаудағы мал иелері тізіліпті. «Бұлардың енбек майдандарына айдалып кеткендерін қосып,

оның үстіне белсенділер қатарында Сәрсен текстес жаландап жүрген орайшыл кері төңкерісшілерді тізсек, бұл майдан төңкеріс қылмыскерлерімен лық толмай ма!» деп тігіле-үніле қарадым.

«Лин дәйшің сынды салмақты секретарь бастаған бұл ауданнан жазаланатындар мұншалық көп шықса, ал, Ню ханбен сияктылар иіскелеген аудандардан қаншалық шыкты деші?.. Осыншалық жау ішімізде тұрғанда, біздің үш аймақ төңкерісі жеңіске қалай жеткен?... Бұлардың бері жау болса, кедейлер жұртшылығының әл-ауқатын жақсарту үшін алман-салық салмай, гоминданмен табан бес жыл алысқан төңкерістік үкіметтің барлық расходын кім көтерген. Отыз-қырық мың төңкеріс армиясының экономикалық тірегі кім болған? Осылардан көмек жиғанда жау көріп, қайсымыз мылтық шошайтып барып едік?» деген оймен басымды шайқап-шайқап қалыптын.

Мойындарына өлім жазасының тақтайы асылған ең алдыңғы қатардағы кері төңкерісшілер арасынан Кәкімбай маған көз астымен қарап тұр екен. Тани қойдым да шайқаған басымды изеп жіберіп, Мақпалақ қарадым.

– Омарбекті көрдің бе? – деп күбірледі. – Тақтай қарғылыштардың сол жақтағы екінші, мені көзімен атып тұр!...

– Бұл, өлтірмей-ақ тірі жазалауға лайық қылмыскер еді!

– Мұны атпаса разы бола қоймаспын!

– Бәйбіше, тым қатал бола көрме! – дегенімде, бұл атауды алғаш естігендіктен маған жымия қарап сөйледі Мақпал.

– Қаталдақ істеуге тиісті жерде қатал бола алмасаң, жеңіске жете алмасың!

– Жеңгей ит қана желкелей бермек!... Бұл жеменгерлікпен байыса да, кейін мойны босап, корқақ, көнімпаз ғана феодал болған. Мұндайды сен де мойындастып өзгерте аласың!... Өзгеруге көнгенді өлтіру – ең зор қанішерлік болады!... Әкенді көрдің бе? – деп сұрадым төмен қарап күбірлеп. Мақпал да төмен қарап сұрады.

– Қай тұста?

– Артынан санағанда бесінші қатардың сол жағынан сегізінші. Қолы байланбалты. Үлкен жазаға тартыла қоймас!

– Көрдім, – деді төрт-бес минуттан соң Мақпал. – Менің көргенімді біліп жылап жіберді, көзіңе ак түскір!... Өзі арықтап, қатты жүдепті, мыстанның тұрмесінде менше 15 жыл қамалса, елтетін сиякты фой!.

Қылмыс делолары жайында ұзак сөйлеген шешен, микрафонды жара шаңқылдан ұран көтергенде айыпкерлер тіпті бүрісті.

Бір кезде кеудесімен тау соғардай асқақтап, ақырандай жүретін Кәкімбай, қазір тышқанның ішіне де сиятын тәрізді.

Кері тәңкерісшілер үстінен шағым айтушыларға сөз берілді мұнан соң. Алдымен аты аталаған шақырылған Құрышбек, сөзді Нұрасылдың елімінен бастап сейлеп, Кәкімбайға қаһар үйірді. Ашуы жеткен удай алымды-өнімді сөз майданға қарлы боран соқтырғандай, оның жендертерін де қалтыратып еді. Халық кегі буырқанып, сөйлеуді талап етушілер шу көтергенде сахнаға Әлия шыға келіп, өз әкесінің үстінен «дерт төкті». Әкесі екі әйел алышп, шешесін тірі жесір қалдырғанын айта еніреген кексе қызға халық арасынан күлкі көтерілді. Жиын басқарушы Ербол жиырыла қарады Әлияға. Оның «күрес жалынын бастын» дегені екенін, қыран тұмсығының құдіреюінен байқаған Әлия жылауды қойып, енді шақылдай жөнелді. Әкесін «мәйбан<sup>39</sup> буржуй тамады<sup>40</sup>» деп тілдеп жіберді де, гоминдаң уақытында «Америка жиянгерлігіне» отан сатқан делдалдардың бірі болғанын әшкереледі. Бейжин мен Шанхайға барып жүріп, Жаң Кайшымен тіл біріктіргендігін айтты. Сол сапарларында 500 мың долларлық қана сомамен барып, бес миллион долларлық тауар алышп қайтатындығын тізіммен дәлелдеді». «Отан сатпасаң оларды қайдан алдың?» деп сонан соң ақырды-ай келіп әкесіне... Сұлу мұртты сопақ бетіне түрмеде қауғадай қара сақал біткен саудагер, қызына мұлде тұншыққандай тығылып, көзі атыла қарады. Кәкімбаймен қатар тұр екен. Әлияның әр ақыруына бір шатырлаған қолшапалақ пен күлкі араласа жауды.

– Әкесінен шекарасын осылай бөлмесе қалай бөлмек!

– Тұмсық күйеу разы болған-ақ шығар!

– Әкесін сойып берсе де разы болмай ма! – деген күлкілерде естілді көп арасынан.

Базардың таңқы құйрық Әлиясы сахнадан түсे жөнелгенде, сахараның бір таңқы құйрық қызылы тағы шыға келді сахнаға. Сарқідір тартқан әйел болса да солай киініпті өзі. Мұның да активтің тым асқан аптығы екенін, кеуделей келісінен байқай қойдым.

– Мен жауыз Таңқан үкірдай үстінен сөйлемек едім, – деп бастады сөзін. – Бұл жауыздың – кәрі қабанның елу жыл ішінде қол астындағы халыққа іstemegen зорекерлігі қалмаған. Алғашқы айыптаушының айтқандарының бәрі рас, қол қойып қосыламын. Мен қазір Таңқанның өзіме қыз кезімде істеген бір зорлығын ғана

<sup>39</sup> Мәйбан – компрадор, делдал.

<sup>40</sup> Тамады – шешесін.....

өзіне сөйлетеін деп шықтым. Ей, кәрі тәбет, көтер басыңды! – деп шаңқ ете түсті. Жетпістен асып бүкірейген шақшадай ғана аппақ шал тәмен қарап тұрып алып еді. Көп арасынан Әлімбай хатшы шыға келіп ақырып қалды. Мақпал, негізгі бір жауын енді көріп, бадырая қарап қалған екен.

– Әлімбайды көрдің бе, Омарбектің орнына район бастығы болып сайланыпты! – деп Мақпал күбірлей күрсінді. Әлімбай ыршип барып, Таңқаның қураған селеудей селдір сақалынан көтеріп қалып, шалқасынан түсірді. Қайта көтеріп, шымға қағатын қазықша ыргап тіккеді де, бізге бір қарап қойып, жөнеле берді.

– Ей, кәрі қабан, жауап бер! – деп шаңқылдағы шағым айтушы Таңқы. – Жиырма сегізінші жылы күзде ... айдың ... күні түнде маған не істегениңді сөйле! Қашшалық қинағаныңды, бәрін сейле!

Тұқырып алған Таңқанға бірқанша белсенді қатар ақырды.

– Шырағым, осы сөзіңе жап-жас өзің емес, өлмелі менің бетім шыдамай, жерге кіре алмай ұялып тұр едім. Құдай басқа салған соң сөйлейін енді, сейлейін! – деді Таңқан. – Менің жауыз болғаным рас, өзім-ақ айтамын ғой бәрін. Халім барда әйелкүмар болғаным рас. Үкіметке сондай пәлелігімнің барын айтып, кинаудан құтылу үшін, тіпті, артығымен сөйлеп беріп едім. Ал, сен туралы... мен... тіпті қараудан ұялатын қарғадай бала едің... оның үстіне сені... өзім қызым деуші едім... шынын айтқанда, ол кезде шешенмен тәуір едім ғой, тергеушіге берген тізімімде ол маркүмның да аты бар. Нанбасаң содан қараышы, шырағым! Мұндай жала жауып, құдайдан безбе! Құдай алдына барғалы түрмyn ғой, қызым, Алла сақтасын, сен жаққа беттеп көргенім жок! – дегенде шу көтерді көшпілік намыстың қатал шенгеліне түгел кіргендей, рахымсыз уыста мыжылып бара жатқандай, аянышты құніренистер естілді құлағыма. Беті қанға боялғандай қызарған әйелге бірнешеу қатар ақырды.

– Сөйлестпеді деп қазір атқызып жіберсең де, тоқтат арсыз сөзінді, лағынат! – деп жіберді Құрышбек.

– Егер рас болса да өзінді шиге шашып масқараламай, тергеуші алдында ғана беттеспеймісің! – деп күбірлей келген біреу тарта жөнелді қолынан. Бұл әйелді сөйлеткен Әлімбай екендігі, олар сахнадан түсे салысымен көрінді.

– Зорекерлер үстінен шағым айтқызбай сүйреп түсіретін кімсің сен! – деп кіжінді Әлімбай.

– Район<sup>41</sup> жолдас, мұндай есуасты қайрап, жоқты көкіткенше, барын өзіңіз-ақ сөйлесеңіз болмай ма! Жауға өзін масқаралату

<sup>41</sup> Район жолдас – район бастығы демекші.

үшін шығарғаның ба бұл! – деп Әлімбайды кінәлаған бір жігітке қарап отырып қалыптын. Атым микрофонда аталғанына жалт қарасам, Ербол мені сейлеуге шақырып тұр екен. Көптен таныс көпшілік дуылдай қолшапалактағанда түрегеліп, бас идім де мікрофон алдына барды.

– Мен бұл жыныда сөзге шығушылардың ең соңында сөйлемек едім, – деп бастадым сөзімді. – Алдымен мына дұспандар үстінен шағым айтушылардың – әшкерелеуші, айыптаушылардың сөзін тыңдамақ едім. Кім дәл айтты, кім жала айтты, бұлардың қылмысын толық білетіндердің қайсысы ашылды, қайсысы жасырды, бұларға бұрын қолшоқпар болғандардың қайсысы өзін әшкерелеп, шекарасын ажыратты. Анықтап алғып сөйлесем, бұл күрестерінізге үлес коса алатындығыма сенемін. Өйттетінім, дәл мына алдыңғы қатарда тұрған айыпталушылар маған толық таныс. Бұлардың қылмыстарын білетіндерді де, бұлардың асырап өсірген күйкентайтарын да, айтақтайтын жендеттерін де толық білемін. Өздіктерінен әшкерелемейтін болса сонан соң сөйлемек едім. Ал, жолдастар, қашан сөйлейін?

– Соңында сөйлесін! Ең артынан-ақ сөйлесін! – деген дуыл көтерілді.

– Олай болса, қылмысты асыра сөйлеушілерге де, жасыра сөйлеушілерге де, жасырынушыларға да осы жолы қatal тиісітіндігіме сеніціздер, отыра тұрайын!

Бықсымаларды дәл тауып көсептін. Сөзге шығуға таласуышылар лап ете түскендей шуылдай көтерілді. Тізімдеп алған, тәртіппен сөйлестуді Ерболға сыйырлай салып, орныма қайттым. Бұрын Қекімбайға сыйайлас болған Сәрсен мен екі жендеті алдымен тізімделді. Кибірахұн мен Әлияның әкесінің әшкерелеушілерінен үшеуі, Омарбектің жандайшабы Әлімбай бастаған төрт әшкерелеуші, Таңқанның үстінен бес әшкерелеуші тізімделгенде Мақпал жайрақ қақты.

– Бұлар енді сенімен маған сөйлейтін материал қалдыра қоймас! – деп күлді. Әлгі сөзінен қорықкан-ақ екен. Бәрі де Омарбек пен Таңқанның сайыпқыраны болған!... Әкемнің ісін білетін де осылар!

– Әкенің қылмысы аз болса керек!

– Недәуір бар шығар, бірақ, атылуға шартты тола қоймас! – деп күрсінді Макпал.

Әрқай белсенді өзді-өз қожайындары үстінен сейлей берді, түткілей берді. Ең мықтысы болып, оза шапқан Сәрсен мен

Әлімбай Кәкімбай мен Омарбектің бет-аузын қанға бояп келіп сөйлемеді. Қайта барып сақалдап та сөйлемеді. Маған қарап қойып та, Мақпалаға қарап та жұдырықтады.

– Өздерің қатысқан қылмыстары қалып қоймасын! – дегенді күбірлеп ескертіп мен отырдым.

Сәрсен саясат Кәкімбайды гоминдаң партиясына тартып, шаңзуңдыққа көтергенін әшкерелегенде иіле тусты. Оны До-сан әкіммен бірге үш аймақ жазасынан құтқарысып-жасырысып келгендігін сөйлегенде бүтіле тусты. «Бұл кері төңкерісші Ахметжан, Ысқақбек сынды көсемдеріміздің өлімі туралы ұлы құтқарушымыз Жұңғо компартиясына, беті бұлк етпей жала жабуға дейін бармады ма!» деп сақылдады соңында. Осыны сөйлегенде ғана бой жазып, қайта тікірейді де, сахнадан ыршып түсіп, Кәкімбайын тепкілей жөнелді.

Жауынды құні Зарықбай, Қонқай ауылындағы қарақышылығын сөйлеген Әлімбай «мені де алындар колға!» деп қос қолын көтере айқайлап еді. Мақпалды аңдып жүріп қолғатысірғен қарақышылығын әшкерелегенде, өзін шапалактап-шапалақтап жіберді. «Осының барлығын зорлап істеткен осы боксақал!» деп ыршыған Әлімбай Омарбекінің сақалына сап ете түсіп шартылдатты.

Бұл рет тізімделіп сөйлегендердің көпшілігі осындай фокусшы жендеттер еken. Пышақтарын өз беттеріне қадап қойып, кожаларының қолқаларына сұңғите берді.

Бұлар түгел сейлеп болғанда, өзім тағы сейлеп өш алу түгіл, байлаулы сорлы дүшпандардың өші менде кеткендей, жаным ашыды. Қорқытып өз жендеттеріне өздерін өлерде тепкілеткен мен болмадым ба! Маған жұмымия қараған Ербол «ең соңында сөйлеймін» дегенім бойынша микрофонға сөзге шакырды. Түрегеліп барып, көпшілікке бас идім де реесми дауыспен: «Менің бұл реткі жазалау жиыннанда кері төңкерішілер үстінен әшкерелейтіп мәселелерім осымен бітті! – дегенімде ду ете тусты көпшілік. – Кейінгі тізімделіп сөйлеушілердің жұдырықтарынан басқасы түгелімен мениң сөзім!»

Жиын басқаруши Ербол Лин дәйшіннің қасына барып, сөйлейтін сөзі бар-жоқтығын сұрап еді. Секретарь басын көңілсіз ғана шайқай салды. Алдынғы ұзақ сөйлеген тергеушінің қасында отырған жепанжүн порымдас сары киімді Ерболдың ымын кере сала түрегелді де үкім окуға кірісті. Сол осы кісі еken. Мойнына тақтай асылған он екі адамның аттарын алдымен атап, өлкелік жоғары соттың бекітуі бойынша өлім жазасына үкім етілгендігін

сақылдай сөйлеп бір тынды. Іле-шала қайта сақылдап, несие өлімге (екі жыл кешіктіріп атуға) кесілгендердің тізімін оқыды (оны санай алмай калдым. Әйттеір ұзағырак оқыды). Онан соң мүддесіз қамалатындар мен жиырма жылға кесілгендердің тізімін оқыды. Неше мындаған адамның өліктеі үнсіз тынып қалғандықтарына қарап отырып, бұлардың қанша адам екендігін де санаусыз қалдырды.

Нак өлімге үкім етілгендердің автомобиль кузовына лақтырылғандағы аянышты үні әлі де құлағымда.

— Лиң дәйшің, Лиң дәйшің! – деп айқайлап барып үзілді бір үн.

— Тәңкеріс деп сұраған көмектеріңен немді аяп едім, көргендерің айтсандаршы шырактарым-ау! – деп бірі лақтырылмай тұрып-ақ жалп ете түсті.

— Секретарь-ау, қарағым-ау, жүзің жылы еді гой, рахымың қайда! – деп бірі зарлай ұшты кузовқа.

— О дүниеде қолым сенің жағаңда, Өлімбай! – деп Омарбек лақтырыларда қалтырап кетті.

— Лиң дәйшің-ау, арқамнан қағып жүріп, басымды қағып тастадың-ау!..

Өзінің аты қазір өлеңтіндердің аузынан шыға бергеннен көрге бірге кететіндегі түршіккені ме, иә, ішіндегі ашынышын жасыруға күші жетпегені ме жалғыз көзі шақшиып, күре тамырлары бадырая қалған секретарь сахнаның артынан түсе жөнелді. Сол басқышпен Мақпал екеуміз де сырғы жөнелдік. Қолдастып алып, тұп-тұра үйге тарттық. «Омарбек өлтірілмесе, разы бола қоймаспын» деп келген келіншегімнің көзі тіпті бақырайыпты...

Әділетті тергеушім, өз танымымда бұл тараудағы қылмысым – отты басқалардың қолымен көсегендігім еді. Ал, сіз, сол өнер арқылы жүрттың қолын түгел өртеп болып, отты енді тұмсықтарымен көсетіп жатқанызыда менің мұным қылмыс болып жарытар ма. Кешіре тұрыңыз, ендігі тараулардың бірінде егіз қылмыс тудырып берермін!

## VI

Осы қырма жиынның кешінде бізді Өмірбек қонаққа шакырып еді. Кешкे жақын Мақпал екеумізді екі жағына алып шәй ішкен шешем, әр нені ақыл етіп сөйлеп отырып кешіктірді. Күнбатыс жақ көкжиекті ымырт көмкере бастағанда шығыппыз. Жұлдыздары бадырайған көк аспан жердегі қара көлеңкеден бір сұмдық сезген-

дей, қадалып алыпты. Көше ішінен тынғандай тымырық-тыныссыз сезілді. Науқандар көбейгеннен бері бұл қалашықта күн батысымен көше кимылы өздігінен токтап қалатын болғанын естігенбіз.

Өзімізден басқа ешкім жоқтай сезілген соң тоқтай қалып, айқара құшып, аймалай сүйісіп келе жатыр едік. Сол мақсатпен жаудыраса қарасып тағы бір рет тұра қалғанымызда көше теректерінің далдасынан біреулердің күбірі естілгендей болды. Елең қаққан Мақпалдың шанакты көзі жалт-жұлт ете түсті де, қолымнан тарта жөнелді. Жеделдете бастық аяғымызды. Дауал жағалап сонымызға түскен аяқ сыйбыры естілді. Дедектетіп жүгіртуге айналған Мақпалды мен тежедім.

– Асықпа, кім екенін байқалық. Бұл көшеде кастық қыла алмайды!

Үш адам көше ортасына шығып, күбірлесе ілесті сонымыздан.

«Биғабіл екен, – деді алдымен шыққаны. – Осыған да айтып кессетіп қоялық!... Жігіт еді не дер екен. Тым болмаса жоғары үкіметіне пікір жеткіз!»

Біреуі оза шығып жақындай берді бізге. Қуып жетіп, қол созым алыстықпен қатарласа жүрді. Ұзын бойлы сопақ бет қара сияқты. Үңіле қарап едім.

– Мені тани алмайсыз! – деп күлді. Дауысы да бейтаныс екен. – Бізді толық азаттыққа, бақытты түрмисқа жеткізетін коммунист. Үкімет келеді деп ен көп сөйлеген сіз едіңіз, жазанызды беру үшін ілесіп келеміз.

– Бірақ бере алмай қалар ма екенсіздер, жазығым жоқ қой! – деп күліп едім. Қолтығымдағы білегі дір қаққан Макпал да күлген болды. Тағы да үңіле қарап алып сұрадым. – Ал, сөйлеңізпі, не қылмысым үшін жазаламақсыз?

– Бәз баяғы гоминданды компартия деп таныстырып алдағандығыныз үшін!

– Шынымен алдаппyn ба?

– Шынымен болмаса, мына үкіметіңіз не істеп жатыр!.. Тіпті гоминданнан да асып, осы төңкерістік үш аймақтың өзінен әр ретте мыңдал қолға алып қырғындал, гоминданның бізде кеткен өшін алып жатпай ма!

– Е...е... сіздің «мені тани алмайсыз» дегеніңізді енді түсіндім. Кері төңкеріспілердің қолшоқпары екенсіз ғой. Олай болғанда рас тани алмайды екенмін! – деп енді қарқылдай күліп едім, қолтығымдағы Макпал қалтырай күлді.

– Осы қырылып жатқандардың бәрін кері төңкеріспі деп та-

нисыз ба? Сіз жалғыздан жалғыз кезіп, төңкерістік үгіт айтып жүргеніңде, осыншалық көп кері төңкерісі болса қалай тірі қалғансыз? Қолыныңда кейде қамши да болмайтын. Көп кері төңкерісінен неңізден корықты сонда!... Өлтіру түгіл, төңкеріс үшін сұрағаныңызды түгел беріп, айтқаныңызды толығымен орындаپ келіп еді ғой!... Менің байлармен ешқандай шатысым жоқ кара табанның қара баласымын. Солай да істің әділі керек қой, осы айдалып атылып жатқандардың сондай бізден күткен жақсылығы осы болғаны ма!... Көпшілігі тіпті обалды кетіп жатыр!

– Өзіңіз, оқыған, білерлігі мол адам сияқтысыз, – деп үніле қарадым тағы да, – енді мен де шынымды айтайын, осыны істеп отырған, нағыз компартия мен марксизм емес, сондықтан менің үгітімнің де жазығы жоқ!... Жандайшап, шаш алудың орына бас алуды ғана білестін зор ұлтшыл жендеттердің ісі!... Халыққа азаттық армия арасына баяғыда кіріп алған Әлімбай мен Сәрсен сияқтылар аз дейіз бе!... Мұның артын күтініздер, осы ахуалды жоғары жаққа әр жерден мәлімдеп жатыр. Орталық комитет бірдеме айтпай қоймайды. Мен өзім де сол үміттемін. Әйтпесе көрмей-білмей жүргенім жоқ!

– Бәссе... бірақ артын күте-куте артымыз ойылып-ұнірейіп қалды. Енді екі-үш күнде тағы да жиын ашып, қасаптығын тағы әкетеді. Кәкімбай, Кибірахұн, Омарбек сияқтылар ғана болса ғой сауапты іс дер едік. Көп болса екі жыл ғана қамалуға тиістілерді қырып жатыр. Енді шыдай алатын емесспіз!

– Сонда қайтпексіздер?

– Тым болмаса шыл құрлыш болмаймыз ба, тыптырламақпыш!... Ал кеттім. Сіздерді ойлансын деп кезіккеніміз. Мұндайда артын күтіп отыру, азаматтық емес, алдын тосу қажет! – деді де қараңғыла сұнғы жөнелді.

– Мынау бір пәле екен, кері төңкеріске үгіттеп жүргені! – деп Мақпал күрсінді де, мен соза дем алдым. Әмірбектің қақпасына үнсіз жеттік.

Ауыз үйде отырған шешесіне мен қол беріп амандастып болғанша біраз кідіріп, сыртта қалған Мақпал, бір тізерлеп иіліп сөлем ете кірді. Жайшылықта «төрт аяқтап» әрен тұратын ауыр кемпір бір қолына ғана демеліп, ыршып түрегеле ұмтылды келініне.

– Рахмет, балам, рахмет! Әмірің ұзақ болсын, көретінің қызық болсын!... Бақытты бол дегенім ғой, нұр жаусын басыңа! – дей жетті де иегінен көтеріп, маңдайынан сүйді. – Мандайың жазық, жүзің жарық екен!... Мейіржан, үйге кіргіз, отау ғой, төрге от-

ырсын!. Бәсе, Биганым осында сайланып жүрген кыздарға неге кекіреій береді десем, келінім дейтіндей келін болатын сияқтысың ғой, өркенін өссін, балам!

Сықылықтай кірді Мақпал отауға. Қақпаға жеткенде салынған жұқа қызыл жібек желегін мойнына қайта түсіре барып отырды. Бізден бұрын Мәулен, Қиялзат келіншектерімен, Бақай ғана келген екен. Сырттан іле-шала Ерболдың кіргенін, ауыз үйдегі шешемізбен сәлемдескенінен сездік.

– Есенсіз бе, шеше? – деп ол өзінің астамсудай сезілетін, саңырауға сәлем бергендей кесек дауысымен амандастып еді.

– Шүкіршілік! – дей салған кемпір танымай қалғандай үңіле түсіп, аз кідіріп барып сөйледі. – Е...е... компартиялардың біреуі екен десем, өзіміздің Жайсаңбайдың Ерболы екенсін ғой, амансын ба, қалқам? Осы бір тыртиған кек кімдерінен де қателесе беремін. Үйге кіре ғой, балам, достарың күтіп отыр!

Бәріміз күлдік, шай құйылды. Дастарқан әнгімесі осы «компартиялардың біреуі екен десем» деген мағыналы наразылық сөзден басталды.

– Япырай, – деп сыпайы әнші Мәулен бір бөгеліп барып сөйледі. – Осы кісі компартияны өзіндей, өзінің Өмірбегінің қамкор қормалындағы көруші еді-ау, енді мына сөзінің қыршаңқысын қарашы, жат көріп қалыпты ғой!

– Жат көрмей қайтеді, – деген Бақайдың көзі ұшқындалап кетті.  
– Жалғыз ұлын ел құрбандағына атап, әрәп құтылған жауы жылмып қайта келгендей көрініп отырмай ма!...

– Ей, пролетар, – деп қалды Ербол. – Өз үкіметінді гоминданға тенеуінде жол болсын!

– Әлей болсын, кадрым, – деп Бақай жымиды. – Пролетариаттың, төңкеріспі таптың пікірін мылтықтарыңа патрон етіп, халыққа фашизмнің улы корғасынын атуларыңа жол болсын! Гоминдаңың жуз мың армиясын жіпсіз байлап, құс атар шитілерін де тырс еткізбей қарсы алған ұлттық армияның «завхоздары» мен «складтарына» мына тастаган бомбаларың кімдік? Пролетариат бұл жойымпаздықтарыңа жол қоя алмайды. Бас қылмыстарыңды іздейміз. Іздең те жатқан шығар, көресің әлі.

– Сонда таптық жауларыңды Кәкімбай, Кибір, Күпірлерінді жазалап бергендейіміз үшін жойымпаз аталғанымыз ба, жоқтап отырғаның кім өзі?

– Пролетар бұларды атпа десе, өздерін құдай атсын. Ал, басқа атылғандарды, өмірлік кесілгендерді, жиырма жылдықтарды бір-

бірден атап, қылмыстарын сарапқа салып көрші, қане, осы атаудан қалай құтылар екенсің!... Иттікке ындыны көнбейтін қасқырдығана жо керек шығар! Ал, мына қораларыңа симай, шөлге айдатып жатқандарың, қайсы жиянгердің қайсы шапқыншылығынан түсірген тұтқындарың!

Женілген Ерболдың өзінен бастап, бәріміз күліп едік, Мақпал жалтақтай түсті жан-жағына. Бұрыннан сырлас дос екендіктерімізді білмей, осы сөздерді аса оқыс сезіп отыр екен.

– Мына лұкшек пролетарыңа не дейсің, Бига? – деп Ербол маған қараганда.

– Екі ақын арасындағы айтысқа басқа ақын килікпеуі жөн шығар! – деп күлді Мақпал.

– Басқа мықтырақ ақынның қалыс төрелік айтып келістіретіні де болатын, келін! – деген Мәулениң сезінен жеңілгендей қызығыш тарта жымып тұқырды өзі.

– Екеуінің бұл айтысы заңды, дұрыс айтыс! – дедім мен. – Ерболдың жеңілер жеріне жетпей төрелік сұрауы жеңілгендігінен емес, көк айылдық істетсе көсіп қалатын жерлері бар. Бірақ, өзінің ішкі пікірі Бақайдың пікірімен ымдас-жымдас болғандықтан коя салғысы келген сияқты, – дегенімде Ербол қарқылдай күлді.

– Олай болмаса, тым болмағанда «нақтылы кері төңкерісші, міне!» деп ұстатьып, атқыза салу қолымнан келмей ме, шарты алдыңғы сезімен-ақ тола қалды гой!

– Шарты қазір толғанымен кейін толмай қалса, не бетінді айтасың, – деп күлімсірей тойтардым бұл құқайын. – Бақайды сен «көрі төңкерісші» демек түгіл «лұкшек пролетар» деуің де әділетсіз баға. Лұкшектік әрекетке қарсы лұкшекші үзілдікесілді пікір айтпайтын пролетар жоқ. Егер болса, пыскан пролетар емес, ұсақ буржуазиялық либралшылдар қатарынан ғана орын алар еді.

– Жарайсың! – деп Бақай бас бармағын көтере түрегелді орнынан. – Қырық алтыншы жылдың күзінде пимакат дүкеніннің түкпіріндегі тауық ұсында арак ішіп отырғанымыздағы өзіңе берген бағамды толық актадың осы жолы, құтқардың мына пәленің қоқан лоқысынан! Әкел бетіңнен енді бір сүйейін!

– Құдай жарылқасын, сүйе көрме! – деп екі қолымды бірдей көтердім. – Мақыши, сен де сақтан мынадан, сүйемін деп қасқырша талайтыны бар мұнның!

Қарқылдай күлгөнімізде ауыз үйден тындалап отырған қарт ана тіпті қарқылдады. Столға ішімдіктер келіп, ауыздары ашыла

бастағандықтан онымен отаспайтын саяси айтыстың аузын бекіте салу үшін қалжындаған едім, Ербол қолдай кетті.

– Бәйбішен болса да, Мәрия бейшараны бұлай қорғаштамаушы едің, – деп жымып, тұмсығымен бірге бүгіле түсіп еді. Мақпалмен қарасып алып құліскен Мәрияның әртістігі қозып, қалжындың колтығын қытықтай жөнелді.

Қараңғы көшеде кездескен бейтаныс қараның сөзі мен мына жарық үйде көзді жайнатып қойып сөйлеген Бақайдың сөзі бауырлас бір тұлғадан туғандай сезіліп, менің ойымды ауырлата берді. Қанышалық қызықты құлкіге бөленип отырса да, қапастағы кісенді тұтқындардың құлқісіндей, өзімізді өзіміз алдаған шекті құлкідей, сыздан арыла алмай қайттым.

Сол ләззэтті аптада шақырған басқа үйдегі сауықтарда да дәл осындай уытты ызаға қайралған пікірлер алдымызды кесіп өте шығып жүрді. Тау тасқынындаі лап қоятын апatty бір толқу бар сияқты алдымызда. Мақпал да соны сезіпти. Рұқсатты уақыты біткен күні түн бойы кірпік ілмей аймалап, осындай пікірге мұлде қатыспауды өтінді.

– Қалай дегенмен де партия басшылығындағы іс қой бұл. Қанышалық солшылдық болса да біз үшін бақыт экелгендігі осы қосылуымыздан дәлелденді ғой, жаным. Қарсы пікірден аулак болайықшы!... Сен мені асқан сұлу да, ақылды да көресің ғой, ал мен үшін сенен артық ешкім жоқ. Анау алғаш көргенімнен бері біреу саған тендерсерлік адамзат бар десе күнәға бататындаі сеніммен келемін. Осы партия болмаса екеуміздің басымыз екі дала да қалатын еді ғой! Осы партия не істесе де кір келтірмейікші!

– Бұл партияға кір келтіруге болмайтындығын мен сенен артығырақ түсінемін ғой, Нұрым, бірақ, мына асыра сілтеушілік, партияның ісі емес дедім ғой. Мен қателеседі деген қауіптен аулак болышы!

– Қауіптенбейін, жаным, осы пікірді де айтпай қоя тұршы!... Бәлкім, осы істің өзі дұрыс шығар, күнім! – деп Мақпал осы іс дегенниң өзін де дәлелдей актап, ләззэтқа бөккен жалынышын құя берді көкірегіме.

Кірпік ілмей таң атырдық та, шешемізді ортаға алып, шай іштік. Аудандық үкіметтің жеңіл арбасында кірпік қақпай қараса отырып, Шәуешекке жеттік. Зыдауян «мамасынан», бұрынғы дұспандарының қастандығынан сактануын өтініп қайттым.

Бір апта кешіккендігімнен асығып, ертеңіне түстен кейін Үрімжіге жүретін бір жук автомобилінің үстіне отыра салып едім.

Жолдың нашарлығынан Толыға жеткенімізше күн көкжиекке жетіп, Жаматы сайына кіргенімізде ымырт жабылды. Менімен бірге Дәрбілжінен шыққан екі әскер елеңдеп, бір-біріне қараса берді. Неден қауіптенетіндіктерін білмеппін, көздерінен күдік оты жылтылдай қарасады. Қысан жартасқа жақындастық. Біреуі жан мылтығын менен жасыра сұзырып, шатының арасына оқтағанда, біреуі бесатарының шақпағын қайырды. Арт жағымызда отырған қазақ шал күбірледі маған:

– Япырай, мыналардың шырайы бұзылды-ау деймін, шырағым!

– Жоқ, ата, бұлардың шырайы бұзылмайды. Қараңғыда осы қысаның ауа райы бұзылар деген сақтықтары шығар!

Жолдың екі жағындағы тәкәппар екі құзар кеуде соғыстырып тұрғандай көрінетін тар іннен автомобильіміз баяулай ышқынып өтті. Жылай безілдеп екінші қысанға жете бере кілт тоқтады. Қазандай-қазандай төрт тас жолды кесе тіzlіліп бекітіп тастапты. Шофер кабинкадан секіріп түсіп, тасқа қарай жүгіргендеге үлкен жартастан сабырлы бір жуан дауыс естілді.

– Ей, шопыр, жаныңды сақта, мұсылман екенсін, онда барсаң-ақ оқ тиеді. Қолыңды көтере ғой онан да! – деді қазақша баптап сөйлеп.

– Тез қайт, бұр машинаңды! – деп жан мылтықты офицерім ханзу тілінде сақылдады. Жартасқа қаратып мылтық кезене қойып еді.

– Ата алмайсын! – деп екінші жағымыздағы жартастың үстінен біреу ақырып жіберді. – Арт жақтарың да бекітіліп болды, қайта алмайсың! Таста құралдарыңды, қырыласындар!

Маған жалт қарады офицер, әлгі сөзді аударып ұқтыра қойдым. Құрал ұстаған қолы сылқ түсті. Дәл қасымыздағы далдан әлгі сабырлы дауыс тағы бұйырды.

– Ей, шопыр, автомобильіндегі адамдардың бәрін түсір де, шырақтың алдына тіз!... Оқ шығармай берілсөңдер, құралдан басқа еш нәрселерінді алмаймыз! Ал, қайсың карсылық көрсетсөндөр, иә, жасырынсаңдар, соның ғана атыласындар!

– Тез түсіндер! – деп арт жағымыздан бірнеше дауыс дүрсө қоя берді.

Секіріп-секіріп түстік те, автомобиль фарының алдына барып тізіле қалдық. Екі әскер қалтырай келіп, менімен катарласа тұрды да, құралдарын алдыларына тастанай салды. Бір қыз бен ауру кемпір түсті кабинадан. Артымыздан ақыргандар автомобильдің үсті мен кабинкасын тексеріп шықты. Тізілген жетеумізді сахараша киінген

екі жігіт түгел тінтіп болды да, оқ тізілген екі шұберек белдік пен үлкенде-кішілі екі мылтықты ғана алыш, жөнеле берді.

– Ұлықтарына сәлем айтындар! – деп ескерте кетті біреуі. – Жалпылай қолға алу мен заңсыз кісі өлтіру дереу тоқтамаса, халық азаттық армия деген аттарынды да тартып аламыз!...

Автомобилімізге қайта отырып, аман-есен зырлата жөнелдік.

Құралдарынан айрылған екі жауынгер Күйтіңге түсті. Куә болуымызды өтініп, рота штабына бізді өртіп апарды да, тік тұра қалып, капитанына жолдағы оқиғаны түгел баяндады. «Қасымыздығы мына бес адамның аман қалуы үшін, құральмызды қарсылықсыз тастамасымызға мүмкіндік болмай қалды» деп қосты соңына. Капитан акт жаздырып, біздін де қолымызды қойдырып алды да, телефонмен сақшы мекемесінен біреуді шақырды. Онысы үлкенірек офицер көрінеді. Дереу келіп екі жауынгерді қайта сейлетіп, қайта тыңдады да, қалған бесеуімізді тергей жөнелді. Құрал тонаушылардың бар сөзін, үкіметке айтқан сәлеміне дейін толық сейлеп берген мен байқұсты тіпті көп тергеді. Ата тегімнен бастап сұрап, жаңа үйленген келіншегімнен басқамды түгел айтқызды. Сұрайтын мәселелерінің арзанқолдығынан байқап, келіншек жайын «онымен қалай байланыстың» дегізбеу үшін ғана жасырып едім. Партиялы, партиясыздығымды ең соңында сұрады. «Кнешкесіз кандидат» екендігімді естіді де «құпиялықты мықты сақтау» жөнінде молынан түсіндіріп тоқтады.

Кететін бес қылмыстыға жеке-жеке тілхат жаздырыды сонан соң: «Жайыр тауында көргендерімізді жан баласына айтсам, жанымды сұрырып алышыз!» деген тілхатты кәрі қазакқа жазып, бармағын бастырдым да, «саяси орындарға зәрулігі болмаса, басқа ешкімге айтсам...» дегенді өз атымнан жазып қол қойдым. Адресімізді де тәптіштеп жаздырып шығарды.

Саяси жел алдымен соғатын Үрімжіге тағы бір қатты боран көтеріле бастағанда келіппін. Аудандардағы мылтық тарсылдары мен таулардағы ат тұяғының тасырларын басып түсіп, естіртпей тастау үшін соккан борандай, үлкен қаланы бүріп, ұшырған тастарымен төпеп ықтырып-бұқтыра бастаған екен. «Үшке қарсы науқан» деп үкімет қызметкерлеріне, «беске қарсы науқан» деп қала кәсіпшілеріне ұскіріпті. «Үшке қарсы» дегені қиянатшылдыққа, ысырапқорлыққа, бюрократизмге қарсы деген науқан екен де, «беске қарсы» дегені – қолөнер, сауда өнеркәсібіндегілерге жүргізілетін қиянатшылдыққа, ысырапқорлыққа, бюрократизмге, үкімет мүлкін қымқыруға, арзан алыш қымбатқа сатуға қарсы науқан екен.

«Былтырдан бергі жеке-жеке жүргізілген бірлерге ғана қарсы науқандар адам басын мындалағанда, қабаттап жүргізілген бакандай-бакандай сегізге қарсы науқан кімді аман коймақ!» дегендей бүрсілті қала халқы. Ал, мен, осы науқан қанға шөлдемей, қастық сайламай, «сақалға лайық іскеек, сабаға лайық піспек» қана қолданып, әділ жүргізілсе, аса сауапты науқан болатындығы үшін құлышына қатынастым. «Бұл, тек саяси науқан ғана емес, адам тәрбиелейтін, адамгершілік моралға да, коммунистік идеологияға да баулытын науқан ғой!»

Мекеме кадрлары үйірша, ханзуша екі этіретке ғана бөлініп жүргізілті. Алғашқы қолданба материалдар үйрену сатысын бітіріп, «либралізмге қарсы тұрайықты»<sup>42</sup> оқып, үш жауды жасырмай-бүкпей әшкерелеуге ант берісіп, позиция білдірісіп болған екен. Мен келіп қатынасқан күні өзін-өзі әшкерелеу сатысына өтті. Әркім өзінің ес білгеннен бергі қиянатын, ысырапшылдығын айтып жатты. Әкімшілік саласында істеп көргендері өз шақтарында өткізген бюрократтықтарын – төрешілдік қылмыстарын да әшкереледі.

«Тарих тапсыру» науқанындағы мен сияқты өздерінен ондай еш қылмыс таба алмай қысылып отырғандары да бар екен. Ондай бейуаздардың бұл науқанда тіпті қатты қиналып отырғандықтары байқалады. Қиналатыны, өлкелік парткомнан осы науқанға басының етуге келген Абыла дейтін жас кадр өзінен ондай қылмыс таба алмай, өзін актаушыларға өте қатал қарайтын.

– Өмірінде ешқандай қиянат істемейтін перште жоқ! – дейтін ол, жымиса да Зымыстан зығар шашып тұрып «қүлімсірейтін». – Адамды адам жейтін көне қогамда қиянатсыз адам бола ма! ... ешкім төлетіп аламыз демегеннен кейін.. айттық қой, сөйлей берсеніздер болады! Компартияның өтілген қияннтарды бұлай іздел-сұрап отырғандағы мақсаты, тек, буржуазия идеяларынан тазартып, коммунизмге лайық жаңа адамға айналдыру үшін ғана. Ауруды жойып, адамды құтқару үшін ғана сұрайды. Қане, коммунизмді қалаймыз ба, қаламаймыз ба?...

– Қалаймыз, қалаймыз!... Әрине, қалаймыз!

– Олай болса ине, түйме, тіпті бір сабақ жілтей қияннтарымызды да қалдырмай, түгел әшкерелеп, ашып тастап, адалануымыз қажет!... Ал, қиянат болған жерде ысырапқорлық та болады, оны да ұмыттайық! Бұл екеуі бюрократтықпен туыстас болады. Десек, бұл үшеуі бір-біріне тығыз байланысты жаулар. Буржуазиялық идеологияның осы тамырларын түгел қырқып тастап, жаңа

<sup>42</sup> Маузылдұң ықшамдаған құрастырған түсінік.

дәуірдің жаңарған сәп-сәлемет азаматы болып шығалық! – деп тынды Абыла.

Шындығында, қияннаттың ысырапкорлық пен бюрократизмге байланыссыз етілетіні көп қой. Осы жайты енеп қана ескертіп сініріп, көтеретін жүгімізді жеңілдетінкіреп қойғым келді. Бір түрлі қылмыстан үш түрлі қылмыс өндіретін Абыланың бұл сынар жакты «теориясынан» өзін әшкерелеушілер тіпті қорқып, түйіктала түсіп еді. Бір мәселесін сөйлеймін деп шылғи өтірігінен мойынына артық екі қылмыс артып алған бір сорлыдан соң өзімнің құрастырып жасап алған «қылмыстарымды» әшкерелеуді талап еттім.

– Мен сөйлейін! – деп қол көтере бергенімде-ақ Абыла шұлғып шұлғып жіберді. – Көпшілікті алдымен өзімнің өмірбаянымен қыскаша таныстырып шықтым да, 33-ші жылғы ашаршылықта отбасымыз бойынша ұрлап жеген көк жүгеріні айттып едім, бірнешеу күліп жіберді. Абыла оларға түйіле қол шайқап қалды да, кесек алтын тапқандай жарқылдай қарады маған:

– Жақсы, жақсы! Ал, осы қияннаттыңдың мөлшері қазіргі ақшаға шаққанда қанышалық болатындығын айттып өтіңіз!

– Онда от басымыз бойынша жеті жан едік. Бір жарым ай сонымен ғана күнелттік. Күніне 10 кило жесек, мөлшерімен, 450 кило болады гой.

– Қазір килосы жиырма тиыннан, 20 юань болады екен! – деді хатшы есептеп жіберіп.

Абыла тағы құзады. Сол жылдың күзіндегі дүнгөн жаугершілігінде Сақабай атты тізесі батқан зорекер помешиктің бір сиырын ұрлап жегенімізді айтқанымда, Абыла сомасы қанша екендігін, тіпті қуана сұрады.

– Әйтеуір үлкен сиыр, қырық килодай май шыққан.

– Олай болса бірінші дәрежелі сиыр. Қазір Үрімжіде 250 юань! – деп хатшы тағы да көмектесе қойды.

– Бұған қосымша айта кететін бір жайт бар, – дедім соңсоң күліп жіберіп. – Осы қияннаторымда титтей де ысырапшылдық болған жоқ. Кеүіп жүрген аузымыздан жерге бір тал жүгері түспеді. Ал, сиырдың кемікті сүйегін де қалдырмай мұжығанбыз. Үрлік қылғанымыздан қорқып жүріп, бюрократтық дегенді түсімде де істемеппін!

– Бигабіл жолдас өзін адалдықпен жақсы әшкерелеп келеді, – деді Абыла, көпшіліктен әлденені іздей қарап. – Бұл жолдас бүгін ғана келді. Материал үйреніп те үлгермеді. Бұл әрекет жөнінде берген түсінігімізді де естімей, ортаға түсіп, өз қияннаторын

әшкереңеүге кірісті. Партияға адал кадр екендігін осыдан көруге болады. Осы позициясынан бәріміз де үйренуге тиіспіз. Ал, сөйлей бер, Бигабіл жолдас!

– Осы екеуінен басқа сөйлерлік қиянатым жок. Енді жазып тапсыраңық бір ғана қиянатым қалды.

– Не жайындағы қиянат? – деп Абыла тінте қарады маған. Арт жақта отырған әйел қызметтестерге естіртпей күбірлеп сөйлемдім.

– Бір әйелге ғана... оны жазып тапсырайын. Ол қияннан ақшаға шакқанда қанша юаң болатынын да білмеймін.

Естігендер ду күлді.

– Дұрыс, дұрыс! – деді бастық. – Жазсаң жазып бер! Бірақ, ондай қиянатыңыз біреу ғана болмайды, толық жазыңыз! Ал, сізде басқа тұрдегі мәселе әлі көп, есінізге салып кояйын, мәсселен, оқытушы болдым, инспектор болдым дедіңіз ғой. Бұл қызметте пара да, тарту-таралғы да болады. Бюрократтық, ысырапқорлық дегендер әрине болмай қоймайды. Материалдарды үйреніп болған соң есінізге бәрі де түседі!... Ал, енді кім сөйлейді? – деп дауыстады Абыла.

– Мен! – деп үнсіз отырғандардың біреуі түрегелді. – Аз болсын, көп болсын өзімізде болған мәселеңін әшкереңей берсек болады екен ғой. Бигабіл жолдастың сөйлегенінен есіме түсті. Мен жас кезімде шәкілдеуік шағуға құмар едім. Ақшам жок күндерде сатушылардан бағасын сұрап, дәмін татқан болып әрқайсысынан бір шымшымнан әкете беретінмін. Ойлап көрсем, міне, сонынан да недәуір қиянат істеген екенмін!

– Қанышалық қиянат екендігін есептен көрсетіңіз! – деп Абыла мұны да ақша мен тиянақтатуды талап етті. Өзінен қиянат таба алмай зарығып отырған бейшара әрең тапқан жалғызынан аянын ба.

– Бір шымшым бес грамнан десек, күніне 10 шымшымнан 50 грамм делік. Шәкілдеуікті кемінде 10 жыл шаққан шығармын, 3650 күн. Сонда қанша болады? – деп қалып еді, қамқор хатшымыз есебін тағы да таба қойды.

– 182 жарым кило болады екен. Көшеде сататын шәкілдеуіктің килосы қазір екі юан, бұл кәсіптен 365 юаң қиянат етіпсіз!

– Ап, бәрекелде, міне менің қазірше есіме түскен қиянатым осы ғана. Бигабіл жолдас айтқандай, сұғанақ қолым оның бір түйіріне де ысырапқорлық қылған емеспін.

Мәселе тапсырудың алғашқы өздігінен әшкереңеү сатысын бастығымыз осылай қайталап құзай сұрап отырып бітірді.

Сейлемей, мәселе тапсырмай қалған ешкім болмады да, киянат арқаламаған ешкім қалмады.

– Позиция білдіру сатысынан бәрініз де жақсы өттіңіздер! – деп бастады Абыла ендігі сезін. «Бисмилласын» ғана бітірдік дегені еді бұл. Тікесіне қараған көпшілікке томпақ көзі шынын сөйлеуге енді келгендей бадырайып, қара кошқыл түкті жүзін томсарта сейледі. – Бұл науқанға бәрініз де ынталы екендітеріңізді көрсетеңіздер. Мәселе тапсыруды енді бастаймыз. Тағы да бір айтып қоялық, бұл үш түрлі қылмыстың титтейі де жасырынып қала алмайды. Эркім өздігінен тапсырмаса, басқалар әшкерелейді. Сөзсіз әшкереленеді. Бүкіл халық қозғалады. Сондықтан өздеріңізді-өздеріңіз толық адаптап, бір тындығын да қалдырмай ада-куде, тап-таза, топ-толық тапсырып шығуларының шарт. Бұдан басқа құтылар жол жок! Әсіресе, азаттықтан бергі қылмыстар аз сейленіп жатыр. Содан толық тазарып, үзілді-кесілді, бұп-бүтін, түп-түгел әшкерелеп, буржуазия жолына баспайтын, қып-қызыл жаңа адам болып шығуларының шарт!... Ал, кім бастап сөйлейді?

Үн-түнсіз бүрісіп отырып қалыппыз. Абыланың көзі бадырайып барады. Қылмысты көздер жұмылып, ойланып қалғандай. Сасқандықтарынан бір-біріне «сөйлесеңші!», «сөйлесеңші!», «енді немді айтайын!» дескендей жалтақтаушылар да көбейді.

– Есқі қоғамдағы қылмысты сөйлегенинен қазіргі жаңа қоғамдағы қылмысты сөйлеген жақсы! – деп еселей кузады Абыла. – Жаңа қылмысты сөйлеудің жақсы болатын себебі, идеяның жаңаарғандығын, партияға сенетіндігінді ашық көрсетеді. Басқалардың әшкерелеуінен өздерің әшкерелеу жақсы. Шала әшкерелеуден толық әшкерелеу жақсы. Кейін әшкерелегенин бұрын әшкерелеген жақсы! Көне қоғамнан жұққан індепті осылай аластан, тезірек адаланып шықпасақ, зор дертке ұшырайтын боламыз!... Киянатшылдық, ысырапкорлық, бюрократтық дегендер көне қоғамның ең жұқпалы аурулары. Бұлардың идеядағы микробтарын қалдырмай жиып өртеп, орнын дизенфекциялап тастау, партияның бұл науқанды жүргізуедегі мақсаты осы ғана!... Партияға кім толық сенсе, сол толық әшкерелейді. Кім сенбесе, сол жасырады...

– Мен сөйлейін! – деп түрегелді қырма бурыл сақалды мекеме күзетшісі. – Былтыр жазда қай күні екенін ұмытып қалдым. Аула сыпырып жүргенімде дарбаза алдынан жұз юаң ақша тауып алғанмын. Мұның кімдікі екендігін сұрастырып, иесіне тапсырып бермей, есқі қоғамнан қалған идеяның жетекшілігі бой-

ынша жеп кеттім. Жаңа қоғамда туылған болсам, мұндай қиянат қылмайтын едім. Партия басшылығында ондай шірік идеядан енді құтыламын!

— Эп бәле, міне осылай сейлеп тапсыра берсеңдер кешірім етіле береді! — деп Абыла әркімге бір қарап қойып, тағы сұрады күзетші шалдан. — Қандай жақсы өзгердіңіз, танымыңыз қандай жақсы!.. Тағы не бар?

— Енді... енді, былтыр күзде таудағы бір байдан халыққа көрсетпей екі қойды арзанға сатып алған едім. Базарға қасап қып сатып, екеуінен екі жуз юань пайда таптым. Бұл, қолындағы ма-лын азайту үшін мал иесінің ұрлап сатып жатқан малы еді. Міне есқі қоғамның басымда қалған шірік идеясы!... Содан дәндеп алып, биыл осы өткен алтыншы айда тағы да он қойын базарға әкеліп тірі сатып, 70 юанинан 700 юань пайда таптым. Бір байдың өзі сойып жеген 30 қойының терісін арзанға сатып әкеліп, тағы да 200 юань таптым. Қазірше ойыма тұскені қиянатым осы 1200 юань. Мен партияға сөзсіз сенемін! Және ойланып есіме тұскенін тапсыра беремін!

— Жарайсың, Рузы ахұн, және ойлан! — деді Абыла бас бармағын көрсетіп, — қой мен тері сатып берген адамдардың атын маған адресімен жазып бер, мақұл ма? Бұл, өзі кері төңкерісшілдікке байланысты зор қияннтар болса да осылай өз ықтپярымен тапсырғандықтан кешірім етілетіні сөзсіз. Партия саясаты ашық ауруды емдеп, адамды құтқару!...

— Ал, жолдастар, Рузы ахұнның идеялық өзгерісінің қаншалық нәтиже тапқандығын көрдініздер. Бұл өзі қарапайым жұмыспы. Қиянат істеу мүмкіншілігінен алыс жүрген бір жұмыспы осыншалық қиянат істепті. Ал, ондайdan мүмкіндігі толық зиялыштар, жоғары таптан шыққандар не іstemейді. Ойланыңыздаршы!... Қазан басында отырып, жемейді дегенге сенуге бола ма!... Ха-ха-ха... енді кім сөйлейді, қане!...

Басшылық етіп отырған «парткомымыздың» қабағын ашу үшін көңілшектікпен жоктан күраған жомарт «қиянатшылар да» сөйлемді. Шылғи қайыс сияқты созылып, шын қиянатшылар да сөйлемді. Жел қакқан мақташа қопсып мақтанишак қиянатшылар да, алып ұшып аңғал қиянатшылар да, жылп беріп өте шығу үшін жылым қиянатшылар да сөйлемді. Бұл — екінші реткі адалануды төрт күнде әрең бітірдік.

Бұл жолы қиянатым жоқ деуден қымсынбаған мен ғана қалған екенмін. Маған арсызға қарағандай адырайып, бетсізге қарағандай

бедірейіп Абыла жүр еді. Бір күні кеште бөліміне шақырып алып, жеке тергеуге кірісті.

– Жолдас Бигабіл, сіз партияға кіруге дайындалып жүр екенсіз. Осы науқанға қалайша пассив позицияда болып қалдыңыз? Идеянызда қандай мәселе бар, соны айтыңызы!

– Пассив болғыш ниетім жоқ. Өзімнен тек киянат таба алмай қысылып жүрмін. Әркім өзінікін өзіне жеткізе алмай жүргенде, қарызға да таба алатын емеспін! – деп мұсәпірсігенімде, еріксіз күліп жіберген Абыла қайта түйлді.

– Рас, жоқ дей аласыз ба, ысырапқорлық пен борократизмнен де тап-тазамын дей алмассыз!

– Дей аламын. Анау алғашкы сөйлеген үшегімнен басқа өз басымнан мұндай мәселелердін ешқайсысы өтілмеді!

– Шығып қалса қайтесіз? – деп бадырая қарады Абыла.

– Шығып қалса партияға кіруге арыз жазып қойған адамға грамның да тонналап өлшенетіндігін – зор киянат болатындығын түсінемін!

– Бұл уағда осымен тұрсын. Бар мәселе шықпай қалмайды. Ойланарсыз! Ал, сіз пассив болғыңыз келмейтіндігін айттыңызғой. Ертеңнен бастап үшке қарсы тексеру сатысына өтеміз. Басқалардың қылмысын әшкерелеу, күмәнді жақтарын да ортаға қойып, батыл курес ашу сатысына өтеміз. Коммунистер үшін тәңкерістің ең алдыңғы шебінде болу шарт екендігін білесізғой. Демек бұл саты әсіресе сіз үшін ауыр сын кезеңі болатындығын жолдастықпен ескерткенім, коммунизмшілдік сапаңызды сақтаңыз! Үктыңыз ба?

– Үқтым, ақиқат пен әділет жолында болатын құрестің ең алдыңғы шебінде тұру, коммунизмші болудың бірінші шарты екендігін тіпті жеткі түсінемін! Коммунизмшілдік сапа осығанғана бағынышты!

Абыла арбай қарап қалды да, мен атыла бір қарап қойып шыға бердім. Ертеңіне бүкіл мәдени-ағарту саласындағы үйрену активтерінің жиыны шақырылды. Зәу де болса мені сындар-ау деп барып едім, олай емес сияқты. Осы науқанда тағы да біздің салаға тұнжаң болып тағайындалып келген Ню ханбенің қыық көзі маған түсे қоймады. Қара коңыр, сопақша жүздегі маңдайдан иекке дейін созылған ұзын тұмсық ирелең қағып, эр мекеме, эр орынның әтірет бастықтарынан доклад тыңдады. Қиянат пен төрешилдік көбірек шыққан басқа мекемелердің докладын мұрны жеңіл жыбырлап күлімсіреп кана тыңдады да, біздің мекеме тәрізді кара

жұмысшыларынан басқа «жолбарыстық қиянат» шыға қоймаған орындардың докладына сол мұрын кенсірігіне дейін толғанып, түйіле ііскелеп тыңдады.

— Мұнымен қайтып төңкеріспі кадр қатарына қосылмақсындар!  
— деп бір зекіріп қалды. Біз жаққа қарап, іле-шала салқын сабырлы кейіпке келе қалып, зілдене жалғастырды сөзін. — Төңкеріс де-ген жанды қыру деген сөз. Қоғамды, адамды жаңарту оңайлықпен орындалмайды. Эркім өз жанын қырып-жонып, өзіндегі дерпті жойып, жаңарып, онан соң өзіне батылы жетпегендердің жанын қырып тазартып қатарға қосу шарт. Дертті жою үшін дәрігерлер қырып-жону туғіл, жарып-кесіп те емдейді гой, ха-ха-ха...! Жан ашумен ауру жазыла ма! Белсенділіктерің жетпей жатыр!... Этірет бастықтары, тағы да естіп койындар, бұл карқынмен, бұл либразиммен «жолбарыс соғу» жоспарларың орындалмайды. Партия мен халық алдындағы борыштарынды толығымен орындауларың шарт. Кем орындауға жол жоқ! Жубайчың жолдастың Іледегі «жолбарыс соғу» тәжірибелері туралы жазған докладын осы жиынның соңында оқып қайтсандар болады! Ал, этірет бастығынан басқа жолдастар оны кейін тыңдарсындар. Сендерге қазіршे мәселені ашу, қылмыс әшкереleу жөнінде бірнеше мысал айтайын. Ұзын етек, асыл көйлек киген, ұзын бұрым өсіріп, күніне жуып майлап тұратын әйелдер соларына ғана өзді-өз өмірлерінде қашшалық ақша ысырап еткендіктерін, оны қайдан қапқандықтарын білесіндер ме?!. Эсірессе ұзын етекке кеткен бұлды есептеп көріндерші! Арзан қолды бұлды менсінбей, ыңғай қымбат шұға, жалтырауық күрым киетін, үйіне ыңғай қымбатты бұйым, жиһаз жиған қызметкерлер қашшалық ысырапқорлық істеген, қоғам қазынасын қашшалық бұлағандығын білесіндер ме!... Қиянатым жоқ дейтін мырзалардың көзіне сонысымен ұрмайсындар ма! Ал, қымқырғаны мың жоанға жетпеген қиянаткерлер жолбарыстық дәрежеге жетпей қалады. Естерінде болсын! Коммунистер партия нұсқауын шартсыз орындауға міндетті. Партком жағынан тағайындалған этірет бастықтарының ұсынысын бұлжытпай орындауға борыштысындар!

Ню ханбенің екпінді, отты лекциясынан жадымда қалғаны осы ғана. Бал шараптай нелер «сіңімді, тәтті» сөздері бар еді. Әлгі «жолбарыс соғу жоспарлары» дегенниң нендей жоспар екендігін қиялдан отырып, ол сөздерін есіме сақтай алмай қалыптын. Жиыннан тарағанда да сол жоспары басыма симай төгіле берді. «Жолбарыс соғу жоспары? Сонда бұл науқан басталмай тұрып, белгілі

адамдарды жолбарыс етіп шығарып, соғу жоспарланған еken fой!...

– Жолбарыс болудың өлшемі мын юаң болса, Рузы ахұнның не болғаны! – деп қалды алдында келе жатқан екі қызметтестің бірі. Екіншісі күнкілдеп қана қайырды жауабын.

– Көресің әлі, Рузы ахұн жолбарыс болмай қала береді. Басқаларға мұрындық ету үшін әдейі сөйлетіп отыр оны!..

Әтірет бастықтарының жеке жиынынан Абыла күн бата қайтты. Көзінің жарқылынан Ню ханбенің не оқытқаны байқалғандай. Асханадан бір термос қайнақ су мен екі момы алым, бөлмесіне кіре сала белсенділерін бір-бірден шақыра берді. Жеке-жеке қайрап қылышылдатып жатқанын сездім. Құрал жағынан бұлай дайындалмай жолбарыс соға алар ма!

– Мені түнге сағат үште шақырды. «Бигабіл жолдас, партия сіздің қабілстіңізден үлкен үміт күтеді еken, – деп бастады сөзін. – Алдымызда төңкерістің жеңісі, иә, жеңіліс, өмір, иә, өлім сипатты зор сынақ майданы тұр. Себебі, бұл мекеме буржуазия зиялышлары ең көп орын тепкен мекеме. Қиянатшылдық пен бюрократизмнің ұясы болған орын. Сондықтан, партия сіздей еңбекші тап зиялышларын солармен аяусыз құресуге шақырады!... Осы мекеменің өзінен... басқа орындардікінен көбірек... ең кемінде бестен жетіге дейін жолбарыс шығару белгіленіп отыр. Бұдан азайту кертартпалық... бұл куреске кім қандай үлес қосады... артынан есептесеміз.

Әтірет бастығымыз соғы сөздерін үйкідан жеңіліп, үзіп-үзіп айтып келді де, кор ете түсті. «Бес!... Жеті!... Он болса сыйланармыз да...» деген есептегеудің былжырағына зарлана түрегелдім де, шығып жүре бердім. Артымнан «купиялышты мықты сактаңыз, ә!» дей салды да, қайта қорылдап қала берді.

Жубайчың мен Ню ханбенің эр мекемеге салған жолбарыс салығы мені сол түні ұйықтаптай дөңбекшітті. «Жолбарыс жыртқыш атап соғуды әркімнің істеген қиянат-қылмысына қарап белгілемей, сан жағынан мекемеге күні бұрын салық етіп салғаны неткен сұмдық! Мәсслесін анықтамай-ақ жаңын алмақ болғаны қалай? Бюрократизме қарсы тұрганы осы болғаны ма! Марксизмші болып «шындықты іс жүзінен іздегені» осы ма! Жубайчының Іледегі жолбарыс соғу тәжірибесі дегені осы болғаны fой! Ұлттық төңкерістің орталығын осындаі салықпен алдын ала жәркемдеген еken fой! Неткен сорақылық бұл!» деген қапалық гоминдан түрмесінің темір қасқырынша азулады жүргегімді. Қайткенде де, үн шығармай күте тұруға бекіндім.

Таңертең жиын залына айбаттана кірген Абыла науқанымыздың жалпылық әшкереу сатысына өткендігін жариялады. Тұндегі еңбегі жаңыпты. «Кім әшкерелейді?» дегендес ақ шуылдай көтерілді белсенділер, бұлттай түнеріп, борандай тұтеп көтерілді. Мекемедегі қиянат аталып әшкереленген ақша фактілерін кешке дейін толассыз ақ жауындаі сатырлатты. Әсемпаздық пен әуейілік, бұрықшылдық пен зейілдік, тәкәппарлық пен астамдық, қымқырымпаз қиянат пен ас та төк ысырапқорлыққа тұтасты да, жорамал-күмәндармен көлкөсір сел қаптатты. Кешке жақын қарасам, бөлімнен жоғары бастиқтарымыз берін бұғалтыр-кассирларымыз судан шыққан тышқандай сөлмірейіпті. Әшкереудің нысанасы осылар болып еді. Дір-дір қағып бүрсендей жөнелді үйлеріне. Көріністерінен жолбарыс деудің өзі мазак сиякты.

Осылай еki-үш күн селдетіп алып, өздерін сөйлесту-мойындау басқышына көтеріліп едік. Жолбарыс түгіл көбі көздерін жұмып алатын мысық құрлы да бола алмай қалды. Кейі түп-түгел жоққа шығарудан ұялатындаі да, кейі «жуастықтан аттап «тоңмойын» аталаудан қорқатындаі іспетпен аз-аздап мойындаі бастанды. Мойындаған сайын қыстады белсенділер. Шапалақтап та, жұдырықтап та, өздері шын жолбарыс болып жұлмалап-талаң та мойындауға кірісті. Үйлеріне қайтудан, бала-шағасымен көрісуден тиді. Үйықтатпай жұмысқа салып-есенгіретіп тергеді. «Жолбарыстар» үш күннің ішінде-ақ тышқан деп те танығысыз түйенің құмалағынша домалап қалды.

Наразылық білдіріп, иә, өліп құтылу ниетімен тاماқ ішпей қойғандарының аузын керіп умаш күйді. Қимайтын бала-шағасын шақыртып әкеліп, солардың көз жасымен де зорлап ішкізді. Сонда да «қиянатын» толық мойындау зұлымдығынан қайтпады белсенділер. «Өліп алу мен қорқытатын жауды аяса төңкеріспі бола ма!» бір рет тاماқ ішкізіп алған соң қимастарын үйлеріне қайтарып жіберіп, қайта қинай берді.

Мұндай «мыкты төңкеріспілер», құйрықтарынан құтыртқы жел беріле берсе, женбей қоймайды екен. Түгел мойындауға айналды. Мойындаған «қияннтары» үшін «жолбарыстардың» үй мұліктерін конпескелеп төлетіп жатты. Толық мойындаі алмаған «партияға сенбейтін бетпактары» әртүрлі қабат үйлердің терезесінен домалап-құлап, иә, асылып өліп жатты. Көшелердің таңын «жолбарыстардың» өлекшіндері мен күшіктерінің шуылы атыратын болды. Ханбеңдердің уысындағы бұл шудан менің таңым

да ертерек атып жүрді. Әлсіз өлекшіндер мен аштықтан бұралған күшіктер асыраушы паналарының өлігін көріп шулағанда, мен де шиқылдал жылай сенделдім.

Әділетті тергеушім, жолбарыс қүшіктерімен бірге қыңсылап-шиқылдауымнан, бәрібір, менің де тегім жолбарыс екендігі көрініп болмады ма. Қиянат қылмадым деп жасырынып қалуым мүмкін емес екен. Зорлап қиянатшы етіп қамаған «жолбарыстарыныздың» да қиянат қылғанын ешкім көрген емес қой. Олардан менің не паркым бар. Тіпті сол шулаған өнірдің тау-тасы түгел жолбарыс. Қиянат етіп, конфескеленбесе бекер шулай ма...

Құдай ниетін алған айдаһарының сол шулағандарды аумағымен жұтса, жершарындағы барлық қылмыс сіздің құрсаққа ғана жиналғаны фой. Шіркін, шіркін, сол құрсаққа бір ғана қол бомба сұңгітіп кеп жіберсе!... Планетамыз қылмыстан қалай тазарар еді!

**Төртінші бөлім**

**ECLIPSE**

---

---

## I

Құдіретті тергеушім, өтірік қоссам тас тәбемнен ұрыныз!

Абыланың кезі адырая қалды бір күні маған. Бөлмесіне тағы да шақырып алып тергеді. Қылмысымды әнеуқүнгідей сұрау емес, сұрырып аламын дегендей адыраады.

– Өздігінен әшкерелеймісің, жоқ па?

Жоктығына наңдыру ниетіммен бірнеше рет қайтарған жуас жауабынан жуандап келіп осылай ақырғанда, менің де адырай-масымы болмады.

– Әшкерелейтін мәселем жоқ болған соң, жоқ! Егер тапқан болсаң, мойныма қой да, додаға салып талата бер!

– Олай болса тыңда!... Дөрбілжінде мектеп тексеріп жүрген кездерінде малишылардың үйіне қонып, жалпы елу қой жетенсің! Рас қой!

– Жолаушылап, жүргенде қонған үйің, тамақ бермей жатқызуышы ма еді! Мал шаруашылығындағы халық қонағына ет асып бермей тоқтамайтын. Даир еті болмаса, қонағының еркіне қоймай қой со-ятын. Себебі, басқа тамақтарын тамақ деп есептемейді. Ал, мен, соңшалық зорланғанда бір кило етті әрең жей аламын. Басқасы түп-түгел, өз үйінде қалады.

– Бір килодан... демек, қиянат деген міне осы емес пе!

– Жоқ, бұл қиянат емес!... Қонақтың өзі бұлап, иә, ұрлап жемей, үй иесі сыйлап-зорлап жегізген тамақты адам баласы қиянат деп есептемейді. Ал, қонаққа мал сою әдеті жаңа үкімет жағынан шектелгеннен бері мен де шектей алатын болғанмын. Нанбасан қонған үйлерімді тізімдеп берейін, өздерінен сұра!

– Қош, мұны кейін көрелік. 1951 жылы 4-ші айда «буаз әскер көргенім осы» деп партияның әйел кадрларын масқаралағаның рас қой?

– Мұны қалжын ретінде айтқаным рас, «масқаралағаным» өтірік. Әйел әскердің буаз болғанын көргенім бірінші рет болғандыктан таңданыспен қалжыңдағанмын. Мұны сол «буаз әскердің» ерінің алдында да айтып күлдіргенмін. Бұған қанша

ақша алатындығыңызды парткомнан баға шыққанда болмаса, айтпаузыңыз, намысыңыз үшін қажет! Бұл қалжыным, «көрі тәңкерісшілерді жаңыштау» науқанында да ортага түсіп, әшкереңеушігे ешқандай абырай әпере алмаған болатын. Бұл науқанға әкеліп тағы салатындей, қашалық қиянат болып, қашалық қазыналарыңды шығыннатқандығымды үлкен жиынға салыңыздар, төлеуін дәл сол жиында қайтарып берейін!

– Бұл мәселе де тұра тұрсын! – деп түйілді Абыла. Қорқыта алмағаннан корланғандай, танауы ашудан керіле түсті. – Сен партияға кіруді талап етіп жүргендігінді ұмытпай жауап бер!

Компартияға қазіршे мүше болып өтудің өз ар-намысыма қашалық масқара жүк артатындығын мөлшерлеп болған едім, ішімнен күле, мыскылмен айттым жауабын.

– Бір секунд та ұмытқан жерім жок!

– Олай болса, атылған көрі тәңкерісшілер үшін қайғырып, жылайтын себебін не?

– Көрі тәңкерісшілер үшін емес, Шәуешекте нақақ атылған нағыз тәңкерісі екі ұстаз үшін жылағаным рас. Жылауғана емес, оларды ақтап орталық комитетке арыз да жазғанмын.

– Қош, осыған қазіргі қиянатын жасырып қалу мақсатымен өліп қалған жолбарыстар үшін жылайтын себебінді қосып жауап берші, қане, қай майданың оқымыстысы екендігінді көрелік. Компартия мүшесінің майданы ма бұл.

– «Коммунист» деген меніңше адамгершілік санасы толық, нағыз адамға берілетін ең ардакты атау. Осы өліп жатқан «жолбарыстарың» сиякты өлтіру жазасына толмайтын оқыс аху-алдан өзің өліп қалсаң, саған да жылар едім! Бұл, менің компартия жөніндегі майданыма нұқсан келтіре алмайды!

– Партия мәнпағатын ұмытсаң, партиялы болуыңа нұқсан келмей ме! – деп зекіріп қалған Абыланның томпақ көзі әйнектей жарқырады.

– Партия мәнпағатын ұмыту емес, партия мәнпағаты үшін қайғырған коммунистің майданы қайда кетпек! – деп мен тесірейдім. – Партиямыз дәл қазір экономистерге, тәжірибелі мықты бұғалтірлерге мұқтаж болып отырғанда, олардың қиянатын бұғалтір иә заңмен жінішкелеп тексермей, мұрның жұдырықпен бұзып, көзін саусақпен тесіп мойыннатамыз деп өлуге мәжбүр ет-сек, бұл террорлығымыз партия мәнпағатын – партия абырайын сақтағандық болмақ па!

– Ы...һы... партияның нұсқауы бойынша жүргізіліп отырған

науқанды террорлық десен, партияның өзін кім демексің, бұл кімнің майданы!

– Науқан, партияның нұсқауы бойынша жүргізілген, ені жақсы, қасиетті науқан. Ал, қайткенде де мойынданатамыз деп ұру мен қинау жеке өз террорлығымыз. Мұны партияға арта алмаймыз. Себебі, соны істеген қол біздікі. Компартия мүшесі болу дегеніміз ақиқат пен әділетке шын жүрекпен жолдас болу деген сөз. Бұларға жаман жолдас бола алмаған «партия мүшесі», марксизм шығармаларына тоғыз қабат оранып алса да коммунист бола алмайды!

– «Ақиқат», «әділет», «адамгершілік» деп базарға салған немелеріңің кімнің малы екендігін түсіндіреміз әлі, тұрып тұр! – деп сүзе қараған тасыр көзді Абыланың жуан тұмсығы тіпті ісініп, талауруата қалды. Көзін ғана емес, күре тамырларын да бадырайта сөйлемді енді. – Табын ұмытып, буржуазияның құлына айналған оппортоунистердің екі құлағын төбесіне жеткізіп тұрып түсіндіреміз әлі!

– Оппортоунистігім рас болса, екі құлағымды ейтіп мұратына жеткізбей-ақ жұлып тастан түсіндіруге болады, – деп мен де жымидым. – Бірақ, алдымен ақиқат пен әділеттің кімнің малы екендігін түсіндіріп жұлатын да міндеттіңіз бар. Ақиқат пен әділет орнату үшін болмаса, не үшін коммунист боламыз? Мансап алу үшін бе, иә, құлдық пен оппортонизм үшін бе?

– Қазір буржуазияның құрғақ пәлсапасын талқылауга уақытym жоқ! – деп зекіп қалды Абыла. – Одан да мәселенеңді расшылдықпен тапсыр, ақиқат пен әділет деген міне осы!

– Мәселе деп танитын қателіктерімді өзім айтып болғанмын. Дөрбілжіндегі Сәрсенің жіберген осы материалы бойынша сурап анықтайтын мәселелерің болса, тағы сұрай бер!

– Кімнің материалы дейсің? – деп Абыла алдындағы қағазына үнілді.

– Сәрсенің материалы деймін, гоминдаң шпионының! – деп күліп жібердім. – Мұндай жүзі қалың материалды Дөрбілжінде одан басқа ешкім жазбайды!... Менің үстімнен енді оның әшкерелейтін «әйелдерді қорлады» дейтін бір ғана мәселесі қалды. «Әйелдер» дегені бір жезекше ғана. Оны жазып тапсырғанмын. Тек, ақшага шаққанда қанша болатындығын ғана білмеймін дедім ғой!

Абыланың көзі қадалып отырған материалынан жалт етіп маған төнді.

– Одан басқа жоқ па?

– Жоқ!

– Әлі көп! – деп зірк ете түсті тергеушім. – Жоқ дегенін!...  
Сөйле!

– Өзім, «жоқ» деп сейледім. Бар десең сөз сенікі, мархамат!

– Ойланыңыз, мен сөйлесем, ауыр келеді өзіңізге!

– Ауыр болса, әрине қылмыскердің өзі көтереді, сөйлей беріңіз!

– Үмытып қалған шығарсыз, есінізге біреуін түсірейін, мәселен делік: осы сапарда үйленіп келгенсіз, тойыңызға сегіз қой, бір өгіз сойғансыз. Шашу деп шашылған бауырсақ пен қант-конфет бұқіл көшеге шашылған рас қой? Кедей семьядан шықсаңыз осыншалық көп малды қайдан алдыңыз? Халық таба алмай тұрғанда мұншалық ысырап еткен «молшылық» пара болмаса қайдан келді? Алдымен осы фактілерге толық жауап беріңіз!

– Шашуды шаттықтарын білдіру үшін тойға жиылған достар мен туыстар әкеліп шашқан. Оны ырым үшін тойшылардың өздері теріп жейді. Жерде бір түйірін де қалдырмайды. Ал, тойымға өзім бір қойғана союды тапсығанмын. Басқа қанша мал сойылса да осы материалды жазып жіберген Сәрсенниң өзі біледі. Өзі жауапкер, мен білмеймін.

– Өз тойыңда сойылған малды қалайша білмейсің! – деп Абыла шүйліге сұрады да, мен сондағы болған бар ахуалды түйіле сөйлеп бердім. Жауабымның толық дәлелді, айқын сөйлегеніне қарап, енді құтылған-ак шығармын деген сенімге келіп тоқтап едім. Құтқармайтын сенімге келгенін сездіре Абыла бұйырды.

– Осыларыңызды қалған мәсселеріңізбен қосып, толықтап жазып тапсырыңыз!... Тегінде обалыңыз менде қалмасын, ескертіп қояйын, жазғанда расы бойынша бір мәселенізді де қалдырмай толық мойында жазбасаңыз құтылуыңыз мүмкін емес!.. Қылмысты жеңілдетуді өз танымыңыз – жуастығыңыз белгілейді.

Осыдан басқа растығымның жоқ екендігін қайталап айтыв көрдім де, сенушімнің де жоқ екендігін білген соң айғақ-куәларды тартып, жалақордың өзіне дәлелмен артып жаза салғым келді. Заң орындарына ұсынуға да осында жазба турдегі тұра жауаптың дайын тұруы қажет қой.

Әсіресе, тойдағы сойыс малдың күнәсін маған артқанымен жолы болмайтындығын ескертіп, алдымен Сәрсенге хат жолдадым. Бір түннің ішінде бейнетті жауап материалым да жазылып бітті. Өзі оқи салып шишишқап, қолтығына қыса жөнелді Абыла. Ню ханбенге әкеткендігі сезіліп еді. Іле-шала қайтып келіп, қалдық жолбарыстардың үстінен күрес жүргізіп жатқанда телефонға

шакырылды. Енді ерекше бадырая қарап кірді маған. Бадырая-бадырая отырып, тұсқі демалыс кезінде тағы шакырды.

– Дайындал, түстен кейінгі жиынға кірмей ойлан, мәселен ертең таңтертең көпшілік алдында тексерілетін болды! – деп шығарды.

Күреске-додаға түсесің дегені еді мұнысы. Ханбендердің со-лай зорлап мойыннатпақ болғаны фой! Сол жарым күн мен түні бойы ойлағаным, додаланбаудың қамы ғана болды. Енді Әлия түгіл сонау дәуірдегі көк борми мен сиырдың да қылмысын өзіме дарытпай, себептерін ғана сөйлеп тастап, ашық айттысуға ғана бекіндім. Мұндауда күреске түспей, белсенділерге талатпай, заң сарабына ғана түсідің қажеттігі көрініп болып еді. Кейіреу до-дадан осылай құтылған. Аянбай ашық айттыска түскенде қолы желкесіне қайырылып байланып, түрмеге айдалған. Қазір заң тер-геп жатқанын естігенмін. Батыл болмай мимырттасам-ақ мылжа-ланатыным анық. Қылмысты-қылмыссыз жолбарыстардың бәрі де қарсы тұруға батылдық ете алмаудан соғылып жатпай ма. «Ал, мен ондай төтениш батылдықпен батырлықты тәуекел ретінде ғана қолданып, қиналып қалмауым үшін әдіс істетуім керек. Бар жауа-бымда белсенділерді өзіме тартып, тіс ырситпайтын етуім қажет. Ол үшін өздерін нандырып-бағындырып әкететін өткір шынышыл сөз қажет!... Әй, бірақ, әнеу басы жоқ қеуделер оныма көне қояр ма екен!...»

Таңтеренгі тамақтан соң бір белсенді жатағыма келіп, жиынға шақырды. Тас түйін болып, қанды майдан залына кіріп бардым. Көпшілік тып-тыныш, тым-тырыс. Абыла баяу ғана сөйлеп тұр екен. Маған жайшылықси ғана қарап, «отырыңыз!» деді. Мен де жайшылықсып, салмақты қадаммен ең артқы орындыққа барып қойдым.

– Хош, бүгін солай, Әбілемитті қазір шығарып әкеліп, қайта сөйлетіңіздер! – деді Абыла. – Зорламай тексеріп, мәселесін бір-бірден анықтап сұрап, жауап алышыздар!... Хатшы алдымен оның өз жауабын, онан-соң көпшілік пікірін жазсын! Жиынды Бигабіл жолдас басқарады. Бигабіл жолдас, мұнда келіп отырыңыз!... Мен парткомдағы бір жиынға баратын болып қалдым. Бұл іс бүгін сіздің міндеттіңзеге қалды. Әбілемит тезірек анықталып болса, Ошырды шақыртып тексеріңіз!

Мен орныман қозғала қоймадым.

– Макұл-ақ болсын, бірақ, осы «жолбарыстарының» мәселесін қайта анықтап, «кескін тиянақтату» құқығы қалай берілді маған? – дегенімде көпшілік күліп жіберді де, мен сұрауымды айқындаپ,

қайталай таstadtым. – Өзім күреске түскелі отырғанымда «жолбарыстарыңыздың» қылмысын маған қайта тексертпек болған себебің не екендігін түсіндірініші?.. Оларды ақтатқызып алыш, «міне майданың, кім екендігің енді анықталмады ма!» деп менің алқымымнан ала түспексіз бе?... Жоқ, бұл қақпаныңызға түсе алмаймын!

– Э...ә... сіздің осылай күмәнданатын да себебің бар екен ғой!  
– деген Абыла өсіп кеткен сақалын сипалай берді. «Жолбарыс» соғуға кірісkenен бері қырылмаған сақалы басына апат орнаған жолбарыстарыңың сақалдарынан да асып, арасынан бит те өте алмайтын нұға айналып кетіп еді. Сонысын енді тұтамдап сылап тұрып қалды. Өзі қара адамның қызыарғаны білінбесе де, біртүрлі жұмбакты мұсөрлік халге түскені осы тұрысынан байқалғандай.

– Менін күмәнім сіз ойлаған себептен де ауырырақ! – деп салдым. – Көпшілік алдында өзімді тексергенде ортаға салармын. «Мәселелерім» тексеріліп анықталғанша бұл артқан міндеттінізді атқара алмаймын!

– Екеуміз кейін түсінісіп қалармыз! – деген «жолбарыс» қыраны партиялы біреу мен белсендінің біріне сыйырлай сала жөнелді. Жиынды сол екеуі қосақталып басқарды да, мен «ая райының» бүтінгі өзгерген себебін іздеумен болдым. Екі-үш күннің алдында батыс-терістік әкімшілік районының секретары Ши жұңшұн деген кісінің Үрімжіге келгенін естіп едім. Себеп сол кісіден болғаны аңғарылғандай. Қос басқарушы қосарлана аңқылдап, Әбілеміт және Ошыр атты бөлім бастықтарына өздері зорлап мойыннаткан қияннтарын өздері қайта ақтады да отырды. Дауыска салып жіберіп, абақтыдан үйлеріне қайтарып тынды. Соның өртөніне төтенишे қуанышты бір хабар көшенні жайраң қақтырды. «Ши жұңшұн орталық комитеттен үлкен міндет алыш келіпті!». «Шынжаңдағы асыра сілтеуішлікті естіп келгенін айтты!». «Орталық комитеттің саяси бюросы оған Шынжаң қызметі жөнінде ең жоғары құқық беріп аттандырыпты!» «Айбатынан ай жасырынады деп сенеттің ақырымпаз Уаңжынды келе сала бүре түсіпти!», «қыран секретарынды селкілдетіп жіберіпти!» деседі.

Өлкө қызметін тексеру, алдымен өлкелік партком ядросының өз ішінде болғандай, қала көшелері тына қалып тыңдаса да қаралып жатқан мәселелердің қай мәселелер екендігінен ешбір сыйыс ести алмай қалған екен. Оナン соңғы бір-екі күнде партбюро мен өлкелік үкіметтің басшы қызметкерлері секретардың шағын жиын залында бас қосқан күбірлері естілді. Сонда да сөздері ұғылмап

еді. Сол жының кеңейіп, үкімет мүшелері түгел жиылғанда ұқтық. Партияның әр сала қызметінен бір-бір жуанды жауапқа тартып, тексеріп жатыпты.

Күткен үмітіміз алыстан бараптадап, ноқаттан допқа, доптан қубіге айналып, жақындай келе нағыз өзі көрінді де зорая берді. Үкімет мүшелерінің жиыннан соң өлкелік мекемелердегі партия мүшелері түгел шақырылды. Жетіп келген ең сағыныштымызды қарсы ала шыққандай бізде алақайлай жүгірдік. Батыс сарайды сықа лық толтырыппыз. Сахнаның төр жак бұрышынан орталық комитет үекілі алдымен шықты. Залдың арт жағында тұрган менің бұлдыраған көзіме жүзі айқын көрінер емес. Әйттеір бір сопакшаланған аумақты нұр сияқты. Өмірімде қолымды ең қатты шапалактағаным осы-ақ шығар, қып-қызыл шокты шапалактағандай алақандарым лапылдан жанып кеткендей болды. Сахнаға ере шыққан бірнешеудің ең соңындағысына сол нұр қолын сермен қалып, тоқтатты да, сұқ саусағын қадап, сахнаның арғы жақ босағасын нұсқады. «Сол жерге тұр» деп бұйырғаны екен.

Откен екі жарым жылдың алдында ғана Шынжан ҳалқының жаны уысымда дегендей жұдырығын түйе ақырып келген генерал-полковник Уаңжын, жазаға тұрган жай әскердей итағатпен сүмірейіп тұра қалды. Жұдырығын түймек түгіл саусақтарын жия алар емес. Сөйтсе де, «секретарь селкілдеді» деген сөз бекер көрінеді. Жерге шашылған шыбықтай шайқала тоқтап, қыбырыз мұлғіді.

Орталық комитет өкілі сөйлей жөнелді. «Шынжанда жүргізілген бұл асыра сілтеушилік пен қатыгездік еліміздің басқа өлкелерінің ешқайсысынан да көрілмеді. Бұл, орталық комитеттің нұсқауымен істелген іс емес! Бұл апатты жойымпаздықтың бас қылмыскері – міне, мынау!» деп төр босағада тұрган Уаңжынды саусағымен нұсқап жіберіп бастады сөзін. Әсіресе мал шаруашылық районындарына төнген қатерді толық сөйледі. Орталық комитет өзінің мал шаруашылығы жөнінде белгілеген саясатын ешқашан өзгертушегендігін нектап түсіндірді. «Мал шаруашылығы тапқа айрылмайды, мал үлеске түсірілмейді, мал иесі мен малшиға тен байланыс жасалады. Бұл саясатты бұзуды саған кім тапсырды!» – деп Уаңжынге төне қарап жалғастырды сөгісін. «Халыққа жалпылай соққы бер, жауды көбейт деп қай кері төңкеріспі, қайсы фашист үйретті!... Лауғың<sup>43</sup> айтса тыңдамайтын, Люлаудың<sup>44</sup>

<sup>43</sup> Лауғың – фаң екең (үлкенсіп құрметтеген атаяу) – Фың Даихуай.

<sup>44</sup> Лаулю – Лю екең (үлкенсіп құрметтеген атаяу) – Лю.

нұсқауына бағынбайтын қайдан шыққан немесің сен!... Сөйле, қайдан шықтың?»

Уаңжын тәмен қарап үнсіз тұқырды да өкіл көпшілікке кайта бұрылып, ұзақ сөзге кірісті. Орталық комитеттің Шынжан қызметі жөнінде белгілеп қойған жалпы нысана, бағыт-саясаттарын айқындаپ баяндады.

«Шынжаңға ішкеріден келіп қызмет істеп жатқан кадрлар, тыңдаңдар! – деп даусын өрлете бұйырды бір шакта. – Қайсында зор ханзуышылдық идея болса, соның дереу қайтындар Шынжаңнан!... Қашшалық қабілеті, қашшалық стажы болса да, қашшалық еңбек сіңірген болса да зор ханзуышылдардың көп үлтты үйлесінде титтей де қажеттігі жок... Орталық комитеттің тапсырмасы бойынша қайталап бұйырамын, өз идеясын өзгерте алмаған зор ханзуышылдар кетсін Шынжаңнан!..»

Осы сөзben ақырып-ақырып жіберіп, пролетариаттық интернационализмнен сәл болса да шеттеген коммунистісімдердің коммунизмші еместігін, ондайлардың партиядан түгел айдалуы қажеттігін сөйлегендеге зал дүр көтеріліп ұзақ қол шапалақпен алқады. Көз алдында сөйлеп тұрған осы бір жазық маңдай, жарқын жүзді сұңғақ дене, адамзаттың өзімілік санасын өзгерте аларлық партияның шынайы тұлғасындағы аса зорайып, шұғыла шашып тұрғандай көрінді. Көз шанағыма жас толды.

Өкіл осы пікірін талдай келіп, Шынжан қызметінің әр саласынан көрінген зор үлтшылдықты сөз етті. «Әсірессе мәдени-ағарту саласындағы зор ханзуышылдық, партияның үлттық саясатына тікелей қарсы шабуылға айланған!» – деп, әлдекімді іздей қарады жан-жағына. «Басқа үлттардың үлттық дәстүрлерін, кертартпалық, кері төңкеріс» деп янаттауға дейін жеткен! Әйелдер шашын кеспегендігі үшін ғана «кері төңкерісші», «феодал ханымы» атап шығып, саяси қақпайға ұшыраса, демек, ханзуласпаса, төңкерісші қатарына қосылмақ емес екен гой!.. «Осы елде төңкерісшілдік ханзуға ғана тән болып, менишктеліп беріліп пе еді!.. Тұысқан үлттарды солай қорлап, аяқ асты ету жағынан гоминданнан да асып түсken. Қорқытып зорлап ханзуластырмақ болған». Тағы да шошқа етін жемейтін адам төңкерісші бола алмайды-мыс!... «Жаң Жеші шошқа етін жейтін. Оның да төңкерісші – коммунизмші болғаны гой!...», «Ма ханбең!» – деп даусысталап шакырды сонан соң.

– Бар! – дей сала жүгірді Ма ханбең есік жақтан. Мыңдаған көз осы қасқырдың қоянша бүгежектеген сорлы кейпіне қарап қалыпты.

– Тума Жыхүй жуиши<sup>45</sup> сұмырай! – деп зірк ете түсті зор дауысты партия өкілі. – Кет жоғал, шешендей...!

Сахнаға жакындал қалған Ма ханбен кілт токтады. Артына әскери тәртіппен бұрылса да, оқ тигендей сенделе басты аяғын, жузі бір қуарып бір қызарды. Ешкімге қарай алмай тұқыра жөнелді сыртқа. Жирене қарап Ню ханбенде шығарып салдым. Ол бұқпантайлап жан есіктен шықты. «Қайран бас қалқаларыңнан айрылдындар-ау!» деп күлді біреу.

Өкіл енді орталық комитеттің жана нұсқауын оқыды. «... Уаңжын Шынжандағы қызметінен мүлде босатылысын! Өткізген қылмыстарынан есеп беру үшін Бейжинге қайтарылысын! Оның қызметін генерал лейтенант Уаң Әнмау тапсырып алсын! Уаңжын солшылдығы ойрандаған барлық халықтан хал сұрасын! Мал шаруашылық райондарынан қолға алынғандар түгел қайтарылып, қалпына келтірілсін! Басқа делолар қайта қаралсын! Соққыдан закымдалғандар түгел үкіметрасходымен емделсін, шашылғандары живылсын, шағылғандары төленсін!».

Орталық комитет пен Маужушиға бар алғысымызды жаудыра ұрандалап-ұрандалап тарадық. Ертеңіне-ақ ұйымдастырылып тұстұска, аймақ-аудандарға «хал сұрау» – үгіт этіреттері аттанды. Алтайға баратын бір зор этіретке мен де шақырылдым.

Үгітші-шешендер, емші-дәрігерлер, күйші-әнші-бишілер, киношы-апаратшылар, есепші, кездемеші-камдаушылар, сақшы-корғаушылардан құралған зор керуен болып Алтайға жеттік те, тезірек бітіру үшін үш этіретке белініп кірістік.

Ертегілердегідей «тылсыммен» байланған талай бейшікештермен әділледі талап еткен актаушылар, қақас-жаңсақ жібергісі келмейтін халыстар көген мен қамаудан ағытылысымен енелерін көргенлақ-қозыдайжамырады бізді көргенде. Манырасып-анырасып жыласып көрісті. Қурес жиындарында жұлмаланған бешпет-сымдардың мақта жүндөрі де жаға-омырауымыз бен етек-жемізге жабыса шағынды. Аяғы шағылғандардың балдақ-таяқтары да, белінен күйрекендердің зуза-зэмбілдері де таласты бізге. Өлгендердің шешелері мен бала-шагалары шулап, құлағымызды бітірді.

Тірі қалғандарына той, өліп «құтылғандарына» ас, көкпар, ат жарыс, қызы қуар... тағы да немене-немене, әйтеуір, тау-дала жылаулы, құлқілі шуылға толды. Биік шындар, қарлы жондар, нұлы шатқалдар, иен құмдар бұл шуылдармен қосыла жаңғырықты.

<sup>45</sup> Жыхүй жуии (ханзуша) – оппортунизм.

Ашқан жиындарымыз тіпті айқайлышы, азалы-қазалы-қаралы, жылаулы-жоқтаулы, ұранды-сүрәнді, жеңісті-желпіністі шуыл. Компартия мен Маужушидің қамкорлықтары бәрінен аса жырланып, аспандап шырқалды бұл шуылда. Жер-көкті қамтыған бұл «жеңіс» шуылы халыққа қиындағы бандыларды, қыырдағы қашқындарды жетектеп әкеліп қосып шұрқырастырды. Бізбен солар да құшақтасып-аймаласып жүргенін сезбей де қалған сияқтымыз. Сезсек те секемсіз сеніммен-кешіріммен құшактастық. Олай болатыны, бұлардың қылмысы Уаңжынмен бірге күштілді.

Осындай жиынның бірін Алтайдын «Үш тұйық» деп аталған төр жайлауынан асуға жақындал келіп қонған бір ауылнанда ашуға шықтық. Қарағайлы, ну орманды шатқалдан қиялад асып шыға келгенімізде, жондағы жасыл белестердің түсе беріс салаларына үйме-жүйме қонған көп ауыл екен. Құні бұрын хабарландыруымыз бойынша жиылған халық үдерес жүгіріп қарсы алды. Үлкендерімен қос колдап амандастық. Солшыл науқан жазасына ұшырап, айдаудан қайтқан азаматтармен аймаласа құшақтасып балаларының бетінен сүйдік.

Майып-кемтар болғандарын жиынға даярланған алаңдағы орындарынан басып, алдыларына бір-бірден жүгініп құшақтап келе жатыр едім. Бар ете түсті бір жуан дауыс. Мені танып сау қолымен қолтығына тірек көтерілген сындар балдағы тайып кетіпті де, сынның аяғы астына түсе құлапты. Үрімжідегі сабактас-үйимдас Шақан батырым!... Ыршып барып мен де өкіре құшактадым... Сынғаны сол қолы мен оң аяғы екен.

– Салғызығаныма екі апта болып еді, қайта үзілді-ay! – деп ол күніренгенде.

– Не көрмеп едік, Шақа, – деп мен еңкілдедім. – Гоминданың темір қасқыры шайнағанда да үн шығармап едік қой, бас тісінді тісіңде!

Бұрынғы тостағандай бет ұштары қос төбедей теңкілті де, қалың еріндері жардай түріліп, науқан басталғалы қырылмаған сақал-мұрт коғадай қаптапты жүзіне. Алыптың тұлғасы енді біткен екен. Әлгі сөзімнен соң үнсіз шалқалап жатып қалды. Өзіндей болмаса да өзгенін әйелдерінің жайындарында жайқалып қызыл келіншек отырды аяқ жағына, Шақанның соққыға неліктен ұшырағанын содан сұрадым. «Екі-үш жылдан бері оқытушылықтан ауылдық үкіметке ауысып, жүз басы болып еді. Елдің мал тізімі өз қолында болған соң... сонысын жайып салып, кей біреулердің бай қатарына жатпайтындығын айттып, ақтай беретін болған...» – Осыны ғана

қалпымен сөйлеп келіп, боздай жөнелген келіншектің сөзі жоктау сарынымен тұжырылды. – Байлардың малын жасырдың, пара жедің, қашырдың дейді-ау сүмьрайлар!... и!»

Екі мықының екі қолымен тірей шайқалып Үнтықбай келе жатты бір жағымнан. Сузуге бейімделген қаратоқал бұқадай сүзіле қарап, жалаңбас мамырласа да жаңа пішілгендей талтандарап, бөкесең әрең көтеріп келе жатқаны байқалды. Қарсы ұмтылдым. Әскери белгіден нысан жоқ. Көктайғақ бешпет сыртынан түте-түте макталы бешпет киіпті.

– Саган не болған, Үнта? – дей жетіп, құшақтай алғанымда ышқынып қалды, мықшиып барып отыра кетті де, құрсіне сөйледі.

– Әйттеуір, аман қалыпсың-ау. Биғаш, мұндағы сабақтастарыңнан күйремегені жоқ!... Мен қалада жолбарыс болып соғылып жатқанымда мұндағылар далада бөлтірікше мыжылыпты. Салғынның халы бәрінен мүшкіл! Бір көз, бір құлағын «қырандар» шоқып тастапты. Анау аргы ауылда. Жазылса шұнақ соқыр болып, әрең жазылатындай. Әсіресе, көзін ағызған сұқ саусақтың зардабы кинап жатыр екен!

Көзімді жұмып мелшиіп отырып қалыпсын. Қартайған бей-немен ауыр құрсінген Үнтықбай, сөзін басқа тақырыпқа ауыстырыды.

– Айтпактайын, кейінгі Нұрияшыңды құтқару жайын тапсырып, 50-ші жылы жазда маған бір хат жазған екенсің. Биыл жазғытұрымғана тиді. Сұрастырып көрсем, қалыңдығын құтылып, өзіңмен та-бысып та болған екен, қайырлы болсын!

– Оған дейін қайда болдың?

– Көктогайда, Шіңгілде әскери міндетпен тұрып, осы жазға салым «кәсіп ауыстырған соң» әрең қайтқанмын. Содан «өсіп» жолбарыстық дәрежеге жеткенім осығана. Бұл «дәрежеге» жаумен неше жылдық жан алқым шайқаста көрсеткен еңбегім қосылып әрең «жеткізіп» отыр...

Емдеу шатырлары тігіліп болысымен аурұлы-жаралы мертік-шортықтарды соңда жидық. Екі атпен зузага салып салықты да әкелді. Осы ауруханаға жатқыздық. Жаймашуақ ашық күнді лезде тұман басып, жонда жортқан тұнжыр бұлттар ішінде қалғандығымыздан хал сұрау жиыны ертеңіне ашылды.

Жиын жайын мен түсіндіріп ашып, алдымен күресте, айдауда өлгендердің қызыл бояумен үлкейтіліп жазылған аттарына аза жариялад едім. Марқұмдардың шешелері мен әйелдері, әпеке-

қарындастары зар мен шу көтеріп, жыр-жоктау айта жөнелді. Аза мен илген басымызды поэзия құдіреті қашшалық тұқырытып, қашшалық көз жасының төгіліп, қанша уақыт тұрып қалғанымызды сезбей де қалыптын. «Сағатыңызға қараңызыш!» деген бір бастықтың сөзінен оянғандай селт етіп көз жасымды сұрттім де, микрофонда жиынның аза уақыты біткенін ұқтыйдым. Халықтың өксіп, құрсінісі мен сынсу, еңреулер, жігерлі де жағымды шықкан көңіл айту сөзімнен әрен тоқтады.

Хал сұрау этіретіміздің бастығы Жау шужи сөйлейтіндігін жарияладым да, сөзге шақырдым. Егде тартқан жасамалы секретарь кішкене столға салмақпен жетіп, көпшілікке бас иді де, бастама сөзін соза ойланып, асықпай түсіріп, тезис қағазын жайды. Қалың пальтосын асықпай шешіп, желбекей жамыла баптанып отырды да, реєсми баяндамаға кірісті. Аударушысы оң жағымда түрегеп тұрып аударды. Көшпелі елде орындықтың жоқтығынан сол жағында қақшиып мен тұрдым. Сақшыларымыз қоршаған жүрттың алдында қиқайып-шойқыып отырган жааралыларды ентелеген аңқау-аусар аяктардан корғау мен қарбаласта жүр еді. Аурулар қатарының арт жағына отырғызылған бір дудар бас қартаң әйел қолындағы шылауышын бұлғай түрегелді орнынан. Екі сақшы екі жағынан келіп ұстап, қайта отырғызыбақ болып еді. Екеуінің қолынан бір-ақ сілкіп босады да, мықын тіреппің тұра қала ақырды.

– Е, мені де жемек пе едің, жауыздар!... Қараши куларын, тағы да көңедеп тізіп қойып, бір-бірден соймақсындар ғой! Екі қозымды жеп болып, енді көрі саулықтай мені табуын қарай гөр, қанды қолдарыңа түссем-ау енді! – деп жыптылқтата сөйлеп жіберіп, інтирескен жүртты қаға-соға жөнелді. Ұстамақ болғандардың ешқайсысына ілінбей сыйылып шықты да, безгелдекше безілдей зытты. Жыртылған етек-жені, қолындағы шылауышы мен иығындағы өрім-өрім кимешегі ұйтқып, құйын күған қаңбақша кейде домалап, кейде ұша жөнелгендей көрінеді. Жаяу күған жігіттерді шаңына ілестірмеді де, атпен күғандардың аттарын үркітіп, маңына жуытпай қарағай орманына кіріп кетті.

– Асқан кең жайсан, көркем бәйбіше еді, амал не! – деп құрсінді қасымда тұрған бір қарт. Көз жасы мол бурыл сақалына төгіліп тұр екен. Жалт қарап, басымды төмен сала сұрадым.

– Не болған?

– Мал иесі болып нысанага алынған жесір әйел еді. Екі ұлының бірі құрестегі қинауға шыдамай, жартастан құлап өлді де, үлкені оңтүстікке айдалып бара жатып, ауырып өліпті. Соның қүйігінен

жынданған. Келініңің бірі айдаудағы күйеуінің казасын естісімен, алдыңғы күні қайтыс болды! Сөйтіп, кіші келіні мен 4-5 кішкене жетім калды арттарында!...

– Болды, күмай-ақ қойындар! – деп сыңғырлады көп арасынан біреу. – Енді бой бермейді ол, әбден шаршап қалжаурағанда үйіне қайтып келеді өзі!

Жау шужи сөзін асықпай-саспай жалғастыра берді. Бұл реткі солшылдықтың кесірі мен кеселі ұзак баяндалып, мұны партияның түгел жинақтап, толық түзететіндігін, ендігәрі мұндай қателіктің қайталанбайтындығын, оның объектив-субъективтік себепші негіздерін талдаپ-тараулата сөйлей келіп, «бай, бақытты, сәүлетті болашағымызға» тамсанғанда, көвшілік те тамсанғандай үйін тындағы.

Ши Жұңшүн жеткізген орталық комитеттің жаңа нұсқауы осыдан соң сөйленді: Уанжынның мұндағы қызметтен мүлде басатылып, қылмысы орталықта тергелетіндігі, сейтіп, жауапқа, жазаға тартылатындығынан бастап, зақымдалғандардың қашан жазаланғанша үкімет расходымен емделетіндігі, халықтың шашылғандары, тіпті ине сабак жібі де қалмай жиналып, шағылғандары үкімет жағынан түп-түгел төленетіндігіне дейін бұл да жеке-жеке тармақталып-тақырыпталып сөйленді. Жиындағы жұрт тіпті балқып, маужырай тындағы. Жылы сөзге түстен ауған күннің жылы шуағы косылып қалғыта бастады көвшілікті. Бұл қамқорлықтың барлығы Маужуши мен орталық комитеттен келгендей қайтадан еселеніп сөйленді соңан соң. Маужуши барда біздің ешқандай жаудан жеңілмейтіндігімізді, ештеңеден күмәнданып қам жемеуіміздің қажеттігін қайтадан объектив-субъектив негіздерімен қортындылады. Сөзін осылай бітіріп, ұран шақыра көтерілгенде, тосыннан столымен бірге омақасып барып, екпетінен түсіт секретары.

Алғашында Жау шужидың бастаған ұранына ілесе «Маужуши жасасын!» – деп айқайлап көтерілген халық, іле-шала «Өлтірді, өлтірді!... Ұстандар, ана жындыны ұстандар!» деп шу ете түсті.

Тігілген үйлер мен шатырлардың ара-арасымен жымп келген жынды артына ұстаған қайың токпағымен Жау шужиды шүйдеден қағып жібергенін сезбей қалыпты. Екінші рет ұруға ұмтылғанда мен ыршып барып, тоқпағын жұлып алдым. Жынды кемпір екпеттеп жатқан Жау шужидың үстіне қона түсті. Үш-төрт сақшы енді жетіп ажыратқанда жерліктерден он шақты жігіт дүрсө қоя берді жындыға.

– Жау! Жау! – деді жынды кемпір алақ-жұлақ қағып шегіне берді. – Өздерің «жау» деген соң үрдым ғой, ха-ха-ха-ха... жауды коргайсындар ма! Ха-ха-ха-ха...

- Кім жау!... Жау сенсің!
- Бұл тап жауы, өтірік жынданған, аяусыз жазалау керек!
- Соттау керек!... Ату керек!...
- Жіберіңдерші, қазір-ақ жаһаннамға жөнелтейін!...

Қоршап-қорғап тұрған сақшыларды екі-үш әпербақан кимелеп барып жұдырық салды жындыға. Енді қорғаушылар мен шабуылшылар кеңірдектесті. Сақшылар тоқтата алмаған шабуылшыларға көпшілік зекірісті. Халыққа өктемдік жүргізіп әдеттеніп қалған адырақбайлар тұс-тұстан акыра түрегелген жұртшылық кегі от ала кетті, лап қойды адырақбайларға. Шуыл аспанға көтерілді.

Жау шужиды шатырға көтеріп апарып тексерген дәрігер мен медбикелер микрофонда шулады осы шақта.

– Жау шужи тірі! Tipi!... Tipi! Көзін ашты! Ештеңе болмапты! Ештеңе!... Ұрмасын дейді!... Ұрмандар дейді жындыны!... Ұрмасын, кол тигізбесін дейді!...

– Ие, ие, ауру жындыны ұрмаймыз! Сау жындыларды ұрмасак, енді бізді жындандырады! – деп барылдады біреулер.

Арашаға тұсіп ештеңе өндіре алмаған мен де жүгірдім микрофонға. Аспанды бөрік қып киіп дәңгелетіп жүрген жұртшылыққа жерді жара бақырсам да тыңдаған ешкім болмады. Жынды кемпірге ұмтылған алғашқы он шақты адырақбайды жиырмаға жеткізіп жығып, мертік-шортықтардың қатарына әкеліп сұлатқан жұртшылық жиындағы өзді-өз орындарын қайта тауып отыра қалысты да қарқылдай күлісті. «Міне енді рас тынышталамыз!» деп күлісті. Мықты діңгекке байланып, құралды екі сақшының қорғауында тұрған жынды кемпірдің екі көзі тіпті шадырайып кеткен екен. Адамзат шошырлықтай қатты қарқылдады.

Жиынның жалғасын ертең танертең ашатындығымызды қарлықкан даусыммен микрофонда тағы да бірсызыра айқайлап, халықты әрең тараттым. Жау шужи жатқан аурухана шатырындағы бір кереуетек жынды кемпірді де жатқызып таңдық та, мықты күзет қойды.

Саққұлақ тергеушім, жазған қылмыстарымның кейінгі екі тарапуы көп шулап, шекедегі құлағыңызды тұндырып-ақ тастаған шығар. Алғашында уыс сыққандағы шуылымыз деп шынғырсам, соңында уысттан шыққандағы шуылымыз деп қышқыра бермедім

бе. Жоғарыдағы бір жауабымда қарыздар болған егіз қылмыс дегенім, міне, осы. Бұл қышқырудағы қасқунемдік мақсатымды әрине түп-түбірімен түсініп отырған шығарсыз. Тыңдампаз, естігіш құлағызызды осылай шынғырып, керенге айландырысам, «ендігі қылмыстарымның сыйбырын естімей қаларма екен» деген далбасам еді бұл. Ал, қылмыс іздегендеге құйрығының да құлаққа айналатындығы есімде болсаши!

## II

Осындай хал сұрау жиындарын Алтайдың әр аудан әр районаны сайын аштық. Шұрқырастырып, шулатып, шағындырып-шабыттандырып, тыңдатып-тыныштандырық. Жынданғандары мен сынғандарын мықтап таңдырып кемкетіктерінің қуыстарын дәрімен толтырдық. Өлгендері үшін бір-бір өгіздік, өлімшілеріне тайлық, өлмейтіндеріне шайлық пұл-бұйым алдырдық. Сауларының ойнын қандырып, етектегі жылы коныстарына қондырдық. Адырақбайларды аяқтарына жығып, өштік отын сөндірдік. Сөйтіп орнықтырып, жайлап отырғызып қайттық.

Асыққан бірнешеуіміз қатынас аэропланымен қайтып едік. Үрімжі аэродомына тұс уақытында түссек те, өз орныма кешкі сағат төртте жетіппін. Мақпалдан келген хат болса ала шығу үшін алдымен қызмет бөлмеме кірсем, Сәрсен жазған бір хат қана та-былды. Осы науқанда жапқан жаласына ызаланып, шенеп жазған хатыма жауап екен. (Ол хатты Ши Жұңшүн келердің алдындағы қыстаяндаған жазып едім фой). Сәрсен өзінің бұл жолғы жапқан жаласынан өзін ақтап, ант іше жазыпты: «... Сенсең сонын күт, мекемендеғі науқанға басшылық етуші жолдасқа анықтама жазып, өткенде өзімнің өштікпен қаралаған бар ісіңнен ақтадым. Тойыңдағы ысырапшилдықка сенің титтей де қатысың жок екендігін, туысқандарыңың тойлыққа әкелген көмегін де қайтармақ болғаныңды, ол малды өзіннен жасырып сойғызуға менің себепкер болғанымды да айқындал жаздым. Егер бұл актауыма сенбесе, менің өзімді айғакқа тартып шакырт, сол жерде ақтап шықпасам атам өшсін!... Биғаш, адал болудың мұнан соң қаншалық қажет екендігін өмір үйретіп жатыр фой. Титтей накақ әшкереleуден адам өлеңтін зор мәселе туылады екен. Сенің пәк адамгершілігіңің алдында қаншалық қарабет қарыздар болғандығымды күн сайын толықтап түсініп келемін. Өзіңнен

кешірім алмай тынбайтындығыма серт етіп колынды қыстым!» деп жазыпты. Число жоқ, қашан жазғаны белгісіз.

Сәрсен саясатын бұл хаты Ши Жұңшүнің әкелген өзгерісін естігеннен кейін жазылған ба, иә, одан бұрын жазылған ба, соны анықтау қажет болды. Егер одан кейін жазылған болса, әрине бұрынғы түлкілігі. Ал, одан хабарсыз кезінде – бұрын жазылған болса, маймылдығы болар. Адамның ісіне әуестенген маймылдың үйреніп, адамша істейтіні бар фой!... Маймылдан адам шыққанда, арам адамнан адал шықпас па. Өзгермейтін дүние болмағанда өзгермейтін адам қайда туылмақ!...

Осы оймен отырғанымда амандаса кірген қызметтестердің сонын ала аңқылдап Абыла жетті. «Ушке қарсы» науқанды делоларды қайта қарап тиянақтату үшін әлі осында тұр екен. Қос қолын соза ұмтылуынан-ақ кішпейіл бастыққа айнала қалғанын сездім.

– Сізге Сәрсеннен мені ақтаған хат келді ме? – деп сұрадым, қысқаша амандық айта сала.

– Дөрбілжіндегі аударушыдан ба?... Келген.

– Қашан, қай күні келгенін айтып беріңізші!

– Сіз Алтайға журуден бұрын келген шығар. Оны қайтесіз, жолбарыс болуға көнбей қойдыңыз, бітпеді ме! – деп қарқылдай күлді.

– Ол біткенімен ұғысатын-түсінісетін мәселе әлі біткен жоқ... Сәрсен актап жазыпты. Ал оның алдындағы қаралауды кім жазып еді. Тағы да соның өзі еді ғой!

– Жоқ-жоқ, ол емес! – деді ойланып алыш. – Кім жазғанын сұрамай-ақ қойыңыз!

– Жала жапқан кім екендігін сұрама десеңіз, мәселе сіздің өзінізден болғаны ғой.

– Менен көретін де хақыңыз бар, Бигабіл жолдас, бірақ мен де қыл үстінде әрең қалдым. Қорыққандығынан куреске түскенниен бетер жапа шектім. Менің де іздейтін жауапкерім бар шығар. Бірақ, партия оны кузастырма деген соң қойдық ха-ха-ха-ha... Эйтеуір бас қылмысты ашылған соң болды дейміз де, қалғанын партия орындары іштей түзетпек! Қазір ондай материал жазғандарды сұрастырып, өш алу емес, ынтымаққа шақырып отыр. Олай болмағанда талай оқиға туылмай ма!... Біз партия мүшесі, артқа емес, алға қарауымыз шарт, алдымен кемшілік-қателікті емес, жетістікті көруіміз шарт. Алдағы нұрлы келешекке қарауымыз шарт. Сіз бұл методты толық түсінесіз. Бұл науқанда осындағы бірден-бір марксизмші философ екендігінізді көрсөттіңіз, мен қол

қойдым сізге. Сол айтысқан кеште женілгенімді сол уақытында біліп отырдым. Бірақ, амал не, ол пікірізді қуаттайтындығымды білдіруіме рұқсат жоқ. Басшылыққа бағыну принцип! Сізше ғылыми негізге құрылған тәжірибем де жоқ. Қызмет уақытым қысқа, енді ғана көз аштым ғой!...

Абыланың мені осылай қолпаштап, жуып-шая берген көп сөзінен, сырттан көрсетіп жала жабушыны жасыратындығын ғана назарладым да, жауапсыз отырып қалдым. «Сәрсеннің аты-жөні баяғыдан-ақ Сәрсен саясат емес пе еді, өте сүм саясаттан жаралған ғой. Бұл жолғы қаралаудың сол қолымен жазып жолдаса да, Линдәйшінді иіскелеп жүріп, орталық комитеттен осы түзетудің келетіндігін алдын ала естіген соң корыққандығынан он қолымен қайтадан актап жазып, менімен достаса қоймақ болғаны ғой. Бұл хатындағы ииетіне сенудің жөні әлі де жоғырақ!» – деген ойға бекідім.

– Бұл туралы екеуміз әлі толық түснініп, «майдан жағынан бір кеуде» болып достасып қалатындығымызға сенемін! – деді Абыла сөзінің соңында. – Сізге енді бір хош хабар айтайдын. Қалыңдығыңыз келіп, отауыңызды дайындал болды!

– Қайда?

– Құлән деген эйел, сіздің ашаңыз екен. Сол бір үйін беріпті. Алдыңғы құні екеуі бірге келіп, маған айтып, жатағындағы нәрселерінді арбамен көшіріп әкетті. Кейінрек мекемеден жаксы үй босатып, өзіміз қайта көшіріп әкелеміз! – дедім. Жүрініз, машинамен өзім апарып қояйын!

Шопырды шакырып, мекеменің «победасына»<sup>46</sup> отыруға беттегенімізде, Құлән мен Мақпал қолдаса жүгіріп кірді қақпадан. Қасымда кісі барын көріп тежеліп, жүрістерін баяулатты. Мені сарғайта сағындырмай, сарылта аңсатпай көрінбейтін болған мөлдір аспаным жайнап, жүлдyzдарын ойнатып келеді екен. Нұрияш киетін сәннің тағы бір түрін – ойма жаға, кілетті омырау, қынама бел, қима етек, ақ жібек көйлек киіпті. Қолаң қоңыр кос бұрымын арқасына тастаған ақ маңдай, аппақ алқымымен аса жарасымды көрінді. Жақындал келіп кілдіргенінде алдына Құлән түсе ұмтылып, қос қолымды қыса амандасты да, келіншегім жимиып, ауыз жыбырлата сала күліп жіберді.

Абыла томпақ көзін екеумізге кезек тастай күліп қалжындағы оған:

<sup>46</sup> Победа (орынша) – женіс, үстемдік. Совет одағының осы атты женіл машинесі. Бұл шақта Шынжанда көп тараған.

– Сіз танымайсыз ба? Таныстырып қояйын ба?

– Танитын сияқтымын, – деді Мақпал, ақ тісін жарқырата сықылық қағып. – Сіздің ең соңғы сайлаған «жолбарысыңыз» болса керек!

Бұл сөзге Абыла маңдайын алақанымен ұра қарқылдаپ күліп, сөзден жеңілгендігін бейнелеп тұрғанда, Мақпал келе сала қолымнан алған менің жол сумкамды көтере кірді машина есігінен. Үшеуміз артқы орындыққа қатар орналасып болған соң, шофер қатарынан қайрыла қарап отырған Абыла ақталуға кірісті:

– Биғабіл жолдасты Ню ханбец күреске салуға бұйырып еді. Сіздер соны естіген екенсіздер. Мен оған қарсы болып, өзіне екі рет, қожайыны Ма ханбенге үш рет айттым: «бұл жолдастың мінезі тете. Өзінде бар мәселені жасырмайды, жоқ мәселе, түссе илікпейді. Ешкімнен қорықпайды. Мен екі-үш рет тексеріп көрдім. Күреске түсерлік мәсесесі жоқ. Ештене таба алмайтындығымызға көзім жетті. Бір жақсы кадрды бұзып алмайық!» дедім. Биғабіл жолдас расында да солай. Мен өзім қорқып қалдым бұл жолдастан, ха-ха-ха-ha-ha-ha... Ши Жұңшұн жолдастың келуінен бұрын-ақ менің алдында осы солшылдықтың тамырын қазып, назария жағынан жалақаштап тастады емес пе!... «Террорлық!», «жендердік!» дейді. А-ха-ха-ха...! Біз істің солай болып бара жатқанын білсек те корқып, ол туралы ләм дей алмағанбыз. Биғабіл жолдастың бұл сөзін жеткізсем гой, ол шақта жайлап жіберуден тайынбайтын еді ха-ха-ха-ha-ha...!

– Абыла жолдас, бұл янатымды жеткізуін жеткізіп-ақ мәлімдесе де, ракымдылық етіп, сондағы басқа сөздерімнің көбін «жеткізбегені» рас! – деп мен де күлдім. – Мәселен, «партияның жүргізген бұл науқаны жақсы науқан. Бірақ бұған бұзғыншылық еткен өз қолымыз, террорлық жүргізген өзіміз! –деген сөзімді жеткізсе Ма ханбец мен Ню ханбец, мені «жарылқап», ертең таңертен күреске түсе қойсын дер ме еді!

Бұл кекетініме екі жағымда отырған Құлән мен Мақпал сақылдаپ күлгендे, шофер де күліп жіберіп тыйылды. Қызырақтай жымиған Абыла не дерін білмей қалғандай.

– Ню ханбец жолдас кетпеді. Ма ханбенің орнына сол кісі тағайындалдды. Ол, жақсы кісі. Ма ханбендердің қатарына қосуға болмайды! – деп күбірледі.

– Макұл, макұл, айтпақтайын, кеткен ханбецге кетпеген ханбендей үқсату, қылмыс болады деші! – деп изектегенімде құлкі

тілті қозды. – Аты бір болғаны заты да бір болған соң, кетпей қалғандық айырмашылығына қарамаппын, кешірсін, тағы да жеткізе салыңыз!...

Күләннің Бердіқұлдан қалған ауласына осы құлқімен келіп түстік. Шешесі ұмтылып келіп менімен амандасты да, отауымыздың есік алдына Мақпал екеумізді бастап апарып, бастасын берді. Неше жылдан бері бекітіліп жатқан бір жақ есігін ашып, түпкі бөлмесін дербес үйге айналдырған еken. Драма театра істейтін бір күлдіргі келіншек біздің ұстімізге бауырсақ пен конфет араласқан шашу шашып еді. Отаяға біздің соңымыздан ілесе кірген Абыланың тұмсығына сайлаулы қатты бауырсағын «асатып та» үлгеріпті.

Алғашқы рет үй иессі болып, үйіме кіргендерді алғашқы рет қарсы аул үшін жалт қайрылсам, алғашқы қонағым тұмсығын базып тұра қалған еken.

– Ештеңе емес, ештеңе емес! – деп жерден екі конфет алды. Мелжемді мұрны орнында тұрганын байқаған соң «ештеңе емесін» мен де мақұлдап, төрдегі орындыққа апарып отырғыздым.

– Бұл да менен өтілген сырапқорлық емес! – деп қалжынадым соナン соң. – Таңылатын қылмыстың қайдан шығатындығын тұмсығыңыз да сезіп қалды ма қалай?

– Жо-жо-жоқ, бұл, ысырапқорлық қатарына жатпайды! – деп мұрнын кол орамалымен басты Абыла. Сық етіп күліп жіберген Мақпал, дастарқан жасауға келген күлдіргі келіншекке сыбырлағанын да байқадым. Бастығымың суағарына аз-аздан қан іркіліп отыр еken. Келіншек те күліп жіберіп, шыға жөнелді де құмған мен елеген алып кірді.

– Кол жуыңыздарыш! – деп жымия жетті де, Абыланың колына су құйды. Тұмсығын алғаш басқанда қолымен сұрткен қанын енді көрсettі Абыла.

– Міне, сіздің шашуыңыз!

– Шашудың емес, науқанда соғылған жолбарыстардың қаны шығар! – деп бұлк еткізген келіншектің епті соққысына ду күлдік. Абыла тілті қатты қарқылдады.

– Осыны айтып алу үшін мұрныма дәлдеп ұрған екенсіз да ха-ha-ha...

– Шашу мына қүйеу жігіттің бетіне көбірек тигенін өзініз де көрдіңіз ғой, шашудан болса мұның мұрны неге қанамайды!

– Олай болса, Биғабілдің мұрнында қан жоқ деп дәлелдеу қажет шығар! – деп Күлән жымиғанда Абыла тағы да қарқылдады. Бұл

қалжыңдар «қандықол», «қанды ауыз» деген мағынада айтылып жатса да ауыр алмағандай Абыланың мына анқылдақ күлкісіне сүйіне қарадым: «тегі, күшеп істейтін енбегіне ғана сүйенетін аққөніл, жақсы жігіт сияқты. Саяси сұмдықтан жаралған емес. Еңбекші табының көнімпаз, шындыққа мойындағыш мінезі жандүнесінде әлі де сақтаулы көрінеді. Бұл науқандағы қылышы тапшил жүргегіне терроршылар соқтырған құйыннан пайды бола қалған жендеттік сияқты. Тапшил сезімнің өзі санаға айланбаса, әділеттен туылған сәби бала ғана ғой, үретуші оған не істепесін! Осында келе жатқанымызда мен туралы қосқан екібеткейлік өтірігі ұятының сасқандығынан – лажсыз қынжылғанынан ғана айтылған болса керек. Осы науқаннан ақыл кіріп, балиғатқа шығып-ак қалар!» деген ой басымнан жүргіме карай жүйткіп ете шықты.

– Женешетай, үйіме алғаш кірген жалғыз қонағымның мұрнынан қан ағыздың! – деп күйдіргіге қарадым. – Сөйтіп тұрып тағы да қандықол атамақсызыз. Қонағы қандықол болса да айбыны төлеп-бастықтарын ұстап беріп еді. Енді сендер де қандықол болдыңдар ғой, айыбына не төлейсіңдер, қане?

– Е, біз де ең толымдымызды ұстап, беріп отырмыз ғой! – деп Күлән жәй қалжыңмен тоқтата салмақ болып еді.

– Отықыр мен бұтықырұқсамайды, күйеужан! – деп «күйдіргі» қадала тұсті. Қөзімді қысып қалғанымнан «енді соққылай берме» дегенімді сезіп, жауабын ойланған қайырды. – Қонағыңыздың жүзінде танаудан басқа тақыр орын жоқ екен. Шашуымыз содан басқа қонар жер таба алмапты. Бұған шашуымыз де, өзіміз де айыпты емеспіз!

– Тақырдан басқаға тұспейтін бомбы жоқ қой. Шашу да, басқа да емес, тек қолымен атушы ғана айыпты болмай ма!

Айып жөнінде өзіне үлкен қатер сезінген Абыла менің бұл кесімімі тіпті қарқылдал, арқамнан қағып-қағып қалды.

– Биғабіл жолдас, бұл айыпты өзім кештім, кештім!... Сіздің отауыңыз, біздің жаңа косылған бір үйіміз ғой. Қарашы қандай жақсы жасаған! Осы енбегі үшін сіз де кешіріңіз!

Төр қабырғаға керілген қызыл-жасыл өрнекті үлкен кілем, серіппелі кереует, керме шымылдық, шым кестелі түсқиіз, айналы шкаф, айшықты перделер, шытыралы сандық, үш-төрт чемодан, кең стол, кестелі дастарқан. Таңданарлық басқа ештеңесі жоқ. Осы шақтың ортаса ғана жасалған қала отауы. Солай да осының бәрін кереметтей көрсетіп, теңдессіз нұрландырып отырған қайқы

кірпік, ақ Нұрияшым ғана екен. Өз көркімен жәннат саҳнасындай жайнатып, төсегіміздің алдындағы орындықта шай құйып отыр. Кең шаралы көзінде ойнаған шаттық ұшқындарын өзіме ғана шашып, жалт еткізіп, мен қараған жаққа гүл дестесін лақтырып қалғандай төңкере қарап құлімсірейді. Құлән да менше сүйіне қарады оған. Қабақ астымен сүзіле қарайтын Қуләннің қарақаттай мөлдір, құлім көзі менің көзіммен де жиі тоғысады. Жымысып қарасамыз. «Жасырын құштарлықтың сокпалы құншілдігі көп әйелден осындаі кезеңде кірбен болып байқалушы еді ғой деген оймен мен аңди жымидым да, «бір өңірдің қатар өсіп, қарасып ашылған гүлі едік. Сенің жайнағаның, менің құрығаным болмас!» деген терен ойлы шырай білдіріп, ол жымиды. «Екеуміздің ортақ Нұрияшымыз тіпті нұрланып тірілмеді ме!» дегендей балбырай құлімдеп, Мақпаптаға көз тоқтата қарайды.

Абыла отауды құттықтау тостын көтеріп, қуанышын лепіре сейлеп отырғанда өз мекемемізден тірі қалған үш «жолбарыс» кіріп келді. Бастиқтарымыздан ұзын бойлы, ақсары Әбілемит, жуан ақ сұр Ахметхан, ілмие арықтаған Ошыр бұғалтыр, қызметке келмей әлі де үйлерінде демалып жатқандықтарын естігенмін. Бұрын тәкәппарлау қөрінетін Әбілемиттің мұрны қүрес жұдырығынан сәл қисайыңқырап қалған екен. «Япрай, тіпті тәкәппар қөрсетеді-ау мына кемістік!» деген оймен жымия күліп амандастым. Болжамымды деруу шындыққа шығарғандай Абыла аузын да қисайта қарап, иек қаға сала амандақ айтыспай отыра кетті. Ахметхан менен бұрыла жалбаңдап барып, Абыланы бас салды. Оның соңынан ақсай кірген Ошыр менімен құшақтасып амандастып, арқамнан қаға құттықтады. Ахметханның бізден аттап барып, Абыланы құттықтағандай болуы көңіліме дық бола қалып еді. Ол маған қарай қайта оралып қол созғанда, қасақана көрмегенсіп, Ошырды қолтықтай жөнелдім төрге. «Биғаш!... Биғаш!» деп қалған Қуләннің қаратпа үнін естімегенсіп, Ошырды орындыққа сүйемелдеп отырғыза қалжыннадым.

– Шотты таңертеңнен кешкे дейін шақылдатып отырып алушы едіңіз, енді тіпті тапжылдырмай үшін аяғынызды мүлде алып тастай жаздалты-ау!

Қалжынның қармағы тағы да өзіне сап ете түскендей сезінген Абыла қарқылдан құлді де, Әбілемит назыр үнсіз құлімсіреді. Менің қайрылмай тұрып алған себебімді түсінген Құлән мен «күйдіргі» сықылықтағанда Ахметхан иығымнан қағып қалды.

Қолын әлі ұсынып тұр екен.

– Үй, Ақа, амансыз ба? – деп енді көргенсі алдым қолын. – Жорғалаймын деп жолды бұзып кеттім бе, кешіріңіз!

– Сен жорғалаған жоқсың, – деп қалды «күйдіргі» сырт жағымыздан. – Қайын ағаның өзі бетіне мөр басқан кісіге қарап, бізді соға домалағанда үркіп кеттің!

Бұл сөзге Әбілемит те құліп жіберді. Ахметханның бетіне соққыдан түскен тыртықты енді көріп қарқылдадым. Қорықанына жағымситын айыбын бетіне тағы бір «мөр» қып басқан «күйдіргігे» де жалбақтай ұмтылғанда еселеп күлдім.

Жаңа отауды құттықтап, бақыт тілейтіндігін Әбілемит шей ішерде айтты. Ахметханнан басқа «жолбарыстардан» жылы шырай көрмеген Абыла кесесіндегі шайын жұтып алып, түрегеле беріп еді. Әбілемит шынтағынан түртіп, ымдал отырғызыды. Қабағын салып, бастықтық салмақпен күбірледі. Әлдене бір тапсырма бергенін сездім.

– Құп-құп! – деп изектеді Абыла. – Мен де соны ойладап... сізге айтпақ едім. Макұл, қазір барып, смета түзейін. Сізben Ошыр куайжи қол қойып берсе, кассирден аламыз!

– Біз қамалып жатқанда кассирден ақша босатып көрмеп пе едің, ей, харамзада! – деді бұғалтыр құлімсіреген бейнемен. – Істете бермеймісің сол құқығынды!

Абыла тұқыра күлімсірегендеге, Әбілемит орындық арқалығына шалқалап сыйзықтатты пікірін.

– Биғабіл жолдас жас болса да үш аймақ төңкерісіне недәуір үлес қосқан және біздің негізгі ең мықты кадрымыздың бірі. Келін гой эйелдер құқығы жағынан зор үлгі жаратқан, қарсы алуға толық лайық келін екен. Екеуінің үй құру тойын менгермеміз жағынан жақсылап өткізіп берсек болатын шығар. Ақа, бұған не дейсіздер?

– Мен қосыламын гой! – деп Ахметхан мойнын сырт бұра жауп қатты. – Жалғыз-ақ мен де қазақ болғандығынан, жақынына тартты дегізбей, өздеріңіз істеп берсөңіздер болар! Басқа не деймін!

– Мениң дейтінім бар, – дедім мен. – Біз үлкен тойымызды Дөрбілжінде өткізіп, шашылды, төгілді, ысырап болды дегізіп келдік. Мұндағы жолдастарды тойдың жаңа дәстүрімен – шәкілдеуік, бүршакпен ғана өзіміз шақыра салмақпыш. Пейілдеріңізге рахмет!

– Ондай бірдеме әр екеуіңе де, ұлттық дәстүрге де, мекемеміздің

абыройына да мінәсіп емес! – деп Әбілемит құлімсірегенде, Ошыр мен Абыла жарыса тойтарды менің пікірімді.

– Үлттық саясат жолға койылу байланысымен шетаймактардан келген үлттық кадрлардың тұрмысына да, мұндай рәсімдерге де көңіл бөлінетін болды. Қиянат болар деп қам жемеңіз!

– Бұл мекемеміздің өз қуанышы, өз тойы, Бигабіл жолдас, сіздің шаруаңыз болмасын! – деп Абыла тұра жөнелді.

– Қиянат болмағанымен басқа жастарға кері үлгі болады!

– дегенімде, Мақпал Абыланы кua шықты да, мен пікірімді жалғастыра бердім. – Үлттық ерекшелікке қарамай, партияның негізгі саясатын іске асыруши болуымыз қажет болар!

Әбілемит Ахметханға қарап әлдене жөнімен қарқылдаш күліп жіберді де, Ошыр сейледі:

– Ой-хой, Бигабіл жолдас, не болмайды бұл дүниеде, мен де сондай принциппен қатып тұрып алатынның бірі едім ғой... Ал дегенде алыш, же дегенде жеп, кой дегенде коя салса болады екен!

– «Қорыққанды құдай алмай ма!» деген менің бір сөзімді құптаған едің ғой, Бигабіл! – деп Әбілемит сарғыш қоңыр көзін кең аша қарап құлімсіреді. – Шынжанда бұл реткі солшылдық бейнемен жүргізілген зор ханзуышылдық саясат сені де қорқытып қойған екен!

– Солшыл шовенизм шектеліп, басшылары қылғанымен де, біразы қорыққырап-сактаныңқырап істеу жөнекендігін осы жолы анықтап көрсетіп кетті ғой! – деп мен жымидым. – Оқығандарды шыққан табына қарамай, бір-ақ қосақтап, буржуазия интелигенциясы деп қана таниды екен. Бұл танымының өзі «үлттық буржуазияға» қолданылатын «ынтымақ, күрес, ынтымақ» формалы шектеп өзгерту саясатын бізге де жүргізетіндігін көрсетеді ғой!

– Дұрыс, солай!.... Мұнын үстіне, – деп кідірді Әбілемит. Абыла барда ішпей қойған арағын асығыс ұрттап жіберіп, үй ішін шола карады. Әйелдер ауыз үйде тамақ дайындығына кетіп еді. Әбілемит тағы да құлімсіреулі сұраумен жайшылықси жалғастырды сөзін. – «Солшыл шовенизм шектелді», «басшылары айдалды» дедің бе сен?... Мұндай түбегейлі өзгеріс болмады. Айдалды дегеніміз Бейжинге қайтарылғанымен, керісінше сыйланғандай өсіріліп, орталық үкіметтің бір министрлігіне тағайындалды!...

– Жансақ естіген шығарсыз? – деп бажырая қарадым. – Ши Жұңшун жолдас өтірік айта ма?... Алдай ма?

– Жок, алдамас. Бірақ, ол кісі орталық комитетте оңшыл атальп жүрген қайраткер, Уаңжының сүйеушілеріне күші жетпеген сиякты... Білемісің, орталық комитеттің өзі бірнеше топтан құралған. Онда оңшылдар да, солшылдар да, интернационализмшілер де, шовенизмшілер де бар. Уаңжынды сүйеушілер күш бермей қойған болса керек!...

– Уаң шужидың тәңкөріске сіңірген еңбегі де зор ғой, – деп құйрығын орындыққа ыргай қозғалды Ахметхан. – Сол еңбегіне қаралған шығар. Әйтпесе, орталық комитетте Маужуши барда топшылдық қайдан болсын!

Әбілемит бұл сөзді жақтырмағандай Ахметханды көз қиығымен ата бір қарап қойып, жалғастырды сөзін.

– Демек, менің айтпағым, солшылдық та, шовенизм де осымен бітті деуге болмайды. Сактық дегенің қашанда қажетті, дұрыс сөз. Бірақ та «корку» дегеніңе қосылғым келмейді. Биғабіл жолдас, сен жассың ғой, солай да үлкен кісідей пәнамың, недәүір зор білімің бар, түсінерсің деп сенемін. Қорқатыныңды білдірсөн қорқытушылар көбейе береді еken де, мойныңа мініп алады еken. Пролетариаттың интернационализмдік ынсабымен өзінді-өзің қысып, бүрісе берсөн, сыртқы шектеусіз қысым орын кеңейтіп, бүре береді еken. Мына әділетті шешім кезеңінде өзіміздің ұлттық нормамызды, кем болса болмайтын орнымызды сақтап тұруымыз қажет! «Ұлттық норма» дегенде мен ешқашан бір ұлттың социализм ісіне лайық келмейтін кертарап-ескішіл дәстүрлерін де сақтап қалуды айтып отырғаным жоқ!.. Адамгершілік жолындағы жаңашыл дәстүрлерімізді сақтаудан тіпті қаймықпауымыз қажет!... Ал, біздің бұл келіп, Мақпал ма есімі... қазак ұлты арасындағы барлық феодалдық зорекерлікпен аяусыз құресіп, жеңіп шыққан қаһарман қызы екенін естідік. Өз сүйегін жанпидалықпен тауып келіп қосылыпты....

Осы сөз үстінде кіріп, орнына отыра қалған Мақпал тұқыра тусты.

– Маужуши мен партиямыздың қамкорлығы болмаса, келінгे бұл жеңіс жоқ қой! – деп сөзін бөліп жіберген Ахметханға Өбілемит көз қиығын тағы да бір тастап жіберіп, тұжырды сөзін:

– Еркіндік-тендік үшін жапа-машақатты мұндаидай көп көрген тәңкөрісшіл келінді аса зор ықыласпен қарсы алуға борыштымыз, мекемеміз жағынан айырым той жасауды қуаттап отырған себебім осы!

– Бұл бағаларыңызға біз де борыштымыз, ағайлар, рахмет!  
– деп иіле күлімсіреді Мақпал. – Мен қазір партия мектебінің  
карауында тұрмын. Отауымыздың тойын мектеп жасап бермелек.  
Абыла ағайға соны айтсам, тыңдамай кетті. Басқаларға жаман  
әсер...

Мақпалдың сөзін кесіп, Әбілемит сөйлей түрегелді орнынан:

– Сіз партия мектебінде болсаңыз, тұрмыс құрған жігітіңіз  
біздің мекемеде. Әрі салауатты кадрымыз. Той біздікі ха-ха-ха-  
ха...!

Әбілемит күле қалжындан шыға берді. Тамак дайын болып  
қалғанын айтып тоқтата алмадық. Екінші, үшінші «жолбары-  
стар» да алдыңғы «жолбарыстың» сөзін қуаттай шықты.

– Отау өзіміздікі – той біздікі!

– Мектебіңе күшік күйеу етіп бере алмаймыз! Ха-ха-ха-ха...

Бастықтарды аттандыра шығып, қақпа алдында ойланып  
тұрып қалыптын.

«Неше мыңдаған халықтың нақак қаны армияның бір ғана  
генералының кірпігіне кір бола алмағаны ма!... Соншалық ауыр  
қылмысынан есеп алудын орнына, қайтып бара салысымен ми-  
нистр сайлап сыйлағаны қалай!... Япырай, жақсы-ақ қырыпсың-  
ау батырым дегені ме?... Егер төңкеріске сіңірген еңбегі үшін  
сақтап қалу керек болғанда да, халықтың көнілі үшін тым  
болмағанда қызметінен бірер жыл тоқтата тұруы жөн еді ғой!  
Соның бір жылы үшін ғана бір ұлы партияның халық алдындағы  
абыройына мұнішталық жиіркенішті таңба баса ма екен! Ауыз-  
дарынан түсірмейтін «халық», «халық үкіметі», «халық үшін»,  
«халық азаттық армия» дейтіндері нендей сайқалдық болып  
қалды енді!...»

«Дәл қазіргі кексе Әбілемиттің бұл хабарын өтірік деуге бол-  
майды! Ал, партияның ішкі қызметіне араласып жүрген, орталық  
комитет мүшелерінен жақын сабактасы, сырлас досы, көне  
қызметтестері бар Әбілемитті қақас естиді деуге де болмайды.  
Шындығы ертен-бұрсікүні көрінбей қоймайтын ұмтылmas ауыр  
мәселені тісқақсан Әбілемит, шын болмаса тіпті де айтпайды.  
Бұл шын, әрі жүрек айнұтатын хабар!...»

«Осы өтілген науқанда нелер адал азamatтың ар-намысын то-  
найтын, еріксіз, жириенішті іс істететін сүркей принциптерді де  
естідім ғой: «коммунистер партия нұқсауын шартсыз орындауға  
міндетті» екен. Тіпті, «партком жағынан тағайындалған этірет  
бастықтарының ұсынысын да бұлжытпай орындауға борышты»

екен. Сонда партком деп пір тұтатынымыз Уаңжын, Ма ханбен, Ню ханбен, текстестер болмай, кім болмақ!... Бұл принцип бойынша партия мүшелерін есек етіп жорғалатпай олар қояр ма!... Қой, мұндай партияға мүше болып, тілсіз құлға айналуға ант беруден Құдай сақтасын!... Лиңдәйшің жолдас, бұл партияда аса сирек ұшырайтын жолдас сияқтысың, кешір мені!... Мені бұл партияға мүше етпек болған пейіліце раҳмет!»

– Негып тұрсың, жаным? – деген Мақпалымның сүйкімді үніне жалт қайрылдым. – Мені сағынбағанбысың? – деп күбірлеп, тұннық көгілдір көзін еркелей төңкергенінде, шайқалмаған мәлдір сенімнің аса ыстық құштарлығы жарқылдады.

– Сағынғанда қалай!... Сәулешім! – деп иығына асқан қолымды көкірегіне тартып баса көлтүктады да, отауға жетектеді.

– Не ойладың?... Шырайың бұзылып кетілті ғой?...

Өзі Абыланы қуып сыртқа шығып кеткендегі Әбілемиттің жеткізген әлгі сүйк хабарын айтсам, келіншегімнің деру «көрі төңкерістік бұзғыншылыққа» шығарып, қызметтестерімे бүтіндей сүйк қарап кететіндігі белгілі еді. «Кейін өзі естір» деген оймен бұл сұрауларын қақас қалдырып, той жөніндегі үйғарымымды айттым:

– Біздің мекеменің «жақсы тойын» істептей-ақ қоялық. Басқа расходына раҳметімізді үйіп-төгіп айтып, шәкілдеуік пен бұршағын ғана қабылдай салармыз.

– Солай болсыншы! – деп батып бара жатқан күнге қарап қойып сөйледі Мақпал. – Таңтерең барып айтшы! Дөрбілжіндегі тойдың жаласынан әрең құтылғанында, мына тойды «партияға ерегесіп істеген ысырапқорлық» деп жүрмесін!... Әлгі жолбарыс бастығында сондай ерегесу де бар ма екен деп қалдым. Уаңжынның асыра сілтеушілігі болғанымен орталық комитеттің бұл әрекеттегі жалпы нысанасы дұрыс қой, соны ескеруі керек еді. Сақтанайықшы, кейін осындай тағы бір науқан шыға қалса, «мекеме зорлап істеген той» дегениңе сене қоя ма. «Бастықтарымен шайқа болып бірлесіп істеген киянат» деп косақтап, зорайтып согады ғой!

– Ақылынан сенің!... Өте қорқак болып кетпесең болғаны, басқаңың бәрі дұрыс! – деп жұп-жұмыр ұлла білегін мен де құшырлана қыстым.

Бір-бірімізге «жалынышты» көзбен жаутактаса отырып тамақтанып, құттықтайкіргентағы біртопты жайнаңдасатурегеліп қарсы алдық. Олар да қайтып, құтуші жеңгеміз бен Күләнға

«рахмет айтқанымызша» жарты өміріміз өткендей сезілді. Өзара әнгімеге мұрсамыз сонан соңғана жетті. Жабысқақ еріндеріміз сонда да әрең-әрең босап, Шәуешектен айрылысқаннан бергі әнгімелеріміз үзіліп-үзіліп айтылып жатты.

– «Күләш әпкеме мен бұрын адам көрмегендей тіпті қатты таңданатын болып қалдым, – деп соза дем алды Мақпал бір сөз кезегінде. – Нұрияш өзінің туысқан сіңлісі емес қой. Сабактас болғанда да тіпті бір партада отырған сабактасы да емес екен гой. Мені сол Нұрияшқа ұксатып жақсы көргенде де тіпті жанын үзе жаздайды!... Мына жастық тыстары мен киім жапқышы, терезе перделерінің бұлын түгел өзі сатып алып, өрнектерін түгел өзі сырды. Кестешіні өзі тауып, өзі үйретіп жүріп кестелетті. Мына түсқиізді де бұрын өзіне арнап кестелеткен екен. Шәуешектен мен қайтып келген соң берді. «Біздің тұстік кілем бар» дегенімді тыңдамай зорлап, осы отауға әкеліп өзі құрды. Сөз салып соңынан қалмай жүрген жап-жаксы жігіті бар екен. «Әпекетай, маған көмегің жетерлік болды. Өзің де тұрмысқа шығасың, мұны өзіңе сақта!» деп екі-үш рет апарып таstadtым. Дереу қайта әкеліп құрады. «Мен тұрмысқа шыққанша мұндаидың талайы тозып, талайы жасалар» деп күледі. «Адам сияқтысы кезікпесе, тұрмыстанудың қажеті не!» деп күрсінеді. «Екеуінің қызықтарың – менің де қызығым екенін сен түсінбейсің ғой!» деп күлімсірегендеге, өткір көзі еріп бара жатқандай жасаурайды» деп тоқтады Мақпал.

Сұлулық пірісінің жалаңаш бейнесіндегі бітімді, сүйкімді жар әнгімесінің соңғы сөйлеміндегі суреткерлікке сүйініп, тіпті аймалай құштым.

– Айтпактайын, Сәрсенді өте жек көрстінсің гой, жаным, – деп бастады бір сөзін. – Сен жек көрген соң мен тіпті жау санайтынмын. Үрімжіге қайтқаныңнан кейін, ол маған бірден-бір қамкор болып алды. Біздің әтірет тауға шықса да, ойға түссе де тауып барады өзі. «Біздің үйдегі женғенің сәлемдемесі» деп май, тоқаш, прандік, конфет, орамал, сабын апарады. У берер деген қауіппен сақтанып жүрсем, ондай қастығы жоқ болып шықты.

– Бұл «жақсылығы» саяси жолда өзгеріс боларын естігеннен кейін шығар?

– Жоқ. Ондай сыйбыс естілмеген, солшылдықтың шақылдан тұрған шағы. Ал, ол хабар естілген соң да солай қауқалактап жүр. Кіші ағамен бірге мені өз үйіме төркіндептіп апармақшы да болды. «Ешкіміне қастық істепеуге жан-қаныммен міндетті бо-

лайын!» дейді. Оған апам екеуміз көнбей қойдық. Апам, құда-құдағыны шақырып келтіруді айтып еді. Әкем келетін болса, мен «көрінбей Үрімжіге қайтып кететіндігімді» айтып отырып алдым. Апам құшақтап алып, қанша жалынса да көнбей қойдым, – деп сықылық қақты Мақпал. – Ақырында шешемнің өзін ғана шақыртуға, онда да бұрынғы маған арнаған жасау-жабдығынан еш нәрсе әкелдірмеуге келістік. Сәрсен мен кіші аға барып ертіп келді.

– Жыласып көрістің бе, денсаулығы қандай екен?

– Жақсы екен. «Қандай шарт қойсан да көндік күнім, келмесін деген соң әкенді қалдырдық» деп күледі де жылайды. Үңіле-үңіле қарайды жүзіме. «Үйдегі жабдықтарынан еш нәрсе әкелмесін деспін, әкелмедім. Сол ұшынған дүниені енді ұстамағаның да жөн!» дейді. Сенің денсаулығыңда қайта-қайта сұрайды. Қырық жылдан бері жиған бар батасын екеумізге беріп тауысты... ha-ha-ha... «Үбірлі-шұбірлі болындар!» дегенде бүйірінен түйіп жіберіппін!...

– Ең жақсы бата сол емес пе, әмин дей салмай! – деп мен де күлдім.

– Апамның көзінше айтқанына ұтсынып тұрып алып, ол кісінің бізден немерелі болуын жақтырмайтындаі көрінгеніме тіпті ұялдым!... Айтпақтайын, сөйлейтінім Сәрсен жөнінде екен ғой. Апам мен өз шешем біздің жасауымыз жайын сөйлесіп отырғанда Сәрсен бір келіп келіп еді. Соның кешінде әйелімен екеуі бір көрпе, екі жастық, бір одеяло әкеліпти. Алмаймын дегеніме шешем де көнбей, базардан әнеу кілемді сатып әперген. Үйдегі нәрселерімізben қосылып алып жүретін жүгім тіпті көбейіп кетті. Әкелісуге ағаженгелердің Бигаділдің де мұрсасы жоқ, этіретінде орактың асығыс кезі болатын. Сол қыншылығымды да Сәрсен шепті. Әйелі мен ұлын қосып беріп, Үрімжіге – осы үйге дейін жеткізіп салып қайтты. Соншалық неге бәйпетек болатындығын түсінбедім.

– Оның маған істеген қастығы шегінен асып кетті. Жаздағы бір хатында жазғанындаі сол қылмыстарын шынымен жумақ болғаны шығар. Бірақ сол нәрселерін бекер-ак алғансың. Тым болмаса үйге тастап кетсең болатын еді!

– Өздері соншалық жерден әкеп салатын болған соң, өз көмектерін тастап кете алмадым. Адал көңіл көрсеткен сайын арамсына беруге дәтің шыдамайтын кез де болады екен.

– Дәті дәрменсіз арудың арын тонайтын алдамышы көп болады ғой!

– Арға қатері бар жерде арыстан болатын ару да аз емес шығар!

Қатар күліп, қабыса тұстік...

Той дайындығы таңертен-ақ басталып кетті. Партия мектебінің «джип» машинасымен Сұң Жиянхуа шешеміз жетіп, бір мешок қоспаға айналған шәкілдеуік, жер жаңғақ, бұршақ, өрік-мейіз түсіртті. Тәртіп-ережешіл енемді мен «қызына» мықтап ширатқызып жібердім де, өз мекемеме ертіп апардым. Оны көрген Әбілемит, тіпті ширап тыңдады сөзін. «Ісірапшылдық» дегенін ысырып тастағандай қолын теріс сілтей сөйлеп, Мақпал екеуміз туралы кешегі айтқан мадағын кестелей түсіндірді.

– Бұл екі жастың женісі – халқымыздың шынайы бостандығы мен рухани женісінің символы. Сондықтан мұны мекемеміз толығырақ расход шығарып тойлауға тиісті! – деп тұжырды.

– Екі жастың сол күрес нәтижелерін халық алдындағы сол үлгі-абыройларын көтере тұсу үшін тойларын да идеологиялық жаңа үлгімен өткізуіміз қажет, жастарға үлгі болсын! – деген жуан «енемді» тағы да еңсерді Әбілемит:

– Дәл қазір партияның ұлттық саясатының женісін іс жүзінен көрсетуіміз өте қажет! Уаңжын қара әйнекпен көрсетіп, Шынжан халқы алдында қарайтып қойған партиямыздың образын қайта айқындал ашып түсіндіруіміз қажет! Бұл үшін ұлттық дәстүрдің қалпына келгендігін көрсетудің үгіттік рөлі төтенше зор. Бұл жастардың тойын қыспаққа алушы болмаңыз! Орталық комитеттің нұсқауын тағы да бұзуга жол қоя алмаймыз! – деген қатал сөзден қаймыққан «енем» қарқылдан күлді. «Енді өзің бірдеме айт!» дегендей маған екі рет қарап та жіберді.

– Аға жолдастар, біз үшін мұншалық қамқорлықпен көңіл бөлгендіктерізге мың алғыс! Бірак, өз тойымызды қалай өткізуің құқығы өзімізде қалсын! – деген сөзben шорт тойтардым Әбілемитті. – Біз коммунизмші жаңа, жас жұбайлармыз, ұлттық дәстүрге ғана байланған жастар жаңа жаңа алмақ емес!

Әбілемиттің көзі маған бір аларып, лездे күлкіге айнала қалды.

– Сенекеуіңнекетойларыңды өзжұрттарыңда өз туыстарыңның басқаруында өткізіп келдіңдер. Енді мұндағы жаңа құрылған отауымыздың ата-анасы мына Сұң ханым екеуміз, сен жым отыр! Бұл тойды, әлбетте, атаң басқарады! – деп қарқылдан күлген Әбілемиттің иығынан наздана түйіп қалды «енем».

– Макұл-мақұл, сіз басқарыңыз, бірақ ана құқығы қазір атамен тенелді. Солай ғой, Әбілемит жолдас!

– Солай-ақ болсын ха-ха-ха-ха... Бигабіл жолдас, мені де ол-жасыз қалдырмадың!

– Олай болса ата-ана екеуміз бірлікке келіп, тату-тәтті болу үшін отауымызға орташа ғана коммунистік қарапайымдық қана той жасаймы! Макұл болды ма! – деп шаңғырлай құлді «енем».

Әбілемит Абыланы шақырды да тойдың ол жасаған смета-сын біраз қысқартып қайта қол қойып берді 150 кило ет пен 200 адамдық арак-шарап, барлық расходтың денін қамтитындығын ғана байқады. Тойды мекеменің жиын залында өткізуге келісті.

Айтысқан әріптесінің алдында аяғын қағып қалғандай әлгі тойтарысынан ба, иә, пікір-ниетіміздің ұқсаспай қалғандығынан ба, бастығымның көзі маған қигаштау, салқындау көріне берді. Бірақ, сол күннің ертеңіндегі кештеге тойға жиналған кадрлар мен жастарға сөйлеген той бастар сөзінде мені асыра мактау арынын кеміті қойған жок. «Келін» екеуміздің төңкерісшілдігімізді еki жүздей стаканмен бірге төбеге көтере жарқыратты.

Екінші тост сөзін сөйлеген Сұң Жиянхуа шешеміз стакан-нан бұрын көзінің жасын жарқыратты. Бас бостандығы үшін қаршадайынан құреске түскен «қызының» басынан кешкен жәбір-зұлымды баяндай тұрып, пысылдан-еңкілдей тұрып жарқыратты. Бір бүйірдегі столда отырған бізге келіп Макпалдың басын сыла-ды да, менің арқамнан қағып, қолымды қысып қайтты. Стаканын ұстай тұрып өрлөтті даусын:

– Осы бостандық пен осы бақытқа жеткізген Маужуши мен ғұншандаң жуз миллион жыл жасасын! Осындей құрескер төңкерісшіл ұл-қыздарымыз көбейе берсін! Қанеки жолдастар, достар, осы стакандарды сол үшін құрғаталық!...

Сұң Жиянхуаның бұл сөзінен шабыттанған жауап ұрандар көтерілді сонаң соң:

– «Осындей мейірімді ұстаздар көбейе берсін!», «ұлттар достығы жасасын!» – Бұл ұрандар да екі жуз стаканды екі рет сүзістіріп «құрғатып» еді. Төменгі столдардан мұнан соң «қалжың» ұрандар көтеріліп қағыса берді: «Сұң апайдай» енелеріміз көп болсын!», «аңшы жендеттер жоқ болсын!».

Алғашында «орташа», «кұба төбел» деп бекітілген дастарқанымыз тіпті молая түсті: «жаңаша» тойдың құрғақ шәкілдеуік-бұршағына қанағат етпейтін жастар «той қызығын» өзді-өз жанқалталарына басып әкеліп әдеттеніп қалған екен.

Көпшілігі біздін тойға да солай келіпті. Тойдың «ата-аналары үшін» де, «қыз қүйеу үшін» де, «бұлардың үлгілі сүйіспеншіліктері үшін» де арнаған бәтелкелер әр жанқалтадан жарқылдаш шығып, лақылдаш құйыла берді стакандарға. Әлденеден секем алған Әбілемит, аракты саябырлату үшін танса ойнауға шақырды көпшілікті. Өзі түргеліп, «құдағына» құлімдей иildі де, іле жөнелді. Қос-қостан қойқаңдаш тағы бірнешеу ілесе шықты. Абыла столдарды іргеге тартып, майдан кенітуді бұйыра дауystap қалып еді, гармонның дарылы мен қыш еденде көшкен стол сирактарының шақ-шұғы арасынан екі жігіттің бір ашуга мінгескен дабыры шықты осы сәтте.

- Аузынан бұйрығы әлі түспеген бе мына жендеттің!
- Ат үстінен кеуде түспей, үзенгіден аяқ түсे ме!...

Мұнан соңғы қақпақыл сөздерді ести алмай қалдым. Ойынсауық әтірстінің оркестрі «аужарға» лапылдата жөнеліп еді. Мақпалдың «көк шолақ» сабактастарынан екеу келіп, екеумізді биге тартты. Мұндайда отырғандарға жағалата ұсынатын сидың сырғымалы стакандарынан құтылуудың мықты сылтауы отырмай билей беру болатын. Музыка тоқтасымен «көк шолақ» балдызымыды өз орнына отырғыза барып, Ақия отырған қатардағы біреумен сөйлесіп тұра қалдым. Музыка қайта басталғанда лып етіп келіп, мұншыл қара көздің өзі тарта жөнелді биге.

- Енді шындаш құттықтайынышы сізді!
- Бұрынғың өтірік құттықтау ма еді?
- Оным ауыз ұшындаған болатын. Шын жүрекпен құттықтау, басқа ғой. Өз теңізінен қосылғаныңызға бұрын сенбейтінмін.
- Мақпалмен алғаш көріскенде бірге отырмай кеткенің сол екен ғой!
- Есіңізде қалыпты!... Дәл солай. Сыр-сипаты таныс болып қалған бір досыңың бейтаныс біреумен кеткенін көрү-көңілсіз ғой, көркі келіскенімен сауаты келіспейтін ауыл қызын тапқаныңызға өкпелегендей едім... Жоқ, өкпелеу емес-ау, – деп сықылық қаға жалғастырды сөзін. – Өзіңізге лайық көрмеп едім. Онымың үтіндідей қате баға екендігін осы екі-үш күннен беріған түсіндім. Білім-мәдениеті де ешкімнен қалыспайтын, шынымен жақсы жар тауыпсыз, бакытты болыңыздар! – деді де сол жақ алақанымды аппак саусақтарымен қымтып, қыса түсті қолымды.
- Шыншылдығың мен әділдігіне мын рахмет, қарындаст!...

Би аяқтаған соң Ақияны қолынан тартып апарып, Мақпал

екеуміздің арамызға отырғыздым. Екі келіншек жарты стакан коңыяқ әкеліп, менің келіншегімді қысап тұр екен.

– Біз бәріміз Макпалдың отауын тойлаушымыз, солай емес пе, көпшілік? – деп дауыстап жариялады біреуі. – Меймандарын шын қуанышпен қарсы алатындығын білдіріп, осы өз тойында бірер стакан қағыстырмады. Сол айыбы үшін осы стаканды ағартсын, иә, ән салып берсін, қалай дейсіздер!

Қонақтар шатырлаған қолшапалақпен дуылдай қостады бұл талапты.

– Чан! Чан! – деді Мақпалға «мамасы» жақындалп қеліп, ол да қысылған сияқты.

– Мен бастайын, тартынбай ілес, Мақыш! – деп Ақия күбірледі. Мақпал түрегеліп, көпшілікке бас іісімен Ақия да түрегеліп «жас келін» әніне бастай жөнелді. Үян Мақпал атакты әншімен жақсы үндесіп, келістіре еріп орындалп еді. Көпшілік қанағаттанбай, қайта дуылдап, жеке орындаудын талап етті. Мақпал иығын бір көтеріп қойып, жалтылдай қарап күлді жан-жағына, қайратқа енді келгенін байқады.

– «Жазған құлда шаршау жоқ» өзім-ак орындашып! – деп Ақияға бас изей сала алдыға бір аттап түсті. Арт жағындағы Қуләніға бір қарап қойып, илді көпшілікке. «Ағажайға» жоғары дауыспен Нұрия марқұмының дәл өзінше төңкере тастап, шырқата жөнелді. Құлән маған жалт қарап өксіп қалды да, бетін басып тұқырып алды. Сырғып бара жатқан кез жасымды жасыра сұрттім де бекіне қойдым. Нұрияшты есіме түсіру үшін осы әнді Мақпалдың әдей таңдағаны белгілі. «Қимасыңды елестеттім бе» дегендей, енді маған сыйай қараша да кәдік. Өз қызығының үстінде Нұрияны жоқтағандай көрінбеуім қажет кой.

Дауысы Нұрияштың дауысынан сәл жіңішкелеу болса да аумаған сол нақыш, сол ырғақ. Самалмен шалқыған жібектей сол нәзік сағыныш ағыны. Сол балтаңдай, солқылдаған құрыш шыбықтай сол серпінді жүрек толқыны!...

Әнді аяқтата бере қарады маған. Құлімсіреп қана бас изеп қойдым. Қолшапалақ шатырлай жөнелгенде тізесін басып, сәлем ете ілтген Мақпалды Ақия ыршып тұра құшактады да екі бетінен кезек-кезек сүйді. Аса ыстық алғыстар арасынан «асқан әнші екен-ау өзі!» деп қалды біреу.

«Шіркін-ай, шіркін-ай!» деп бір жағымнан жымсі күбірлеген Асылқан бүйірімнен түртіп қалды. – «Әй, қуым-ай!»

Сырттан зекірген-ақырған, шақырған сасқалақ дабырлар естілді осы шақта.

– Кім!... Кім ұрды?... Кімді ұрыпты?.. Қайда жатыр, қайда?... Сақшы, сақшы шақырындар! Сақшы!

Залдағы топ дуылы тына калды да дүркірек жөнелді сыртқа. «Қайда... қайда?» десіп, қақпаға қарай жүгірістік. «Өнеу бұрылыс көшеде әлгі Абыла дейтін бастықты өлтіріп кетіп!» десті. Тағы жүгіріп, жарты айдын алакеуім ғана сөулесі түскен қараңғы көшеге кірдік. – «Жақындаマンдар! Жақындаマンдар!», «е, өлі ме, тірі ме, білейік те!», «кірмендер деймін мына сзыққа, тексеріледі!», «япырау залдан әлгінде ғана шығып бара жатыр еді ғой өзі! Қалай келген мұнда!», «е, мас болып келіп жатқан шығар!», «ол арап ішпейтін!», «жәй мас болып жатқан адам қанға малшына ма!»

Тұс-тұстан жарқырады қолшырақ. Тармақ көшениң дәл ортасында шалқасынан Абыла жатыр. Жага-жені дал-дұл, аузы-мұрны қан-қан. Киіз үйдің орнында дөңгелетіп сзызылған шектеме сзызының іші әлемтапырақ аяқ ізі. Недәуір алыс-жұлыс болғаны байқалады.

Бұл көшеге Шың Шысай заманында тәселген ұсақ тас, гоминдаң заманында жерге батып, қазір топырақ басып қалған. Тіпті сол Шың заманында асфальттелген орталық көшелердің де ойылып-ойылып, тозалаңы шығып жатқан шақ еді.

Әділетті тергеушім, көп сақталған сүрі қылмыс, сауапка айнала ма екен деймін. Төрт жылдан бері қылмыс ізден жаландап жүріп, көшелердің аузы-мұрнынан асып, албастыдай басып жатқан осы жойқын қылмысқер қоқсық борбасқа күрек-сібірткі тигізбеуіміз нағыз қылмыс еді ғой. Осыны сақтап қалуымыз, енді шын көрегендікпен істелгендей үлкен сауапқа айналмады ма! Осынымыз болмаса, Абыланы жайратып кеткен қандықолдардың ізін табу қайда! Жазатайым тақырлығынан тозаң үркетін айна таздың басында жалтыратып қойған болсақ, дәл бүгін не бетімізді айттар едік!

### III

Алқын-жұлқын жүгіріп сақшылар жетті. Қак жарылып жол бердік. Шектелген сзызық ішін Абыламен қоса шыртылдатып суретке тартты-ай келіп, жырынды сақшылар көшениң екі жағын бөгеп те үлгеріпті. Ойбайлай жеткен қызыл кресті автомобилдің шырағын жағып қойып, қыбырсыз денені ақ халаттылар тексерді. Сақшылар бастығына сыйырлай сала қаумалап көтере жөнелді

автомобиліне. «Тірі ме екен?» деп сұрағандарға ләм демей ысқырық тартты да жауынгерлерін тізіп алып, бастық сақшы да қайтты. Оқиға болған орынға екі күзетші қалдырыпты.

– Тойға қатынасқан жолдастар, тарамаңыздар! – деп Әбілемит қана дауыстады. – Тойымызды жалғастырамыз. Кім кетіп қалса, бұл оқиғаның күмәні соған артылады, жұмо!<sup>47</sup>

– «Мақұл, мақұл!» – деп ұйғырлар, «жұ, жұ!» деп құлліріп қазақтар ілесті. Сұн шешемізді Мақпал екеуміз екі жағынан қолтықтап қайта кірдік той залына. Әбілемит тойға шақырылған қонақтарының тізімін тауып, ресми жоқтама жүргізді. Бірде-бірі қалмай келген екен.

– Бұл өте ауыр мәселе. Той иесі бізден де, қатынасушы сіздерден де жауап алынуы мүмкін! – деді той басқарушы. Кімнен кім күмәнданса себебімен қосып толық ескеріп, зерттеп жазып қойыңыздар! Осы жасырын қастыққа осы тойдан ең болмағанда бірер адам қатынаспады деуге ешкім сенбейді. Себебі, оқиға тұнгі сағат екіде өтілген. Бізден басқа жұрт ұйқыдағы уақыт. Абыла жалғыз қалай барды ол көшеге? Иен көшеде оған қастықшылар қалай кездесе қалды?

– Мен де солай ойлаймын! – деп домалана түрегелді Ахметхан.  
– Той басталып, Әбілемит әпенді сөйлегенинен бері құдай біледі, дәретке де шыққаным жоқ!... Ие, ие, сұық хабарды естігенімізде бәріміз бірге жүгірдік кой. Сонда жолдағы бұрышқа ғана түрегеп тұрып дәреттендік...

Көпшілік ду көтеріле күліп жіберді. Әйелдер жағы үздіксіз сықылықтай берді.

– Сол бұрышқа егер отырып сиғен болсанызы, Абыланың қазасы сізден десек сиятын шығар? – деп кесетті Асылқан әдейі.

– Жо-жо-жоқ, шырағым, басқа ешқайды шықпағанымды айтканым той! Ал, осы жерде Абыла жолдасты қафытпалап, әр түрлі сөйлеген азаматтар болды. Сөз әлпеттері сұық еді. Олар сөйлегенде, эне, ана Биғабіл жолдастың өзі де елеңдеп қалған болатын. Олардың кім-кім екендігін, не дегендіктерін Биғабілдің өзінен сұраныздаршы!

– «Өзі», «өзі» дегенініз неткен сұық еді! – деп мен күлдім.  
– Өзімдікін өзім айрыым жазып берермін. Өзіңіздікін, өзіңіз-ақ сөйле!

– Ўй, ақа, ол сөйлегендер, міне, мына жігіттер болатын. Айта

<sup>47</sup> Жұмо (ұйғырша) – ұғып қой, біліп қой деген сияқты ескерту – кесету қосымшасы.

алмайтын түгі де жоқ, әшкере сөз! – деп сылқылды, қаркылды құлқілерді кесе сөйлеп түрегелді бір жігіт. Аты-жөндерімен косып, не сөйлегендіктерін де калпын бұзбай айтып берді. – Бірақ, – деп бір кідірді соңан соң, – бірақ, бұл жігіттер қия ба-сып, тіпті өзіңізше бұрышқа да дәреттенген жоқ. Оған күә көп. Бұл сөйлегендердің сыртқа, егер біреуі шықкан болса, мен де күмәнімді осыларға артар едім.

– Бұлардың солай сөйлегендері рас, – деді тағы бір-екеуі жа-рыса сөйлеп. – Сол қағытпа сөздерден соң Абыла, басқаларды жұмсаудан мүлде қалып, тиісті жұмысқа өзі жүгіре берді. Анау бұрышта арақ ішіп отырған жігіттерге шай құйып, сәй әкеліп берді. «Енді түзелді» десіп құлдік. «Партия кадры» осылай болса керек қой!» – дестік. Осыдан соң бұл жігіттер де жуасып, ол кісіге дұрыс қарап отырды. Арақ ұсынды. Абыла ішпей ауыз түйіп қана рахмет айтты. Содан Абыланың қайда кеткенін білмедік көрінбеді. Бірақ, бұл жігіттердің сыртқа ешқайсысы шықкан жоқ. Биді көп билеген де осылар!

– Би басталғанда Абыла дүйжан асханаға барып, жарым сағаттай отырған, – деді шай қайнатушы ұйғыр әйел дауыстап сөйлеп. – «Сіз неге билемей отырсыз?» деп сұрадым мен. «Кейінгі столдағы жігіттер арақты көп ішті. Бірнешеуі әлі ішіп отыр, шатақ шығарар ма еken!» деп құлімсіреді. Алдындағы столға бір шыны шәй құйып қойып едім. Ішпей түрегелді. Есіктен біраз қарап тұрды да шыға жөнелді. Соңшалық тез шыққандығынан, өзінің соңына түскен біреу бар ма еken деп қарасам, жалғыз өзі қақпадан шығып барады еken. Бұл ауладан артынан ерген ешкім көрінбеді. Тек ол кеткен жаққа көшеден екі адам өткендей болған.

– Дұрыс, мұндағы оған сөйлеген жігіттерден еш қайсысы сыртқа шықпады. Мен соныға білемін! – деді кекселеу бір кісі. – Бұлардың әлгі шақпалы сөзі мен арақты көп ішкеніне қарап, сол пәлеге соқтығып қаларма еken деп аңдып отырғанмын. Тегінде бұлардың сөзін біреу тергей қалса, нақақ бірдеме айтып, обалына қала көрменіздер көшпілік, бәріңізге де айтқаным!

– Бұл оңай мәселе емес, сөзсіз өлім жазасымен бітетін іс!

– Мейлі, қалай бітсе біте бермей ме, оның бұйрығына ең алдымен қарсы сөйлеген, міне менмін, қандай жерде де сөйлей ала-мын! – деді алғашқы орақ ауыз, аты Смайл еken. Мастығы ақыра сөйлеуінен білінді. – Қане, айтыңдаршы, өтірік бар ма сол сөзімде! Науқан уақытында жүргізген бұйрығы арқылы қанышалық

апат келтірді! «Жолбарыстарды» қайтсендер де мойындастыңдар деп бізді кезектестіріп, бейшараларға құндіз-түні айтақтап салды да отырды. Демалғызбай, ұйықтатпай қинатты. «Мен жоқ жерде қаттырақ таяқ тигізсендер де болады. Қалай да мойында ту қажет!» дейді. Бір-екеуі сондағы қинауымыздан қапалықпен өліп кетті. Тіпті, әне, Әбілеміт болған акамды екі рет үрғызды маған. Сондағы пұшайманымды<sup>48</sup> жиуға қазірге дейін сиғызыар дағар таба алмай жүріппін!... Ңа...ха...ха...а-деп өкіріп жіберді де, бажалақтай жалғастырды сөзін. – Енді бұл тойға келіп, сол бұйрығын және жүргізіп тұрса!... Ой, қашанға дейін бұйырмақ бұл!... Мұны жазалайтын хұқімет қане, хұқімет!...

Әбілмейіт оның жаңындағы жігіттерге «алып кет!» дегендей ым қақты.

– Енді мұндай сөзді коялық! – деп күлімсіреді сонан соң. Қане тойымызды жалғастырамыз!...

– Дұнияда әр не болып тұрады, жолдастар, – деп Ошыр бұғалтыр түрегелді орнынан. – Ғажаптанарлық ештеңе жоқ! Қане, билендер, ән салындар!... Оқиға көшеде болыпты. Бұл тойымызға ешкімнің дахлы<sup>49</sup> жоқ!

Бұлармен тағы бірнешеу қосыла шақырса да той қайтып қызбай қойды. Өзара күбір-сыбыр сөзғана болып жатты әр столда. Алдарына келген тамакты сыпылдата жесті де, тойға раҳметтерін айтып, Мақпал екеуміздің қолдарымызды ала-ала тарасты.

Отауымызға үнсіз жетіп, үнсіз шешіндік те шымылдыққа үнсіз кірдік. Мақпал кірпік ілмей атқызды сол танды.

– Той біздікі ғой, бұл өлімнің бір ұшығы сені шарпиды-ау, жаңым! – дей берді. – Абылаға сені де өш деп санайтын себебі бар ғой, кек алушылар қатарына жатқызып, тергеуге алатын шығар!

– Тойдың да, өлімнің де бізден болмагандығына дәлел көп емес пе, сәулешім, үрейленетін ештене жоқ!

– Саяси жалалы өлім ғой, қатты тергеуге тиісті. Аяқталғанша бірсыптыра жатып қаласың-ау деп қорқамын!

– «Бірсыптыра жатып қалсам» тіпті жақсы, шықкан соң тағы да бірсыптыра той қыламыз!

Мақпал сыйылық қағып күле құшса да, күрсіне берді.

– Кезек-кезек жоғалып табыла бермесек те, көрер едік бірсыптыра тойды!

Мақпалдың қашан тұрып, киініп алғанын сезбей қалыптын.

<sup>48</sup> Пұшайман (үйғырша) – ұялу, масқаралық.

<sup>49</sup> Даҳыл (үйғырша) – тоқсындық, кедергі.

Салқын самалдан ояна кетсем, бас жағымнан төне қарап желліп тұр екен. Сағат тоғыз болыпты.

– Тұра ғой енді, біреу келіп қалар! – деді де бетіме бетін тессей құлады. – Шақыртатын уақыты болды!

– Қайда шақыртады?

– Қайда болмақ, тойға да. «Бірсыпыра той» бүгін-ақ басталатын шығар! – деп Мақпал жымиса да, көз жасы мөлтілдей қалды. Басымды кетеріп, алдымға ала әндettім «бесік жырына».

«Әлди-әлди әуп бөпем, әүіппай,

Мың жылқының мандай алды жорғатай.

Жыламашы жілік шағып берейін,

Жыламашы, жыламашы балақай!»

Білегімді жастана сакылдап құлген Макпал, сырттан есік қағылғанда шорт тыылды. Кереуэттен домалай түсे барып есік ашты. Бізді оятуға келген Құлән екен. Жырымды естіп қойғанын оның да сакылдап күле қайтқанынан білдік.

Макпалдың бір алашаға көрпе-жастық, киім-кешек орап, таңып қойғанын көргенде құлқіден мен де тыйылдым. Ерте тұрғаны сол жұмысы үшін екен. Отау тойымыз болған кеште мені келіншегімің түрмеге дайындауы елегзітті. Содан көңілсіздене қалғанымды байқай қойды Макпал.

– «Сақтықта қорлық жоқ» дегенім ғой, жаным! – деп келіп тағы да құша құлады үстіме. – Осыны таңарымды таңып қойып, өзімнің де көңілім босады. Жаңағы көз жасым сонық! – дей сала солқылдады.

– Әлди-әлди әуп бөпем, әүппай!...

– Тағы бірдеме шағып бермексің ғой!...

Тағы күліп жіберіп, ыршып тұрған Макпал қытықтай жөнелді мені. Алғашында ес таппай күліп, тулагай беріппін. Байқасам, оның мен тұлататын тетігі тіпті көп екен. Бірін қорғағанда бірі табыла беретіндей. Шап беріп ұстап, іргеме домалатып түсірдім де, мен де міндім мұсама: он саусағым қолтықтан қабырғаға, қабырғадан тақым мен табанға, тағы-тағы ойлы-қырлы жортты-ай келіп.

– Қорқуды қоямысың жоқ па!... Қырық қоян суаттайдын екі көзің құрғай ма, жоқ па!

– Құрғайды, құрғайды! Ха-ха-ха-һы-һы-һы-ық... қояйын, қояйын!.. Ха-ха-ха-һы-һы-һы-ық...

Осылай сақ-сақ, сық-шик-шик құліп, апалаң-топалаң болып жатқанымызда есік тағы да қағылды. Тағы Құлән шығар деген түсікпен елеңсіз, қытықтаса беріппіз.

– Бұлар неғып жатыр, үй! – деген ерекк дауысы шығып, қарқарқ күлгендे ыршып-ыршып тұрдық орнымыздан. Тарқатылған бұрымын жалбыратып, есікке Мақпал жүгіргенде, сымымды теріс киіп ала қойыптын.

– Үй, тұра тұршы, мынау теріс! – деп қалғанымда сырттағы кісі тіпті қарқылдады. – Сабыр ете тұршы, ей, ағатай, тым саскалақ іс болып қалды!

Озін ұтттан арашалауға асықкан Мақпал, есікті шалқасынан тастап, сырт айлана күліп сөйлемеді.

– Мынаны қараши, Асаға, киімін бір он, бір теріс киеді де отырады естіп!

– Мұндай бошалаң жігіт емес сияқты еді, есін шығарып жібергенсің-ау, келін! – деп Асылқан миғынан күле өрледі төрге.

– Жоқ, оның есін мен шығардым, – деп, келінін бастап мен актауға кірестім. – Абыланы мен өлтірткендей қорқып, жылай берген соң қытықтап, елестеген жындарын қақтым.

– Ие, партияның бір саяси өкілі осы кезенде тойында өлтірілсе, сенің де жауапқа тартылуың кәдік қой. Ал, сол бетімен тілсіз өлген болса, тіпті осындағы «жолбарыстардың» бәрін шарпітын еді... енді келінин сүйінші алсам болады екен!

– Алыңыз, алыңыз! – деп жалт қайрылды Мақпал. Асылқан да түрегеліп, келініне қарай жүре сөйлемеді:

– Тек, айтқаныңнан қайта көрме, келін, Абыла тірі қалыпты. Осы қазір ғана тілге келіп, сөлей бастағанын естідім. Байың енді нақақ тергелмейді! Өкел сүйіншімді, бетіңнің ұшынан ғана аламын!

Білегінен ұстай алған «қайын ағасын» сілкіп тастап, «келіні» есікten ырши жөнелді.

– Айтқаныңнан қайтсаң қарғаймын, ей, келін, қарғаймын!... Ой ыршыған аяғыңды жия алмай, шермиіп қал! – деді сонан соң.

– Иттің етіне жерік бол! Ыңғай сұры қасқасынан сегізді ту!... Күндіз-тұн қыңысалап, кірпігіңнен қатырсын!

– Ыңғай сұры қасқа болса, өзіме тартқаны ғой, әмин, айтқаның келсін! – деп мен күлгендеге, ауыз үйде сықылықтап жүрген Мақпал да бір қарғап қалды қайнанағасын.

– Женгемнен ыңғай қарақасқа өрбісін!

– Тек, қайын ағанды қарғама! – дей шықтым ауыз үйге.

– Қайнанаға болғысы келмессе қайтем енді, «жүгірмек келсін!» деп те қарғайтын шығармын! Отын мен суға да жұмсармын!

Қалжыннан женілгендігі әдетімен қарқылдай күлді Асылқан. Дастанқан жасай кірген Мақпалдан кешірім сұрағаны естілді бір сэтте:

– Келін, байқап қалжында маса болмайтын пәле келін болдың! Койдым енді койдым!

Жуынып қайта кіргенімде, шайды келіні келінше қос қолдап ұсынып, жуан қайнағасы кекірейе қабылдады. Тоңазыған жамбасты қолына алып, қиялай кескенде бір бөтелке арақ шығарды келіні.

– Міне, қайын аға, сүйіншіліз!

– Е, бәссе, – деп Асылқан күбір ете түсті маған қарап. – Қыздырмасын берген соң қызылы қайда қашар дейсің!

– Қайын аға не деді? – деп бір жағынан «келін» жымия күбірлеп сұрағанда, қайнағасы жалтара жөнелді.

– «Қызыл Абыласы тірілген соң... қырсығы қанишаны шалар дейсің!» дедім, келін, солай емес пе?

Өз сөзін жаңсақтату үшін дыбыс үндеңтігін сақтайтын мына сөзді дереу тауып бұлтара қойған тапқырлығына қатты күлдім. Мақпал менің оқыс күлкіме таңырқай қараса да, Асылқанның жауабына наңғандай:

– Ие, басқаны шарпымай, шын қылмыстысын табар енді!.. Абыланың өзі не айтып жатыр екен? – деп сұрады.

– Ол жендеттің кімді көрсетіп жатқанын маған естірте ме, келін-ау! Жала жабудың немен тынатындығын көрді гой әйтесуір, өзі білестінінғана айттар. Құыстанғандай болмай, осы сөзді қоялыш енді!

Сүйіншілігінен мен ішпей қойған соң, Асылқан екі стаканғана алды да, қалғанын келіннің өзіне «аманатқа қойып» шықты.

Рұқсатты демалыс күнім болса да аңыс аулау үшін мекемеге бардым. Әбілемит той тарқасымен «поведасына» отырып, Абыланы ізделп кеткен екен. Екінші емханадан тауыпты. Есі кіресілі-шығасылы, әрен-әрен сөйлейді дейді. Сақшы тергеушілерінің түндегі ахуалды өзінен сұрағанын біраз естіп кайтқан екен. Сагат сегізде өлкелік партия комитетіне жиынға шақырылып кетілті.

– Әбілемит қазір сол жиында, – деді Ошыр. Сәл сұрланаңықы көрінді өзі. – Қанша уакытқа созылатынын кім білсін, жасырын қастықты ізделп, тексеріп жатқан болса керек. Абыла өзін пышақтап кеткен екі жігітті тани алмай қалған екен. Шатақ осында болып тұр. «Ауыз мұрындарын шарпымен орап, қалпактарын баса киген, бірі ұзын, бірі орта бойлы» деп қана туспекті!

– Өзі сол тар көшеге қалай кіргенін айтып па?

– Айтыпты. «Той үстінде бір топ содырдың сөйлескен сөздерінен қорқып, бұрынырак кетіп қалмақ болдым», – депті.

– Қақпадан шыққанымды аспаз қатыннан басқа ешкім білмеген. Сонынан екі адам куа шықты. Көре сала жарық көшеде тұрып қалғанымда олар өтіп кетіп, тар көше аузынан арырак алыстанап барып, бір теректің түбінен тосты. Олардың жолдан торып жүргенін байқап жасырынып, тар көшемен кеппек болып едім. Қарсы алдынан екеуі шығып, басыма қолшоқпармен ұрды, онан соңғысын білмеймін» депті. Тұнгі сағат екіде ұрланып қашып шыққанында нақтылы қылмыскердің осы көшеден тап бола қалғаны қысынсыз!

– Мына арт жақта кішкене есік бар емес пе, содан шығып айланып барып, тар көшеден тосты десе қысынсыз ба! Бәрінен де Абыланың үлкен көшедегі екеуін «қақпадан шықты» дегені шатақ екен! – деп күрсіндім мен.

– Артқы кішкене есікті ұры кіреді деп бұрын бескіттіріп тастағанбыз. Биғабіл жолдас, мынаны да біліп қоюың қажет: тойда мастықпен сөйлегендердің сөзін Абыла тіпті құтыртып, өсіріп мәлімдеп жатқанға ұқсайды: «сол сөйлегендердің бірі сен гүй бүгін-ақ жайланаңың деді, тойдан жасырын шығып кеткенім, содан қорыққандығынан болды!» депті. Мастардың бұлай сөйлегенін маңындағы ешкімнің естімегені мәлім. Мұндай жалаға қарсы тұрмасақ, сол жігіттердің обалына қаламыз!

– Өзінен басқа естіген күәсі болмаса, ондай жалаға енді жол берілмес! Бірақ, Абыланың соқтықпалы жігіттерден қашып шыққаны анық болды гой. Сол жігіттердің сырттағы содырлармен байланысы жоқ деп ақтай алармыз ба!... Меніңше Абыланы үркітіп, сол қараңғы көшеге шығару әдісі екі сатылы болып жоспарланған сияқты. Бірінші сатысы қоқанлоқы сөзбен той үстінде үркітіп, жалғыз қайтару. Екінші сатысы жарық көшеден үркітіп, қараңғы көшеге шығару. Сөйтіп осы логика бойынша ішті-сыртты байланысқан біртұтас кек алушылар шайкасының әрекеті болып табылмай ма. Ал, бұл шайкаға мұншалық әдіс-айла тауып, той жасап, орай тудырып беріп отырған нұқсаушылары, әрине Абылаға өштескен, басы бар, үлкен-кіші «жолбарыстар» деп жорылады. Сонда бұл мәселенің түбі бізді шарпыса қайтеміз? – деп бұғалтырдың жүзіне сынай қарадым.

– Құрып кетсін бұл жорамалыңыз берін логикаңыз! – деп Ошыр ахұн ыршып тұрды орнынан. – Айтпаңыз мұндай жорамалыңызды,

Биғабіл жолдас, паҳат айтпаңыз! Бір Абыладан нақағынан екі соққы көрү, бізге тіпті қатты обал болатындығын ескеріңіз! Бұл сөз тергеушілер жағынан айтылса жауабымыз бар, өз ішімізден шықса, олай болмағандығына нандыру қынға түседі!

– Жанды жерінізден тиді ме, қалай! – деп күлдім мен. – Осындағы қысынды қырықтың алдын алуды ойлансын деп айтып отырымын...

Сақшылар келіп, орақ ауыз Смайыл мен тойда шай қайнатушы Әйшамды әкеткені естілді осы шақта. Ошыр ахұн екеуміз бірбірімізге қараса қалдық. Конырша ап-арық бұғалтырым сұрлана түсті. Жіңішке ұзын саусақтары жыбырлап, қырма сақал-мұрты тікенше тікірдейді.

– Дұнияда әрне іс болып тұрады, Биғабіл жолдас, – деп күбірледі. – Смайыл ғой түндегі жаман сөздің бастамашысы болған. Оны енді әкетіпті. Қостаушыларын бағана жиып әкеткенін естігемнін. Байқауымша төменинен өрлестіп келеді. Енді мен де даярлансам болатын ұқсайды! Сіз осындаі той жасауға қарсы болып едіңіз, сондықтан сізді қолға ала қоймас. Бірақ, жауап алынуға тиісті. Оған сіз де дайындық көріп тұрыныз! Және айтып қояйын, әлгіндей логиканыздан қатты сақтандыңыз! Опдай жорамалды мүлде тастанап, амали әрекет бойынша ғана жауап бергейісіз!

Бұғалтыр қағаздарын жиыстырып, қайтуға беттеді. Сағат он бірді басып өтіп барады екен. Мен де шықтым. Ошырдың әлгі сөздері мен шырайынан күмәндانا шықтым да, мекеме ауласының артқы есігіне қарай беттедім. «Осы тойды үлғайтып жіберген осы бұғалтыр мен Әбілемит «жолбарыстар» еді ғой. Еркімізге қоймай соншалық өршеленуі шынымен достық-тілектестік қамқорлығы ма, әлде басқадай мақсат үшін тапқан алдамқорлығы ма?... Ошыр ахұнның бұл қоркуы жасырын қастық пен байланысы болғандығынан ба, жаладан жүрек шайлы болып қалғандығынан ба?.. Кек алғандар тойға қатысушылардан шықты ма, әлде Абыланың осы тойда екендігін сырттан естіп, көшеден тосуышлар ма? Әлде, өзім ойлағандай, ішті-тісті бірлесіп алған шайкалық әрекет пе?» Осы сұрауларға жауап тауып, ақ-алал дәлел дайындауым қажет болды. Әсіресе, соңғы өз жорамалым тиянақты сияқты. Сырттан торушылардың ғана ісі болса, дәл сол уақытта қараңғы көшеден қарсы кездесуі екіталай еді.

Артқы тар есікке келсем, екі шойын құлыппен тас бекітулі

екен. Ошыр ахұн айтқандай «көп бүрын бекітілген», жаңа із жоқ. Қайтып барып, қызмет бөлмеме палтыомды тастап, женілденіп шықтым. Той болған залдын есік алдына келіп, сағатыма анықтап қарап алды да, жүгіре жөнелдім артқы есікке қарай. Дауалының аласалау жерінен секіріп түсіп, артқы көшемен айланы жүгірдім. Тар көшедегі оқиға өтілген жерге он екі минутта жетіппін. Тұнде ойлы-шұңқырлы жолда мұндай бөгеліссіз жүгіре алмайды ғой. Он төрт минут деп жаздым кнешкеме. Тікірдегі қалды бір ханзу сақшы. Күзет әлі тұр екен.

— Мына мәселеңін зерттеп жүрмін! – дей сала өте бергенімде тоқтатып, аты-жөнімді сұрады. Аты-жөнімді адресіммен толықтап ол да жазып алды. Үлкен көшеге шыға өрлеп, тұнде Абыла шыққан алдыңғы қақпа алдына бардым. Енді қайта құлданап, оның басқан жолын да өлшеуім керек. Ие, бұл да сағат тілімен өлшенеді.

«Той залында соктыққан жігіттерден ұрланып шыққан Абыла қақпа алдына кідірмейді. Көшениң жоғарғы жағына бір қарай салады да, жедел аяңмен құлдай жөнеледі» деген оймен қайта құлданап, қадымымды тездете бастым. «Жоғары жақтан келе жатқан екі жігіт қақпадан өткенде көрінді оған. Көрді де көше электрі бар осы жарық тұсқа тұра қалды» дедім де, өзім де тұра қалдым. «Екі жігіт кең көшениң ар жақ шетімен өтті. Өтіп барып анау терек көленкесі түсетін құнғірттеу шетке тоқтады. Ол ұзағанда осыдан екі минуттық жол. Қақпадан қуа шыққан кек алушылар деп білген үрейлі Абыла оларға одан ұзак қарап тұра алмайды. Олар тоқтасымен лып етіп мына ұсақ теректер даласына өтеді. Осы құнғірт шетпен былай бұкшепендей жүгіріп барып, тар көшеге кіре жөнеледі» деген есеппен ұсақ терек даласына өзім де лып ете түстім де, жүгіріп барып тар көшеге сұнгідім. Жаңа ғана терегеген күзетшінің алдына екінші жағынан тағы да алқын-жұлқын жетіп барыптын.

— А....тағы да келдің бе?

Жауап қайтармай, сағатыма тағы да қарап жіберіп, мұны да жазып алып қайттым үйге. Жолда тоқтаған екі минутын қосқанда, Абыла қақпадан шоқпар астына алты минутта жеткен екен.

«Тойға қатынасқан жігіттерді топырлатып айдал барады» дегенді естіген Мақпалдың көзі тағы да бадырая қалыпты.

— Жаным-ау, негып кешіктің? – деп құшақтай алды.

— Тойымызға төнген жауапкершілікті зерттеп шықтым. Сен алаң болмай-ақ қой, сәулешім! Тұндеңі көше оқиғасынан

қонақтарымыздың қолы түп-түгел ақ! Көшеге расында да ешқайсысы шықпаған!

– Тойға шай қайнатқан үйгүр әйелді де әкетілті ғой!

– Ең алдымен сол акталады!...

Тергеуге сол күннің іңірінде шақырылдым. Бұл тойға қалай дайындалғанымнан бастап, той үстінде көрген білгенімді, жасырын қастық жөнінде кімнен күмәнданатындығыма дейін сұрады.

Той жасап беру жөнінде Абыланың өзі мен Әбілемиттің бізді еріксіздендіргенінен басталған жауаптарымның барлығына бас изеп отырған тергеуші, мастрардың Абылаға соқтыққан сөздеріне келгенімде ғана тоқтатты:

– Тоса тұрыңыз! «Абылаға сен гүй бүгін-ақ жайланасың!» дегенді қайсысы айтты?

– Мұндай сөзді естімедім. Кейін көпшіліктен сұрастырғанымызда да мұндай сөз шықпады!

– Шықпады? – деп шығандай қарады сақшы тергеуші.

– Мұндай сөз шықпады!... Енді бұдан үлкенірек бір шындықты да айтайын, осы тойға қатынасқандардан сол түні Абылаға шоқпар түгіл қол жұмсаған ешкім жоқ. Себебі бұл оқиға уақытында ешқайсысы сыртқа шықпаған!

– I...хы, – деді тергеуші. Енді қызырыстана қарады. – Бұл сөз, оқиға өтілгеннен кейінгі келісіп алған жауаптарыңыз ғой, солай емес пе?

– Мениң бұл туралы жауабым ешкіммен келісіп алған жауап емес, ешкімді қымырлатпайтын дәлелі бар, мықты негізі бар жауап. Абыланы үлкен көшеден торыған... Қорқытқан жігіттер де, тар көшеде тоқпактаған жендеттер де тойға қатынасқан адамдардан емес. Қандықол қылмыскерді тойдан іздең, уақытты зая кетірмеулеріңді сұраймын!

– Енді тоқтап тұрыңыз! – деп жуастау әуенге келді тергеуші.

– Сізді біз осы әнзіге<sup>50</sup> қатынасты деп тергеуге алып отырған емеспіз. Партияға сенімі толық, жақсы кадр деп естідік. Той сіздік болғандықтан әнзі анықтауымызға көмектесер деп шақырып отырмыз. Откен түндегі мәселенің тактика жағынан былай өтілгені анықталды, – деп курсінді де, Ошыр ахұнды шошытқан менің жорамалымның дәл өзіндей қорытынды шығарды. Жасырын қастық осылай жоспарланған да, Абыланы тойдан кетуге мәжбүр еткен. Содырларға тіпті төндіре түсті со-

<sup>50</sup> Әнзі (ханзуша) – дело.

нан соң. Абыланың қақпадан шығып бара жатқанын Әйшамхан жеткізген. Содырлардың екеуі қақпадан деру күа шығып, тағы корқытып, Абыланы қаранды қөшеге кіруге мәжбүр еткен. Екеуі ауланың артқы есігінен шығып барып, қаранды қөшеден тосқан да ұрып жығып, екі пышақ салып ұлгерген. Жарық қөшеден өздеріне қарай жүгірген екеуінің аяқ дыбысынан қорқып, пышақ салушылар қашқан. Бұлардың қашуынан Абыланы өлтіріп қайтты деп сеніп, ана екеуі қашқан. Сөйтіп, екеуі алдан, екеуі арттан қайтып барып, той залына кіріп ала қойған.

– Демек, шоқпар мен пышақ тар қөшеге той залынан барған дейсіз ғой?

– Әрине, сырттағы адамдар істеді деудің қисыны жок. Абыланың түнде жүретіндігіне сенбейтін тар қөшеде сырттағылардың төрт-бес сағат күтіп тұруы мүмкін емес. Жарық қөшеден де түн бойы күтуі екіталай.

– Ие, бұл, сырттай ойлағанда қатесіз жорамал сияқты көрінеді. Бірақ, сондағы жол ұзындығы мен соны басатын уақыт мөлшерін айқындағы есептеп көрдініздер мे?... Уақыт пен орын, қылымыс анықтаудың негізгі факторы ғой, солай емес пе!

Алғашқы сұрауыма жауап қатпай қырындай қараган тергеуші, соңғы сұрауыма бас изей салды.

– Олай болса, жорамалға ғана сүйенбей, алдымен осыны анықтап есептеп көрініздер демекшімін. Оқиға басталардың алдында ғана Абыланың қақпадан шығып бара жатқанын Әйшамханның көргені анық. Мұны, есін жиған соң Абыланың өзі де айтыпты ғой, енді сол қақпаның алдынан тар қөшеге барып жығылғанға дейін Абыла ең жәй жүргенде төрт-ақ минутта жететіндігін білесіз бе?.. Үлken қөшеден өтіп барып, сексен метрдей ғана алдынан тосқан екі жігітке құдікті Абыла көп қарап тұра алмайды. Олар тұра қалғанда тар қөшеге қарай бұға қашады. Сол қарап тұрган уақытты екі минут деп косқанда да, пышақ алдына алты-ақ минутта жеткен. Мұны, жарық қөшеде қашқан бастықсымақ Абыланың өзінше жүріп анықтауға болады. Ал, той болып жатқан залдың есігінен арғымактай екі жігітті арт жақпен жүгіртіп көріңіз соңан соң!

– Қанша уақытта жетеді екен? – деп жымия сұрады тергеуші.

– Мен күндіз 14 минутта жетемін. Сіз семіздеусіз ғой, түнде ой мен қырға жығылып-сүрініп жүріп жиырма минутта жетерсіз. Ал, әлгі сәйгүлік жігіттеріңіз түнде ең тез жүргенде 12 минутта

жетеді делік. Қараңғы көшеге кірген соң зыта жөнелетін үркек Абыланы бұлар сол қысқа көшеден тосуға үлгере алмайды!

– Сіздің бүгін тұс уақытында өлшеп жүргеніңді естігенбіз!  
– деп күлді тергеуші. – Болады, жақсы ой салдыңыз!

– Сіздің де Абылаға ой салып қоюыңызды өтінемін! – деп жымидым. – Өткен науқан уақытында жаңсақтатып, жалалы пікірлермен бірнеше адамның өліміне себепкер болған Абыла жолдастың енді әділ сөйлеуі шарт! Мәселен: Әйшамның оған шай құйып күтінен басқа, меніңше ешқандай жазығы жок. «Көшеге шықсын, мен жендеттеріме жеткізе кояйын» дейтін арам ниеті болса, Абыланың алдына шай қойып, кідіртіп қайтпек! Осыны да логика таразысынан өткізіп көрініздерші!...

Тергеуші алдынан осы сөзben ғана шықтым. Күзетті қақпа алдында Мақпал мен Құлән күтіп тұр еken. Қатерлі ауладан айдаушысыз шыққанымды көріп, екеудің екі жағымнан қолтықтап ала жөнелді.

Ертеңінде таңертес сол тергеушінің өзі де бар 7-8 адамның мен айтқан жолдарды зерттеп жүргенін естідім. Бірақ, содан үш күн өткенде Әйшамханнан басқа қамаудағыларға тергеу қатая түскен сияқты. Семьясындағылармен көрістірмей, кіргізген тамактарын тексеріп қабылдайтын болыпты. Ошыр ахұнның арық саусақтары дірілдеуін қоймады да, Әбілемиттің «парткомдағы жиыны» бітпеді. Қорисе қалғанда екеудің де мені жатырқағандай. Салқын көз, тілсіз иекпен ғана амандастып жүрді. Оскыра қарасады. Екеудің менен Ошыр ахұнға айтқан жорамалы үркіткені байқалады. Бір күні сол күмәндарын жоюға тырысып, сол бүгальтырға өзімің тергеуші алдындағы жауабымды толық баяндадым. Ол жорамалды тергеушігінде мен айтпай, маған тергеушінің айтқанын, оны менің теріске шығаратын дәлел көрсеткеніміндей дейін сөйлеп бердім. Сонда да сендіре алмағаным, қабағынан үстемелеп байқала берді. Шалқайғанға қаңқайып алатын ұстамалы мінезім құрыстай берді мұнысына. Ол екеудің мен де кердие қарап өтетін болғанымды байқап жүрдім.

Бұл қызметтестердің дүрдараздыры айқындалған сайын Ахметханың құшағы ашыла түсті маған: «Бауырым! Бауырым!» деп жүргегіне басқандай сыңай көрсетіп жүрді де, Мақпал екеумізді үйіне қонаққа шақырды. Жағымпаздық пен қорқақтық бірдей біткен аса қатерлі «ағаға» жақын болуды жақтырmasам да, бұл жолы бармасыма болмады. Үлкеннің жаңа түскен келінге

«үй көрсету» салты бар. Оның үстіне «отқа салардан»<sup>51</sup> қашты дейді ғой. Барысымызбен шашуын шашқызып, ықыласын төтіп, бар ниетімен өкпе, бауыр, жүргегін де жайып салғандай қауқалақтады.

– Бауырым, – деді шайдан соң оңаша бөлмесіне шығарып алдып, арап құя бастады. – Осы сарттарға екеуміз не жаздық, білесің бе?

– Қай сарттарға?

– Әбілеміт пен Ошырға. Абыла жөнінде тергеуге түскендерінен бері екеумізді атарға оқ таба алмай жүрген сияқты. Байқасам саған тіпті өшігіп...

– Өшіккенің білмеймін. Әйттеір маған әлдеқалай бір өкпесі барын байқаймын.

– Сол өкпесінің нендей өкпе екенін білдің бе?

– Оны да анық білмеймін.

– Білмесең мен айтайын, ол екеуі біздің өздерін компартиядай көріп, табынуымызды талап етеді. Істеріне шек келтірмей, ләппайлап қол қусырып тұруымызды ғана жақтырады. Осы тойдағы оқиғадан бізге күмән арттындар деп өкпелеп жүр. Бауырым, бұл оқиға туралы сен де өте жақсы позиция ұстапсың, өзіңе өте разы болып қалдым. Әмсес солай болу керек бізге! Партиядан басқа мидың да, көздің де қажеті жоқ. Бұл мәселеде ешқайсысын актаушы болма, партияның ынғайына қарап бағып, түйсінгенізді соган қарай бейімдеп мәлімде де жүре бер. Ақтаудың да, қаралаудың да жөнін партияның өзі біледі.

«Мүшелері сіздің осы айтқаныңыздай соқыр, санырау, кеуек бас бола берсе компартия дегенініздің өзі кім болар еді?» деуге оқталып барып жымидым да, басқаша жауап қаттым:

– Осы оқиғада мен сіз айтқандай позицияда болмадым. Сіз қайдан естідіңіз?

– Оныңды менен несін жасырасың, бауырым, мен де сол позицияның кісісімін ғой!... Абыла жолдасқа болған осы қастықты сырттан ізdemейміз, шайка өз ішімізде деп мен де дәл сен сияқты жорамалдағанмын. Бұл түйінге бәлкім сенен бұрынырақ келген шығармын. Қанша айтқанмен ағаң емеспін бе ха-ха-ha-ha...а..

– Бұлай болғанда, мен сізге бауыр түгіл бүйен де бола алмай қалатын сияқтымын ба, қалай! – деп мен күлдім. – Ашығырақ

<sup>51</sup> «Отқа салар» (қазақ салты) – шақырған үлкен үйге жаңа түскен келін апаратын сирмак, иә, орамал сияқты үй мұлқі.

сөйлесіп, талқылап көрейікші, Абыла туралы тергеуге қандай жауап бердіңіз?

– Оны қайтесің, шырағым, әйтеуір жорамалымыз дұрысқа шықты ғой, болды! Тағы да тіл біріктіріп алды деп жүрмесін, қайтесің оны!

– Тергеуде мені осындай жорамал айтты деген кім, соны ашып айтыңызы! Сонсоң «тіл біріктірмей-ақ», үндемей-ақ қоялық!

– Мұның өзі партиядан шықкан, партиялық пікір ғой, осылай анықтадық деп тергеуші де айтты. Мен сенен соң іле-шала шақырылдым. Демек, пікірініз партиянықімен бірдей шықкан соң қорқатын не түр! Ал енді осы пікірді айттыңдар деп мына сарттардың өштесетін не жөні бар! Партия айттып отырғанда біз қостамасақ, кім болар едік!... Осыны ойламайтындығына ыза боласың. Партияның көзқарасын былай таста да басқаша көзқарас айттып, бізді кіршіксіз көрсет дегендег буынсыз жерден пышақ салатыны қалай осылардың?

– Бұлай болғанда, ол екеуінің бізге өкпелейтін жөні бар, аксақал, – деп күрсіндім. – Партияның әрқандай мүшесі мұндай жауапты мәселеде шындықты іс жүзінен іздеуге ғана борышты. Партия айтты деп көзді жұмып қостай салуға борышты емес! Сабыр ете тұрыңыз, себебін айтайын!... Партия айтты болды деп көзді жұмып қостай салу шарт болса, заң тергеуінің, мәселе анықтаудың, тіпті заңың да қажеті болмас еді. Және жаңағы «партия пікірі» деп айттып отырғаныңыз, партия жиыны шығарған қаулы емес, жеке мүшелердің пікірі. Құдайыңыз біледі, әлгі тергеушіндің ғана пікірі шығар! Ол да жеке адам ғой. Ол мәселе анықтау үшін шақырып отырғандықтан бізде өзіміздің дербес пікірімізді айтуға еріктіміз. Мәселең, сол шайка турасында іс жүзінде не көрдіңіз, сізді қандай әрекеті, қандай фактілері күмәндандырды, соны ғана айту қажет қой. Партияның «шындықты іс жүзінен ізде» дегені осылай. Еш уақытта көзіңізді жұм да менің пікіріме қосыла сал дегені емес. Ал, мен сол тергеушіге ешқандай ойжота жорамал айтқан емеспін: тапқан фактім, игерген материальым болмағандықтан шайка жөнінде, оның ұйымдастырылуы жөнінде еш нәрсе айта алмадым. Зерттеп тапқаным бойынша осы қастық әрекетіне тойдағылардан дәл сол түні қол салып істеген ешкім болмағанын ғана дәлелдедім.

– Демек, партияның ұйғарымымен қамалып жатқандарды түгел ақтаған екенсін ғой?

– Дәл сол түнгі шоқпар мен пышақтан актадым. Дәлел айттым.

– Япырай, балакай-ай, өте бір кательлі жолға тұсken екенсін-ау! – деген Ахметханның сопақшалау кең каракөзі бадырая түсті. Салыңқы жалпақ қарның қатты уыстай сөйлемді. – Шындықты іс жүзінен өзі ақ табатын ұлы партиямен үзенғі қағысып, іс жүзінен оған қарсы шындық табамын деп қарсыласуға дәтің қалай жетті екен!

– Бізге ондай жүрек пен ондай дәт берген, пікір айтуға ерік берген, сол ұлы партияның өзі!... Тегінде осы партияны ұлы дей алатын сеніміңіз болса, көзді жұмып шұлғи беруімізді талап етеді деп ойламаңыз!... Мүшелеріне өз көзін де, миын да керексіз етіп, адамша көрмей, адамша ойламай, мұрит болуды үретеді деп қорлай көрмей! Егер мүшелерін осылай тәрбиелейтін болса, партияның өзі де көзben мидан айрылған кеуек бас болып қалар еді! Олай болатыны, партия дегеніміз – бір ұлы мақсат жолында біріккен сол жекелердің құрамы. Ол, партия ұйымы орналасқан там да емес, бір ғана құқықты бастығы да емес, мықтап ұйымдастырылған колектив.

– Аллай, Аллай, сақтай көр! – деп түршікті Ахметхан. – Партия көз бен мидан айрылып, кеуек бас болады деуін қараңымынаның!... Партия деген, құқығы бар бір бастық емес дедің бе тағы да, Маужушиды партия емес, бір жеке, партияны Маужуши емес, құрама дегениң бе бүл! Мұныңа қосыла алмайды екенмін! Па-па-па, құдай сақтастың сенен!

– Менің «сізге бауыр да, бүйен де бола алмаспыш» дегенім осы емес пе! – деп жымыдым да алдымдағы аракты жута салып түрегелдім. Борсып-сасып кеткен кесек етке қарағандай, оның қашан таусылатындығынан қайғырғандай кіржие қараппыш. Енді татқым келмесе де тағдыр қоскан соң отыра тұруым жән болды.

Әділетті тергеушім, Ахметхандай адал құлына құдай тағала дән риза ғой. Ұжмағының төрін, әрине, осыған-ақ арнап отырған шығар. Мұны сасыған еттей көріп кіржиіп, бас сүйегімді қылмысқа толтырған мен бейшараның енді қай жаққа қарап қашатындығын білдіңіз бе? Тозаққа-тозаққа-тозаққа!... Құлшылық идеологиясының сасық ісі әрине оған бара қоймас!

## IV

Мақпалдың партия мектебіндегі окуы ауылшаруашылығын коопeraçãoландырып, мал шаруашылығын қырғындаумен аяқтап еді. Қызметке әлі бөліне қоймаған. Сұң Жиянхуа «шешесі» арқылы сіңірген арызымыз бойынша келіншекті Шынжаң институтынан оқытуға ыңғайлад жүргенімде қызмет жолдамасы шыға келді. Тағы да сол ауылшаруашылығын копeraçãoландыру қызметі. Енді жоғары дәрежелі коопeração үйымдастырмак екен. Жаңа ғана құралған отауымызда бір-бірімізге қарасып отырып қалыптыз.

– Оқудан да, күйеуден де жастай айрылып, тағы да қаңғымын деші! – деп құлгенимде, Мақпал көзінен маржандарын қосқостан тастап жіберіп, құшақтай алды.

– Жоқ, бармаймын, оқимын!...

– Эрине, оқисың, жаным, жылама! Алғаш уәделескенімізде қойған талабың осы еді гой, орындаимын, қайтсем де орындаимын.

– Оқуға осындауда орналасып алмасам, енді бірер жылдан соң...

– Ие, ие, іңгәлайтындар бөгейді демекпісің! – деп қосқанымда енкілдеп күле жылады Мақпал. Мен алдымға отырғызып уата сөйлемдім. – Оны да ойластырғанбыз гой, оқуыңа ол да бөгет болмайды, тәрбиеші шеше табылады!... Ал, мен қазір-ақ барып, байланысты орындарға қызметке шықпайтын себептерінді түсіндіріп келейін, бұл жөнінен қамсыз бол!

– Сен бұл іске кіріспе, жаным! Өзім-ақ сөйлесемін. Сен барсаң, төңкеріс қызметіне қарсы тұрды дейді!

– Жоқ, менің бұл жөніндегі пікірім де ондай құқайдың қарсы жағынан шығады: Сен төңкерістік күреске ес білгеннен бастап қатынастың. Құрбандыққа бас тігіп, мақсатыңа жете алмайтыныңды білген күні өле салатын, үздіксіз қатер астында күресіп келдің. Соңдағы іздегенінің ең негізгісі оку бостандығы болатын. Партия мектебіне, қызмет алу үшін емес, тек сол бостандығыңды алу үшін ғана келгенсің. Оған күә Сұң Жиянхуа мен оның әпеке-жездесі. Оқу-білім жолындағы мұндай төңкерістік жанқиар тілегіне төңкерісшілер емес, кері төңкерісшілер ғана қарсы болып келген. Мен осы шекке жеткізіп сөйлей аламын!

– Мұны өзім сөйлесем сияды, сен араласа көрме!

– Мұны өзің сиғызғаныңмен, онан соңғысын айта алмайсың да сиғыза алмай қаласың!... Окуға биылдан бастап түспесен, оны бітіргенге дейін балалар шулайды да, мен тулаймын!

– Ха-ха-ха-ha..a..!

– Сонда сенің төңкөрістік мақсатыңа жеткізбей қойған, бәрібір мен болып шықпаймын ба!... Жоқ, мен сенің алдыңда кері төңкөрісші болғым келмейді, уәдем – уәде, жоғары мектепке дейін оқытамын деп алғанмын, оқытамын! Жоғары кооперациясы түгіл аспандағысы болса да, оқудан тыс кадрлары жетеді!

Асылқан кіріп келгенде ғана қарадық сағатымызға. Түс болған екен.

– Жо-жоқ, бұл, бармаса болмайтын қызмет! – деді Асылқан таласымыздың жайын тыңдал алған соң. – Коллективизмнің – коммунизмнің қызметі ғой бұл. Идеяңды шынықтырып, қыл көпірден шалдырмай өткізетін қызмет осы. Бұған бармаймын деп бас тартушы болмаңдар, құдай сақтасын, құлақтата көрмендер!... Келін, ең ігілікті қызметке бөлініпсің, қызмет орның құтты болсын!

– Асеке, саған-ақ лайық қызмет екен осы, – деп жымидым мен. – Ақынсың ғой, шабытыңды қайрап, көзінді жайнататын талай материал тауып келер едін!

– Амал не, мені жібермей отырмай ма. Одан басқа пайдасы да өміріңе жетіп жатыр ғой. Бұған қатынассан адасқан оқ тимейді, отқа денең күймейді. Аларман жауың батпайды. Сөйтіп, бар қырықтан сақтайды. Социализм құрылышына қол салып кіріскең, коммунизм үшін күрескең, нағыз төңкөріс жауынгері боласың да тұрасың, тірлігінде де, өлігінде де салтанат құрасың!... Ұлы Маужушидың өз қолындағы жауынгер болуға не жетсін!... Келін, әлті менің аманатым бар ма, әкелші!

Аманатының не екендігін ұмытқан келіні маған аңыра қарап тұрып қалды да, есіне мен күле түсірдім:

– Анау күнгі сүйіншілік арақ ше!

– Жақсы да жақын көретін қайнағасын мұндай құнсыздыққа қимады ма, асығыста арақпен сыйладап отыру, ақылына сыймады ма:

– Үйбай! – деп мырс ете түсті Мақпал. Бұл оқыс таңданысынан қызыра тұқырды өзі. Ыршып барып, ваза-тарелкелерімен дастарқан жасады. Термос пен шынақ әкеліп, шай құя қайырды жауабын:

– Оныңыз бар, мен сәй куырып жіберейін!

– Шай ішсек болды, келін, болды, басқасының керегі жоқ, сонымды әкеліп бер де өзің отыр мұнда!... Ой раҳмет, келін, болды, көп жаса! – деді бір шыны тостағаншаны менімен қағыстырып жіберіп, өңешіне құя салды. Мен ішпей дастарқанға қоя салдым. – Ұлы Маужушидың бұл қамқорлығынан айрыла көрме, келін! – деп қайталап тиянақтатты насихатын. – Жә, Биға, жазғытұрым үйімдастырып болған кооперациясынан енді құратын кооперациясының не паркы бар екен?

– Бұрынғысы «үшті бірлестіру» – жер, күш көлік, өндірістік құрал-сайманды ортақтастыру болатын. Енді «бесті бірлестіретін» жоғары дәрежелі кооперация құрмак, бұрынғы үшеуінен сырт, егіншілік қатынас-тасымал құралдары мен егістік маңындағы кора-қопсылар да ортақтастырылмақ.

– Тамаша, тамаша данышпандық!... Осындаі көсемнен айланып кетпейміз бе! – деп Асылқан ыдысындағы арағын көмейіне тағы да құя салды. – Алсаныш, ей, сен де! – деп тыжырынып, тамағын қырына өтінді.

– Мениң түстен кейін өте жауапкерлікпен істейтін жұмысым бар, ішпей барайын!... Тамашасы тамаша, – дедім соң кооперация туралы разылық пікіріне қосылып. – Мұның тамашалығы коллективизмді секірмелі, тәуекелді, үйренишікті формамен емес, сатылы, байыпты түрде орындау ғой. Мұның атын шеберлік дейміз. Бірак, сол сатылы-салмақты өрлеудің тағы бір шарты жетпей, шикі қүйінде қалар ма екен деп қорқамын!...

– Тек, Биға, мұндай қайшы пікір айта көрме!

– Соңын айтпаса кері төңкерістік пікір болып та кетер, тыңдал көр!... Коллективтестірудегі ұшқалактық енді былай көрініп жатыр: алдыңғы жылы егіншілерді мойынсеріктесуге әрек көндіріп едік. «Осылай серіктесіп істесендер молшылыққа жетесіңдер!» деп бастап, көп үгітпен көндіргенбіз. Осылай тым болмағанда екі жыл бойларын үйретіп-әдеттендіріп алмай, сол жылы іле-шала кооперацияласуды тағы да үгіттей жөнелдік. «Осылай істесендер молшылыққа жетесіңдер!» деп тағы сыйлдырадық. Іс жүзінде биыл жазғытұрым, сол айтқан молшылығымыздың орнына тапшылық, кей жерлерде тіпті ашаршылық та пайда бола қалды... Шешендіктен құдай атайын дегенде дуасызыңқа кіріптар етеді. Бұл ашаршылық, біздің кооперациямыздың лайықсыздығынан жеткіліксіздігінен болған емес, соған тәрбиелеу уақыттымыздың жеткіліксіздігінен – солшылдық апаттың араласып кеткендігінен

болды. Ал енді үшті ортақтастырган осы кооперациямыз биыл ғана жалпыласып болған шақта, енді бесті бірлестіріп жоғары кооперация құрсақ тіпті молшылыққа жетеміз деп шықпақты!... Бұл айтып отырғаным болмыс. Ал, өз пікірім былай ғана: біздегі егін шаруашылығын колективтестіру қызметінің осы үш сатыға бөлініп жүргізілуі дүп-дұрыс. Бірақ, жау қуып келе жатқан көштей қуаламай, әр сатыға бой үрету-әдettendіру, жаңа санаға жеткізу сынды идеялық тәрбиеге уақытты молынан беріп отырып өрлетсе ғана дұрыс. Олай болмағанда «үтітін бір тының» болып, зорлықты күшке айналады. Егіншілікте сан жылдар бойына басып жатқан бытыраңқылық-жекешілдік індетті коллектившілдіктің женеуі үшін осы сатылар бір-бір тарихи дәүір сипатында өтуі қажет. Сонда ғана тиянакты өміршен ұйым болып қалыптасар еді!

«Рас-аяу» дегендей бас изей тыңдал отырған Асылқан, осы изектеуімен «партияға шек келтіріп, күнөға бата қалғанын» енді сезген адамша селк ете түсті.

– Біға, осыған басымызды ауыртай-ак қоялық! Партияның бір күндік басшылығы бір ғасырлық жеңіске жеткізіп отырғанда, асығыс істелді деген сөз бе. «Қиялдан өмір озды» деген осы. Біз қиялдан болғанша орындал болу, тек компартияның ғана қолынан келетін іс! Қане, тек Маужушиымыз бен оның партиясының жасай беруі үшін ішелік осыны!

– «Есіл пікірім қор болған!» – деген оймен қарқылдан күліп жіберіппін. – Саған айтып отырыппын-аяу осыны!... Партия мен Маужушиды жоялық деп отырғандай көрінуімді қарашиб!... Ha-ha-ha-ha.. қане осы жақсы тілегің үшін ішсем ішнейін, бірақ, мұнан соң зорлама!...

– Ой, шіркін, қызық дүние-ай, – деп Асылқан жадырай түсті сонан соң менің көңілімді де аулап қоюдың кезегі енді келген сияқты. – Егін шаруашылығын кеше ғана кооперацияландырып, үң деп отырғанымызда, енді бүгін одан өте шығады деп кім ойлаған. Алал жүректі сенің мұны айтатының да табиғи. «Қиялдан өмір озғанда» осылай озатыны да табиғи ғой! – дей салды.

Осы жуанбас, төртпақ қара досыма жымия қарап отырып қалыптын. Ахметханмен екеуі, бір соқаға мойынтурық қосқан пар өгіз сияқты көрінді алдымен. Бірінің қара, бірінің ақсұрлығы болмаса, тұрықтары бірдей. Күштері мен төзімділіктері де бірдей. Араққа келгенде пысылдан тар-

та беретін, мас болуды, желігуді де, жеңіліп сенделектеуді де білмейтіндегі, күндіз-түні құйсаң да зерікпей жылжытада беретін қасиет екеуіне тен біткен. Бұлар жұмыстың ауырлығынан қорықпайды. Қорықпайтыны, ауыр жұмыстан қашып шыға біледі, зәуде ғалам қашып құтыла алмай қалса, оны бітірем деп әуре болмай, қабақ та шықпай, өздерінің арақ ішкендегілеріндегі ғана пысылдап, қыбырлап зеріктіреді. Әлеуметтік қамы түгіл өз семьяларының қамы да қаперлеріне кірмейді. Қаперлеріне кірмейтіні, әлеумет жүгі халықтың мойнында, семья жүгі қатындарының мойнында болып дәндектен. Құдай тағала бұл екеуін ұқсатқанда әйелдерін де бір-бірінен аудырмай ұқсатып, үнірейген арса-арса сүйектерден жасап беріпті... Сөйтіп, борбас пен батпақта да, тегіс даңғыл мен тайғақ мұздарда да екеуінің жүрісі осы жүріс.

Ахметхан мен Асылқанның қорқатындары да бір ғана құбыжық. Парлап жеккен сол кос өгіз қорқатын құбыжық сиякты бір ғана бишік-саяси бишік. Барлық зерделерін сол бишікке ғана жұмылдырып алған. Қай жағымыздан келіп шарт ете түсер екен деп алактайды да жүреді. Бақырайған алакөз болып қалулары содан сиякты. Сол бишік басқаларға үйріліп, ысылдай бастағанда өздеріне де тиіп кеткендей мықшындастып жібереді де, топыракты бұрқақтатып, ала жөнеледі соқаларын...

Айтпактайын, қасымдағы мына қара «өгізімді» сұры «өгізге» бүтіндегі ұқсатып, жазықсыз жазғырып тастай жаздаппын ғой. Бір науқан басталып, саяси қамшы үйіріле бастағанда, «пар өгіз» шошынғандықтарынан соқаларын жеделдете сүйреп, бұрқақтата жөнелді дедік қой. Содан бастап екеуінің парқы көріне бастайды: сұры өгізде жалтару, бұрылу деген болмайды. Мұрындықсыз ұрыншақ, алдына не келсе соны басып, бәрін де соқалай береді. Ал, қара өгіз бейшара мұндайда екі жағына жалтақтап, байқай ілеседі сұрыға. Қожадан ғана емес, жазықсыз біреудің қазан-ошағын соқалаудан да қорқып, ондайға дөп келгенде бұрыла бұрқақтатуға беттейді. Сейтіп сұры өгіз бен парласудан қалады...

Асылқанның «құбыжықтан» қорқатын себебі Ахметхандікінен бір есе көп еді. Ол, гоминдаңның жынса мектебінде оқыған. Сол қылмысын да есінен шығармайды. Құйрығым әлі де активтердің қолында деп жасқанып, біреуге зәбір көрсетіп коюдан сақтанаады. Және сол мектепті бітіргендігіне лайық сөйлеу тәсіліне де бай. Пікірлер қақтығысында өзінің зілдей салмағымен домалак

қарбызыша, қай жақта, неліктен домалап жүргенін де сезбей қаласың.

Ал, Ахметхан ондай кері төңкерістік кертартпа мектеп түгіл «оңтартпа» мектеп те көрмеген. Медреседен алған қой қатық сауатын былай қойғанда, шүкіршілік айтса айтарлықтай, оқу білім жағынан «тарихы тап-таза». Үлттық армия қатарынан бір полктың саяси жетекшісі болып өсіп шықкан. Үлттық армия офицерлерінің көбін қасіп ауыстырған шакта армиядағы сол «ұстаздық» дәрежесі бойынша оқу-ағарту менгермесіне орынбасар бастық болып бөлініпті. Сейтіп, Ахметхан бұл дәуірге өз әке-шешесінің байсымақ отбасынан емес, төңкерістік армия сабынан келген. Сондықтан таптық жағынан да тап-таза. «Ұшке қарсы» науқанда жолбарыс санын толтыруышылар жағынан иегіне «танба» басылып, жаңсақтан жыртқыштар қатарына қосылып қалғаны болмаса, тарихынан ешқандай қаупі жоқ еді. Мұны «құбыжықтан» қалтыратып қойған, тек, қазіргі мансабына лайық ғылыми негізінің жоқтығы ғана. Алған қызметіне бұл жағынан мүлде лайықсыз болғандығынан саяси-идеологиялық жақтан толымдылығын сақтап қана күн көргісі келеді. Әсірессе саяси жақтан кіршікіз сенімділікке мұқтаж. Өзін осы мансапқа құдайдай қолдан көтерген, расында да саяси мұриттігі мен идеологиялық сәбилігі. Мұриттігім болмаса бұл мансаптан мұрттай ұшамын деп біледі. Саяси қамшыдан дерек сезілгенде, беталдындағыны соғып-шағып, соқалап ала жөнелетіні содан.

Асылқан мен Ахметхан сыртқы бейне жағынан ұп-ұқсас болғанымен ішкі дүниелерінің осындай парықтары да бар еді.

Мен Асылқанға құлімсірей қарап отырып қалғанымда, ол көз қырын бірер жүгіртіп қойып жымиды. «Қиялдан өмір озды» деп мені алдарқатуына қарай, әлдеқандай биқтен қомсына жымыған жайымды сезген екен.

– Әлгі пікіріме қарап мені ішіңмен сынап-шыжғырып отырсың-ау, құым, ә! – деп күлді. – Құдай біледі, «арактан басқаны білмейтін неткен топас едің!» деп отырған шығарсың!

– Мені де пәлендей балиғатқа толған жігітке санап, жарылқап отырғаның белгілі ғой! – деп күлгенімде ол қарқылдай күлді.  
– Қайта мен Ахметхандай топасқа салыстыруға болмайтын жорғалығында бағалап отырмын!

– Хы-хы-хы Ахметхан не деп еді?

– Ол, осындай пікірімді естіп, «құдай сақтасын сенен!» деп «бағалады» ғой!

Асылқан құшақтай алып, маңдайымнан жоғарыға сылап-сылап жіберді де, қаттырақ құлген Мақпалға қарап тез жиылды.

– Ол иттің сондай шошқалығы бар, Құдай соның өзінен сақтасын сені! – деп құлімсіреді. Біреуді көзбе-көз мактардағы әдетімен тәмен қарап жалғастырды сөзін. – Пікірің көзіңнен де өткір, шалымды-жалынды жігітсің ғой, бірақ оныңды ашық бағалаудан не пайда! – деп қалды да арағын стаканына толтыра құйды. Жұтып жіберіп соза күрсінді. – Аскар таудың койнауларындағы алан-ашық досым, тек аман бол!

– Осы жолы мақтауыңды сұрап-ақ алдым, Асеке, тек, аңқау-мақау табиғатша ашылып-шашыла береді екенсің дей көрме! – Және осы партиядан жақсы партия іздейді екен деп те күдіктенбе, «жоғалсын» деп қоймасын дегендей, «жасасыныңды» жаудыруыңнан қорқып қалдым!...

Асылқан кеткен соң Мақпал екеуміз аймаласа отырып айтысып, келістік: ол өз мектебіне жалғыз өзі кетті де, мектеп бастығына Сұңзыдауяның ерте кіріп, арызына растама жаздырып алып келді. Ертеңіне өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөліміне екеуміз бірге барып, оқуына рұқсат алыш кайттық. Мақпал өз талабы бойынша, Шынжаң институтының физика-математика факультетіне түсті.

Абыла жәніндегі тергеу толқыны ұйғыр қызметтестердің кебін жайқап өтіп, басқа мекемелердегі, тіпті көшедегі дос-жарандарына дейін шарпыды. Олардың бірнешеуін сұңгітіп әкеткенде, қазақ қызметтестерінің басына шашыранды су да жүқпағаны ұйғыр қызметтестердің күмәнін қоздырған көрінеді. Әрине, ол күмәннің шын негізі Ахметханның қоспа-қойыртпақ пікірлерінен құралғаны мәлім. Ал, менің Ошыр ахұнға айтқан шайка жәніндегі жорамалым ұйғыр қызметтестердің көкірегіне Ахметханның сол қойыртпағымен бірге кіріп, іштерін кептірмесін бе. Сөйтіп, «еке алу шайкасы деген көрсетінді қазақтардан шықты» деген күмән асқынып, қояға айналып қалған сияқты. «Ей қазақ!», «ей қоңқабай!» деп шақыртатын болды қазақтарды. Менің Ахметханнан алыштаым, олардың көзін алдау үшін әдейі істеліп жатқан «жасырынымпаздық», «кулық», «айлакерлік» болып қала берді. Әбілеміт пен Ошыр ахұн алдында акталуым, өзімді актай алмай, сол мағынада жексүрін көрсететін болғандықтан, оларға да зауде ғалам иіліп қоюдан арланатын болдым. Сөйтіп, егерлескен екі жактан да алыс журуіме тұра келді.

Ұлттық жіктеу, ұлттық қорлау ретіндегі сондай атаулармен шақырғандарға алғашында қатал ескерту беріп жүрдім. Ондайлар сонда да көбейе берді. Көп еді. Ерінбей-жалақпай жіңішкелеп түсіндіріп, кекейлеріне қондыруға тырыстым: «қоңқабай» деген сөз тұмсығы кесек адамға, оның ішінде қымыл-әрекеті кесек, дәрекі адамға үйлеседі. Мәселен, Ахметханға сәл лайықтау. Егер ұйғыр халқынан іздесеңдер бұл атауларыңың жолы тіпті оқалар еді. Ал, маған мұлде үйлеспейді. Сол тәрізді «қазак» деген атая, сендерге «мазак» мағынасында айтылғандай сезім туғызғанымен бізге құрмет көрсеткендей естіледі. Мәселен: кемсіту үшін бок шашудың орына гүл шашқандай ақымақтықтың ісі болып қала береді. Бұл мысалдардан ұлтшылдықтың көзі басқа ұлттарға қашан да жұмұлы болатындығы айқын көрініп жатыр. Достар, екі көзді бірдей кең ашып қаралық!» деп орайы келген жиындарда да түсінік айттым.

«Бигабіл жолдас, қалжынымызды шын көріп қапсыз» деп қарқылдап күле жүре шындаі берді қоялылар. Мен сырттай бердім. Ұлттық мұндай жік пен бөлектеуішлік өмір сүрсе, ол «қалжындарына» қарсы қалжындаі жүріп, өзім де бөлектеуші болып қалмасын ба. Олай болғанда интернационализмі-коммунизмі болу қайда!... «Гоминдаң бесігіндегі оқушы Бигабіл руышылдық жікке соншалық қарсы тұра білгенде, компартия столындағы коммунизмі Бигабіл ұлтшылдыққа қарсы тұра алмай ма!..» Сөйтіп, осы сенім, осы үнмен газет журналдарға теориялық мақалалар жаза бастадым. Пікірлес-армандас достар іздедім. Тарбағатай ауасында өсken ұйғыр достарымды алдымен қөксеп, алдымен ізделпін. Махмут Керім мен Тұрган Әлиевтің үйлеріне жиі барып, үйіме жиі шақырып тұрдым.

Үрімжіге қызметке шақырылып келген жерлестерім көбейіп қалып еді. Бәрімен де етene туыстай болып бара жаттым. Бәрінен де қызығы – Үрімжіге сабактастарымның жиналуы болды. Маған қызметтес болып Алтайдан Ынтықбай, Шәуешектен Куат, Құлжадан Юсуп Қасым келгенде тойға бергісіз сияптармен қарсы алдым. Үйімен көшіп келген Юсуптың мен танымайтын «шөкенін» де сүйіп алыппын. Есесін жібермеу үшін ол менің келіншегімнің желкесіне егуедей иегін үйкеп-үйкеп жіберді. Өздерін күту үшін екі сабактасын ертіп келген оқушы «қызға» одан артық қайтпек...

Абыланың пышақталуы турасында күмәнмен қамалғандар сол күздің соңына таман бір-бірлеп елеусіз түрде босатыла берді.

Ең соңғы, ең ауыр күмәнділөрі қыс ортасында қайтарылды. Жалпы ұққаным, артылған қылмысқа ешқайсысы мойындааматы да, мойындарларлық мыкты факт түспелті. Кімнің көрсетіндісімен қамалғандықтарын да, нендей мәселе қойылғандықтарын да айтпайды. Үнсіз жыныш қана шығып, жұмыстарын жыныш қана істей берді. Қамалып жатқандағы айлық еңбек акысын алуда да елпек, жұмыста да елпек.

Қызметіне тек Абыланың өзі ғана қайтпады. «Абыла гөй жазылмаса шықпайтын едік...» деп қана қойды біреуі. «Бүйрегім дей ме, бөрігім<sup>52</sup> дей ме, бірдемем ауырады деп қана дем алып жатқан ұқсайды. Қутімі ерекше екен. Жәннатқа кіріп алған соң шыққысы келмей жатыр, жұмо!» деп күліседі. «Кісі өлтіру шайкасы» болып қамалғандар акталса да, «қонқабайлар шайкасынан» біз ақтала алмадық. Бұл атау үдеп, жалпыласа берді. Мұның ішкі мәні мен сырын білмейтін сырт ұйғырлар да қазақтарды солай шакыратын болды. Оған қарсы «сарт» дейтін атауды қазақтар қайта қолданды. Жақын екі ұлт ара қалжының «бисмилласына» айналды сейтіп. Мұның алалық-жікшілдік мәні бар «қалжың» екендігін білетін менің ұйғырларым туыстарына қарсы түсінік айтып жүрді. Олардың «сен де қонқабай!» дейтін тігіл жауап алып қайтып жүргенін де естідім. (Тарбағатайдың қазаққа үйірлесіп кеткен ұйғырлары қазақша аралас тілде сөйлейтін. Олардың конқабайлық белгілері сол тілі мен бізді жақтағандықтарынан табылыпты.) Сөйтіп, қонқабайлар қатары көбейе түсті.

Менің отауым әр сенбі кешінде «қоңқабайға» лық толатын болды. Өзімді конқабай демейтіндердің барлығын қонқабай қатарына қосып күте беріппін. Сөйтіп жүргенімде Сәрсен саясат пен Әлия келді. Сәрсен өлкелік үкіметтің бір бөліміне аударушы болып келіпті де, Әлия партия мектебіне оқуға келіпті. Отауыма кос сайқалдың қосарлана жетуіне алғашында таңданып та, тіксініп те қалып едім. Мақпал мектеп жатағынан үйге қайтпайтын кеш, тұрмысымызды құттықтай келген Әлия Күләнмен танысып, ауыз үйге тамак істесуге шықты. Оның ахуалын Сәрсен түсіндірді өзі жоқта. Әлияның өзгерісі мен партия мектебіне қабылдануы жөнінде тіпті қонымды шықты Сәрсеннің сөзі:

— «Гоминдан адамды албастыға айналдырса, гүншандаң албастыны адамға айналдырады» демеді ме Гоморо, Бигаш, осының керемет даналық сөз екендігі іс жүзінде талай жерде-ак көрініп жатыр! —dedі ол.

<sup>52</sup> Бөрік (ұйғырша) – ума.

– Дәл Әлияны албастыға айналдырған гоминдан емес-ая! – деп мен күлдім.

– Ол, өз табынын идеологиясынан азат болу үшін қаншалық күресті десеңші, сол жолда әкесін де құрбандыққа шалмады ма!... Санасына қаншалық батылдықпен төңкеріс жасағандығын екі жылдан бері көрмедін фой, Биғаш, ондағы Әлия жоқ қазір демсомолға<sup>53</sup> мүшелікке өтіп, ауданымыздың ең саналы төңкерісші, ең абырайлы қызы болды. Бақытына жарай күйеу жігіт те мықты болып кездесті фой!...

Сәрсен сыртқа шығып кеткенде ол туралы Әлияның баяндауы да дәл солай сейленді:

– Биға, «кімде-кім жаман болса, заманы бейнауат» депті фой Абай атамыз... Бірақ, мен өзім... өзімді заман бұзған деңгендей ақталмақшы емесспін, – деп қызғыш тарта күлімсіреп жалғастырды сөзін. – Мениң ақымақтығым табымнан жаралып, өзімнің балалық-надандық әүесқойлығыммен өскен фой!... Ал, мына Сәрсен ағаның өзгерісі адам таңданарлық өзгеріс болды. Бұрын өз пайдасынан басқаны білмейтін қыңыр еді фой Сәкен, қазір кімде қыншылық болса, семьясын да, өзін де соның құтылар жолына көпір етіп жатқызатын кісі болды!... Өзіңіз де көрерсіз әлі!...

Сәрсениң өзгерісі жөніндегі Әлияның, бұл айтқаны Мақпалдың Тарбағатайдан көріп келгендерімен расталғандай, зейін сала тыңдадым. Бірақ Макпап екеуміздің қосылуымызға зиянкестік істеген осы салдақының өзін осы үйге мұнан соң үйр етпей, келтірмей қоюдың амалын ойластырғанымша ерекше бір өтініш қойып қалды өзі:

– Биға, өткен іс өтіп кетті фой... қайта келмеске кетті енді, басқа басқа семьяның адамы болдық... мұнан соң өзді-өз семьямыздың татулығын сактауымыз шарт қой. Оларға... Макпап мен мениң жігітіме ештеңемізді сездірмей-ақ қоялышы!

– Мақұл, – дедім мен жымиып. – Жігітіңзге ол жайды естіртпей өтуге сіздің бақытыңыз үшін уағда болсын! Ал, мениң келиншегім әлдеқашан естіген, айтып қойғанмын. Сондықтан ендігөрі мұнда келмеуіңіз, оған көрінбеуіңіз дұрыс.

– Нені айттыңыз? – деп сүрлана қарады Әлия.

– Бәрін айттым. Алтайдан жолдаған терт хатының маган ти-меген себебі сенен болғанына сендіру үшін айттым.

– Алдында өткізген қылмысым үшін Макпапға өмір бойы

<sup>53</sup> Демсомол (қысқартылған атua) – демократиялық жастар одағы.

қарыздарлық сезіммен өтермін! – деп жыламсырай сөйлеген Әлия бетін басты. Көзінен бірдеме шығарып алғып басты ма, әлде жылады деп нандыру үшін тағы да шығармай-ақ баса салды ма, онысина қарамадым. Тұзден Сәрсен қайтып кірген соң, қайтқанша әңгіме сонымен ғана өтті.

Содан үш күн өткен соң сәрсенебі кешіндегі Макпальм лышылдан кіріп, асыла түсті мойныма. Өзі тұтқындықтан құтылғаннан кейінгі Алтай мен Үрімжіден маған жазған төрт хатын қолыма ұстата асылды.

– Міне, хаттарым табылды!... Айтқаның түгел рас екен жаңым!.. Әлия қайтарып берді, түгел айтты!

– Нени айтты?

– Фашық болып сені қолына түсіру үшін оның іstemегені жоқ екен ғой, бәрін айтып, кешірім сұрады менен!

– Кешіре салдың ба?

– Кешірмегендегі, «мойындағанға – кеңшілдік, жасырғанға – каталдық» дейтін көсем тәлімі бар ғой. Және... сені шынымен жақсы көрген адамды мен жек көрем бе!

– Ол мені жақсы көрсе де... сенімен күндес болды ғой, зиянкестік істеді ғой!

– Ол бұрын менімен таныс-біліс емес, қашшалық зиянкестік істегенін бейтанастығынан өлшей алмаған. Сені басқаға қимайтындығынан ғана істеген. Ал, сен маған арнаған жүргегінді сақтағансың. Мені іздестіріп-сұрастырумен ғана болғансың! Менің кегім сонымен-ақ қайтпады ма!

– Ол енді сенің ішінде кіріп алғып, мені тағы айландырса, болмағанда қастық істесе қайтпексің?

– Сенің оған азбайтындығыңа сенімім толық, Айландағанға айлана беретін бас мынау емес шығар! – деп Макпал күле құшты шекемнен. – Мен оны сенбінің кешіне қонаққа шақырып койдым.

– Сәулетайым, мынау бұрын асқан арсыз әзәзіл болған. Арамызға сұықтық салмасын деймін. Оншалық жақындастып кетпе онымен!

– Менің жер бетінде бар-жоқтығымды білмей тұрғанында менен сені сұыта алмағанда, сенен мені енді сұыта алмақ па!... Үлгі алсын бізден, оған жақсылық көрсеткім келеді, қастық істеп қайтер дейсің!..

Сөйтіп, сенбілік кешімізге Әлия мен Сәрсен тағы келді. Маған жақын жүретін «қоңқабайлардың» көбімен қолдасып, кошаметтесіп те үлгерді. Мені «Биғаш», «Биған», Макпалды

«Нұрияш», «Нүкеш» атап жалпылдай берген соң, тас бекініп алу жөнін мен де ұмыта бастадым.

Маған әр кеш сайын келіп тұратын Ынтықбай мен Күлән бір-біріне бастан кешкендерін жасырмай-бұкпей түгел әңгімелеп болып еді. Күләннің сүйгенін гоминдаң өлтірсе, Ынтықбайдың жаңа алған келіншегі үшке қарсы науқанда «жолбарысына» ара түсіп өлген ғой. Сондай жан түршігерлік трагедияларын айттысқанда екеуі талай рет бірге жыласып та алған. Бір-бірінің сыр-сипатын алғашында менен ұққан екеуі көп өтпей жалтақтасып, күлімдессетінді шығарды. Екеуі де біреуге қарасты өзді-өз әдettерімен тұқыра-сүзе қарасып күліседі. Бұл «сүзілісулеріне» Мақпал екеуміз дән риза болып жүрдік. «Менің әпекемнің көзі магнитше тартып бара жатыр-ау осынынды!» деп маған Мақпал мақтанады да, «менің досымның мойны осыныңды мамықша жабыстырыар әлі!» деп мен бәс айтамын. Сенбілік кештерімізді осы екеуі үшін барынша жасап, өнерлі сауықпен өткізіп жүрдік. Мұндай кештерімізден Әлия мен Сәрсен қалмайтын болды. Қазан-ошақ пен дастарқан мәселесіне екеуі де шебер. Мақпал екеумізді ол жаққа жуытпай, қонақтар қатарына отырғызып қойып күтеді. «Әлияш» би бастауға, «Сәкең» сауық басқаруға Құдайдың әдейілеп арнап жіберген көсемдері бола кетті. Ал, «әпеке-сіңілі Құләш пен Нұрияш» бір құрсақтан қосылып ән айта туғандай ғой. Әсірессе, осы екеуінің әні «қоңқабайларды» қойша іретін болды отауымызға.

Сенбілік кештер біздің отаудан басталып, өзінен-өзі осылай үйисты да, 54-ші жылдың жазғытұрымына келгенде жалпыласа дамыды. Әрқайсысы өз үйлеріне шақырып, кезектесіп өткізетін болды. Қалпымызды бұзбай баруға әдettеніп алдық. Сөйтіп, дастарқанымыз ғана емес, ой-пікір, санамыз да бірлесіп, одактасып кеткендей сезілді. Саяси пікірден мені талай састырып, қатты сақтандырып есірген Сәрсен саясатымның өзі де сақтануды қойған сияқты. Жазаланады деп кайтарылған Уанжының Бейзинге қайтып бара сала орталық үкіметтің бір министрі болып сайлана қойғанын «алдымен естіген» сол болып шықты бір отырыста.

– Үй, әлгі Уанжын қалай жазаланды екен деп жүргенімізде бір министрліктің тағына шығып та ұлгеріпті ғой! – деп қалған біреуге қарап мырс-мырс күлді ол:

– Жаңа естідің бе? Хы-хы-хы... былтыр сегізінші айда қайтып бара салысымен тағайындалған!

– Орталық үкіметтің басқа барлық ісіне сүйінсем де, осынысы миыма симайды! – деп Үнтықбай күрсінді. Жақын отырған Күлән «ол жакқа барма» дегендей стол астынан тізесін қағып қойғанын байқадым.

– Қалай ғана сиғыза аларсың-ау! – деп Сәрсен де құрсініп қойды.

– «Бәрекелді, Лаууан, жақсы істеп келдің!» деп сый тартқаны ғой, миға симайтын не тұр онда! – деп өршелене тұсті тағы бірі.

– Уаң шужидің бұл енбегі үшін емес, Уаң генералдың бұрынғы енбегі үшін көтергендे осылай көтер деп пе едік. Гоминдаңды қырғанына көтеріп болған! Шынжандығы өзінің қойлары мен қойшыларын қырғаны үшін аспанға шығарғаны қай өнер!

– Қол кашан да ішіне қарай иіледі, жігіттер, – деп Сәрсен тұжырымдады. – Мен соны ғана білдім!

– Осы сөзді қойсақ қайтеді! – деп қасында отырған жігіт құбірледі де, Сәрсен ған қарап, көпшілікке түсінік айтты:

– Мұндай отырыста мұндай сөз керексіз де шығар. Бірақ, өмір бойы аңсап күткен сөз-пікір еркіндігіміз енді ғана тиіп отыр ғой. Осылай сейлесуге жеткізген Маужушиға мың алғыс. Ішімізге симаған бірер жайтты айтқанымызға қайтер дейсің. Уаңжын түгіл, жекеге шоқынуға қарсы тұруды дәріптеп, өзіне де пікір талап етіп отырмай ма көсеміміз!

– «Бәрін айт та бірін айт, ішіндегі дәнін айт» депті ғой бір қызы, – деді бір қу. – Бұлай болғанда әркім өз қотырын өзі қасығанға жететін мұрат жоқ екен!

– Ие, Уаңжының жазалану орнына сыйлануын естігеннен бері үйғыр жолдастар арасында осындаі пікір көбейіп кетті! – деп аяқсыз қостай салды біреуі. Сөздің бөліну, дербестік талап ету сынды насырға шауып бара жатқанын түсіндім. Өзімше дұрыс тұжырым айтып, бұл тақырыптағы пікірлерді тиғым келді:

– Жолдастар, мәселе мынада, – деп қалғанымда, қасымда отырған Мақпал санымды қысып қойды да, қарсы жағымнан Әлия басын шайқап-шайқап жіберді. Сактандыруыш қамкорымның екеу болғанына күліп алып жалғастырдым сөзімді. – Кейінгі пікірлеріміз, үркетін жылқыша құйрықтарын көтеріп осқырына бастады ма, қалай!... Осы сөздің шығуына себеп болып жүрген мәселе, Уаңжын идеясын орталық комитеттің үзілді-кесілді шектейтін шара қолданбауы – біраз уақыт болса да жазаламауы ғана шығар. Орталық комитеттің бізді осындаид идеяға келтіріп үркітетін жазығы бар ма?

– «Басқа не жазығы болсын!», «баспанамыз, үйткымыз болған соң халықтың осындай тілек-талабына жеңіл қарамаса дейміз де!» – десті бір-екеуі.

– Олай болса, дұрыс түсініп алу қажет! Уаңжынды осылай орналастыра койған, компартиямыздың орталық комитеті емес. Соның ішіне кіріп алғып, қымырлап жүрген басқаша тұрпаттағы бір жәндіктер. Тегінде битке өкпелеп, тонымызды отқа тастайтын ақымақтықтан аулақ болайық, жолдастар!

Тағы да Сәрсен бастаған бірнешеуі ду күліп, құптай жөнелді бұл жауапты. Жатып атар Асылқан осы сэтте бір жағымнан күбір ете түсті.

– Айтып отырған битің кім, ей?

– Кім болса болсын, қасқыр бар деп аскар тауымызға атом бомбы тастамайық деймін!... Ұлы мұрат жолында кішкене мәселеге қарап ұли бөліну, үлкен зиян тартқызады!

– Сонда да... қасқырың кім дегенім ғой? – деп тағы да бұлк еткізді Асылқан. Естіп қойған бірнешеуімен қосыла күлдім. Мені коркытып отырған өзін өзінше күбірлеп коркытып қойғым келді:

– Ахметхан екеуіңнің ең қатты қорқатындарың көсемнің аты ғой, қасқыр деп ішіңнен сол кісіні межелеп отырған шығарсың!... Ол кісі нелерінді жеп, соншалық құбыжық болып көрінді сен екеуіңе, соны өзің айтшы, қане!

– Біз қорку емес, ол кісіні күніміз деп сыйлаймыз, қасқыр деп сол көсемді айтқан болсаң, тұмсығыңа қойып жібермекпін! – деп ол күбірледі.

– Бір басшыны күн деп шоқынатындарға қарсы құрес ашындар деп, ол кісі өзін адам деп санайтындарға бүйірып отыр. Кімнің тұмсығы қатер астында тұрғанын осыдан-ақ байқарсың. Ертең-ақ Ахметхан екеуің көресің, тұра тұр, бәлем!

– Оғанға дейін ішіп ал десенші!...

Осымен оның қалжыны саяси тұртпектен дастарқан тұртпегіне айналды...

Былтыр Совет компартиясының бас секретары – Сталин өлгенинен соң оның ізбасарын қағып тастанап, орнына Хрущев шыққан. Өлген көсемін «жеке өзіне ғана табындырушы болды» деп тірі көсем қаралап, қатты жазалай шыққан болатын. Жекеге табынуға қарсы науқан Совет одағында осылай басталып, сталиншілерді кеңірдектеп жатты. Ал, Сталиннің табындырушылық ізіндегі ілесуші Жұнго компартиясының

«қызыл күні» болып алған Маузылұң, «Сталиннің басқа ұлы қурестердегі абыройын сақтап қалу» желеуімен ол науқанға қарсы болды. Солай да сырт көзге сталиншіл емес болып көріну үшін, «өз қызметіміздегі ондай жарамсыз стилден тәжірибе алуға – сақтануға» бұйрық түсірді. Сөйтіп, «жекеге табынуға қарсы тұру» науқанын біз де жүргізуге дайындалдық. Асылқанды «тұра тұр, бәлем» деп қорқытқаным осы айтылған науқан еді. Оның құбыжықты қалжының осы құқаймен тоқсаным болмаса, азумынды басқаным, әрине, нақ табынушы Ахметхан сияктылар болады ғой. Үлкен газеттерден сол тақырыптағы мақалаларды қайта оқып, құралданып болғанбыз. Бұл науқанға әр күні таңертенгі екі сағаттық үйрену уақыты ғана белгіленген.

Жекеге табынушылыққа қарсы өзара пікір айтысу, сындау сатысы басталғаны жарияланды бір күні. Бірақ көпшілік пікірі «өзара» түгіл мекеме маңына да жоламай, ауа жайыла берді. Кей бірі тіпті құдай мен Сталиннен басқа табындырушы «таба алмады». Кейбірі одан төмөнпректерден іздесе де, Уаңжыннен басқасына беттей алмай сипалактады. Кейбірі өз тіршілігімізден бірдеме айтқысы келсе де, табындырушысын атай алмай жаймашуақтады кеп. Біліктілері өз құйрығымыз қалай боллар екен дегендей, арттарына жалтақтап, үнсіз қалды. Сөйтіп, бәрінің де шоқындырушыны мықтап шоқи алмай, шоқынушыны шоқығысы келмей отырғандықтары байқалды.

– Жолдастар, бұл науқанда біздің негізгі түзететініміз жекеге табынушылар, – деп бастадым өз сөзімді. – Табынушы мүриттер түзелсе, табындырушы әулиесі қайтер дейсің. Дәл қазіргі кезеңде біздің желкемізден басып зорлап табындырушы табуларыңыз киын. Ал, сорлы бастарын өздіктерінен жерге соғып, өздіктерінен табынушылар баршылық. Ондайлар құлышылық пен табынушылықты қызмет орнын сақтап қалудың кілті деп түсінеді. Ондайлар қазіргі білікті құқығы бар жекелерді компартия орнына қойып табынады. Өзі сайлап, сиынып жүрген сол құқықтысы не айтса, соны партия нұсқауы деп, мойнына бойтұмар етіп таға қояды. Онысы, «пәленде кері төңкеріс идеясы бар болуы мүмкін» деп қалса, «ие, дәл таптыңыз, ол нағыз кері төңкерісші» дей салады. «Кісі өлтіруші шайкада пәлен-пәлендердің барлығы байқалды» дей қалса, «дәл айттыңыз, мен де соны білдім. Ол шайкада осылардың бар екендігі көрініп тұр!» дей салады. «Ал енді осыны сіздің дәлелдеп бере алатындығыңызға сенеміз ғой?» деп сұраса, «дәлелдеу деген

сөз бе, оны дәлелдеген-дәлелдемегендегі не түр, партияның өзі де көріп отырыпты ғой, ол қате бола ма, жүріс-тұрыстарынан маған да дәл солай көрінді. Мәселен, пәлен уақытта дәретке шықканда, түген де шығып кеткен. Пәлен кіргенде, түген де кірген» деп кисындастырып, қыырдағы пәлені шиырдан тауып құрастыра береді. Осыдан келіп, жала да туады, каза да туады. Дүниенің тышпай былғайды! Осы сөзге келгенімде қызметтестер дуылдай жөнелді. Пікірімді аяқтатуға әрекеттесім. – Жекеге табынушылық бізге дәл осындағы аса ауыр зардалтарын тигізіп жүр, жолдастар! Біздің осындаштардан бір рет болса да есеп алдып, мұнысының қоғамға қаншалық дәрежедегі у болатындығын айқындаш, түсіндіріп қоюға борыштымыз. Табындыруышыны тиу үшін алдымен табынушылықты тыюымыз қажет. Өзінің табынушыларынан айрылса, табындыруышылардың өздері халыққа табынатын болады. Ең жақсы шара осы!

Сөйлеуді талап етушілер жалақтап, шуылдай көтерді қолдарын. Бәрінің де көз қыры Ахметханда екендігін байқадым. Ал, ол мәстің өзі қаннан қаперсіз, өзіне келер-кетер сөз жоқтай орындығына шалқалап, екі бұтын екі жаққа тастап, жатып алды. Ақырғы сөзімді айқайлап әрекеттесірдім басқарушыға:

– Менің бұл әшкерелеп тұрғаным, барлық табынушы пенделердің бір түрі ғана. Өз маңдайына құлдық таңбаны өзі басып алған ең сорлы біреуі ғана. Бұл табынушы дәл осы залда өз ортамызда отыр. Мәселесін алдымен өзі тексеріп, өзін-өзі түзетсін! Егер шындығына келе алмаса, иә, түсіне алмаса, пәктік көмегіміз бен түсінігіміз сонан соң айттылады! – деп тоқтаттым.

Ахметханға қарап, көпшіліктің түсі бұзыла бастап еді. Жиын басқарып отырған мекемеміздің кеңсе бастығы, бас хатшы Лижурін, сөйлеуді талап етушілердің ешқайсысына рұқсат етпей, өзі сөйледі мұнан соң. Біреудің атын атап сындауды, қатты тиетін, абыройын төгетін сөз шығармауды, біреуге түсін бұзып шұқшимай, «Биғабіл жолдаспаша» жуас сөйлеуді ескертті. «Өзін-өзі сындаушылар болса, өз ықтиярымен шықсын, өткендердегідей күреске тарту позициясын қолданбаймыз» – дей салып, жиын уақытының біткендігін жариялады.

Кешкесе жақын мені шақырып алдып, тым «жуас» ескертті де: «сіздің сөзіңіз бастан-аяқ орынбасар бастығымыз Ахметхан жолдастың үстінде болғанын бәріміз де түсініп отырдық. Жақсы сөйлеп, қонымды, жетерлік тәрбие бердіңіз. Өзі де жақсы әсер алғанын айтты. Мұнан соң оның өзін-өзі тексеруі жөнінде

қузастырмай-ақ қойыңыз. Ол да, сіз де партияның жақсы кадрлары. Бірінізге-бірініз шабуылдай берсеңіздер жақсы нәтиже бермейді. Әсіресе, Ахметхан жолдас партияның басшылық қызметтегі жақсы кадры.

— Партияның жақсы кадрлары бірін-бірі сында маушы ма еді?  
— деп жымия сұрады мен.

— Сындаиды, әрине, сындаитынын білесіз ғой, бірақ, мәселен, Ахметхан жолдас, тек партияға ғана табынамын дейді. Солай болу жақсы ғой, оны ашық сындаап не өндірепміз!

— Сонда өзінің табынып жүрген «партиясы» кім? Кіци өлтіру шайкасы ретінде әркімді жаңсақ көрсетіп, алжастырып жүрген «партиясы» қай жолдас екен? Өзінен анықтап сұрадының баосыны?

— Аха...ха...ха...а... сұрадық, сұрадық, бәрін де сұрадық, өзі де мойындағы, Бигабіл жолдас! Ал, осыны енді көпшіліктің алдында сейлестудің кімге пайда, кімге зиян болатындығын ойланыңызбы! «Өзімді партия мәнпагаты жолында құрбан етуге әрқашан дайын тұрамын!» деп партияға өтерде берген анты бар ғой! Ха-ха-ха-ха... а... бұл науқан жөніндегі жоғарының жол-жорығы осылай ғана сындау. Бұл міндеттіңді толық орындаңыз, жақсы ескерттіңіз, болды!

Мен қолымды бір сілтеп тастаным да, жөнеле бердім. Ертеңіндегі науқан жиыннанда сөйлеушілердің кешегі арынынан тағы да айрылып қалғандығы көрінді. Кей «жолдас» нысанамызға артқан қылмыстарын «кемшілік» атап, қойжорға қоңырларын бұлкілдетіп қана өтіп жатты, Ахметхан жаққа тіпті басар емес. Лижурын бәрін де емдең қойыпты. Оның өзінің елпек, ерке бұралқысын қорғайтындығына сенетін Ахметхан «Пу тыңжан да»<sup>54</sup> бұл науқанды алшайғанин алшайып, қатердің иісін де сезбендей қаперсіз өткізді. Әйтеуір, сол кәрі кораздың сұры тәжін өткір тұмсығымен алғашқы сәтте бір шоқып өткенім ғана сауап болғанын сезіндім. Бірер айға дейін мойнын ішіне тыға жымып, маған жуастау қарап журді.

Онысының монтанси жүріп орай күту екенін қайдан білейін, құлағын жымқыра бастады бірер айдан соң. Шанхайдың Хупың атты дарынды ақыны «жекеге табынуға қарсы тұру» науқанында «тұп-тура партияға қарсы – Маужушиға қарсы шақшиып шыға келіпті» деп естігенді. Күштіге шақшия қоятын сау адам бол-

<sup>54</sup> Тыңжан (ханзуша) – менгерме бастығы. Путыңжаң – орынбасар менгерме бастығы.

маса да, шиқанға тиіп кететін шындық болады ғой. Содан от алып «Хупыңға қарсы тұру» дейтін тағы бір науқан ілешала басталып кетіпті. «Жекеге табынуға қарсы» науқаның аяқсыз тоқтай қалғаны, табындырушылардың өздеріне төнетін зобалаңнан қорыққаны екен де, Хупың сияқтыларды тұншыктырып, құртып жіберу науқаны екен. Ақаның құлағы бекер жымықтырылмапты.

«Хупың» ғана емес, «Хупың тобы», «партияға қарсы Хупың шайкасы», «Хупыңның кері төңкерістік ұйымы» аталып, зорая түсті. «Бұл науқанымыз, шынтуайтқа келгенде буржуазияның кері төңкерістік шабуылына қарсы шабуыл» деп бадырайғанда Ақаның көзі маған ақшия бадыраймасын ба.

Сөйтсе де, сауапты ісім қылмысқа айналар ма екен деп күмәндانا қоймадым. Буржуазияның шабуылы болса, оған қарсы мен шаппай кім шаппақ. «Буржуазияның конфет қағазына оралған бомбасына» – буржуазияның жалбызбалап кіріп алған жағымпаз сайқалдарына қарсы құлағымды қайшылап, мен де құралдана жүрдім.

Біздің буржуазияны өзгерту саясатымыз – ынтымақ, құрес – ынтымақ формасында. Ал, хупыңшылар – буржуазияның партияға қарсы тісін қайрап шыққан бас өкілі. Сондықтан бұларды біз осы науқанда қатты сын тезіне алып түзетеміз. Түзелмесе, мәселені батыл құрес жолымен шешеміз деп белгіленді бұл науқаның қарастары. Алғашқы күнгі жиынымызда осы мазмұнға қарата әркім өз көзқарастарын сөйлеп, позиция білдірді. «Буржуазияның шабуылына қарсы» ауытқымай батыл құрес жүргізетіндіктері жөнінде қатысушылар түгел уағда беріп өтті. Бұл уағданы, эрине, Ахметхан екеуміз де мықтап бердік.

– Менің бұл реткі пікірім Бигабілдің үстінде, – деп бір зекіп жіберді де, қайтадан жуасып, сабазси жалғастырды сөзін. – Алдымен соны ескертіп қояйын, Бигабіл екеуміздің арамызыда жеке өштік – қастық жоқ. Біраз білімі бар қызметкеріміз болған соң, тен-тұс қызметтестерше тату-тәтті етуге тырыстым. Бірақ, партиялық принцип бойынша, жолдас болмай, арандатушы, арам пифылды оқымысты болған соң, шекарамды ажыратуға тұра келді. Бұл азаматтың білімі түп-түгел буржуазиялық білім екен. Мұның партияға кім жақын болса, сонымен жауласатындығы, өзінің кім екендігін айқын көрсетіп бере алады. Мәселен, өткен «жекеге табынуға қарсы» әрекетте кім екені белгісіз, партиялы-

принципшіл бір кадрды қаншалық улы тілмен шаққанын көрдініздер ғой!...

– Көрдік, көргенбіз, білеміз! – деді бір үйгыр жігіт күліп жіберіп, өшіктіріп айтактай түскені сезілді. – Тұп-тура сіздің үстіңізден сөйлеп, сізді шаққан, сізді масқаралаған!

– Ендеше, солай-ак болсын, – деп өршелене түсті Ахметхан. – Хупың да солай шыққан. Партияны кім қорғаса, соған қарсы атылған. Ал, партияны Биғабіл да «көз бен мидан айрылған кеуек бас» деп, айдың... күні бәленінші сағатта, менің үйімде, дәл менің алдында айтқан. Және дәл сол отырыста «Маужуши компартиядан басқа адам», «компартия деген бір идеямен біріккен емес, құрама» дейді. Осылай ғой, Биғабіл мырза! Қане, Хупыңнан басқаша оқымысты екенінді енді дәлелдеп көрші!... Жолдастар, сөзді енді осы Хупыңның өзіне беріп көрелік. Өзін-өзі тексерсін, мәселесін толық тапсырысын! Бұл, дегенмен буыны қатпаған жас Хупың ғой, өзін-өзі тез түзетіп, бөгелмей қатарымызға қосылып кете алар! Сөзімді осы жақсы үмітпен тоқтата тұрмақпын, – деді де қарның былқ еткізіп отыра кетті.

Әділетті тергеушім, бір құлаққа әр айғай. Қашқан да құдай дейді, құған да құдай дейді. Қашқандар құтқар деп тілесе, қуғандар жеткіз деп тілейді. Дүние у-шу. Бәрін бір өзіне табындыру үшін Құдекененің өзі әдейі осылай қарама-қарсы шұлатып қойған ба екен деп ойлаймын. Ал, қарама-қарсы, қым-қигаш мұдделер мен шырма шату, шытырман тілектер сол табындырушымыздың миын өз бас сүйегінің ішіне де қоймай шашып, қасқырға ет, қойға шөп етіп жіберген бе екен деп те ойлаймын. Мәдени тәңкеріспі, қып-қызыл қорғаушым, бәрін де өзіңіз басқармасаңыз мына әлем мәдениет пен санадан жүрдай болып, қылмыс шыңырауына батып кетер ме екен!

## V

«Ахметханның бұл әшкереleуі Биғабілдің төбесін ойып түсті» деп білген Лижурын ожырая қарады маған. Қисық көзінен кызыл ұшқын жылтылдады. Ақсұры жүзіне сес пайда болып, келте танауды үнір еле қалды.

– Жолдастар, қазір науқанымыздың әшкереleу сатысы, – деді сонан соң көшпілікке қарап. – Устінен пікір түсушілерден жауапты кейін аламыз. Алдымен әшкереleушілер сөйлеп болсын. Ахметхан жолдас аса жақсы сөйледі. Осы науқанымыздың

қарсы тұратын мәселесін дәл басып сөйледі. Бәріміз де Путынжадан үлгі алайық! Хупыңшылардың ешқандай мәселесі жасырынып қалмасын! Ада-күде әшкерелеп, азат болындар! Ал, үстінен пікір тұсken жолдастардың да өзі біletіn басқа Хупыңшылардың мәселесін әшкерелеуіне болады. Бұл, олардың өздерінің кеншілік алу жолы. Қане енді кім сөйлейді?

Көпшіліктің үнсіз қалуынантынышсызданғандай жалтақтаған күзетші Рузы ахұн қырма бурыл сақалын сипай түрегелді.

— Мен мына Ахметхан тыңжаның пікіріне қосыламын. Биғабілдің үстінде басқа пікірім жоқ. Таныстығым аз екен. Менің Әбілеміт жолдасқа бір-жар ғана сауалым бар. Жекеге табынушыларға қарсы әрекетте бұл кісі де недәуір сөйлеген. Сол шакта маған да бір рет «Рузы мұрит» деп күлген. Кімге мұрит болғанымды, мұрит болып не істегенімді енді сұрамақшымын. Және Биғабіл әпендінің қандай әпенді екендігін енді көріп отырыпсыз. Ол әпендіге бұл әпенді соншалық көп расход шығарып, той жасап берген, сондағы мақсаты не, қандай байланыс бар? Осыған да ақиқи толық жауап берсін!

— Менде пікір бар, — деп Смайыл орақ ауыз түрегелгенде, мені бұл да бір орып өтер ме екен деген оймен, Әбілемітке жымия қарап едім. Ол миғынан күліп, төмен қарап алды. — Жолдастар, сақтығымызды қүшейтейік, мына екі әпенді бір-біріне қарап күліспін отыр, бірлесіп алды көрдіңіздер ме!

— Бұл екеуі бірлесіп алған болса, хупыңшыл топ құрған болса, ашық фактыңызды қоярсыз! — деді Юсуп Қасым. — Ал, қазір күлді деп, бір-біріне қарап қойды деп пәле жapsыра беретін солшылдықты такырламайық, жолдастар. Мәселе әшкерелеуде тек факт қана құқық жүргізеді, факт бойынша сөйлейік!

— Осы күлкісінің өзі де факт емес пе, жолдас, сіз жаңа келдіңіз, білмейсіз бұлардың сырын. Бөріні бөрі иіскеп табады. Маған осылардың осындай күлкісінен кісі өлтіру шайкасының тіректі мүшесі деген жала жабылып, үш ай қамалдым. Бұлардың бәрі бір орманның бөрісі! Биғабіл әпенді жекеге табынуға қарсы әрекетте сол ахуалдарын біраз сөз қылғандай болып еді. Осы ағалары қарап осылай күлген соң жым болып қалған. Сол күлкімен-ақ жасырайық дегенді ұғысып, әшкерелейтін мәселесін аяқсыз қалдырып қойған. Мені қаматқандар енді толық табылды. Осы Биғабіл

ғұнсұр<sup>55</sup> мен анау жақсы сөйлеп отырған қонқабай Ахметхан тынжаң. Бізді «кісі өлтіру шайкасы» деп шықкан осы екеуі. Ұлардың пікірін партком жиынында қорғаған, осы Әбілеміт «акамыз!» Буржуазия зиялыштары жұмысшылар табына тістірнағымен қарсы. Бізді жоғалтуды ғана ойлайды. Буржуазия шабуылына қарсы бұл әрекетті қозғап берген ұлы көсеміміз Маужуши түмен мың жасасын!

Смайыл орақ ауыздың бұл сөзіне қарсы құбір көтерілді. «Бағыраз!», «бағыраз!» деседі. Көздер алара қалған екен. Бірнешеуі: «дөйдала, лақпа пікірді тоқтатайық!» десіп, жиылс басқарушыға дабыстады. Ең сонында біреуі:

— Биғабіл жолдастың жекеге табынуға қарсы науқанда көтерген пікірі аса дұрыс, ақиқат пікір болатын! Ол пікірін біз қазір де қорғаймыз! – деп орнынан көтеріле сөйледі. Бұл сөз шығысымен «жиын уақытының біткені» жарияланды. Сол күні кешке шейін құнгірледі Лижурынның бөлмесі. Белсенділер бір-бірден шақырылып, тәрбиеленіп жатқанын сездім.

Ертеңінә таңертенгі жиында Ахметхан тағы да бірінші болып сөйледі.

— Биғабілдің жекеге табынуға қарсы науқанда партияның адап бір кадрына жасаған шабуылын кешегі жиында кей жолдас ақтамақ болды. Бүгінгі әшкерелейтінім Биғабілдің сол сөзі, – дей бергенде Ошыр бұғалтырдың ызасы бұрқ ете түсті.

— «Партияның адап кадры» дегеніңіз кім ол?... «Партияның адап кадрына жасаған шабуыл» дей бермей, «маған жасаған шабуыл» деп бірер рет дұрысын айтсаңыз болмай ма!

— Кімге қаратса да, мен Биғабілдің сол сөзінің түп-тура Хупыңның партияға жасаған шабуылы екендігін дәлелдемекпін!

— деп тастап Ахметхан сөзін қайта жалғастырды. – Сол сөзі арқылы Биғабіл Хупың, жекеге табынушыны сындау далласына өтіп, партияға жақындаушыларды жоймақ болды. «Табынушыларды жойылса, партияның өзі халыққа табынар еді, бұл жақсы болар еді» деген кімге қарсы екендігін ап-ашық көрсетіп тұрмай ма! Сөйтіп, партияны халыққа табындырып, оның халыққа жетекшілік рөлін жоймақ болды!... Қане, Биғабіл мырза, сондағы әшкерелеу сөзіңнің осыдан басқа не мағынасы бар? Қане жауап беріп көрші!

— Менің ол сөйлемімде «партия» деген термин жок, «табын-

<sup>55</sup> Ғұнсұр (үйғырша) – элемент.

дырушы» дегенмін сонда да. Бұл сұрағыңызға сұрақ қана болмаса, жауап шығын бола қоймас! – деп жыныдым мен. – Жиын төрагасы, мына әшкерелеушініз сұрақ койып отыр маған, жауап берейін бе?

Лижурын қасында күбірлеп отырған тілмәш ханзушаға аударып болған соң ғана сөйлемді.

– Сіздің жауап беруіңізге қазір рұқсат жоқ. Әшкерелеушілер сөйлем болған соң ғана жауап бересіз. Жақсы тыңдал жазып ала берініз

– Сөйлесін, сөйлесін! – деп дүр ете түсті көпшілік. – Әшкерелеушінің өзі сұрап отырғанда жауап бергізбеу, не деген сөз!

Лижурын көпшілікке жалтақтай қарады да, маған иегін көтеріп қалды. Маған сөз бергені еді.

– Ахметхан ақсақал осы реткі сөзі арқылы маған тағы да үлкен жала жауып тұр! – деп бастадым сөзімді. – Бұл қылмысын мына екі сұраумен ғана мойындата аламын. Бірінші сұрау. Маузыдұң жолдас «біз халықтың өгізі бола білуіміз қажет» деген бе, иә, партияның өгізі бола білуіміз қажет деген бе?...

– Халықтың!... Халықтың өгізі болуды айтқан! – деп қалды біреулер.

– Ендеше, халыққа табынудың, яғни өзіміздің жаратушымызға, партиямыздың әкесіне табынудың қателігі қай жерінде? – Жаңағы жапқан жаласына қарсы осы сұрау туылады. Екінші сұрау: партияға табынушы құл қажет пе, иә, азаматтық еркі, адал жүргегі бар жолдас қажет пе? Яғни мүшелерін жолдастыққа шақыра ма, құлдыққа шақыра ма? Бірінші сұрауыма Маужушидың жауабы жеткілікті. Ал, осы, кейінгі сұрауыма ғана жауап берініші, өз сұрауыңызға жауапты содан шығарып берейін!...

Ахметхан шалқалай құлады орындық арқалығына. Сол қылышына жарай маңайында отырғандар ашулы үнмен қайталап сұрады:

– Жауап беріңіз, біз де соны сұраймыз сізден! Алшаймай тыңдаңыз сұрауды! Айтыңыз, бір ғана сөз ғой жауабы, «партияға құл қажет пе, жолдас қажет пе?»

Ахметханның жана түскен келіндей қымтырылуына алара қарал, Лижурының өзі де қиналды.

– Бұған жауап бере алмайды, қинамаңыздар енді! – дедім осы ахуалдарын көрген соң. – «Партияға жолдас керек» дейін десе,

маған жапқан жаласы утынан айырылып қалады. Ал, «партияға құл керек» дейін десе, өзіне қорқыныш. Менің орныма өзі хупын болып «сайланбак». Егер партия өзіне табынуға жол қойса, партиям деп жекеге табынуын осы борсық қояр ма!

Көпшілік дуылдай құлді. Мен жиын төрағасына өзінше иек қаға салып отыра кеттім.

– Қане, Биғабіл әпендінің үстінде әшкерелейтіндерің бар ма, сөйленіздер! – деді Лижурын.

– Жоқ! Жоқ, пікіріміз жоқ! – десті көпшілік.

– Бар, бар! – деп екі жігіт қол көтерді. Әлі де бірдеме шығар дегендей жымыған Лижурын ым қақты біреуіне. Кеше кештегі ен жақсы қайралғаны болса керек. Маған сүзе қарап, шұқшия сөйледі.

– Биғабіл «әпенді» сіздің үстіңізден Ахметхан жолdas екі күннен бері ауыр мәселелердің ашық фактілерін қойды. Ал, сіз ол фактілерді екі сұраумен ғана тойтармак болып, қарсы позиция көрсеттіңіз. Біз оныныздан қорықпаймыз! Сіздің буржуазиялық біліміңіз бір тыны! Біздің сұрағымызға қарсы сұрап қоймай, жуастықпен жауап беріңіз сол факттерге! Оның сонынан кезек алған екіншісі де сол пікірді куаттады.

– Биғабіл «мырза» қазір жауап берсін! – деді ол айқындал сөйлеп. – Біздің қоятын әшкерелеу факттеріміз бен пікіріміз соңан соң сөйленеді!

– Жауап берсін, өзін тексерсін! – деп тағы екесін айқайлад жіберді.

– Ахметхан «жолдастарыңыздың» мені хупыңға қосу үшін қойып отырған дәлелсұмақтарының бері жала! – дедім қайта түргеліп. – Менің сөзімді қашалық бүрмалағандығын білетін мына көпшіліктің алдында тіпті ашықтан-ашық жала. Бірнеше науқан әбден дәнігіп семіріп алған, беті өте қалың жала. Мұндай қалың батпаққа кетпеннен басқаның күші жетпейді. Бұған менің қайтаратын жауабым жай жауап емес. Кетпенмен құралданған жауап болуға тиісті. Кетпендей ашамын мұндағы мәселені. Бүтіндей қарсы факт қойып, қарсы күрес ашамын. Одан мына науқанымызға жаман әсер жететіндігі сөзсіз. Сондықтан партия группасында ғана сөйлейін! Қазір менен жауап сұрамай, әшкерелейтіндерің болса әшкерелей беріңіздер! Гүлниса жолdas! – деп қалыппын соңан соң. Көпшілікпен бірге құлліп отырған жиын хатшысына қарадым. – Менің осы пікірімді толық жазыңыз!

– Жолдасынызды тауып жолдас деңіз, жолдас! – деп шаңқ ете түсті хатшы әйел. Үйғыр тілінде өзінің жұбайын «юлдаш(ым)» деп ататын әдеті бойынша шамдана қалды. – Мен сіздің жолдас емес!

Бұл сәтсіздігіме көпшілік ду күлді.

– Немене күлкі! – деп зірк ете түсті Смайыл орақ ауыз. Көпшілік тына қойды. Смайылдың ойнактап кеткен тасыр көзі менің басымнан аса шақшиды. – Осы жиында қойылған мәселеге осы жиын мүшелерінің өзі жауап алады! Қалай дейсіздер, жолдастар? – Орақ ауыз осылай сампылдастымен серіктеп сақылдай жөнелді.

– Жауап берсін, жауап берсін!

– Бигабіл Хупың бізді қорқытпасын, жауап алмай қоймаймыз!

– Хош, біздің бұл төңкерістік әрекетіміге жаман әсер тигізіп көрші қане! – деп Рузы күзетші түрегелді. – Жиыннымызды бұзатын өнерінді қөрсетші, қане! Кетпенің мен балтанды шығаршы, қане, көріп алайық!

– Мен ол кетпенді ештепе түсінбей бакылдап тұрған сіздерге емес, төңкерістік мына науқанға да емес, басшыларына ғана қөрсетпекпін. Біздің арамызда қайталап өніп тұратын апаттардың бір тамырын партия группасының алдында қазып көрсетіп қоймақпын! Осыны да түсінбейсіздер ме?

Бұл сөзіме Смайыл орақ ауыз бастатқан үш-төрті аңыра қарап түріп қалды да, Рузы ахұн сәл бәсендеде үймен сұрады:

– Олай болса, науқанға жаман әсері тиеді дегенің не сөз?

– Мәселен, мен әлгі айтылған қалың батпақты қазғанымда Лижурынның бетіне шашырайтыны сөзсіз. Ал, Лижурын қазір партия группасының уақыттық секретары. Осы науқанды жүргізіп отырған бірден-бір бастық. Басқарушының бетіне батпақ жабысқанда науқанға әсері тимей қала ма! Мен осы науқанды сондай нәжістен аяп сөйлемей түрмyn. Кешіріңдер! Мен жеке жерде партия группасына ғана сөйлеп берейін!

Партияның Әбілемит бастатқан бірнеше мүшесі Лижурынды қоршап күбірлесе қалып еді. Жаңа келгендігінен ғана сөз қатыстырмай отырған Ынтықбай зіркілдеп жіберді осы сәтте:

– Партия группасына жауап беруіне не себепті қарсы болдыныздар осынша! Мекеменің ең негізгі басшылық ұйытқысын, партияның мекемедегі өкілдік ететін орынын танымайсыздар ма? Иә, партияға бағынғыларыңыз келмей ме?

– Жоқ, партия иәшейкасын таниды. Мәселе мынада, – деп Юсуп Қасым көпшілікке әдей естірте жауап берді оған. – Партия группасында үстінен пікір түскен жолдастың жокқа шығару, қарсы пікір айту құқығы боладығой. Ал, мына науқан жиынының принципінде үстінен пікір түскен азаматтың қарсы сейлеу құқығы болмайды. Бұлар сол принциптен пайдаланып, жойғысы келген «жауаларын» осы залда жөнде алмақ!...

Маған төнген мықтылар айқайдан мүлде қалды. Зал жымжырт. Жиын төрағасына бірдеме деп колын сермей салған Әбілемит сыртқа шыға жөнеліп еді. Менгерме бастығының артынан қарап қалған Лижурын орнынан күрсіне түрегелді.

– Бүгінгі жиын осымен тоқтады. Қазір өзді-өз бөлмелеріңе кайтып, пікірге-әшкерелеуге дайындала беріндер, ертең жалғастырамыз!

Мекемеміздегі партия группасының Уаң фамилиялы жөнdemі секретары Кулиге емделуге рұқсат алыш, орнына осы хатшылар белімінің бастығы Лижурынды уақыттық сайлап кеткен болатын. Науқан жиынын тарата сала секретарь бөлмесінің есігін ашып, партия группасын кезектен тыс жиынға шақырды. Мүшелерінің санын жана келген Юсуп Қасым мен Ынтықбай он бірге эрең толтырыпты. Өзара біраз сөйлесіп алған соң шақыртты мені. Қак төрдегі орындықта секретарь столында шашын құйын сокқандай дудыратып Лижурын отыр екен. Мен кіріп келгенімде, шеткеріпек бір орындыққа отыруымды нұқсады.

– Бұл реткі жиынымыз Бигабіл жолдастың талабы бойынша кезектен тыс шақырылып отыр, – деп бастады Лижурын сөзін. Бұл бөлмеге кірісімен «жолдас» аталғаныма жиымишп отырғанымда, жолдастықтан қалдыратындей сөзді тағы шығарды. – Бұл жолдастың өзінің үстінен мәселе әшкерелеушілерге көрсеткен позициясын өздеріңіз көрдіңіздер. «Партияға құл керек пе, жолдас керек пе?» деп айқайлауға дейін жетті. Партияның әрқандай дәрежелі мүшесі Жұнго компартиясының абыройына нұқсан жеткізетін мұндай ұран көтермейді! Ал, өз үстінен пікір көтеріліп жатқанда мәселе қойған сол көпшілікке жауап беруден бас тартып, мекеменің партгрuppасына ғана жауап беруге сіресіп алуы да дұрыс кадрдың ісі емес. Комунист сыннан корықпайды. Талабы бойынша сөзді енді Бигабілдің өзіне берелік. Қазірше отырып сөйлесін. Егер бұл группада мәселесін жасырып кетпек болса, бәрібір көпшіліктің алдында қайта шығаруға мәжбүр боламыз. Үқтың ба, Бигабіл, қане сөйле!

– Мен көпшіліктің алдында сөйлеуден бас тартқан болсам, қазір-ақ анықталады. Асықпаңыз, осы сөзіңіз де жауапсыз қала коймас! Науқан жиынындағы жауабымды жақсы ұқпапсыз. Аударуда жаңсақтық болды ма екен! Солай да, мені түсіретін тор тоқуды ғана ойламай, жауапкерлікпен, ықылас қойып тыңдауынызды талап етемін! Тілмәш жолдас, секретарға осы сөзімді бір жеткізіп қойыңызша! – Ханзуша, ұйғырша, қазақша тілге жетік сібе тілмаш аударғанда өзім де тыңдал отырып сөйлемдім. – Улken жиында менің ұстімнен Ахметхан Путынжаңнан басқа ешкімнен «факт» түспегенін білесіздер. Демек, менің барлық әшкереңеуші талапкерім де осы бөлмеде, осы жиынға қатынасып отыр. Сыртта менің ұстімнен пікір көтеретін басқа ешкім қалған жоқ. Сөзім қате болса, өзінше бұрмалап, өтірік қоссам осы жерде айтып, бетіме түкірсін! Егер өзі тағы бұрмаласа мен де енді кешіре қоймаспын! Осыны бір жеткізіп қойыңыз, тілмәш!... Мен енді түсінікті болу үшін Ахметхан екеуміздің арамызыдағы мәселеден бастайын. Былтыр құзде Абыланың жасырын пышқаталуы жөніндегі тергеу күшейген шакта «кісі өлтіру шайқасы» деп аталғандар қамалып жатқан шакта, мен де бір рет тергеуге тустым. Содан екі-үш күн өткенде Ахметхан Путынжаң мені қонаққа шақырды. Әңгімеміз былай басталды...

– Мұны сейлеудің не керегі бар! – деп тыжырына қалды Ахметхан. – Әбілемитті көзімен нұқсан, оның алдында мұны сөйлеме дегендей басын шайқап қалды. Мен сөзіме осынысын да қостым.

– Секретарь, мына әшкереңеуші белсендіңіз күрестегі хупыңмен ымдастып отырғанын көрдіңіз бе? – деп қарқылдай күліп едім, қызарактай ескертті Ахметхан:

– Жолдастарды бір-біріне өшіктіріп, арандатпай-ақ, өз мәселене жауап берсең болмай ма! Тіпті ұлттар ара өшпендейлік салмақсың ғой!

– Кетпеннің басын бассаң, сабы тұмсығыңа тимей қайда ти-мек! Сен жала жабуға дейін жеткенде мені шынын да айта ал-майтын ынжық деп білгенбісің? – деп ашына жалғастырдым сөзімді. – Менің кетпенмен қазамын дегенім осы болатын. Маған жапқан алдыңғы екі жалаң сондағы сөзден бұрмалап жасалған жала екендігін ұмыттың ба? Сол пәлеңнен осы факттерді аш-пай қалай құтылмақпын!... Қонаққа шақырып алып сөйлеген Ахметханың сол сөздерін қазірше қыскартып қана баяндаї

тұрайын. «Кісі өлтіру шайкасы» деп аталып сол қамалғандар жөніндегі көзқарасын Ахметхан маған былай сөйлеген: «бізге партиядан басқа мидың да, көздің де қажеті жоқ. Бұл мәсследен қамалғандардың ешқайсысын ақтаушы болма, партияның ынғайына қарап, алдына тұс те, түйсінгенінді де, күмәнінді да дәлел етіп сөйлей бер! Ақтауды да, каралауды да партияның өзі біледі!» Осылай сөйлеп пе едіңіз, «ақсақал», мен өтірік айтып қойдым ба? – деп сұрадым. Ахметхан үнсіз тоңырая түсті. Мен сөзімді жалғастырды. – Сондағы Ахметханның осыншалық пассив үтігіне қарсы былай жауап қайтарғанмын: «Партияның әрқандай мүшесі мұндан жауапты мәселеде шындықты іс жүзінен іздеуге борышты. Партияның менен күтетіні сенім ғана деп көзді жұмып қостай салуға борышты емес... Партия үйымы сізден ондай мүріттік үміт күтпейді де! Ал, соқырша шұлғи салуынды қүтетін кейбір кадрлар компартияға өкілдік ете алмайды!» дегенмін. Осы жауаптарымнан Ахметхан мынадай сұрак шығарып кіжінген сонда: «демек, партияның үйғарымы бойынша қамалса да, осы қамалып жатқандарды түгел ақтаған екенсін ғой? –деген.

«Абыла пышакталған түні тойға қатынасқандардан қақпа сыртына ешкім шықпағанын дәлелдеп актағаным рас» дегенімде, Ахметхан, мінс өзі отыр, маған қаһарын төгіп шыға келген болатын.

– Жоқ, қаһар төккенім жоқ, пікір ғана білдіргенмін! –деп Ахметхан шалқалай түсті.

– Ал, қаһар төкпеген-ақ болыңыз, мақұл! – күліп жібердім мен. – «Япырай, балақай-ай, өте бір қатерлі жолға түскен екенсін-аяу!» дегенсіз, солай ма? – «Шындықты іс жүзінен өзі-ақ табатын ұлы партия мен үзенгі қағысып, іс жүзінен оған қарсы шындық табамын деп қарсыласуға дәтің қалай жетті екен!» деп тітірекенсіз, солай ғой?... Ашығын айтайын, Аханың осы надандығына қарсы түсінік бермесіме болмады, жолдастар, сондағы берген түсінігімнің дәл өзін бұзбай сол бойында оқып берейін, бәрініздің де жазып алып тексерулеріңді үміт етемін! Маған «Ахаң» жапқан жаланың ең негізгісі осы сөзімде болғандықтан түгел жазып алуларыңыз, ак пен қараны анықтап ажырату үшін өте қажет! Хупыңың сөзіне ұқсату үшін осы ақсақалымыздың қаншалық бұрмалағандығын осыдан көресіздер!... Бұл түсінік Аханың жаңағы, «дәтің қалай жетті екен» деген күйіншті сөзіне жауап ретінде айтылған.

«Бізге ондай жүрек пен ондай діт берген, пікір айтуға құқық берген сол ұлы партияның өзі! Тегінде осы партияны ұлы дей алатын сенімініз болса, кезді жұмып шұлғи беруімізді талап етеді деп ойламаңыз! Мүшелеріне өздерінің көзін де, миын да керексіз етіп, адамша көрмей, адамша ойламай мұрит болуды үйретеді деп қорлай көрменіз! Егер мүшелерін осылай тәрбиелейтін партия болса, ол партияның өзі де кез бен мидан айрылған кеуек бас болып қалар еді! Олай болатыны, партия дегеніміз – бір ұлken мақсат жолында біріккен сол жекелердің құрамы. Ол, партия үйімі орналасқан там да емес, бір ғана құқықты бастығы да емес, мықтап үйімдасқан осы коллектив!» дегенмін. – Мінекі мені хупың етіп «сайлатып» – қателестіріп отырған сөзім осы ғана. Асты сызылған сөздерімді тұтас денесінен қалай үзіп, қалай илеп, қандай уға айналдырып отырғанын көрдіңіз дер ме!

– Енді ойлаши, осы сөзін у болмай, бал болмақ па, тексеріп көрейікші, қане! – деп Ахметхан ұшып тұрды.

– У болса да, бал болса да, партия группасындағы сенен басқа жолдастар айырады. Талқылап, ақ-нақағын тексерсін деп баяндап отырмын. Сенің бағаң науқан жиынында айтылып болмады ма!... «Партияны көз бен мидан айрылған кеуек бас дедін», «Маужуши компартиядан басқа адам дедін», «компартия деген бір идеямен біріккен емес, құрама дедін» деп бұрмалағаныңда бетін бұлк етпеген ғой!... Қазір өз сөзімді өзім бұрмалап отырған болсам ғана сейлейтін еркің бар! Иә, толықтап қайта сөйлеп бер деймісің?...

Ахметхан сылқ етіп шалқалай қалды да, Әбілемит мырс етіп күліп жіберді.

– Рахмет, Бигабіл жолдас! – деп күрсінді сонан соң. – Ахметхан жолдасқа берген бұл түсінігің партияның недәуір көп мүшесіне зәрулі сөз екен!... Ал, қалған сөзің болса... неқadar қалдырмай сейлеп шыққаның жақсы!

– Менің өзіме түскен мәселелерден ендігі қалғаны –Ахметханның жекеге табынуға қарсы әрекеттегі сөзіме жапқан жаласы ғана. Менің ондағы «егер жекеге табынушыларға тиым салынса, табындырушының өзі халыққа табынар еді» деген сөзімді «партияның өзі халыққа шоқынар еді деді» деп бұрмалаған. Мұнысы мені құйға батыра алмайтын жала болса да, құйрығының қаншалық көтеріліп, қаншалық басынғандығымен ашындырды. Ондағы сөзімді осы отырған бәріңіз де естіп, толық үққансыздар. Бәріңіз де қарсы алғансыздар ғой!... Табындыруышы

деген сөзді партия деп көпе-көрнеки бүрмалағандығына өзімнен басқа ешкімнің түзету айтпай үндемей қалуы тіпті ашындырады. Егер жекеге табынуға қарсы науқанда жоғарғы жақ кате деп жарияламаған болса, сондағы дұрыс майданда тұрып сынды пікір көтергендерден өш алғысы келгендерді мықтап түзету, төңкерістік шарт!... Олай болатыны, науқанда дұрыс пікір көтерушіден өш алу деген кері төңкерістік әрекет!

– Сіздерге ендігі мәлімдайтінім мына Лижурының үстінде. Бұл кісіге мен бірнеше сұрау коймақпын!..

– Бұл кісіге сұрауыңды кейінірек қойсақ қалай? – деп Үнтықбай күбірледі. – Алдымен Ахаң екеуінің арандағы мәселені айырып алғанымыз жөн шығар!

– Жок, бәрі біртұтас мәселе. Түгел баяндайын да, партгруппа талқысына тастан шыға тұрайын!... Ли шужи, – деп шақыра қарадым оның жүзіне. – Ендігі пікірім сізге қаратылады: жекеге табынуға қарсы науқанда мен атын атамай, Ахметханның үстінен сын көтергенімді эрине ұмытпаған шығарсыз, сол күннің кешінде сіз осы бөлмеге мені шакырып алып, айтқан насиҳатыңызды есінізге түсіріңізші! Сол сөзіңіз түгелімен Ахметханды ашық сыннан, өзін-өзі тексеруден құтқарып қалу үшін сейленді, солай емес пе?

– Ол сөзім, ісімізді сол науқан жөніндегі жоғарғы жақтың белгілеп берген көлемінен асырып жібермеу үшін ғана сейленген. Жоғары жақ ол науқанды сынның шектен асып, күреске айналып кетпеуін тапсырған!

– Сонда да жекеге шоқынушылар сындалмасын, жекеге шоқынушыларға түзету берілмесін, өзін-өзі тексермесін, тіпті оның мәселесі мәселе ретінде қаралмай аяқсыз қалдырылсын демеген шығар? Жоғары жақтың сізге берген жол-жорығы әлде газет-журналдарға басылған жол-жорығынан басқа жол-жорық па еді?

– Біғабили жолдас, мұны жоғары жақтан сұраңыз! – деп Лижурын қызырақтай күлімсіреді. – Бұл мәселені жоғарғы жақтан Хупын да сұраған, онысы үшін ешкім кінеламаған, сіз де сұрасаңыз болар!

– Құп, Хупыңның өзінен түрмеде сұрай жатармын. Жоғарғы жақтың алты жүз миллион халыққа жарияладп койған газетіне сенбей, өзінен қайталап сұрауым, барып тұрган арсыздық болар!... Сізге енді бір сұрауым, Ахметхан екеумізді сол «қынтымақтастыру» насиҳатыңызда маған: «сіздің сынныңдан Ахметхан жолдастың өзі де жақсы әсер алғанын айтты» дегенсіз

ғой. Жақсы әсер алса, осылай бүрмалап, осындей жала жауып, осылай өш алуға кірісе ме? Шужи басыңызben не үшін өтірік айтасыз?.. Сол жерде тағы да: «Ахметханның мен сындаған мәселесінің не мәселе екендігін, кімді жағымпаздықпен алжастырғандығын өзінен анықтап сұрадыңыз ба?» дегенімде «сұрадық, сұрадық, берін де сұрадық. Ахметхан жолдастың өзі де мойындады!» дегенсіз, қане мойындағаны? «Партияның адап бір кадрына шабуыл жасады» деп мені қазірге дейін жұтып жібергісі келіп отырмай ма! Ал, оның айрым мансаптыларды ғана «партия» деп санайтындығын, «Ахметхан жолдаас партияға ғана табынамын дейді, мұнысы жақсы ғой!» дегеніңіз – қанша бюрократтың ұжданы жететін ақтау? Сын айтушының ашынарлық дәлелі, көпшіліктің ашулы айқайы құлағыныңға ілінбей, Ахметханның сыйбырының ғана жүргегізгеге сіңіп ала жөнелетін себебі не? Сіздің көзіңізге басқа қызметтестеріңізден оның несі артық көрінеді?... Жағымпаздығы, құлдығы, мұриттігі емес пе!...

– Сіз артық кетіп баrasыз! – деп секретарь столын тұртіп қалды.

– Артық кетсем артынан көрерсіз, сабыр етіңіз, секретарь! Өзіңіз айтқандай «коммунист сыннан қорықпайды».

Бұл сөзіме Әбілемит бастатып бірнешеу құлгенде, ұялғанынан өзі каттырақ құлді. Сонысы үшін мен де күле жалғастырдым сөзімді.

– «Ахметхан жолдаас партияның жақсы мүшесі, Бигабили жолдаас, сіз де жақсы, бір-біріңізге шабуылдамаңыздар!» деп аяқтаған сол насиҳатыңызben сол науқанды аяқсыз қалдырғансыз ғой! Ал, осы науқанда сол жақсы мүшесін бүтіндей жала жапты. Мен оның үстінен партия группасына шағым айтқалы келіп отырғанымды білесіз. Біле отырып-ақ, осы жында алдымен мәселе анықтаудың орнына менің үстімнен күрес ашуың қамына кірістіңіз!.. анықтап айтқанда жын ашу сөзіңіз, ақнақтағы айрығысы келетін секретардың сөзі емес, мойнына арқан салудың сөзі болып шықлады ма! Маған көзіңізді аларта бергенше, сол сөзіңізді группа жынның мына естелік дәптерінен қайта оқып көріңіз! «Тексермеген адамның сөйлеу құқығы жок» деген Маужушидың нұсқауы қайда қалған! «секретардың орнына отырып, не сөйлесем де Жұңғо компартиясының аузынан шыққан сөз бола салады, мына мұрит жолдастар мен жаққа ауа салады да, мына элементтің аузын буа салады» деп мынадай мұриттен

әбден дәніккендергі сөзіңіз ғой бұл, ие, солай емес пе! Олай болмаса үлкен жала жабылып, партияның әділдігіне жүгінуді талап етіп келген адамның үстінен мұндай үкім шығаруға не құқығыныз бар еді!

– Қане, жолдастар, менің қылмысым қаншалық екендігін енді талқылап, тексеріп-өлшеп көрініздер! – дей сала турегеліп есікке бетtedім. – Мына екеуі мойындармай, менен қайталап сұрайтын мәселе шықса, өз бөлменнен табыламын! – дей кеттім.

Сол күні түстен кейін де, кеште де мені іздеген ешкім болмады. Әр інірде жаңа отауга келіп, Құләнмен көз сүзістіріп қайтатын Үнтықбай да келмеді. Макпалдың үйге қайтпайтын кеші. Куанышымызды да, мұнымызды да ортақтастырып өскен Құлән екеумізге оңаша тиді сол кеш. Мұндай қонақсыз кештің тағамын Құләннің үйінен ішетінмін. Үнтықбай әлі де келіп қалар дегендей, өзі әкеліп дастарқан жасады. Менің орындығыма бүйірлесе тақау тұрган орындыққа Макпалша келіп отыра кеткенде, тіземіз түйісе қалды. Екеуміз де сезгенімізбен, елеңсіз жақындығымыз, есепсіз достығымыз еді бұл. Тамырлары бір болмаса да жабысып, етene егіз өскен екі тұп қайың сияқтымыз. Жағынысумен жалғасуды ойға да алмайтын мұндай пәк сүйіспеншілік, тең-тұстығы жарасқан екі жыныстың жастарында сирек кездесер-ақ!... Ие, Макпалдың табылуынан үмітім үзіле бастағанда, осы тізесі мен осы білегі от болып та сезілген ғой маған. Сол кезеңде денесін осылай тиістіріп алушан бір шақ сақтана қойған осы келіншек, қазір менен бой тартуды ескеретін емес. Бүгін тіпті келісіп жасаныпты өзі. Біздің белсенділеріміздің «сысырапқорлық» деп тыржия сындастының ісмайды да көбірек құйыныпты. Тері бұл кеш Үнтықбай екеуінің күткен тарихи кезеңдік кеш болса керек деп ойладым.

– Құләш, мен бір сыр сұрасам, шынынды айтар ма едің?

– Сенен қашан сыр жасырып көріп едім!

– Үнтықбай екеуің қалайсындар қазір?

– Не қалайын сұрайсың? – деп Құлән сықылықтай құлді. – Өмірлік келісім оңай таныстықпен жасалса, оңбайтындығын Үнтықбай екеуміз білетін «балалармыз» ғой!... Енді-енді танысып келе жатырмыз.

– Танысып болғанша бастарың тақырланып кетер ме екен деп қорқып жүрмін. Айтып едім ғой өзіңе, саған қастық ойлаймын ба, бұл жігіт бақыты – сәл орталau қызға табыла қоймайтын жігіт!

– Мен туралы оған да осыны айтып жүргенінді білемін. Көріскелі бір айға толмай екеумізді бір қазыққа арқандағандай, бір-бірімізге қараттың да қойдың!... Енді өтінерім, бірімізге біріміздің кемшілігімізді де адалдықпен таныстырып, әсіресе менің кемшілігім туралы үстемелеп сінірші оған, тым болмаса асықпай сынап көретін ойға келсін!

– Асықтырып жүр ме сені? – дегенімде тұқыра күлді. – Өзім көргеннен бергі Құләштан титтей кінәрат таба алмасам, немді айтамын оған! – дегенімде курсініп жіберді.

– Маған келгенде үлкен көзбен, зор кешіріммен қарайтыныңды білемін ғой, Биғашым! – деп қалды да, қызығыш тарта түйілді. – Өзің солай түсінсен... солай-ақ болсын, бірақ мені Ынтықбайға ондай кешіріммен таныстырма, неғұрлым кемірек таныстырсаң әділдік болады. Кейін мен оның ойлаған жерінен шықпай қалып жүрмейін!

– Өзіңнің одан байқаған мінің бар ма?

– Бұрын... оқушы шақтарыңдағы саған істеген теріс азулығынан жасырынып қалғаны болмаса...

– Пәле, – деп қарқылдан күлдім. – Мәселен, сенің өзіңнің он алты жасында Мұсатайға соншалық тез алданғаныңды қазіргі мінің деп есептесем, менің кім болғаным!... Оның балалық-тәжірибесіздік қана емес пе еді. Ал, ол шақтағы Алтай тауының ақсақалдық бесігінен басқаны көрмей келген Ынтықпайға да сол мін әлі жабысып жүр деп ойлаймысың, одан бері ол екеуміз не көрмедік! Содан бір жыл өтісімен-ақ надандықтың ол торын быт-шыт етпедік пе! Мынауың, басқа мін таба алмағандықтанғана тапқан әсіре талғампаздық жал ғой!

– Ие, солай-ақ шығар. Маған мұндай күмән ойлатқан Мұсатайдың жылымдығы мен Бердіқұлдың зұлымдығы ғой, басқа негіз жок. Шындығында мен оның бұрын сөз беріп қойған тағы біреуі болып, маған көрсе қызарлықпен көз тігіп жүр ме еken деп қана шектелемін.

– «Көз тігіп» демей, «сүзіп» десеңші, екеуің қарасқанда тұптура сүзісуге ыңғайланғандай көрінесіндер. Макпал екеуміз қорқып қаламыз. Екеуіңнен нағыз қызылқасқа бұқа туар-ay!

Күлән желкемнен қойып жіберіп, ішек-сілесі қатқанша күлді.

– Сөйтіп, өзіңе сайма-сай, жақсы жігіт екендігін мойындаңың ғой? – деп сұрадым күлкіден токтаған шағында.

– «Сайма-сай» ғана емес, өзімнен әлдекайда артық екендігін

мойындеймын. Сенімен жанқияр дос болып шығуынан да белгілі ғой. Көп шекісіп, көп тартысып жүріп, ұзақ сынасып жүріп достастыңдар ғой, ол жайларынан да хабардар болатынын.

– Ал, мына соңғы құмәнға қалай келдің? Қандай негіз бар?

– Бұл құмәнға да сен негіз болдың... Анырасың ғой, ұмытып қалдың ба?.. Егер осы Нұрияшың сол дерексіз қалпында тағы екі ай кешіккенде қалай болар едің?... Сонда мен алды-артыма қарамай, өз басымның арманын ғана құйттеп, саған көне салсам, екеуіңің табысар жолдарыңа өскен ақтікен болар едім ғой, өмірлік өкініштеріңе себеп болып, обалдарыңа қалмас па едім!... Әсіреле аумаған Нұрияшымның өзін сорлатқаным, ішімнен жегідей жеп, өзімді де сорлы етер едім ғой!... Тойларың болып, Нұрияшың тіріліп, ән салып тұрғанда сол сабырыма қаншалық сүйініп, бақыт тенізінде қаншалық жүзгенімді сездің бе?... Ал, Ынтықбайдың артында қандай Нұрияштың жатқанын кім білсін, енді оның обалына қалмай, тағы да сол сабырыммен сақтанып, күте тұрайын дегенім болатын.

– Бұғін ерекше жасаныпсың ғой, есін шығарып, сонысы болса, ұмыттырайын дегенің емес пе?

– Ондайның жоқтығына кеше бір рет ант берген.

– Е, олай болса, бұғін...

– Қойшы! – деп серпіліп тұрды орнынан.

– Ал, Ынтықбайдың бұғін не себептен келмей қалғанын білемісің? – деп бастап, әңгімені өз ахуалыма бұрдым.

Партия группасының сол жиыны кеше мен кеткен соң керіске айналғанын ертеңінде естідім. Керіс болғанда да, Ахметхан мен уақыттық шужидың маған істеген ісін ашық қастандық принципіне көтеріп, кергілеген керіс болыпты. Төрт ұйғыр, екі ханзу, бір казак, бір қырғыздан құралған сегіз мүшес факт жағынан қаншалық тықсырса да, ол екеуі «ашық қастандық» қалпағының астына кірмей қойған екен. Тұн ортасына дейін созылған сол жиын ертенге қалдырылып, тиянақсыз тарапты.

– Группа жиынын Әбілемит бұғін парткомнан өкіл шақырып жалғастыратын болды! – деп күбірледі Ынтықбай.

Науқанның залдағы жиыны таңертеңгі өз уақытында ашылса да, өрекпімей-өзөуресспей аяқтады бұл күні. Ли журын мен Ахметхан маған сөйлеуден тәубаға келгендей, бетіме қараудан тайсақтап қалғандыктары байқалады. Хупың идеясы жөніндегі басқаларға ауып, шымшуырсыз, қыспаксыз, шәкене сөздерімен

ғана жылжып-жылжып ағып қана өтті. Партия группасының кешкесе жақын қайта ашылған жиынына өлкелік парткомнан Ню ханбен қелгенді естілді. Партияның мәған жауап шықпағандықтан өз бөлмеме – қызметіме барып отырып едім, жарым сағаттан кейін Ню ханбен шақыртыпты. Секретарь бөлмесіне кіріп барғанымда, ол түргеліп қолымды алса да, үстінгі ернінен асып тұратын ұзын мұрны жыбыр қақты. Мені ііскелеп тұрғанын сезіп, «мен де ііскелеген порымға келе қояйын ба» деген оймен құліп жібере жаздадым.

– Бигабили жолдас, партияның пікір беріп жүр екенсін, бүгін неге қатынаспай қойдың? – деп ол күлімсірей сұрады.

– Кеше қатынасып, барлық «қылмысымды» баяндап болғанымын. Енді осы жолдастардан үкім күткеннен басқа жұмысым жок.

– Бүгін мен де естиін, қайтадан сөйлеп бер!

– Қайта сөйлеуден нервім қозады. Мына екеуіне жарапланған жолбарыс, құтырған хұптың болып тиісім мүмкін. Ондай болуымды көргізіп келсе, сөйлейін!

– Негұрлым солай, ашық сөйлегенің жақсы! – дегенде Ню ханбенің мұрны тіпті жыбырлап еді, бір ханзу жолдас күбірлеп оған қарсы ұсыныс қойды:

– Ол сөйлеп болған, ұзақ оқиға... барлығын біз білеміз, – деген мағына естілді.

– Мәселені мына халыс жолдастардан ұғасы! – деді Әбілеміт, қалғандары да осы пікірді қостаған ыңғай білдіріп, «Бигабил жолдас бүгін де қатынаспасын!» дегенге келіскендей болды.

– Толықтап қайта сөйлеп берейін бе, ей? – деп Ахметханға қарадым мен. Ол қауқалақ қақты:

– Жо-жо-жо, көпшілік айтты ғой, менде басқадай пікір жок!

Көпшілік құліп жіберді «Футынжаңың» бұл аужайына, Ню ханбенің мұрны Ахметханды тінтігендей жыбырлай берді.

– Түгел қосыласындар ма бұл пікірге? – деп алдып, соңан соң Лижурынға қарады. Оның бас изегенін көріп, өзі де изектеді.

– Бигабили жолдас, олай болса, менің мына пікірімді жақсы тыңдап, ойланып көр! Тегінде сын-пікір дегенниң барлығы дұрыс бола бермейді. Бәрі дұрыс болса, социализм әлдеқашан құрылып болмас па еді, ха-ха-ха-ха.. Кей біреу білмей, қате мәселе қойып қалады. Қатесін білген соң түзетеді. Өздігінен кешірім сұрайды. Жақсы жолдас болып кетеді. Маужуши айтқан ғой, егер сынның бес проценті дұрыс болса, сындалушы шын жүрекпен кабылдауы

қажет, одан зиян жоқ. Үктың ба, сын берушіні жау көретін адам коммунист бола алмайды. Солай емес пе?

– Солай, сын жаксы, сын достың пікірі, – дедім мен, – сын түзелмей мін түзелмейді. Сынды қөтере алмаған адам коммунист бола алмайды. Ал, жала жабу деген сын емес, жаланы жауғана жабады. Жауға кешірімшіл болған адам тірі жасай алмайды. Мұны сіз де ескеріңіз!

Тұмсығын бұраңдата күліп, Ню ханбен қалды да, мен шығып жүре бердім... Жолдастардан күліп қана көп пікір тыңдал, күліп қана аз сөйлеп, Ню ханбен қайтты. Барлық нұсқау жолдастар ара татулық-ынтымақ қана екен. Содан екі күн өткенде мені Лижурын шақырып, Ахметханның пікірін білместіктен қолдан койғанын айтып, кешірім сұрады. Осынысын көпшіліктің алдында сөйлеуін талап етіп мен шықтым. Ал, Ахметханның шақыруына мүлде бармай койып едім. «Хұпынға қарсы тұру» науқанын корытындылау жиынында өзін-өзі тәп-тәуір сындауды. «Көп білімі жоқ» скендігі мен «өзі біледі деп сенетін кей білікті басшылардың пікірін партияның пікірі деп қабылдай салатындығын» ептең тиіп қашып қана сөйлеп шықты. Көпшілік алдында жыртылған абыройсымактарын қайтадан жамап-құрап алу үшін мұны бұлай сөйлеткен Лижурын еді. Өтірік болсын, шын болсын, оңашада қауқалактай берген соң, «Ахаңды» мен де кешірдім. Мұнан соң тату болуға келістік. Бірақ, содан екі-үш ай өткенде тағы бір «сәті» түсіп, тату бола алмай қалған жайымыз болды.

1954 жылдың жаз сонына таман «Шынжаңдағы шағын санды үлттарға жерлік өзін-өзі басқару құқығын беру» саясаты жарияланды. Өлкелік партком әр үлт зиялыштарынан өкіл шақырып, пікір ала бастады. Біздің мекемедегі қазақтардан «зиялыш» атап шақырылғаны Ахметхан ғана еді. «Қандай автономия құруды қалайсындар?», «Қай көлемде құруды талап етесіндер?» деп сұрапты.

– Қазақтардан бүкіл өлкे бойынша он шақты ғана екенбіз, – деп әлденеден ренжіп қайтты түстен кейін. – Маужуши мен партия қалай басқарса да өзі білсін, біздің ешқандай пікіріміз жоқ дедік, Бигабіл бауыр, қайсысы жақсы екенін сен білесің фой, түсіндірші маған!... «Үлттық автономия», тағы немене еді?... Иә, иә, «ұлттық территориялық автономия» дей ме, осыларының қайсысы жақсы?

– Білмеймін! – деп басымды жалғыз-ақ шайқап едім,

қарсымдағы столда отырған Ынтықбай күліп жіберіп, қағазына ұңіле тұқырды. Енді одан сұрады Ахметхан:

– Сен айтты, шырағым, Ынтықбай, тегінде қажет бола қалғанда қайсысын таңдасақ болар екен?

– Аха, қайсысын таңдауды өз идеяңыз біледі. Бұлардың нендей мағынада екендіктерін ғана айтып берейін: ұлттық автономия деген ұлтқа бөліп басқару әдісі. Мәселен, қазақ ұлттық автономиясы болса, Шынжандағы қазақ халқын ғана басқаратын автономия.

– Олай болғанда, бастықтары ыңғай қазақтан сайланады деші!... Мынасы тәуір екен!

– Ие, солай! – деп мырс-мырс құлді Ынтықбай. – Басқа ұлттардан бөліп алып басқару мاشақаты болмаса!... Ал, ұйғыр ұлттық автономиясы құрылса, ұйғырлар басқарады.

– Құдай сақтасын, мынасы қиын екен! – деп тағы да күбір ете түсті Ахметхан. – Ал, «ұлттық территориялы автономия» дегені қалай?

– Ол – жергілікті өзін-өзі басқару деген сөз. Белгілі бір жер аумағында жергілікті ұлттардың қайсысы көбірек сан ұстаса, соны негіз етіп құрылатын автономия. Мәселен, Шынжаң көлемінде ұйғырлар көп санды ұстайды. Сондықтан, бұл өлкे бойынша ұйғыр халқын негіз етіп, басқа ұлттарды өз ішіне алған автономия құруға болады. Мұны Шынжан ұйғыр автономиялы өлкे деп атауы мүмкін.

– Ал, олай болғанда, сенінше, Шынжаңның Еренқабырға теріскейіндегі жарым жерін қаптап жатқан қазактарға еш нәрсе тимейтін болғаны ғой?

– Жоқ, тиеді, ақсақал. Бүкіл Шынжаң өлкесі ұйғыр атындағы автономия болғанымен, соның ішінде қазақ тұғіл одан әлдекайда аз санды ұлттарға да өзін-өзі басқару құқығы беріледі. Мәселен, сібе, дағұр ұлттары делік, оның да көп санды ұстаған жерінде... аудан бола ма, район, тіпті ауыл ғана бола ма, белгілі дәрежеде автономиялық үкіметі құрылады деген сөз бар ғой!

– Е...е... солай де, бүйтіп ырың-жырың болғанша, сонысын сұрамай-ақ қойғанымыз жөн деші!..

Автономия жөніндегі кенеске ертеңіне тағы қатынасқан Ахметхан кешкे жақын тағы кірді біздің болімге. Сұрғылт жүзінде апалаң-топалаң абыржу бар.

– Өй, тіпті сол автономиясын бермей қоймайтын сияқты! – деп бастады сөзін. – «Компартия болған соң болды бізге, бөлініп

жеке әкімшілік құрмай-ақ қойдық» деп тағы соны айтып ек, зекіріп ұрсуға дейін жетті бір секретарь. «Бұл, Жұңго компартиясы белгілеген саяси жол. Мұны атқармай қоймаймыз!» дейді. «Партия саясатын атқарасындар ма, жоқ па»дегендей қatal ажар көрсетеді. Ал, бізден басқа кей ұлт өкілдері, әсіресе сарттар тіпті желілігіп алышты. Жерге таласып жатыр. Қазақ халқының автономиясына тіпті Іле аймағын да бермек емес. Әр ұлт өз автономия көлемін кеңітсе, тым болмағанда, кадрлары көбейіп, қызмет дәрежесі өсестіндей пайдасы барлығын сол таластарынан ұқтым. Сондықтан, түстен кейін мен де түстім таласқа. «Егер солтүстік Шынжаңды қазақ автономиясына бермесе, бүкіл Еренқабырға бойымен Құмылға дейін созылған қазақтарымызды төңкерістік үш аймағымызға көшіріп берсін, қазақ ұлттық автономия құрамыз!» дедім.

Ахметханның бұл сөзіне Үнтықбай екеуміз ішек-сілеміз қатқанша күліп отырғанымызда, сол кеңеске бізді де шақырған қағаз келді.

– Әп бәле, міне! – деді Ахметхан. – Енді сарттардың еркін алдына қоймаспыз! Жігіттер, әйтесуір, қай жерде қанша халық, қанша қазақ барына сендер жетіксіндер гой, бір сүйем жер бермендер, жігіттер, «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді!»

Әр ұлт «зияллыларын» әр залға шақырған екен. Қазақтан қырық шакты өкіл жиылған шағын ғана жиын залын Ахметхан іспеттес бірнешеу бастарына көтеріп даурығысып жатқанда жеттім. Ең кешеуілдеп барғаны мен екенмін. Сөйлеушілердің пікірлерін тыңдай келе даурықтың бірнеше ұйғыр зияллыларының қойған талаптарына ашынудан шыққандығы байқалды:

– Ең ыза болатын жерің, «казақтар Алтай мен Тарбағатайда ғана» дейді, тыңдаңдаршы, жолдастар! – деп Ахметхан көтерілді.

– Шынжаң қазақының шығыстағы ең шеті Баркөл ауданы гой. Сол ауданда неше сарт бар екен? Ал Морида, Шонжыда, Жемсарыда, Үрімжі ауданында, Санжыда, Құтыбыде, Манаста, Сауанда, Шихуда қанша сарт бар екен? Бұлар сол аудандардың қала мен қалашықтарындағы бірнеше аспазшы, кауапшыларын ғана көрген. Тауы мен далаларында қойشا қаптап жатқан қалың қазақты жоққа шығаруы неткен жолсыздық!

– Үй, Ақа, оны бүтін көріпті. Басқа естиярлары түзетіпті. Жоққа шығара алмапты. Енді болды гой! Бірақ ондағы дүңгендерді сіздің де көрмей кетуіңзіге бола ма! – деп біреуі күлді.

– Көрдік, оны да білеміз. Екі-үш қалашықты маңайлад жиі қоныстанған дүнгендер бар. Бірақ, сол аудандардың өзінде де жалпы санда қазақ көп екендігіне олар да дауласа алмайды. Ал, бәрінен де ашынарлығы міне: бір ғана Құлжа қаласындағы үйғыр санына қарап, бүкіл Іле аймағын үйғыр аймағы деуін қараңдаршы!... Тіпті, сол Құлжаның өзінің ауданы бойынша алынған санағына қаралықшы, қане, кім көп екен!... Қорытып айтқанда мен өзім Солтүстік Шынжаң тұтас қазақ автономиясына бөлінуін талап етемін!

– Мына кісінің мұздай тайғақ басына мұншалық ұлтшылдық қалай қоныстанған, үй! – деп қалжыңшыл жатыптарлар құлді де, көпшілігі бұл пікірге қосымша қосып, құптай жөнелді: Санжыдағы дүнгендер мен Бораталадағы монголдарға өз көлеміндегі аудандардан «отау тігіп беріп», солтүстік Шынжаңды қазақ автономиялы район етіп құруды ортаға қойды. Ахметхан өрши түсті мұны естіп:

– Азаматтар, менің пікірімді әлі де толық ұқпай отырсыздар, мен тұп-тура ұлттық автономия талап етемін! Үйғырстан құрмақ болып отырған мына Әбілеміт әспенділердің қол астына солтүстік Шынжаңды қаратуына қосылмаймын! Мұнда Бейжинге тете қарасты қазақ ұлттық автономиясын құруымыз қажет. Олай болатыны, жаңа айттым ғой, Еренқабырғаның бұл өнірінде үйғыр тіпті аз. Нанбасаныздар мұндағы ұлттардан сан паркын толық білетін мына Бигабіл, Ынтықбай жолдастардан тыңдал көрініздерші, әр ауданның оку жасындағы балаларының ұлттық санактарын осылар алып тұрады!

Өлкелік парткомның саяси-заң бөлімінен келіп, жиын басқарып отырған Жағай жолдас маған күлімсірей қарап, иек қаға сөйледі.

– Бұл өзі ұлттық жиын, мұнда автономия жөніндегі қандай талап болса да тартынбай ашық сөйлеуді партиямыз қадағалап-қайталап тапсырып отыр. Қане Бигабіл жолдас, Ахметхан ақсақал куәлік сұрады. Сөз кезегі сіздікі.

– Мен сөйлесем, Ахаңа қарсы сөйлеп қоямын ғой, тойтарғандық болып қалмай ма?

– Осы залда не сөйлесеніз де еріктісіз. Тек көшпеде айқайlamасақ болғаны!

– Олай болса, мен Ақаңа күәгер бола алмаймын. Себебі, өз пікірім басқаша. Алдымен айтып алайын: Ақаң талап етіп отырған «ұлттық автономия» дейтін нәрсе біздің елімізде,

әсіресе, Шынжанда жоқ сөз. Жоқ сөз болатыны, мұнда шағын санды ұлттардың сап-таза ұлттық автономия алатындаі бір-біріне аралассыз корған соғып қоныстанған бірде-бір районы жоқ. Ал, араларына тізімдеп, ыңғай қазақ ұлттының ұлттық автономиясын құрса, оның үкіметі тек телефонмен ғана басқаратын телефон үкіметі болар еді. Солай болған күнде де, ондай күрделі телефон бағаналары үшін Азияны түгел басып алмасақ, ағашымыз да жетпейді ғой!.. Көпшілік ду күлді.

- Ақаңың өзін сыйласақ сымсыз телефонмен басқарар!
- Ағаш жетпегенде, иендері әр қойшының үйіне ондай аспап қайтып жетпек!
- Осыншалық аспап сатып алуға Ақаңың шашы да жетпес!
- Бәле, тақыр жерге енді отырғыздың, Ақаңың басында шаш жоқ емес пе!...ha-ha-ha...ha... мына ұзаққа созылған ажуалы күлкі Ақаңың тақыр басынан су, бетінен қан шығарды.
- Менің айтпағым қалжың-күлкі емес, жолдастар, шын сөз!
- деп тоқтаттым күлкін. – «Ұлттық автономия» дегеніміз – біз үшін мүлде мүмкіндігі жоқ, құрғак арманның ғана автономиясы! Ақаңың бұл талабы – мүлде үйлеспейтін талап. Ал, «Солтүстік Шынжаң қазақ автономиялы районы» деп ұлттық территориялы автономия талап етсе, онысын тым лақпа талап демек емеспін. Себебі, бұл өнірде үйғырдан қазақ саны көбірек екені рас. Партия осы түрдегі автономия құруға шақырып отыр ғой. Бірақ, Шынжаңдағы алты жұз мың ғана шамасындағы қазаққа төрт миллион үйғыр халқымен бәс таласудың ешқандай қажеті жоқ: жер шарында үйғыр халқының осы Шынжаңдан басқа жиі қоныстанып, атамекен деп аталған районы жоқ. Мен енді нақтылы өз талабымды қояйын: партиямыздың ұлттық территориялы автономия құруға шақырудың негізгі мақсаты біреу ғана болса керек. Ол, ұлттар тенденцияның іске асырып, тату-тәтті ынтымақты социалистік қоғам құрудың қызыметін оқайластыру ғана. Ал, менің талабым, осы мақсатты толығымен іске асырудың ең оңай жолы, автономиялық территорияға, мансап-дережеге бұлай таласпай-ақ шешім табатын жолы ұлттарды шынайы тенденцияның мақсаға жеткізуіндегі тамаша, ең өміршеш өзінен бір жолы, тенденцияның мақсаға қарсы ұлтшылдықты қатал тергеуге алып, сын отымен жойып отыру, әсіресе зорекер ұлтшылдарды рахымсыздықпен тізгіндеу. Мұны баса айтатын себебім, егер аға ұлт адамдары зорекер ұлтшылдықтан уақыт-уақыт жуынып-тазарып отырса, шағын санды кіші ұлт халқы ағасын ұрып та

құтыла алмайды, қашып та құтыла алмайды. Үлкен балық кішкене балыктың аузына симайды. Ал, біздін үлкен ағамыз, жер жүзіндегі кішкене балыктың бәрі жабылса да мойымайтын алып аға ғой. Сондықтан біздің елімізде ұлттар тенденсі шын мәніндегі орнаса, ұлттар ара алалықтан келетін апат жоқ деп сендіре ала-мын. Бізге автономияның да, мансап-лауазымның да қажеті жоқ. Ұлттар ара кадр-қызыметкерлер ара теңдік жасасын!

Тыңдаушыларымның қолшапалағы шатырлай жөнелгенде маңайыма тінте қарадым. Ахметхан мен қатарындағы төртеуінің қолдары ғана тізе құшақташ қалыпты. Танауларын тыжырып, ырсия қарасты маған.

– Ұлттық ар-намыс жоқ екен мынада! – деп «Ақан» күбірледі де, мен алара қарадым. Жағалай әркімнен пікір сұрастыра келе, қорытынды сөзінде менің пікірімді қуаттады.

– Біз шын мәніндегі осындай тенденктен басқа автономия талап етпейміз. Егер, алмаса болмайтын, шарт ретінде қойылған автономия болса, үлкен-кішілі екі ағаның өздері біліп берсін!

Көреген тергеушім, «қырсығы бар жігітті төрде отырғанда ит қабады» деген мақал бар ғой. Бұл жиынға қатынасушылардың түгелге жуығы менің пікірімді қуаттаса да, бір сұры төбеттің маған арс ете түскенін сіз де көрген шығарсыз. Өзі бұрын ұлттық зиялыштарға қақпан құру көсібімен сіздер жақтан жез қарғы тағынған төбет екен. Қожаларына мені жарып беріп, енді алтын қарғы тағынбақ дәмесі бар көрінеді. Дәнігіп алған қылмыстың кеңірдегінен тіреп құтылғаныма жауапты бола қоймаспын!

## VI

Автономиялы ұқімет құру жөніндегі кеңеске шақырылған өкілдердің ай бойына кеңірдек жыртысқан талқысы аяқтамайтына қалды да, өлкелік партия комитеті жағынан газетке жарияланған бір мақаланы үйренуге кірістік. Талқылай келгенімізде, Жұнгодан бөлініп тәуелсіз дербес республика құруды талап етушілер мен мемлекет ішінде Үйғырстан атындағы орталыққа сырттай ғана қарасты ұлттық автономия құруды талап етушілерге аспаннан жай түсті. Тізіммен шақырып, жиып әкетті. Қазақ группасындағы «ұлттық автономия» құру пікіріндегілерге де сол қатарда қатты сын берілсе де, оның бастауышы болып өкірштеген Ахметхан өз орынында «футынжан» қалпында қала берді. Оған найжағайдың салқыны да тимегендігі таңғалдырыды көпшілікті. Ол мақаладан

жалпы ұққанымыз, бізге «керегі» ұлттық территориялы автономияға екен. Талқыны жалғастыра бердік.

«Солтүстік Шыңжанды казак автономиялы районы» деп атап, қазақ өкілдері талап еткен пікірге Санжыны орталық еткен «Санжы дүнған автономиялы облысы» көлдененнен килігіп, ортан белінен, яғни Манастан шығысқа қарай кесіп алды. Сейтіп, ондағы көп сан ұстайтын қазақтарға дүңген автономиялы облысы қол астынан «Мори қазақ автономиялы аудан», «Баркөл қазақ автономиялы аудан» мен бір-екі ауданнан «қазақ автономиялы ауыл» деп аталағын «үкіметтер» құрып берді. Нәтижеде қазақтардың жерлік автономиясына Іле, Тарбағатай, Алтай аймактары тиғендей болып еді. Іле-шала бұл үш аймақтан «Боратала монғол автономиялы облысы» деп Боратала, Жың, Арасан аудандарын, Алтай мен Тарбағатай арасынан «Қобықсары мұнғыл автономиялы ауданын» бөліп шығарды.

«Ұлттық ар-намысы жоқ» Жағай, мен, Үнтықбай – үшеумізден басқа қазақ өкілдері «мұндай автономияға «рахымет» айттып шыға беріп еді. Партком өкілдері алдыларынан тоса қалды да, қайта отырғызыды. Жұнғо компартиясының бұл «ерекше қамқорлығын» екі сағат сейледі соңсaн. «Жерлік өзін-өзі басқару құқығы берілмейтін ұлт жоқ. Жарыққа тартып отырғанымызды қараңғыға қашуға, кері төңкеріске рұқсат етілмейді!» деп тиып таstadtы.

«Мұнымыз, қараңғыға қашу деп аталағын кері төңкеріс болса, жарықта-ақ қалайық» десіп қазақ өкілдері мұнысына да көне салып еді, үлken залда жиын ашып отырған үйғыр өкілдері ду ете түсті. «Гұлжамызды бермейміз!», «Гұлжамызды бере алмаймыз!» деп кеңірдектер қырылдап, күрілдей жөнелді. – «Ол аймакта үйғыр көп!», «Шаһарында қазақ деген тіпті жоқ!», «Біз олардан үлken, аға ұлт болғандығымыз үшін құрсағымызды кенге салып, үш аймактағы басқа үйғырлы қалаларымызды бергенімізге қанағат етсе болар! Гұлжамызды бере алмаймыз!», «Гұлжа - сөзсіз біздікі!», «Гұлжа өзіміздікі», «Төңкеріс орталығымызды қазаққа бере алмаймыз!»

Бұл жынында 60 шамалы үйғыр өкілінен шыққан мұндай ұлтшыл пікірлерге наразы болған Юсуп Қасым мен тағы бір-екеуі шыға жөнелді сыртқа. Ауыз залдағы қазақ достарына қарай алмай, бастарын шайқай қашты. Үлken залды тыңдал бажырайып отырған біздің де ызалы таңданысымыз күшті еді. Құлжа негізгі жағынан, қазақтардың берген құрбандығы – төгілген қаны арқылы азаттық алып, үш аймақ төңкерісінің орталығы болған ғой. Қалайша

ұйғырлардың ғана «төңкеріс орталығы» болып аталақ! Ал, сол қала «Іле қазақ автономиялы облысында болса, бәрі-бір Шынжаң ұйғыр автономиялы өлкеге қарасты болмай қайда көшіп кетпек! Бұл қызынулары неткен көрсөқыр іштарлық! – дестік.

Түпкі ұлken залдағы көпшілігінің дауысы тіпті үдей түсті. «Қонқабайдан» басталатын қорлау сөздерін қоса бастағанда біздегі епербақандардың да жыны қозды:

– Ей сарттар, Құлжа еке-бабаларынан қалып па еді, ей!

– Сол қаладағы төңкерісті бастап, женіске жеткізгендер кім еді, ей!

– Қашқариядан қаншаң келіп төңкеріс ашып едіңдер, ей, әнгүдіктер! – деп жіберген үш тентектің аузын үш палуан барып басқанда, Жағай сабырға шакырып, қызынғандарды тоқтатып та-стады.

– Ол қалада ұйғырлардың саны көбірек екені рас! – деді соңсоң бәссен дауыспен ақыл сөзге кірісті. – Бұл әлсіздігімізді қалаға жо-ламай, мал соңында сахараға тентіреп әдеттенген ата-бабамыздан көрелік. Таулары мен далаларында қазақ саны әлдекайда ба-сым көпшілікке ие болғанымен қалалары мен базарларды басқа отырақты ұлтарға тастан кеткеніміз рас қой, кімге өкпелейміз!... Бұрыннан сондай бытыраңқылық-орнықсыздық осалдығымыз бар. Жеке Құлжа қаласы жөнінде ғана есептесіп жеңе алмаймыз. Ұйғырлар көбірек орналасып алған. Әуелі аға-ағалап, ұлкенсітіп, құрметтей сейлесіп көрелік. Ағаның іші тікпек отауға көмек беретін адамгершілік әдеті болатындығын саналарына сиғызып байқалық. Тіпті болмай бара жатса, сол қаланың бүкіл ауданы бойынша жалпы халық санын ортаға қойып есептесерміз. Құлжа қаласы сонда да бізге тиесілі болады!...

Жағайдың осы ақылы бойынша, кіші аға өкілдерімен бас қосып, бірнеше рет сөйлестік. Інінің отау тігіп алуына ағаның көмегі болатындығын әлденеше ауызben, әлденеше түрде жеткіздік. Қазактарды тіпті Құлжа маңына жолатар ниеттері көрінбеді. Өздері келісіп алсын дегендей, ұлken аға үн шығармай, кіріспей қойды. (Қарақышлары өзара мүйіздесіп тұрса, қожайынға келер зиян бар ма!..)

Автономия мәселеінде алғашында бойкүйез қараста жүрген қазақтар осындай намыс арқылы ынтымақтаса түсті. Үш аймақтың бізге қалған жерінің ортасынан Құлжаны тағы да ойып бермеуге келіскендіктері – мықтап ерегескендіктері байқалады. Бәрі қатынасты сөзге. «Әрқайсысы әртүрлі мінездегі, әртүрлі

ниеттегі ұйғырлардан бізге бауырмалдық, жақындық, ынтымақ көрсетушілері жоқ па! Кең пейілділері қайда бұлардың, неліктен бәрі бірдей қатып қалды!» деген жұмбакты шеше алмай дағдарып мен отырдым. Әрқайсының тіл қатпай байқастап көргім келеді. Мениң түпкі идеяма автономия емес, компартия ғана орналасқан ғой. Бұл туыстардың тіл бірлігі бірін-бірі қорқытып алуында болып жатқандығы байқалды бір шақта. Табиғи іштарлығы қүшті халық па, иә, бұл айтысқа ыңғай тар пейілділерін әдейілеп таңдал сайлаған ба, белгісіз. Әйтеуір бұл алпыс шакты өкілдің басым көшілігі пейілі тар, көзі кішкене қорқаулардан екен. Арапарындағы адамша қарап, дұрыс ойлай алатын өкілдер пікір айта алмайтын халге түсіп қалыпты. Бұл жайларын ләм демей тұқырып алған Юсуп Қасымың ҳалінен түсіндім. Маған көз астымен қарап қойып, түйіле тұқырады. Осы жайттерін түсіне сала, сөйлеуге жиын басқарушыдан рұқсат алдым:

– Құрметті туыстар, Құлжа қаласы жөнінде бәрініздің пейілдеріңіз осылай ма еді? Үлкен аға аса зор жомарттық істеп, кіші інілерінің бәріне енші аруды жариялад, бұйырып отырғанда, ен тату тетелес кіші ағамызың пейілі тараыйп бара жатқаны қалай? Құлжа бір ғана ұлттың төңкеріс орталығы ма еді? Інісін өзінің қысталп-жайлап жүрген жерінің дәл ортасындағы бір қаласынан да куып тастап, орнын ойып әкеткісі келгені ме?... Бұл пиғыл бүкіл адамзаттың ажуда күлкісін келтіретін пиғыл емес пе?... Үлкені кішісіне, әлдісі әлсізіне қемектесу – әрқандай адамның адамгершілгін елшайтін таразысы емес пе еді!

Ал, тіпті туыскандардың әрқайсының үйлену, отау тігіп алуына қемектесу-туыскандық қарыз еді ғой! Сүйікті, кіші ағалар, сіздерде ондай адамдық, бауырмалдық дәстүр жоқ па еді?... Олай болғанда қайырымсыз туыскандардан көмек сұрамай-ақ, алдыңғы қарарымызда қала бергеніміз жөн екен: бізге автономия емес, теңдік-ынтымақта жасау ғана қажет! Сіздерді бұлай шұлатып, автономия алмай-ақ қойды!» Осы сөзбен барып орныма отыра кеттім. Кіші аға өкілдерінің өзара күбір-сыбыры үдей түсті де, бір-біріне тістерінің арасынан ысқырғандай сырылдап, кіжіні бастады:

– Ұқтың ба, екі жақ ортақ игіліктеніп келе жатқан бір Құлжа қаласы үшін ғана ұлттымызға қашашық қиянат келтіргенімізді!

– Қандай қиянат келтіріппіз?

– Ұйғырлар тар құрсақ, раҳымсыз, адамгершілігі жоқ халық екенсіндер деген мағынадағы сөздер қарлы борандай соқпады ма!

— Ей от құйрық, оншалық сөз шықпады Биғабілден, заһар шашпай отыр!

— Ей, дөт<sup>56</sup>, «бұ 揆ейлдерің бүкіл адамзаттың ажуалы құлқісін келтірмей ме!» дегені, «сіздерде ондай адамшылық дәстүр жоқ екен!» дегені миллитіміздің атына абырай беретін сөз болды ма!

Көпшілік арасында мұндай құбірлер өрлей бастағанын байқаған жыны бастығы “бүгінгі уақыт бір жерге барып қалғанын” айтты да ұйғыр өкілдерінен басқа өкілдердің тарауына рұқсат етті.

Жыны орнына ертеңіне таңертек жайырақ келіп едім, өлкелік парткомның саяси бюросының мүшесі Смайл Ясын келіп сейлеп тұр екен. Сөзі ұйғырлармен Шынжан қазактарының тарихи байланысы жөнінде сиякты: «... Солтүстік Шынжаңда қазақтар қатынаспаған, жалаң ұйғыр көтерілісі болған емес. Зорекер үкіметтер қанды қылышын алдымен шашыраңқы қоныстанған казақ халқына үйретін. Сондықтан алдымен казақ халқы қозғалатын... Тіпті бұрынғы Садыр палуан бастаған қозғалаң да – көбінесе қазақтарға сүйенген қозғалаң. Өсірессе, үш аймақ төңкерісін қазақтар бастаған. Шың Шысай мен гоминдаң үкіметтеріне қарсы Алтай қазақтарының көтерілісі Іле төңкерісінен он жыл бұрын басталып еді. Басқыншы, кертартпа үкімет содан әлсіреген шақта Іле көтерілісін Нылқыдағы тағы да қазақтар қозғап, тез жеңіске жеткізді. Мұны кеше ғана бәріміз көріп едік қой. Құлжаны «ұйғырлардың ғана төңкеріс орталығы» деген сөз кімнен шықты, қане сөйлеңдерші!. Ал, зорлық күшпен тартып алмақ болдындар делік. Сонда Құлжаны үш аймактан қалай бөліп әкетпексіңдер!... Тұла бойына тұтас иелеп отырған қазақ халқына Құлжаның тамдарын тік ұшар аэропланмен көшіріп әкетпексіңдер ме!..Нендей ақымақтық пікір көтергендіктерінді ойлап көрсөндер болады!..»

Смайл Ясының бұл сөзін күні бойы талқылаған ұйғыр өкілдері ертеңіnde таңертек жыланда бірінші болып Юсуп Қасым сейледі. Ол, құқығы жоғары саяси бюро мүшесінің пікірінен күш алған екен.

— Смайлжолдастыңсөйлегенжөн-жасығы біздің құрсағымызыда неше күн бұрын қайнап, температурасы тіпті өрлеп кеткен бола-тын, – деп баstadtы сөзін. – Көпшілік өкілдердің қабагына қарап, әрен шыдап келдім. Қаттырақ сөз шығып кетсе, кешірініздер! Біздің барлық ұйғыр ұлтшылдарының басқа ұлт ұлтшылдарынан

<sup>56</sup> Дөт (ұйғырша) – дүлей.

паркы бар. Ол парықтары баска ұлт халқын біз сияқты адам деп мүлде ойламаушылықтан – көрсөкүр надандық туындаиды. Басқа ұлт халықтарының асыраған иті де аз емес екендігін, бізден жуырда женіле қоймайтындығын түсінбейді. Бұл ноктаны егер аздал болса да түсінсе «Ғұлжа біздікі», «Ғұлжамызды бере алмаймыз», «төңкеріс орталығымызды бермейміз» демес еді. Бұларға қарсы «ей, сарттар, Құлжа әке-бабаларынан қалып па еді?» деген әріптесімнің қарымжысы дүп-дұрыс шықты. – Юсуп Қасымның бұл сөзіне жиын залы ду күлді. Шешен мұнан соң Смайыл Ясынның ізімен қазақ халқының төңкеріске сінірген тарихи енбегін дәріптей жөнелді. Отан қорғау жолында теккен қаны мен тері бірсыныра туысқан ұлттардан артық екендігін, санына, алып жатқан терриориясы мен жағрапиялых жақтарына қарағанда да, Құлжа шаһарын қазаққа қимай беліп алып қалу дегендерінің етіп кеткен ұждансыздық екендігін басып айтты. Юсуп Қасымның даусы, гоминдан өктемдігінен қазақ отырактасқан Құлжа азат болған шақта, қалың ұйғыр отырактасқан Қашқарияның гоминданға желкесін тессеп, бұғып жатып алғандығын айтқанда тіпті өрлеп шықты. «Оңтүстік өкілдері, мықты болсандар сол кезде қайда қалып едіңдер?» – деп санқылдап барып тынды. «Құлжа үш аймақтың басқа қалалары сияқты қазақ халқына тән екендігіне талас жүрмейді!» деп бәсек сейлемпілік барып тоқтатты сөзін.

Осы сөзден соң монгол халқының Боратала (үш аудандық) автономия облысы мен Қобысары автоном ауданынан басқа үш аймақ автоном облысынан жырмалаушы ашық дау-шар шыға коймады.

Құлжа қаласына таласып, өкілдері түсініскендіктен ұйғырлардан да қайталаңған ашық наразылық шықлады. Солай да, ұсақ күбір-сыбыр наразылықтар тоқтай қоймады. Маңайымдағы ұйғыр қызметтестерімнің бірнешеуінің маған қараған қабактары салқындей берді. Кей сөздерінен менің сол жиындағы ұйғыр ұлтшылдарының ұлттық намысын қытықтаған сөзімді кек сақтап қалғандықтары байқалады...

Қазақ өкілдері Құлжаға жиналышп, құрылтай шақыру дайындығын жүргізді де, бір айдан соң Іле қазақ автономиялы облыс үкіметін құрды. Бұрынғы Іле аймағының уәлиі Жағай бір ауыздан автоном облыстың бастығы болып сайланды.

Бұл женісті құрылтай өкілдерінің кештерде серуенде мемейтін кекселерінен басқа жасырақтарының ұйғыр лүкшектерінен таяқ жемегені тым аз болды бірақ. Әсіреле басқа аудандардан ерте-

рек келіп қалған өкілдер Құлжа содырларының бұл сыйлығынан көбірек таткан екен. Құлжа қазақ автономиясына қарасты болғандықтарын естігеннен бастап үйір лүкшектері «конқабай аулайтын» шайка үйімдастырып алышты. «Ғұлжа шаһары зады кімнің екендігін қонқабай уәкілдеріне танытып қоялыш!» деп басқа аудан мен базарлардан да соктарларын жинаған екен. Бұл ииеттерін толық түсінгеннен кейін ғана өкілдері сақтанып, сыртқа шыққанда топтасып жүретін болышты. Сонда да саяғырақ сайрандаған мырзалардың көзі ісіп, мұрны қисайып қайтып жүріпті. Тек үкімет сақшысы іске толық кіріскең соң ғана тоқтапты бұл террорлық.

Іле қазақ автономиялы облысы құрылған соң оқу-ағарту мен ұлттық мәдениетті өркендешу ісіне жеделірек кірісіп еді. Бұрыннан қолданылып келген араб жазуының кедергілігі тіпті зорайып көрінді бұл жұмысқа. Әсіресе сол жақтан бастап жазылатын математикаға оң жақтан бастап жазылатын араб жазуы мүлде сәйкеспейтін қайшылық тудырады. Оку құралдарын түсінікті етіп жасауға бегеті тіпті көп. Сондықтан жазу өзгертуге тұра келді. Сол жақтан бастап жазылатын жазу мәдениетіміздің ең ұлken ықтияжына айналды сөйтіп. Бұл ықтияжды шешу, әсіресе Шынжандағы қазактар үшін оңай еді. Славян жазуынан өзгертип, ұлт тіліне лайықтап жасалған Қазақстан жазуын қолдана салсақ болғаны. Қазақстан жазуын қолданысқа бізге басқа жақтардан да зор жетістік бағыш ететіндігі сөзсіз.

Жазу өзгерту жұмысын міндетті түрде Шынжақ орталығы Үрімжідегі оқу-ағарту менгермесі мойнына алды. Ханзу жазуынан басқа, ұлттық жазу мәселесінің барлығын осы мекеме ғана шеше алады. Алдымен қазақша, үйғырша жазу өзгерту, алқасын құрып, дереу іске кірісуге қаулы алды.

Мениң қызметім бұл шакта өлкелік әдебиет-көркеменер бірлестігінде болатын. Жазу өзгерту алқасына шақырылмадым. Жаңа құрылған бұл алқаның қазақ бөлімінің қызметі алдымен үйімдастырылды. Қазақша «Шынжақ газеті» мен оқу-ағарту журналы және жоғары, орта мектеп мұғалімдерінен басқа тілмаштардан да өкіл қосылып, жалпы 60 шакты алқа мүшесі үйімдастырылған екен. Қазақстан жазуы мен латын жазуының қайсысын қолдану жөнінде талқы жүргізілгені, бірінші реткі жиын талқысында-ақ Қазақстан жазуын қолдануға көпшілігінің қосылғаны естілді. Өзімізге бұрыннан таныс, зиялыштар ғана емес, сауаты бар азаматтарымыздың көпшілігі билетін осы жазудағы

кітаптар кітап сөрелерімізге толып, білім қазынамызға айналып алған фой. Нактылы қазақ жазуына енді толық көшкен-ақ шығармыз деп бейгамсып, өз жұмысыммен жүре беріппін. Жазу өзгерту алқасы құрылғанына бір апта өткенде телефон келді маған, жиынның райы өзгеріп, талас-тартыс қүшейіп кетіпті. Ханзушадан аудару қызметі мен тілмаштықтан өскен газеттің бір редакторы бастап, латынша жазуға көшуді қуаттаушылар көбейіп кетіпті. Оның үгіт негізі саяси құшпен қоркытып бара жатқан көрінеді: «ханзу халқы ертең-ақ иероглифті тастан<sup>57</sup> латынша жазуға көшпек, біз ханзу халқынан айрыла алмаймыз, айрылғысы келгендер қане айрылып көрсін!» дейді екен.

Кері тәңкерісші аталып, соғылып қалудан қорыққандардың үні сол сөзде өшіп, латынша жазуға көшуді қабылдаушылар күрт көбейіп қалыпты. Соның ертеңіне алқа мүшелерінің үшеуі таңтертен erte келді маған. Латыншаны қабылдаушылар жиынға қатынасушылардың 90 пайзына жетіп қалыпты. Егер бүгін erteң бір тойтарыс берілмесе, қазақ жазуын латынша жазуға аударып әкететін көрінеді. Мен мұны өз мекемемнің басшылығына баяндай салып, жазу өзгерту қызметі орнына шақыруушыларға ере жөнелдім. Қазақстан жазуына өтуді жақтайдын мықтырақ сауаттылардан менен басқа да екі-үшеуі шақырылған екен.

Алқаның жаңа мүшелері ретінде біз кіріп барғанда, қызу керістегі талқы іш тартып тына қалып еді. Жиын басқарушыдан бірер сағат сөйлеуге рұқсат алып, сөйлей жөнелдім.

«Кеңеспен пішken тон келте болмайды» деп бастап, сол жақтан басталатын жазулардың ішінде тілімізге ең жақын екі түрлі жазудың бізге ең қолайлысын тауып таңдауымыз үшін, алдымен сол екеуінен де сауатымызды толықтауымыздың аса қажет екендігін жүртшылықтан естіп келгенімді айттым сонсоң: «Жұнхуа халық республикасына қарасты әрқандай ұлт халқы өздері таңдаған жазуды қолдануға құқықты», «әрқандай ұлттың қолданған жазуын идеологиялық және саяси жақтан сындауға, кері тәңкерісшілдікке шығаруға ешкімнің құқығы жоқ». Осы екі тұжырымның қателігі, негізгі заңға қайшылығы бар ма?... Қане жолдастар алдымен осы мәселені теренірек талқыладап көрелікші!... Пікірді арттан сыпсындалмай, ашық берелік!...

Жиын қатынасушылары жым-жырттына қалды да, екінші рет

<sup>57</sup> Иероглиф – жазу орнына қолданылатын таңба. Ханзу тілінде тұлғалас дыбыстас сөз көп болғандықтан әліге дейін әріп жазуын қолдана алмай, әр сөздің мағынасына қарай жасалған сурет (таңба) қолданып келеді.

қузағанымда қазақша «Шынжан газетінің» бір тілшісі түрегелді.  
(Оны бас редакторының сыйырлап тұрғызғанын байқадым).

– Бұл екі пікірініздің негізгі занға қайшыкез жері жоқ, занды сөз. Бірақ, – деп бір бөгелді тілші. – Бірақ, біз келешекте ұлы ханзу халқынан ұлттымыздың бөлектенетін беталыс пайда болса, алдымен арам шөпше жұлып тастай білуіміз қажет. Мемлекет тілі болған ұлы ханзу тілі латынша жазуға көшуге дайындалып жатыр. Ал, біз осы бастан сол жолға түсіп, латынша жазуға көшіп, халқымызды озық ұлт қатарына жеткізіп алуымыз қажет!

– Ал, алдыға түсіп озып кетпесек, кері тәңкерісші болып кетерміз деген қаупініз бар ма? – деп Ынтықбай кірісті сөзге.

– Олай болмасақ та, соған жақын мағына шығады. Славян әрпіне көшіп кетсек... басқа болып кетеміз ғой!

Ынтықбай күліп жіберіп сөйлемді:

– Славян негізіндегі қазақ жазуын қолданған Қазақстан қазақтары «басқа болып кетті» демекшімісін?

– Олай демесек те басқа мемлекетте, басқа ұлт болып кетті ғой!

– Оттамай тұр! – Он шақты жігіт бірден ақырып жіберді тілшіге. – Совет одағы басқа жаққа емес, социализм жолымен бізді де бастап келе жатпай ма!

– Қазақстандағы қазақтар басқа емес, өз елінде, өз отанында, өз тілінде сөйлеп, өз жазуында бізге де көптеген кітап-журнал шығарып беріп жатса, бұл қай былжырағаның!

– Кімнен шыққан анинын мұның!

– Енді қазақты қазақтан бөлуге кірістің бе, ей, сен!

– Өз ұлттымызды бөлшектемесіндер ме, ей, сендер!

Екі жігіт қатар кіжініп, тілшінің алдына жетіп барғанда, Ынтықбай мен Құлән араларына барып тұра қалды.

Жиын бастығы жиын тәртібіне шақырысымен, мен сөзімді жалғастырдым.

– Егер менің жоғарыда қойған екі пікіріме қарсы пікірлерің болмаса, оның занды түрдегі дұрыс ескерту болғаны ғой, солай ма? Мемлекетіміздің ұлттар жазуына қаратылған заң саясаты осылай емес пе еді? Иә жаңадан заң шықты ма?

– Жоқ, жоқ, жаңадан заң шығарылған жоқ!

– Олай болса, жазу өзгерту жөнінде ұқсамаған пікірдегі жолдастар, бір-біріңе саяси жұдырық түйіп, коркытуды қойындар! Мұның үстіне тағы бір жайттерді ұғып алалық: ханзу халқы жазуын латыншаға өзгертеді деген сөз қазіргі дәүірде ғана шыққан

сөз емес, бір ғасырдан бері болып келе жатқан сөз. Ханзу жазуы сөзді таңба (сурет) арқылы ұқтыратын жазу. Әрбір сөзді суретпен таңбалайды. Әріп жок. Ал, латынша жазу – біздің жазуға ұқсас әріптен (дыбыстан) құрап ұқтыратын жазу. Әркандай сөзді дыбыспен (әріппен) құрайды. Сондыктан ханзу жазуын латынша жазуға өзгерту өте қыын. Ханзу оқымыстылары сансыз көп таңбадан құтылып, әріп қолдануға Шыңхай төңкерісінен бұрынғы дәуірлерде-ақ ұмтылыс жасап көрген. Тілдеріндегі тұлға жағынан бірдей, ұқсас сөздердің көптігінен (ол тұлғалас сөздерді әріппен жазғанда мүлде ұғылмайтын, суретпен таңбаламаса, қай сөз екендігін айыру қыын болғандықтан) сәтсіздікке ұшырап, әріптік жазуға көше алмай келген. Сөйтіп, көп машақттанып көріп, әріпті жазуға көшудің ең бастапқы даярлық сатысы – ханзу тілінің өзін бірлікке келтіру деп тапқан. Бірақ, қазірге дейін толық бірлікке келтіре алғаны жок. Ал, тұлғалас-аттас, дыбыстас сөздерді ғылыми жолмен парықтандыру делінетін қыын машақтты жұмыстары сонан соң басталмақ. Демек, жазу өзгертудегі негізгі жұмыстары қашан басталып, қанша уақытта орындалады дейтін сұрауға кім жауап бере алады, қане?... Бірекеуің шығып, ғылым академиясынан сұрандаршы!

Ханзу жазуы жөнінде қазірге істеліп жатқан істер, жана жазуға көшу емес. Оның көрісінше, көне жазу таңбаларының сызықтарын азайтып (қыскартып) тез жазуға, халықтың оңайырақ үйренуіне ынғайлауға. Латынша жазуға көшуді ханзу халқы қазір тумаған сиырдың уызын күткендік деп түсінеді. Ал, ханзу тілінің әріптік жазуға (латыншаға) қашан көштептіндігін кім, нақ айтып бере алады, іс жүзіндік дәлелмен сөйлеп түсіндірсінші, қане?...

Біздің жазу өзгерту қызметімізде латынша, славянша екі түрлі жазудың қайсысына көшсек те ондай машақат кедергілік жок. Және ұлы ханзу халқынан бөлініп кететіндей қауіп-күдік те жок. Мәселен, біз осы араб жазуын қолданып жүріп-ақ, ханзу халқымен бірге жасап келеміз ғой. Ал, одан бірер қадам болса да ілгері, замана мәдениетіне ынғайлы славян негізіндегі Қазақстан жазуын қолдансақ не болады еken?... Осы жазу арқылы бөлініп кетеді деген сөз – тек арам ойдаң ақымақтық сандырағыға!

Жиындағылардың басым көвшілігі бұл сөзімді ду көтерілген қызу қолшапалақпен қарсы алды. Пікірімнің жалғасын уақыттың шектеуімен ертеңге қалдырып, өз мекемемнің бір жұмысы үшін қайтып кеттім. Мен қайтқан соң жазу өзгерту алқасының жиын бастығы қай жазуға көшу жөніндегі кешегі талқыларын

жалғастырған екен. Латын жазуына көшуді бастаған кешегі редактордың қолдаушылары азайып, көбі Қазақстан жазуына көшуді жақтайдыңдарын ашық сейлем, латынша жазуды қабылдау пікірлерінен қайта айныпты. Бұлар латынша жазуға көшуді газет редакторының саяси шоқпарынан қорыққандықтарынан қабылдағандар екен. Жиын өкілдерінен кешке жақын қай жазуды қалайтындықтарын сұрағанда алқа мүшелерінің 80 пайзызы Қазақстан жазуына қол көтеріпті.

Мен екінші күні таңертең тағы келіп, біздің мәдениетіміздің тез өркендеуі үшін айтылып жүрген латынша жазумен Қазақстан жазуының қайсысы пайдалы деген сұрауға жауап ретінде тағы сөйлемді:

Бұрын мұсылмандық сауат ретінде арабша құранғана жаттап келген біздің ұлттың «оқыған» азаматтары қари<sup>58</sup> аталағанда да бір-біrine хат жаза алмайтын. Кейінірек жәдитше<sup>59</sup> жазу қолданған соң ғана жартылай арабша болса да ептеп шағатай тілімен араласқан қазақша тілі қағазға түсетін болыпты. Жәдитшіліктің өзі де «пәни дүниеге» дін сауатымен араласып, қоғам мәдениетін жасасу үшін шыққан ғой. Нақтылы қазақша жазу мәдениетін дүниеге келтіріп, қазақ грамматикасын тұнғыш рет жасап, бізді жазулы ұлтқа айналдырған Ахмет Байтұрсынұлы болды. Жазу мәдениетіне осы жазумен қаныққан соң ғана Жәдит жазуының «н» мен «г» әрпін қосып «н» әрпін екі әріппен жасағандығын сындағын болдық. Басқа дыбыстарға жеке-жеке әріп жасағанда «ң» дыбысына жеке әріп жасай алмайтындей не албасты басқан деп құлғенбіз: расында, бұл жазу шығарудағы бір жабайылық еді. Жазу жасау мәдениетіне айқындық пен ықшамдық қажет қой.

Ал, көптен бері қытай оқығандары «латынша» деп атап келе жатқан жазу да сондай кос-кос әріптен қуралған диодай-диодай бес әріп бар екендігін білеміз. Мұны оқу үстінде ойланып барып мөлшермен әрең анықтап дыбыстаймыз. Бұған біздің мына саналы мәдениетіміз не демек? Егер мұны жазу өнеріндегі шегіну десек, мешеу Жәдит жазуынан бес есе мешеу, яғни артқа бес есе артық шегіну болмай ма! Әріптік жазуда сауаты толықтанып қалған бізге мұндай «әріпті» үйрету, қорлағандықтан басқа не болмақ!

Енді Қазақстан жазуы жөніне келейік: Қазақ халқы зорекер ұлттылдардың зобалаңынан қашып, бүкіл жер шарының шалғай-

<sup>58</sup> Құранды түгел жаттап алғандар қари дәрежесін алады.

<sup>59</sup> Жәдит.

шалғай түкпірлеріне шашылып кеткен болса да, тіл жағында тұп-тұтас. Мемлекет қарастылығын танытатын атаулардан басқа парық жоқ. Мағұрыптағысы мен мәшрүқтағысы бірінен бірі тіл грамматика жағынан титтей де ажыраған емес. Бәрі де байырғы өз ана тілінде сөйлейтін, филология тұтастығы жағынан сызат түспеген ұлт. Тіл орталығы – Қазақстан. Демек, ұлттық мәдениетіміз де (шекара айырмашылығынан басқа) алалық жоқ. (Кейбір зор ұлтшылдардың өз тілін өзге ұлттарға диктатура ретінде зорлап жүргізгісі келетін далбасасын тіліміздегі бұл тұтастыққа мін ретінде таңуға болмайды.) Қарасты территориямыз басқа-басқа болса да, тіл жағындағы осы тұтастығымыз арқылы Шынжандағы қазақтар Қазақстан жазуынан орасан зор көмек тауып отыр. Мәселең, мектеп оқушыларының ол жазудағы оку құралдарынан пайдалану арқылы өз дәрежесінен озық білімге ие болып отырғандары аз емес. Мен өзім де соның бірімін. Ал, аударма жағынан дүниедегі озық үлгілі кітаптардың Қазақстан жазуына аударылмағаны жоқтың қасы. Сөйтіп, дүниежүзілік озық шығармалар қазақ мәдениетінің төл тумасындаі сіңісті қазына болып қалды. Сөйтіп, Қазақстан жазуы біздің ғылым-өнердің қай саласында болса да сондай құрметті озық орында. Бұл кітаптарды Шынжаңның өз аудармашылары төте аударса, Қазақстандықінен сапа жағынан да сан жағынан да әлдеқайда төмен болып шығып жатыр. Әсіресе, сапа жағынан базарсыз, өтімсіз болып қалып жүр. Қазақстан жазуындағы аударманы көрген-естіген оқушылар, өз аудармашыларымыздікін алмайды. Сондықтан Қазақстан жазуын бірнешелеген аудармашыларымыз жау санап, шетке қағып тастанатысы келеді. Жеке басының пайдасына ұлт пайдасын-халық пайдасын құрбан еткісі келетін тоғышар надандар осылай әрекеттенуде!

Жолдастар, енді ойлап көрелікші, бұрыннан артта қалып келе жатқан Шынжандағы қазақтың маңдайына бұл озық мәдениетті жазу симай ма? Мұны саяси шокпармен шектеп күп шығып, көп әріпі оған карама-қарсы жасалған бейтанис тілдің «латынша жазуыш» қолданбак болуымыз, өзіміздің өзімізге қастық дайындағандығымыз емес пе!... «Шөпке айдаса тақырға қашатын» кедейдің малы біз болғанымыз ба? Ғылым мен мәдениеттің жер үйігіна енді беттегенімізде, егінге түсетін сиырдай үркіткен кім бізді? Қазақстан жазуын басқа елдің жазуы деп шеттету, шын мәнінде, ұлттық тіліміз берін жазуымызды айыру арқылы ұлттымызды бөлшектеу емес пе! Осының өзі өз

ата-анасына істеген нағыз қаскунемдік болып шығатындығын түсінбей ме біздің саналыларымыз? Осы сұрауларды талқылап, өтірік-шындығын, ақ-карасын айырып көрелікші, канде!...

Осы сөзben тоқтап, көпшіліктің пікірін тыңдадым. Талқыда сөйлеушілер қызынып, менің қойған сұрауларымды тіпті күшайтіп, зорайта тустан. Саяси шоқпар үйіріп, жат тілдің латынша жазуына жеткетеушілерді аттарын атамай тұтіп, тозаланын шығарды. Теріс пигылды редактор мүлде жалғыз қалғандығынан күлбеттеніп, үн шығара алмай қалды. Жазу өзгертудегі бұл сөзім көпшілікті қаншалық зор шабытқа ие еткендігін, мазмұнын тіпті байытып әкеткендіктерінен, ғылымилығы жақтан кәмелетке жеткізгендерін, пікір жүргізу дегі қызғындылықтарынан байқап, толық женіске жеткендігімді түсіндім. Ағыны қатты үстемдік толқыны кербақпа редактордың өзін де жұла жөнеліп, ұршықтай үйіріп, Қазақстан жазуына еріксіз табындырды. Газет үкімшісінің мұндай масқаралықпен мойынданай женілуінің бір себебі, аудармашылықтағы жеке бас пайдасын күйттегендігі екендігін менің әшкерелеп тастауымнан болғандығын сездім. Шынжаң қазақтарының жазуын қазіргі заманға, ғылым мен өнердін дамуына лайықтасқан кемелетті Қазақстан жазуына алмастыру қызметімізді, сөйтіп, үлкен женіспен, өкілдердің жұз пайыздық толық қабылдаған қаулысымен аяқтаттық.

Бұл жолғы құресте Ынтықбай мен Құлән өздерінің бір майданның, бір көзқарастың жауынгерлері екендіктерін толық таныған екен. Соның ертеңіне-ақ тойға шакырды.

Жағай Иле қазак автономиялы облысының құрылу тойын әдей кешіктіріп, жазу өзгертудің осы қаулысын күтіп отыр екен. Үрімжіден осы қаулы барысымен, Құлжада «кос женіс тойын» дайындалап, Қазақстанды да шақыртыпты. «Совет одағы» мен «Жұнхуа халық республикасындағы» қазактардың екі отаяуы мәдени-агарту салалары жағынан тағы да жақындастып, шекараның екі жағынан тұтасып қалғандығына Қазақстан қатты қуанған екен. Мәдениет өкілдері Құлжада зор көлеммен келіп, бірге тойласты. Бұл тойдан соң аса аңсаған сағынышты енелері мен құлғындары жанаңқандай барыс-келіс, мәдениет алмасу істері тіпті жиілей түсті. Мұндай жайт достың сүйінішті көңілін, қастың қүйінішті көзін тартпасын ба. Армандар төлдеп, тілектер гүлдеген бір қысқа уақыт үміт қарлығаштарын қайшалыса ұшырып, шекара тәртібін ығыр етті білем. Зейл сақышылар шекараға топталға түсті. Қырғын құралдары күн сайын көбейе түсті...

Орта Азия мен Шынжандағы мұсылман ұлттардың, әсіресе, казақтардың мұндай туыскандық етене байланыстарын мықтап шектеудің, яғни ассимиляциялап, бір-бірінен алыстатып, азғыннатудың саясаттарын, орыс отаршылдары сияқты көтеннәк дайындал жатқан Бейжин үкіметі алдымен тіл-жазу бірлігін бұзуға шұғыл кірісті. Ұлт жазуы жөніндегі зандарын лақтырып тастап, орталық үкімет атынан бұйрық шығарды. Әріптерінің көбі Қазақстан жазуының әріптеріне қарама-қарсы дыбыстағы, жаңа айтылған қос-қос әріпті қасқунем «латыншаны» жарқ еткізді:

«Жұнхуа ұлттары түгел қабылдап, ұлы бірлікке келулері үшін «бәрімізге лайықты латынша», осы жазуды қолдану қажет!» дей келіп, Шынжандағы ұсақ ұлттардың түгелімен осы жазуға көшуін қадағалап тапсырыпты. Бұл бұйрыққа қол койған үкімет бастығы Жунлай. Тексеріп байқасақ, бұрын Азия түріктерінің маңайын басып көрмеген байтаныс «латынша» екен.

Әділетті тергеушім, өз үйінде тери піше алмайтын олақ қатынның басқа үйде мақпал пішкеніндей өрескелдікті ішінізден біліп, көз қиығынызben көріп, азуды баса күліп отырған шығарсыз!... Амал не, соқыр мысықтың тырнағына сорлы тышқан ілінеді екен!!!

### *Тортіншіл кітаптың соңы*

## МАЗМҰНЫ

<i>Біріншій болім</i> Ойын мен ойын бұзар	3
<i>Екіншій болім</i> Таразы	107
<i>Үшіншій болім</i> Уыстагы шу	208
<i>Төртіншій болім</i> Есіркеу	311

ҚАЖЫҒУМАР ШАБДАНҰЛЫ

**ҚЫЛМЫС**

*(Роман)*

Жауапты редактор:

**Жәди Шәкен**

Көркемдеуші редактор:

**Бейсен Серікбай**

Корректорлары:

**Жанар Мұқашева**

**Баян Хасanova**

Беттеген:

**Айнагүл Ауанова**

Теруге 01.07.2009 жіберілді. Басуға 25.09.2009 кол қойылды.

Қалыбы оффсеттік басылыс. Қаріп түрі “Тип-таймс”.

Баспа табағы 26. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс